



Figure 1. A large, dark, cylindrical object, possibly a barrel or a large container, lying on its side.

The object is a large, dark, cylindrical container, possibly a barrel or a large drum, lying on its side. It has a prominent circular opening or lid in the center of its top surface. The container appears to be made of a dark material, possibly metal or a heavy plastic. The background is a plain, light-colored surface, likely a concrete floor or a similar material. The lighting is even, highlighting the cylindrical shape and the central opening.

Buketov University



24x  
590

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ

211  
Б90

**Е.А. Бөкетов**

**Шығармалар жинағы**

**АЛТЫ ТОМДЫҚ**

**5 том**

***Екінші кітап***

**Қарағанды  
2007**

ББК 84 Каз 7  
Б 78

Б 78 **Бөкетов Е.А.**  
Шығармалар жинағы: 6 томдық. Т. 5 / Е.А. Букетов  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;  
Редакциялық алқа: Е.Қ. Көбеев (бас редактор) және басқалар.  
Қарағанды, 2007. 430 бет.

ISBN 9965-442-67-3 (5т, 2к)  
ISBN 9965-442-03-7

722691

Екі кітаптан тұратын бұл томға Евней Арыстанұлы Бөкетовтің «Алты хат», «Шоқанның шұғылалы ісі», «Жас Қаныш», атты сүбелі шығармаларымен қатар, жастарды оқу білімге, ғылымға баулыған қибраттары мен әдебиет, өнер туралы толғаныстары енгізіліп отыр. Деректі хикаяттар мен мақала-эсселерден тұратын жинақтың көпшілік оқырман үшін тағылымдық мәні аса зор.

ББК 84 Каз 7

Редакциялық алқа мүшелері:

Көбеев Е.Қ. (бас редактор)  
С.М. Әдекенов, Ө.Б. Әшімов, Қ.А. Бөкетов, М.Ж. Бүркеев,  
Р.М. Жұмашев, В.П. Малышев, А.С. Масалимов,  
З.М. Молдахметов, С.Ш. Тахан, М.Ж. Толымбеков

Б 4702250200  
00(05) 07

ISBN 9965-442-67-3 (5т, 2к)  
ISBN 9965-442-03-7

Акад. Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды мемлекеттік университеті  
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ

© ҚарМУ, 2007

## Алғы сөз

Қай қаламгер болмасын, ол ең алдымен өз дәуірінің, өз ортасының перзенті. Ол жазған шығарма арқауы да сол замана шындығы болып табылады. Халқының мәдени, рухани өмірінің болмысын сол уақыт үрдісімен бағалайды, суреттейді.

Кітаптың мұабасында Е.А. Бөкетов, томенде Букетов деп жазылған. Осы мәселе бір сынғайға келтірулу керек. Е.А. Бөкетов шығармаларындағы уақыт шындығы сол шындыққа берген бағасы, бүгінгі ұрпақ үшін таптырмас құнды дүние. Қаламгер ғалым публицистикасының негізгі арқауы – жалпы адамдық, азаматтық жайлар, жастарды патриотизмге тәрбиелеу, ғылыми прогресс, экономика және экология мәселелері болды. Е.А. Бөкетов шығармаларының қай тақырыбы болмасын ол міндетті түрде ғылыммен астасып, сол салада өріліп, өзектес болып жатады. Мәселен, жас ұрпақ тәрбиесі, оқу-білім, ғылым жөнінде жазған «Алтын босағаны аттағандарға», «Алғашқы сабақ», «Адам болам десеңіз», «Ғылымда адал еңбек бірінші серігің», шығармаларындағы проблемалық мәселелердің көтерілуі және оның шешімін табу жолы нақты ғылыми негізде сараланып, тұжырымдалып жатады. Сондай-ақ, ғылыми танымдылық мақалаларының қайсысында болмасын, қоршаған орта, табиғат, экология мәселесі бір сөтте назардан тыс қалмайды.

Е.А.Бөкетов публицистикасындағы айрықша назар аударатын проблеманың бірі - ғылыми-техникалық дәуір оған жастардың қосар үлесі мен ізденісі жайында өрбиді. Бұл қай кезек болмасын өте ықпалды мәселе. Жылдар жылжыған сайын экономиканың өркендеуі ғылыми-технологияның дамуын барынша жеделдетуді тілейді. Осы шапшаң үрдістен өскелең ұрпақтың қалып қоймай, оны игеруі жолындағы жастардың ғылымдағы алғашқы талпыныстары Е.Бөкетовті алаңдататыны да сондықтан. Ғалым-публицистің жастар туралы жазған проблемалық мақалалары жалаң ой, құрғақ ақыл айтудан ада. Бұл жерде ол белгілі бір уақыт шеңберінен шығып, халық тарихына ендеп, сол тарихтың тамаша тұстарынан ғибратты қағидаларды өз шығармасына өзек етеді. Өсіресе, жастардың ғылымға көзқарасын сөз еткенде өңгіме желісін Шоқан, Ыбырай, Абай дәуірлерінен тарқата отырып, ұлы тұлғалар ұлағатын бүгінгі ұрпаққа тартымды тілмен шебер өңгімелейді.

Әрине, Е.Бөкетовке дейін Шоқан туралы да, Қаныш туралы да көп зерттеліп, көп жазылған. Бірақ Бөкетов көзқарасындағы Шоқан мен Қаныш образы сөз жоқ, болмысы бөлек дүние. Мұның құпиясын тағы да сол Е.Бөкетовтің ғалымдығынан, ғылымды терең түсінген оқымыстылығынан іздейміз. Өйткені «Шоқанның қасиетті ісі» мен «Жас Қаныш» шығармаларындағы ғалым адамға тән кейбір ішкі түйсіктердің ашылуы осыған дәлел. Сондай-ақ, қаламгер этикасы, биік мәдениеті туралы айтпай кету әрине ағаттық болар еді. Бөкетовтің адамгершілік ізгі қасиеті «Алты хат» деректі хикаятын жазу барысында барынша ашыла түскен. Кейіпкер Мәжит Нұрбаевтың іс-әрекеті арқылы автор өз автопортретін мейлінше қарапайым қағидалар, боямасыз баяндаулар арқылы оқырман жүрегіне жылы жеткізе білген.

Е.Бөкетов шығармашылық мұрасын оқып, оны зерделей білген кез-келген оқырман ең бірінші қаламгердің тіл қуатының құнарлылығына тәнті болар еді. Көптеген қаламгерлерге тән ортақ тақырып Табиғат, Адам, Қоғам бірлігі Е.Бөкетов шығармаларының да негізгі объектісі. Осы үш тағанның өзара байланысын қамшының өрімінде қиюластырып әдемі жеткізе білу қаламгер ойының тіл байлығымен шебер ұштасқанын аңғартады.

Әлем әдебиетіндегі озық ойлы классик ақын-жазушылардың, философ ойшылдардың, ғалымдардың ой-пікірлері мен ғылыми тұжырымдар, көзқарас пайымдаулары Бөкетов шығармасында қоғамдық проблемалармен мағына-мазмұнына қарай үнемі сабақтасып, бірге өріліп отырады. Ұлттық әдебиетімізде Абай, Шоқан, Ыбырай, Қаныш, Мұхтар, тағы да басқалардың ойларынан нәр ала, орыс әдебиетінде Достоевский, Семенов, Чехов, Пушкин, Маяковский, Есенин, Тургенов, Некрасов ғибраттары шығарма шырайын аша түседі.

Ең бастысы, Е.Бөкетов өз заманының қоғамдық сипатын публицистика тілімен айқындап, бейнелеп кеткен қаламгер. Кеңес заманында өмірге келіп, барлық саналы ғұмырын сол қоғамның даму, өсу, өркендеу кезеңдеріне бағыштаған. Сол дәуірдің шындығы мен ақиқатын боямасыз көрсеткен ғалым-публицистің шығармашылық мұрасының ғибрат мұратын өмірдің өзі көрсетті. Бөкетов шығармашылық мұрасының басты ерекшелігі, сол әсіре қызыл науқаншылдықтан белгілі дәре-

жеде адалдығы, өрі салқын қандылығы болып табылатындығында.

Өмірде саясатқа да, заңға да, белгілі бір жүйеге де бағынбайтын, тек бүкіл Адамзат тіршілігіне ғана ортақ ізгі қасиеттер болады. Олар Адамгершілік, Адалдық, Парасат атты ұғым төңірегінде үйлесім тауып, қоғам дамуының негізгі тетігі ретінде бейбіт өмірдің баяндылығының алғы шарттарын жасайды.

Біз бүгінгі ұрпақ Бөкетов шығармаларын оқи отырып, осы айтылған қағидалардың шындығына толық көз жеткіземіз.

Шығармашылық топ

## ЖАС ҚАНЫШ

### I ТАРАУ. АТТЫҢ ЖАЛЫ, ТҮЙЕНІҢ ҚОМЫНДА

«Доңыз жылында, яки, жаңа есеппен 1899 жылы, наурыз айында, яки, марттың 31-жұлдызында Жаратқан ием Имантай деген пендесіне ұл берді. Нәрестенің есімін Ғабдұл-Ғани қойдық. Құдай тағалам бергеннен жазбасын. Аллаһу әкбар. Әумин!». Имантай ақсақал бұл сөздерді жай қағазға емес, Құран кітабы мұқабасының астар бетіне жазып қойғанында мән бар: ол кезде қыр-сахарасында жаңа туған баласының туған күнін бір жерге түртіп қою қалыпта жоқ, өрі киелі кітапқа жазылған сөз сол киелі кітаппен бірге сақталып, бірге жасамақ. Жарықтық өулие кісі екен, анығында солай болып шықты да қойды: Имекеңнің сол ықтияттылығының арқасында бүгін біз болашақ ұлы ғалымның нақ қай күні туғанын нақтылы біліп отырмыз.

Нақ сол Қаныш дүниеге келген жылдары жарыққа шыққан, біздің өлкемізге арналған аз ғана кітаптың бірінде былай деп жазылыпты: “Байырғы қыр қазағының бүкіл өмірі мал шаруашылығымен байланысты... Жыл он екі ай бойғы тұрмыс қарекеті алдындағы малының қамына бейімделген: жазғытұрым, қар кетісімен, малын айдап, былтырғы қау оты қалыңдау өрістерге қарай қозғалады, шөбін тықырлағанша сол жерде отырады. Бұдан өрі жас шөбі жаңа көрінген жасыл өріс - көктеуге көшіп барады, мұнда да мал талғажауы таусылғанша отырады. Одан шөптің өсіп пісуіне қарай (маусымнан шілденің аяғына дейін) жазғы жайылым - жайлауға дендеп кіре береді. Күздің басында қыстауға қарай қозғала бастайды, онда да қысқы өрістерін ерте жеп қоймас үшін күздеуде көбірек аялдауға тырысады. Көшпенділер қысқы жайылымдарын таптап тақырлау-дан өлердей қорғайды, өйткені алда жылдың ең ауыр кезеңі - қыс келе жатыр. Осылайша қазақтар қыс қыстауын қоныс етіп, қалған уақытта мыңғырған малымен байтақ сахараны шарлап көшіл-қоныш жүреді, сол үзіліссіз көшіп-қонумен бүкіл өмірі өтеді”.

Дін мұсылманның киелі кітабы - Құранның астар бетіне мұқияттап араб әрпімен есімі түсірілген сол күннен бастап, Ғабдұл-Ғани аталған сол нәресте де ата-анасы, күллі зәузаты кешкен аттың жалы, түйенің қомында дейтін салқар

тіршіліктің кішкентай бір бөлшегіне айналды. Кейін келе бұл есімнің Қанышқа айналуында да біздің халқымызға тән сыр бар. Жоғарыда үзіндісі келтірілген кітапта тағы да былай делінген: “Туғаннан кейін бесінші күні нәрестеге ат қойылады, атты көбінесе кейуана әже кейде ақсақалды қария қояды. Ондайда рудың ертеде өткен атақты азаматтарының есімі беріледі”. Осы айтылған сөзде біраз жаңсақтық бар. Қазақ балаға ат қоюға ешқашан немқұрайды қарамаған. Керісінше, басқа бас қосылатын қуанышты күнге ерте бастан дайындалған. Балаға ат қою рәсімін ата-анасы әл-ауқатына қарай той-томалақ жасап өткізетін: дұға оқып, азан айтып ат қойған адамға жол-жоралғысымен сый-сияпат көрсетілетін. Әдетте осының бәрін молда атқаратын. Ондайда - әрине, баланың аты арабтың сөздік қорынан таңдап алынады. Балаға атты сол үйдің, немесе ауылдың ең үлкен кісісі де қоятын-ды. Ондайда нәрестеге деген әкешеше, үй-ішінің зар тілегі, күткен үміті көрініп тұратын - батырлық, байлыққа, атақ-дәрежеге, бедел, білікке байланысты есімдер содан пайда болған. Ол да задында араб есімдері болып келетін, тек оған бай, төре, молла, бек, мырза деген қосымшалар тіркеледі. Жасамыс, яки қартайып жасы жеткен кісі болса, оның баласы әкесінің жасына орай Елубай, Алпысбай... Тоқсанбай деген есімдерге ие болатын. Балаға ертеде өткен әулие кісілердің есімдерін қою күпірлік саналған: Оларды қатынқалаш, бала-шағаның аузына салып, кім көрінген былапыттап жүрмесін деген кәп ол... Мұсылмандық парызын қаза қылмайтын әулеттер балаға міндетті түрде араб есімдерін беретін. Біздің Қанекеңе ат қою рәсімі қандай жағдайда өткенін біз біле бермейміз, бұл көнекөз, көріқұлақ ауылдастарының жадында да сақталып қалмаған. Әйтсе де Ғабдұл-Ғани есімі тап-таза араб сөздерінен құралғанын, оны Имантай ақсақалдың тікелей өзі қоймаса да, тап сол кісінің ақылымен қойылғаны беп-белгілі. Неге десеңіз, ол оқыған-тоқығаны мол, ақылды да зерек мұсылман еді. Міне, осы орайда бала есімінің арабша аталуы ғана емес, әкенің әуелгі ізгі тілегі де айқын белгі беріп тұр: “Ғабдұл” сөзі арабшадан аударғанда “құдайдың құлы”, ал “Ғани” сөзі - “бай”, “дәулетті” деген мағынаны білдіреді.

Сахара қазағы ежелден-ақ өте балажанды болған ғой. Тұқымды сақтайды, ұрпағымды жалғастырады деп, әсіресе, ұлды жақсы көрген. Үй-іші, ағайын-туыс, өрен-жаран әлпештеп,

алақанға салып, еркелетіп түрлі аттар тағып, бала өсірген. Алғашқыда еркелетіп қойған ондай аттар баланың бастапқыда азан айтып қойған атынан шығады. Содан уақыт өте келе баланың мінез-құлқына лайықты ат қана сақталып, оған өзгенің де, баланың өзінің де құлағы үйреніп кетеді. Ақыры алғашқы атына мүлдем жанаспайтын жаңа ат қалыптасып кетеді. Осылайша Имантай ақсақалдың кенже ұлы Ғабдул-Ғани Қаныш аталып кетті, кейін бұл есімнің әуелгі Ғани есімінен келіп шыққанын біреу білсе, біреу білмейтін болды. Сол сияқты бүгінде ұлы ақынымыз Абайдың шын аты Ибраһим, атақты ғалымымыз Шоқан Уәлихановтың бастапқы есімі Мұхаммед-Қанапия екенін де олардың өмір тарихынан бейхабар кісілер біле бермейді. Бұрынғы адамдардың ұғымынша, құдайдың пәлен деген пендесі, Алланың тізіміне әуелгі азан айтып қойған есімімен кіреді, ал дүниеден өткенде молдалар марқұмның жаназасын бастапқы есімі бойынша шығарады. Кейде оған да мән беріп жатпайды, о дүниеде өздері реттей жатар деп ойлайды.

Болашақ ұлы ғалым бала күнінде қандай болды екен? Өзі құралпы жасөспірімдер арасында қандай ерекшелігі болды? Қалай өсіп, қалай ер жеткен? Бұл жөнінде төрттіптеп сақталған ешбір дерек қалмаған. Балалық шағының кейбір қызықтарын академик кейде отбасында айтып отырады екен. Оның құлынтайдай тебісіп бірге өскен құрбы-құрдастары Қаныш бөтен-бастақ мінезі жоқ, момын, мейірімді бала еді дегеннен әріге бармайды, Бүкіл ғұмырын туған ауылында өткізген немере ағасы Әкімтай ақсақал Қаныш-ағаның балалық шағы туралы не айтып бере аласыз деген бір журналистің сұрағына бар айтқаны: “Қанышты бір білсе, нақ мен білетін шығар деп отырсың ғой. Оның рас. Біз Сәтбай атамыздан тараймыз, екеуміздің әкелеріміз Жәмін мен Имантай бірге туған бауырлар. Інімді мақтан тұтамын, артықша жақсы көремін. Бірақ сондағы бала Қаныштың мынадай дана Қаныш болып шығатынын сол кезде білсем ғой, басқан ізін, аузынан шыққан сөзін аңдып, жадыма тоқи бермейтін бе едім. Есімде қалғаны сол, Қаныш ақылды, ұстамды, зерек бала болып өсті. Одан басқа дөңеңде есімде жоқ. Енді менен гөрі Жұмашты айналдырыңдар, сол екеуі жалаңбұт күнінен бірге өсті, кейін бозбас боп қыздарға да бірге қырындап жүрді... О-оу, одан беріде қаншама заман өтті... балапан басымен, тұрымтай тұсымен дегендей... Мені қажай бермеңдер. Оданда алдыңдағы қымызыңды іш, менің намазым қаза болып барады...”

Шындығы да солай шығар, ауыл баласы өзіндей өзге қарасирақтардан қалай ерекшелене қойсын. Баланың алғаш былдырлап шыққан тілін, апыл-тапыл басқанын, талай қызық қылығын әкесі мен шешесінен артық кім айтып береді, бірақ олар ертеректе өліп кетті ғой. Сондықтан, біз ғалымның қамсыз-мұңсыз сәби шағын көңілмен шарлап қана көз алдымызға елестете аламыз.

Қаныш ағамыз Жәдігер тайпасының Қаржас аталығынан тарайтын Сәтбай ауылында туған. Ол заманда адамның кім екендігін, қайда туғандығын қай руға жатағынына қарап тауып алатын. Кейін кеңес өкіметі орнаған соң, бұл ауыл Кереку уезінің Ақкелін болысына қарады да, N 4 ауыл аталды. Одан беріде Баянауыл ауданының Сәтбаев атындағы совхозы боп өзгерді. Бұл жақта қыс ұзақ, әрі сұрапыл болады. Қанекен туғанда ауыл әлі қыстауда отырған. Соған қарап біз академик Сәтбаевтың нақ қай жерде туғанын анық білетін болдық. Ал көш үстінде туса ғой, оның қай жердің топырағынан жаралғанын да білу мүмкін болмас еді. Өйткені көштің қай жерде қонып, қай жерде ерулегені кімнің есінде қалған. Имантай ақсақал мен оның ағайын-туыстары әйгілі Баянауыл селенінен оңтүстік-батысқа қарай шамамен жетпіс шақырым жердегі Айбырық аталатын қыратты кемерлей ағатын Ащысу өзенінің бойында қыстайтын...

Бала Қаныш бұрынғы өткен ата-бабаларының жыл бойына киіз үйде күнелткенін, қам кесектен, қыртыс шымнан қыстау салуды ойға да алмағанын үлкендерден талай естіген де шығар. Үлкендер сонда айтушы еді: қыстыгүні қар борап, киіз үйдің түндігіне дейін үйіп тастаған күндері түтін шығатын саңлау ғана қалдырып, ошақтың отын үзбей жағып жан сақтайды екен. Қалың киізді жерге қабаттап төсеп, іргені қымтап тастаса, үй іші ұядай болады да тұрады. Мынадай қапырық, иіс-қоңыс жоқ. Адамдар да шетінен шымыр, көнтерілі, төзімді келетін. Ендігі біздер ғой, қапырық үйде тұншығып, әлжуаз, қауқарсыз, салбөксе боп өскен. Орыстардан үйреніп, қамкесек үйге қамалып алдық. Қыр қазағы қыстаудағы өмірді мәжбүрлікке санайды, қыстың өзін қатерлі сират көпіріндей көреді. Қыс өтіп, жаз келгенде жадырап, шын тіршілік қызығына қайта жеткендей қуанады. Сондықтан да болар, қыстауды тұрмысқа қолайлап салуды, оның көрер көзге қораш болмауды ойлап бас қатырмайды.

“Қыстауда алдымен көңіл аударатыны адам жатағы мен мал қорасының жапсарласа салынып, ығы-жығы, қиқы-жиқы болып жататыны. Жатын үйдің қабырғасын қалыңдығын бір кездей егіп қыртыс шымнан қалайды, төрт қабырғаның үстінен қатарлап бірнеше бөрене тартып, оған көлденең тізіп сырғауыл орнатады да, үстіне қурай, қамыс, шөп жайып, оның үстінен тағы да қыртыс шым төсеп төбені жабады. Қыстау үйде шатыр деген болмайды, қора жақ қабырғаның бір бүйірінен аласа ғана есік шығарады; қарсы қабырғадан терезе ойып, оған қойдың қарнын кереді. Жатын үй екі бөлмеден тұрады: ауыз үй - мұнда пеш болады, аттың қайыс-өбзелі, басқа да шаруашылық мүліктері қойылады, жаңа туған қозы-лақ, бұзауын да осында ұстайды. Ішкі бөлмені түгелдей нар алып жатады, бұл ас ішетін, ұйықтайтын бөлме, қабырғада адалбақан - оған бір киер киім-кешектер ілінеді... Түнде май шам жағып отырады. Бұл айтылғандардан қыр халқы қысты қапырық, тар, лас үйде өткізетінін көреміз. Ағашы жоқ жерлердегі малды, ауқатты адамдардың қыстаулары да тек сөл тазалау демесең осы шамалас”.

Имантай ақсақалдың қыстауы да нақ осы айтылғандарға ұқсас, сондықтан да, ұзақтығына қарамай, үзіндіні толық келтіріп отырмыз. Алайда біраз өзгешілігі де болған. Болашақ ғалымның әкесі өз заманның көзі ашық, көңілі ояу дейтін салауатты адамы болған. Ол жақын маңайдағы орыс қыстақтарымен жиі араласып тұрған. Кереку мен Омбыға да жолаушылап, жер аударылған орыс зиялыларымен қатысып, дүние жаңалықтарынан хабардар болып отырған. Қыстауын да Имекең жаңаша салған, баяғыша қазақы шымнан емес, құйған кірпіштен қалатқан. Ол кезде сахарада кездесе бермейтін бұл құрылыс материалынан қыстау үйін ғана емес, мал қорасын да тұрғызған. Шағын-шағын төрт бөлменің есігі бұрынғы қыстаулардағы сияқты бірден мал қорасына шығарылған. Жатын бөлмелерінің еденіне сүргіленген тақтай төсеген, төбесін де сол тақтаймен көмкерген. Осының өзі-ақ айналадағы жұртқа айрықша бір астамшылықтай көрінген. Асып-тасып бара жатқан байлығы жоқ Имекеңді сыртынан күстаналап: көрпесіне қарай көсілмей ме екен, дегендер де табылмай қалмаған.

Заманында міне осындай жаңаша төртіппен салынған қыстауда Ғабдұлғани, болашақ Қаныш туған. Ежелгі ғұрып бойынша ол туа сала екінші анасын да тапты - ол кіндігін кескен

Күлжан апай еді. Кіндік шешенің қадыры бала үшін де, баланың ата-анасы үшін де тіпті бөлек, кіндік бала өсе келе мінез-құлқы жағынан кіндік шешеге ұқсап тұрады деген ұғым болған. Егер кімде-кімнің бойынан қандай да бір кемшілік, немесе артықшылық көре қалса: “Ау, мұның кіндік шешесі пәленше ғой, соған тартқан ғой” деп отыратыны содан. Кіндік шеше де кіндік баласын, немесе кіндік қызын туған перзентінен кем көрмеген. Ал Күлжан апай кішкентай Қаныш үшін шынында екінші анасы болды: Қаныш туғанда Әлима өкпе ауруы бұрынғыдан да меңдеп, баланы соның алдында өзі де жас нәрестелі болған Күлжан апай бір емшегін емізіп асыраған. Кейін, арада сан ықылым жылдар өткен соң, туған ауылына келе қалса, енді өзі де ауыр денелі, ақсақал жастағы атақты академик қураған қу бұтадай кішкентай кемпірдің қасына жантая кетіп, балаша еркелеп: “Ал, апа, балаңа сақтаған нең бар, әкел көне!” деп қалжындауын қоймайды екен. Ғабдұлғани әкесінің елу алты жасында туған. Имантай ақсақалдың бірінші ұлы одан төрт жас үлкен. Қай қазақ базарлы үйім, берекелі ошағым болсын деп тілемеген, әсіресе бала санының көп болғанын құдайдан жалбарынып тілейтін. Ондағы мақсаты тек тұқымым өрбісін, ұрпағым жалғассын дегендік емес. Әулеттің айдыны асып, ырысы тасысын десең, шаңырағыңнан өрбіген сайдың тасындай ер-азамат көп болсын. Қартайып бойыңнан қуатың кеткенде, тіренішің, сүйенішін болмаса, шын қу бас сонда болғаның. Жоғарыда айттық, Имантай ақсақал көзі қарақты кісі болған, оның үстіне ақылы кемел, ел-жұртқа қадірлі қария еді. Ол заман ауанын аңдап, күнілгері болжап отырған, енді бұрынғы қара күш, қара сойылдың уағы өтіп, адам тағдырын уез бастықтарының кеңсесінде қалам мен қағаз шешетінін білді. Содан да өз тағдырына шүкіршілік ететін: бөйбішесі Нұрым бір қыз тауып берді, одан кейін бала болмаған соң немере інісі Әбсаламды асырап алды, оны үйлендіріп, жеке отау қылып шығарды. Ойлап қарасаң, бір ұл, бір қыз - тірі болса аздық етпес те. Бірақ ақсақал өз кіндігінен ұл жоқтығына назаланатын. Кімнің аузына қақпақ қоя алады, күндерде бір күн біреу: “Сені құдай қарғаған, сені құдайдың өзі қубас қылған” демесіне кім кепіл? Сөйтіп ол жасы елуге келгенде тоқал алды. Алланың мейірімінде шек бар ма - мінекей, енді екінші ұлы дүниеге келді. Қазақ “қуаныштың ерте-кеші жоқ” демей ме, айнала-төңіректегі

күллі ағайын-туысқа, қатар қонған барлық Қаржас, Айдабол ауылдарына сүйінші сұрап, жігіт-желеңдер кетті шапқылап. Ол бір жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілген, қысқы соғымның еті таусылып, қаптың түбі қағылған қараөзек шақ еді. Алдымен замандасын құттықтап өзі құралпы ақсақалдар келді. Баланың сәтті күні, пайғамбарымыз дүниеге келген дүйсенбі күні туғанын айтсаңшы! Жастар жағы шілдехана тойын дүрілдетіп, неше күн бойы ауылды қызықты ойын-күлкіге бөледі. Күмбірлеп күй, шарықтап ән даланы көрнеді, белдеуде бөйге аттар шабыс тілеп, жер таршып тықыршып тұрды. Сойысқа жарамды семіз мал іздеп, арық-тұрағына айырбастап, той иелері төңіректегі ауылдарды шарлады, тайқазандар қош иісі бұрқырап, күні-түні оттан түспеді. Бәлкім, Мұхтар Әуезовтің әйгілі романын оқығандар бөйбіше-тоқал күндестігін, сол күндестіктің кейінгі бала-шаға арасындағы жаулық, жауыздыққа ұласқан жексұрын сиқын көз алдына келтірер де. Ал, құдай оңдағанда, Имантай ақсақалдың от басында ондай сұмдық болған жоқ. Қаныштың анасы Әлима бұл екі жасқа толар-толмаста дүние салды да, екі ұл Нұрым бөйбішенің қолында қалды. Ол кісі де тас емшегі иігендей, бар жан жылуын осы екі шикіөкпеден аяған жоқ. Әйтсе де, Әлима тірі болғанда бұлар ана құшағында, ана мейіріміне бөленіп, бұдан да бақытты болып өскендей ме еді. Бір таңқаларлығы, бөйбіше-тоқал дейтін емес, Нұрым бөйбіше мен Әлиманың арасы апалы-сіңлілердей айрықша бір жақындық, татулық сезіммен құп жараса қалыптасып еді. Әрдайым біртоға, сабырлы, салқын мінезінен айнымай ертелі-кеш үйдің ұсақ-түйек күйкі тірлігінен қол үзбейтін Нұрым бөйбішенің зар тілегі тек Сәтбай әулетінің үстінде еді. Бар күйініші, ішке бүккен өкініші ұл тауып бере алмады. Қызды қазақ жатжұрттық деп есепке алмайды. Атақты Шорман әулетінің бір ұлына атастырылған Әлимадай текті қыз болашақ күйеуі өліп, басы босағанда, Нұрым бөйбіше шалына өзі ақыл қосты. Нақ сол қызды тоқалдыққа алуын қалады. Имантай ақсақал Шорман әулетінің ең білікті азаматы әрі өзінің үзеңгілес досы Сәдуақас мырзамен ақылдасып көргенде, ол да сөзге келмей құптады. Сөйтіп, қыздай жесір қалған Әлима Имантай үйіне екінші әйел болып есік аттады. Той аса аста-төк те бола қойған жоқ, атастырған күйеуі өлген қыз, сол сорлы қызды тоқалдыққа алған күйек сақал - дырдулы тойдың қай жарастығы бар.

Күйеуі үйге жасы әлі жиырмаға да толмаған жап-жас қызды екінші әйел етіп алып келгенде Нұрым бәйбіше не күйде болды екен? Міне, осы арада да оқырман “Абай жолы” романындағы ақынның ақылгөй, абзал жүректі анасы Ұлжанның алпыстағы шалының он жетідегі Нұрғанымды тоқалдыққа алғандағы қандай ой кешкенін есіне түсірер. “Ұлжанның өз басы байын қызғанайын деген ойда болмайтын. Ер жеткен төрт ұлы бар. Және немере сүйе бастаған тоқтамды ана Құнанбайды бұл күнде бай деп санамайтын. Ол - балаларының әкесі. Көп өмірі, көп азабы, көп машық-мұңы табыстырған жай ғана туысы сияқты. Содан басқа сезімдер суалған да еді”. Нұрым бәйбіше тағдырына бой ұсынып, құдайдың басқа салғанына көнген сыңай танытқан да шығар, әрі шалының тоқал алуына өзі түрткі болды емес пе? Сонда да болса, көргендер айтады, Әлиману үйге алып кіргенде, Нұрым бәйбіше аяқ астынан жоғалып кетеді. Әйелдер улап-шулап, әрі іздеп, бері іздеп өрең тапқан: бәйбіше қораның түпкіріне тығылып алып, жапа-жалғыз жылап отырыпты.

Үйге Әлима келгелі бұл отбасында бәйбіше мен тоқал арасында бұрын бола бермейтін өзгеше бір шуақты сезім орнаған. Әдетте, ауқатты шалдар тоқалдыққа қолы қысқа кедей ауылдың қызын алған ғой. Ондай тоқал айналасын бір шыбықпен айдап, шырқ үйіріп отырған адуын бәйбішенің қоластында күң есебінде жүрген. Бәйбіше бар өшін сол сорлыдан алатын. Ал тоқалдың көрі күйеуінің нақсүйері болып алып, теңдік бермей кететін кездері тым сирек ұшырасатын. Онда да бәйбіше бала таппаған бедеу болса, немесе артында сүйенер сен тұр, мен атайтын аға-інісі болмаса... Имантай ақсақалдың үйінде ондай ырғылжынның бірі болған жоқ. Әлима тал шыбықтай бұралған сұлу келіншек еді, қияқтай қара қастары қиылып, аққұба жүзінде әрдайым бір әдемі күлкі ойнап тұратын, өзі сондай өзілқой, жүрген жері ойын-күлкі еді. Қабағы ашыла қоймайтын, жоқтан өзгеге еміреніп, елжірей бермейтін күйеуінің өзінен тура отыз жас үлкендігін де, бұл шаңыраққа тоқал боп түскенін де еш қылығымен сездірмейтін. Сол жайдары, көпшіл мінезімен, кішіпейіл, мейрімді қылығымен жұрттың бәрін баурап алды. Нұрым бәйбішенің өзі де оған дегенде аналық сезімге ұқсас бір мерейлі сезімге бөленетін: бәйбіше-тоқал арасында кездесе бермейтін көп. Әлима марқұм бұл үйде бар-жоғы алты-

ақ жыл өмір сүрді. Үш бала туды - Ғазиза деген қыз, одан соң Бөкеш пен Қаныш - екі ұл келді дүниеге. Әлиманың жайдары мінезін, жарқын күлкісін Имантай ауылы қайтіп ұмытсын. Оның табан астында суырып салып айтып тастайтын әр өлеңі, тауып айтқан әр қалжың сөзі тіпті бертінге дейін жұрттын аузында жүрді. Құрдас пен құрдастың, қайны мен жеңгенің, нағашы мен жиеннің, жезде мен балдыздың арасындағы небір қызық өзін-қалжындары ауыздан-ауызға тарап, жатталып, кең жайылып кете барған ғой. Ауылда Имантай ақсақалдың жақын бір бауырларының баласы Сыздық деген жас бозбас болды. Сол өзін жұмбақтар шығаруға өскере ұста еді. Бір күні бапты қымызына жиналған көрі-жастың ортасында, Әлима Сыздыққа шеше алмасаң, сатып аласың деп, кенет мына бір жұмбақты суырып салып айтқан:

*Жалаңаш тас,  
жалаңаш тас етегі қалың ағаш.  
Қалыңында қос үңгір,  
жел гулеген бос үңгір.*

Уағдалы уақытта Сыздық жұмбақты шеше алмай, сасқаннан көмек сұрап Имантайдың інісі Жәмінге кедеді. Жәмін жұмбақты тыңдап алады да, қарқылдап кеп күледі: “Сен барып айнаға қарашы!” Шынында да Сыздықтың бет аузын жапқан қалың қара сақалының арасынан екі тесік - екі танау үңірейіп көрініп тұр, ал басы аумаған жалтыр тас. Сыздық амалсыздан Баянауылға шапқылап, жұмбағын сатып алу үшін Әлимаға көйлектік мата әкеліп береді.

Тағы да сол Сыздық боғауыз сөзге келгенде алдына жан салмайды екен, оның бұл оспадарсыздығын Әлима бетіне баспақ болып, мынадай бір ауыз өлең шығарыпты:

*Қайным-ай,  
Қыз қызығар кейпің-ай.  
Әттең, бірақ, бетім-ай,  
Ауызыңның бейпілі-ай.*

Осы сөз құлағына тиген Сыздық Әлимаға келіп кешірім сұрап, бейпілауыздық өдетінен сап тиылыпты.

Ол кезде қыр елінде дәрігер деген некен-саяқ, дерттің алдын-алу шаралары атымен жоқ, содан да, әсіресе, балалар түрлі жұқпалы ауруларға шалдығып, шешек, қызылша, іш сүзегінен шетінеп те жатады. Баласы тіпті жасқа толмай шетінеп

кетсе ата-анасы: қайтейік, алла тағалаға да бейкүнө, пәк жан-дар керек болғаны-ау деп қана жұбаныш табатын. Ауылдың көрі-жасы Ақ Әлима атап кеткен бұл әйел күн ұзақ тыным таппай, балалардың кір-қонын жуып, жаңасын тігіп, ескісін жамап тыным көрмейді, өзі бойын таза ұстайды. Жұрт оның үй шаруасын дөңгелентіп өкеткен пысықтығына төтті. Балаларын жанындай жақсы көреді. Сыртынан әрқилы ғайбат сөз өрбіткісі келетіндер де жоқ емес, бірақ бөрінің дымын бір сөзбен ақ өшіретін өткір тілінен тайсалады. Нұрым бөйбіше болса оған кір жуытқысы жоқ. Кейін Әлима қайтыс болған соң, оның орнын жоқтатпауға тырысып, балалардың барлық қамын өз мойнына алды. Ара-тұра көзіне жас іркіліп, күндесінің жүрген-тұрғанын, айтқан сөздерін есіне алып егілетін, Құдайға шүкір, балалар, әйтеуір, ауырып-сырқаса да, соңынан құлан-таза жазылып, қамсыз-мұңсыз өсіп еді. “Әлима марқұм Имантай әулетінің барлық ауыртпалығын өзімен бірге ала кетті ғой, байғұстың ниеті түзу, пиғылы таза екен, о дүниеде де иманы көміл, беті жарық болғай” десіп отыратын жұрт.

“Әке - балаға сыншы” дегендей, Имантай ақсақал басқа балаларынан гөрі кенжесіне көбірек мейірімін төгіпті. Бір жағынан, ата-ананың қолында, қара шаңырақта қалып, қарттарын күтетін кенже бала ғой. Үлкен балалар болса әрқайсысы өз алдына отау тігіп бөлініп кетеді, әрқайсысының өз тіршілігі өзінде, артында қалған қарттарға да салқындап, көп қарайлай бермейді. Ал кенже бала ақылды, көнтерілі, мейірлі болып өссе, қарттардың құт берекесі. Имантай ақсақал үлкені Бөкешті де жақсы көретін, ол өзіне аумай тартқан, қаралығы да, қасқабағы да тап өзі, ал мына кішісі Қанышы кішкентайлығына қарамай маңғаз, жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы баяулау, басы үлкен, мандайы кереқарыс, аққұба өңі, көзінің қиығында ойнаған қуақы ұшқын анасы Әлимаға тартқан. Тек денесінің ірілігі, қалың қабағы Сәтбай тұқымынан екенін айтпай танытады. Баланың басы өсіресе көз тоқтатарлық - жазық маңдай, шығыңқы шеке. Ақсақалдың өте-мөте үміт етіп, көңілін демдейтіні де - қазақтың ескі ұғымында - “торсық шеке” бала түбінде я ел ұстаған көсем я жау түсірген батыр болып шықпақ.

Бұрынғының адамдары, ер кісілер баланы аса еркелетіп, тым емірене бермейтін. Баланы сүйіп-құшып, өбектеп жатқан

өйелге ғана жарасатын қылық көрінетін. Ақсақал кісілер баланың басынан сипап, маңдайынан иіскеп қана мауқын баса-тын. Имантай қария кішкентай кенжесін қысқы кештерде түйежүн шекпенінің я қалың күпісінің етегіне орап, жылы ұядай қымтап жауып отыратын. Ал, жаздай бала өкесі атқа мініп ауылды аралап шықса, алдынан түспейтін.

Әке мен баланың бір-біріне деген ықыласы ерекше еді, бір-бірін іштей ұғынып, іштей сезінетін. Бала мына алып денелі, қаба сақалды, салмақты да сабырлы адамды ауыл айырықша сыйлап, құрмет тұтатынын жас та болса көрмей қалмайды. Содан да болар, Қаныш бала өзгелерге жасаған еркелігін әке алдына келгенде сап тия қояды. Тек кейінірек, есейе келе, өкесімен кең отырып әңгіме-дүкен құрғанда, ақылдасып, ой бөліскенде, өз пікірін, өз топшылауын жасырмай, бүкпей айта алатын болды. Ал өзірше ол өкесінің көлеңкесі, өкесіне ғана еліктеп, өкесінің ғана айтқанын құп алатын ерке-бұла бала ғана. Алғаш тілі шыққан кезден бастап өкесі оған ең әуелі “Бісмиллә” деген сөзді айтқызып үйретті. Ал баласы сөз ұғар болған кезде: “Балам, бісмиллә деген киелі сөз, сенің аузыңнан бірінші шыққан сөз. Не нәрсені ниет қып, қолға алсаң да бісмиллә деп баста!” деп алғашқы ақылын айтып, аталық фәтихасын берген.

Өкесі бесуақыт намазын қаза қылып көрген емес. Намаз алдында дәретін алады. Бөкеш өкесінің қолына құмғаннан су құйып тұрады. Кейін ағасының бұл міндетін кішкентай Қаныш атқаратын болады, Бөкеш құсап суды шашыратпай, жәйімен сыздықтатып құяды. Өкесі одан соң терезе жақтауында ілулі тұратын өрнекті жұқа кілемше - жайнамазын алып, құбыла бетке қаратып алдына жаяды да, басбармағымен құлағының сырғалығын басып: “Аллаху өкпар! Аллаху өкпар!” деп үн шығарып, басын солға бір, оңға бір бұрады. Одан кейін қос алақанын ішіне қойып, күбірлеп дұғасын қайыруға кіріседі. Содан соң тізесін бүге отыра қалып, кілемшеге маңдайын тигізеді де, қайта түрегеледі. Намаз тізерлей отыра оқыған дұғамен төмамдалады. Өжесі де бір бүйірде, алдына көнелеу ала матадан тіккен жайнамазын жайып, ақсақалының қимылын қалт жібермей қайталап тұрады, тек бірде-бір рет үн шығармайды, дұғасын күбірлеп қана оқиды: өйел адам құдай сөзін дауыстап оқымайды. Өкесі намаз оқығанда екі көзін жартылай жұмып, дүниәуи бүкіл тірліктен баз кешкендей күйде тұра-

ды, алыс-алыста, көз көрмес, құлақ естімес бір шығандарда тұрған құдіреті күшті төңірмен тіл қатысып, оған деген мұң-зарын шағып тұрғандай болады. Ал әжесінің жүзінен ондай егіліс білінбейді - жайбарақат қана, ерні жыбырлап, ал құлағы сырттағы, көрші бөлмедегі үн-сыбыстарға елегізіп тұрғандай әсер қалдырады. Кейде бала әкесінің немесе әжесінің жанына барып отырады, бірақ аздан сон іші пысып, ұйқысы келе бастайды.

Ал ораза айының қызығы айтса тауысқысыз болушы еді. Жаздың шыжыған ыстығында, күндерде бір күн ауылдың бүкіл ересек адамы кенет тамақ ішуден тиылады, көбіне үйден шықпай, көлеңкеде отыруға тырысады, бұрынғыдай емес, қора маңы да, желі басы да жым-жырт, бөтен-бастақ айқай-шу жоқ. Аузы беріктер күннің батысынан таңсәрідегі алғашқы күн сәулесі білінгенге дейін тамақ іше алады, ал күндіз ұрттам су ішпейді, түйір дәм татпайды, тіпті суға шомылудың өзі күнә саналады. Мұның өзі бір айға созылады. Қаныштай кішкентай балалардың да біразы ауыз бекітеді, бірақ олар үшін ораза бір күн, үш күннен әрі аспайды, бұл жасөспірімдер үшін ғана белгіленген төртіп. Имантай ақсақалдың үйінде балаларды ораза тұтуға қыстап жатқан ешкім жоқ. Нұрым әженің өзі жылда ауыз бекітеді, ал балаларының көздері бозарып аш отыруын қаламайды. Қаныш талай рет көрді, қарны ашқан кейбір балалар ұрланып ауыздарына бұралып құрт, бауырсақ тығып, ұлыған қарындарын жұбататын.

Жас баланың өмір бойы кие тұтуға тиісті тағы бір сөзі - "Ассалаумағалейкүм". Бұл жасы үлкен кісілердің бөріне бірдей берілетін сәлем. Жасы үлкен адамға деген құрметің алла-тағалаға деген құрметің болып есептеледі. Әрбір көргенді бала жасы үлкен кісіні ұшыратқанда оң қолын кеудесіне қойып, сәл басын иіп: "Ассалаумағалейкүм" деп сәлем беріп, қос қолын ұсынуы керек. Өлгі кісі сәлемшінің денсаулығын, үй іші, мал-жанының амандығын сұрап жатса, асықпай жауап беруі тиіс. Одан соң сұрақтарды сәлемшінің өзі қояды. Алғашқыда бала Қаныш әкесінің бұрын-соңды келмеген бейтаныс қонақтарына сәлем беруге ұялатын, ал ағасы Бөкеш болса сәлем берудің бар рәсімін қалтқысыз орындайды. Сәлем беруіне қарап-ақ, үлкендер баланың көргенділігін, тәрбиелігін таниды. Имантай ақсақал бала-шағасының үлкендер алдында кішіпейіл, ілтипатты болуын қатаң қадағалайтын.

Тәрбие көрген әрбір қазақ баласы өзінің ата-бабаларын біліп өсуі шарт. Қаныш. Оның әкесі Имантай. Имантай - Сәтбайдың баласы, Сәтбай - Шәтiктiң баласы. Шәтiктiң әкесi - Баубек. Баубек Жәдiгерден туады. Жәдiгер бұл өңiрдегi рудың бас иесi Қаржастың шөбересi. Сонымен қоса бiздiң қазақ әке-жағынан кiммен қай атадан барып туысатынын бiлуi керек. Әкесi бұрынғы өткен аталардың қайсысының қандай қасиетi болғанын, қандай iсiмен атағы шыққанын егжей-тегжейлi айтып отыратын. Ал iргелес отыратын Шорман әулетi, айталық, бұлармен жетi атадан барып қосылады, өйткенi Сәтбай тарайтын Жәдiгер мен Шорман әулетi тарайтын Мырзағұл - бiр кiсiнiң, Анайдың балалары. Имантай ақсақал ұлдарын ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан осындай рухта тәрбиелеп, Сәтбай әулетiнiң осал әулет еместiгiн кейiнгiнiң миына құя беруден жалыққан емес. Ал шынтуайтына келгенде бұрынғы өткен ата-бабаларын мақтан тұтпайтын қазақ кемде-кем.

Мына бiр көрiнiстi көз алдыңызға келтiрiп көрiңiз. Жаз мезгiлi. Қырда, елсiзде жас бала бiр егде кiсiмен ұшырасып қалды делiк.

— Ассаламағалейкүм! - деп сәлем бередi бала, астындағы аты да әбден сыралғы болып алған, қалт тоқтай қалады.

— Уағалейкүмассалам! - деп жауап бередi үлкен кiсi. - Жолың болсын, жiгiтiм, қай ел, қай рудың баласысың?

— Сәтбай ауылынанмын, атым Қаныш, Имантай деген кiсiнiң баласымын.

— Ә, Имантайдың баласымын де. Әкең аман-есен бе? Нұрым бәйбiше де бақуат жүрiп жатыр ма? Мен пәлен деген ауылданмын (атасының, өзiнiң есiмiн атайды). Нұрым бәйбiшеден естiген шығарсың, ол кiсi екеумiздiң арғы әжелерiмiз апалы-сiңлiлi қыздар... Әкең де айтқан шығар, Сәтбай атамыз бiзге жиен боп келедi емес пе. Сен екеумiз де бiр-бiрiмiзге тым жат емеспiз - он екi атадан барып қосылады екенбiз. Несiн айтасың, iнiшегiм, екеумiз туыс боп шықтық...

— Сiздi жақсы бiлемiн ғой. Әкем сiз жайында ылғи айтып отырады. Сiздiң арғы атаңыз менiң арғы атаммен қол бастап қалмақты бiрге шапқан дейдi. Сiздiң әжеңiз, естүiмше, сондағы тұтқын қыздардың бiрi болса керек...

— Әй, қарағым-ай, әкең оны да қалдырмай айтқан екен-ау, сен де құлағыңа құйып ала қойыпсың, ендi келiп менiң

түбiмнiң қалмақ екенiн мегзеп тұрғаның мынау. Мен де қарап қалмай сенiң арғы түбiңдi қазбалар-ақ едiм. Өттең, әкең жақсы кiсi, қайтейн...

— Кешiре гөрiңiз, ағатай, әншейiн сөздiң ретi келiп қалған соң... әрi арғы атамның батыр болғанын айтқым кеп... сiздi тiптi де ренжiткiм жоқ едi... - деп бала қызарыңқырап қалады.

— Оқасы жоқ, оқасы жоқ, мен де сөздiң орайына қарай айтып жатырмын... О-оу, қандай-қандай замандар өткен, қандай-қандай адамдар өткен. Жарайды, жiгiтiм, сақалымды сыйлағаныңа рахмет, нұр жаусын... Ендi, мiне, заман да азды ғой, кей жiгiт құйындай шапқылап жаныңнан өте шығады, жын ба, сайтан ба бiлiп болмайсың... Жә-ән, әкеңе сәлем айта бар, Нұрым бәйбiшеге де сәлем де... - сөйдедi де әлгi жолаушы Сәтбай ауылының тағы бiраз адамына атап-атап сәлем айтып, балаға тағы да алғысын жаудырып, жөнiмен тарта бередi. “Имантайдың мына кенжесi болғалы тұрған бала екен. Бар-жоғы он үш-он төрттерде шығар, ал кiсiлiгi, көргендiлiгi кей естиярларыңнан артық” деп iшiнен риза болып бара жатады. Содан ол кiсi бұл түйгенiн барған жерiнде айта жүредi. Имантай ақсақалдың сондай бiр iзеттi, зерделi баласы жетiлiп келедi екен деген сөздi елден-елге жаяды.

Көргендi бала үйге келген қонақты да қарсы ала бiлуi керек. Көз ұшынан бiр салт атты көрiндi делiк. Бұл ауылдан алыс ұзап жолаушылап кеткен ешкiм жоқ сияқты едi. Ендеше, жол шеккен бiреу болғаны. Ат үстiнде маңғаз отырысына, желе шоқырақтаған атының басын iркiңкiреп, ауылға жақындай келе жай аяңға көшкенiне қарап, оның зиялы, бiлiктi кiсi екенiн танысың. Ендi Қаныш Бөкеш ағасынан көргенiн iстеп, жолаушының алдынан үрiп шыққан иттердi әрмен жасқап, әсiресе, өткен-кеткеннiң атының құйрығына жармасып, қыр асқанша соңынан қалмай шабаланатын Алыпсоққа жекiп, үй сыртына қуып тастайды. Келген жолаушының алдынан жүгiрiш шығуға болмайды. Ол үйдiң алдына таяп келгенше бiр орында тұрып күткен ләзiм, содан соң ғана бiрер қадам қарсы жүрiп барып: “Ассалаумағалейкүм!” деп оң қолын кеудесiне басып сәлем бередi. “Уағалайкүмассалам, - дейдi жолаушы. - Имантайдың үйi осы ма?”, “Иә, ата, хош келiпсiз!” - дейдi бала. Сөйтедi де асықпай, аттының оң жағынан келiп, сол қолымен тiзгiннен ұстап, он қолымен жолаушыны сүйемелеп аттан

түсіреді. Жолаушы үсті-басын қағып, ұйыған аяғын жазғанша, бала тізгінді босатып, шылбырды белдеуге байлап үлгереді. Сол мезет қонақ та баланың елгезектігін, шылбырды үлкендерше күрмеп байлаған ептілігін байқамай қалмайды. Қонақ үйге қарай жүргенде бала одан сөл артта келе жатады да, үйге таяғанда алға озып, есікті ашады. Қонақпен Имантай ақсақал құшақ жая көрісіп амандасады, бірақ тым дабырлап үйді басына көтеріп жатқан олар жоқ, ер адамдардың әйелдерше шуылдасып, шұрқырасып жатқаны жараспайды. Қонақ Нұрым бөйбішеге де арнайы сәлем береді, бірақ онымен қол алыспайды, демек, қонақтың әкесінен жас шағынан үлкендеу болғаны. Бала қонақтың күтімін өз мойнына алған. Қонақ етігін шешіп, мәсімен төрге озғанда, бала оны көрпеше төсеген жұмсақ орынға жайғастырады. Қонақ пен әкесі енді қатар жайғаса отырып, бір-бірінің ауыл-аймағының, мал жанының амандығын сұрап, еңгіме тиегін ағыта бастайды. Сөйткенше болмай, үйге үлкен тегене қымыз келеді де, әжесі оны әдемі ағаш ожаумен баптап сапыруға кіріседі. Сапырғанда қымыз көпіршіп, иісі мұрын жарып, төбетті арттыра түседі. Бұлар қымызға қанғанша намаздыгер де боқ қалады. Бала жылы су толтырған жез құманды қолына алып, ақсақалдардың дәрет алуына көмектесуге ұмтылады. Ал мұның алдында Шәдет ағасына әкесінің тапсырмасын да жеткізіп үлгерген: қонаққа мал алдыру керек.

— Имеке, мына бала, шамасы, кенжең болар? – деп сұрайды қонақ.

— Иә, құдайға шүкір, кенжеміз осы, - дейді әкесі мақтанып сезімін жасыра алмай.

— Алла тағалам жүрімін берсін, болғалы тұрған бала көрінеді.

Әке үшін бұдан артық не керек. Бала қонақтың да көңілінен шығыпты, тек тіл-көзден сақтасын деңіз. Сонда да Имантай ақсақал ішкі сезімін сыртқа шығармай, жайбарақат қана:

— Қайдан білейін, әйтсе де осылардан бір көшелі кісі шығады дегенге сене бермейін, ендігінің адамдары тым ұсақтап барады ғой. Біздей болмақ қайда бұларға... – деп қана қояды.

— Ол не дегенің, Имеке. Бұлар тіпті бізден оза туған шығар. Әйтеуір тең-құрбысының алды болсын дейік те...

Қонақтың бұл сөзі де әкесінің құлағына жағып барады, іштей айтқаның құдайдың құлағына жетсін деп, төубе жасап

отыр. Сол екі ортада жайнамаздарын да жайып, екі қария намазға үйі бастаған.

Кішкентай Қаныш әкесінің ақылын, басқа үлкендердің өнегесін ес білгеннен көңіліне түйіп, ағасы Бөкешпен бірге ерте есейген деседі. Бөкеш ауыл-аймаққа сүйкімді, көргенді бала боп өскен.

Алайда, баланың аты бала емес пе, екеуінің талай тентектігі, балалықпен қия басқан кездері аз болмаған шығар. Имантай ақсақалмен Нұрым бәйбіше бұлар қашан оң-солын танып, есейіп, ер жетіп кеткенше небір қызық-шыжығын көрген де болар.

Көшпелі өмір... Кішкентай Қаныштың көрген көп қызықтары сол толассыз көші-қон үстінде өткен ғой. Ал көшпелі өмірдің бүтін бір ұлы халықты көне тұрмыстың көң-қоқырында ғасырлар бойы омалатқанын ол кейін ұғады. Ал әзірше байтақ дала, айнала тіршілік оның жас жанын шуаққа бөлеп, қырдың нұр-шапағы шарпысқан таң-тамаша ертегі дүниесіне армансыз шомылдырып жатты. Сәуір туды... Қар еріген, бірақ далада ызғар бар, өксімдеп соққан жел бар. Әжесі Қанышты тоңып қалмасын деп, қабаттап киіндіріп, тонға орап әлек. Баланың оған көңісі жоқ, жүгіргенде жеңіл киінген анау Жұмаштан қалып қойғысы келмейді. Қыстау маңы қыс бойы үйілген көң-қордадан көрінбейді, шірік иісі әлем атып, аяққа жабысып, аттап бастырмайды. Үйге кірерде етігінді сүрткілеп әуреге түсесің, әйтпесе әжесі қайта қуып шығады. Мұнтаздай болып тап-таза жүргенге не жетсін, бірақ баланың тіршілігі таусылған ба? Бәрін қойып әуелі әдемі доп жасап алу керек, ол үшін өрістен қайтып, жаңа туған бұзауын жалап тұрған қызыл сиырдың өлі жүнін уқалап жиып, ортасына кішкентай тас салып домалақтап аласың. Доп жұп-жұмыр, жеп-жеңіл болуы үшін оны жалықпай ұзақ домалақтауың керек. Әрі жасаған добы Бөкештің добынан артық болмаса, кем болмаса екен дейді. Бөкеш қой өзін көдімгідей естияр кісі санап, артынан ерген жалғыз інісіне мұрнын шүйіре қарайтынды шығарыпты. Қыс бойы қапырық үйге қамалып, сыртта кең дүниеде асыр салып ойнағанды сағынып қалған. Үйдің желке тұсында алақандай ғана бір алаңқай тақырланып қалыпты, асық ойнауға таптырмайтын жер. Оны қойып, немере ағасы Көрім мұны қоярда қоймай үгіттеп, құла тайыңды үйретіп, бас білдірейік деп, көптен

басын айналдырып жүр. Құла тайды Қанышқа әжесінің бауыры мінгізген. Кәрім жоқтан өзгені ойлап таба қоятын, құлығы да жетерлік қызық бала.

Несін айтасың, күн жылынды-ақ, бала атаулыға ойын көп, қызық көп. Бала Қаныш әжесін зар илетіп, далада күн ұзаққа жоғалып, үсті-басы сауыс-сауыс, кейде тіпті бет-аузы да көгеріп оралып жүрді. Бірақ ауылдың басқа қара сирақтарынан бір ерекшелігі, бала Қаныш әжесінің айтқан ақылына құлақ асқыш, тіл алғыш болып өскен, өн шырқап, күй тартқан, ертегі көйіткен жерге құмар болған.

Қара жер қардан арылды-ақ, қазақтың көңілі далада болады. Қапырық қыстаудан қайткенде тезірек сытылып шығуға тырысады. Бірақ көшіп-қону дегеніңіз оңай тірлік емес. Ең алдымен ауланы, қора-қопсыны тазалап, қыстайғы қиды ойып, кесектеп қалап, көптіруге қою керек. Бұл-алдағы қыстың қамы, пештің жемі. Жазғытұрым ауылдың көрі-жасы осы шаруамен айналасады. Оның үстіне қой қоздап, бір қолды екі ете алмай, жұрт өбігерге түседі. Ал іргедегі Шорман ауылы ғой, қысқы орнынан басқалардан гөрі ертерек қозғалып кетеді, өйткені олар жалшы ұстайды, қыстаудағы барлық қалаған жұмысты солар тындырады, Имантай ақсақалдың ауылына оңдай мүмкіндік қайдан болсын, сондықтан қыстаудың қыруар қарбаласы аяқталғанша, киіз үйлерін аулағыраққа апарып тігіп, таза ауа, кең жазыққа шығып отырады.

Көшіп-қонудың өзі бір түгесіліп болмас тірлік: барлық дүниемүлікті теңдеп буу керек, ол үшін қаншама жіп, арқан есіледі. Ескілері қыс бойына тозып, жарамсыз боп қалған, енді тайқұнанның жалын, құйрығын күзеп, тағы өлек. Бірдуан арбаларды, ер-тұрман, қайыс-өбзелді сайлап, ұзақ көшке сақадай-сай етіп әзірлеп алмай болмайды. Қыстан қалған сүрді тағы да ыстап, кебежелерге салады. Нұрым бөйбіше ауылдың барлық әйелін жиып алып, сабын қайнатуға кіріскен. Бұл да бір қызық тірлік: әйелдер қыстайғы сүйек-саяқты тайқазандарға толтырып, майын алу үшін сақырлатып ұзақ қайнатады. Келесі қазандарында әжесінің өдейлеп жинаған күлі қайнап жатады. Ол жәй күл емес, алаботаның күлі. Әбден қайнатып алып, күлді бөліп алып тастайды да, қалған сұйықты қазан түбінде күлгін бір ұнтақ қалғанша қайната береді. Осындай бірер күнгі қарбалас тірліктен соң, күл мен сүйек майыннан қалған ұнтақты те-

генеге толтырып алып, әжесі бастаған әйелдер шошалаға кіріп кетеді. Қаныш олардың шошалада не істеп жатқанын көруге Құмар, бірақ әжесі ол маңайға еркек кіндіктіні жолатпайды: ер адамның көзі түскен сабын оралмайды, неше күнгі еңбек заяға кетеді деген ырым бар. Бала қиялында бұл құпия одан сайын жұмбақ тартып, әжесі шашы жалбыраған сайтан-әйелдердің ортасында, мыстан кемпірге ұқсап, бу мен түтінді бұрқыратып, бір таңғажайып сиқыршылық жасап жатқандай көрінеді. Ал кешке қарай Нұрым бөйбіше әр баланың қолына бір-бір түйір сабын-бұзаушық ұстатады. Ашқылтым иісі мұрын жарған бұл ғажап бұзаушық суға ессең әп-сәтте көпіршіп, киімге жұққан кір мен дақты қолмен сыпырғандай жоқ қылады. Ал қарақошқылданып қатқан кішігірім қазаншықтай сабынды ертеңіне әжесі кесектеп тіліп, әр үйге үлестіріп береді.

Балалардың да күйкің тірлігі бастан асып жатады. Олар күнұзақ үлкендердің маңынан табылуы тиіс, анда бар, мында бар, ананы әкел, мынаны апар деген сияқты жүгіріс солардың мойнында. Көшер алдында Қанышқа жүктелетіні, әпкесі Ғазизаның үй-ішін жинастыруына, әкесінің кітаптарын реттеп өбдіреге салуға жәрдемдесу. Ол кезде қыр елі кітаптың қадірін біле бермейді. Имантай ақсақалдың бір арбаға жүк боларлық кітап жиганын қарияның әншейін бір әпенделік ісіне санайды. Ал, Имекеңнің кітап құмарлығы бала кезінен сүйегіне сіңген қасиеті еді, базбіреулерге оқымыш атану үшін құранды білсе, тағы бірер кітапты төзімі жетіп оқып тауысса, соның өзі жетіп жатыр, ал енді бір кітап емес, екі кітап емес, бір арба кітапты оқып шығу дегеніңіз... Құдай басқа салмасын, өлерменнің ісі ғой...

Қысқа қарай қыстауға қайта көшіп келген соң кітаптарды бұрынғы орнына, арнайы сөрелеріне қайта жайғастырады. Имантай ақсақалдың қорғаштап көзінің қарашығындай сақтайтын ең қымбат дүниесі де осы кітаптар. Неше алуан өрнегі көз тартарлық әдемі өбдіреге толтырылған бұл байлық жұмсақ шөп төселінген арбаға тиеледі. Әкесі қай кітапты бет жағына салуды қадағалайды. Осынша бабы көп болғандығынан да, бұл жұмыс қай істі болсын мұқият тындыратын Ғазизаға тапсырылатын. Кейде Қаныштың іші пысып, қиямпұрыстана бастаса, әпкесі мұны ақырын желкесінен нұқып қалады. Бақырып

жылап қоя беруге де, үлкендерге шағынуға да болмайды, бөрібір олар Ғазизаны жақтап шығады, содан да Қаныш дымын ішіне сақтап, әпкесінің айтқанына көніп, дегенін істей береді. Ғазиза болса осы үйдің жалғыз қожайыны өзі секілді, өзін өктем, еркін ұстайды. Бөкеш те, одан үлкен Әбсалам да, бүкіл үй-іші оның бетіне жел боп тимейді. Қыс бойы әжесі Ғазизаның киім-кешегін түгендеумен болды. Үстінде үр жаңа гүлді көйлегі, саусағында жүзігі, бұрымында күміс шолпысы сыңғырлап, сылаң қағып шыға келгенде, кім-кімнің де көзін қарытқандай. Баяғыда бір құдалар әкелген үкілі күндыз бөрік пен түлкі ішік осы қыздың үстінде. Ғазизанын бұл үйде еркелігін көтермейтін ешкім жоқ. Өйткені, қай шаңырақ болсын қыздың оң жақта отырған кезін оның өміріндегі ең бір бақытты шағы деп есептейді: күні ертең-ақ ол жатжұрт, бөтен елге ұзатылып, қайманна бір қазақтың түтінін түтетіп кете баратынын біледі... Көшпелі ауылдың көктемгі қарбалас күндері ауыр еңбек, қыруар шаруасымен ғана емес, табиғат ұйқысынан оянған, күн көзі жер бетіне шуағын шашқан жадыраңқы, жайдары, дулы-думанды шақтарымен көбірек есте қалады. Имантай ақсақалдың жасы Ұлы Абаймен шамалас еді. Ақынның қысқы мекен-жайы Сәтбай ауылдарынан түстік-шығысқа қарай екі жүз елу-үш жүз шақырымдай жерде болатын. Бұл екі ортаның табиғи жағдайы да ұқсас-ты. Мұхтар Әуезов ақынның әкесі Құнанбай мырза ауылының жазғытұрымғы көрінісін былай суреттемей ме: "...Әр қыстаудың жанындағы тақыр көгалдарда аздаған ақ үйлер, қоңыр үйлер көрінетін. Кемпір-шалы бар үйлер тамнан түгел арылып шықпай, жастар жағы ғана тынысы кең киіз үйлерін көтерген төрізді. Жас қозы, бота, бұзаулар да әлі қораны жағалайды. Жазғытұрғы ауыл қолдан түлеткендей бір түрлі жас иіске, жас өмірге толы. Әдемі реңді, әлденеше түсті балапан қозылар күн шуақта секіріп, дамылсыз маңырайды. Үлпілдек жүн, үлкен қара көзді боталар көрінеді. Жылқы ішінде ұзын құлақ, бұйра жүн, сүйкімді құлындар көбейген. Ересек тартқан, тез шираған бұзаулар да құйрығын шаншып ап, тынымсыз безіп, ортқып ойнайды... «Өнген, өскен жарастағы біз», «Жоқтықтың барлыққа жіберген келгіні біз» дегендей шаттанна жайнайды... Әр үйде қысыр сауылып, жылтыр қара сабалар ертеңді-кеш күрпілдеп, пісіліп жататын"... Мамыр айынның орта шені боп қалды, ауыл үдере көшуге дайын отыр. Арбала-

рға, барлық күш-көлікке жүктер тиеліп қойған, енді бір тең жүк түйелерге артылмақ. Балаларды ұйықтауға ертерек жатқызған. Мініс аттары тұсалып, түйелер байлауда тұр, өгіздер жақын маңайдан алыстамай жайылып жүр. Кішкентай Қаныш пен оның қасындағы балалар түнде өгіздерді күзетейік деп жалынғанына қарамай, үлкендер бәрін де ұйықтауға қуып тастаған: ертең көш үстінде қалғып-шұлғып, аттан құлап қалып, масқара боласыңдар дейді. Бірақ Қаныштан ұйқы қашқан. Енді мінекей жасы жетіге толды. Ертең бірінші рет өзінің бөсіре құнанына мініп шығады, бұрынғыдай әкесінің алдына мініп немесе әжесінің қасында арба үстінде жарбиып отырмайды. Күні бойы ертоқымы мен қайыс-әбзелін сайлаумен болады, мұны бұлардың үйінде бір ай бойы жатып бір шебер кісі балаға арнайы істеген. Ал ісінде тіпті мін жоқ-ау: былғарымен қаптап, ердің алдыңғы, артқы қастарына күмістеп оюлар түсірген. Әсіресе, ердің алдыңғы қасын айтсаңшы, оған орнатқан күміс басын қайқаң етіп көтерген жыланның жылтыр маңдайындай жарқылдайды. Әкесі өзі қайыстан тіліп жасаған күміс жүгені де көздің жауын алады. Көрі әкелер мен шешелер ертеректе ұзатқан қыздарын, олардан туған кішкентай жиендерін көріп, айналып-толғанып, беттерінен сүйіп, бір жасап қалады. Әрлі-берлі сапырылысып, түрлі жиын-той жиілейді, бұрынырақ келіп орныққан ауылдар жаңа ғана жүгін түсіріп, үйлерін енді тігіп жатқан ағайындарды ерулікке шақырысып мөре-сөре болып жатқаны. Жер ошақтарда қазан-қазан ет асылып, дастарқан басында тегеш-тегеш қымыз сапырылып, әр ауылдан ақсақалдары бастарын қосып әңгіме-дүкен көрігін қыздырады-ай келіп: өткен қыстың салған қытырын шертеді, жазғы малдың өрісі, елдің қонысын ақылдасады, ауыл-ауылдың арасындағы кей дау-дамай да осындайда шешіліп қалады. Әсіресе жастар жағы айырықша желігіп, сағынысқан көңілдер, ынтызар жүректер тезірек табысқанға асық. Күндіз жүйрік аттарын, құмай тазыларын, қыран бүркіттерін сынасып күнді батырып, кешке қарай алтыбақан құрып, айлы түнді алыс-алысқа шығандаған өнмен тербеп, қыз-бозбала уда-шу ақсүйек лақтырып ойнап, қысқа таңды көз ілмей атырады. Қаныштай жас балалар ақсүйек ойынында заулап жүгіріп, шарқ ұрып іздеп, таппай шаршап жығылғандарына, ал қыз-бозбала тасада оңаша кездесіп, бір ауыз болса да тіл қатысып, бір сөт болса да қол

қысысып қалғандарына мез. Қысқы тым-тырыс, жым-жырттықтан мынау айы, жұлдызы жарқыраған ұшы-қиырсыз нұр дүниесіне қапелімде күмп беріп қойып кеткен бала жүрек атша туламай, алабұратпай қайтсін. Ертеңіне бөсіре тайын тепен қақтырып, сұр жорғасын тайпалата қайта-қайта ұзай беретін Ғазизадан қалып қоймауға тырысады, кешкісін қалжырағанына қарамай тағы да дулы-шулы алтыбақан басынан табылады, әжесі соңынан әдейі жұмсап жіберген әлдекім зорлағандай етіп үйге алып кеткенше айналшықтап жүріп алады. Төсегіне жатқаннан кейін де көпке дейін көзі ілінбейді, әлдебіреулерден өпкесін қызғанады: талшыбықтай бұралып, сыңғыр күлкісімен ақ сиқырлап, жігіт-желеңді қасына үйіріп ала қояды. Солардың ішінде сона бір сері сымақ жігітпен өзіл-қалжыңы ылғи да құп жараса кететінін де сезіп қалған.

Жазғы көш қызығы көпке бірдей қуаныш бола бермейтінін ол кезде бала Қаныш қайдан білсін. Жазғы көштің азабы, қасірет, бейнеті де аз болмайтын. Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” романына тағы да көз жүгіртелік: “Өзгеге жеңіл болса да, осылайша болған көшу қойшы, қозышы, жылқышыларға аса бір тынымсыз бейнет, масыл күндер болады. Біреудің жылқысына көш аттар, саяқ-сандырақтар кетіп қалған. Біреудің қойына бір ауылдың қозысы жамыраған. Қой мен қой араласып, шатасып кеткен. Осындай қарбаласта “бармақ басты, көз қысты” боп, талай момынның тоқты-торымы сотқар ауылдардың жемі боп жүреді. Өзінікін жеуге үнем қып, кісіден кірген “қоспа”, “кірме” болса, соны түн баласында ақтармалап, шикілі-пісілі домалатып, қылғып салып отыратын малқорда бықсық байлар, талай бөле басы атқамінерлер болады”. Кейін, есейе келе, Қаныш жаратылыс қайта жанданып, гүл-жапырағын жайған, адам бойында да мейірім, қайырым, сүйіспендік, махаббат төрізді асыл сезімдер қайта бұр жарған қамсыз-мұңсыз осындай мамыражай шақта да надан, қарау жандардың қатыгездік, жексұрындық, жауыздық пиғылдары қалмайтынын көрді де. Қыр тіршілігінің меңіреу, түлей көріністерінен аулақ ұстап, ата-анасы мұның бейкүнә бала көңілін жараламауға тырысып бағышты-ау... Содан да болар, балалық шағы Қаныш жүрегінде өмір бойы естен кетпес таңғажайып ертегі дүниесіндей сақталып қалады...

...Алғашқы еру Сарымсақтыда, бұл қыстаудан он сегіз шақырым жер. Күн екіндіге еңкейіп барады - бағана қоналқыға ерте-жарықта жетіп алайық деп Имантай ақсақал бекер асықтырған жоқ-ты. Жүкті түсіріп, үйлерді тігіп үлгергенше қас қараяды. Ілгері озып кеткен әкесі мен ағасы - Әбсалам қоналқы орынды сайлап, арттағы көшті күтіп тұр екен. Әуелі Именкеннің сегіз қанат ақ үйі тігіледі. Көрі-жастың қарап тұрған бірін көрмейсің. Бің-шыңсыз, әбігерсіз қимыл. Жұмыс реті заманалар бойы қалыптасқан, көз үйренген, қол дағдыланған күнделікті тірлік. Бәрін басқарып жүрген Әбсалам. Торкөз сегіз керегені күргейлеп әкеп, ара жіктерін матап байластырады. Матап байланыстырғанша оны тіп-тік тапжылтпай ұстап тұру керек. “Мықтап ұста, Қанышжан!” деген үлкендер даусы құлағына тиісімен, жүгіріп келіп, керегеге күшене-тышана кенедей жабыса түскені есінен кетпейді. Үлкендермен бірге үй тігіскеніне-ақ мәз еді. Ал жұмыс бөріне жетерлік. Буылған уықтарды бір-бірлеп алып, иілген ұштарын төбеде үмбездене түйісетін егіп, керегеге қатарлай орнатасың. Уықтарды әперіп тұрубалалардың міндеті. Тек, әперіп үлгер. Одан соң шаңырақ көтеріледі де, оған уықтардың үшкіл ұшы тізбектеле шаншылады. Шаңырақ көтеру дегеніңіз онша-мұнша қиын да жұмыс емес, тек аздаған қол күшің болса жетеді. Бірақ ақсақал кісілер шаңырақты кім көрінгенге көтерте бермейді, өйткені шаңырақ үйдің киесі, құты мен берекесі саналады. Шаңырақты сол үйдің ырысын, бірлігін сақтауды мойнына алған адам көтереді. Имантай ақсақалдың үйінде бұл қастерлі рәсім кезегімен я Әбсалмаға, я Бөкешке, я Қанышқа жүктелетін. Әкесі үйдің шаңырағын кенже ұлы, қартайғанда сүйенші, қара орынның болашақ қожасы кішкентай Қанышы көтеруге жарайтын күнді іштей асыға күткен. Енді өнекей шаңырақ көтерілді, үйдің сүйегі әзір. Ақ киізбен айналдыра жауып, оны кереге-уыққа матап бекіту ғана қалды. Ол да жай киіз емес. Алдымен іргеге қалың киіз-туырлық тұтылады. Одан жоғары уық-шатырды үзікпен көмкеріп, шаңырақты түндікпен жабады.

Сөйтіп үлкен үй - қара шаңырақ тігіліп болды, енді ауылдың өзге отау үй, қара үйлері тігіліп жатыр. Бірақ, қараңғы түсіп кетті. Имантай ақсақалдың досы Сәдуақас мырзаның жігіттері де күтіп қалды - бірер күн бұрын келіп орныққан Шорман ауылы бұларды ерулікке шақырып отыр. Бөрі солай

қарай тартады. Сәдуақас мырзаның кең сарайдай ақ үйінде мол жайылған дастарқан, сүр қосып бабымен былқытып пісірілген астау-астау бағлан егі, әр табақта құйқасы уылжыған қой басы. Әкесі қалтасынан қылшыған өткір бөкісін алып, қынабынан шығарып, бүктеуін жазады да, сол қолымен қойдың басын ұстап, бір құлағын етін молдау етіп кесіп, оны тұздыққа бір матырып, қасында шоқиып отырған Қаныштың алақанына салады. Бала құлақты жеп болып, астаудағы еттен аузына салар салмастан қалғып ұйықтап кетеді. Оянғанда кешегі өздері тіккен сегіз қанат үйдің ішінде жатқанын көреді. Балауса шөптің, сабадан қымыздың иісі бұрқырайды, түндік саңлауларынан қиғаштап күн сәулесі түсіп тұр. Сырттан түрлі шаруа қамындағы адамдардың дауысы, құлының шұрқыраған, қозының маңыраған үні естіледі. Қаныш бала төсегінен атып тұрып, далаға жүгіреді. Күн тіпті төбеге тармасып қалыпты, сәулесі көз қарықтырады. Бала аң-таң. Кешегі жым-жырт көк жазықта ғайыптан көп-көрім ауыл пайда бола қалған. Киіз үйлер жартылай шеңбер құра бір-бірімен күп жараса тігілген. Оң жақта Боранбайдың алты қанат қоңыр үйі, сол жағында Әбсаламның бес қанат ақ үйі, одан әрі ауыл молдасы Нығмет қожаның үйі, Шәдет ағасының, Дүйсенбай көкесінің, өзге жақын-жанбарлардың қоңыр үйлері... Әр үйдің алдында қазан-ошақ тұтіндеп, самауырлар бұрқылдай бастаған. Жасөспірім қыздар таң атқалы теріп әкелген үйме-үйме қу тезек. Ал айнала төңіректе басқа ауылдардың үйлері шұбартады, ысыған күн көзінен көлеңке құалап, жусауға жатқан мал. Қаныш енді өткен түні өздері қонақта болған Сәдуақас атасының ауылы қай тұста екенін көзімен іздей бастаған, әжесінің дәл құлағының түбінен шыққан жұмсақ үніне елең етті: “Ояның ба, балам! Мен ендеше саған ақ ірімшік пісіріп қойдым. Бөкешті шақырып келе гөй!” Жазғытұрғы жеген ақ ірімшіктің дәмі ауыздан кетпес. Қайнап жатқан сүтке азғана қатық қоса қойсаң, сүт ірімшіктеліп ұйып шыға келеді. Қазанды дереу оттан түсіріп, сары суын сүзгіліп төгеді. Қазан түбінде дәмі тіл үйретін, түрлі жас шөптің хош иісі бұрқыраған ақ ірімшік қалады. Ақ ірімшікті одан әрі қайната түссе, аздан соң түсі сарғыш тартып, сары ірімшікке айналады. Кептіріп алсаң, жыл он екі ай сақтасаң, дәмі бұзылмайды. Бала қарны ашқанын жаңа сезді. Бөкешті тезірек шақырып келіп, ақ ірімшікті қарбыта асағанша асық-

ты. Бірақ Бөкештің қолы тиер емес - сауылатын биелердің құлындарын ұстап, желіге байлап, үлкендерге көмектесіп жүр. Желі басына жүгіріп жеткен Қаныш Бөкешті шақыра келгенін дереу ұмытып кетті, кішкентай сұр құлынның бұған жаудырап қарай қалғаны қандай қызық. Бала “Құлыншағым, құлыншағым” деп ақырын қолын созып, қасына жақындай бергенде, құлын ыршып түсіп, желіні үзердей тыртысып тұра қалды, сонда да қоймай бала құлынның мойнынан сыйпалап, өзінше айналып-толғанып өліп-өшіп барады. Сөйткенше қасына Ғазиза жетіп келіпті. Желкеден үйреншікті бір төмпешін алып, Қаныш бала сүйкімді сұр құлынға қарай-қарай, әпкесінің соңынан үн-түнсіз еріп жүре берген...

Сарымсақтыда ауыл бір жұма отырады - еркек малды піштіру, қой қырқу сықылды науқандық тірліктерді тындырып алмай болмайды. Өрі көрші қонған ағайын-туғанға, жекжет-жұратқа ерулік беру, көшіп бара жатқан алыс-жақын ауылдарға сусын ұсынып, дәм ауыз тигізу - ол дағы мойындағы парыздай. Ертең жайлауға жеткен соң бұл ауылдар қиыр жайлап, шет қонып, бір-бірінен ұзап кетеді, бір дастарқан басында бас қосып отырудың орайы келе бермейді. Қаныш бала құла тайын жортақтатып, әке тапсырмасымен ауыл-ауылды аралап, ақсақалды аталарды қонаққа шақырып қайтуға жарап қалған.

Сарымсақтының шөбі шүйгін, суы мол, келесі еру Белдешке көшіп қонуға асықпаса да болар еді, бірақ Имантай ақсақалдың биыл ойға алған бір оқшау ісі бар-ды. Бұлардың қыстауына таяу Алексеевка селенінде тұратын тамыр орысы Андрей Зиновьев егіншілікпен айналыс деп отыр. Былтыр күзде Имекең жайлаудан түскен бетте арнайы кісі жіберіп, Андрей тамырын шақыртып алдырған, екеуі егін салатын жерді ұзақ таңдап, ақыры Белдеште бір тегістеу алқапқа тоқтаған. Бұлар сол Белдеште сол отырғаннан мол отырды, өзге ауылдар қыстау-қыстауына барып орнығып үлгергенде де қозғалмады. Жапан түз, жалғыз ауылда әсіресе жастар жағы іштері пысып, қартайғанда ақсақалдың шығарып жүрген бұл не өнері деп өзара күңкілдеумен болды. Сөйтсе оның да гәбі бар екен, әкесі тағы да сол Андрей тамыры арқылы сатып алған соқаны өгіз арбаға тиіп түү-сонау Алексеевқадан алып жеткенше уақыт өте беріпті. Соқа дегені ұштығына пышақтай қылпыған жып-жылтыр түрен орнатқан зілмауырдай имектемір екен, қос тұтқасы,

өгіз жегетін ілмектері бар. Андрей тамыр соқаға қос өгізді жегіп, өгіздердің бас жібін шұбатып ат үстіндегі Имекеннің қолына ұстатты, бір бүйірден ұзын бишігін үйіріп Шәдет тұра қалды. Андрей тамыр өз тілінде Имекеңе бірдеңе деп еді, ақсақал “Бісмиллә” деп бас жіпті тартып қалды. Жұрттың бәрі “Бісмиллә” деп шу ете түсті. Шәдет бишікпен бір шықпыртып қалғанда өгіздер де қозғалды, Андрей тамыр соқаның тұтқасын мықтап ұстап, түренді жерге қорс кіргізгенде, көз ілеспей соңында шөптесіп қыртыс қақ айырылып, түп-түзу қара қайыстай із қалып бара жатты. Өгіздер ыңыранып қойып ілгері тарта берді. Имекең болса орыс досының айтқанын істеп, алда ақырын жүріп отырды, сәл қия басса атыз қисық, қиқы-шойқы түсетін. Бұл кереметті қызықтауға бүкіл ауыл жиналды. Өгіздер сол бетімен жарты шақырымдай шығандап барған болар. Сол арада тамыр Андрей соқаны бос жібере салып еді, ол жерден сопаң етіп шығып, бір қырына құлап түсті де шөптесінмен сүйретіліп кете барды. Бірінші жолақтан әудем жерден, өлгіге қатарластырып, тамыр Андрей қайыра жолақ тартты. Әбсалам мен өзге жігіттер де қызығып соқаны ұстамаққа ниет қылып бақты, бірақ тамыр Андрей оларға ырық бермей, соқаның темір тұтқасын екі қолымен мықтап ұстаған күйі біртүрлі өсем жүріспен асықпай, алшандай басып бара жатты. Ол, сірә, айдаудың алғашқы жылғаларын оқтай етіп түзу шығармақты ниет еткен болар.

Қаныш пен оның құрдастары соқадан қалған жұп-жұмсақ, салқын ізбен жүгірудің қандайлық қызық екенін сол арада-ақ білді. Жалаңаяқ балаларға бұл бір мереке болды. Дегенмен қызықтың көкесі тамыр Андрейдің рұқсатымен Шәдет аға соқа ұстағанда басталсын. Оның соқасы жылғадан шығып кетіп, шөптесін жерді ирелеңдей сызып беталды кетті. Қыран-топан күлкіге көмілген жұрт өгіздерді тоқтатып, Шәдеттің жәдігер тұқымында тұңғыш болып диқаншылық жолын бастаған жеріне қайта оралып, соқаны ізге салуға тура келді. Әбсаламның әрекеті де солай болып шықты. Әйтседе әрі-беріден соң соқа да тілге келе бастағандай. Қаныштың әкесі мен ауыл адамдарының кеу-кеулеуімен, тамыр Андрейдің көңілді қошеметімен Шәдет аға ептеп жер жыртуға төселіп алды. Кешке дейін бірнеше айналым жасалды. Сөйтіп, кешке қарай дала төсінде қарайып, күнге жалтырап ұзын-ұзын екі тақта жер жатты. Осылай-

ша екі күн қарбалас болды, ал үшінші күні Имантай ақсақал құлын сойдырып, әлі алыстап кете қоймаған маңайдағы елді түгел шақырып, қазақ баласының жаңадан бастаған игілікті бір ісіне бата тіледі. Ойына алған ісін осылай тындырған соң дереу көш қамына кірісуді бұйырған. Қыстауға қарай жылжитын уақыт болған еді.

...Әкей Әбсалам мен Бөкешті тамыр Андрейге жұмсап, солардың жолына қарағыштап мазасы кетті. Ауыл Сарымсақтыға келіп қонғанның бесінші күні дегенде, кешке қарай, арбаға жегілген жарау аттарын танаулатып тамыр Андрей жетті. Қошметінде - Қаныштың екі ағасы. Аттардың бүйірі терлеп, тамыр Андрейдің өзі арба үстінде қоқырайып отырысына қарағанда көліктің бос келмегені беп-белгілі. Тамыр арбадан лып етіп секіріп түсіп Имантай ақсақал мен өзге де үлкендерге қол беріп амандасты. Қаныш пен басқа балаларды бастарынан сипап, арба үстінен қап түсірді де балаларға бір-бірден кішкентай дәмді тоқаш үлестірді, ал үлкен тоқаштарға толы нән қапты Нұрым әжеге берді. Қызара піскен кішілеу тоқашты орыстар коралик деп атайтын, ал жұп-жұмсақ үлкен нан қалаш аталатынын Қаныш әкесінен естіген. Қалашы да, коралигі де ілезде ауыл балалары мен жастарының қолында кетті. Тапа нанға немесе күлді көмешке қарағанда бұлар дәмді көрінеді екен, тіпті бауырсақтан да артық болар. Қаныштың күткені, тамыр Андрей өткен күздегі секілді, бұл жолы да қытырлаған дәмді қияр мен тәтті сәбіз әкелген шығар деп еді, бірақ қаптан олардың бірі де шыққан жоқ. Көкіністің өнімі күзге салым жиналады деп түсіндірді Нұрым әже.

Келесі күні ауыл Белдешке көшіп қонды. Кешке қарай, қоналқаға келіп тоқталғанда, даланың көз жеткісіз көк-жасыл айдынында айқын бедерленген қара мақпал айдау жер кәдімгідей дем шығарып жатқандай. Жерден көтерілген бу батыр күннің сәулесімен анық көрінеді екен. Тамыр Андрейге бұл қатты ұнады: демек, жерде ылғалдың мол болғаны. Қаныштың әкесі мен тамыр Андрей алқаптың шетіне барып жабысқақ қара топырақты уыстап көрді. Қаныш та солай етті. Әкесі арбадан союу тістері бар темір шарбақты түсіртті. Мұны өзі өткен қыста әлде Алексеевқадан, әлде Баянауылдан шанамен әкелген болатын. Әкесі оны тырма деп атаған және күзде жер жыртқанда айдауды тегістеу үшін қажет екенін де айтқан. Енді тістерін

астына қарата айдау жерге тасталған сол тырмаға өгіз жегу үшін тамыр Андрей өзбелдерін реттеп жатыр.

Ертесінде тамыр Андрей мен Шәдет аға алқапта тырма сүйреген екі өгізге кезек-кезек мініп кешке дейін жер тырмалады. Тырма аударылған топырақ қыртысын жұлмалап, жаймалап, олардың ұзына бойындағы ойықтарды тегістеумен болды. Егіс беті біртегіс болып шықты және кешке қарай желге суырылып, шаңыта бастады. Келесі күні таңертең тамыр Андрей бауы бар шағын қапшыққа бидай толтырып, мойнына асып еді, қапшық тура алқымына қона қалды. Орыс достың айтуымен Нұрым әже Шәдетке арнап алашадан осындай қапшықтың тағы бірін тігіп берді. Міне, енді тамыр Андрей ылғалы мол айдауда аяғын сүйрете басып тұқым сеуіп барады: алқымындағы қапшықтан оң қолымен мол уыстап бидай алады да әуелі қолын шынтағынан жазып, содан соң иығынан кере құлаштап барып біркелкі қимылмен алақандағы тұқымды біртегіс шашады. Шәдет аға да соны қайталауға тырысады, бірақ тамыр Андрейдің қайта-қайта тоқтап, дөңді қалай себуді көрсеткеніне қарағанда оның ісі онша мардымды бола қоймаса керек.

Түске дейін бидай себіліп болды. Түс ауа сұлы себу басталды. Ал үшінші күн дегенде өгіздер тағы да алқапта тырма сүйреп бара жатты. Сол күні кештетіп Имантай ақсақалдың алғашқы егіс науқаны аяқталған. Енді тек егісті мал тұяғынан сақтаса болғаны. Ол үшін қыстауға өзгелерден бұрынырақ түсіп, осы маңға аялдап, көрші-көлемінің мал-жаны алқапты аяқасты етпеуін қадағалау керек.

Кейін әкесі ең діні берік мұсылмандардың бірі саналатын Имантайды көпірдің ісін қолға алды деп сөкетті қылған молдалар мен билерден, көрші ауылдардағы көптеген замандастарынан қанша өкпе-реніш, кекесін сөздер естігенін, жаулық көргенін баласына жырдай ғып айтып беретін болады. “Ата-бабаның қасиетті жерін ысырап қылды. Бұл жақсылық емес. Тағы сол Шорман әулетіне, әлдеқашан ақ патшаның шеніне сатылған, өз еліне сырт берген тұқымға ереді, соларға еліктейді”, - дейтін сөздер гу-гу. Есті қария соның біріне мән беріп құлақ асқан жоқ, бірақ Сәтбай ауылдарының жастары қатты намыстанады. Имантай ақсақал оларға басу айтып, егін егу, диқаншылық мұсылман баласының, тіпті жер бетіндегі күллі мәдениетті елдердің ежелгі кәсібі екенін байыппен түсіндіріп

бақты. “Қазақтың бір сұлтаны көрші елде тұтқында болыпты, - деді. - Жас жігіттің қайсарлығы сол елдің әміршісіне қатты ұнаса керек. “Мен сені босатайын, - депті әмірші, - бірақ шыныңды айтшы: еліңе барғанда не істейсің? Қырқай қатын алып, өңкей бір дәрменсіз сұлтандардың санын көбейтемісің?” “Жоқ, - депті жігіт, - менің елімнен ес кетіп тұр. Төре-сұлтандар өзара қырқысып қара халықты тоз-тоз етті. Мен солардың басын қосып, бағасын арттырсам деп едім”. “Мұратың жақсы екен, ұлым. Мен сені босатайын, бірақ алдыңда ауыр сын тұр-ау. Болашақ егін салып, жер үмесін емгендікі. Ал сенің халқыңның малдан басқа білетіні жоқ екен”, - депті әмірші. Сол айтып-ақшы, біз де енді орыстың нанын жей бермей, сол нанды қалай өсіруді орыстан үйренсек керек”, - деп Имантай ақсақал әлдебір кітаптардан оқыған жайларын әдемі өрнектен, өсиет сөздермен кестелеген әңгімесін аяқтар еді. Бертінде Қаныш Имантайұлы қазақ сұлтаны жайындағы дәл осындай аңызды Абайдың “Қара сөздерінен” оқып қайран қалатын болады.

Кеш әлі біткен жоқ-ты. Енді екі-үш қоналқадан соң ол Шідерті өзеніне жетеді, оның аржағында Сәтбай ауылдарының ата жайлауы Шөптікөлге таяқ тастам жер.

Қайран Шідерті... Жұрттың бәрі соған ынтық, соған асығулы. Үлкендердің асығатыны - әрі жылы, әрі жұмсақ мол суға жуатыныңды жуып, шаятыныңды шайып дегендей; үйдегі бұйым біткеннің бәрінің шаңын қағып, қаңсыған көліктерді бірер күн суда ұстап, қой мен жылқыны суға тоғытып алса, өзен бойындағы алуан шөптерге сұғынған мал тырп етпей жататындықтан малшылардың өздері де дамылдап, аунап-қунаса дейді; жастардың асығатыны - таяз әрі мөлдір сулы иірімдерге емін-еркін шомылып, ыстық құмға аунап, шалшықтарда көктемгі тасқыннан қалып қойған шортандарды аулап қызыққа келелісі келеді.

Шіркін, Шідерті... Кішкентай Қанышқа ол табиғаттың бір таңғажайыбы іспетті, оның беймәлім бір қияндарға тартып бара жататын тынымсыз арнасы өмірі тоқырап көрген емес. Бұл дегенің көктемде жыңды бураша арпалысып ағатын, бірақ арыны тез қайтып, жылтырап қалған жылғасы мен тоспа сулары тұз татитын Ащысу емес. Үйлер тігіліп бітер-бітпестен Қаныш құрбы-құрдастарымен бірге балық аулауға асығады. Бұрынғы күннен бастап достар ұзын таяқтың басына ілінген торлы сақ

өзірлеп, даярлықты өбден қыздырған. Осындай саққа шорағай оңай түседі. Ол үшін өзге балалар улап-шулап, шорағай біткенді саған қарай қуады, ал сен аңысын аңдып тұрасаң да шорағайдың бірін сақпен іліп аласың. Осылайша бірнеше сағат балық аулаған балалар оншақты шорағай ұстап, бүкіл ауыл қаймаққа немесе майға қуырылған балық жеп қарық болып қалады. Қаныштың бұл іске пәлендей өбжілдігі жоқ. Ол көбінесе балықты үркітіп айқай-сүрен салатындардың ішінде жүреді. Немесе кенет шеткері жылыстап кетіп, балықтардың түсі судың жөне арна табанының түсімен қалай әдемі үйлесетінін, олардың айырмашылығын байқау үшін қаншама мұқият зер салу керектігін қызықтап, қанатын сөз ғана, өсем қозғағанның өзінде балықтардың су қабатын жарып оқтай зымырайтынына таңданып оңаша ой кешетіні бар. Содан соң оның назары су түбіндегі алуан түсті жұмыр тастарға ауады, олардың жылтырлығы мен жұқалығы сонша, тіпті оң саусағынан өнері тамған Жәмін ағаның өзі дәл осылайша жылмитып өңдей алмайтын шығар. Бұл сондай қызықтармен жүргенде өзге балалар жіпке тігілген балықтарын арқалап ауылға жетеді де, Қаныштың кешіккеніне Нұрым әже тағы-тағы уайым жеп алаң көңіл болады.

Ал бір жолы мынадай оқиға болды. Оңаша ойынан қалт еткен Қаныш өзге балалардың кетіп қалғанын көріп үйге қарай асыға жөнелген. Сөйткенше болмай, жолындағы тоспа судың тым қатты толқын жатқанын байқап қалды. Жақындап барып еді, толқын одан әрман ойнап жағалауды былш-былш ұрды. Әжесінің ертегілерінде айтылатын айдаһар яки жайын болмаса неғылсын. Қорыққанынан тізесі қалтырап кетті, бірақ сәлден соң судың тынышталғанын көрген бала есін жиып ауылға қарай зытып берді. Үй алдында Әбсалам ағасы тұр екен, соған жете бере: “Ана жақта бір керемет... Жүр, тез!” - деді аптығып. Әкесі жолға шықпақ болса керек, есік пен төрдей торы аты мама ағашта байлаулы тұр екен. Әбсалам атқа қарғып мініп, Қанышты жерден іліп алды да, оның көрсеткен бағытына шаба жөнелді. Бұл дегенің ғажап үлкен шортан екен, күннің аптабымен тез тартылып бара жатқан тоғанға сыймай алас ұрады. Мұндай бөлекетті құр қол ала алмасын түсінген Әбсалам ауылға шауып барған бойда үйдің белдеуіне қыстырулы тұрған құрықты іліп алып аңғар жаққа қайта салды. Әбсалам мен інісі әшейін-

де маңайынан жүре алмайтын әкесінің атын мініп әрі-бері неге шапқылап жүргенін түсінбеген жұрт түгел самсап далаға шыққан. Әбсалам әуелі шортанды құлын сияқтандырып құрық тастап ұстамақшы болса керек. Бірақ құрық түсе қоймады, балық тулап, құйрығымен су сабалап, ағайынды екеуін малмандай қылды; торы ат үркіп, осқырынып әлек болды. Ақыры бұлар балықтың тынышталуын күтті. Әбсалам інісіне торы аттың басына ие болуды тапсырды да, өзі көздеп тұрып құрықтың жуан жағымен балықты бастан бір перді. Шортан тағы да шоршып түсті, бірақ әлгідей екі-үш соққыдан кейін мүлдем тынышталды. Мынадай алпамсаны судан шығару да оңай емес екен. Құрықтың шалмасымен шандып көрмеқ болып еді, ол тұрмай, біресе шортанның құйрығына, біресе басына қарай жылжып өбден титықтатты. Ақыры Әбсалам етігін шешіп, бауды желбезекке апарып кигізді. Балықтың тұрқы адам бойындай екен. “Бір жарым пұт боларсың-ақ” деп ойша топшылады Әбсалам. Енді оны атқа өңгеруге келгенде торы сөлендеген бәлекетке оқырына қарап, шегіншектей берді. Оны тыныштандырып болғанша ауылдан Бөкеш бастаған жігіттер де келіп жеткен. Аттың екі қапталына жыланша ирелеңдеп келе жатқан керемет табыстың иесі Әбсаламды қоршаған қызулы топ ауылға беттеді. Бәрінің алдында маңдайы жарқырап Қаныш келеді. Ол аптығып сөйлеп, балықты қалай көргенін, ауылға жүгіріп келіп Әбсалам ағасына айтқанын, екеуі атқа міне салып қалай шапқанын, өзі ағасына қалай көмектескенін... айтып тауыса алар емес. Әбсалам балықты Имантай үйінің алдына әкеп тастағанда жұрт үйлерінен жапырылай шығып, айнала келіп тұрысты. Жапа-тармағай сұрақты жаудырып, қайдан алғанын, кім көргенін, кім ұстағанын сұрап жатыр. Төбесі көкке екі елі тимей Қаныш тұр. Мән-жайды жұрттың бәрі содан сұрайды. Өлден соң үйден әкесі шығып, шұрай топ ығысып ортасын аша берді. Имантайдың байыпты сұрағына Әбсалам байыптап жауап берді - болған оқиғаны түгел айтты. Әкесі оң қолының алақанын Қаныштың басына қойып тықыр шашын сипады да үйге кіріп кетті, — намаз уақыты болған екен. Қуанышы қойнына сыймай тұрған Нұрым әже: “Бұл жақсы ырым болды - жарығымның әмісе жолы болады екен!” - деді. Бөкеш атқа қонып, маңайдағы қыстаулардың халқын құдайы тамаққа шақырып қайтты. Жәмін аға мен Зейін ағаның ауылынан еңтігіп ағай-

ындар жетті, көрші қоныстардан жастар келді. Бәрі балықты тамашалап, таңдайларын қағып, Қаныштан мән-жайын сұрап жатыр. Кешке қарай алау басына жастар жиналды: қуырылған, асылған шортан етін жеді, Шідертінде мұндай алып балықтың болғанын ешкім көрмегенін, тіпті қарттар да ондайды естімегенін айтты; сірә, су тасығанда төменгі саға жақтан келіп қалып қойған десті. Содан соң ертегіге, өтірік өлеңге, әзіл-оспаққа кезек тиді, ал осы мәжілістің себепкері болған Қанышжанды еске алған ешкім болған жоқ, тіпті оның елеусіз тұрып ұйге кіріп кеткенін байқаған жан болмады. Әкесінің жылы күпісіне жатып ол адамдардың қаншалықты қатал, мейірімсіз, топас болатынын ойлайды, әсіресе өзінің бауырлары мен әпкесіне көңілі қалды. Көзіне жас келді. Сөйтіп жатып, өмірінде тұңғыш рет жұрт ілтипатына ілінудің тәттілігі мен көзден кетіп, көңілден қалудың ащылығын бала көңілімен сезінген Қаныш тас бүркеніп ұйықтап қалды.

Томскідегі студенттік жылдарында Қаныш Пушкинді сондайлық рахаттанып, құмарта оқыды. Содан ол орыс тілінің қыры мен сырын тек енді түсінгендей, Пушкин өлеңдерінің әр жолынан жаңа мағына тапқандай болып еді. Ол, бәлкім, мына өлеңді бұрын оқыса да қолмен тізгендей әсем әрнегін, әулиедей көрегендігін бұрын байқамаған да шығар:

*Невод рыбақ расстилал по берегу студеного моря;*

*Мальчик отцу помогал. Отрок, оставь рыбака!*

*Мрежи иные тебя ожидают, иные заботы:*

*Будешь умы уловлять...*

Осы өлең баяғы шортанға байланысты оқиғаны тағы да еске түсірген әрі сабырлы, салиқалы Нұрым әженің: “Қанышжанның әмісе жолы болады екен!” деп аяқ астынан айтқан сөуегейлігі жаңа бір мағынада ойға оралып еді. Ол сонда Нұрым әжесінің сөзін расқа шығарып, “уловлять умы” дейтіндей биікке көтерілу үшін бар күшімді салып көп-көп оқуым керек деген байламға келген. Пушкиннің сөздері орыс ғылымның бастауында болған ұлы адамның таңғажайып өміріне байланысты айтылғанын ол бірден түсінді, бірақ оның өзіне де қатысты мәні болғанын ешкімге тіс жарып айтқан емес, өйткенмен Пушкин өлеңінің қарапайым ұлылығы мен Нұрым әже сөзінің қарапайым аңғалдығы арасындағы керемет ұқсастықтан туған жан тебіренісі оның өзіне, өз күшіне және болашағына деген сенімін нығайтып, жаңа бір үстеме қосып кеткендей болған.

Иә, шіркін, Шөптікөл... Бұл жерге үйлер мықтап тігіледі, ауылдар ұзақ отырады. Сәтбай ауылдары бір жарым ай, кейде екі ай бойы осы Шөптікөл басында болады. Мұндағы жайлауға табиғаттың өзі сондай жағдай жасаған сияқты: көлден өрірек жарты шақырымдай жерден жұрт аузында Нияздың тауы деп әспеттеліп кеткен жатаған шоқылар басталады, ал шоқы-шоқының арасына әредік өскен қайың мен теректің көлеңкесіндегі тұтасқан жасыл шалғын ең бір қуаңшылық жылдардың өзінде жігін ашпайды. Жылқы үйірлері мен қой отарлары таң алақөбеңнен тауға кетеді, ал күндізгі ыстықта суатқа бір түсіп алып көлдің арғы бетіндегі ашық далаға, масасы мен бөгелегі жоқ желдің өтіне барып жайылады.

Шөпті көл... Академиктің небір қимас естеліктері осы көлмен байланысты. Сол кезде кішкентай Қаныштың басынан өткен өкініш, сөтсіздік, уайым атаулының бәрі өтпелі нәрсе сияқтанып, осы бір құдай жарата салған берекелі жайлаудың алуан түрмен жайнаған қызықтарының арасында қалып қойғандай.

Күн төбеден ауған шақ, бірақ аптап ыстық қайтар емес. Бүгін Сәтбай ауылдары Имантайдың үйінен дәм татпақ. Таң атқалы бері Нұрым әже мен ауылдың бірнеше жас әйелдері ет салынған қазандардың басында; сөл кішілеу қазандарда бауырсақ пісіріліп жатыр. Қаныш астың дайын болғанын хабарлауға асығып барады. Шөптікөл басы бірер күндік қоналқа емес, сондықтан Сәтбай балалары айналаның отын аяқасты етпеу үшін және шаруа жайына жердің кең болуын ойлап бір-бірінен едеуір алшақ қонған. Содан ғой, Жәмін ағасының үйіне жүгіріп жеткенше Қаныштың өкпесі өшіп, маңдайы тершіді. “Қаныш-жан, жайлап жүрсең болмай ма, тіліңді салақтатып шапқылай беретін сен ит емессің ғой, - дейді домаланған ақкөңіл ағасы Жәмін арқасынан қағып. - Жә, енді заулай бер, біз қазір жетеміз”. Енді Қаныш Зейін ағасының үйлеріне қарай зымырайды. Мұнда келуге Қаныш өсіресе құштар, себебі қазір бұл үйлерде Зейін ағасының ұлы Әбікей бар. Ол жақында ғана Семейдегі орысша оқуынан демалысқа келген. Әбікей кәдімгі орыстарша сөндеп басып жүреді әрі орыстарға ұқсап шашын өсіріпті. Өзі айналадағы ауылдарға қыдырыстап, үйінде көп отырмайды, ал үйіне келе қалса құрбы - құрдастарының, достарының ортасында болып, Қанышқа көңіл бөле бермейді, тіпті інісін ұмытып

кеткендей қалып танытады. Олай ойлайын десе, осы жақында ғана ауылын Шідертіде қуып жеткен Әбікей Имантай ақсақалға сәлем бере келіп, ағасының аман-саулық білген сұрақтарына ізетпен жауап бергенде шеттеу тұрған Қанышты байқап қалып, қатты құшақтап бетінен сүйген болатын. Кенет қуаныш сезіміне бөленген баланың жүрегі тулап кетіп еді. Ал бүгін Әбікей ағасы дос-жарандарынан бөлек, жалғыз екеніне оның сенімі мол. Сондықтан ол қазір Зейін ағаның ауылынан өзінің ақ ордалы үйіне дейін өзгеге ұқсамайтын, әйтсе де өзіне соншама жақын ғалым адаммен бірге баратынын біледі. Сондайлық бақытқа кенелетінін сезіп, Қаныштың аяғы аяғына тимей кетті.

Сол бетімен жүгіре жеткен Қаныштың есіне кенет шеткі кішірек үйге -Әбікей ағасының отауына бірден кіре алмайтыны түсіп, өзегін өкініш өртеп өтті. Өрине, әдепке және әкесі үйреткен жол-жоралғыға қайшы келетін іске қадам басуға болмайды: әуелі Зейін ақсақалдың үйіне бас сұғып сәлем бер, содан кейін, ақсақал рұқсат етсе, ағаның үйіне бар - тәртіп солай. Дес бергенде, Зейін ағасының табалдырығын аттар-аттамастан баланың: “Ассалаумағаликүм!” деп сәлем бергені де, сәлемін ақсақалдың алғаны да сол еді, біраз адамның дауыстары қатар естіліп, соның ішінен бұл Әбікей ағасының үнін жазбай таныды. Үлкен орданың алакөбеңінде осы ауылдағы ағайындар түгелдей бас қосып отыр екен.

Баланың бүгінгі арманы орындала бастағандай еді: өзі жанындай жақсы көретін ағасының қасында келе жатыр, тіпті ол інісін қолынан ұстап алған. Бірақ тағы оңаша емес, қастарында бір жігіт бар. Екеуі бұған бейтаныс әлдебір қыздың атын атап, Қанышқа түсініксіз бірдеңкелер айтады. Анау тісін ақситып қысық көздерін одан әрі жіпситіп, сүйкімсіз күлкімен сақылдап күледі кеп. Осындай оңтайлы сәттің өзінде ағаммен оңаша қалуға мұрша бермеген осы жексұрынды Нұрым әжемнің ертегілерінде айтылатын дию алып ұшып Нияздың тауына апарып тастамайды екен деп баланың ойлай бергені сол еді, арт жақтан бір суыл естілді. Арғы жағалаудағы қамыс ішінен көтерілген бір шоғыр үйрек көл жағалап бара жатқан бұларға тақап-ақ қалған екен. Бірақ үйректердің ұшысында қалыпты тәртіп жоқ, үйме-жүйме боп жан ұшырып келеді. Кенет үйірден бұлт етіп бөлінген тастүйін сұр кесек үйректердің бірін қағып шет-

ке шығарды. Сол сәт шығандап барған сүр кесек қанаты салақұлаш құсқа айналып шыға келді. Ал жандәрмен болған үйрек есін енді жиып үйірге қайта ұмтылам дегенше анау қанатын бір-ақ қағып жаңағы сүр кесек қалшына келе қалды. Үйрек екінші соққыны көтере алған жоқ, ауада біраз қарманып барды да жағалаудағы қамыс арасына құлады.

Сүр жыртқыш та оның соңынан қамысқа кіріп жоқ болды. “Ителгі ғой бұл! - деп жаңағы жігіт бір ұшып, бір қонды. - Ұстау керек! Көрдіндер ғой үйрекке не істегенін? Жүр, тез барайық!” Сол-ақ екен, үшеуі Имантай ауылына таман, үйрек құлаған тұсқа тұра жүгірді. Ендіккен жігіт кенет тұра қалып Әбікей мен Қанышқа тез барып жылқының қылын, жіп пен таяқ әкелуді бұйырды. Құстың құлаған жерінен адасып қалмас үшін өзі сонда қалмақ болды. “Тек әйтеуір тездетіндер, әйтпесе ителгі тояттап қалады!” - деп дігірледі.

Жігіттің қулығы оп-оңай екен: жіптің бір басына жылқының қылынан тұзақ жасап, жіпті таяқтың сүйірленген ұшына байлады. Содан соң жүгіре басып барып жыртқышты ұшырып жіберді - ол үйректі қандауға кіріскен екен. Жігіт ештеп қимылдап тұзақты үйректің үстіне, еренсіздеу етіп қанаттарының арасына қойды да жіпті қамыс арасына қарай тартып барып таяқты жерге шаншыды. “Енді кетейік. Ителгі қайта келсе бізге олжа болды дей беріңдер: бұл құс ұй маңында, жұрттың көзінше саят құрмаса керек еді. Мынау, сірә, жас болар; жастықтың мастығы бар, ақылының аздығы бар дегендей. Өзі жас болса, ақылы аз болса оны қолға үйрету де оңай. Бұл енді, ақымақтығына басып, үйрекке қайта айналып соғады қалайда. Әрі өзі жарым құрсақ болар, мына үйрекке төбетін ашқаны болмаса, тояттап үлгірген жоқ. Біз де қарынның қамын ойлайық, Қанышжан!” - деп өңгімесін аяқтаған жігіт Қанышты бауырына тартты. Сөйтті де дәл манағасынша тісін ақситып, көзін жіпситіп жымыды. Бірақ енді соның бірі де Қаныштың бойында осыдан жарты сағат бұрын пайда болған жеккөрініс сезімін туғызған жоқ. Қайта, оның жымысынан мейірім-шапқат пен көңілділіктің лебі ескендей, ал бар болмыс-бітімі адалдық пен ізгіліктен жаралғандай көрініп кетті. Есік алдына келгенде Қаныш сәл іркіліп, ағасы мен мейманды үйге кіргізіп жіберді де өзі былайырақ барып шөпке жата кетті. Енді ителгінің келгенін бағып жатып, Әбікей ағасының тапқыр да тәсілқой досына бірінші боп хабарлауға бекем бел байлаған.

Сол оймен көлден әрідегі тау жаққа, өз ойынша, ителгі қайтады-ау деген тұсқа қарап бірталай жатты. Кенет құс келіп, баурайы ақ түсті қанатын кең жайған күйі баланың дәл төбесінде айналып жүрді-жүрді де ойламаған жерден адамша сөйлеп көп берді: “Қанышжан, кел дос болайық, мына тұзақты ағытшы, аяғымды қиып барады!” - деді. Соны айтып, айнала берді. “Тұзағы несі, емін-еркін ұшып жүр ғой?...” - деп ойлады бала. Осы кезде әлгіден гөрі қаттырақ дауыс шықты, бұл енді құстың емес, Нұрым әженің дауысы еді: “Қанышжан, күнде ұйықтап қалғаның қалай? Ауырасың ғой, құлыным-ау!”

Үйдегілер тамақтанып болыпты. Мейман жігіт көлге бармаққа асықты, оған Әбікей аға мен бір топ қызықшыл балалар ілесті. Ителгі сияқты айлакер құсты осындай ақымақтың амалымен ұстамақшы боп жүрген әпенді қонақты келемеждеп қалуға құмартқан үлкендер де келе жатыр. Бірақ, бір ғажабы, шуылдақ топ көлге жете бергенде қамыс арасынан көтеріліп ұшқан сұр түсті құс қанатын жайып үлгірместен қайыра жалп етті. Бұл ителгі еді. Мейман жігіт жүгіре басып жеткенде (оның қолбаласы есепті болып қалған Қаныш бірге жүгірген) қыран құс тұяқтарын жоғары төсеп, өткір имек тұмсығын айбаттана ашып, қап-қара дөңгелек көздерінен еш именбей ызғар шашып шалқасынан жатыр екен. Мұның біріне де мән бермегендей, жігіт пенжегін шешіп құстың үстіне жапты, содан соң оның тышырлағанына қарамастан құндақтаған күйі жерден көтеріп алды.

Кеу-кеулескен көңілді топ қонақ жігіт пен Әбікейді ортаға алып Имантайдың үйіне оралғанда ауыл ақсақалдары жиналып есік алдында күтіп тұр екен. Сол кісілерге жақындай бере әлгі жігіт сөл алға шықты да пенжекке оралған тұмпаны екі қолының алақанына салып, Имантайдың алдында тоқтады:

- Құрметті Имеке! Өз атымнан, өзімнің достарым Сәтбай қажының немерелері атынан және сіздің балаларыңыз Әбікей мен Қаныштың атынан бүгінгі күнімізді олжалы қылған Аллатағаламның осы бір бұйрықты несібесін сізге байлайын, батаңызды беріңіз! - дегенде жігіттің дауысы сөл бәсендеу болғанымен сөзі сондайлық салтанатты шықты.

Қазақта итегелі аталатын өте бір әдемі құс Имантайдың үйінде осылай пайда болып, балалардың кішкенесі Бөкеш пен Қанышты көп-көп қуанышқа бөлеп, талай өуре-сарсаңға да са-

лған еді. Бұл үйде бұдан бұрын да қолға үйренген аңшы құс бар болатын, ол қауырсыны қоңыр түсті, ақиық, үлкен тау бүркіті Ақтана еді. Тым төкәшпар, текті құс. Бағым-күтімін ақсақалдың өзі атқарады, басқа ешкімді маңайлатпайды. Томағасы көзінде, тұғырда паңданып бір отырады дейсің. Тұғыры да, томағасы да, аяғындағы шығыры, балақбауы мен балдағы да, жаяу серуенге шыққанда тағатын желібауы да, тіпті тамақ беретін саптыаяғы да - бөрі-бөрі қыздың жасауындай өсем жасалған қымбат дүниеліктер. Үйдегілер Ақтананы әрі жақсы көреді, әрі одан ештеп айбынады да: әкейдің қатты айтып ескертуі бойынша ешкім оған жақындап бармайды: қадір мен құрметке үйренген қыранның тұяғы немесе тұмсығы жәй ғана тиіп өткеннің өзінде балалар жарақат алып қалуы мүмкін. Әдетте, Ақтана үйдің сыртында, арнайы қоршалған қалқада отырады, ал кейде, қонақтар аз болғанда, оны үйге кіргізеді. Имантай шақырса, томаға-тұйық төкашпар құс балаша мез болып шаңқылдап кетеді. Ақсақал оған қолынан тамақ беріп, сылап-сипап, қауырсынан тарайды. Бүркіт — қыста аңға түсетін құс. Ақсақал қыранын ала жаздай баптап, аңшылық маусымына қапысыз дайындайды. Жаздың деген ортасында Имекең Ақтанаға жас ет береді: бүркіттің түлеуі үшін сол жақсы. Бұл кезде Ақтана қыбыр етсе яки қанатын жайса болды қауырсыны саулап төгіледі, оларын бала-шаға жинап алып сыпыртқы жасайды. Шілде аяқталар тұста Ақтана мұздай боп жаңа қауырсын киіп, бұрынғысынан да паңданып, асқақтап кетеді. Енді Имантай ақсақал құсын баптауға кіріседі: жиі-жиі жемсауын тазалап, тамақты да тарта береді. Тамыз айынан бастап ол Ақтананы қолына қондырып ауылдан алысырақ шығады да алда болатын аңшылықтың жоралғасын қыранның есіне түсіріп баулиды.

Ақтана туралы өңгіме көп. Имантай балаларының оны мақтан етпейтін жоқ. Осыдан бірер жыл бұрын Имантай ақсақал Ақтанамен арлан қасқыр алғанын жұрт осы күнге дейін жырдай ғып айтады. Ал оның мән-жайын Қанышқа әкесінің өзі айтып берген.

Сол жылы қыс суық, қар жұқа болады. Имантай бірнеше аңшы серіктерімен қыстаудан 10-15 шақырым жердегі Соран шоқысына шыққан. Қолындағы бүркіті әлденеге елегізгенін сезген Имантай, ештеңенің мәнін ұға қоймаса да, құсының томағасын сыпырды. Бірден көкке шырқап көтерілген қыран кенет шоқының ең жарлауыт тұсына қарай оқша құлдилап

жөнелсін. “Қасқыр болды ғой!” деп айқайлап жіберді қиядағыны шалатын белгілі құсбегі Ғалым. Бәрі жапа-тармағай шаба жөнелді, бірақ тігіл беткейден аттары тайғанап көп өуреге түсті. Бүркіттің етектен екі-үш шақырымдай жердегі Бура деп аталатын тоғайдың шетінде түскенін көріп келеді. Оның қайта-қайта қанатын сабалап, қар ұшқындарын бұрқыратуына қарағанда жан беріп, жан алысқан айқас болып жатқаны анық, сондықтан аңшылар да барын салып ағыза түсті. Алда - Имантайдың торысы, Ғалымның қылқұйрығы да одан қалысар емес.

Әлден соң бұлар адамның айдап салуымен арпаласқан екі жыртқыштың қар үстіндегі қан майданына да жетті. Ғалым дереу аттан түскені де сол еді, қардың бетін қызылала қан жауып кетті - төжірибелі аңшы көзді ашып-жұмғанша қылпыған ұзын сапысымен көкжалдың ішін жарып жіберген екен. Қасқырдың қарсылығы біткенін сезе қойған қыран мақтана шаңқылдап жіберді. Мұндайда шеткерілеу барып қонып Имантайдың қолынан олжасының қан аралас жылы жүрегін жеп үйренген бүркіт сол дағдысымен қанат қағып көтеріле берем деп еді, қасқырдың денесі қоса сүйретілді - құстың өткір тырнағы жыртқыштың көзі мен қалың қабағын тесіп өтіп, бас терісін жиырып жіберген екен. Шеңгелдің терең батқаны сонша, оны ақсақалдың өзі әрең ажыратты. Жанталасқан жыртқыштар әуелгі шайқас майданынан бастап бұталарға дейінгі 30-40 қадамдай жерді сүйретпе жол ғып тастапты, соған қарағанда жер тағысы өліспей беріспегені көрініп тұр. Сол сәтте қайран қалып тұрған аңшылардың көз алдынан осы шайқастың жанды суреттері өте бергендей болды.

...Көктен құйылып келген бүркіт қасқырдың басына түсіп, шеңгелді бірден оның қауіпті жеріне - тұмсығына салды. Сасып қалған көкжал дереу шалқалай беріп, әлуетті аяқтарымен үстіндегі пәлекетті ытқытып жібермекші болып еді, әккі қыран онысына көне қоймады: қанатын қағып-қағып жіберіп қасқырды жерден жұлып алды (көтеріліп кетуге тым ауыр екен). Қасқыр шалқалай жатпаққа әрекет жасаған сайын бүркіт те осы тәсілін қайталай берді. Амалы таусылған арлан жанталасып алдыңғы аяқтарын бүркіттің шеңгелінің арасына тығып айырмақшы болып еді, онысынан да түк шықпады: басынан жоғары асырып көтерген аяғының әл-дәрмені мәз емес екен, оның үстіне басына шегелеп тастағандай болған құс шеңгелі

тіпті міз бақпайды. Ақыры ол жан сақтаудың жалғыз жолы - бүркітті сүйреп апарып тал-шілікке салу екенін түсінді. Қанатты тажалды бұталарға іліктіріп, сүйрегімен құтылып кетпек. Сол оймен бүркітті жынысқа қарай сүйреледі, ал қыран болса оның бұл құлығын сезе қойып, қанатын үсті-үстіне сабалап, қасқырды кейін тартумен болды. Соған қарамастан ума-жума шайқасқан екі жыртқыш біртіндеп жынысқа жақындай берген, енді болмаса көзі ағып, өзі қан-жоса болса да жансауғалаған көкжал ажал тырнағынан құтылып кетпек еді.

...Олжа айта қалғандай-ақ болды: бұл - айналадағы елді талай қан қақсатқан, қасқыр алатын көнігі иттердің өзінен өлденеше рет құтылып кеткен арлан бөрі екен. Имантай ақсақал бұл оқиғаға қатты қуанды. Оған себеп - тек осындай аң төресін алғандығы емес, оның өсіресе қуантқан нәрсе - Ақтананың осынша өжеттік көрсетіп, айла танытқаны. Шынында, қасқыр атаулыға, оның ішінде мынадай көкжалға бүркіттің бүркіті ғана түседі. Ақтананың, қоянды айтпағанда, кез-келген тұлкіге түсе беретінін Имантай жақсы біледі, бірақ ол қыранын қасқырға салуды өлі ойлаған емес-ті, бір рет жолы болмаса қыранның беті қайтып қалар деп сақтанатын. Қасқыр алған оқиғадан кейін Ақтананың дақпырты алыс ауылдар мен қыстауларға дейін жайылды. Айдабол мен қаржастың ғана емес, тіпті қаракесектің, тобықты мен қанжығалының ит арқасы қияндағы ауылдарынан үлкен-кішінің Имантайға келгіштеуі көбейді. Сырт көзге Имантай ақсақалдың қолын алып, сөлем беруге келген сияқтанады да көздерімен іздейтіні - Ақтана болады. Атышулы бүркітті көргелі келіп едік деу - ұят, ал оны мақтау - өбестік. Имантай ақсақалдың құлағына келушілердің арасында Абайдың жұмсаған кісісі болыпты дейтін сыбыс жетті. Тегі, сол рас та болар, өйткені бүркітпен аң аулаудың қызығын даңқы жер жарған сол кісідей білетін кім бар дейсің:

*Бүркітші тау басында, қағушы ойда,*

*Іздің бетін түзетіп аңдағанда.*

*Томағасын тартқанда бір қырымнан,*

*Қыран құс көзі көріп самғағанда.*

*Төмен ұшсам тұлкі өрлеп құтылар деп* 1.

*Қанды көз қайқаң қағып шықса ашанға...*

Келушілердің көбі Имантайдың алдынан қайтқан соң араға кісі салып, қария бөсіне не сұраса да риза-хошын айтып, Ақта-

наны сатып алуға ниет білдіріп жатты. Бірақ Имантай ләм деп жауап қатқан жоқ, тіпті саудасы келіссе Ақтананы беретіндей ыңғай да танытқан емес. Ақтана - оның үйінің, Сәтбай ауылының абыройы, ақсақалдың жеке өзінің мақтанышы, оны Баянауыл тауынан ұстап, өсірген, тәрбиелеп баулыған өзі болатын. Сондықтан енді Ақтана да, осы үйдің, Сәтбай әулетінің кез-келген мүшесі сияқты, ақшаға, жылқыға, қойға немесе түйеге бағалануы мүмкін емес. Міне, Ақтана - осындай құс, оның былғарыдан жасалған су қараңғы көзілдірігін - томағасын киіп алып үй іргесіндегі еңселі тұғырда мардамсып, паңданып отыратыны содан, оның өзгелермен қарым-қатынасында Имантай ақсақалдың өзінен бір елі кем түспейтіні де содан.

...Міне, енді үйде тағы бір қыран - ителігі пайда болды. Әрине, Ақтанамен салыстырғанда ителігі дегенің кішкентай ғана бірдеңке, бірақ саятшылықты еріккеннің ермегі деп қармайтын жерде оның да өзіндік орны бар, ол да көңіл қойып, күтім жасауды қалайды. Ал Сәтбай ауылдарында аңшылық пен саятшылық табандылықты, ұқыптылық пен мейірбандықты қажет ететін нағыз ер азаматтың ісі саналады. Имантай ақсақал аушы құстардың анық саяткері болатын және өзінің асырап алған үлкен ұлы Әбсаламды да соған баулыған. Бірақ ол құс баптау үшін айрықша қабілет қажет деп білетін. Оның пайымдауынша, құс жанының нәзік пернелерін таба білсең, қиқар мінезді кез-келген жыртқыш құсты дегеніңе көндіресің. Осынша жасқа келгенше Имантай ақсақалдың қолынан сұңқар да, лашын да, бөктергі де өткен, Ақтана да оның үйіндегі бірінші бүркіт емес-ті. Солардың ішінде Имантай ақсақалдың ойындағы жерге жетпеген, үмітін ақтамаған құстар да болды. Ақсақалдың аңшылық деп аталатын көңілдің жеңсігін бірге қызықтайтын достары мен жолдастары аз емес-ті, бірақ ол солардың ішінде аушы құстың жайын басқалардан артық білетін, нағыз құсбегі деп айтуға тұратын бір-ақ адамды мойындайды. Ол өзінің алыстан қосылатын ағайыны Ғалым, сол баяғы Ақтана қасқыр алатында қасында бірге болған Ғалым.

Ителгінің өзіне арнап жасалған тұғырда отырғанына үшінші күн. Дүрдиіп, дөп-дөңгелек көздерін құтырына айналдырып, төңірегіне атырыла қарайды. Тұғырға қондырмақ болған алғашқы күні ол ешкімге бағынбай, шоршып кетіп, керегенің бұтына тығылып алып ұзақ жатқан. Әлден уақытта сол

тұстан жанұшырған мысық дауысы естілді. Добалдай, жуас ақ мысықтың әуестігі өзінің сорына шықты - бір аяғының шеңгелін мысыққа салып, екінші аяғымен керегеге жабысқан ителгі мысық бейшараны өзіне қарай тартып, енді болмаса темірдей тұмсығын іске қосқалы жатыр екен. Өрең деп ажыратып алысты. Бұдан соң мысық көпке дейін үйге кіруден қорқатын болады. Оған күліп, үй іші мөз. Қаныш өзінің сүйкімді досын үй іргесінен ұстап алып есікке қарай тұра ұмтылды, ал мысық сорлы баланың қолынан босанғанша бажылдап, тыпырлап, шөт-шөлкейі шығады. Қаныштың ішек-сілесі қатады.

Мысықпен болған оқиғадан кейін ителгі тұғырға қонған. Онысы, құдды, мысықтың қорыққанынан өз басының қадірін білгендей еді. Бөкеш яки Қаныш шикі ет кесіп алдына тастаса қайрылып та қарамайды. Өз қадірін асыра бағалағаны сонша, өзін тұтқындаған, енді алтын басын қорлап бодауда ұстап отырған адамдардың алдында босаңдық көрсеткісі келмейтін сияқты. Ал, үйдегілер тысқа шығып кеткенде немесе түнде жұрт ұйқыға бас қойғанда тұғырға тасталған ет кесектері жым-жылас болады. Өмір деген-сол.

Ақыры ителгі де икемге келе бастады. Қуаныштары қойнына сыймаған балалардың оны айналдырғанына бірнеше күн болған. Енді бұл құсты да шындап қолға алу керек. Әр құсқа ерекше қарау қажет екенін, бұл істе құс иесінің ішкі әдебіне, мүмкін тегі, туа біткен көргенділігіне көп нәрсе байланысты болатынын Имантай жақсы біледі. Үйдегі бұл жаңа құстың тәрбиесін ақсақал Бөкешке тапсырмақшы. Оның жасы он екіге аяқ басты, енді оны талап пен табандылықты, әбжілдік пен жаң жылуын бірдей қажет ететін істе сынап көру керек. Сонымен бірге өкенің көңілін күптігей ететін жай да бар: құс баптауда жолы болмай тауы шағылса, баланың аңшылық дейтін игілікті де қызғылықты кәсіпке ынтасы кеміп қана қоймай, сөтсіздік атаулыға бойы үйреніп кетсе не болмақ? Адамның алғашқы маңызды қадамы нәтижелі аяқталған дұрыс. Қарт осындай күдігін Ғалымға айтып еді, ол құсты байыпты қарап шығып, осы күндерде оның қандай мінез көрсеткенін ежіктей сұрап алып, өзі білетін Бөкеш бұл сыннан сүрінбей өтетінін айтты. Сөйтп, ителгі Бөкештің қамқорлығына көшті, ал оның бар бітіргені, шынына келгенде, өкейдің айтқандарын орындаумен ғана шектелді. Қыр елінде қалыптасқан дәстүр бойынша,

аушы құсты баулумен бір ғана адам айналасатын болса, Имантайдың үйінде бұл тәртіп бұзылды. Оған себеп Қаныш еді. Ол өзінің тұқын құсына бауыр басып алғаны сонша, тіпті күні бойы соның қасынан шықпайтын болған. Әуелгіде Бөкеш кәдімгідей үлкендік жасап, Қаныштың құсқа жақындауына тыйым салып көріп еді, онысынан ештеңе шықпағанын көрген соң қолын бір-ақ сілтеген. Бөкештің інісін құсқа жолатқысы келмеген ниетін бұл жолы әкесі де қостай қоймады - осы кенже ұлының жүрегі қандай нәзік, қандай қайырымды екенін ақсақалдың өзінен артық білетін ешкім жоқ-ты. Ал Қаныш болса, ителгіге Бөкештен гөрі өзін жақын санайды, себебі ол құсты ұстағандардың қалың ортасында жүрсе, Бөкеш ол күні балалармен ойнаймыз деп тауға шығып кеткен болатын. Құстың күтімі Бөкешке тапсырылғаны рас, бірақ, солай екен деп, Қаныш оны жақсы көрмей, сылап-сипамай, ал реті келгенде оған жем бермей тұра алмайды. Әсіресе Бөкеш ойынға айналып, әредік болса да, құсқа жем беретін уақытты өткізіп алса, Қаныш оған қалай шыдасын.

Дес бергенде, ителгі жуас боп шықты. Оның қоқырайып, жат мінез көрсетуі ұзаққа барған жоқ. Небәрі екі-үш аптадан соң ол балалардың қолынан жем жейтін болды, олардың кезек-кезек ұстап жүретініне де көндігіп алды. Ителгіні көгалға қондырып қойып балалар былайырақ шығады да, балақ бауға байланған жіпті тез-тез тарқата бастайды. Сондайда ұшып кетпекші болып бірер рет әрекет жасап көрген құстың тауаны қайтып, ақыр ол өзінен балалардың не қалайтынын да ұға бастаған: “қал-қал!” деген дауысқа дүр көтеріліп барып қолға қонатын болды. Рас, әуелгіде жемге ұшатын, бірақ бірте-бірте жәй шақырғанның өзіне лышып тұратынды шығарды.

Енді ол көзін рахаттана аударып-төңкеріп тұғырында отыра береді, балалардың шақырған дауысын естісе кұшырлана қанат жайып, тышыршитыны бар. Тамағы тоқ, тіпті соңғы күндері семіре бастағанын Имантай байқап жүр. Жемді тарта беріп, аң аулауға үйрететін уақыты болған да сияқты. Ең қызығы осы арада басталды. Ақ жем жасап, құстың жемсауын тазарту керек екен. Бала біткен ертелі-кеш тұқшыңдап, өбден ұрып мыжғыланған жас еттің қанын жылы суға жуып әуре. Сөйткенде еттің түсі өзгеріп, ағарып шығады, оның ақжем аталуы содан екен.

Жемсауды тазартуға келгенде балалар қатты қиналады. Ол үшін құстыратын затты (көбінесе сыртына май ораған шөкімдей таза киізді) ителгінің кішкентай аузына зорлап тығу керек болды. Сонда ол қалшылдап, әбден қиналып, ішкен-жегенін құсап тастайды екен. Құстың дөңгелек көздері жасаурап, қатты қапаланады, тіпті ол жылап отырғандай болады. Балалардың да көңілі босап, бір-біріне теріс айналады. Итегелі тұнжырып, шақырғанға дыбыс бермейтін болды: жас етті еркінше жейтін заманы кетіп, там-тұмдап берген ақжемге қарап қалған соң қайтсін. Өрі-беріден соң құсқа шандыр тастайтынды шығарды. Кесек шандырларды бірден қылғыта алмаған құс тұяғы мен тұмсығын салып, шандырды жұлмалап, паршалап, тарап жеп талшық етуге көшті. Осындай “күнкөріс” барысында ителгі салмағын жоғалтып, бірте-бірте сынына келе бастаған. Енді бірнеше күннен соң өзіне белгіленген “дастарқан мәзіріне” әбден үйреніп, қайтадан еңсесі көтеріліп қунап қалды, балалардың шақырғанына да қуана үн қататынды шығарды. Енді оны сатышылыққа үйретуге болатын еді.

Ителгінің кеудесі кең өрі әлуетті келеді, сондықтан ол үйрек аулағанда әуелі оны кеудесімен қағып құлатып, жерге түскен соң есін жиғызбастан өткір имек тұмсығымен кеңірдегін суырып алады. Ең бастысы - үйрек аулағанда ол өзін еркіндікте жүргендей сезіну керек. Бұл үшін құстың әрекетін иесі мақұл көріп, құптайтындай қалып танытқан жөн. Баулудың алғашқы сабағы содан басталды. Әуелі ителгінің алдына өлі үйрек тасталды - қыран дүр етіп, осылар мені алдап тұрған жоқ па дегендей жан-жағына қаранды, содан соң дереу жемтіктің үстіне қонып тұмсығын оның кеңірдегіне салып жіберді де жұлмалай бастады, үркетіндей ешкім жоқ, үйректің жүнін бұрқыратып, жас етке емін-еркін сұғынып бір жасап қалды. Әрине, одан кейін құстың жемсауын тазалап, тағы да “ораза ұстауға” тура келген. Ендігі кезекте балалар жаңа ұсталған үйректің өлі суып үлгірмеген денесін далаға тастап, ителгіні қолға қондырып алып сол маңнан өрлі-берлі өтті. Олжаны сонадайдан көзі шалып ұшпақшы боп талпынған қыранды балалар босата қойып еді, ол үйде істегенін мұнда да қайталады. Тұзаққа түскен үйректің қанатын қырқып тірідей жіберіп, оған ителгіні қосқандағы қызық нағыз саяттың өзінен кем болған жоқ.

Ең жауапты кезең енді келген. Қолдағы құсты тұңғыш рет еркіндікке жіберу керек: егер ол балақ баудың жоқ екенін сезсе, сол ұшқан бетімен қашып жоғалам десе (ондай-ондай жиі болып тұрады), онда қош бол, ителгі! Қош бол, балалардың есіл еңбегі! Ал егер жорта жіберілген үйректі алса және жүгіріп жеткен балаларға айбат шекпесе, онда құдайдың бергені, еңбектің жанғаны.

Қолдан ұшырылған ителгілері шарықтап көкке шығып алып, оқша зулап үйрекке түскенін, содан соң олжасын ақтармалап жей бастағанын көргенде балалардың қуанышында шек болған жоқ. Олар дереу жетіп барып, әкелері үйреткендей, өткір пышақпен үйректің ішін жарып жіберіп, дегбірсізденіп отырған қыранға жыртқыш аталуының сүйікті асы - жүрегін алып берді. Дегенмен, балалар иесі келгенде олжаны тастай беріп, шеттеп отырған Ақтананың өнегесіне ителгіні үйрете алмай-ақ қойды. Кіп-кішкентай ашқарақ ителгі құс төресі - бүрісіп жеткен бекзаттық биігіне көтеріле алмайтын еді.

Қысқасы, айналасы ай жарым уақыт ішінде балалар ителгімен саятшылық жасауға өзін болған. Бірақ осы арада тағы бір кедергінің шеті шықты - олар ителгіні жаяу жүріп баптаған болатын, енді оны аттан үрікпеуге үйрету қажет, өйткені саят үстінде еті қызып алған қыран жемтігін бірталай жерге қуып апарып алуы да мүмкін, ал оған жаяу салпақтау құсбегілік өнерге жарасатын салт емес. Өйткенмен, дес бергенде, үй маңынан ат аяғынын үзілмейтініне еті үйренген ителгі бұл жөніне көп қиыншылық тудырған жоқ.

Шәптiкөлде құс дегенiң жыртылып-айрылады. Кешкiлiк көл айналасы шуға толады - өдейлеп үркiтiлген құс атаулы айдынның бетiнен қарақұрым болып терiледi. Мiне, сол сәттi пайдаланып, үйрек-қазды жағалаудан ұзатпай қағып қалу үшiн сұңқарыңды яки лашыныңды қосып үлгiр. Өз ауылдарының немесе көршi ауылдардың бозбалалары мен жiгiттерi сұңқар қосып құс iлдiретiнiн, содан соң кiшiлiк жолымен Имантайдың үйiне соғып, ақсақалға сәлем берiп, қанжығаларындағы олжасын ошақ басына тастап, мөз көңiлiмен жолға түсетiнiн Имантай балалары қызығып та, қызғанып та талай баққан.

Бөкеш пен Қаныштың ителгісі аса бір олжалы құс болып шықты. Кешкілік, жел тынып, айдын үстіне айрандай ұйып тыныштық орнаған кезде қатарлас балалар көлге қойып-қойып

кетіп қалың жынысқа дейін жүзіп барады да үйір-үйір боп жатқан үйректерді ұшырады. Үрке көтерілген қалың құс құнтыып атқа мініп, ителгілерін қолға қондырып, тыпыршыған қыранның томағасын сыпыратын сәтті асыға күтіп тұрған балаларға қарай ұшса құдайдың бергені. Алайда үйрек те ақымақ емес - көбінесе судан көтеріле беріп, көлдің басқа бір жеріне барып қона қояды, ал су бар жерде ителгіде қауқар жоқ: қанша тегеуірінді соққыдан құласа да суға түскен үйрек құтылып кете береді. Сондықтан құс үйірінің далаға беттеп шыққаны керек, үйректің құрлыққа құлағаны жақсы. Осы себеппен балалар айқай-сүреңін көлдің әр тұсынан салып, үйректердің суға қайыра қонуына мүмкіндік бермейді. Сол кезде Бөкеш те ителгісін ұшырады; дәмелі қыран көзді ашып-жұмғанша құстардың үйіріне араласып ума-жума бола қалады да үйректің бірін қағып құлатып, өзі де сонымен бірге қалыңға түседі. Тасырлата шауып балалар да жетеді. Кейде бұл бір шақырымдай немесе одан да қашық аралықта болуы мүмкін. Сондықтан жеделдеп жетуің керек әрі құстардың қай тұсқа құлағанын жіті бағып отырмасаң қыраннан да, олжадан да көз жазып қалудың көдік. Осылайша саятшылық құрған балалар бір кеште қанжығаларына екі-үш үйрек байлап, дәсердей болып қайтады. Ал кейде үйрек біткен кішкентай құсбегілерді алыстан айналып өтіп шаң қаптырып кететіні де бар. Ондайда ителгіні қосудың өзі қауіп. Сөйтіп, әбден көз байланғанда балалар салбырап бос қайтады.

...Тұңғыш үйректі Жәмін ағаларының үйіне тақау жерде алғанда алғашқы табыстарына мәз болған балалар кәдімгі ересек құсбегілердің салтымен олжаларын Жәміннің от басына әкеп тастаған болатын. Немере інілерінің кісілікті қылығына риза болған Жәмін келесі күні екі қой сойып, бүкіл ауылды шақырып, Имантай бауырының балалары азамат болғанының құрметіне той жасаған.

...Кейін, соғыстан бергі жылдары, Қаныш Имантайұлы өзінің ұстазы, марқұм академик М.А.Усовтың күнделігінен: “Кешке қарай Әбікей, Бөкеш үшеуміз Сарымсақтының оңтүстігіне қарай қоян аулауға шықтық: бес ит, бір ителгімен үш қоян алдық”, - деген сөздерді оқиды. Бұл 1921 жыл болатын, Томск технологиялық институтының профессоры М.А.Усов отбасымен қырға демалуға келіп, Қ.И.Сәтбаев онымен тұңғыш рет сонда танысқан. Ол кезде Бөкеш ағасы жиырма бес жас-

тағы жігіт, айнала ауылдарға түгел аты жайылған белгілі аңшы өрі құсбегі. Ителгі - сол баяғы, ол Имантайдың үйінде он бес жылдай болып, Бөкешке үйректен, қаз бен қояннан талай олжа салған. Басқа да жайлар еске түсті. Өрбір қазақ ауылында қора-қора ит болушы еді, олар үй-үйдің арасында ұзақты күнге бос сенделіп, балалардың ермегі болып жүретін. Ауыл иттері тек екі тұқым болатын: бірі - малды ит-құстан қоритын бөрібасар барақ иттер де, екіншісі - қоян мен түлкі қауға таптырмайтын тазылар. Бүркітпен және басқа да қыран құстармен аңға шыққанда тазы қояндарды жықпыл-жықпылдан, қалың қаудан, бұта мен тоғай арасынан ашық далаға айдап шығып, құстың алдына салып береді.

Кішкентай Қаныштың сүйікті досы Алыпсоқ Имантайға талай қасқыр алып берген, кеудесі керегедей, әредік нысаналы қара дағы бар ақ түсті бөрібасар болатын. Бала Қаныш осынау жуас төбетке атша мініп жүргенді жақсы көруші еді. Ал білетіндер Алыпсоқтың қасқырмен тайсалмай ұйқасатынын жырғып айтатын. Оның денесі тым ауыр еді, сондықтан тікелей қуғанда қасқырға жете алмайтын, ал егер көкжалды қақпалап қарсы алдынан яки кесе көлденең шығарса, кез-келген арланмен айқаса кетуден тайынбайтын. Азуының мықтылығы жөнінен Алыпсоқ қай қасқырыңнан да кем соқпаушы еді ғой. Бірақ сол жолы орыс профессоры мен Қаныштың бауырларына еріп шыққан иттердің ішінде ақылды да жаужүрек Алыпсоқ жоқ болатын. Он төртінші жылы ма екен, қара күздің бір кешкі апақ-сапағында ауылдың қотанына шапқан ұялы қасқырлар алдарынан шыққан азусыз көрі төбетті сүйреп өкеткен-ді. Сол жылы ауылда Алыпсоққа тең келетін бірде-бір батыл ит болмаған ғой. Көрі сырттан тайсалмай майданға араласқанда өзге иттер қорынып кейін қалып, алыстан үріп отырыпты, ал Таймастың соғын ала атқа мініп шапқан жігіттер жыртқыштарды қуып жете алмапты. Революциядан соңғы жылдары Максим Горькийдің кітаптарымен танысқан (содан өмір бойы достасқан) Қаныш солардың бірінен: “Еңіреген ерлердің көзсіздігін жырлайық!” дейтін сөздерді оқиды да Алыпсоғын есіне алады. Өзінің арғы аталарының бірінің ауылына жау шапқаны туралы әкесі айтқан өңгіме де сол сөт есіне түседі. Жауға тайсалмай қарсы шыққан батыр бабаны дұшпандары найзаға іліп, төбелеріне көтеріп тұрғанда да жарықтық: “Ей, азар дұшпан,

сенімен шайқасып өлген менде арман жоқ, өзің қарашы: әлі де болса сенен найза бойы, қол ұсыным биікте тұрмын!” - деген екен. Алыпсоқтың өлімі де соған ұқсас. Туа біткен әдептілігіне қарай осы ұқсатуын тіс жарып ешкімге айтпаса да (революция дауылпазының жырын иттің тағдырына орайластыру сырттай қарағанда күлкілі, тіпті күпірлік көрінетіні рас), өз түпкірінде Қаныш мұны әбестік санамайды, өйткені өзінің парызын өтеуге келгенде адамның да, оның Алыпсоқ сияқты достарының да батылдығы мен батырлығында бір мән, бір мағына бар деп біледі.

— Бері қарашы, - деген бірде кішкентай Қаныш өзінің құрдасы өрі ажырамас досы Жұмашқа, - сен қой мен ешкінің қалай сөйлесетінін білесің бе? Естімен пе едің? Адамның көзінше олар сөйлеспейді. Көздеріне көрінбей бұғып отыруың керек. Құлағынды тігіп, көп отырасың. Сөйтсең, өрі-беріден соң сөздерін ұға бастайсың. Кеше мен анау арбаның жанында жаттым. Бір уақытта көк ешкі келіп, арбаның алдыңғы дөңгелегіне сүйкенді де “Мә-ә-ә!” деп бір мекіреніп адды. Содан соң қара қой келіп, артқы дөңгелекке сүйкенді де, өлгіден гөрі қатқылдау үнмен “Мә-һә-һә!” деп маңырады. Ара-тұра арбаға сүйкеніп, бірін-бірі иіскелеп біраз тұрды. Бір кезде байқасам, екеуі сөйлесіп тұр! Мә-ә, күлгіден өле жаздадым-ей, сонда қойдың не дегенін білесің бе?

*Сенің жегенің ошаған,*

*Менің жегенім ошаған –*

*Құйрығың неге шошайған?—*

деді ғой. Ешкі бір-екі рет мекіреніп алып, ол да адамша сөйлеп кетті:

*Сенің жегенің жантақ,*

*Менің жегенім жантақ,*

*Ал сенің құйрығың неге жалпақ?—*

деді. Күлгіден өлесің. Өзің бір күні тыңдашы. Жылқы да сөйлеседі екен. Есіңде ме, түнеукүні ала бие ақсап, құлыны екеуі бірнеше күн бойы үй маңында болды ғой. Екінші күні қамыс арасына тығылып, солардың қызығына батқаным бар. Бір жағынан маса буып өлтіріп барады, бірақ мен де шыдап бақтым. Құлын құлдыраңдап, бір орнында тұратын емес. Онысы енесіне ұнай қоймайды білем, жерден басын көтеріп оқырынып қояды. Жүгіріп жеткен құлынына “пыр-пыр-пыр” деп өлдене

айтқан болды. Ал тентек неме біршама тыңдап тұрды да еркелеп барып енесінің емшегіне бас қойды. Сол-ақ екен, ала бие құдды менің әжем сияқтанып ақыл айта бастады. Біраз тыңдап көріп ем, әрі-беріден соң ептеп сөздерін ұға бастағандаймын. Жылқының ерні қалың болады емес пе, қой мен ешкіден гөрі бұларды түсіну қиындау екен. Дегенмен не айтқандарын ұқтым. Өуелі енесі айтады:

Ақымағым, құлыншағым,

*Желп-желп етіп тұлымшағың*

*Жүгіресің, бұлтыңдайсың,*

*Күні бойы бір тынбайсың.*

*Қасқыр көрсе жарып кетер,*

*Апанына алып кетер!*

Құлын басын көтеріп бір орғып түсті де, мойнын иіп тұрып қоңыраулата кісінеп жіберді. Оның сөзі анықтау естіледі екен:

*Қасқырдан мен қашып кетем,*

*Салып ұрып саған жетем,-*

деді. Сол кезде ала биенің мейірленіп тұрып кісінегені-ай, тіпті құлыншағын бауырына басып құшақтап алатын шығар деп едім. Өтген, тек қолы болмады. Міне, осындай ғажапты көрдім.

Жұмаш сенерін де, сенбесін де білмейді. Сенбейін десе, Қаныш оған ешуақытта жалған айтпайтын, алдамайтын. Сену тағы қиын - өзі қанша шыдамдылық танытып қой мен ешкінің маңырағанына, жылқының кісінегені мен пысқырғанына құлағын тіксе де адамның сөзіне ұқсайтын ештеңені ести алған жоқ. Сен шыдамсызсың,- дейді оған Қаныш, - ұзақ жатып тыңдау керек, басқа ешнәрсеге алаң болмау керек, сонда түсіне бастайсың". Бірақ Жұмаш қанша тырысса да, ештеңе ұға алмады, ақыры ол Қаныш досының жан-жануардың тілін түсінетіндей айрықша қабілеті бар болар деген тоқтамаға келді.

Шөптікөлдегі күндер осылай өтіп жатты. Одан жеті шақырымдай жерде Шөптікөлге мүлдем ұқсамайтын Қаракөл атты үлкен көл бар. Бала көзіне шеті, шегі жоқтай көрінетін оның айдыны жайшылықта ептеп толқып жатады, ал дауыл тұрса көктемгі бураша жынданып, ақ толқынын жағалауға атады.

Қаракөл - қаржас пен айдаболдың ғана емес, күллі Орта жүздің ішіндегі ең дүмді атадан, Шыңғыс ұрпағы-төрелердің өзімен иық теңестіріп жүрген атадан тарайтын Шорман бала-

ларының жазғы жайлауы. Қүдіретті Шорман әулетін ынтықтырып қойған бұл көлдің қылтанақсыз тақыр жағалауы да, көз суырып, іш пыстыратын біртегіс айдыны да емес. Қаракөл осы маңдағы өзге сулардың бәрінен малға жайлы. Мәселен, Шөптікөлге суатқа түскен мал шөлі қанған соң дереу жазыққа шығып кетуге асығады, өйткені оның қамыс қопасынан жаудай қаптап шығатын масасы мен бөгелегінің өзі-ақ ес таптырмайды. Ал бұған керісінше, Қаракөлдің барлық жел өтіне ашық екі жағасы ең аптап ыстықта Шорман ұрпағының байлығына бөгеді: үлкен көлден есетін салқын лепке рахаттанып, ұйқылы-оюу күйіс қайырып қой-ешкі жатады, марғау қамшылаған, құйрықтарымен үстеріне су шашып, айдын бетіне кемпірқосақ ойнатып, сағаттап су кешіп жылқылар тұрады. Қаржас пен Айдаболдың басқа бірде-бір ауылында мал баласы Шорман ауылдарындағыдай тез шиланған емес. Бұл, әрине, Қаракөлдің арқа-сы. Сондықтан осы көлге және оның айналасындағы жайылымдарға Шорман әулетінен өзге тірі жан маңайлап келіп үй тікпейтіні былай тұрсын, тіпті мал тұяғына бастырып көрмеген шығар.

Шорман ауылдары үйлерін көлдің шығысындағы жел өтіне тігеді, ондағы мақсат - жел тимейтін батыс жағалау мал үшін бос тұрсын дегендік. Бұл ауылдар әкесімен бірге шалғайдағы туған-туыстарына қонақ болып барғанда Қаныш көретін ауылдарға мүлдем ұқсамайды. Әдетте ақ үй тігу базбір дәулетті адамдардың ғана қолынан келетін іс, өйткені үйді кілең ақ киізбен жабу үшін ақ қойларының саны соған орай болуы керек. Ауылда ақ үй болса, ол өзге қоңыр үйлер мен құрым үйлердің арасынан “мен мұңдалап” ерекше көзге ұрып тұрмақ. Сәтбай ауылдарында мұндай ақ үй Имантай ақсақал мен Жәмінде ғана болушы еді. Ал, Шорман ауылдарының жөні тіпті бөлек. Сегіз, он екі, он алты қанатты ондаған ақ ордалар сонадайдан көз тартып, жарасып тұрады. Олардан әрменіректе, тау сағасына таман малшы-жалшылардың жаман-жәутік үйлерін көруге болады.

Бұл атаның жастары орыс гимназияларында оқиды, жазда елге келгенде жалтыраған кестемдерімен, қоқырайған бас киімдерімен қоразданып, жұрттың мысын басады. Бұлардың қыздары жібек көйлек, барқыт қамзол, сақтиян етік киіп, алтын жүзік салып салтанатын асырады, Тіпті боқмұрын балала-

рының өзі басқалардан артық екенін сезініп, соған орай қымбат киінуді мұрат тұтатының қайтерсің. Қаныш әкесіне еріп Қаракөлге жиі барады (Имантай өзінің досы әрі сырласы Сәдуақасты көрмесе тұра алмайды), бірақ ол Шорман ауылдарының өзі құралпы балаларымен тіл табыса алмай-ақ қойды - мұндағы балалар оған тым таза, маймене көрінеді, сондықтан нағыз балалардың ойынына дәрменсіз сияқтанады.

Ат байлайтын белдеу Сәдуақастың үйінен бірталай жерде болатын. Шорман ауылдарының тәртібі солай - олар ақ ордаларының айналасындағы тазалыққа ерекше мән беретін. Үй иесіне беделі бар мейман, әдетте, есік алдына дейін келіп тоқтайды да нөкер жігіттерінің бірі оны құрметтеп жерге түсіріп, атын белдеуге апарып байлайды. Одан гөрі қоңыр төбелдеу қонақ белдеуге барып атын өзі байлаған соң үйге жаяулап келеді. Имантай ақсақал, жалғыз болсын, серіктерімен жүрсін, әманда үй алдына атпен келуші еді.

Таныс-біліс адамдарының бәрі Сәкен аға деп атап кеткен Сәдуақастың жағалай қымбат кілем тұтылып, жерге де мамық кілемдер төселген, алуан нақышты әсем сандықтар толы кең сарай үйінен адам үзілмейді. Қашан барсаң да кілем үстіне салынған жұмсақ төсеніштерде таудай-таудай жастықтарды қолтықтарының астына жастап жантайысқан игі жақсыларды, үлкен адамдарды көресің. Бірақ Имантай ақсақал есіктен кіргенде солардың бәрі қозғалақтап, төрден орын беріп бая-шая болып қалады. Кішкентай Қаныш әкесінің беделді адам екенін түсінеді, соны мақтаныш етеді. Ол әкесімен бірге үйге кіріп, Сәкен ағаға, оның қонақтарына кәдімгі кісілікті адамша сәлем береді де, көп айналмай тысқа шығып кетеді. Бірақ үлде мен бүлдеге бөленген Шорман балаларына жұғыса қоймайтын болған соң сыртта да байыз таба алмайды, қайтадан ішке кіріп, іргені жағалап отырып әкесінің сырт жағынан барып отырады да үлкендердің байсалды әңгімесіне құлақ түреді.

Айтылған әңгімелердің мәні баланың санасына әрдайым жете бермейді, бірақ ол Сәкен ағаның үйіне үнемі бір ығай мен сығайлар, әр атаның атқамінер ақсақалдары, игі-жақсылары жиналатынын түсіне бастаған. Сондай-ақ мұнда тым маңызды, өте-мөте үлкен істер шешілетінін де түйсінген. Оның тағы бір таңданғаны: сөз кезегі келгенде ақсақалдардың қайсысы болсын жастықтан шынтағын алып, қаққан қазықтай болып тіке-

сінен отырып, сөзін мөнерлеп, кейде өлеңдетіп, мақалдап-мәтелдеп, арғы-бергі аталарының аттарын, игі істерін айта отырып үзбей ұзақ сөйлейтіні. Әрі бөріне төн бір қасиет - сөйлегенде дауыстарын бір көтеріп, бір бәсеңдетіп құбылтып отырады, ал өзгелері әдетте салғырт сабырмен отырғандай қалып танытқанымен, айтылған сөздердің бірін қалт жібермейді. Ақсақалдарға кезек қарап, бөрінің аңысын бағып отырған бала олардың шынтағының, жастығының сөл қозғалысынан кімнің қандай әсерде жатқанын, айтылмыш сөзді қалай қабылдайтынын аңғарып, тіпті енді сөз тізігінің қайсысы ұстайтынын біліп отыратын болады. Сондай-ақ бала жиналғандардың бөрі Сөкен аға мен Имантай ақсақалдың сөзін айырықша ыншамен таңдайтынын аңғарған. Олар, әдетте, әңгіменің тоқетерін айтады. Сөйтіп, Сөкен ағаның ауылында бала боп ойынға айналмай, әкесінің қорғаны мол қалқасында отырып жүріп-ақ Қаныш айдабол мен қаржастың және басқа да жақын рулардың дау-шарын шешіп, ісін реттейтін белді адамдардың бөріні дерлік көріп, аты-жөндерін біліп алған еді. Әңгіме дағдылы ретпен қымыз үстінде басталады. Содан соң бауырсақ пен шай келеді. Қонақасы былбырап асылған қойдың жас етімен аяқталады.

Ақсақалдардың мұндай келелі әңгімесі кезінде бөгде адам бола бермейді. Сірә, берік қалыптасқан бұл тәртіпке қосылмайтын жалғыз ғана кішкентай Қаныш болар. Қартаң тартып келе жатқан Имантай ақсақалдың кенжесіне ешкім көңіл аударар қойған жоқ, тек әкесі ғана торсық шеке ұлы аңлампаз көңілін әр нәрсеге аударып, әр сөзді құлағына құйып отырғанын біледі. Тарихтан бізге жеткен жайлардан мағлұм нәрсе: ұлы Абайдың әкесі Құнанбай да болашақта даңқы шығатын перзентінің бойындағы дарынын өзгелерден бұрын танып, қанатының қатаюына көп ықпал етсе керек, соның арқасында Абай бозбала шағында-ақ ел ісіне араласып, ру аралық дау-жанжалдарды шешіп, небір қызыл сөздің жілік майын шағып ішкен ақсақалдардың өздерін ұтымды да ұтқыр сөздерімен қайран қалдырған ғой. Кім білсін, Имантай ақсақал да кенже ұлына сондай үміт артып, өзі жеткен биіктен де асқанын, елді аузына қаратқан шешен болғанын армандаған шығар. Бәлкім, сондықтан баланың ірге жақта, өзінің қалқасында отырып, жақсылардың сөзін тындағанына әдейі мүмкіндік берген болар.

Кейде Сәкен аға үйде жалғыз болады. Сонысынан хабардар болып Имантай да арнайы келетін сияқты. Ондайда әкейдің жүзі жылып, көзі күлім қағып кетеді. Әлдене өзілдер айтады. Сәкен аға да мөз болып қалжыңдасып жатқаны. Құрдастардың өзіліне Сәкен ағаның бөйбішесі, ұдайы үлкен үйде болатын Зейнеп шешей де қосылады (Сәкен ағаның кіші үйі де болушы еді, онда тоқалы тұратын).

Міне, бүгін де сол. Өзілге өзіл жалғасты. Зейнеп шешей Нұрым бөйбішенің саулығын сұрады.

— Құдайға шүкір, аман-сау, - деді әкей жымыып. Дауысынан оқта-текте ғана болатын мейірімділік лебі сезілді. - Менің жалғызым сол ғой. Екеудің бірі емес, екі қатынның үлкені де емес, бір өзі. Жалғыз болса, жақынырақ бола ма деймін.

— Сонша таусылатындай не болды, Имеке, - деді Зейнеп шешей мысқылдай күліп. - Адамда кішкене сабыр деген болмас па. Мен сұрасам, әрі құрбым, әрі сырласым Нұрымның дені-қарны сау ма дедім. Босқа таусылғанша айтсаң етті. Еркектің күйреуігінен жек көретінім жоқ. Біздің үйдің отағасы құдай деген адам ғой, сонысына қарай, шүкір, құдай қосқан екі қосағы аман-есен, оңы мен солында отыр. Сенің Әлимаң кімнен кем еді? Құдайға астамшылық жасаймын деп жүріп одан айырылдың. Сонда да тәубаң аз, өзгенің қолда барын көре алмайсың. Бізді көрген сайын бүйтіп қу жаныңды жегенше келмей-ақ қойсаң болмай ма!

— Имеке! - деп Сәкен аға сөзге араласты. - Осы қатыны түскірлерге тимей-ақ қойшы деп саған қанша айттым. Көрдің бе, бір сөзіңе зәрдей ғып он сөз айтуын!

— Сәкен, сен осы бөйбішенді он күнге маған берші, жібектей ғып қайтып әкеп берейін. Әйтпесе, тегі, бетімен жібергенсің ғой.

— Құдайым сақтасын, - деп күлді Зейнеп шешей, - сен сияқты қарау шалмен бір күн тұрар ма екем. Әлима бейшара көз жұмып құтылып еді, Нұрым бейбақтың не жаны жүр дейсің.

Қанышқа марқұм болған шешесі мен көзі тірі Нұрым әжесі жайында тым оғаш сөздер айтылғандай көрінді, бірақ онысын үлкендерге айтуға батылы бармады. Өнтек қызарып кетіп, теріс айналды да сыртқа беттемекші болып еді Зейнеп бөйбіше онысын байқап қалды:

—Имеке! Имеке! Қартайғанда мысқылыңды қойсаң еді. Қарашы, Қанышжанды ұялтып тастадың... Айналайын, құлыным, бері келші. Саған деген төттім бар еді, келе қойшы.

— Имеке, шынында солай. Әйелді жеңе алмайсың, желді тоқтата алмайсың. Маған кеше бір қызық кітаптар, газеттер келіп еді.

Қаныш біледі: Сөкен ағаның кітаптары өкесінікінен көп болмаса аз емес. Оның үстіне, Сөкен ағаға апта сайын газеттер келіп тұрады, Қаныштың өкесі оларды үйіне апарып оқитыны бар. Имантай ақсақал мен Сөкен аға кітап пен газет сөздерін сағаттап отырып талдаудан жалықпайды. Кейін, ержете келе, Қаныш өкесі мен оның досы қандай кітаптарды оқып, қай ғалымдардың сөзіне ұйығанын анық біледі және өздерінің кітаптары мен газеттері, таңсық жайлардан өрбіткен өңгімелері арқылы олар елге алабөтен көрінгенің түсінеді. Еріккен шалдар: пайғамбар жасынан асқанда Сәдуақас пен Имантайға қасиетті Құраннан өзге кітаптың қажеті не еді, соны ғана оқыса, соның жолымен жүрсе жарамас па деп күңкілдесетін; жасында иектеген жын-шайтанның әлі кетпегені жақсылықтың нышаны емес-ау деп бастарын шайқасатын. Олардан гөрі жастау ер-азаматтардың да осы жайды ілмелеп, ажуаға айналдырып жүргендері аз емес-ті. Ал кішкентай Қаныш болса, өкесі мен Сөкен ағаны жақындастыратын нәрсенің өзі дәл осы кітаптарының көптігі, екеуінің де көп оқып, көп білетіні және білгендерін ұзақ-ұзақ өңгіме ететіні екенін түсінеді. Оның тағы бір ұққаны: өкесіне ере жүріп өзі көрген және білген басқа ақсақалдардың бөрінен Имантай мен Сәдуақастың айырмашылығы да осында. Сол себепті бала қарт өкесі мен оның досы Сәдуақасты, Сөкен ағаны - мақтан етеді.

Пушкинді Қаныш семинарияда оқи бастады. Пушкин шығармаларындағы, әсіресе оның прозасындағы кейіпкерлердің таңдыры оны қатты тебірендетін. Олай болатыны - ондағы көп нәрсе қыр өмірімен өзектес болып келетін еді. Мысалы, Шорман балаларынан гөрі дәулеті аздау, сондықтан атақ-абыройы да кемдеу өз өкесі әлдебір қасиеттерімен Дубровский қартқа ұқсап кетеді. Рас, Сөкен аға әрі қатыгез, әрі надан, тоңмойын Троекуровқа мүлдем ұқсамайды, бірақ Шорман өулетінің одан да бай, одан да құдіретті, мыңғыртып айдаған жылқысының буына мас ұрпақтары аз ба? Өкесі оларға аса үйірсектенбейді

және көрші ақысы бойынша қонаққа шақырылғанда болмаса олардың үйлеріне де көп бара бермейді. Байлыққа белшесінен батқан Шорман ұрпақтарымен екі арадағы мұндай салқындық тегін болмаса керек. Сәкен ағадай кісілікті, кішіпейілді біреулері ғана болмаса, олардың қай-қайсысы да орынды-орынсыз астамсып, үстем мінез көрсетіп қалудың орайын құр жібермейді. Қара ағаштай көп Шорман балаларының біразы Имантай мен оның жақындарына қысастық жасап зорлығын өткізген жері де болыпты дейтін сөз Қаныш баланың құлағына да еміс-еміс жеткен. Қыр елінде қорлық пен зорлық тез ұмытыла қоймайды, атадан балаға көшеді; бір кезде біліп яки білмей істелген қысастық естен кетпей, зорая келіп, ру мен рудың, ауыл мен ауылдың арасындағы үлкен қақтығыстарға ұласып отырады. Дегенмен, әкесі Қанышқа өзінің немесе туған-туыстарының өзгеден теперіш көргенін айтқан да, білдірген де емес. Бертінде, әбден ақыл тоқтатқан шағында Қаныш Имантайұлы мұның сырын жете түсінді және сол кездегі дала тұрмысында сирек кездесетін осы қылығынан әкесінің көрегендігін де мойындайды: өзі надандықтың белгісі санайтын пенделік кикілжіңнен балам аулақ болсын деген екен-ау қартың. Туа біткен парасат деп осыны айтса болар деп ойлайды Қаныш Имантайұлы. Әрі оның тағы бір түйгені: мұндай кемелділікке әкесі табиғат берген дарыны мен өмірден тоқыған тәжірибесін ұштастыру арқылы және кітаптан оқығандарын Сәдуақас досы екеуі ежіктей талдап, ой сарабынан өткізе жүріп жеткен болуы керек.

Әйтсе де... Шорман әулетінің жеті ауылына тігілген бірөңкей ақ шаңқан үйлер, олардың жасау-жиһазы, кілең бір қаз мойын жарау аттар, күмістеткен ер-тұрман, үй жанында қаңтарылған фаэтон арбалары, асыл киімдер - бөрі-бөрі Шорман ұрпағының туасы мырза екенін әйгілеп тұратыны баланың көзіне де анық көрінеді. Сәкен ағаның әкесі, әулет басы Шорманның бел баласы Мұса жеті жұртқа аңыз болған деседі. Ол осы өлкеде ең бірінші болып патшадан полковник шен алған екен. Әлеміш мундирі мен қоқайма сеңсең бөркін киіп, иығына зерлі эплет тағып шыға келгенде қара қазақ қоғадай жапырылған ғой. Оған дейін де, одан кейін де мұндай биік мансапқа жеткен жан баласы бұл өңірде болмаған. Мұндай шенге тек Абылай ханның немересі Шыңғыс ие болса керек. Әрине, Шыңғыс -

ханзада, атадан сұлтан боп туған, сондықтан ақ патшаның биік мансабына ие болатын жөні бар. Ал Мұса төре тұқымынан емес, сол себепті ол қандай дәрежеге көтерілсе өз еңбегімен жетті деп саналған. Сөйткен патшаның полковнигі Қаныш туардан он жыл бұрын дүниө салыпты. Ол қазір Шорман мен Сәтбай ауылдарының қыстауларына жақын маңда, патшаның алыс-алыс бір қаласынан әкелінген мәрмәр тастың, бетін айнадай жылтыратып өңдеген аса бағалы сандық тастың, астында жатыр. Айналасы қыр қазағы көріп-білмеген өлеміш өрнегі бар болат шарбақпен қоршалған. Аңыздың айтуынша, осының бәрін адал қызметшісіне ақ патшаның өзі жіберіпті-міс. Ал шынтуайтында, шарбақ пен мәрмәр тасты Мұсаның ұрпақтары Оралда, Екатеринбург қаласында жасатқанын Қаныш кейін анықтап білді. Бұл кезде айнала төңіректегі жұрт Мұсаны әулие санатына қосып үлгірген, өмірдің теперішін көп көрген бейшара жандар оның басына келіп құдайға құлшылық ететін болған.

Мұса, шынында да, айырықша жаң болса керек. Кенесары сұлтан елді Ресейге қарсы қойып көтеріліске шыққанда, оған бағынбай қайсарлық көрсеткендердің бірі осы Мұса болыпты. Ол өзіне қараған рулармен бірге Кенесары қозғалысы шарпыған аймақтардан сытылып шығып, дала төсін шарлап, ерлік пен ептіліктің талай өнегесін көрсеткен ғой. Сондай-ақ Мұсаны жұрт ғылым мен білімнің маңызын жете түсінген көзқаракты адам ретінде де біледі. Мұсаның қыр елінде мектеп ашу, далаға зайырлы білім ұрығын себу жөнінде патша үкіметінің алдына табандылықпен мәселе қойғанын дәлелдейтін құжаттар бар. Ол өзінің жиені, ұлы саяхатшы және ғалым Шоқан Уәлихановты аса жоғары бағалаған.

Әйтсе де, үйір-үйір жылқы, алтын мен күміс, сән мен салтанат біреудің қолына құдайдың құдіретімен шоғырланбайтынын, шындық, ізгілік пен әділдік арқылы жиналмайтынын іші сезеді. Мысалы, Сәдуақастың үйінде полковниктің мундирлерінен, сый шапандардан, күміс және алтын ыдыстардан бастап қымбат әшекейлерге дейін толып жатқан бағалы заттар сақтаулы. Сәдуақас әкесін қатты мақтан етеді, жұртқа оның бұйымдарын көрсетіп, одан қалған асыл кеселермен қымыз беріп мардамсығанды жаны сүйеді. Сәдуақастың қайнысы болып келетін жалынды жас ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров 1914 жылы қарт жездесінің үйіне түсіп, осындай кеселердің бірімен қымыз

ішкен ғой. Сонда жиырма жасар ақын уытты өлеңдерінің бірін жазып, оны:

*Кесені қолыма алып қарай бердім  
Ішінде нахақ көзден жас бар ма деп,  
дейтін сөздерімен тәмамдаған.*

Ал Мұсаның інісі Мұстапаны жер қылған әйгілі өнші өрі ақын Жаяу Мұсаның сөзі Жайықтан Алтайға дейінгі жердегі бүкіл қазақтың аузында жүрді:

*Ақ сиса, қызыл сиса, сиса-сиса,  
Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса.  
Шорманның Мұстапасы атымды алып  
Атандым сол себептен Жаяу Мұса!*

Жігіт боп келе жатқан Қанышты ойландырарлық жайлар аз емес еді. Шорман мен Сәтбай ауылдарының қарым-қатынасы балталасаң бұзылмайтындай шаққа жеткен. Шорманның әжеттесі өрі үзеңгілес серігі Сәтбай Мұсаның кезінде би болды. Имантай жібі үзілмес болыс әкімдері Шормановтардың тұсында би болумен келеді. Қаныштың жанындай жақсы көретін апайы Ғазиза Шормановтардың бірінде күйеуде. Сүйек жаңғыртып, әйел арқылы жақындықты бекіту бұрын да болған. Дегенмен, тумысынан төкәппар Имантай ақсақалдың секемал мінезі бауырлары мен балаларына да дарыған. Бұл секемшілдік, көбіне-көп, сырт көзге қарағанда байлық пен барлықтың Сәтбай ауылдарынан іргесін аулақ сала бастағанына байланысты еді. Сәтбай бабаның мыңғырған жылқысы ұлдарының арасында бөліске түсті. Сөйте келгенде, Қаныш туған шақта, әкесі дөңгеленген орта дәулетті ғана адам болатын. Бидің қызметі құрметке лайық болғанымен әкімет тарапынан оған арналған тұрақты табыс көзі жоқ. Қайта, сараңдау Жәміннің дәулеті қалыңдау. Ал, Зейін ағасының әмісе жолы болмайды. Жастау кезінде ол сауда-саттықтың неғайбыл тәуекеліне көп килігіп, ұдайы ұтылумен жүріпті. Сөйтіп, Қаныштың бала кезінде Зейіннің үй іші күнін өрең көтеретін жағдайға жетті, тіпті Жәмін ағаның асырауында болды.

...Шорман әулетінен тараған сансыз көп үрім-бұтақтардың ой-арманы, парасат-пайымы, жан дүниесі әрқалай екеніне Қаныштың бірте-бірте көзі жете бастағандай. Атадан қалған ортақ дәулетті малданып, бұрау басын сындырмай-ақ дүниенің қызығына батқан жатыпшыер жалқаулары қанша десеңші.

Олардың сән-салтанатқа құмарлығын, тойымсыз талабын қанағаттандыру дәулетті ағайындарының мойнына түседі. Өйтпеске амалы жоқ - ата намысы соны қажет етеді. Өулетті ата жолын қуып, мұратын билік пен байлықтан тапқан дәйлері басқарады. Дегенмен, алғырлық жөнінен келгенде Шорман мен Мұсаның ұрпақтары бабаларындай шалымдылық таныта алмай қалған-ды. Бұл тұрғыдан олар екі атадан аспай ұсақтап кеткен Горькийдің Артомоновтары сияқты болатын.

Өйткенмен, осы байлық пен барлықтың арқасында Шорман балаларының көбі-ақ білім мен оқу-ағартудың нәрлі бастауынан сусындап қалады. Ал бұл олардың арасындағы табиғатынан кісілікті, адамгершіл жандардың парасат-пайымына сөуле түсірмей қалған жоқ. Полковниктің төрт ұлының ішінен Имантай ақсақалдың досы Сәдуақас қана қара үзіп шығып, қыр қазағынан бөлекше парасат-пайымымен, білмекке құмарлығымен, ақылды, дарынды жандарға жұғымталдығымен дараланған жан. Сөз саптауы мен қимыл-қозғалысына зер салған адам оның болмысы даңғойлық пен ашкөзділіктен құлан-таза екенін, даңққұмарлыққа және дүниеқоңыздыққа жетелейтін қараулық атаулыға деген өзінің туабітті қасиетін өмірлік тәжірибесімен, кітаби білімімен ұштастыра білгенін байқар еді. Сәдуақасты өділет жолындағы белсенді күрескер деп айтуға болмас, бірақ жеке өмірінде және іс-әрекетінде сарабал тазалыққа, ізгілік пен адамгершілікке құштарлығының өзі-ақ оны шыққан ортасынан бөлектеп тұрады. Бірақ онымен ат құйрығын кесісуге бармаған сыңайлы, өйткені Сәдуақас, қанша айтқанмен, ата жолын ұстанған, рулық сарқыншақтардан ада бола қоймаған адам. Қалай болғанда да, замандастары Сөкен ағаны ақиқаттың, туралықтың, ағартушылық пен адамгершіліктің құлы деп танитын, өз туыстарының көбіне тән мардамсу мен астамсуға мүлдем жат адам деп білетін. Бергінде Қаныш Имантайұлы өз әкесі мен Сәдуақастың достығын есіне алып, талай мәрте ой елегінен өткізгенде, бұл бір кіршіксіз таза, адал өрі баянды достық болған екен деп түйеді. Қаныштың Сөкен ағасына деген ілтипаты тым ерте, тіпті сәби кезінен қалыптасса керек. Бұл әсіресе Шөптікөлде болған бір оқиғадан кейін беки түскен. Онда Қаныштың жасы он-он бірлерде, сондықтан бұл жай оның есінде жақсы сақталған. Әкесі әлдебір сапардан оралып келе жатып қарлы жаңбырға ұрынды да, суық тиіп жатып қалды. Ал-

ғашқы бір-екі күнде оған мән бере қойған ешкім болмады, үшінші күн дегенде ақсақал сандырақтап, тынысы ауырлап, науқас дендеп кетті. Сәдуақасқа хабар айтылды. Ол әуелі жалғыз келді де, досының жайын көрген соң, қайдан екенін кім білсін, фельдшер орысты тауып әкелді. Орыс ауруды қарап, әлденелерді айтып, әлдебір дәрілерді жазып берді де кетіп отырды. Имантайдың үйіне жиналғандар түгел шығарылып, аурумен оңаша Сәдуақас пен Нұрым әже қалды. Келесі күні Сәдуақастың екі әйелі бірдей келді. Содан бастап бір апта - он күн бойы Нұрым әже, Сәдуақастың әйелдері Зейнеп бәйбіше мен Бәдіш шешей және Сәдуақастың өзі тапжылмастан науқасты күзетті. Сымбатты, сұлу кескінді, жасаң жігіт Сәдуақас әшейіндегі сөзшеңдігінен қалып, асқа да қарамай, құдайдан жиі-жиі рахым тілеп, азып кетті. Осылайша 8-10 күн өткен соң тұңғыш рет бетіне шырай жүгіріп, Жәмін ағаның шақыруымен оның дастарқанында бірнеше сағат бойы қымыз бен шәй ішіп, ет жеп жайланғанында тілеулес жұрттың бәрі көңілденіп, Имантай ақсақалдың беті бері қарағанын білген болатын.

Шорман балаларының арасында Қаныштың тұрғыластары да, одан үлкендері мен кішілері де болды, болашақ ғалымның оларға теріс қарайтын да реті жоқ-ты. Бірақ ол бүкіл ғұмыры бойы тек Сәкен ағаны ғана сыйлап өтті.

...Елуінші жылдардың соңына таман, Қ.И.Сәтбаевтың Қарағандыға бір жолы түскенде, мейманханада жатқан академиктің бөлмесіне бойы аласалау, жұпыны киінген биязы адам кібіртіктей кірді де, байырғы салтпен қос қолын ұсынып амандасты. Қонақтың дауысынан, басының сәл қисайысынан академик өте жақын, таныс бейнені сезгендей болды.

— Ау, сен Дінше емеспісің?

— Иә, мен өзіңіз білетін Діншемін. Ұмытпағаныңызға рахмет.

— Көкен аға қалай, аман-есен бе?

— Құдайға шүкір, әкей аман, сізді шайға шақырып жатыр. Тұрмысымыз жұпынылау ғана, бірақ ақсақал сізді көруге құмар.

Дінше Сәкен ағаның немересі болатын. Сәкен ағаның өзінде ұл болған жоқ, сондықтан ол інісі Біләлдің ұлы Көкенді бауырына басып алған-ды. Көкен өте сабырлы, мінезі біртоға, мейірбан адам еді. Дінше де әкесінен аумайтын, әрі тілалғыш, әрі аңқау боп өсті; Сәкен ағаны құдайындай көретін, сол кісінің

айтуымен оқуды да біраз айналдырды, бірақ соншалықты қабілет таныта қоймаған. Енді міне, Сібірдің шағын қаласынан жақында көшіп келіп, Қарағандыда кіші-гірім бір қызмет ат-қарып, ақырлы-шақырлы отбасын асырап отырған жайы бар екен.

Бөлмелері шағын, жиһаздары жұпыны көрінді. Көкен аға арса-арса шал болыпты, жұмсақ жайылған кең төсектің үстінде малдасын құрып отыр. Академик қасына барып отырып еді, төсектің серіппесі сықыр етіп, төмен басылды. Тарамыс қолдарының алақанымен академиктің әлеуетті қолын қысып ұстаған ақсақал, көзінен жас парлап, көпке дейін үнсіз отырды.

— Қаныш, сен жақсы жігіт едің. Сол қалыңнан өзгермегенің үшін, қуаныштан жылап отырмын. Менің Сәдуақас өкемнің жан досы Имантайдың баласы сен үлкен адам болып шықтың. Шалға келіп сәлем бергеніне рахмет. Діншені саған жұмсағанда келетініңді біліп ем.

Сол екен, естелік дейтін шіркін ағындап жүріп берді. Сыры да, сыны да кетпеген, жадын да сондайлық жақсы сақтаған Діншенің әйелі ара-тұра сөзге араласып, әңгімеге тамызық тас-тап қояды. Кенет, сөз арасында, академик құлана жымиды да, қарттың иығына алақанын сала отырып:

— Көкен аға, тәңір жарылқасын, шақшаңызды шығарыңызшы! Сіздің насыбайдай оңды насыбайды көрмедім-ау, - деді.

— Қанышжан! Қанышжан! Сен, тегі, баяғы жалқаулығың мен сұрамсақтығыңды қоймапсың-ау! Мә, ата ғой, бірақ есінде болсын: бұдан кейін береді екен деме. Өзің шақша ұстайтын уақытың болды ғой, - деп қауқылдаған қарт қалтасынан әсем жасалған жалпақ мүйіз шақшаны шығарып Қанышқа тастай берді.

Академик күлкіге көміліп, Көкен қарттың да иығы селкілдеп, Діншенің ішек-сілесі қатып, оған әйелі де қосылып, мөрсәре болған бір хал; бір кезде маң дала төсінде балаң Қаныш Көкен ағасынан дәл осылайша насыбай сұрап, қайырымды ағасы оның қолын қақпай, бірақ былай осылайша “соңғы рет” насыбай атқызып, жігітті “жалқау”, “сұраншақ” атап, өзді-өзі бір мереке болушы еді-ау. Діншенің қылқандай болған балалары ғана бөлменің бір бұрышына тығылып алып, дардай-дардай төрт адамның неге сонша мәз болғандарын түсінбей аң-таң.

Тамыз... Түн ұзарып, салқын тарта бастаған. Кеш болды-ақ, Нұрым әже бала-шағаны жылы киіндіріп әуре. Үлкендер жағы түнге қарай ошақ жағалай отырғанды тәуір көреді. Жиі-жиі жаңбырлатып, суық жел еседі. Ауылдардың келесі жазға дейін Шөптікөлді тастап көшетін күні де белгіленген. Қыстауға қыркүйектетіп жететіндей болып жылжиды да отырады. Өткен аптада Сәтбай ауылдарының ең мықты жігіттері, қыстау маңындағы қорықтың шөбін шауып, шөмелеге салып қайту үшін Шөдет ағаларына еріп Айырыққа кеткен. Бөкеш те солармен кетті, пішеншілердің көңілді тобына қосылуға Қаныштың да аңсары ауып еді, Нұрым әже жібермей-ақ қойғаны.

Жыл сайын пішенге шығу дағдылы шаруаға айналған. Биыл қорықтың шөбі шүйгін, сондықтан Имантай ақсақал ол жаққа алаңсыз. Оның көңілін алаң ете берген Белдештегі бірінші егін орағы еді. Жаз бойы оған ауылдан бірнеше қабат адам қатынап, егіннің шығуы бітік дейтін хабар әкелген. Тамыр Андрейдің айтуынша, тамыздың ортасына қарай егінді орып, бастыруға кіріссе де болады. Бұл арада тамырдың өзінсіз тағы іс бітпейді: ауылдардың Белдешке қашан баратынын оған хабарлап қою керек.

Қыстауға қайыра көшкенде болатын қонақ шақырысу, асу араласу, ойын-сауық көктемдегіден ешбір кем емес. Аралас-құралас ауылдар көктемге дейін ұзақ уақыт бойы көріспейтін болған соң мәре-сәре қоштасу рәсімдерін жасайды. Қайыра көшудің дастарқаны тоқ, ырыздығы ырғын, қызығы мен қызуы молырақ, өйткені ала жаздай мал семірген, қазанға түсетіні-көктемгідей сұр емес, майлы жас ет. Қазір қымыз да ең-тегін.

Шөптікөлдегі біртегіс сұрқай күндерден жалыға бастаған Қаныш көктемгі көштің ұмытылмас қызықтарын қайталап көретіндей желігіп, құла атымен алашапқын болып жүр. Бірақ Имантай ауылдың бір жерде аялдап отыруына мүмкіндік беретін емес - ол көктемде қолға алынған мейлінше жаңа істі жалғастыру үшін Белдешке асығулы. Әкенің толқуы балаға да ауысқан сыңайлы, бірақ ол астын-үстін жыртылып, аударылған қара жерде не керемет болатынынан мүлдем бейхабар. Араға үш яки төрт қонған көш көңілді күптігей еткен Белдештің шетіне ілінгенде етегін жазық дала көмкерген қырыңнан ғажайып көрініс ашылды. Өлдебіреу далаға бетін ашып, орасан зор кітап тастап кеткен бе дерсің - кітаптың бір беті жасыл-сарғыш

түсті болса, екінші беті-өрттей қызыл. Астында аты барлар шыдап тұра алмай құйғыта жөнелісті. Оң қапталда желтербеп қызыл кілем-бидай егіні жатыр, сол жақта-дәл сондай көлемдегі жасылдау реңді сұлы егіні. Қаныш оң қапталдағы егінге жетіп, қызыл кілемнің тура алдында атының басын тартты. Балақ жағы көгіс тартқан жіңішке, ұзын сабақтар үзеңгіліктен жоғары келе, тура қол астында масақ боп илігіп самсап тұр. Төрт қырлы бидай масағы Қаныштың Жәмін ағасы әдемілеп өріп берген қамшысының басына ұқсайтындай. Торы ат шыдамсызданып масақтарға ауыз сала берген, оның қомағайлығын ұнатпаған Қаныш тізігінді қалт тартып қалды; сол бойда өзі бір бас масақты аялай үзіп алып алақанында үгіп көріп еді, баданадай қызыл бидай көзіне оттай басылды. Көктемде Шәдет ағасы мен тамыр Андрей осы алқапқа сепкен қызыл маржан дән дәл осындай болатын. Қуанышы қойнына сыймай кеткен бала атының басын көшке қарай салды-қызыл маржанды өкесіне көрсетіп мақтанбақ.

Ең қызығы ертесінде басталды. Шөп шабыста болғандар түгел жиналды. Олармен бірге тамыр Андрей де келген. Өрі жалғыз емес, төте Мәруса дейтін әйелін де ерте келіпті. Сірә, ол өзін “тетя Маруся” деп таныстырған болар, бірақ ауылдағылар ө дегеннен-ақ “төте Мәруса” атап кетті. Солай атаса жағымды естілетіндей. Шашы жирен, өзі де отқа қақтап алғандай жирен сары, күлегеш төте Мәруса дереу үлкен қаптың аузын шешіп жіберіп сәбіз, қияр, картоп дегендерді жерге ақтарып салды. Қаныш пен басқа да ауыл балалары таңсық дәмге шүпірлесе қалған, тіпті тағы бір қаптан шыққан дөңгелек тоқаштар мен қалаштарға қарайтын емес. Шәдет аға мен тамыр Андрей орақтарды қайрап қапылып жатыр. Орақ та аз емес екен - оншақты болар. Имантай ақсақалдың үйінде мұндай орақ біреу-ақ болушы еді, оның өзі де Шөптікөлде үй алдына жаппа тігерде қамыс оруға ғана пайдаланылатын.

Әлден соң тамыр Андрей “Іске сәт” айтты. Бәрі жапа-тармағай отыра қалысты. Имантай ақсақал қысқа-қайырым дұға оқып, “Аллау әкпар!” деп бетін сипады. Отырғандардың бәрі беттерін сипағанда тамыр Андрей мен төте Мәруса шоқыныс жасады. Содан соң Имантай мен тамыр Андрей бастаған шоғыр топ егінге қарай беттеді. Шәдет аға, Дүйсенбай аға, Әбсалам және көмекке келген басқа да біраз жігіттер, тамыр Андрей мен

төте Мәрусa сияқтанып, бір-бір орақ ұстап алған. Тамыр Андрей егіннің шетіне барып тоқтаған күйі тағы бір мәрте шоқынып алып, уысын толтыра бидай сабақтарын қомақтады да сыр еткізіп орып алып, буданы қолтығына қысты. Сол бетімен шалт қимылдап жүріп бергенде қолтығындағы бидай сабақтары тез арада-ақ қомақтанып шыға келді. Содан соң тағы бір уыс сабақты орып алып, оның біразын бөлектеп ілгері шығарды да оң қолының епсекті қимылымен бірер ширатып жіберіп, бұрау жасай қойды. Сол жақ қолтығындағы буданы қыздың белін күшқандай аялай ұстап тұрып әлгі бұраумен бір байлап, масақтарын жоғары қаратқан күйі жерге тікесінен қойды. “Бау деген осы болады!” - деді тамыр Андрей жарқын үнмен дауыстай сөйлеп. Сәлден соң әлгі баудың жанынан тағы бір бау орын алды. Күйеуінің ізімен жүріп берген төте Мәрусa да сондай ғажаптарды жасап, баудан соң бау тұрғызып барады. Шәдет, Дүйсенбай, Әбсалам бастаған жігіттер қойып кетуге бата алмай ұйлығып тұр. Жоқ жерде жүрексініп, аяқ қолдарын бір күш матап тастағандай.

Тамыр Андрей алғашқы он баудың басын құрап, масақтарды жаңбырдан әрі күннің көзінен қорғайтындай күркеше жасады. Бұл үшін ол бір бауды, масақтарын жоғары қаратып, тікесінен тұрғызды да, келесі сегіз баудың бастарын әлгіге еппен сүйіп, соңғы бауды ортаңғы баудың басына кигізгендей егіп төңкере өкеп қойды. Осындай бір күркешеден соң екіншісі жасалды, ал ғұмырында тұңғыш рет егін оруға шыққан қазақ жігіттері аң-таң қалыпта өлі тұр. Ақыры тамыр Андрей жұмысын доғарып, алақанының сыртымен тершіген маңдайын сүртті, содан соң Шәдет ағаны қасына шақырып алып, орақты қалай салуды ақырындап үйрете бастады. Тамыр Андрей мен төте Мәрусаның жаңағы істегендері егінді қалай ору керектігінің көрмесі есепті екен. Енді үлкен-кіші тегіс егін басына келген. Шәдет ағаның ебедейсіз қимылына мәз болып күлмегендері жоқ: сол қолы егін сабақтарын будалап ұстаймын дегенде қолтығындағы сабақтарды төгіп алып, ит өуреге түскен Шәдеттің тірлігі шынында күлкілі еді. Бәрінен де орған буданы қолтыққа қысып тұрып екі қолмен бұрау есу қиынның қиыны екен. Әбсалам егінді белорақпен орып, бауды жалдан жинайық деп ұсыныс берді. Оған тамыр Андрей көнбеді: жалға бидай масағы біркелкі түспейді, әсіресе желді күндері бұл қиын болады де-

генді айтты ол. Ең дұрысы - орақтың өзіне машықтану, соған шыдап бағу. Төте Мәрусa орысшалап бірдеңе айтып еді, оны тамыр Андрей қазақшалап берді: “Ауыл әйелдері де бір-бірден орақ ұстамай ма” деген екен. “Мынадай машақатты қазақтың еркегі игеріп алса да жарар еді. Мәрусa, сен де бізді ұятқа қалдырмай үйге бар. Сен қонақ бол, бізге мына тамыр да жетеді”, - десті бұлар. Маруся күліп, орағын жерге қойды да сонадайда ошарылған әйелдерге барып қосылды.

Білмеген адамға бидай баулау оңай шаруа емес екен. Шөдет аға мен оның серіктері тез-ақ шалдығып қала берді. Тамыр Андрей оларды асықтырмады, жиі-жиі демалыс жасап отырды. Қанша дегенмен, орақшылар жаттыға бастағандай. Алғашқы күні бөрінің шаруасын тамыр Андрейдің бір өзі тындырғандай еді, ертеңінде жұмыс көдімгідей-ақ қызып берді. Енді ауыл жігіттерін жеке қалдырса да болады.

Өзіне де, сөзіне де аял жоқ өзілкеш тамыр Андрей мен Қаныштың әкесі үй маңынан ені жиырма қадамдық тақта өлшеп алды да лыпып тұрған өткір күректермен мұқияттап шөбін қырнап, шаршы алаң жасады. Тамыр Андрей Қанышқа және қызық көріп шүшірлескен өзге де балаларға қырман дейтін осы болатынын, орыс ауылдарында мұның беті зілмендей тұлықтаспен тапталатынын түсіндіріп бақты. Бұл ауылда тұлықтас жоқ, сондықтан қырманның бетін күрекпен тегістеп, сыпыртқымен тазалап, қанағат етуге тура келеді. Шөптікөлден шыққалы аядай тақыр жер таппай қолдары қышып жүрген көп бала алаңға асықтың туын тігіп бір жетісіп қалды.

Тамыр Андрей ұзын ағаштан бір жарым-екі метрдей сырық кесіп алып, басына мығым қайыс белдікпен одан гөрі қысқалау таяқша бекітті. Сырықтың екінші басынан ұстап тұрып құлаштап қалып еді белдікке байланған таяқша ауада жартылай шеңбер сызып барып жерге гүрс ете түсті. Тамыр Андрей мұны орысша “цеп” немесе “молотило” деп айтатынын, онымен егіннің бауын, масағын ұрып дөнін ажырататынын айтты. Қаныштың әкесі екеуі осындай баусоғардың оншақтысын жасады.

Ақыры бидай орылып бітті, баудан тұрғызылған күркешелер Жәмін ағай жасайтын шахмат тақталарындағы жаяу әскерлерше сап түзеп олар тұр. Сұлы ору бидайды бастырып алған соң басталмақшы болды - оған дейін сұлының өзі де әбден пісіп

жетілмекші. Бидай баулары қырманға жеткізіліп, масағын ортаға қарай түйістіре жатқызылды. Содан соң сегіз адам төрт-төрттен қарама-қарсы тұрып алып бауларды сабауға кірісті. Дәннен босаған сабан, тамыр Андрейдің айтуымен, бір шетке шығарылып маяға салынып жатыр. Бір жігіттер маржан дөңді үйіп, араластырып, ағаш күректермен суырып әлек. Осылайша екі-үш күн толассыз еңбек еткенде қырманнан шеткерірек жерде үлкен сабан маясы өсіп шықты, ал қырманның өзінде қып-қызыл астық жалы пайда болды. Баусоғар айналдырып, айыр мен күрек ұстай алатын тірі жанның бәрі жұмыс басында болды. Көрші ауылдардан тағы біраз жігіттер көмекке келді. Түнге қарай бидай жалын алашамен жауып, күндіз жаймалап кептіріп бая-шая болған тілеулестер екі-үш күннен кейін астық қаптауға кіріскен. Ауылда қап қайдан бола қойсын, алашадан қап тігуге, біраз астықты кебежелерге төгуге тура келді. Бидай ырғын болды-сірә, жүз елу пұттан кем шыға қоймас. Бұл өңірде, бәлкім, Шорман ауылдарынан басқа бірде-бір ауылда мұншама астық болып көрген емес. Алғашқы жылдың өзінде-ақ Имантайдың ырғын астық алғанын көрмекке айналадағы ауылдардан ат сабылтып келгендер де аз болған жоқ. Егін орағында қол ұшын беріп қайрат қылған жігіттер де құр қалған жоқ - әрқайсысы тыңқиған бір-бір қап бидай алды. Имантайға сәлем бере келдім деп, ал шын мәнінде мұсылман баласы өзге жұрттың кәсібін қалай игеретінін өз көзімен көрмекке келген ақсақалдардың біреуі мына ғажапты көріп, көңілі сенген соң, қарап тұрмай, тамыр Андрейге қақтықты:

— Әй тамыр, Имантайдай берік адамды мұсылманшылық жолдан шығарғанда сенің таппағың не, бөгір-ау? Қазақ мал бақса, оның етін жеп, сүтін ішсе жарасады. Алланың бұйрығы солай. Ал енді сөйткен қазақ, сенің орысың сияқтанып, дән өсірем деп даланың ту-талақайын шығарып жатса несі жақсы? Қазақ бөрібір орыс бола алмайды, орыстың істегенін істей алмайды. Жерін де бүлдіреді, өзі де бүлініп болады. Бәлдір-батпақ болып жүріп алдындағы малының жайын ұмытса, бүлінгені емей немене?!

— Тамыр, - деді Андрей де шалдың өз мақамына салып, - сен бауырсақ жейсің бе, орыстың қалашын жеп, етіңе қамыр саласың ба? Астыңдағы атың сұлы жегенді ұната ма? Сұлы берсең бір атыңды бір жыл мінерсің, бермесең - арығыңды отқа

қойып, ат ауыстырып мінуіңе тура келеді. Имантайдың жылқысы көп емес, мініс аттары да азғантай. Сондықтан биыл сұлы егіп, ол дұрыс істеді. Енді ол нан іздеп те орыстарға шапқыламайтын болады - өз наны өзінде. Ал енді халық бұзылады дегенің де бекер. Қайта, ол қысы-жазы еңбек етуге үйренеді, өйткені егісті күту, мал бағудай емес, ерте тұрып, кеш жатқанды қалайды. Сен де өз ауылыңда бидай мен сұлы егуді көсіп ет, тамыр. Ол ғана емес, пияз бен сәбіз, қияр мен картоп өсірсең, тіпті жақсы болар еді. Балаларың да жетісіп қалар еді. Бірақ көшіп-қонып жүрген қазаққа ол қол емес. Ал бидай мен сұлы өсірсең дөңең кетпейді!

Ақсақал ортадағы бидай жалына қарап қойып, басын бір шайқады да атына мініп тартып отырды. Имантай жымыды:

— Әй, Андрей-ай, шалды әбден шатастырдың-ау. Тіпті қоштасуды да ұмытып кетті. Енді көр де тұр, алдағы жылы сенен тұқым мен соқа сұрамаса маған кел!

Сұлыны ауыл адамдарының өздері жинады. Тамыр Андрейдің өз шаруасы басынан асатын, сондықтан ол бидай қырмананы біте салысымен үйіне қайтқан. Тәте Мәрусас одан бұрын кеткен болатын. Алғашқы егін орағы Сәтбай ауылдарын Белдеште кемі екі апта ұстады. Бидай мен арпаға қарық болған жұрттың қуанышы қойнына сыймай жүргенін кішкентай Қаныш та сезді. Ауыл түгел майға бидай қуырып жеп мөре-сөре; ол, өсіресе, шай ішкенге қандай жақсы, ал егер әженің рұқсаты болса, қалтаңа сықап толтырып алып күні бойы шайнасаң тіпті рахат. Қаныштың аңсары өз бидайының бауырсағын жеуге ауып-ақ кетеді, бірақ ол үшін, Бөкештің айтуынша, бидайды Алексеевқаға, үлкен-үлкен қанаты бар диірменге апару керек екен; жел диірменнің қанатын айналдырады, ол барып диірменнің өйдік тастарын айналдырады, ал бидай сол тастардың арасынан тартылып шығып ұн болады дейді. Қаныш енді ертегіге ұқсас құс - диірменді көрсем деп армандайды.

Қыркүйек басталған. Ауылдар қыстауларға тақап барып үйлерін тікті. Қыстауға кірмес бұрын оны тазалап, ақтап, ыстап дегендей, қысқа өзірлеу керек. Қаныш қыстаудың кейпін көріп қайран қалды: көктемде бұл маң - үй-үйдің, аула-ауланың аралары, айнала төңірек түп-түгел лас, шаң-тозаң, тері сүйреткендей таптаурын болатын. Ал қазір шабындықтағыдай қаулап шөп өсіп тұр. Әрі бұл нәрлі шөп болса керек, өйткені

бие мен құлын дейсің бе, сиыр мен бұзау дейсің бе - бөрі тістей жабысып, бас алмай жайылып жатыр. Қаныш осыған таң. Адам мен малдың аяғының астында қалған жер көгеріп тартып, ал көктемде көк-жасыл селеу жайлаған жердің бөрі енді қуаңданып жатуы қалай? Нұрым әженің сөзіне бақсаң, жердің де жаны болады екен, соның тілегі бойынша жер бетінде өсімдік атаулының өсіп тұруы керек екен, ал мына қыстау тұрған жер жарты жылдан бері қысыр қалып, аяқасты болып, ақыры жаны жабығып, тіршілікке құлшынған болар, сөйтіп, ауыл біткен көшіп-қонып жүргенде жарық дүниеге шығып, қаулап өскен шығар. Бірнеше жылдан соң шәкірт Қаныш жан-жануарлардың қалдығы жердің құнарын кіргізетінін білетін болады, ал қандай да болсын бір өсімдіксіз жердің жаны жабығады дейтін Нұрым әженің пайымын елжірей отырып еске алады.

...Ақыры ауыл біткен қыстауға көшіп қонды. Көші-қонның шеңбері сүзіліп келіп осында түйісті. Таңертең жылы төсектен тұрғың келмейтін, күні бойы үстіңнен қалың киім түспейтін, үлкен-кіші түгел ошаққа телміріп, кесендегі ыстық шайың мен ыстық сорпаң аузыңа барғанша суып та үлгіретін, киізбен қымтап тастағанның өзінде сабадағы қымызың ашып үлгермейтін киіз үйдегі тірліктен кейін қыстаудың ұядай жылы бөлмелері қандай рахат. Көшпелі қазақ қыстауға ерте бармайды - қысқы жайылымын күні бұрын жеп қойса, ертең жылдың ең ауыр мерзімі келгенде қиналыс көретінін ол жақсы біледі.

Кішкентай Қаныш отбасының қысқы үйге көшіп қонғанына әбден қуанды, өйткені киіз үйдің жайсыздығы өзі шынжау тоңғақ балаға тым қатты батып жүрген болатын.

Ал қыстың нағыз ақырған күндері басталғанға дейін қыстауда бітірерлік шаруа көп. Мал қораларының төбесін қайта жабу, ішінара қабырғалары мен тіреулерін ауыстыру, шабындық жерлерден пішен жеткізу, қысқа арнап киім тігу, ескілерін жамап-жасқау, малға қарау - әйтеуір жұмыс деген бастан асады. Ал күн дегенің барған сайын қысқарып, біртұтамданып барады, сондықтан ауылдағы еңкейген қарт пен еңбектеген балаға дейін іс басында, тіршілік қамында. Қаныш пен Жұмаш досы екеуіне шөпке бару дейтін бір мереке болды. Әуелі Нұрым әже Шәдет аға мен Әбсаламға балалар арбаның астына түсіп немесе шөмеледен құлап кетіп жүрмесін, айырға арандап қалмасын, ат теуіп алмасын деген сияқты толып жатқан тапсыр-

маларын берді. Содан соң бұлар арбаға, Шәдеттің қасына отырды. Пішен тасуға қос аттан жегіп үш арба шығарылған. Біреуін Шәдет аға айдайды, екіншісінде - Әбсалам, ал үшінші арба бос, оған жегілген аттар Шәдет ағаның арбасына тіркелген, өздері жүріп отырады. Қаныш пен Жұмаш сол бос арбаға отырып делбені өздері ұстамаққа сонша құмартып еді, Нұрым әженің айтқанын екі етпейтін Шәдет ағалары оған көне қоймады.

Шабындық басына бұлар тез-ақ жетті. Пішен арбаға кезек-кезегімен тиеледі екен. Әуелі бір арба шөмелеге тақау қойылды, Қаныш пен Жұмашқа аттардың басын ұстап тұру тапсырылды. Сыртқы киімін шешіп жеңілденіп алған Әбсалам айырын шөмелеге бойлата салып бір алғанда жарты шөмеле шөпті арбаға бір-ақ тастады. Бірінші шөмеле өп-сәтте тиеліп те болды. Бірақ әбден басылып, қарайып қана жатқан жөй төмпешіктердегі пішен арбаға салынғанда қобырап, қопсып, сыймай кетеді екен. Ондайда Шәдет аға арбаның үстіне шығып, шөпті таптай бастайды, ал Әбсалам аттардың басын екінші шөмелеге қарай бұрады. Енді Әбсалам өлгіден гөрі кішілеу айырмен шөп өперіп, Шәдет аға арбадағы шөпті нығыздап орналастырып шұғыл іске кіріседі. Бұл іске Шәдет аға әбден шеберленген. Ауылдағылар оның осы өнерін мақтағанда ауыздарының суы құриды, ондайда Жұмаш та әкесі үшін дәсердей болып, төбесі көкке тие жаздайды. Ал Қаныштың ойынша әрі жастау, әрі қуаттылау Әбсалам ағасы шөп тиеудің қыры мен сырын тез-ақ үйреніп алар еді, бірақ ол бұдан неғұрлым ауыр жұмыстарға жегілу үшін ондайларға әдейі мән бермейтін сияқты. Қаныш ағасын жақсы көретін әрі оған қалтқысыз сенетін.

Екінші шөмелеге келгенде аттың басына Жұмаш ие болып қалды да Қаныш қолына тырма ұстап ағасына көмекке шықты: арбаның айналасына шашылған шөптерді тырмалап, Әбсаламның айырына салып беріп отырды. Шөмелден шөмелеге ауысқан сайын тиелген пішеннің еңсесі биіктей берді: арба қозғалса Шәдет аға құлап кететіндей, ал шөп бір жағына ауып түсетіндей. Аттар да, өлгіндей емес, ауыр қозғалып, арбаны әрең тарттады. Демек, тиеуді доғару керек.

Әбсалам жылқының қылынан есілген жуан арқанға байлаулы күйі манадан бері арбаның артында сүйретіліп келе жатқан ұзын сырық-бастырықты шешіп алып Шәдет ағаға берді.

Содан соң ол арба мен аттардың екі арасында сығыласа жүріп, сол тұста бекітілген ілмекті тауып алды да жоғарыдан Шөдет аға ұсынған бастырықтың жуан басын соған ілді. Ағасының о жар қимылына қарамастан аттардың оған мөу демегеніне Қаныш таң. Сірә, Әбсалам сияқты ержүрек адамнан ат та айбынатын болғаны ғой деп ойлады ол. Шөдет аға теңселіп, тербелген таудай шөптің үстінде тұрып бастырықты кейін тартты. Әбсалам сондайлық бір әбжілдікпен бастырықтың көкке тіке шаншылып тұрған басына шалма тастап, арқанның бос салбыраған ұшынан шап беріп ұстай алды да күшпен төмен тартып барып астыңғы жақтағы ілмектен өткізді, сөйтті де ұзын арқанның бос басын қайтадан бастырыққа тастап, сөл босатты. Шөдет аға бастырықты өзіне тартты. Әбсалам жіпке асыла тұрып, тағы да төмен басты. Аттарға ие болып Жұмаш тұр, ағасына қол ұшын бергісі келіп жанығып Қаныш жүр.

Бастырықты босатып-тарту бірнеше рет қайталанды да, ақыры Шөдет арқанның ұшын байлауға өмір етті. Шөп тиеліп бітті. Қалған екі арба да осылайша тиелді. Балалар әбден ашыққан еді, Шөдет ағалары бауырсақ салынған дорбаның аузын ашып, местен тостағандарға қымыз құйғанда екеуі қомағайлана бас қойды. Содан соң таудай боп тиелген шөптің үстіне тырмыса шығып, бастарын қылтитты. Оларға ілесе Шөдет те шыққан. Осындай биікте жатып, құлап қалам-ау дегенді қаперіне де алмай, көрім жердегінің бәрін көзіңмен шолып, алуан шөптің аңқыған иісі мұрныңды қытықтап жол жүріп бара жатқан да дүниенің бір қызығы екен-ау! Балалардың ойыны келіп, делебелері қозып-ақ жатыр, бірақ тым еркінсуге болмайтынын өздері де біледі. Оған мана бір өзірде көздері жетті: күлкіге көмілген Жұмаш оқыс аунап түсем деп арбадан құлап қалды да, үркіп кеткен аттар ала қашып, Шөдет аға оларды өрең тоқтатқан болатын. Қайта дес бергенде, бұл оқиға табаны мамық шабындықта болды да Жұмаш бір қорқып қана аман құтылды. Енді олар қатар жатып, айнала төңіректі рахаттана шолып, анда-санда бір-біріне қарап жымиып қояды. Шөдет аға өзінің бәсіресіндей өмірі бір сарыны өзгермейтін өнін бастады. Ішкен қымыздан, біркелкі тербелістен, кешкен шөптің бас айналдырғандай жұпар иісінен, Шөдеттің бір сарынды өнінен қалғып-шұлғыған балалар өлден соң ұйқыға кетті. Содан арбалар мааның түбіне жетіп тоқтағанда бір-ақ оянды. Отырған биіктері-

нен домалай түскен балалар өздері әкелген пішеннің ендігі жағдайы қалай болатынын бір сәтте ұмытып, ауылға қарай құлдырыңдай жөнелді. Өйтпегенде ше - бұлар жоқта ауылда небір қызықтар болған шығар, енді соны өз достарының аузынан естігенге не жетсін.

Қыс... Қар... Ақырған аязды күндер басталған. Аязбен қабат ауылға соғымның қарбаласы келеді. Далада, қақпа алдында, соғымға әкелінген жылқылар байлаулы тұр. Бұлар үйірден жаңа ғана бөлінген, енді кешіктірмей сойып алмаса еті ояң тартып кетуі мүмкін. Жануарларды байлауда ұстап әбден қиналды-ау деп Қаныштың жаны ашып жүр. Ал Бөкеш оның сырын көдімгі үлкен адамша түсіндірді: соғымдық жылқыны осылай бір-екі күн байлап аязда ұстаса, қазысы піскенде езілмейді екен әрі еті де дәмді болатын көрінеді. Имантай ақсақалдың төрінен қыс бойы қонақ үзілмейді, оның үстіне ауылдың басым көпшілігі осы үйдің табағына ортақтас. Сондықтан ол соғымға он жылқыдан кем соймайды. Мұның сыртында отардан бөліп алынған ұсақ мал тағы бар. Қойдың қайсысы қыс қысымынан шыға алмасын қойшы жазбай таниды, соларды қазірден кешіктірмей пышаққа жығып алғаннан артығы жоқ. Рас, қыс маусымында қой еті жылқы етіндей қадірлі емес, бірақ жата берсін. Көктемге салым, соғым тақ-тұққа айналған кезде, қой еті де азық. Қыстаудың қай тарабына барсаң да қара қазан оттан түспей, жылқы етінің иісі мұрынды қытықтап, өкпе-бауырдан қуырдақ қуырылып жатқанын көресің. Жаз бойы жылқының жас етін аңсап ындыны құрыған жұрттың қабағы ашық, көңілі - көл.

Қаныш пен оның достарының бұл уақыттағы ең қызық ермегі - шанамен сырғанау. Осы жақында ғана Жәмін ағасы оған әрі берік, әрі жүйрік шана жасап берген болатын. Қаныштың шанаға аңсары ауғаны сонша, осы арадан екі шақырым жерде, Ащысудың арғы бетіндегі қырқаның баурайында отырған Жәмін ағасының үйінде екі күн жатып шананың жасалып бітуін күткен. Енді Дүйсенбай ағаның ауласынан әрідегі қырқадан шанасын бір жіберсе сонау-сонау алысқа, Ащысудың мұз басқан айдындарына дейін зырқырауға болады. Рас, төменірек барған соң шананың екпіні едәуір бәсеңдейді, ал енді қырқадан түсе берісте, Дүйсенбай ағаның лашығына дейінгі екі аралықта құс боп ұшасың ғой, шіркін. Қырқаға қайыра шығарда айналма жолмен жүру керек.

...Бір жолы Қаныш пен Жұмаш екеуі қырқаға шыққан. Қаныш шанасына етпеттей жатты, ал Жұмаш оны ылдига қарай итере беріп, өзі досының үстіне құлай кетті. Шана заулап жөнелді, ал Дүйсенбай ағаның лашығына қатарласар тұста Жұмаш әлдебір себеппен солға қарай ұшып түсті де Қаныш жатқан шана оңға бұрылып барып, лашықтың терезесіне керілген қаудырлақ қарынды жарып өтіпішке бір-ақ түсті. Рұхия төтесінің “көтек!” деген үрейлі дауысы да шықты. Қаныш та шанасын сүйреткен күйі зытып жөнелді. Байдың еркебұласына арнап айтылған жағымсыз бір сөз құлағында кетті. Ұяттан жарыла жаздаған Қаныш жүгірген күйі артына бір қараған жоқ. Содан күні бойы далаға шықпай үйде отырған да қойған. Тіпті соңын ала келген Жұмашқа да қараған жоқ. Ол үндеместен состиып тұрды да шығып жүре берді. Қыс көзі қырауда шие ттей қызыл қарын балалары бар үйдің терезесі ызғып тұрса не күйде болатынын бала көңілі сезеді, сондықтан ол қандай сотқарлық жасағанын түсінді. Оның үстіне, Рұхия төтесі болған оқиғаны Дүйсенбай ағаға айтар, содан келіп бұл әкесінің құлағына жетер деп те ойлады. Бірақ ешкімнен ешқандай сөз шыққан жоқ, әкесінің де суық қабағы біліне қоймады. Кінәсін өзі мойындамақшы болып бір-екі оқталып еді, оған тәуекелі жетпеді. Бірнеше күн бойы шанамен сырғанауды да қойды, Дүйсенбай ағасы мен Рұхия төтесі, олардың балалары көзіне түссе алыстан орағытып кетіп жүрді. Рұхия төтесі болған жайды тісінен шығарып жан баласына айтпағанын кейін білді, сөйтіп баланың жүрегінде осы бір мейрімді, жаны ізгі әйелге деген ілтипат сезімі оянған.

Кейін, есейе келе, Қаныштың білгені: осы ауылда бұлармен аталас туыстығы жоқ екі-ақ үй болыпты. Бірі - Сәтбай ауылдарының балаларын оқытқан Нығметолла молда болса, екіншісі - ғайыптан тайып осында келіп орнығып қалған Дүйсенбай екен. Өзі Айдабол тұқымынан болса керек; әлдебір жағдайға байланысты өз туыстарына көрместей боп өкпелепті де, Имантай ақсақал нағыз құдайға қараған адал, мейірбан адам дегенді естіп, соның ауылынан баспана сұрапты. Дүйсенбай мен әйелі Рұхия әдепті, еңбекқор жандар екен, бұл ауылға тастай батып, судай сіңіп кеткен; тіпті оларды ешкім бөтенісіп, сыртқа тепкен емес.

Жасөспірім Қаныш бірде, каникулға келген бетінде Дүйсенбайдың шаңырағына ілтипат білдірмекші болып барғаны бар.

Рұхия төтесі үйде жалғыз екен, қалбалақтап, қымыз ұсынып тұрып өзіл айтты:

— Рахмет, Қанышжан, келгеніңе рахмет! Несін жасырайын, кітабын қолтығына қысып, мұрнын шүйіріп өте шығатын болар деп ойлаушы едім.

— Рұхия төте, өте шығып не болыпты сонша. Сіздің алдыңызда менің өтелмес қарызым бар ғой. Шанамен терезеңізден кіріп кететін тентек есіңізде ме? Сонда өлгенше ұялдым. Емшекте балаңыз бар еді ғой. Әкемнен де сөз еститін шығармын деп ем. Бірақ сіз ешкімге ештеңе демепсіз.

— Қанышжан, оның несіне қысыласың. Жаман адам біреуден көрген жөбірін ұмытпайды. Жақсы адам әлдебіреуге жөбір көрсеткенін есінде сақтап, өз айыбын қалай өтеуді ойлай жүреді. Сол бір жағдайды ұмытпағаның сенің жақсы азамат екеніңді айтып тұр. Ал шынында сен кінәлі де емессің. Онда сен баласың, олай ете қояйын деп те ойлаған жоқсың. Бірақ менің алдымда ат - шапан айыбы бар адам сияқтанып жүргенің маған ұнайды. Көрі төтеңді сөйтіп ара-тұра еске ала жүрсен болғаны ғой! - деп күлді Рұхия. Осы бір қарапайым шаруа адамның: “Жаман адам біреуден көрген жөбірін ұмытпайды. Жақсы адам әлдебіреуге жөбір көрсеткенін есінде сақтап, өз айыбын қалай өтеуді ойлай жүреді” деген сөзі Қаныштың жадында ұмытылмастай болып жатталып қалды. Жылдар өткен сайын ол небір сауатсыз, қараңғы адамдардың әлдебір тереңнен шығып жататын даналығына көбірек тамсанатын болады. Осынау даналықтың ұшқындарын көре білу керек әм көкейге тоқи білу керек дейтін ол.

Қыс, әсіресе, ұзақ-ұзақ кештерімен есте қалды. Қамшының сабындай қысқа күннің қарбаласын ұмытып, кешкі тамақтан кейін үлкен-кіші түгел әкейдің бөлмесіне, осы ауылдағы жалғыз жермай шамның жарығына жиналып (өзге үйлердің бөрінде қойдың майымен жанатын шырағдан болушы еді), әкейдің тілегі бойынша Бөкеш мақамдап отырып Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың, Қыз Жібек пен Төлегеннің, Ләйлі мен Мәжнүннің, өздері жаны ізгі небір жайсаңдар болса да, өмірлері өксікке толы басқа да батырлар мен ғашықтардың қиссаларын оқыса одан асқан қызық қайда. Кітап тыңдаушылардың көбі ара-тұра көздерінің жасын сығып-сығып алады. Қаныш болса, дардай жігіт екені есіне түсіп, көз жасын көрсетпеуге тырысады, теріс

айналып кетеді. Ауыл адамдарының көбі сияқты ол да Бөкеш оқыған әңгімелерді түп-түгел біледі, бірақ сөйте тұра, қайталап естіген сайын, тебіренбей қала алмайды. Кейде ол қисса желісі енді басқа арнаға түсетін шығар, оның кейіпкерлері дұшпандарын мұқатып, аңсаған армандарына жететін болар деп қиялданып, Бөкештен соны естімекке ынтығатыны бар. Бірақ, амал не, олай болмай шығады. Тегі, жазылған, тасқа басылған нәрсе өзгермейтін болғаны ғой. Бөкеш болса, кей-кейде кітаптан басын алып, қиссаның талай жерін жатқа соғып, отырғандарды қайран қалдырады. Бөкешті тындай отырып, Қаныш өзі де ағасы сияқтанып кітап оқитын күнді аңсайды. Өріптердің көбін танытынына, тіпті кейбіреулерінің басын қосып сөз құрайтынына қарамастан жазу үйренуіне әкесінің қарсы болуы Қаныштың жанына батады. Оны әсіресе күйдіретіні - домбыраға әуестігін әкесінің елемеуі. Ал Бөкеш домбыраны көдімгідей-ақ сылқылдатады, тіпті кейде әкесінен кем түспейтіні бар. Қаныштың қабілет-зейіні өзгеше екенін басқалардан бұрын байқаған әкесі мен анасы көздерінің қарашығындай кенжетайларының жұрт назарына тым ерте ілігіп тіл-көз болуынан қорқып, көп ретте баланы әдейі тежейтінін Қаныш қайдан білсін. Бұл тұрғыдан әкесі де, Нұрым әжесі де өте ырымшыл болатын. Олар Қаныштың ерте есейгенінен қорқушы еді.

Қайткенде кішкентай Қаныштың қолына қағаз-қалам ұстап, алдына кітап жаятын уақыты да таян қалған еді. Парасатты еңбектің қыр еліне таңсық осынау құралдары бірте-бірте өмірінен өзекті арна тауып, оны ақыл-ой әлемінің даңғыл жолына шығарарын, елі сүйген ерлердің қатарына апарып қосарын бала неме ол кезде қайдан білсін.

## ЕКІНШІ ТАРАУ БІР ҒЫЛЫМ БОЛЫП ІҢКӘРІ...

*“Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме,  
енші берме, барыңды салсаң да балаңа  
орыстың ғылымын үйрет!  
Мына мен айтқан жол - мал аяр жол емес”.*

**АБАЙ.**

Ақсақал бүгін терең ой құшағында. Бүрсігүні кенже ұлы Қаныш молдаға бармақшы. Баланың оқитын кезі болды. Кезінде ақсақал Әбсаламды да, інілері Зейін мен Жәміннің балаларын да молдаға апарған. Бөкешті қолынан жетектеп молдаға барғаны да күні кеше сияқты. Бірақ соның бірінде де ол қазіргідей терең ойға құлап, тебіренген емес. Қаныш... Қаныш.. Жүрегінің түкпірінде оған деген орны бөлек, оны ойласа әкенің жан-дүниесі астаң-кестең болады. Ал соңғы кездері Абай өлеңдерін оқығаннан ойы он сан. Міне, қазір де мұқият көшіріліп, - дәптерше түптелген сол өлеңдер мұның алдында жатыр. Оны Керекуден (Павлодардан) немере інісі Әбікей арнайы жіберген. Бұл өлеңдердің бір қасиеті - қолыңа алып оқи бастасаң болды, әр жолынан толқын-толқын ой туып, көмескі жайлар жаңғырып, дәл бүгін жаныңды жеп жүрген жайлар одан сайын атойлап, ат ойнатып шығады.

Сол Абайды бұл осыдан оншақты жыл бұрын Семейде көріп еді-ау. Орта бойлы, толықша денелі адам жақындап келіп, жанарын аудармай көзіне тура қарап тұрып қос қолын бірдей ұсынған және сәл жымия беріп, әр сөзін шегелегендей етіп өзіл тастаған. Сондағы айтқаны: қаржастар мен тобықтылар төре тұқымынан іргесін ұдайы аулақ салушы еді, әйтсе де бұл жөнінен тобықтылардан гөрі қаржастар табанды екен, сондықтан Қаржас руының көрнекті азаматын көргеніме ризамын дегендей еді. Орта жүздің ең дүмді руларының бірін басқаратын Құнанбай баласының жүріс-тұрысынан, қимыл-әрекетінен мардамсудың нышанын да көре алмағанына Имантай қайран қалған. Тіпті одан гөрі таңырқағаны: бірін-бірі сыртынан біліп жүрген қазақтың игі жақсылары алғаш кездескенде өздерінің барды-жоқты артықшылықтарын сездіру үшін сөзбен қағысып қалуға бейім тұратын. Оның үстіне, Абай мен Имантайдың жас шама-

сы да бірдей, ендеше қандай қалжыңның да орны бар сияқты еді. Ал мына кісі болса, кекесін сөзден гөрі, ретін тауып бүкіл Қаржас руына жақсы лебіз айтты. Бұл кездесудің осылай бола-рын күтпеген Имантай біртүрлі абдырап, ең болмаса мұның ел аузына ілінген әкесі жайында бірдеңе айта алмай қалған. Оның орнына, қыр қазағының ата-бабадан қалған еркіндігі мен өрлігі туралы бірдеңе айтқаны есінде. Сонымен сөз төмам болған, одан кейін бұлар кездескен емес. Абайдың ақылы, тапқырлығы мен әділдігі жайында жұрт көп айтады, дегенмен, ақсақалдарға салса, Семейден Қарқаралыға дейінгі қалың елді аузына қаратқан әкесі асқар таудай Құнанбайдың жанында оның өзі де жөй шоқы сияқты екен. Шалдардың айтуынша, тобықтының атын жарты өлемге жайған Құнанбайдың жақсы істерін Абай жалғастыра алмай отырса керек, өйткені өлең-сөлең болатын адамның ісі емес, орыстың төресін де, өзінің төлеңгітінді де өлеңмен асырап, аузын майлай алмайсың.

Міне, сөйткен Абай осыдан үш жыл бұрын дүние салды. Енді оның ойлары мен сөздері даланың түкпір-түкпіріне тарап, көріні де, жасты да өзінің қарапайым даналығымен баурап алған.

Ақсақал Абай өлеңдерін оқиды да өзі талай талғажау еткен толғақты ойларын, талай жерде өсиет қып айтқан сөздерін ақынның соншама дәл, сондайлық айқын түрде айта алғанына иланады. Өзі де сондай байламға жеткенін, бірақ жұрт сүттей ұйып отырған соң қызды-қыздымен ауа жайылып, көк мылжың көпірме сөзге ерік бергенін енді біліп жүр. Осы күні ел ішінде, тіпті өз айналасында Имантай солай деп еді дейтіндей бірді-екілі өлең тұрмақ (ақсақал өлең шығарып та көрген ғой) мәтелге айналған өткір сөз қалмаса, айтқаныңды жұрттың ұйып тыңдағанын қайтерсің. Демек, аз айтса да саз айтатын Абай сөзіндей мағынасы терең қарапайым сөздер мұның аузынан көп шыға қоймаған ғой. Ол аз десең, ондай сөздерді бұл тым қарабайыр санайтын, не айтса да бұрынғы өткен шешендердің, Низами, Науаи, Хайям сияқты шайырлардың ғақлияларын тізбелеп, ділмарсығанды ұнататын. Ал Абайдың сөзі айқын өрі қарапайым, сонысымен түсінікті, көңілге қонымды. Өр сөзі өз орнында, арасынан қыл өтпейді. Тегі, ақынның өзі: “Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда өңі қашады” деп біліп айтқан ғой. Әйткенмен мұның да толықтырмасы бар. Имантай си-

яқтылардың аузынан шыққан ойдың өңі қашса қашатын шығар, ал Абайдың аузынан шыққанда ол бастапқы қасиеті мен күдіретінен айырылмасы анық. Бірақ Алланың өзі сүйген мұндай дуалы ауыздар табыла берсін бе!

Шыңғыс тауларында қанаттас көшіп, қатар қонған өз тұрғыласы Абайды көзі тірісінде Имантай түсінбеген екен. Бір жолы ғана жүздесіп, кейін онымен кездесуді ойламағаны да содан. Енді, міне, екіндіден күні ауған шақта қарт Имантай о дүниелік боп кеткен ақынның жалғыз шумақ өлеңінен өзінің бүкіл өмірін айнадағыдай көретін сияқты:

*Жасымда ғылым бар деп ескермедім,*

*Пайдасын көре тұра тексермедім.*

*Ержеткен соң түспеді уысыма,*

*Қолымды мезгілінен кеш сермедім.*

Қазір ойлап отырса, Имантай білім алып жарытпаған екен. Молдадан құран үйреніп тілін сындырды, араб өріптерімен шағатай тілінде хат жазуды үйренді (таза қазақ тілінде жазу дейтін ол кезде қалыптаспаған нәрсе). Әкесі Сәтбай бойы десе бойы, сойы десе сойы бар үлкен ұлының Шорман балаларынан кем болмауын ойлайтын, себебі өзінің де, туыстарының да Шорман тұқымынан кейін қалып жүргені кезінде орысша оқи алмағанынан деп білетін. Қаржастар мен айдаболдардың ендігі жақсылары жөдігер руынан суырылып шыққан Шөтік балалары болар дейтін әкесінің төтті арманы болушы еді. Қалай дегенде де, Баянауыл өңірін тек Шорман балалары билеп-төстесін деп олардың маңдайларына жазылмаған болар. Сауатсыз қарияның өзімшіл пиғылы осыдан өріге аса алған жоқ-ты. Ал бірде, күзге салым, Шорманның Мұсасы өзінің үлкен ұлы Сәдуақасты Омбыдағы азиаттар мектебіне, патша генералының қарамағында шені үлкен қызмет істейтін немере жиені Шоқан Уәлихановқа апармақшы болғанда Сәтбай жата жабысып, Имантайды да ала кетуін өтінген болатын. Бұл өзі іздегенге сұраған болды, өйткені досын қиып тастап кетуге Сәдуақас та құлықсыз еді.

Екеуі көктемге дейін оқыды, үлгерімі де жаман болған жоқ, бұтып-шатып орысшаға да төселіп қалған, бірақ бұлар қала өміріне үйрене алмай-ақ қойды. Шоқанның қызметтен бос уақытында бұлардың үйі түрлі кейіпті, алуан киімді орыстар мен қазақтардан бір босамайды. Бөрінің әлдебір шаруасы,

әлдебір әңгімесі бар, соның бөріне Шоқан уақыт табады. Екі жігіттің міндеті - бөріне ілтипат көрсету, қарсы алу, шығарып салу, шешіндіру, киіндіру. Шай қайнатып, ас-су өзірлеп ұдайы өбігерленіп жүретін Шоқанның көмекші жігітіне де қолғабыс етіп, керегінде жанынан табылу керек. Ал кеш баласы Шоқан кең қолтық қазақы шапан киіп кітап қарауға отырады: түннің біруағына дейін, кейде тіпті таң қылаң бергенше кітап оқып, ұдайы бірдеңелерді жазумен болады. Әредік қолы босап, Сәдуақас пен Имантай үшеуі шай іше қалса, өзіл айтып, жайрандап отырады, бұлардан оқудың жайын сұрайды, нағыз білімді азамат болу үшін оқу керек, бүкіл өмір бойы табандап, бас алмай оқу керек деп ақыл айтады. Ауылда кез-келген пәсір немесе молда Шоқан айтқандай ұзақ оқыпты дегенді естімеген жігіттер бұған аң-таң болады.

Екі дос қырды аңсады, туған-туыстарын, сүйікті аттары мен иттерін сағынды; тойлар мен шілдеханаларда кездесетін қыздар, ішкі қалталарына, жүрек тұсына салып жүретін кестелі орамалдар түстеріне кірді. Қысқасы, көктемде каникулға келген Имантай Омбыға қайтпай ауылында қалды. Оқуы да сонымен тәмам болған. Дегенмен Жаратқан иесі Имантайды ынта-жігерден құралақан қалдырмапты - ол өз бетінше әрекеттеніп қыстың ұзақ кештерінде кітап оқуын тоқтатқан жоқ. Оқытыны көбінесе шағатай және парсы тіліндегі кітаптар, ара-тұра орысша да болып қояды.

Қырдағы елге көз қылып мақтануға осылай алған білім де жетіп жатады екен. Тағы да Абай тауып айтқан ғой:

*Ойшылдың мен де санды бірімін деп*

*Талап, ойсыз мақтанды қалдым күтіп.*

Әрине, Алла мен Пайғамбардың дегенін істеген адам аз білімнің өзін игілікке айналдыра алмақ. Бірақ пайғамбардың өсиетін бұлжытпай орындадым деп бұл айта алар ма? Ақсақалдың бұған күмөні бар. Жас шағында шен алсам, шекпен кисем деген бос өүрешшіліктен арыла алмаған, ақыры ең мықтағанда болыстың биі болатынына көзі жетті. Оң жолына бастаған Аллаға мың шүкір, күн сайын бес уақыт намазын оқығанда мінажат айта отырып міндетіне алған парызын ішінара болса да орындауға мүмкіндік беретін жалғыз лауазым орны, сірә, осы болар. Бірақ айналаң түгел ашкөз дүниеқоңыздар болған соң ақиқат пен әділеттің жолын ұстау қандай қиын еді. Жұрттың

бөрі құдайға құлшылық етеді, бірақ пендешіліктің ырқында кетіп, пайғамбарымыздың өсиетін мансұқ ететіндер көп. Абай айтпап па еді:

*Жұрт жүр ғой арамдықты еп көрем деп,*

*Тоқтау айтқан кісіні шет көрем деп.*

*Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен,*

*Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп?*

Жастықта Имантай соқыр болған екен-ау. Соқыр болмаса, Абайдың құдірет-күшін көзі тірісінде танып білмес пе еді, онымен сырлас-мұңдас болып, рухани жалғыздығында жанынан табылмас па еді. Абайды айтасың-ау. Осыдан екі жылдай бұрын Сәдуақас оған сыртқы бетінде Шоқанның суреті бар қалың кітапты көрсеткен. Бұл - патшаның ту-у алыстағы Петерборында басылған Шоқанның шығармалары екен. Сол баяғы Омбыда түн баласы қадалып отырып жазатын шығармалары! Ал кітаптың бас жағында орыстың бір үлкен ғалымы жазған сөз беріліпті, сол сөзінде ол Шоқанды ғылымның аспанына жарқырап шыққан жұлдыз еді ғой депті, өттең дүние, тек ерте сөнген жұлдыз болды ғой деп өкініпті. Міне, қандай адам болған Шоқан! Осыдан қырық жылдай бұрын Сәдуақас екеуі Жақып Уәлихановқа серік болып, оның өлемге аты әйгілі ағасының мәйіті мен жесірін алып қайту үшін сонау Жетісудағы Ұлы жүз еліне барғанда да Имантай Шоқанның кім болғанын білмепті. Ол тек Шоқанның керемет қауіп-қатерге бас тігіп, адамды қойша бауыздайтын Қашғария атты тылсым елге барып, оған дейін бірде-бір бөтен адамның қолына түспеген құпия нәрселерді алып қайтқан ерлігін ғана естіген болатын. Оның бәрінен гөрі қатты қызығатыны Шоқанның мундирі еді және осындай ғажап адам, патша офицері өзінің досы Сәдуақасқа жиен болып келетінін көдімгідей мақтан көретін. Сөйтіп, қазақ даласындағы ең кемеңгер екі адамның тағы біреуі көңілі соқыр Имантайдың көз алдында жүріп осылай кете барыпты.

Енді, міне, сол Имантай қаумалаған қалың ойдың ортасында, болашақтың жайын болжап отыр, ал қазақтың болашағы - баласы. Бұл жайында да Абайдай тауып айтқан ешкім жоқ:

*Адамның бір қызығы - бала деген,*

*Баланы оқытуды жек көрмедім.*

Бауырына салған Әбсаламнан Имантайдың үміті аз - қабілеті жоқ, қарымы шамалы топыраш неме; мейлі, Сәтбайдың

деулетін малданып, баланың санын көбейтіп жүре берсін. Аллаға шүкір, Бөкеш азамат боп келеді. Мінезі де бар, ақылдан да кенде емес. Оқи берсе болар еді. Бірақ қыр қазағына көп оқудың қажеті бар ма осы? Абай мен Шоқандарға, сірә, көп оқу, көп білу қажет болар, өйткені кітаптағы даналықтан сүзіп өз даналығын таба білген адам ғана нағыз білімпаз. Ал Имантай сияқтыларға көп оқудың қажеті қанша? Құдай біледі-ау, талай кітап оқыды, даналардың сөзін талай жерде айтты - содан ғибрат алған біреу бар ма? Соңынан кім еріпті? Жалғыз жұбаныш етері - өмір келте, жер бетіне қонақсың, жақсылықты алдан, бақилық дүниеден күтесің. Алла мен оның пайғамбарының өсиеттеріне адал болған жан жұмақтың төріне шықпақшы. Фәни жалғанның пендешілік өуре-сарсаңында жасаған күнәнді енді ынты-шынтыңмен, шын пейіліңмен жууға тырыс. Ертең өзің өлгенде балаларың өруағынды сыйлап, дұғасын арнайтын болсын. Сондықтан, ең керегі балаларды пайғамбардың тілімен құдайға құлшылық етуге үйрету. Бөкеш жарайды! Молдадан сабақ алған екі жыл ішінде арабша кәдімгідей жүгіртіп оқитындай дәрежеге жетті, Құранның көптеген сүрелерін жатқа біледі, бес уақыт намаз оқи алады - қысқасы, Аллаға арнаған сөзін пайғамбардың тілінде айтатын мүмкіндігі бар.

Бөкеш те, Сәтбай ауылының басқа балалары да оқуын жалғастыра берсе, пайғамбарымыз өсиет еткен ілімнің негіздерін тереңдеп игерсе, сөйтіп болашақта қыр еліне ақиқат діннің нұрын шашатындай ғұлама молда болып шықса болар еді. Бұл үшін бүкіл ғұмырыңды Алла мен қасиетті дін жолына бағыштауың керек...

Осы арада ақсақалдың ойы шатаса бастады. Пайғамбардың ілімін терең игеру... Мұндай игерудің мәнісі не екенін өзі де дәлді білмейді. Ол Бұхарада, Төшкенде, Тройцкіде діни білім алған молдалармен, хазіреттермен, мүфтилермен талай кездесіп, дін туралы, пайғамбардың өсиеттерін құрайтын ақиқат туралы әңгімелескен, бірақ ешқашан да бірден көкейге қонатын, ақылға үйлесетін нақпа-нақ жауап алып қанағаттанған емес. Қайта, дін иесі неғұрлым көп оқыған, білімдар болса, оның сөзі солғұрлым бұлдыр, қарапайым жанның түсінігіне ауыр болатынын біледі. Алланы - біреу, пайғамбарды - хақ деп бар жан-тәнімен сенегін Имантай осы арасына келгенде едәуір қысылады.

Ал орыс мектебіндегі оқуды алатын болса, онда бәрі анық, бәрі қалыбында сияқты. Орыс мектебі нақты білім беріп, өмірге қажетті пайдалы нәсіпке баулитынын ол түсінеді. Ақсақалдың ойынша, қазақ баласы жуық арада орыстар сияқты қала тұрғызып, темір жол тартып, өздігінен жүретін арба жасай қоюы неғайбыл. Әбікей де, Шоқанның досы Потанин де қыр еліне кереметтей көрінетін осы істерді меңгеруі үшін жастарды оқыту керек деп босқа лағып жүр. Жоқ, орыстың өнерін үйрен деп Абай да сонша қақсағанымен, қазақты мұншама жерге тарыдай шашып тастаған Алла-тағалам оған орыстың білгенін істейтін мүмкіндікті әлі бере қоймас. Әйткенмен, жақында Шорман ауылында орыс мектебі ашылып, орыстан учитель шақырылғанда қартың қатты қуанды. Енді Бөкеш сонда барып оқымақ. Ендігі жерде Нығметолла молда оған мұғалім емес, балаға беретінін ол беріп болған. Бөкештің ешқайда шығандап шықпай осында оқытыны тәуір-ақ болды.

Имантайдың қазіргі білгенін кезінде әкесі білсе, сондай сауаты болса, баласы өмірден осынша мақұрым қалмас еді, бәлкім, Абай мен Шоқанның артында қалған өлмес мұраның бір пұшпағындай игілік бұдан да қалар еді. Егер Сәтбай өз ұлы Имантайдың Омбыда бір жылдай оқу оқығанын мақтан етіп, сол арқылы орыстың тәмам білімін игергендей көрмесе Имантай Омбыдағы оқуын одан әрі жалғастырар ма еді, кім білсін. Сауатсыз әке балам оқудың шегіне жетті деп ойласа керек. Шын ғылым ғұмырлық мақсат екенін қария қайдан білсін. Міне, енді өзімнің де балаларым күні ертең есейе келгенде мен сияқтанып бармағын шайнап отырмаса екен дейді Имантай. Балаларды оқыту керек. Бірақ соған балалардың құлқы бар ма? Алла-тағалам солардың зердесіне құштарлықтың, білмекке құмарлықтың ұрығын септі ме? Табанды, ұзақ оқуға Бөкештің шыдамы жетер ме? Әй, Бөкеш-ай... “Әке -балаға сыншы” деп бекер айтты деймісің. Қабілет-дарыны бар, есті бала екені анық, бірақ пендешіліктен ада емес, өркөкірек біреу болып шықпаса игі еді. Көп оқуға тауаны жоқ, өмірдің қызығы мен қызуына мастанып, билік қуып кетер-ау.

Бар үміт кіші ұлда, Қанышжанда. Сегіз жастағы бала дейтін емес, қимылы байыпты, мінезі байсалды. Жұрттың айтысы: Абай да бала кезінде осындай баяу, тіпті болбыр болған деседі. Бастастарының бірі Құнанбайдың еті тірі балаларын жер-

көкке сыйғызбай мақтап, Абайға келгенде осы сумырын собалдан мардымды ештеңе шыға қоймас десе, Құнекең: “Не күтсеңдер де осы жаман қарадан күтсеңдерші” деген екен. Әрине, Имантай өзін Құнанбай сынды көреген санамайды, бірақ Сәтбай бабаның немерелері мен шөберелерінің ішінде Қаныш бір төбе екенін жүрегі сезеді. Рас, ол да, өзге балалар сияқты, ертеден кешке дейін ойынның түбін тесіп, “Неге? Қалайша?” дейтін таусылмас сұрақтармен үлкендердің басын қатырып-ақ жүргені. Бірақ әредікте көдімгі ересек адамша еңсесін салып байсалды өңгіме айтқанда Имантай ақсақалдың өзі қайран қалады, тіл-көзден қорқып, ол туралы тіс жарып ешкімге айтпайды да.

— Әке, - деді ол жақында, екеуі оңаша қалғанда, - біздің дінімізді құдай оңынан жаратқан ақиқат дін, сондықтан біз барлық істі оңынан бастауымыз керек дейсіз. Не алсақ та оң қолмен аламыз, шалбарды әуелі оң аяқтан киеміз, қасиетті кітаптар да оңынан ашылады. Бірақ атқа сол жағынан мнетініміз қалай?

— Сол ыңғайлы ғой, балам, - деді сасып қалған Имантай.

— Егер оң жағынан мініп дағдылансақ, ол да ыңғайлы болар ма еді?

— Иә, солай болуы да мүмкін.

— Онда істің бәрін оңынан бастау міндетті емес болғаны ғой?

— Солай, балам!

— Алла-тағала ренжімей ме?

— Ренжімейтін болар.

Сөзді Қаныш бастап, өзінің алғысы келген жауабын алған болды да шықты.

Тағы бір жолы бала дінге байланысты, үнемі шиқаны шығып тұратын мәселені қозғады.

— Әке, молда айтады: шоқынатынның бәрі көпір, Аллаға сенбейді, сондықтан олар құдайдың қарғысы тиген оңбаған адамдар дейді. Біздің Андрей тамыр да Аллаға сенбейді ғой, ол да жаман адам ба?

— Жоқ, балам, Алла біреу. Тамыр Андрей де Аллаға сенеді, бірақ ол қате түсініп, өзінше сенеді. Оның өте жақсы адам екенін өзің де білесің ғой.

— Өзінше сенсе, діні жаман болса, бәрібір ол көпір болғаны. Сонда оны Алла-тағала сүймейді ғой?

— Жоқ, сүйеді... Ол бір кезде қателесіп, **тегіс** дінге бой ұрып кеткен. Қателескен адамға Алланың кешірімі бар.

— Онда молда қате айтқаны ғой?

— Жоқ, молданың сөзі де дұрыс, бірақ мұны сен кейін, есейгенде түсінесің.

Ұлының бейкүнә сұрақтарына жауап бере отырып өзі торға түсіп қалғанын Имантай түсінді, өңгіменің ендігі жалғасы бұдан нәтижелі бола қоймасын білді, оның үстіне, енді аздан соң ұлына шарифаттың сабағын үйрететін молданы да ыңғайсыз жағдайға қалдырғысы келмеді. Сондай-ақ ол мұндай өңгімелер өзінің беделіне нұқсан келтіретінін де сезді: кішкене есейгеннен кейін-ақ ұлы бұл өңірдегі жұрттың бәрі қадір тұтып, білгіш санайтын әкесі шын мәнінде ақылдан ақсайтын бәтуа-сыз жан екенін ұғады. Баланың Бөкештен және ауылдағы өзге балалардан айырмашылығының өзі осында және мұны жалғыз Имантай ғана түсінеді, ал басқалар оны байқамайды әрі байқайтын жөндері де жоқ. Осы білгенін және кенже ұлына деген сенімін Имантай ешқашан жан баласына айтпайды, ал Қанышжан қанша оқимын десе де бар ықыласын соған аударатын болады. Жалғыз қорқатыны - кенжесінің оқумен тапқан жемісін жегенше Жаратқан иесі мұның кеудесіне аманат қып берген жанын алып-ақ қоятын шығар. Міне, ауыл балаларының өз құрбыларымен бірге молдаға баруы дейтін дағдылы оқиғаның ақсақалды сонша толғандыруының сыры осында. Әшейінде сараңдау қарттың бір тайды тойға арнап союға төртіп беріп, екінші бір тайға Нығметолла молда өз қолымен ен салсын деп байла-тып отырғаны да содан.

Тамылжып барып таң атты. Таңмен бірге Қаныш та тұрған. Қуанышы қойнына сияр емес. Бүгін ол үшін жаңа өмір басталмақшы. Молдаға, оқуға барады. Енді ол оқуды да, жазуды да Бөкештен кем білмейтін болады. Кеше, жұма күні, үй толы қонақтар болған. Бал татыған тайдың еті мен күзгі қымызға мелдектеген ақсақалдар кішкентай Қаныштың мұсылманша хат танып, пайғамбардың ілімін зерделеуде табысты болуына бата берісті. Жас-желеңдер жеке бөлмеде ойынды қыздырып, бөсекеге түсіп жатыр. Көрші ауылдың бір жігіті домбырасын безілдетіп, өлеңдетіп те жіберді:

*Жақсы әкенің баласы Қанышжаным,  
Осы болсын біліммен танысқаның.  
Ағаң берді батасын бүгін саған  
Түспесін деп қолыңнан әл-Құраның!*

Жұрттың бәрі күлген боп жатыр. Өлең айтқан жігіттің өзі де мөз. Осыншама шаттықтың мәнісін бала ұққан жоқ-ты.

Нұрым әже мен Әбсалам ағасының әйелі неше күн отырып тіккен су жаңа киімдерін киіп алған Қаныш тықыршып, өзін қоярға жер таппай жүр, ал әкесі таңертеңгі шайын асықпай ішіп, ештеңе болмағандай жайбарақат отыр. Ақыры ол алқанын жайып, қысқа қайырып бата жасады да “Аллау-әкбар” деп бетін сипады.

Нығметолла Имантайға өз үйінің алдында сәлем берді. Бұлар кіріп барғанда ауызүйде ауылдың оншақты баласы шоқиып-шоқиып, ұлардай шулап, берілген тапсырманы жаттап гуілдесіп отыр екен. Алыстау түскірге таман, басына бір парақ қағаз қыстырылған таяқшаны алдына ұстап Қаныштың досы Жұмаш отыр. “Бұл қағазы түскірді қайтсем екен” деп аңырған адамның кейпін танытады. Молда Қанышты қолынан алып алдыңғы бұрышқа, терезеге таман, өзі отырған қалың көрпенің жанына апарды. Қаныш түпкірге, Жұмашқа қарай жылысып кетпекші болып еді, молда қолын босата қоймады, зорлағандай етіп сол араға отырғызды. Молданың мұнысы - әрі би, әрі бір атаның үлкені Имантай қарияның ұлы деп өзіне құрмет көрсеткені екенін бала түсіне қойған жоқ. Нығметолла ширақ басып есік жаққа барды да ақсақалдың сыртқы киімін шешіп, оны басқа бөлмеге қарай бейімдеді. Үлкен кісіні таңертеңгі шайдан ауыз тигізбей қайтару әбестік болар еді.

Ақсақал мен молданың басқа бөлмеге шығуы мұң екен, балалар еркінсіп, жан-жақтарына алақтай бастады, бірақ молданың өзі бардағыдай қалыпты бұзбау үшін гуілдерін тоқтатқан жоқ. Қаныштың Кәрім ағасы дыбысын шығармай орнынан тұрып Имантайды молданың қалай қарсы алғанын айнытпай сала қойды. Бұл Қанышқа ұнап кеткен, бірақ бауырының одан кейінгі істегендері қатты көңілін қалдырды. Балалардың біреуі жаңағы көрініске күліп жіберіп еді Кәрім оған жетіп барды да мұрнынан ұстап, басын төмен тұқыртып “оқуға” мәжбүр етті. Молда жоқта Кәрімнің осылай құтырып кетегініне Қаныштың әп-сәтте көзі жетті: біреуін теуіп кетеді, екіншісін құлағы-

нан тартып кетеді. Қанышты күйдіргені: солардың бәрі мұны қалыпты нәрсе санайтын болса керек. Ендігі кезекте Кәрім тағы бір балаға шүйліге түсіп еді, анау әжет неме екен, “келсең-кел” дегендей ыңғай танытты. Тым астамсып кеткенін түсіне қойған Кәрім түк болмағандай барып орнына отыра қойды. Ол әсіресе Қаныштың түсі бұзылып кеткенінен айбынған. Осы бір жай-басар сумұрынды дегеніне көндірмек болып бұрын да талай әрекеттенген, бірақ ол өзінен күші басым Кәрімнің таяғын қанша жесе де бұған мойын ұсына қоймаған. Ақыры, мұның жаман үлгісі басқа балаларға да ауысып жүрер деп қауапайлаған Кәрім Қанышқа соқтығуын тоқтатқан еді. Ал, әшейінде сабырлы Қаныш мына әділетсіздікті көріп тұрып шыдай алмады. Әсіресе, онсыз да әрең отырған Жұмаштың Кәрімнен жасқанып бір уыс болып кеткенін көргенде Қаныштың үнсіз қалуы мүмкін бе? Бұл бөлмеде айқай-шу шығаруға болмайтынын ол бірден байқады, сондықтан бетімен кеткен Кәрімді төубасына келтірмекші болып үнсіз ғана орнынан тұрып солай беттеп еді, кенет есік ашылып, әкесімен молда шығып келе жатты. Әлгіде ғана таңертеңгі шайын ішіп шыққан Имантай ақсақал молда-екеңнің жаюлы дастарқанына көп қарайламаған болу керек.

Молда түсі сұрланып, қабағы түксиіп қайтып оралды да орнына отырды, жанталасып сабақ жаттаған оқушыларды бір шолып өтті. Кенет Қанышқа көзі түсіп, орнынан көтерілді де өзі отырған көрпенің астынан жіңішке тал шыбықты алып, дағдылы қимылы болу керек, балаларға сес көрсеткеннің ырымын жасап, шыбықты жанына қойды; содан соң тағы да көрпенің шетін көтеріп, ұшына қағаз қыстырылған таяқша шығарды - дәл осындай қағазды әлгіде, қолы дірілдеп, Жұмаш ұстап отырған болатын. Қағаз қыстырылған таяқшаны Қаныш қолына алды, оны қалай ұстау керегін ол білетін, өйткені молданың терезесінен талай сығалағаны бар еді. “Бисмиллә-ир-рахман-и-ррахим!”, - деп молда қолын жайды. Оқушылар да жалма-жан қолдарын жайған. “Жандарыңа қойыңдар!” - бұл сөз, сірә, таяқшаны қайда қоярға білмей дағдарған жаңа келгендерге арналған болу керек. “бисмиллә-ир-рахман-и-ррахим!” - деп молда бетін сипады. Оқушылар да соны қайталады. Осы “бисмиллә” құдайдың құлы, Имантайдың ұлы Қаныштың оқуы басталғанына бағышталғанын бәрі түсінді. Қағазда әліппенің әріптері жазылғанын Қаныш білетін, ал бірақ “әліппе” дегеннің

өзі араб алфавитінің алғашқы әріптері “әлиф” пен “би”-дің қосындысынан шығарылған қазақша сөз екенін ол кейін білді. Парақшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы тігінен тартылған таяқшаны “әлиф” деп атайтынын ол баяғыда-ақ Бөкештен сұрап қанып алған. “Осы таяқ неге әлиф деп аталады?” - деп сұраған ол бірде Бөкештен. “Өзің қандай кешесің,- деген ол міндетсініп. - Себебі, сенің атың Қаныш, менің атым-Бөкеш, жылқыны-жылқы, қойды- қой дейді!”

Жұмаш пен Қаныштан өзге оқушылар екінші және үшінші жыл оқып жүрген балалар еді, ал кейбіреулері тіпті төртінші жыл оқиды, себебі оқу миына кірмегендер молданың өзі күдерін үзгенше сүйретіліп жүре беруі тиіс. Балалардың бәрі кітап оқуға жеткен: біреулері жұп-жұқа “Иманшартты” ұстап отырса, енді біреулері одан гөрі қалыңдау “Әптиекті” айналдырады, ал Қаныш пен тағы бір бала Құранға көшкен. Бұл кітаптың бәрі Бөкештің қолынан өткен ғой, сондықтан Қаныш олардың аттарына әлдеқашан қанық болатын.

Қаныш пен Жұмаштың оқуы дағдылы түрде-ақ басталған еді. Әуелі молда айтты: “Әлиф. Кәне, Қаныш, Жұмаш, қайталаңдар, - деді де өзі өзге балаларға қарап: - Сендер ақырын оқыңдар,”- деп қойды. “Әлиф!”, - деп қайталады Қаныш пен Жұмаш. “Қайталаңдар! Айта беріңдер!” “Әлиф! Әлиф!” деп өзгереді Қаныш пен Жұмаш. Әуелгіде бұл Қанышқа қызық көрінді, ол тіпті рахаттанып көзін жұмған. Екеуі бір сөзді қанша қайталағанын білмейді, тізе бүгіп отыруға дағдыланбаған соң аяқтары да ұйып барады. Дес бергенде, молда бірнеше рет далаға шығып, оқушылардың аздап та болса аяқ-қолдарын жазуына мүмкіндік туды. Осындай “үзілістердің” бірінде Кәрім қарғып тұрып, молданың орнына барып отырды да шыбықты жоғары көтеріп: “Қаныш, Жұмаш, менің айтқанымды қайталаңдар!” - деді. Балалар қатты күле алмай, мырс-мырс етісті. Сол сәтте кіріп келген молда өзі жоқта Кәрімнің орнында отырғанын көрді де ләм деместен оны арқасынан шыбықпен осып өтті. Анау болса бір қайқаң етті де түк болмағандай Құранның оқуға кірісті. Бұл, сірә, үйреншікті дағдысы болса керек. Қаныш селк етіп, шыбық өз етіне тигендей тітіркеніп кетті, сол сәтте ол осындай жазаға тартылып масқара болатыны бар, тентектік не теңі екен деп көдімгі үлкен адамша ойлап та үлгерді.

“Иә, қалай, жаттадың ба?” деп сұрады молда Қаныштан. “Мен бұл қаріпті бұрыннан білемін”, - деді Қаныш. “Мен сенен білесің бе деп емес, жаттадың ба деп сұрап отырмын”. “Жаттадым. Әлиф...” деп Қаныш сарнай жөнеліп еді, оған Жұмаш ілесіп жүріп берді. “Енді екінші қаріп - би, - деді молда. - Көне қайталаңдар: әлиф-би, әлиф-би!” “Әлиф-би, әлиф-би”, - деп сұңқылдады Қаныш пен Жұмаш. Осы сұңқылдау, түскі тамақты есептемегенде, кешке дейін созылды. Түскі үзіліс тым қысқа екен, өйткенмен Қаныш тамағын ішкен соң асық ойнауға да уақыт тапты.

Оқудың алғашқы күнінен кейін-ақ Қаныштың молдадан сабақ алуға құлқы болмады, бірақ ол бұл туралы досы Жұмаштан басқа ешкімге айта алмайтын еді. Бірде Қаныш оқығысы келмейтінін, бірақ құдайдың сенімді құлдары ештеңеге қарамай, молдадан сабақ ала беруге міндетті екенін айтқанда Жұмаш не дерін білмей тұнжырап қалғанды. Бұдан соң Қаныш оған бұл турасында ештеңе айтқан емес.

Молда күн сайын бір әріптеп қосады да отырады, сабақ жаттау осыған дейін үйренген барлық әріптерді қайталап келіп, жаңа әріпті қосып атаумен шектеледі: “Әлиф-би-ти!”, “Әлиф-би-ти-си!”, “Әлиф-би-ти-си-жұм!” Барлығы 29 әріп. Бір айдың ішінде-ақ Қаныш өз парақшасындағы барлық әріптерді жаттап алды және молданың көрсеткен кез-келген әріпін жаңылмай айтатын болды. Жұмаш одан көп кейін қалып қойған. Молданың сабақ үйрету тәсілінен бе, жатталған әріптердің бәрі Жұмашқа күн сайын ұзара беретін жалғыз сөз сияқты көрінеді, сондықтан оның ішінен молда көрсеткен әріпке сай келетін кішкентай үзіндіні дәл тауып айту ол үшін қияметтің қиыны. Ол сасқалақтап, әлдеқайда ұзын үзінді айтып кетеді. Молда “ти” әріпін нұсқаса Жұмаш “ти-си” дейді, молда “ре”-ні көрсетсе Жұмаш “ре-зи-сын!” деп соғады. Молда қатуланып шыбығын көтереді, Жұмаш байғұс бір уыс болып, көзі боталап жүріп береді. Обалы көне, Нығметолла молда сес қылып шыбығын көтергенімен, табиғатында мейірімді адам ғой, қасақана істелген тентектікті болмаса, сабақ білмеген баланы жазаламайды. Ал, Жұмаш жуас бала болатын.

Қаныш досын аяды, сондықтан екеуара оңаша қалғанда өздері асық ойнайтын алаңқайға таяқпен әріптерді сызып, қиялына ерік береді:

— Бәрі мына “әлиф” дейтін таяқшадан басталады, - дейді ол. - Бұл өзі сиқырлы таяқша, көдімгі тірі нәрсе сияқты: қаласа, кез-келген әріпке айналып жүре береді. Хан мен сұлтанның нөкерлерін білесің ғой, мұның да сондай нөкерлері бар. Оларды біз нүкте дейміз, молда ноқат деп атайды. Міне, мына оң жақта шошайып жалғыз тұрған таяқшаны әлиф дейміз. Енді сол таяқша не кереметтер жасайтынын қара. Жантая қалып, екі ұшын сәл көтеріп нүкте-ноқатқа қарай жақындады дейік, ал ноқат дереу барып оның астына кіре қояды. Міне, былай... Енді бұл “әлиф” емес, маңғаз “би” болады. Байқайсың ба, ноқат қызметіне келіп еді, би болып, мырза атанып шыға келді. Енді ол ноқатқа арқа сүйеп, қайғысыз-қамсыз жата берсе де болады. Бірақ жата алмайды - айнала аңдыған жау. Міне, қара: ноқатын арқасына салып алып, тағы бір ноқатты көмекке шақырып еді “ти” болып шыға келді - “тиіп көр енді” деп жауларына айбат шеккені. Үстіне екі ноқат қорғаушы алып еді - күшеюін көрдің бе. Бірақ, қанша кереметсігенімен, дұшпандары дүмдірек болар деймін, қорыққанынан тағы бір ноқатты көмекке шақырды. Міне көрдің бе?... Бірақ үш ноқат бір таяқшаны шыдата ма, желкесінен басып: “Си!” деді. Сисең, бойың жеңілденеді деген ғой. Сөйтіп жаңа әріп пайда болады. Дегенмен, біздің таяқша да тегін емес, тентек ит қой: ноқаттардың мұншама желігіп доқ көрсеткеніне шыдамай, үшеуін үш жаққа лақтырып тастады да қайтадан бас көтеріп, жоғарғы ұшымен айбат шеккендей, міне былай, солға үмсынып, төменгі жағы жартылай шеңбер жасап, ұшын оңға сілтеп, әдепсіз ноқаттарды жаншып тастамақшы болып еді, олар бет-бетіне қашты, бірақ болбырлау біреуі мына жарты шеңбердің ішінде қалып, шеңбер жұмылды да “жұм” пайда болды. Енді былай: жаңағы екі ноқат қашып кетті, мына біреуі әлсіз сорлы болып шықты, сондықтан таяқшамыз көп тырыса бермей, шеңберін сәл босатып жарты шеңбер жасады да: “Хи-хи-хи!” деп ноқаттарды келемеждей қойды. “Хи” дейтін жаңа әріп осылай пайда болды...

Жұмаш аң-таң. Күн сайынғы жаттаудан әбден мезі қылған, сүйкімсіз көрініп біткен таяқшылар мен дәйекшелер көз алдында жанданып, жаңаша сипат алып, қызықты бір дүниеге айналып кеткендей. Жұмаштың толыспаған миына қона қоймай басын қатырып жүрген 29 иректің бүкіл мағынасы бірде жантайып, бірде шалқайып, бірде тікейіп сан құбылған жалғ-

ыз жылан таяқша мен оның қалауы бойынша әсте жоғалып, әсте пайда болып отыратын үш ноқаттың сиқырша түрленуіне келіп тіреледі екен. Оның әсіресе күлкисін келтіргені таяқшаның шалқайып жатқан қалпында оң жақ жартысы жоғары шошайған екі ілмек жасап, сол жағы төңкерілген үлкен иінағаш кейпінде келіп “сын” дейтін әріпке айналғаны еді. Бәрі аударылып-төңкеріліп жатқанда сынатын несі қалды десеңші! Ал енді ортасынан бір сынып, екі жағы ербиіп екі тарапқа жоғары қараған жәй ғана бұрыш “ламәсін” дейтін бәрінен ұзақ атқа ие болғанын көргенде тіпті күлкілі.

Аяқ астынан қиялының қанаттанып кеткені араб әліппесінің әріптерін досының тез ажыратуына және олардың аттарын жадына сақтауына қалай көмектескенін, өзі де ғылыми ақиқаттардың мәнін аңдауға бастайтын шартты ұғымдар мен белгілерді бейнелі түрде, ұғынықты етіп түсіндірудің үлгісін өмірінде тұңғыш рет көрсеткенін кішкентай Қаныш білген жоқ. Әрі өзінің миы жаңа нәрселерді бұған дейін көрген-білген, оқыған жайларымен салғастыру арқылы қабылдайтын, жаңаның мәні мен мазмұны оңай түсінетін және түсінгені мен түйсінгенін мәнерлеп, бейнелі түрде айтып бере алатын сирек қасиетке ие екенін де, ендігі жерде бүкіл ғұмыры бойы ғылыми ақиқаттарды өзгелерден бұрын қабылдап, оларын сондай бір жомарттықпен басқаларға да сыйлап, өзіне жанасқан кез-келген адамның бойында жаналық атаулыға, өмірлік проблемаларға дейтін жалыны қайтпас құмарлық отын жағатынын да ол білген жоқ. Ол және өзінің балаң пайымында қалыптасқан қарабайыр бейнелерді Жұмаш досына көрсете тұрып, соның өзімен-ақ Нығметолла молдадан бір бөс жоғарылап кеткенін білген де жоқ, сезген де жоқ. Тегі, ойсыз-түйсіксіз жаттаудың шеңберінен шығып көрмеген Нығметолла бейшарадан не сұрайсың: ол мұнысын пайғамбардың өзінен қалған сабақ оқыту үлгісі деп біледі әрі сол арқылы қазақ даласындағы қанша баланың білімге, білмекке деген құштарлығын туншықтарып, жалынын қайтарғанын қаперіне де алмайды.

— Ал, әліппені оқып үйрену қызу жүріп жатты. Әріптердің атын жаттаумен іс бітпейді екен. Жаттаудың мақсатына жету қиынның қиыны болып шықты. Ол арқылы молдалар балалардың тілін сындыруды көздейді, Құранның сөздерін мүкіссіз айтуға үйретеді десетін. Араб әліппесіндегі әлифтен басқа

әріптердің бәрі қатаң дыбысты. Әрбір әріптің айналасына тиісті белгілерін (қысқа сызықша, үтір) қойып, оны ұяң дыбысқа айналындыруға болады: би, ба, бо, бу; ти, то, ту, т.с.с. Бірақ, неге екенін кім білсін, осы буындардың өзін жаттамайсың, соларға тиісті бір сөздерді қоса жаттауың керек: бисін-би, бисін-ба; тисін-ти, тисін-та, т. с. с. Бұлайша жаттау мейлінше ұзаққа созылып жалықтырып жібереді, өйткені әрбір қатаң дыбысқа қанша ұяң дыбыс жалғанса, ол сонша рет оқылады, сөйтіп жатталатын әріптер мен белгілердің саны әлденеше есе өсіп шығады. Әрбір дыбыс жұмсартылып, қосарлана айтылуы да мүмкін, бұл үшін сөнин, тәштит деп аталатын белгілер қолданылады.

Қысқасы, Қаныштың сиқырлы жылан-таяғы үстінде немесе астында тұрған қосымша белгінің түріне қарай түрліше айтылып, өзгерумен болды. Үш айдың ішінде Қаныш осының бәрін жатқа біліп алды, ал Жұмашқа қиындау соқты, ол кейіндей берді. Көктем болды - Жұмаш өлі өліппеден шыға алған жоқ. Ал, Қаныш енді сөздерді қосып оқуға көшкен. Бұл бір естен кетпес қызық сәттер еді. Бірақ оның қуанышы жартыкеш болды, себебі Жұмашты аяды. Өзі жаттаған әріптердің кәдімгі сөзге айналатыны әрі тұрған орнына қарай өзге кейіпке түсетіні оған пәлендей әсер ете қоймады. Мәселен, сөздің ортасына түскенде әріптер қалшын сақтап жиырылмайды, аяқпен басып қалсаң құйрығын тастап қашатын кесірткеге ұқсап, басы мен құйрығынан айрылып, тек орта тұсы - негізгі тұлғасы қалады.

Келесі жылдың басында Жұмаш та оқудың мәнісіне түсініп, әріптердің бір-бірімен үйлесуінен қалайша сөз пайда болатынын ұғып, сөз ортасындағы аяқ-қолынан айрылған әріптерді де өзінің алғашқы бейнесінде танитын дәрежеге жеткенде Қаныш қалай қуанды десеңші.

— Қаныш! - деді молда қатқыл үнмен. Бала оң қолының алақанын көкірегіне басып, ілтипатпен басын иеді. — Сен мұсылмансың ба?

- Әлхамдилалла, мұсылманмын.
- Мұсылман екеніңе шәгім бар.
- Шәгіңізге шәхитім бар.
- Қандай шәхитің?
- Құдай-біреу, Мұхаммед оның елшісі.
- Қай кезден мұсылмансың?
- Әлмисақтан.

- Әлмисақтың мәнісі не?
- Адам жаратылғаннан бері.
- Иман деген не?

— Иман дегеніміз Алланың бірлігіне, Мұхамедтің әулие-лігіне күмәнсіз шын берілгендік.

- Кімнің құлысың?
- Бір Алланың құлымын...

Бүгін молда мен Қаныш жатқа айтып отырған “Иманшарт” осылай басталады. Осы бір кішкентай кітап балаға аса қымбат еді, сол бойынша ол араб әріпімен жазылған кез-келген кітапты оқи алатынын алғаш білген. Бұл кітапшада әрбір мұсылман баласы өзінің жүрегіне иманның нұрын бітеп нағыз діндар болуы үшін не істеуі керектігі айтылады, оның “Иманшарт” (Аллаға адалдықтың шарты) аталуының өзі де осыдан. Ол сұрақ-жауап түрінде жазылған, оларды әркім жатқа білуі тиіс. Сұрақтар мен жауаптар әуелі шәкіртті шын мұсылман екеніне, Аллаға сенетініне және оның пайғамбарының өсиеттерін бұлжытпай орындайтынына иландырады. Сұрақтар сан мәрте қайталанып отырады, ал жауаптардың мәнісі жауап беруші - Алланың құлы екеніне, өз сенімінің ешқандай күмәнсіздігіне тіреледі. Осы жолмен шәкірттің Аллаға және оның пайғамбарына сенімі бұлжымайтынын анықтап алған соң сұрақтар мен жауаптарды мұсылманның ақиқат жолынан таймауының шарттары баяндалады: намаз оқудың, дәрет алудың, ораза ұстаудың тәртібі, дін жолындағы әр адамның құрбандық беруінің жай-жапсары егжей-тегжейлі айтылады. Дауыстап оқығанда бұл кітап оғаштау көрінеді. Оның тікелей Құраннан алынған тұстарынан басқа сөздері мен сөйлемдері мағынасы жағынан түсінікті болғанымен ана тілін әдейілеп бұзып, мүкістендіру үшін, оқыған адамды таң қалдыру мақсатымен жазылғандай әсер етеді. Әрине, “Иманшарт” негізінен алғанда қазір ешкім түсінбейтін, ұмыт болған шағатай тілінде жазылғанын, осы тектес діни кітаптарға сол тілді қолай көретін түсінік болғанын кішкентай Қаныш білмейтін еді. Кей-кейде Қаныш “Иманшарттың” мазмұны бойынша сұрақ бергісі-ақ келеді, бірақ амал жоқ, қасиетті жазуларды талқылау - үлкен күнә, оларды тек жатқа біліп, мүлтіксіз орындау керек деген молданың сөзі бар.

Екінші жылға аяқ басқанда Қаныш “Иманшартты” жатқа біліп, Әптиек деп аталатын жаңа кітапқа көшкен. Молданың

түсіндіруінше, бұл қазақтың “тиек” деген сөзінен шыққан, яғни Құранды оқудың кілті дейтінді білдірсе керек. Шын мәнінде “әптиек” сөзі арабша “жетінің бірі” деген мағынаны білдіретінін молда білмесе керек. Бұл кітапша Құранның жекелеген сурелерін қамтып, оның жетіден бір бөлігіндей көлемде шығарылған еді. Әптиек мақаммен оқылады, арабша болғандықтан сөздері мүлдем түсініксіз, әйтсе де оларды аударуға және талдауға болмайды. Молда сөздердің дұрыс оқылуын, дауыстың жағымды, сазды болуын қадағалайды. Әптиектің кейбір сурелерін, мәселен, “Ясинді”, “Құлхуалланы” жатқа білу парыз. Демек, ендігі жерде Қаныш ата-бабаларының бейітіне барғанда олардың әруағына бағыштап, Алла мен оның пайғамбарына арнап дұға оқи алады.

Зират басында алғаш өзі құран оқығанда Қаныш шексіз қуанышқа кенелді. Нұрым әжесі екеуі үлкен ауылға барып, қайтар жолда аталарының қорымына бұрылған. Имантайдың інілері Жәмін мен Зейін тұратын үлкен ауылға барған сайын осында соға кету бұлар үшін әбден қалыптасқан салт. Қорымға жақындағанда Нұрым әже ізетпен тізе бүгіп, күбірлеп дұға оқиды. Қаныш та қатарласа отырып, шешесінің алақан жайғанын күтеді. Оның міндеті - Нұрым әжесінің істегенін қайталау ғана болатын. Ал бұл жолы әжесі ойда жоқта Қаныштың өзіне қолқа салды: “Қанышжан, сен де жігіт болдың, бірталай дұғаны білесің. Кәне, “Жасынды” оқып жіберші”, - деді. “Ясинді” әжесі бұзып “Жасын” деп айтты, бірақ оның бұл сөзді бәрібір дұрыс айта алмасын Қаныш біледі. Ол жүгініп отыра қалып, “Бисмиллә!” деп үлкен адамдарша алақанымен бетін сипап екі қолын тізесінің үстіне қойды да мақамдап дұға оқуға кірісті. Күн аяз еді, әжесі тоңа бастаған болу керек, қарды сықырлатып қозғалақтай береді. Ал, оның жұдырықтай ұлы екі көзін шарта жұмып алып, өзінің сыңғырлаған дауысына елтігендей құлшынып алған. Не оқып отырғанының мәнісін ұқпаса да, мұнысы Аллаға, пайғамбарға, әруақтарға түсінікті әрі ұнамды екеніне ешқандай шәгі жоқ. Дәл осы сәтте ата-бабалары (Сәтбай баба және басқалар) мұны ұйып тыңдап, осындай сауатты, діндар ұрпақтары үшін аса риза болып, жатқан жерлерінде бір-бір аунап түскеніне де ол әбден сенімді. “Жасынның” мұншама ұзақ дұға екеніне Нұрым әженің жаңа көзі жетіп отыр; бұрын мұның көзінше “Жасын” оқығандар иә оны түгел білмейтінін,

ие болмаса, жағдайға қарай, келте қайыра салатынын ол кісі қайдан білсін. Сол күні анасы мен баласы әруақтар алдындағы парызын өтегендеріне көміл риза болысып, үйлеріне көңілді оралды.

Оқудың екінші жылында, қысқа қарай, молда үйден Құран өкелуді бұйырды. Осыны естігенде Имантай ақсақал қуаныштан жарыла жаздады (тіпті Бөкеш те Әптиекті бұлай тез аяқтамаған болатын!). Қуанышына құтты болсын айтып Нығметолла келгенде ол өзінің дағдылы байсалдығынан өзгерген жоқ. Құран оқуға көшу шынында да ауыл өміріндегі айтулы оқиға саналатын. Ауыл молдаларының шәкірттері тіпті Құран оқуға жете қоймайтын, ал мықтағанның өзінде оқудың төртінші немесе бесінші жылында әрең жететін. Нығметолла молдадан дәріс алған ең қабілетті бала Бөкештің өзі оқудың үшінші жылы басталғанда ғана Құранға түскен. Сондықтан Имантай ақсақал кенже ұлының өміріндегі мұндай елеулі кезеңді атап өтпеуі мүмкін емес еді. Оның үстіне, үйде тағы бір адамның Құран оқитындай дәрежеге жетуі - Алланың нұры түскенінің белгісі. Тағы да қонақ шақырылды, Имантай мен оның үлкен ұлы Әбсаламның шаңырағына тағы бір шаттық орнап, қуаныш кернеді. Бірнеше күн бойы көрші ауылдардан қариялар келіп Имантайға қайырлы болсын айтысып, оның кенже ұлы Қанышқа саулық пен табыс тілеумен болды.

\*\*\*

Өкесі Қанышты көрші Шорман ауылындағы орыс мектебіне апармақшы болғанын естігенде сөзден есесін жібермейтін Ғазиза інісі бір іліп өтті:

— Бөкешжан даналық іздеп оңнан солға жүре-жүре ақыры адасып, солдан оңға қайта жүруіне тура келіп еді. Әйтеуір, құдайға шүкір, үш жылда үйірін қайта тапты ғой. Бірақ басында ештеңе қалмапты, әрі-бері жүргенде шашып алса керек... Енді Қанышжан да сөйтпекші, бірақ бұл Бөкештей тыз етпе емес, ұзақ жүретін шығар. Байқа, Қаныш, басы бүтін қалып қойып жүрме!

— Сандалмай отыр... Оңнан солға, содан оңға... Игі істің алдында адам солай сөйлей ме екен. Аллаға шүкір, Бөкешжан білімнен кемде емес - қазақша да, орысша да оқып, жаза алды, Құран оқыса осы ауылда алдына жан салмайды... Құдай аман қойса Қанышжан да ешкімнен кем түспес, - деп Нұрым әже тым жеңілтек қызын тыйып тастады.

Қызының сөзі Имантай ақсақалдың құлағына жеткенде ол іштей жымиды да қойды - өкенің аз сөзді қатал мінезі балаларына бұйырмаған, бәрі Әлима марқұмға тартқан өткір тілді, сөзшең. Өзі шыны да сол ғой: молда балаларды әрбір мұсылманның жүрегінде болуға тиісті даналыққа оқытып аспанға көтерді, ал орыстың мұғалімі оларды қайтадан жерге түсіріп, күнделікті өмірге қажетті білім берді... Бірақ ақсақал қызының аузынан кездейсоқ шыққан әзілдегі бір жайға мән бермеді: даналық сапарынан “қайтар” жолда оның кенже ұлы шынымен басы бүтін қалып қояды...

...Әкесі Қанышты әкелген жаңа молда бұларға көптен таныс. Ол - ауылға жиі ат ізін салып, құрбы-құрдастарымен әзіл айтысып, жата-жастана қонақ боп, өзінің іс-әрекеттерінің бәрін шүлдірлеген қазақшасымен әзілге бұрып сөйлейтін Гриша атты ноғай жігіті болатын. Бұған дейін Қаныш жазда ауыл-ауылды аралап жүретін Нұрислам дейтін жалғыз ноғайды білуші еді. Қаңылтырмен қапталған әйдік сандық пен Нұрислам жайғасқан үлкен арбаны жайлап сүйреген қарулы әрі жуас торы ат әдетте ілбіп келіп үйлердің ортасындағы қотанға тоқтайтын. Бұл ауыл үшін бір мереке: үлкен-кіші тегіс анталап, сандық толы сан түрлі, алуан бояулы ұсақ-түйекке - талайдан бері көкейлерін тескен бұйымдарына ынтығады. Қыздар жағы шашбауға, иіссуға ентелесе, әйелдер ине мен жіпті, түйме мен тарақты айналдырып жатқаны... Қаныш пен оның достары мәмпаси көмпитке мәз - ләззатын ұзағырақ созу үшін онысын ара-тұра ауыздарынан алып, сатал-сатал алақандарына қысып өбектеп-ақ жүргендері. Сөйтсе де, сауда пәлендей қыза қоймайды: ақшасы жоқ жұрттың алары да шамалы. Оны жақын маңдағы үйлердің біріне бас сұғып шай мен қымыз ішкен соң келесі ауылға жол тартып бара жатқан Нұрисламның салбыраңқы қалшынан анық байқауға болатын.

Ал, енді Бөкешке солдан оңға қарай оқып, жазуды үйреткен мына жаңа ноғай Қанышқа біртүрлі оғаштау көрінді. Оның ноғай екеніне баланың күдігі болған жоқ: бұл да қазақтың көп сөзін тура бақалшы Нұрисламша айтады екен. Бірақ бұл тамыр Андрейдің кіші баласымен неге аттас болатынын Қаныш ұқпады. Нұрислам деген - қазақтың, мұсылманның аты, бақалшы ноғай ауылға келгенде намазын қаза қылмайтыны, өлген-жіткен адамдарға арнап дұға оқитыны бекер емес қой. Гриша

болса мұсылманның дұғасын орысша қабылдайды: жұрттың бәрі Аллаға Құранның сөзін арнап қолдарын жайып жатқанда ол былқ етпей отыра береді. Оның сырын балаға әкесі түсіндірді: Нұрислам - мұсылман, біздің әділ дінімізде, ал Гриша - орыс дінінде деді.

— Неге орыс дінінде болады? Кәпірлерге сатылған жаман адам ба?

— Жоқ, жаман адам емес. Баяғының баяғысында оның аталарын орыс дініне зорлап өткізген ғой...

— Өзі неге біздің әділ дінімізге қайтып оралмайды?

— Болмайды ғой, бұл өзінің ата-бабасынан артық деймісің...

— Зорлап, көндірген кімдер? Орыстар ма? Демек, біздің тамыр Андрей сияқты емес, жаман орыстар болған ғой?

— Иә, зорлап көндірген. Жаман адамдар мен жақсы адамдар қай халықта да бар. Тегі, зорлықшылдың бәрі - жаман адамдар.

Осы бір қысқа қайырым әңгіме әкені де, баланы да маза-сыз ойларға шомдырды. “Зорлықшылдың бәрі - жаман адамдар”. Гришаны, оның ата-бабаларын аяғаннан Қаныштың көзіне жас үйірлді. Сауыт киген, мылтықпен және семсермен қаруланған, жирен шашты еңгезердей адамдар өзге біреулерді қанға бояп, мұздай суға лақтырып, содан соң зорлап шоқындырып жатқаны көзіне елестеді. Кәпірлер біреулерді шоқындыру үшін алдымен мұздай суға тоғытатынын ол жақында естіген: Нығметолла молда шоқындылар жас сәбидің өзін, өмір бойы кәпір болып қалуы үшін, мұздай суға малып алады екен деп өз үйінің алдында отырып, жастарға әңгіме айтқан. Содан соң Қаныш өзін аяды: тұп-тура кеше бұл Бөкеш ағасынан нахаққа таяқ жеген. Себебі болымсыз - әлде бірдемені ойлап кетіп доптан айырылып қалды да ағасының командасын қарсыластарына жығып берді. Бары сол ғана. Өз бауыры сондай зорлықшыл болса, кейін өскенде ол жаман адам болып шығатыны ма?

Әкесін еріксіз ойға батырған - баланың дін жайындағы аңғал сұрағы болды. Шынында, біздің дініміз шоқындылардың дінінен гөрі әділ болса, шыншыл болса және құдайға жағымды болса (ақсақал бұлардан басқа да діндер бар екенін білмеуші еді), онда, мәселен, мына Гриша сияқты ақыл-есі дұрыс адам өзі біліп баяғы бабаларының дініне қайта көшпейтіні қалай?

Оның үстіне, көптеген мұсылман туысқандары бар деп өзі айтушы еді ғой... Міндетті түрде зорлық болуы керек пе? Ескі аңызға қарағанда, біздің арғы аталарымыз да ежелден мұсылман болмаған, мұсылмандыққа күштеп кіргізілген дейді ғой. Сірә, дін біткеннің әмбесі өз мәнінде бірдей-ақ шығар, олар адамдарды бір-бірімен өмір-бақи жауластырып жүру үшін шығарылған болар дейтін күпір ойдан ол селт етіп, табанда төубаға келді. Бұл шайтанның ісі болар, деп ойлады ол, күнөдан пәк сәбидің аузына осындай қитұрқы сұрақтарды салып, менің өзімді күнәкар етпекші ғой деді. Сонымен бірге ақсақал кенже ұлының ерекше талабы жайындағы өз ойына тағы бір дәлел тапқанына қуанды. Табиғат берген дарын бақытқа да, сорға да бітуі мүмкін екенін ол жақсы біледі. Қанышжаным өмірден бақытын тапса екен деп жалбарынды ақсақал.

Әкесі Қанышты мектепке әкелгенде бала қатты састы: бұларды дала қазағынша киінген, өзін талай еркелетіп басынан сипаған қарапайым Гриша ағайы емес, бірде өзі Баянауылдағы жәрмеңкеде көрген, жұрттың бөрінің зәресін алатын урядникке ұқсас біреу қарсы алды. Мұғалім мемлекеттік қызметші саналатынын, сондықтан қызмет орнында ол арнаулы мундир киіп жүруге міндетті екенін бала қайдан білсін. Бұлар кіргенде партада отырған 10-12 бала орындарынан тұрып “Сәлематсыздар ма!” дегенін де сасқалақтаған Қаныш байқаған жоқ. Әкесі Гришамен не деп сөйлескенін де естімеді және оның қалай шығып кеткенін де байқамады. Гриша ағай дағдылы мейірбандығымен басынан сипап, партаға отырғызғанда ғана баланың жүрегі орнына түсті.

Осы күні болған нәрсенің бәрі Қанышқа таң көрінді. Бөкеш ағасының айтысына қарағанда мектеп Шорманның бір немересі Жаржанның үйіне орналасқан болса керек еді, ал әкесі оны тура сонда емес, неге екені белгісіз, әуелі Сәдуақастың үйіне ертіп барған. Рас, әкесі бұл ақсақалдың балаларды орысша оқыту жөніндегі басты адам екенін айтты, сондықтан міндетті түрде оның батасын алу керек екен.

Ол кезде қыр еліндегі ең басты мұғалім молда болатын, сондықтан жұртты оқытқанның бәрі “молда” аталатын. Жаңа молда Гриша ағайдағы жағдайдың бәрі бұрынғы Нығметолладағы қалпынан өзгеше екен. Оқушылар отыратын мына ұзын үстел-парталар да, үш бала қатар сыйсатын ұзын орындықтар да

өзгеше. Екі жыл бойы молданың алдында жүгініп отырған бала партаның ыңғайлы екенін бірден байқады; ал Гриша ағай алдына әкеп жақсы ұшталған қарындаш, дәптер және қызықты суреттері бар кітапша қойғанда бойын бүкіл өмірінде есінен кетпейтін қуаныш сезімі биледі. Мұндай кітапша мен дәптерді ол Бөкештен де көрген, бірақ Гриша ағай оларды мұның өзіне арнап әкеп, өзінің алдына қойғаны мүлдем басқа әсер туғызады екен. Гриша ағай кітапшаны ашып, суреттерін көре бер дегенді айтты. Кітап та, ондағы суреттер де Қанышқа таныс болатын, сонда да ол кітапты парақтауға құлшына кірісті, өйткені бұл енді өзінің кітабы еді.

Жаңа молда басқа оқушылармен айналысып кетті, ал Қаныш, кітабын парақтай отырып, Гриша ағайды да назарынан тыс қалдырған жоқ. Онын Нығметоллаға ұқсайтындай ештеңесі жоқ: ешкімге зекімейді, доңайбат жасамайды, бірақ сабақ сұраған оқушысының қай-қайсы да орнынан тұрып жауап береді екен. Көбінің жауабы Қанышқа мүлдем түсініксіз, яғни орысша, ал кейбіреулері, сірә, әлі жаттығып үлгермеген болса керек, орысша да, қазақша да сөйлеп, орысша айтқандарының мағынасын қазақшамен түсіндіріп жатыр. Гриша ағай келіп өзіне бірдеңе айтқанда ол жаңа молданың бетіне қуана өрі таңдана қарап отырған еді. “Қаныш, мен саған бірдеңе айтсам, орныңнан тұруың керек, - деді Гриша ағай жылы сөйлеп. - Есіңде болсын, мен молда емеспін, мұғаліммін. Мені бұрынғыша Гриша ағай десең де болады, бірақ дұрысы - Григорий Васильевич. Қайталашы”. “Грыгор базилиш”. Балалардың бірі мырс етіп қалды да Гриша ағайдың қатал көзқарасынан жым болды. “Сен дұрыс айтқан жоқсың, - деді Гриша ағай, - Себебі орыс емессің. Мен қазақ емеспін, сондықтан қазақтың тілін білсем де сөздерін татаршаға бұрып айтамын. Әрине, қазақшаны дұрыс айтуға тырысамын, бірақ мен ересек адаммын, тілім қатып кеткен. Ал сенің тілің икемді, орысшаны тез үйреніп кетесің. Бөкеш дұрыс сөйлейді, үйде жүргенде содан үйрене бер”.

Қаныш енді орыс әліппесін жаттап, молдадан көрген азапты мұнда да көретін шығармын деген. Бірақ ондай ештеңе болған жоқ. Гриша ағай тақтаға бормен дөңгелекше сызып, оған оң жағынан жапсарластыра тік сызық тартып, астын сөл оңға иді де “а” деді. Қаныш “а” деп қайталап еді дауысы тым қатты шығып кеткенін сезді. Балалармен бірге Нияздың тауына ба-

рып осылайша “а-а”... деп айқайласа дауыстары шыңнан шыңға жаңғырып қайта оралғанын қызықтаушы еді. “Сенің бұрын “әлиф” деп жүргенің осы, біз оның сөз ішінде қалай естілетінін ғана айтамыз”, - деді Гриша ағай. Содан соң тақтаға бір дөңгелекше жазып, оның оң жағынан жоғары қарай сызықша салды да ұшын қайырып қойды. Сол арада Қаныштың байқағаны: екі әріпте де сызықша оң жағынан қайырылды, орыс әріптерінің солдан оңға қарай жазылатын болғаны ғой, “Бә”, - деді мұғалім, Қаныш қайталап айтты. - Бұл шамамен сенің “би” дегенің есепті. Сонымен, Қаныш, сен орыстың “а” және “б” дейтін екі әрпін білдің. Енді бұдан қандай сөз құрауға болатынын қара. Мәселен, “баба” деген сөз. Қазақ үлкен атасын, оның атасын “баба” дейді. Келесі әріп - “в”, қазақ тілінде ол жоқ. Оған біз кейін ораламыз. Ал “г” әріпінің жазылуы арабша “ха” әрпіне ұқсас. Кәне, айтып көрші”. Қаныш айтып еді, дұрыс шықпағаны мұғалімнің түрінен байқалды. “Қаныш, сен бұл әріпті көмейден айтасың, олай етпей, тілінді таңдайына тигізіп айтып көрші. Міне, солай. Көрдің бе, еш қиындығы жоқ. Қандай сөз құрсақ екен? Кәне, маған “аға” дөші. Дұрыс, ештеп орысшалау, бірақ жаман емес. Енді осы үш әріптен сөз құрап көрейік. Сөз басқаша айтылатын “баға” деген сөз бар ғой. Қарашы, әрі қызық, әрі оп-оңай!”

Шынында, әрі қызық, әрі оңай. Біріншіден, орыс әріптерінің арабшадағы сияқты алабөтен аталуы жоқ екен. Екіншіден, олар сөздің ортасында яки аяғында тұрсын мейлі, жеке таңбаланғанындай жазылады. Оның есесіне орыс әріптерінің барлығы дерлік бас әріп болып тағы бір тұлғада жазылады екен, бұл арабшада жоқ еді. Осындай азын-аулақ ерекшеліктерінің бәрін Қаныш тез игеріп алды да бірінші аптаның соңында-ақ “Русско-киргизский букварь” дейтін әліппені оп-оңай оқып, түсінбеген жерлерін әкесі мен Бөкештен сұрап, олардың да әбден зықысын шығарды. Арабшаның абжадындай емес, орыстың есебі де оңай болып шықты. Есептің төрт амалын ол небары екі айда біліп алды.

Орыс-қазақ мектебінде оқығанына екінші жылға аяқ басқан. Қаныш мұғалімнің алдында құлшынып, дауысы саңқылдап өлең оқып тұр:

*Уж небо осенью дышало,  
Уж реже солнышко блистало,*

*Короче становился день,  
Лесов таинственная сень  
С печальным шумом обнажалось, -*

дей келіп, енді қырдағы күз бен орыс ақыны суреттеген күздің қандай ұқсастықтары барын айтқалы оқтала бергенінде есік ашылып, добалдай ұлы Көшекті ертіп белгілі Айтқожа ақсақал кіріп келді. Көлдей күпісін сыртынан жалпақ белбеумен байлаған ұзын бойлы қария мен оның өзі сияқты еңселі, сүйегі ірі баласы бөлменің жартысын алып кеткендей. Айтқожаның ауылы Шорман ауылынан сегіз шақырымдай қашықта, Ащысудың Сәтбай қыстауынан жоғары бойында қыстайтын. Балалар тегіс орындарынан тұрып, есік жаққа қарай қалысты. Гриша ағай ақсақалға қарсы барып, қазақша қос қолын ұсынып сәлемдесті. Көшек те қарап қалмай күректтей қолын Гриша ағайға ұсынды.

— Әй, Гриша, - деді қарт самбырлап, - сен мұсылман балаларын оқытқанда бұлардың бойына көпірдің ұрығын дарытып жүрмейсің бе? Сырты мұсылман, іші көпір бірдеңе болып шықпай ма, әйтеуір?

— Жоқ, Айтеке, олай болмайды, - деп жымыды Гриша ағай. - Қараңызшы, менің шөкірттерім мұсылман емес пе? Мен мұсылмандарға орысша оқып, жазуды, орысша сөйлеуді үйретемін. Ол өмірге керек...

— Бұрнағы күні біздің үйге Сәдуақас мырза келе қалды. Мына жаман, - деп қария қамшысының сабымен Көшекті иығынан түртті, - тамақтан соң дұға жасап еді, мырза: “Балаң пайғамбардың сөзін дұрыс айтады екен, Құранды өзі оқи ма?” - деді. “Өзі оқиды, молда оқуына риза. Ауылда Құран оқитын жалғыз осы”, - дедім. “Онда мұны орысша оқыту керек болды ғой, біздің мектепке барсын-дағы”, - деді мырза. “Ау, мырзаке, бұл орысша оқи ала ма?” - десем, мырза: “Әрине, оқиды!” - деп болмайды. Сол арада: “Сіздердің мектепте Шорман мен Сәтбай әулеті оқушы еді ғой. Бізге орын табылар ма екен?” - дегім келіп бір тұрдым. Несін жасырайын, біздің атамыз Құл бүгінгі Шорман мен Сәтбай балалары тараған бір атадан тараман па еді, Мырзағұл мен Жәдігер сол атамның бірге туған бауырлары емес пе еді деп ойладым. Ендеше Құлдың ұрпақтары да орыстың оқуын білсе артық бола ма? Сол үшін Сәдуақас мырзаның ризашылығымен мына жаманды әкеп тұрмын. Ендігі ырық өзіңде, Гриша шырағым, ал да керегіңе жұмса - еті сенікі, сүйегі менікі.

— Жоқ, ақсақал, тым кеш боп қалды, біз оқығалы бір ай болды. Биыл реті келмес, келесі жылы болмаса...

Неге кеш болатынын қария түсінбеді. Оның білуінше, оқу мен оқытудың ерте-кеші болмаса керек. Мұғалім құр қол келгеніме кергіп тұр деп ойлады ол.

— Уай, Гриша, қойсаңшы сондай сөзді. Қалаған уағында ауылға кел де таңдаған тай-құнаныңды мініп кет. Құл балаларының Мырзағұл ме Жәдігер балаларынан бір-ақ айырмасы - біз алуды білмеппіз, ал беру жағынан олардан кем соқпаймыз. Баланы ал да оқыта бер.

— Жоқ, ақсақал, маған ешқандай тай-құнанның қажеті жоқ. Мен мемлекет қызметіндегі адаммын, мемлекеттен ақшалай жалақы аламын. Мына мектеп те мемлекеттікі...

Бұл қарттың күтпеген сөзі екен, таңырқағаннан басындағы тымағын жұлып алды. Мемлекеттікі болатыны қалай? Сонда мына мектепті ашып, ие болып отырған ақ патшаның өзі болғаны ма? Түсінсе бұйырмасын. Тегі, мұның иесі Сәдуақас болмағаны ғой? Ендеше мектептің Шорман үйінде отыруы қалай?

Қарттың айран-асыр жағдайын түсінген Гриша сөзін жалғады:

— Былай ғой, ақсақал... Менің кигенім - мемлекеттің киімі, мен мемлекет қызметіндемін. Мектеп қазынаның ақшасына жалданған үйде отыр... Бірақ Сәдуақас мырза осы мектепті ұстауға жауапты адам болып есептеледі, сондықтан қажет болғанда бізге көмектесіп отырады.

— Уай, Гриша, мен ұқтым, сен ақ патшаның адамы екенсің. Қазына адамының сыйлық алмағанын көріп тұрғаным осы. Анау үрәднік дегенге бере берсе - түйені түгімен жұта береді... Тай алмасаң ат ал, бірақ бала осында қалсын.

Ақсақал атаған сыйлығымды орыс молдасы олқысынды-ау деген ойынан қайтқан жоқ. Сонымен бірге ол мектептің Шорман әулетіне емес, қазынаға қарайтынына қуанып, баласының қалайда осында оқығанын қалады.

— Жарайды, ақсақал, балаңыз қала берсін, бірақ сізден тай да, ат та алмаймын, ниетіңізге рахмет.

— Уай, Гриша, молдаға бірдеңе бермесең балаңды жарытып оқытпаушы еді... Мен сенен ештеңемді аямаймын, ал сен менің Көшегімді орысша сөйлеуге үйрет, өз қолымен жолқағаз жаза алатындай етіп оқыт. Әйтпесе бар ма, біз қарап жүріп жем

болады екенбіз. Былтыр Керекуге бардым, ешқандай жолқағазым жоқ еді, үредік ұстап алып “ұрысың” деді. Аузын майлап әрең құтылдым емес пе...

Гриша мәз бола күліп, ақсақалмен қоштасты, ал ебедейсіз әрі добалдай Көшек түймедей Қаныштың қасына барып қонжиды. Түнжырап, көзінің астымен мұғалімге жасқана қарап қояды. Күректтей қолдарын қайда қоярын білмей біраз қипақтады да ақыры үстелдің астына қарай тығып тынышталды.

...1927 жылдың жазы еді. Көшек мал сатып, ол-пұл керегін алу үшін бірнеше жолдастарымен бірге ауылдан Ақмоланың базарына келген. Бұл Айтқожаның қартайып, үйдің бар шаруасын Көшек өзі басқарып, бірте-бірте ауылдың бас көтерер азаматына айналған кезі болатын. Базаршылар уездік кеңселердің бірінде істейтін таныс қаржастың үйіне түсті. Көшек үй иесінен Қаныш жайында сұрап еді, ол Қаныштың инженер екенін, біраз орыстарды басқарып, мәшинемен дала кезіп, әлде күміс, әлде алтын іздеп жүргенін айтты. Арақідік Ақмолаға келіп, өздеріне азық-түлік, мәшинелеріне жанар май мен жағар май алып кетеді екен. “Естүімше, қазір өзі осында болса керек”, - деді үй иесі. “Апыр-ай, соған қайтсем жолығар екем?!” - деп Көшектің дегбірі кетті. “Оның еш қиындығы жоқ, - дейді үй иесі. - Келген сайын қайда түсетінін білемін, таңертең ертіп апарайын, тура менің жұмысқа баратын жолымда”.

Көшек түнімен бала күнгі қызықтарын еске алып жөнді ұйықтай алған жоқ. Ертеңгі шайдан соң үй иесі оны қаланың шаңы бұрқыраған көшелерімен бастап апарып қаңылтыр шапырлы үлкен үйдің жанына тоқтады да қақпаны нұсқады. Көшек қақпаны ашқанда аулада бірнеше жүк мәшинелері тұр еді. Өздігінен жүретін арба дейтін кереметті бұрын көрмеген Көшектің көзі атыздай болып, қақпа табалдырығынан әрең аттады. Бір мәшиненің үстінде әлденелерді қозғап, реттеп тұрған ұзын бойлы, тарамыс денесі күнге тотыққан адам көзіне оттай басылды. “Қаныш!” - деді Көшек. Анау бойын тіктеп, Көшекке қараған күйі сөл кідірді де, мәшинеден лып етіп түсіп, асықпай басып мейманға қарсы жүрді. Қолын ұсына беріп Көшекті тани кетті де жалма-жан құшақтай алды. Көшек те сөйтті. Сом денелі екі жігіт “Көшек, сенбісің?!” , “Қаныш, сенбісің?!” деп қайта-қайта айқайлап, бірін-бірі әбден сілкіледі.

— Қақпаға кіріп келе жатқан теке сақал кім десем, сен екенсің ғой, Көшек! Кеше жұмыс қауырт болып еді, жолдастарым әлі ұйықтап жатыр. Самауырынның қайнап тұрғаны мынау. Екеуміз қазір шай ішеміз, - деп Қаныш арқа-жарқа.

— Мен жаңа ғана ішіп ем. Рахмет, Қаныш.

— Рахметінді кейін айтарсың. Бұрынғылар: ертеңгі асты тастама, кешкі асқа қарама демеп пе еді. Жеңгеміз тәуір адам еді, тастап кетіп жүрер. Айтпақшы, балаларың нешеу?

— Аллаға шүкір, екі жаманымыз бар.

— Аз екен. Жаңа өмір басталып жатқаны мынау, оған көп-көп жігіттер керек. Баланың көп болғаны дұрыс.

— Алланың бергені болар. Кейінгілерге, мына саған үміт арттамыз да, Қаныш. Әкең сенің қыпшақтармен құда бола беруші еді, сен құрығыңды одан да әріге тастап, бізді үлкен халықпен құда қылдың. Тек енді солар жігітіміздің өзін алып кетпесе болды ғой, - деп, Қаныштың орыс қызына үйленгенін естіген Көшек дағдылы қыршаңқылығына бағып бір қағытып өтті.

— Әй, Көшек-ай, талмау жерден ұстадың-ау, жарайсың! - деп рахаттана күлді Қаныш. - Бірақ келінің - жақсы адам.

Өз қандасыңа үйлену міндет пе - әйелді өзге жұрттан алсаң тұқымың тазарады, ұрпағың жақсарады... Ал бауырыңды ешкім меншіктеп өкетпейді, оған қорықпай-ақ қой. Қазіргі өмір ағымында әркім өз халқын, өзінің ата-бабаларын мақтан ете алады. Сондықтан, өзің көріп тұрсың, мен мына мәшинелерді мініп, ата-бабадан қалған өз жерімді шарлап жүрмін. Мені осы жерден айырып өкетер кім бар?

— Құдайым саған саулық берсін, Қаныш. Сені бәріміз жақсы көреміз ғой, бірақ сен туралы алыпқашты сөз көп.

Екеуі тақтайдан долбарлап жасай салған ұзын үстелдің бір шетін ала отырды да, үй иесі әйел үстел үстіне самауырын мен түрлі тағамдарды жайғастырып болғанша Қаныш туған-туыстары мен ауылдың жағдайын сұрастырды. Әңгіме үстінде ол үстелге қойылған шұжықты білдірмей Көшекке қарай жылжыта қойып еді, Көшек одырая қарап:

— Бұл не, маған жылжытып отырғаның? - деді.

— Мұны орысша колбаса дейді, қазақша - шұжық. Білмейтін бе едің? Жей бер.

— Жемеймін. Бұл - көпірлердің тамағы. Сен көпірге күйеусің ғой, сен-ақ же. Мені зорлама.

— Жесеңші, мұнда шошқаның дөнеңесі жоқ.

— Шошқа болмаса да көпірдің қолынан ас ішуге болмайды. Мұсылманның қолымен сойылмаған малдың еті - харам. Оны өзің де білесің. Мені күнәкар етпе, Қаныш!

Қаныш қылжақтауын қойды: байқайды, досының діндарлығы қалжыңсыз сияқты. Ал Көшектің байқағаны: Қаныштың ұйқыдан тұрған серіктері онымен сыпайы амаңдасып, Көшекке де төжім етісіп, жуынып-шайынып, үстел басына да ізетпен отырып, бұлардың әңгімесін бұзбай үнсіз ғана тамақтанып жатыр. Қанышты бәрі қадір тұтатыны байқалады. Мұнысы Көшекке ұнады.

— Бері қара, Қаныш! Біреулер сені ғылымның жолын қуам деп диуана болып кетіпті деседі, енді біреулер қазақ баласының бірде-біреуінің қолынан келмеген оқудың түбіне жетіпті, жақында қазына үйлерінің ең мәртебелі биігінде отыратын болыпты деп дүрілдетеді. Осының қайсысы рас? Сені көрісімен тіпті жаным ашыды: әбден жел қағып, ернің жарылып, арықтап бітіпсің. Бұрын байлардың жалдамалы пішеншілері осындай болушы еді. Ал енді қарасам, үйден шыққан сақалды-сақалсыз орыстардың бәрі сенің алдында бәйек қағатын сияқты. Демек, оларға сен үлкен адам болғаның ғой. Сен дала кезіп, алтын мен күміс іздеп жүр екен деседі. Тапқан бірдемең бар ма? Өзіңе бірдеңе қала ма?

— Дұрыс айтасың, Көшек. Ойсоқты болған жан пендешілік қам-қарекеттен толайым қол үзіп кететіні рас. Кітап - ойдың ордасы ғой, үнемі оқумен болатын адам, шынында, жұрт көзіне епенде көрінетіні бар. Мен де ауылға барсам болды, айналадағы тірліктің бәрін ұмытып, кітаптан бас алмайтын едім ғой. Сонда-ақ біршама диуана атанғанмын. Ал енді, ауыл тірлігінен мүлдем алыс кәсіпке айналған соң, нағыз диуана көрінетін шығармын сендерге. Мен институт оқып түгестім, демек, жоғары білім алдым. Ал біздің қазақта жоғары білімге жеткендер бірен-саран ғана. Олай болса, өзгелерден гөрі мойным озық екені рас. Соған сай, қазынаның үйінде жұмыс істеймін, бірақ аспандап кетсем дейтін ойдан аулақпын. Маған мынау далада да жұмыс жетерлік. Қаныш досыңның не білетініне келсек, саған айтарым мынау... Жо-жоқ, сен басыңды шайқама, мені бір әумесер екен деп те ойлама. Кісімсіп отырған да дөнеңем жоқ. Сеніңше, Қаныш институт бітірген екен, оның білмейтіні жоқ, енді

оған оқудың қажеті шамалы дейтін шығарсың. Ғылымның шеті мен шегі болмайды, досым. Біле білсең, мен енді-енді, институт бітірген соң ғана, оқудың дәмін алғандай боп жүрмін. Тек ендігі менің оқуым үстел басында емес, жұмыс үстінде өтпекші. Байқадың ба, мәшиненің кабинасында беті ашық бір кітап жатыр. Қазір оқып жүрген кітабым. Ал сонау жәшік - тола кітап. Әрі жұмыс істейміз, әрі соларды оқып білімімізді көтереміз. Байқаймын, саған таң сияқты. Таңдана бер, бірақ есіңе сақта... Айтпақшы, Көшек, екеуіміз мектепке қалай барып, қалай достасқанымыз есіңде ме? Қабілет жағынан кенде емес едің ғой, сен де мен сияктанып институт бітірер ме едің, кім білсін. Әлі есімде: еңгезердей боп, ыржия күліп келіп менің қасыма отырғансың. Сонда-ақ сенің алғырлығыңды бірден байқап ем-тақтаға орыс әріптерін тізіп, олардың қатарына арабшасын жазып, таңдайың тақылдап тұрып жауап бергенсің. Ересектігімді мойындадың ба, ара-тұра менен сұрап та қоясың. Мен соған мәз болдым, сені бірден төуір көріп кеттім. Есіңде ме, алғашқы күні-ақ бәрімізді ауылыңа қонаққа апарып ең ғой. Сондағы сенің әкең күні бүгінгідей көз алдымда: әліппені қолына алып, ебедейсіз саусақтарымен ашып қарап, адамдар мен малдардың суретін көріп қайран қалып еді-ау. Әлден соң, жан иесінің суретін кескіндеу шайтанның ісі екені есіңе түсе кетті білем, кітапты былай ысырып тастап, Алладан кешірім сұрағаны бар-ды... Қазір мен мына мәшинелермен туған жердің төсін шарлап, сен айтпақшы, алтын-күміс іздеп жүрмін. Солай жүріп, ара-тұра балалық шақты, өзіңмен бірге өткізген шәкірттік күндерді еске алатыным бар... Енді біз жаңа өмір орнатып жатырмыз, ал оны орнату үшін оқу керек, көп әрі жақсы оқуымыз керек. Біз болсақ аз оқыдық, нашар оқыдық. Жаман болайық дегеннен емес, әрине. Мысалы, біздің Ақкелін болысындағы жалғыз мектепте он-он бес бала болдық, қыздар тіпті оқыған емес. Мыңдаған ұл-қыз мектеп көрмей, қараңғы қалды ғой... Сен айтарсың бірталайы молдадан оқыды деп... Бірақ солардың көбі әліпті таяқ деп білмей, ақ кеткенін өзін білесің... Қайта, екеуіміздің жолымыз болды - орыс-қазақ мектебіне бардық. Әйткенмен, бізді де қай жарытып оқытты? Әбден қарашаға қарай, ел жайлаудан түскенде мектепке барып, ерте көктемде, қыстаудан көшкенде сабақты доғаратын едік қой. Небары жарты жылға толартолмас. Біз оқыған мектеп 1904 жылы ашылған екен. Оны ашқыз-

ған да, ұстап тұрған да Шормановтар деп саналатын. Есіңде болар, Гриша ағай мектеп мемлекеттікі дегенде сенің әкең қайран қалып еді ғой. Қазақ даласындағы оңдай мектептер шындында патшаның рұқсатымен ашылған екен, орыстың игі азаматтары ашпасына да қоймаса керек. Әрине, Сәдуақас бастаған Шорман балалары да осындай бір мектептің болғанын қалаған ғой. Марқұм Сәдуақас ақсақал оның құрметті қамқоршысы саналатын әрі сонысына орай мектеп ісінің өркендеуіне қамқорлық етуге тиіс еді. Содан қалай болды дейсің ғой? Алғашқы жылдары ол кісі мектепке жиі барып, сабаққа қатысып, үстелдердің, орындықтар мен тақтаның дер кезінде жөндеуден өтуін тексеріп, мектептің керек-жарағы үшін мұғалімнің қалаға шығуын қадағалап, құрақ ұшып-ақ жүретін. Бергін келе соның бәрі ұмыт болыпты - оны маған Гриша ағай айтты. Ал бірақ Шорман балалары мектепке үй-жай бердік деп қазынадан пәтер ақы алып тұруды ұмытпағанын қайтерсің. Есіңде ме, оқу жылы басталғанда 18-20 бала сабаққа отырсақ, жыл аяғында небәрі 10-12 бала қалушы едік қой. Ұдайы солай болатын. Сондықтан жыл сайын мектепті екі-үш адам ғана бітіруші еді. Енді қалай: оқитындар негізінен Шормановтар мен Сәтбаевтар ғана, өзгелердің қыстауы ат шаптырым алыста. Күн сайын мектепке қатынап көр. Оған тек сенің ғана жүрегің дауалайтын, өйткені басқалардан гөрі ересек болатынсың әрі әкең Айтекең де сенің өз қолыңмен жолқараз жазып бергеніңді бір көруді арман етуші еді. Ал Шормановтардың үйінде жатақ жатып оқимын деген адам солардың құлағы кесік құлына айналатын. Ондайға оқу қайдан қонсын... Әйтсе де асып-тасқан Шорман балалары мен солардай болмаса да жетеқабыл Сәтбай балаларынан басқа Иманбайдың екі жетімегі Аушахман мен Мұқан, Айдостың ұлы Жақия сияқты өмірі бүйірі шығып ас ішпейтін, иіні бүтін киім кимейтін жарлы-жақыбайлар да оқыды ғой. Сол бейшараларға бүйрегіміз бұрып, жанымыз аши қойғаны менің есімде жоқ. Әркімнің маңдайына жазылғаны солай деп ойладық білем... Бірақ есімде мықтап қалғаны: қарны тоқ қамсыздар сабаққа салғырт келетін, ал аш-арықтар тырмысып жақсы оқитын...

Біздің оқуымызға үлкендердің көзқарасы да қызық еді ғой. Мысалы, өз әкем менің оқып адам болғанымды өте-мөте қалайтын. Сөйте тұра, кей-кейде балалық істеп сабаққа бармай қалсам, оған қыңқ демейтін. Сонда өзгелердің ата-аналарына не

дерсің. Тегі, қыр қазағы оқуды лайықты бірдеңе деп санамаған болу керек. Өйткені, көргені сол, салт-санасы солай. Сондықтан Гриша ағай қанша өуреленсе де, біздің мектептегі оқу үлгерімі керемет боп кете қоймады. Сәдуақас ақсақал бас қосқан жердің бәрінде жұртты аузына қаратып, оқу-білімнің пайдасы туралы талай насихат айтқанын көрдік. Замананың мынадай аңғарында баланы “өтпекеттікке” немесе мұғалімдікке емес, агрономдыққа, дәрігерлікке, инженерлікке оқыту керек деп тілін безегенде, жарықтық, бір мүдірмейтін ғой. Ал ол үшін өзі қамқоршы боп жүрген болыстық мектептің жағдайын түзеу дейтін ойына да кіріп шықпайтын. Шыны керек қой, Шорман балалары болыстық жөне ауылдық денгейдегі билікке таласқанда, ас пен тойға мал шашып абыройын асырғанда дүниенің бетіне қарады ма? Сөйткен мырзалар, ішіндегі жөн білері Сәдуақас ақсақал болып, мектепке жеке үй салып беруге келгенде сараңсып-ақ қалатын еді ғой. Оның қайсыбірін айта бересің... Орыс-қазақ мектептері туралы ереже бойынша біздің мектептің сабағы жайлауда да үзілмесе керек еді. Ол үшін осы үлгідегі мектептердің арнаулы киіз үйі, орындық-тақталарын көшіріп жүретін арнайы көлпі болса керек-ті. Біздің қамқоршы атамыздың оған да зауқы болмаған... Зауқын айтамын-ау, ол кісі, тегі, оқуға ұдайы көңіл бөлу керегін білмеген бе деймін. Бұған келгенде ақсақалдың сөзі таудай, істеген ісі тарыдай болған сияқты. Революцияға дейін ондайлар орыс арасында да аз болмаған сияқты - оны біз орыс кітаптарынан оқып білдік. Қайта мұғаліміміз Григорий Васильевич Терентьевке мың да бір рахмет - Қазанның шоқынды - татар мектебін ғана бітірген азынаулақ біліміне қарамастан оның бізге бергені аз емес. Балаларды бар жан-тәнімен оқытушы еді ғой. Сірә, сен, Көшек, Гриша ағайдың мектебін түгеспей кеттің білем?

— “Бес жасар бие, түсі ала, он жағына жығылған жалы бар, Ақкелін болысының қазағы Айтқожаның ақ-адал малы” деген сияқты жолқағаз жазуға шамам келетінін көрген әкем, баласының білімі асты деп ойлаған болу керек, мектепке мінетін атынан аударып алды ғой. Оған да болмай, өгіз мініп барып ем, сендер күлкі қылдыңдар, оның үстіне ұдайы кешіге беретінді шығардым... Сонымен, екі жылдан асты ма, жоқ па оқу тамам болды, несін айтасың.

Көшектің өгіз мінгенін еске алысып, Павлодардағы урядниктің аузын майлап әрең құтылғаннан кейінгі жерде Айтқожа ақсақалдың жатса-тұрса бір арманы жолқағаз -”подорожный” болғанын айтысып екі дос көздерінен жас аққанша күлді.

— Енді мен іздеп жүр дейтін алтын-күмістің жайын айтайын, - деді Қаныш өлден соң, көзін бет орамалымен сүртіп отырып. - Менің іздеп жүргенім тек алтын мен күміс қана емес. Қыр қазағының білетіні - темір ғой. Оның асылы мен жасығын ажыратады. Соған қарай пышақ, шалғы, айыр сияқты күнделікті тұрмыста қолданатын керек жарағын жасайды. Тағы бір білетіні - мыс, мыс самауырын. Қорғасынды біледі. Оны өзіміз де талай қорытып сақамызға құйдық... Алтын мен күміс - екі бастан. Әрі ақша, әрі әшекей. Міне, осының бәрін көзіқарақты жұрт металл деп атайды. Бұл металдың қайдан шығатынын, өзіміз көріп жүрген бұйымдар одан қалай жасалатынын біз білмейтінбіз. Қараңғылық қой... Ал молдалар болса, о дүниеде Алланың ақ жүзін көрем дейтін мұсылман баласы оны білмей-ақ қойсын, ондай шайтан ісімен тозақтың отына күйетін көпірлер-ақ айналыссын дейтін. Енді, мінеки, сол ортадан шыққан мен жаңа заманның арқасында инженер болып, әлгі металдарды қалай табудың, қалай алып, қалай пайдаланудың құпиясын ұғып отырмын. Мен, мәселен, өзіміз ғасырлар бойы мыңғыртып мал өсірген мынау даланың қойнауы тұнып жатқан металдар қоймасы екенін білемін. Енді соларды тауып қана қоймай, қазып шығарып, тазартып, қорытып, олардан күнделікті тірлікке қажетті заттармен қоса мынадай мәшинелер, темір жолдар, отарбалар, тіпті ұшатын мәшине-айырпандар, басқа да көп-көп бұйымдар жасауымыз керек. Ол үшін темір, мыс, қорғасын ғана емес, қыр баласының құлағы естімеген, көзі көрмеген алюминий, мырыш, хром деп аталатын, тағы басқа да металдар қажет. Олардың саны да, аты да көп, мен атағанмен бәрбір сенің есінде қалмайды. Міне, жаңа өмірдің талабы - күні кеше өзінің қазақ деген атынан да айрыла жаздап қырғыз атанған халық сол байлықты өзі шығарып, өзі қорытып, одан алуан-алуан мәшинелер жасасын дейді. Сол үшін біз Қарсақпайда зауыт салып жатырмыз, Қарағандыдан көмір шығарамыз, басқа да көп-көп зауыттар, шахталар, фабриктер саламыз. Ал осының бәрін орындау үшін бізге оқу керек. Сонда мына туған жердің ойы мен қырын кезіп, жел мен күнге тоты-

ғып мен ғана емес, мен сияқты талай қазақ баласы жүретін болады. Сенің ұлдарың да инженер болып солардың арасында жүруі тиіс. Ол менің орысқа сатылғанымды көрсетпейді, қайта орыстардың мені адам қылғанын дәлелдейді, олар өздері жеткен өреге қазақ та жете алатынын мен арқылы көрсін дейді... Міне, Көшек, әңгіме осылай. Ал енді алтын мен күмісті айтсам, мен оларды әдейілеп іздемеймін, ол екеуі, мәселен, мыспен бірге жүреді, тек айырып ала білсең болғаны. Өлгіде айттым ғой, алтын-күмісті біз әшекей есебінде - сақина, сырға деп қана білеміз. Оларды, әсіресе алтынды өмірдегі әлдеқайда мәнді нәрселерге мәнді қолдана алмаймыз. Жерде алтын аз, оны табудың, шығарудың өзі қиямет-қайым жұмыс, сондықтан ол - қымбат металл. Бұрын дәулеттілердің балалары, байлығына мақтанып, алтын әшекейге құмар болушы еді ғой. Демек, алтын біреуден біреудің артықтығын көрсетуге қажет болған екен. Енді байлықты мұрат көрмейтін заман туып келе жатыр. Жарлы-жақыбайлардың көсемі Ленин: жұрттың бәрінің терезесі тең болатын, бәрі бірін-бірі қадір тұтатын коммунизм деген заман туады дейді; өне сонда алтынның ешкімге қерегі болмай қалады екен және оның біреуді бай, біреуді кедей етуде қандай жағымсыз қызмет атқарғанын көрсету үшін әжетхананы алтынмен алтап қояды екен... Сондықтан есінде болсын: әгеркім мен алтын-күмістің кенін таба қалсам да оның бір түйірін алмай мемлекетке берер ем. Өкіметтің арқасында оқып адам болған маған асыл тастың ешбір қажеті жоқ. Бізге салса, алтын мен күмістен білім артық. Оқудың, білім алудың кештігі болмайды, Көшек. Осыны өзің де ұқ, ал балаларыңды сен екеуміз оқығаннан артық етіп оқыт. Айтпақшы, ақсақалдар қалай, айтқаныңа көне ме?

— Қалай десем екен, Қаныш? Ақылға қонатындай бірдеңе айтсаң тыңдайды, сөзіңнің дәмі болмаса құлақтарына қыстырмайды. Мәселен, осы жақында сөздің бір ретімен Сәдуақас марқұмға тілім тиіп кетіп еді, Айтекең қамшымен осып жіберіп: “Жамандайтын адам таппай қалдың ба, ақымақ ит!” - деп айдап шықты.

— Сенің әкең ақылы да, мінезі де бір басына жетерлік қиқаршал ғой, өзіңе обал жоқ, - деп күлді Қаныш. — Тек мен саған мынаны айтайын. Өлгіде ғой екеуміз жаңа өмір жайында айттық. Бірақ сол жаңа өмір өздігінен келіп орнай қалмайды. Оны

қолмен құру керек. Сондықтан сендер, ауыл жігіттері, көше беруді қойыңдар. Қазақ қазақ болғалы көшүмен-қонумен келеді ғой, бірақ қараңғылықтан арылған жоқ. Енді қоныс тебу керек - үлкен-үлкен ауылдарға бірігіп, орыстарша оңды үйлер салып, еңселі мектеп, аурухана тұрғызсаңдар, жақсы мұғалімдерің, дәрігерлерің болса, көнеки. Ол үшін малшылықпен қоса егіншілікті де көсіп ету қажет. Одан сон күрделі мәшинелердің - тракторлар мен автомобильдердің тілін меңгермек керек. Осыдан он-ақ жыл бұрын қазақты өзге жұрт кем санайтын. Енді большевиктер бізге: жоқ, сендер де басқалармен теңсіңдер, тек мойындарыңнан байлар мен жалмауыздардың қамытын сыпырып тастап бірігіңдер, оқыңдар, сонда халықтың өзі-ақ қолынан не кереметтер келетінін көрсетеді деп отыр... Міне, Көшек, мәселе қайда. Біздің ауылдар қыстауға қонатын Ащысу бойының, Айырық маңайының жері құнарсыз, егіншілікке жармайды, сондықтан Шідерті бойына, Нияздың тауына қарай орналасып, үлкен ауылдарға ұйысып, жер сүмесін емуге бейімделген жөн. Ру мен рудың ұсақ-түйек кикілжіңін біржолата тыйып, тайталастан ұпай жинап үйренген жылпостардың тілеуін кесіңдер, елді берекелі еңбекке үндеңдер. Мұның бәрін ауылдағы өкімет те түсіндіріп жатқан болар, ал менің саған дос ретінде берер кеңесім: большевиктердің сөзіне ден қойыңдар, қазаққа бүгін не керегін солар айтады. Әуелі бұған ауыл ақсақалдарын илаңдырыңдар; біз – атам заманнан бері үлкенді тындаған халықпыз, алдымен солар түсінсе, ауылда жаңа өмір орнату өздеріне жеңіл болады. Жә, Көшек батыр, біз жүрелік. Көп айналмаспыз деп ек, тәуір-ақ отырып қалдық...

Көшек, аузы аңқыып, досының әңгімесіне ұйыпты да қалыпты. Енді байқады: Қаныштың серіктері ауланың анау бұрышына шоғырланып, әңгіменің аяқталуын күтіп тұр екен. Көшектің де жүретін уақыты болған, оның да жұмысы бастан асатын. Бірақ Қаныш айтқан сөздердің біразын шет пұшпақтап ауылдан естіп жүргенімен, бұл оншама илана қоймайтын. Ал енді алтын мен күмістің қажеті шамалы, тіпті, керек десең, зиянды дегенді бұрын естісе көне. Досының әңгімесін тыңдай отырып, көкейіне келген көп сұрақтарын да іркіп отырды; Қанышпен кең отырып әңгімелесем, ауылдағы өмірдің жаңалықтарын айтсам, сыр сандықтың тиегін ағытсам деген құштарлық сезімнен арыла алмай-ақ қойды.

Қаныш екеуінің сол жолғы әңгімесін Көшек өмір бойы жадынан шығарған жоқ. Дәулетті Айтқожаның баласы кейін коммунист болды, артель өмірінің белсенді күрескеріне және еңбеккеріне айналды. Көшектің жалғыз-ақ өкініші: сол жолы Қанышқа айтқан балалары тым ерте шегінеп кетті де кейінгі балалары академиктің көзі тірісінде әлі жас болды, олар оқудың үдесінен шығып қалай ғалым атанғанын Көшек Қаныш досына барып айта алмай қалды. Ал Көшекеңнің досына ең бір адал жері, ғұмырында өралуан саладағы жұмыскер бола жүріп ол өз ауылындағы тұрғылыстарының ішінде ең білімді, көзі қарақтысы болды. Газет-журналдарды, көркем әдебиетті қазақша да, орысша да үзбей оқитын. Осы жолдардың авторы зейнеткер Көшекті өз ауылында-Қарағанды маңындағы Пушкин атындағы кеңшарда жасы тоқсанға қараған шағында көріп, ақсақалдың зиялылығына әбден тәнті болғаны бар.

Бір ауылда тентек жігіт болыпты. Тентек болғанда, тегі, шектен шыққан жындыкеш болса керек. Түн баласы ит-құс боп ұлып, нейбетке малды үркітіп, жүкті қатындардың баласын түсіріп, елдің әбден зықысын шығарған ғой. Таяқты да жеудей-ақ жесе керек, бірақ бұзақылығын қоймапты. Ақыры, болмаған соң, сол елдің биі әлгіні сотқа тартып, үш айға... елден аластауға үкім етіпті. Тек сонда ғана ауылдастары оның қанша жынды болса да өз қағы, өзекті жаны екенін сезініп, көздеріне жас алыпты деседі. Әйелдер егіл-тегіл жылап, бөлінген тентекті бөрі жеп кетердей, үш ай мерзімді өтіп бітпестей көріпті. Алыс-жақын ағайын тегіс жиналып, аласталған азаматын қозыкөш жерге дейін шығарып салысқан. Ол қайтып оралғанша мойындарына бұршақ салып, амандық-саулығын тілескен...

Тентек те айтулы мерзімін өтеп, ауылына басқа жан болып оралыпты дейді. Оның бірден-бір себебі - өз ортасына бөтен еместігін көріп, сыртта жүргенде ағайынның қадірін біліп, төубаға келген ғой...

Әдетте оншақты шаңырақтың басын біріктіретін шағын ауылдардың рулық томаға-тұйық тірлігіне адамдардың бауыр басып кететіні сонша, тіпті бірер күн бір-бірін көрмесе шұрқырасып табысатын. Ер-азаматтар жылына бір-екі мәрте базарға яки жәрмеңкеге мал айдап бір-екі апта жол жүріп қалса, ауыл түгел елеңдесіп, жолаушылары кешіккен сайын ақсарбас айтысып, құмалақ аштырып, құрмалдық болып жатады. Сәтбай

ауылындағылар ара-тұра Сәтбай бабаның Мекеге барып қайтпай қалғанын еске алысып қояр еді. Ақсақал құдай жолында жүріп қасиетті мекенде қалды демесе, өз ауылында бір төмпешік болып жатқаны қандай жұбаныш болар еді; онда ара-тұра ұрпақтары бағыштайтын құран-қатым да көз көрмес, көңіл жетпес қиянда қалған қарияның осында келіп қалықтап жүретін дерексіз бір рухына ғана оқылмас еді ғой.

Сондай-ақ бұл ауылдағылар Сәтбай қарттың қиқарлығымен ит арқасы қияндағы Омбы дейтін орыс қаласына оқуға кеткен бозбала Имантайды сағынып у ішкендей халде болғанын да ұмыта қойған жоқ. Бертінде Имантай мен Сәдуақас бастап біраз адам Шоқанның сүйегін әкелмекші болып сонау Ұлы жүздің жеріне, тіпті ертегілерде ғана айтылатын қайдағы бір шүршіттердің шегіне таман сапар шеккенде де бұл ауылдың ішкені ірің, жегені желім болған. Құдай ондай қысымшылықты енді басқа салмасын. Ағайынның ауылда, көздің алдында жүргеніне не жетсін.

Дегенмен, Зейін өзінің Әбікейін Омбыға оқуға жіберсе, ол да Алланың ісі ғой. Міне, содан бері Әбікей, сыптай киініп, саяқ шыққан сәуіріктей боп, ауылға тек жазда бір келіп кетеді. Омбыда орыстың бір үлкен мектебін түгесіп, енді Павлодарда учитель боп, орысша бала оқытып жүрген көрінеді. Ауылға келгенімен қоймай, балаларды оқуға кетуге үгіттейтінін қайтерсің. Қаныш Павлодарға барып менен сабақ алсын деп Имантай ақсақалды көндіріп қойыпты. Бұл Әбікейі түскір ауылдан өзі кеткенімен қоймай, өзге балаларды да жатбауыр етпекші. Өзі сияқтанып, олар да қалабезер болса, жастарсыз ауыл не болмақ? Ата-бабамыз оқу-шоқусыз да өмір сүріп еді ғой. Әбікейдің оқығанынан Зейінге келді-кетті пайда бар ма? Қорасындағы малы көбейді ме? Көбейген жоқ. Ендеше, бұл оқу неме керек?

Қаныш Керекуге барып оқуын жалғастыратын болыпты дегенді естігенде ауылдағы желім ауыздардың өңгімесі осылай шалқып еді. Бірақ соны қайсар шалдың бетіне тура келіп айтуға ешқайсысының жүрегі даулаған жоқ. Тек от басында, ошақ қасында сыпсындасып, онсыз да жүрегі күптігей болып жүрген Нұрым әженің мазасына май тамызумен болды.

Ал бұл кезде ақсақалдың өзі де қобалжулы еді. Қаныш оқуын жалғастыруы керек - оның білетіні сол. Бірақ, сөйте тұра, кенжетайынсыз мына үйдің не сөні болатынын көз алдына еле-

стете алмайды. Иә, кешқұрым мына көлдей шапанының етегіне оралып жасырынбақ ойнайтын, одан соң шаруа жайымен аңда-мұнда жүргенде қасынан қалмайтын кенжесі, құдайға шүкір, қалбайып адам боп қалды; бірақ мынау шалыңыз еркебұланының шат күлкісін, Құран қирағаттап, қисса оқығандағы сұңғыла жоғалығын, бебеулетіп домбыра тартысын, жақында өз алдына шаңырақ құрған Бөкештің отауынан жиі шығып жататын өндерін естімей жүре алар ма? Қаныш бар жерде ақсақалдың қабағы ашық, жүзі жарқын болатынын жұрттың бәрі білуші еді, сондықтан олар да ондайда ештеңеден қысылмай, емін-еркін жүретін. Енді, міне, баланы Павлодарға аттандырмақ.

Нұрым әже тіпті Қанышын күн сайын көре алмайтын болғанының өзіне жүрегі қарс айырылып жүр. Еркіне салса, кенжетайын ешқайда жібергісі жоқ, бірақ амал не... Бұрын туған баласындай көретін Әбікейді қазір түтіп жетуге бар. Алжаса бастаған шалын сол неме айналдырып, иіне көндіріп алғандай көрініп кетеді. Қаныштың оқуын ойлағаннан деймісің, жыл сайынғы соғымын, майы мен шөйін Имантайдың үйінен алып тұрмақ қой мақсаты. Зейін сорлыда оған қарайласатын не бар дейсің. Бірде, ертеңгі шөй үстінде осы ойын таратып айтпақшы болып еді, шалының ызғарлы жүзіне көзі түскенде тілін тістей қойды. “Қайдан ғана сөзшең бола қалып ем” деп өкінумен болды.

Ақсақалдың қабағы түксиетін себебі - Нұрым, қаласын-қаламасын, шалының шиканды жеріне тиіп кетіп еді. Әбікей келген-кеткен сайын, ұлын лайықтап қарсы алуға Зейіннің шарқы келе бермейтінін бұл білетін. Сөйте тұра Жәмін де, Имантай да оған мән бере қоймайтын. Ата салты бойынша ағайынның қайсысы болсын осы ауылдағы кез-келген үйде бөлінбеген еншім бар деп білгенімен, жеме-жемге келгенде өркімнің өз қолы өз аузына жақын боп шыға келетіні рас. Соның кесірінен әртүрлі кикілжің де шығып қалады: әуелі әйелдер шапылдасып, оның салқыны балаларға ауысып, еркектер дүрдараз болып жатады. Әрине, ағайын өкпеге қиса да өзгеге қимай, араздық ұзаққа бара қоймайды. Бірақ оның басылуы қалай тез болса, қайта қозуы да солай.

Әбікейдің есі бар бала екенін ақсақал біледі. Оқуы ілгері басқан сайын оның ақылы да толысып, пайымы да өсіп келе жатыр. Әкесі мен шешесінің дәулетті ағайынға деген өкпесі қара

қазандай екенін біле тұрып, оған соншалықты мән бермейтіні бар. Жаз айларында үй-іші оған айналып-үйіріліп, бар тәтті-дәмдісін аузына тосқанымен, Омбыда оқып жүргенінде де осы ағалары ақшасын ақшадай, басқасын басқадай беріп көмектесіп тұрғанымен, түптеп келгенде оны туыстық қимастықтан емес, дәулеті шалқыған Сәтбай ауылының шүлеңгір мырзалығын таныту үшін істейтіндерін Әбікей түсінеді. Әрі соншама көзге ұрып, дабыра ғып беретін сол көмектері Әбікейдің там-тұмдап күн көрісіне ғана жететін. Соған қарамай, Имантай мен Жәмін үйіндегі әйелдер “оқудағы қайныларының қаншалықты қымбатқа түсіп жүргенін” онша жасырып-жаппай-ақ екі сөздің бір мысалында көңірітіп отыратын ғой.

Әрненің парқын білетін қарт оқудағы немере інісіне лайықты көңіл бөліп көмек көрсете алмай жүргенін, бірақ соған қарамастан бұған дегенде Әбікейдің көңілінде алаң жоғын сезеді. Сондай-ақ ол Әбікейдің Қанышты оқытсам деген ниеті ылғалсыз екенін де біледі. Қазір ол Керекудегі дыңдай мұғалім, мұндағылардың түсіне де кіріп көрмеген жалуана-ақша алады әрі онысы үй-ішін асырауына жетіп артылады. Сондықтан Әбікейдің жанына тиетін, оның әке-шешесінің абыройын түсіретін сөзді кемпір босқа көйітіп жүр. Жоқ, Қаныш Керекуге барады, баланы жолға қамдау керек!

Әбікей ағасындай әрі ақылды, әрі білімді болуды көптен армандайтын Қаныш әкесінің ұйғарымына қатты қуанды. Алыс жолға үш ат жаратылып, іші кең пәуескелі арба жөнделіп, майланып жатты. Орыс қаласына оқуға баратын баласының құрбандығы деп әкесі құлын шалды, құдайы тамаққа көрші ауылдардағы ағайын-тумалар да жиналды. Бір-ақ күннің ішінде Қаныштың беделі өсіп шыға келсін: үйден үйге қонақ болып, ертең ажырасқалы отырған тең-құрбыларымен бірге төрге шығып бір жырған қалды. Өзі көдімгідей маңғазсып, шақырған үйдің табалдырығынан салмақпен аттайды; орынды-орынсыз күлегештенген достарына байсалдана қарап қояды. Ас ішіліп болған соң орталарындағы жасы үлкендеуі сұңқылдатып құран қайырады, оқуға аттанып бара жатқан Алланың құлы Ғабдұлғаниға саулық тілеп бет сипасады. Баланың салмақтануы сонша, тіпті достары Қаныш астамсып кетті деп ойлады. Ал шынтуайтында ол тек әкесінің айтқанын ғана істеді, өйткені мұндай қонақасы әрбір ауылдың міндетті парызы болатын және ол дастарқан

жайған ағайынның ықыласы жолаушының әмісе есінде жүрсін, сол дәм оны үйіріне, туған ортасына тартып тұратын болсын, ал дастарқан үстінде айтылған игі тілек, оқылған құран ол-пұл пәледен сақтасын дейтін ниетті көздейтін.

Нұрым әже келіндерін зыр жүгіртіп, кенжетайының киімдерін, ас-суын, керек-жарағын қамдаумен жүр. Бір өгізше сойылып, еті сүрленіп, қақталып жатыр. Қыр қазағы сиыр етін қой немесе жылқы етіндей қадірмелесе де сұңғыла қарт сүрлеп, қақтауға тәуір болады деп әдейі өгізше сойғызған. Қым-қуыт жұмыс көп, бірақ сол қарбалас үстінде де, кішкентай Қанышынның жайын ойлап кетсе, ана байғұстың еңсесі түсіп, жаны күйзеліп кетеді. Осы бір орыстың оқуынсыз-ақ, Алла қосса, Қанышымның бағы жанбас па еді дейді. Ата-бабаларымыздың бақ-талайы оқымай-ақ ашылған еді ғой дейді (Сәтбай ауылы түгел бақыт құшағында отыр деп ойлайтын). Бірақ бір нәрсеге бет түзесе шалының қайтпайтынын біледі, сондықтан міз бақпай жүріп жұмысын атқара берген.

Ақыры өрекіп күткен күн-сәрсенбі болды. Сәтбай ауылындағы маңызды шаруаның бәрі дәл осы күні - сәрсенбінің сәтінде қолға алынатын қалып бар. Ондайда Нұрым әже осы шаңыраққа келін боп түскен алғашқы күндерінің бірінде “сәрсенбінің сәті” деп аңғармай айтып қалып жазалы болғанын біртүрлі сағынышпен еске алады. Көрлі қайынененің солқ еткізіп оқтаумен салып өткені де қазір сағыныш.

Әкесі ерте тұрды да, кеше тең-құрбыларының сауығынан-кеш қайтып, тұяқ серіппестен ұйықтап жатқан Қанышты оятты. Екеулеп ауыл сыртындағы қорымға бет алды. Әшейінде аттан түспейтін әке бұл жолы жаяу - әудем жердегі әруақтардың басына дүсірлетіп атпен бару әбестік саналады. Айырық шоқыларынан жаңа көтерілген күн таңғы шыққа мың-сан өрнек салып сиқырдай құбылады. Ауа таза, тыныс кең. Ақсақал мұны жақсы ырымға балады. Жолай бұрын талай айтқан әңгімесін қайталап, қорымда кімдер жатқанын, кімнің қашан қойылғанын тәптіштеп сөйлегенде дауысынан әшейінде көп бола бермейтін, тек зәуде жақын адамдары ғана сезетін жаймашуақ жылылық ескендей болды. Әке өсиетінен Қаныштың тағы-тағы түйгені: ол әрдайым ата-баба әруағын сыйлап, оған дұға арнап жүруі керек. Дауыстап оқымасаң да іштей ниет қылсаң - сауап. Өрине, алдымен қасиетті дін жолында жүріп

шет жұртта шейіт болған Сәтбай бабаның әруағын еске ал. Содан соң балаларының амаңдығын тілеп пәруана болып жүретін анаң марқұм Әлиманың әруағына дұға қылуды ұмытпа...

Анасының аты аталғанда баланың көз алдына уыздай жап-жас, бойшаң келген, көрікті, ақ киімді әйел кеп тұра қалғандай болды. Ауылдағы ересектерден естігені солай-ды. Өз анасы баланың бойында пәлендей бір айрықша сезім туғыза қоймайтын, бірақ бұл анасының жақсы адам болғанын біледі және оны ұмытпай, дұғасына қосып отыруды парыз санайды - мұны Нұрым әжесі ұдайы құлағына құйып, әкесі де оқта-текте ескертіп қоятын.

Зират басында бұлар тізе бүкті, әкесі қирағаттап Құранның ұзақтау бір сүресін оқыды. Алақанын жайып, көзін жұмып, ернін жыбырлатып ұзақ отырып әруақтарға ниет қылды, кенже ұлын желеп-жебеп жүрулеріне тілек етті. Осы қалпынан, мынау мүләйім отырысынан көңіл алаңын сезуге де болатындай. Шынында, Әбікеймен қоса ауылға әбігер келгендей, бұрын көрмеген, білмеген бір жаңалық басталғалы тұрғандай сезінетін бұл. Кенже ұлы ертең осынау азғана ауылға қайта айналу үшін оқуға бара жатпағанын білсе де оның болашағы қандай болмағы да бұлдыр еді.

Бала да қолын жайған. Бірақ мұндайда айтылатын жаттанды сөздері тез түгесіліп, қолы жаюлы қалпында әкесіне қарап, тағатсыздана күтіп қалды. Одан соң бұлар Қаныштың анасы Әлиманың басына барды. “Құранды сен оқы” деді әкесі...

Әруақтар алдындағы парызын өтеп болып, әкелі-балалы екеуі үйге оралғанда үлкен сары самаурын екі иінінен демалып, ауыл адамдары Имантай үйінің алдына топталып та қалған екен. Пәуеске-арбаға ұқыптап жүк тиеліп, көпсіте көк шөп салыныпты. Пәуескенің артына еру ат байланыпты.

Бұлардың келуі мұң екен, ұлын тағатсыз күтіп жүрген Нұрым оны былайырақ оңаша шығарды да жанқалтасынан жібек баулы, үшбұрышты әлдене затты алып баланың мойнына тақты.

— Бұл - тұмар, Қанышжан, Алланың сөзі жазылған. Ауылға қайтып оралғанша тастамай тағып жүр, пәле-жаладан сақтайды.

Осыны соншама мұңды дауыспен айтқанда әжесінің көзінен моншақтап жас төгілгенін көрген Қаныш шыдамай

теріс айналып кетті. Әжесі толғана келіп бетінен сүйді. Одан соң сонадайдан қарап, жасқа толы жанарымен аялай бергені болмаса, балаға маңайлаған жоқ - қатын-қалаштың жылап-сықтағанын шалы жаратпаушы еді. Ал Нұрым кейуананың не халде жүргенін көрген ауыл әйелдері көздерін бір-бір сығып алысты.

Шөйдан соң Қаныш жиналғандардың бөрімен қол алысып қоштасты да әкесіне барды. Ол баланың үрпиген басынан бір сипады, одан өріге барған жоқ (ең мейірі түскенінің белгісі сол еді). Әбсалам бауыры мен Шәдет ағайына ілесе Қаныш арбаға отырды да, көлік орнынан қозғалды. Бөкеш ағасы мен оның бір топ құрбы-құрдасы салт еріп барып, ауыл сыртындағы төбе-ден өрі асқан жерде Қанышқа жол болсын айтысып, үлкен молда болып оралуына тілек білдірісіп, олар да кері қайтты.

Кейін Қаныш Имантайұлы Ақкелін болысынан уездік қала Керекуге (Павлодарға) асатын жолмен өрі де, бері де талай жүреді; оқыс кедергілерге кездесіп, жол азабын тартып та көреді - бірақ оның бірде-біреуі Әбікей ағасына еліктеп төтті арманның қанатында өрі таңсық, өрі таңғажайып өлемге-қияндағы бір қалаға құлшынған балақанның сол бір алғашқы жолсапарына жетпейді. Оқуға өзі бара жатқанын, мынау ересек екі адам-Әбсалам бауыры мен Шәдет ағайы тек жолсерік боп шыққанын; мына пәуеске де, оны құстай ұшырып, өздері желдей есіп келе жатқан екі ат та, пәуеске артынан тепендеген еру ат та - бөрі өзі үшін екені, өзіне арналғанын түйсінген сөтте бойын қандай мақтаныш билегенін ол болымсыз ұсақ-түйегіне дейін есінде сақтап, өмір бойы ұмытпай өтеді. Баянауыл тауы қалай көрінгенін де, оған жете алмай қалай ұзақ жүргендерін де есінде сақтайды. Таудан өткен соң көлеміне көз жеткісіз боз далаға шыға келгендерін де ұмытпайды. Әкесінің ешқайда бұрылмай суыт тарта беріңдер деп асықтырғанына Әбсаламның күйіп-піскені де, сый-сияпат десе әукесі салбырап тұратын оның әдейілеп жолдан бұрылып, әйелінің әлдебір жақындарына соғып ат шалдырып немесе қона жатып қайтуға Шәдетті көндіре алмай, ақсақалдың айтқанын екі етпей орындайсың деп жолбойы бұрқылдағаны да жадында жатталып қалады. Аты беймәлім бір айна көлдің жағасына қоналқаға тоқтап, тезек отының жарығында ет пен бауырсаққа тыңқиып, аспалы бақырға қайнатқан шөйға қанып алып, өз бауыры мен Шәдет ағай-

ының ортасында қалың киізді көлдей ғып жамылып, тұсаулы аттардың пысқырғанын тыңдай жатып ұйқыға кеткенін қалай ұмытар? Танертең ертемен ағасынан рұқсат алып арба айдағанда, аттардың сауырынан көтерілген жеңіл бу қағу желмен келіп біртүрлі танауды қытықтағанда, әлгі бу бірте-бірте сұйылып, көмескілене түсіп, күн көзімен біржолата жойылғанын көргенде не керемет қуанышқа бөленгенін қалай ұмытар? Шәдеттің аяқ астынан ыңылдап, басы жоқ, аяғы жоқ бір өн сұлбасын созынына, көліктің жүрісіне тербетіліп, сол сарынмен ұйықтап, сол сарынмен ояңғанына ағасы екеуі өлгенше күлгенін ұмыта алар ма? Серіктерінің қолқалауымен өзі де Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың мұңды-қасіретті махаббатын жырлағанын, өзінің Жұмашының досы мұншама өлең сөзді жатқа айтатынына Шәдет ағайының айран-асыр болғанын да ұмытпайды. Қай рудан, қай жұрттан болсын мейлі, өйтеуір мұсылман баласының моласын көрсең тізеңді бүгіп дұға қыл, әруақты ренжітіп, өзінің жолына кесел жасау пайғамбардың үмбетіне келіспейді деп қатаң талап қоятын әке сөзін екі етпей, жолда кездескен зират бастарыңда Құран сүрелерін қоңыраудатқанына серіктері қалай ұйғанын да ұмыта алмайды. Жолда кездескен үлкен-кішінің бәрімен шұрқырай амандасып, жөн сұрасып, елі мен руын білісіп, көргенді жердің салтын танытқанын да ұмыта қояр ма? Ондайда Шәдеттің құдайы беріп-ақ қалады: кездескен адамның қалайда бір ілігі барлығы анықталып, оның бір апайы бұлардың ауылындағы пәленше апайға иә жиен, иә қарын бөле болып шығады. Оның аяғы шала таныс яки тіпті бейтаныс туысқа екі жақтан да үш қайтара сөлем айтумен аяқталады.

Кейін, Семей семинариясында жүріп, Чеховтың “Дала” повесін оқығанда Қаныш ондағы Егорканың басынан кешкен хикметтері өзінің сол жолы Керекуге барған сапарында көргендері мен сезгендеріне қалай ұқсайтынына қайран қалатын болады. Сыры мен сымбаты келіскен осы шығарманы қайта-қайта оқып, ол өз әсерлерін орыс баласының әсерлерімен салғастырып, сол бір сапардың бақытты сәттерін тағы-тағы есіне алады.

Қыр адамы өзін бақытты сезінуі үшін қанша нәрсе керек? Онша көп болмаса керек...

Қазекем, айталық, жаздың тамылжыған таңында ұйқысынан оянды делік. Түндігі жабық үйдің алақөбеңінде бала-шаға-

сының әр тұстан пысылдаған үндеріне, даладан тынымсыз естілетін құс шырылына құлақ түріп, керіліп-созылып біраз жатады. Содан соң сүйретіле тұрып, асықпай сыртқа беттейді, жаңа көтеріліп келе жатқан күн нұрына бетін тосып тұрып бір есінеп алады да айналасына назар салып, рахаттана ыржияды.

Шұрқыраған жылқы үйірлері суатқа беттеп барады екен. Түнімен шүйгінді еркін кешкен жануарлар төңкеріліп, өрең қозғалатындай. Ең алда маңайына маңғаз қарап, аяғын керте басып бала біткеннің сүйіктісі тоқпақ жалды торы айғыр бара жатыр. Өз айналасына оның да сесі үлкен: үйір соған қарап сап түзейтіндей, тіпті ойынапоз құлындардың өздері шектен шықпай, тәртіп сақтап жасқана беретін сияқты. Ал мына бетте шашып тастаған құмалақтай болып ертемен өрген қой отары жатыр. Күн шекені қыздыра бастапты: енді құйрықтары теңкііп қойлар да суатқа құлайды.

Малшының айнала төңіректі бір шолып алмай басқа шаруаға айналуы қиын. Не нәрседен де қамсыз болған дұрыс. Сондықтан сонау көкжиектен тартып бір шолып өтіп еді, қыбырлаған әлде бір қара көзіне ілікті. Қолымен күн сап тұрып тесіле қарады - иә сәт, кім де болса біреудің келе жатқаны анық болды.

— Тұр, бәйбіше, торсықтың түбін шайқа, самаурыныңды қой. Қонақ келе жатыр! Ертелетіп атқа қонғаны бекер емес, асығыс біреу болар! - деп біраз дәудірледі де жылқыға беттеді: сауын биелерді бөліп, құлындарды желіге байлау керек...

Бір қарағанда қыр қазағының өмірі қамсыз, қаперсіз көрінетін. Көшеді, қонады, ілдалдалап үйін тігеді, уақытылы бие сауып, керегінде қойын сояды - басқа не қам бар? Міне, сондықтан қонақтан қызық ештеңе жоқ: қымызы мен шөйін құйып, бар жылы-жұмсақ сақтағанын аузына тосып, әңгімедүкен құрса, күннің райын, жердің шұрайын сөз етіп, өткен мен кеткенді айтып бір жасап қалса жетіп жатыр.

Солай болған. Бірақ әмсе солай болып па еді?

Қазақтың аяқты малы- жүрмелі байлығы ұшпалы бақыт есепті болатын. Көршілес қонған әлеуетті атаның қамшылар жағынан шықсаң немесе өзіңмен аталас шонжардың яки болыстың көңіліне жақпай қалсаң, үйірдегі азын- аулақ қыл құйрығың, қорадағы қойың өзінен- өзі сұйылып, ізім-қайым жоғалып бітеді - зорлықшылға мойындатып көр. Бір қыс қырынан келіп

жұт жүріп өтсінші - қазақ сорлы алдындағы малынан айрылып, жүген-ноқта мен таяқты қолына ұстап қалсын. Иә, қас пен көздің арасында қайыршы болып қалам ба дейтін үрейден арыла алмаған қазақ мынау жерді нық басып тұрып тұрлаулы тірлік құрған емес. Сол себепті тағдырына жазған аз ғана қуанышын - қонақ күтіп, өзін ақжарма адам сезінетін сәттерін ол қатты бағалаған ғой. Сондай әредіктерін әрлеп, өңдеп, көңілдің көкдөненімен құс ұстағанды тәуір көретіні де сол. Осындай қиял жемісі кей-кейде Құранда ма, әлде басқа бір қасиетті кітапта ма көзбен көргендей суреттелген деп қожа- молдалар куәлік ететін қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған жұмақ заманмен астасып жататыны да содан.

Қазақтың өлгенде көрген бір қуаныш деп, ондайға малын аямай шашатын дарақылығы бар. Сондықтан да қырдағы өмір үргедек, қосүрей. Ал ақ патша өз жұрағаты германдардың патшасына соғыс ашқалы бері дүние астаң-кестең болды да кетті. Әуелі бастағаны - патшаға ат керек болды. Патшаның солдаттарын ерткен болыстың шабармандары ауылдан ауылға құйындай соғып, қамшы ойнатып әкіреңдеп, жарамды аттарды болысқа айдауға өмір қылды. Патшаға көмек беруден жалтарған ешкім жоқ-ты. Бұған дейін де тері десе терісін, жүн десе жүнін, ақша десе ақшасын беріп келді ғой осы жұрт. Алымы мен салығы ерікті деп аталса да артып кеткені сонша, жұрттың көбі аузындағысын жырып беретінге айналған. Көрші селолардағы тамырлары мен таныстары германның оғына ұшып, қан құшып немесе аяқ- қолдарынан айрылып мүгедек боп қайтып жатқанда қазақ байғұс несін аясын, қазір де барын берер еді-ау. Бірақ олай болмады - халық толқыды, ат беруге құлықты болмады. Сөйтетін реті де бар еді.

Неге екенін кім білсін, ат жылқының санына қарай емес, үй басынан алынатын болыпты. Жүздеп, мыңдап жылқы айдаған байдың да, бір-екі биесін сауып күніне жалғыз торсығын иіндете алмайтын жарлының да беретіні де бірдей. Бәрін бүлдіріп жүрген молдалар: шариғаттың жазуында Аллаға да, патшаға да жұрттың бәрі бірдей, сондықтан патша-ағзамның алдындағы қарызын әркім өзінше, басқалармен бір есепте өтеуі тиіс депті. Кезек ат алуға келгенше шариғаттың бұл заңына төзуге болатындай еді. Енді келіп патшаның соғысында бай бұрынғысынан да байып, жарлы одан әрмен кедейленіп бара

жатқаны әмбеге айқын болды. Мыңғырған малын сұқ көзден қорыған байлар құтырынып, аштыққа ұрынған мүскіндер жанталасып, даланы қайғы басты, жүректерге шер байланды. Күйіну мен бүлінудің арасы бір-ақ қадам. Сол қадамды тездеткен оқиға кеп килікті.

Орыстың “прием” деген сұмдық сөзі қырға жетіп, үйден үйге кіріп, қайғы мен қасірет тұманын қапталты да жіберді. Оның мәнісі - он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы атпал азаматтардың баршасы соғыс апанына түсіп жоқ болған аттардың соңынан аттануы керек екен. Олар патша солдаттарына герман оғынан қорғайтын окоп дейтін ор қазып бермекші екен.

— Тәуекел! Көпшен көрген - ұлы той, - деп, ақарлы-шақарлы боп отырған үйелменді базбіреулер аққа мойын ұсынғандай қалып танытты.

“Тәуекелді” айтса қандай қысталаң жағдайда да қазақтың жайылып түсетіні бар-ды. Бірақ мына “тәуекел” әсер ете қойған жоқ. Неге десең, санақ ортақ болып тұр ғой. Мыңғыртып мал айдағандар оған кірмей қалып тұр. Ғажабы, олардың ерлізайыпты өміріне Алланың өмірімен қысыр жылдар түсіп кеткен сияқты. Әрі бұл керемет осыдан түп-тура отыз бір жыл бұрын басталып еді, он тоғыз жылдан соң тоқтаған сияқты. Содан барып бай мен балшаң атаулының отбасындағы ұлдардың бәрі не отыз бірден асқан немесе он тоғызға жетпеген болды да шықты. Оның есесіне, сол жылдары кедей байғұстардың отбасында дүниеге тек ұл балалар келе берген бе дерсің. Қысқасы, болыстар мен ауылдайлар, олардың пәсірлері қиқалап жазып шыққан қағаз бетінде өтіріктің айдарынан жел есіп, ал шындық сорлының аяқ-қолы байланып, аузы буылып, адам танымастай болып шыға келді.

Сөйтіп, “приемға” алынғандарды жақын маңдағы стансаларға бала-шаға, қатын-қалаш, шал-шауқан еңірегінде етектері жасқа толып шығарып салды. Кедей-кепшік үйлердің бір-бір асыраушысын темір доңғалақты күркежәшіктерге сықап толтырды, содан соң темір доңғалақтар темір жолдармен сақылдап ал кеп жүйіткісін. Сол сақылдағаннан сақылдап отырып герман оғының астында жатқан орыс тамырдан бір-ақ шығарсын.

Өліпті таяқ деп білетіндері шамалы, білгендерінің өзі хатты қайда жазу керегін білмейді. Хабар-ошар тым сирек, жұқа-

на ғана. Қалай жол тапқанын кім білсін, окопта туған, қайғы мен қасіретке толы ән жетті ауылға. Күллі дала сол әнді айтып күңдіренді. Жаман ырым болады деп жер қазбайтын, жерді тек өлікті көму үшін қазады деп есептейтін қазақтың қолына патша құрғыр күрек пен қайла беріп, орыстың тірі солдаттына арнап жер қазғызып қойғаны айтылатын бұл өнде. Ет пен майға үйренген құрсақ қара нан мен көк сорпаға қарап қалғаны, тепсе темір үзетін жігіттердің тірі әруаққа айналғаны айтылатын. Әннің орыс сөздерімен өрілген керемет қайырмасы болушы еді:

*Ой степ мой, степ родной, ой- ой- ой!*

*Когда едем домой- ой, ой- ой -ой!-*

деп келетін. Осы қайырма жүректі суырардай мұңмен айтылғанда тыңдаушының да көкірегі қарс айрылар еді. Күллі дала күңренумен жатты. Он тоғыз бен отыз бірдің арасында болғандардан (немесе солай деп жазылғандардан) кейін отыз бір мен қырық үштің арасындағыларға “прием” келді. Даланың шыдамы таусылды, шамырқанып атқа қонды. Күңіреніс күреске ұласты. Өкіметтің құрығынан қашып жүрген бұрынғы жеке батырлар ереуілші жұртты соңдарынан ертті. Қазақ патшаға қарсы көтерілді. Зеңбіректермен, пулеметтермен мұздай қаруланған жазалаушы отрядтар даланың төсін шарлап, Аманкелдінің, Бекболаттың және басқа да көптеген халық батырларының жасақтарын талқандап, жойып жібермекші болды. Талқандап та, таратып та бақты, қолға түсіріп, атып-асып та көрді, бірақ жоя алмады. Жеңіліп, жеке-жеке бытырап қалған жігіттер қайтадан бас қосып, халықты тағы да соңдарынан ертті. Бұл титығы жеткен халықтың патшаға, оның шенді-шекпенділеріне қарсы, өзінің халқын сатып, жер төңірісіне жағымпаздаған байлар мен болыстарға қарсы басталған соғысы еді. Майданнан қашқан талай орыс солдаттары да көтерісшілерге қосылып, олардың жасақтарын басқарды, қазақтарға қару тілін үйретті.

Патша, сірө, германдармен соғыста жеңіліс тапқанының өшін қыр елінен алуға бекінген болар. Сұмдықтардың шеті-шегі болмады. Міне, сондай қасірет үстінде барша жұртты дүрсілкіндірген бір хабар жетті: орыс халқы патшаны тағымен қоса құлатып, басынан төжін ұшырыпты. Ақсақалдар айтушы еді: халық пен халық ешуақытта соғыспайды, соғысатын хандар мен патшалар деуші еді. Патша жоқ, енді соғыс та болмас десті жұрт. Бірақ соғыс жалғаса берді. Қырдағы өмір де баяғы қалпынан өзгерген жоқ.

...Жаңа өкіметтің келмеске кеткір патша өкіметінен бір-ақ айырмашылығы - ол жаңа ақша шығарды, онысы “миллион” дейтін санмен өлшенеді екен. Бұл санды пайдаланған бірде-бір қазақ болған жоқ, өйткені оның мәнісін түсіну үшін де біраз бас қатыру керек еді. Ел мұның да амалын тапты: қатты қателесіп оны жемес үшін ақшаны салмағымен қадақтап, пұттап өлшеп, қапқа салып жүретін болды. Істің қилаға шапқаны сонша, қайыра қару алып, атқа міну қалып еді. Тек жұртты тоқтатқан бір нәрсе - жаңа өкімет өзін уақытша өкімет деп жариялаған болатын. Айтқанындай-ақ ол уақытша болып шықты.

Он жетінші жылдың қара күзінде өкімет билігін бұрынғы патша империясының тышқақ лағы да жоқ делінетін ең жарлы-жақыбай адамдары - жұмысшылар қолына алыпты деген хабар жетті. Бұған сену қиын еді. Бұл бір ертегі сияқты көрінді. Қырда кім ең кедей болса үні шықпас ең міскін адам да сол. Ол өмір-бақи малдың арасында өседі, малдан басқа оның мұңдасары да жоқ. Ондай адам топқа түссе жұртты аузына қарата алар ма, елді басқара алар ма? Билік кедейлердің қолына көшіпті деген сөзді кім шаншу көрсе, мынадай қисындарды солар құп алып, тіпті оларды өздері де таратуға жанын салды.

Бірақ жел соқпаса шөптің басы қимылдамайтыны рас екен. Билік басындағылардың көдімгідей-ақ сағы сынып қалғандай. Алаң көңіл екендері анық байқалды. Көпшілігі тіпті кедей-кепшікке қамқор болғансितынды шығарыпты. Дегенмен шын мәнінде жаңа өкіметтің бар екенін дәлелдеп қыр балалары майданнан орала бастады. Аш-жалаңаш болса да, бұрын қазақ баласы көріп-білмеген біртүрлі үміт пен сенімді арқалап, шатшадыман болып оралды...

Қазақтың ата-бабасы шетсіз-шексіз осынау далаға келіп бауыр басқан кезі ықылым заманалар қойнауында жатқан болар. Тіпті базбіреулер олар мұнда ешқайдан келген жоқ деп санайды. Бастауын осы даланың өзінен алған деседі. Сөйтіп, олар Каспийден Алтайға дейінгі, Тянь-Шаннан Орал тауларына дейінгі жалпақ өңірді болашақ ұрпақтарының бақыты үшін мирас еткен. Қазақтың ата мекені үшін жанын қиюға өзін тұратыны содан. Жабайылар мен жатжұрттықтар қазақты қанша мәрте қанқасап етіп, отқа да, суға да салып, жусанды даласынан қуып бақса да ол адам айтқысыз қиыншылықтарды басынан өткеріп, тозақтың тоғыз отынан өтіп, өлімнің өзін де жеңіп,

жаулаушыларды тым-тырақай айдап шығып, туған жеріне қайтадан туын тігіп отырған. Жеңісін тойлап шалқып жүрген қазекең осымен бар арманым орындалды деп, арқасын кеңге салуын да қоймаған ғой. Онысы қайыршының қанағатындай ғана екенін ол кезде аңғал қазақ қайдан білсін.

Міне, енді сол қазақ патшаның опричниктері мен уақытша билеп-төстеушілердің эмиссарларынан көрген зорлық-зомбылықтардан, кемсітушіліктерден, алым-салықтардан кейін, Қолчактың қырғын-сүргіні мен талапайынан кейін, тағдыр басына жазған басқа да мың-сан ауыртпалықтардан кейін тұңғыш рет қарнының тойғаны мен қорасының толғанын ғана емес, адамның бақыты дегенде ғасырлар бойы санасына сіңген топыраш, топас ұғымнан әлдеқайда асқақ, өзіне әлі бейтаныс болса да жанына жақын әлденені армандайтынды шығарды. Әлдеқандай бір күш оның арман-мүддесін тұйықтаған тас шеңберді тас-талқан етіп бұзды да, адам баласы қайда туып, қайда өссін мейлі, қандай жағдайда тұрсын мейлі, ол жәй ғана тамағы тоқтықтан гөрі көбірек нәрсеге, әлдеқайда көп нәрсеге лайық дейтін ақиқатты мойындатып кетті.

Бұрын болып-толғандар, өз ермегі үшін бүтіндей бір халықтарды айтқанына көндіріп, айдауына жүргізгендер өмірдің ең төменгі сатысында күн кешетін малшының қасаң миы адам мен қоғам болмысының диалектикалық ішкі иірімдерін ешуақытта парықтай алмайды, жетпіс жеті атасынан бері күнкөріс нәпақасын маңдай тер, табан ақысымен тауып келе жатқан адам өзгелерді сөзіне ұйытып, соңынан ертетіндей биікке көтерілуі мүмкін емес деп бүкіл әлемді сендірмекке арамтер болумен келді. Бұл үшін адам ойлай білуі керек деп көкіді олар.

Бірақ қателесті. Дәл солар айтқан малшы керемет ақылды, асқан дарынды болып шықты. Ал оның ақылы мен дарыны бар қуатымен көрінуі үшін, табиғат берген қасиеттері жан-жақты ашылуы үшін малшы оқуы керек, адамзат баласының қолы жеткен білім байлығын меңгеруі керек. Сондықтан да кеңес өкіметі бұрын бірде бір өкіметтің тәуекелі тұрмаған қадам жасады: адам айтқысыз қиын-қыстау мен қайыршылық жағдайында ол аш-жалаңаш малшы мен жалшының бәрін оқуға отырғызды. Мақсат - оны сауаттандырып көзін ашу, әріптің басын қосып сөз құрауға, қалам ұстап, қағаз жазуға, кітап оқуға ын-таландыру, сөйтіп өзінен ғасырлар бойы қалтарыс жатқанның бәрін танып-білуге деген құмарлығын ояту.

Дала буырқанып жатты. Революция жұмысты ұқыпты, жедел атқаруды қатаң талап етті. Большевиктер адам таңдауда төуекелшіл болды, бірақ өз сенімдерін жоғары бағалайтын. Сенімнен шықпағандар дереу ауыстырылып отырды. Қызметіне адалдық танытпағандар, өзгелерге сабақ болуы үшін, табанда өшкереленіп, революциялық заңдылық негізінде қатал жазаланатын. Даланың шаруасын жаңаша басқару мақсатымен кеңес кеңселерінен орын тепкендердің көбі-ақ большевиктік мұраттарды шын жүрегімен, жан-тәнімен қабылдады.

...Жиырма бірінші жылдың тамызында қаржастың игі-жақсысы - Имантайдың Баянауыл болысында судья болып отырған баласы Қаныш жоғалып кетіпті дейтін хабар Павлодар уезінің ауылдарын дүңк еткізді. Оқуға кетіпті десті. Жұрт аң-таң. Өркім өртүрлі қисын айтады. Біреулер айыпты болып қалса керек десті, енді біреулер қайдағы бір әйелдің әңгімесін кірістіріп: бұл қатын дегенді қойсаңшы, талай азаматтың түбіне солар жетіп жатыр ғой деп бастарын шайқасты. үшінші біреулер: осылай болатын реті бар, өмір-бақи Шормановтардың ығында болған белгілі бидің баласы естіп тынбағанда қайтуші еді деп көңірсітті. Кеңес өкіметімен сыйыспаған ғой деді...

Дақпырт толастар болмады. Бірақ сөздің бәрі келіп бір арнаға құйды: Имантайдың баласы оқуға кетуі мүмкін емес. Ол дегенің қазіргі жастардың ішінен шыққан оқымысты жігіттердің бірі емес пе. Керек десе, осы өңірде оқу жөнінен одан озған кім бар еді! Семейдегі ең әйгілі орыс мектебін бітірген. Тіпті айтуға тіл жетпейді - се-ми-на-рия! Өмір бойы оқыған десең де болады.

— Өрекімей қоя тұрыңдар, - деп ақсақалдар жағы басу айтты. - Заман орнықсын, сырттың дөмін татып біраз бастыққан соң үйіріне қайтіп оралады. Жастықта кім желікпеген...

— Қашып кетті! Ол бізбен үзеңгілес бола алмайды. Қасқырды қанша асырасаң да орманға қарап ұлуын қоя ма! Күйзелген шаруа анау. Ашаршылық мынау. Жаулармен күресу керек, шаруашылықты көтеру керек! Партия жаңа экономикалық саясатты ұсынып отыр, ал ол болса оқымақ, білім алмақ! Соны тіпті ревкомның мүшесі етіп те сайладық-ау! - деп Қаныштың кейбір белсенді тұрғыластары қатқыл сөздерге дейін барды.

Дегенмен, бұл таңданарлық та жағдай еді. Шорман мен Сәтбайдың даңққұмар ұрпақтарында билігі мен беделі қос қабат

қызметтен өз еркімен бас тарту дейтін бұрын болып па? Сондықтан Имантайдың ұлы Том қаласындағы мектепке кіршіт, жерден түрлі асыл тастарды іздейтіннің оқуын оқымақшы екен деген хабар жеткенде де қаржастар мен айдаболдар оның ойы арам еместігіне сене қойған жоқ.

Ол кезде шынжыр балақ, шұбар төстен шыққандарға жұрттың илана қоюы қиын болушы еді ғой...

Қазақтың Орта жүзге кіретін Арғын атты үлкен тайпасының Қаржас руынан шыққан Имантай бидің ұлы Қаныш Сібір технологиялық институтына оқуға түсті де, атасы Сәтбайдың атымен студент Сәтбаев болып шыға келді.

Шамасы бір-екі айдан соң ол ауылда мұғалім болып жүрген досы Науан Түсіпбековтен хат алды. Досы бұл туралы жерлері не ойлап, не айтатынын тәптіштей баяндап, ақырында былай деп жазыпты:

“...Енді саған қалған нәрсе біреу-ақ - шындап оқуың керек... Ауылдағы дүниежүзілік революция үшін күрестің қызған шағында өзінің жолдастарын тастап кетті деп ревкомдағылар саған өкпелі. Кейбіреулері бізді сатып кетті деп турасынан айтады. Алыс-жақын туыстарың сондай үлкен орынды тастап кетті деп ренжулі, ол байғұстар енді, кезі келгенде: “Қаныш судья менің кімім екенін білесің бе?” деп шірене алмайтын болғанына өкінеді. Байлардың тоқалдары да қол ұшын беріп, қақпастарының қыспағынан шығарып кетпегенің үшін өкпелі. Өзің білетін бір кісі қоштасуға да жарамай жоғалды ғой дегенде көкірегі қарс айрылады. Өзіне осындағы біреу сөз салып қоймаса керек, ақыры қыз бір-ақ ауыз өлеңмен сазайын беріпті:

*Жүресің бе осылай  
Шідерлеген ат құрлы?  
Біздің көңіл, досым-ай,  
Том қаланы жақтырды,-*

депті. Ал Шәрипа келіннің орынды өкпесін мен айтпай-ақ қояйын. Тек жақында Имантай ақсақалға сәлем берейін деп барып ем, келінге қарадай жаным ашыды. Бұл неғылғаның, жолың болғыр Қаныш-ау?! Темір мен мыстың тасын іздейтін оқуға бола ең бір ет жақын жандарыңды ренжітуге бола ма? Егер сен мынау жалпақ даладағы жан біткеннің қоры атанып досқа күлкі, дұшпанға таба болайын демесең осы өкпе-реніштің бәрі бекер екенін дәлелдеуің керек. Сондықтан сен, Қаржас ба-

баның жаман-жәуітігі, пәуескеңнің жетегін оқу жаққа шындап бұрған екенсің, енді басқаға алаңдама, тек тарта бер... Ал қаңқу сөзге түкіргенің бар ма...”

Науан осылай депті. Хатында да баяғы Баянауылдағы ойнақы мінезі қалмаған. Онда бұлар бірде Халық · йінде, бірде мектепте күн сайын дерлік кездесіп тұратын. Кейбірде аңқылдаған досы мұны өзінің шап-шағын отауына ертгіп апарып, шапаты ғана әйеліне қауқылдап, жалғызлікті бейшара қаржастың аузына ас-суын тосатын.

Қаныш Наукесінің қасында жүргенді ұнататын (өзінен бес жастай үлкен Науанды ол осылай “Науке” деп атаушы еді). Ұнататыны · ұдайы төрт құбыласы түгел адамдай жүретін (өлде солай боп көрінгісі келе ме екен?). Әйтседе Қаныш Науанды ең жақын адамым деп санамайтын, сондықтан оның осындай жүрекжарды жанашыр хатын күтпеген еді. Енді оған дәл осылай егжей-тегжейлі ыстық сөлемін жолдамаса бола ма? Қаныш табан аузында жауап хат жазуға отырды, алайда бір дегеннен аяқтай алмады: қолы тие қоймаған. Қазір ол жатпай-тұрмай оқуға құлаған болатын. Ара-тұра семинариядағы алаңсыз күндерін, бүгін оқымағанның олқысын ертең-ақ толтырып алармын деп арқаны кеңге салған пәруайсыздығын өкіне еске алып қояды. Ұқыштылық, тақуалық дейтіндер қабілетсіз, нәумез жандардың тірлігі деп, бір шекесінен қараған кеппе мінезіне қазір қарап отырып ыза болады. Енді бұрынғыдай салдуарлыққа жол беруге болмайтынын, қатардан қалмау үшін тоста бандап, тынымсыз оқу керегін ол бар жан-төнімен түсінді.

Әрине, бұл басқа студенттерге қарағанда Қаныштың даярлығы нашар еді деген сөз емес. Қайта, керісінше, оның тап болған ортасы өмірдің теперішін өбден-ақ көрген, ұқыптап оқуға жағдайы болмаған, тағдырдың төлкегі біресе қуғын-сүргінге салып, біресе Антанта мен ақтардың оғына байлап барынша титықтатқан жандардан еді. Қызылөскер шинелін киген кейбір студенттер ғылымға тісі батпай қиналғанын Қаныш талай көрді.

Ендігі жерде Қаныш “үлгерім” деген сөздің өзін бұрынғыдан басқа мағынада түсінетіндей. Бұдан былай ол сабақты үлгерушілердің қатарында болу үшін емес, білу үшін оқитын болады.

Оқу орнында білім алғанның шын қадірін жиырманың үшеуіне аяқ басқанда барып білудің өзі ұят-ақ. Содан ба, бұрынғы салқам тірлігінің қайта келуінен қорыққан адамша, бар

ынта-ықыласын білсем, түсінсем және түйсінсем дейтін бір құмарлыққа жеңдіріп, лекция тыңдаудан, лабораториялық және семинар сабақтарына қатысудан, соларға әзірленуден, сондай-ақ жалпы білімін кеңейтуге, орыс тілін үйренуге қатысты әдебиеттерді оқудан өзге ешнәрсеге селт етіп көңіл бұрған емес. Орыспаға жетілуді әсіресе Усов дейтін тәлімгері қатаң тапсырған. Қаныш қазір соның үйінде пәтерде тұрады әрі оны Имантай қарттан кем көрмейді: Усов не айтса да дәл әкесінің айтқанындай екі етпей орындауға әзір.

Сондықтан ол досының хатына жауабын сабақ арасындағы қалт етпе сәттерде қиқалап жүріп апта бойы дерлік жазды. Ұзақ әрі көп жазған себебі жан жүрегімен жазайыншы деген шын пейілден емес, сол пейіліне лайық сөздердің оңай шыға қоймауынан болғанын іштей сезіп, сонысына өзі қайран қалды. Пейілдің сөзі шығу үшін шындықты шып-шырғасын шығармай жазуы керек еді. Міне, қазір ол дәл соны істей алмайды. Істегісі келмегеннен емес, шындықты өзі де әлі біліп болмаған-ды.

Бірақ ол басты нәрсені біледі. Оның мәнісі: кеңес елінде жоғары білім алудың өзі - аса маңызды мемлекеттік, революциялық іс; сол себепті мұнымен бірге оқып жүрген студенттердің көбі - бойларындағы ғылым мен техниканы меңгеруге азды-көпті қабілеті барын байқатқан соң өздерінің партия ұяларынан оқуға тапсырма алған жас большевиктер. Вазбіреулерінің оқуға барғысы келмесе де, тіпті оқу кабинеттері мен лабораториялардың жайбарақаттығын өмірді қайта құру жолындағы күрестен аулақтағандық деп санаса да, тәртіптің аты тәртіп - мойын ұсынған.

Демек, ревком белсенділерінің оқуға кеткен достарына ренжитіндей жөні жоқ екен. Қайта, оларға Қаныш әкпелесе болар. Бірақ Қаныштың бойында ондай сезім болмай шықты. Мейлі ғой, білімдар адамдар қазір өте-мөте қажет боп тұрғанын жұрттың бәрі түсінсе де, қырдағы өмірдің болашағы үшін жоғары біліктілігі бар маманның орны қандай болатынын Баянауыл ревкомындағылардың бірде-біреуі биік парасат тұрғысынан таразылай алмаса не істерсің. Солай болған соң жолдас Сәтбаев дейтін біреуді ит өлген жердегі Сібір институтына оқуға жіберу туралы мәселе қою кімнің ойына келе қойсын. Бірақ Қаныштың көңіліне кірбің ұстамаған себебі осыған ғана байланысты емес. Оның басты себебі - бұл мына институттың табал-

дырығын аттағанда өз тағдырындағы осындай өзгерістің қоғамдық қажеттілігін түсінгеннен аттаған жоқ, қайта ол кеңес өкіметі далаға әкеле жатқан жаңа өмір жолындағы күреске қажетім бола қояр ма екен деген дүдәмалдықтан оқуға кетіп қалған болатын.

Ал егер оның студент болсам деген ынтызары елдегі жаңа өмірді орнатушылардың арманы мен мүддесіне дөп келсе, бұл енді Баянауылдағы оныншы учаскенің жолы бола бермейтін судьясының дәл осы кезекте бағы жанып кеткенін ғана көрсете керек.

Науанға жауап хат жазып жүрген студент-қырғыздың (ол кезде қазақтарды әлі солай атайтын) басында осындай ойлар сапырылыса бастаған еді. Оның досына бірден жүрегін ашып тастап ішкі қырындысын айта алмау себебі осы болатын. Науанға хатында: бұрынғы халық судьясы ендігөрі Алла мен Пайғамбардың сүйген құлы кезбе дәруіш сияқтанып мойнына дорба асынып, ел ақтап, көрінген тасты балғамен шекіп күн өткізеді, ал оның балғасы тиген сайын тастан жалынышты дыбыс шығып, әруақтарға, әулие-әнбиелерге құдайдың көнбіс құлы Имантай ұлы Қанышқа бір түйір болса да алтыныңды, жалғыз кесек болса да мысыңды бере гөр дегендей жалбарынатын болады деп, сөздің денін ойнақы әзілге шаптыруы да содан. Сондай-ақ ол хатында профессор Усов туралы, студент жолдастары және бақа да көптеген мәселелер жайында жазды.

Ал үй-ішін, ата-анасын, бауыр басқан даласын қиып, өзіне көрсетілген зор сенімді мансұқтап, не себепті оқуға бармаққа бекінгенін жазған жоқ. Шындықты бүркеп, күнә арқалап ол туралы жаза алмасын сезді. Осында, Томскіде жүргенде, бұрынғы көргендерінің бәрі басқаша сипат алатыны қайран қалдырады. Өткен өмірің әлі тұтамдай болғанымен, әп дегеннен оны сипаттап жазып, айтып бере алмайды екенсің. Оның әрбір сөті, ой сарабына түскенге дейін, жөй ғана өмірдің бір сөті болып қала тұрады екен. Ал енді ой сарабына салып таразылай бастасаң ол жанданып, өміріңнің ұмытылмас бір бөлшегіне айналып жүре береді; өз қалауыңша құбылады, өз қалауыңша құлпырады - барлық қырлары шын суретімен көрінсін десең көңіл таразысын тең ұстауға тырысуың керек.

Қаныштың өзі осыған қайран қалды. Бұл өзінше бір жаңалық сияқты көрінді. Абайдың әр адам - жұмбақ дейтіні осы екен-ау. Бәлкім, тіпті өзіне де жұмбақ болар...

Қаныш институтта және үйде қанша жұмысбасты болса да енді өткеннің бәріне сырттан, алыстан қарап, туған даланың қарбаластарынан, оның кекірік аздырған молшылығынан жырақта, студенттік нәпақаның қанағатында отырып бағалауға мүмкіндік алды.

...Бірде ол асуүйде шөйнек қайнатып тұрып Михаил Антоновичтің келгенін байқамай қалды.

— Не ойлап кеткенсің, Қаныш? Сәлемет пе?! Қаныш селкете қалып, күліп жіберді.

— Сәлеметсіз бе? Айып етпеңіз, Михаил Антонович, шынында ойға шомып кетіппін. Өткенді ойлап дегендей...

— Өткенді ойлап, - деп жымиды ұстазы, көзілдірігін сүртіп тұрып. - Шынын айтсақ, жігітім, сенің өткенің онша көп емес, бірақ оны ойлау керек, әйтпесе болашаққа дұрыс жол таппайсың! - Осыны айтты да өзінің кабинетіне қарай өтіп кетті.

Институтқа түсіп, шынында, болашаққа дұрыс жол тапқанына Қаныш риза болатын. Бірақ, бір қызығы, оған себепші болған Баянауыл милициясының бастығы Уахит Шоқанов еді. Екеуінің бір-біріне деген салқын көзқарасы өрши келе қатты қақтығыстарға ұласпағанда Қаныш, бәлкім, студент болмас та еді. Енді қазір отыра қалып Шоқанов жолдасқа рахмет айтып хат жазса да болады.

Ол кезде Шоқанов турасында Қаныш жаман ойлайтын. Жек көретіні сонша, өш алудың әрқилы жолдарын да ойластырып байқаған, ақыры онысының, барып тұрған ақымақтық екеніне көзі жеткен де қойған. Енді ойлап отырса, соның бәріне Уахит кінәлі емес екен. Ол тек істеуге тиісті нәрсені ғана істепті. Мүмкін, өзгелерден бұрынырақ, ашығырақ, пәрмендірек істеген болар.

Өткен жылдың наурыз айында Қаныш Баянауылға келіп, жаңа ғана құрылған ревкомның жұмысына араласқанда ондағылар мұны милицияның бастығымен таныстырған-ды. Ол да осы қызметіне уезден жіберілген екен.

Наурыздың жаймашуақ күні еді, түстен кейінгі шуаққа маужырасқан ревком мүшелері комитет төрағасының от жағылмайтын, азынаған кабинетіне кіруге асыға қоймады. Тұрғандардың біреуі Уахит пен Қанышты таныстырды. Қаныш орнынан қозғалып, ұмсынам дегенше Уахиттың күректтей алақаны Қаныштың алақанына жабыса қалып, морттық саусақтары

қолының қылтасын езіп жібере жаздады. Сөйткен қалпы қолын төмен сілкіп қалғанда, Қаныштың иығына дейін солқ еткізді. Бұл болса, бәлкім, өзінен егделеу адаммен танысқанда ілтипат ырымы үшін орнынан қозғалып та үлгермегеніне ыңғайсызданып қалған. Қайта Уахит елгезектік жасады, сонысына қарағанда және құлшына келіп құшырлана қол қысқанын есептесе, бұл таныстықты оның аса бағалағаны деп қабылдауға болар еді, бірақ Уахиттың әбден күнқақты болған торсық бетінен ондай сезімнің нышаны да байқалмайды екен. Талақтай тасырайған, ешқандай жылуы жоқ осы беттен: ақыр бірге жұмыс істейді екенбіз, таныссақ танысайық, көп көделенбей-ақ қол алысайық, жасымды бұлдамай-ақ саған бұрын келгенім сол дегенді аңғаруға болатындай. Тағы да бұл бет айтады: мені білейін десеңдер бұлтиған екі ұртыма, жайылып жатқан мұрныма емес, тынымсыз қозғалатын қап-қара қалың қасыма, тікірейген жалпақ мұртыма және, қыл аяғы, қарашығы найзадай қадалатын қиықша көзіме қараңдар, сонда менің кім екенімді танысындар дейді. Жаңа танысының бетінен Қаныш осыны оқығандай болды.

Ұзынынан гөрі көлденеңі көбірек өскен сияқтанатын, қызыл әскер шинеліне тырсылдап өрең сыйған тығыршықтай денесінен қажыр-қайрат пен ептіліктің және өзіне деген сенімділіктің шіреп тұратыны сонша, бұл оның жәй ілтипатқа орай жасайтын қимылының өзінен анық байқалады.

Күннен жүзін бұра беріп, Қаныш көз қиығымен екеуінен түскен көлеңкелерді шолып өтті де, қарсы алдындағы шомбалдың жанында өзі ебедейсіз сырықтай көрінгеніне іштей жымып қойды. Иә, мынаның тұғыры берік: тіпті атқа көп мінгеннен иіле біткен, қысқа аяқтарының бақа басы да өзгелердікі сияқты сыртқа немесе тіке қарамай қыңыратқып ішіне қарап, ортадағы бір нүктеге тайталаса қалыпты

— Жолдастар, байқайсыздар ма, - деді жігіттермен бірге тұрған уездік ревкомның өкілі, - революциялық заңдылықтың жергілікті екі арқа сүйерінің мынадай шүйіркелесіп танысуы Баянауыл ауданында кеңес өкіметіне қарсы бас көтерудің тамырына дереу балта шабылып, пролетарлық шындық пен большевиктік төртіп ойдағыдай орнайтынын көрсетеді емес пе.

— Барынша соған тырысамыз, жолдастар. Маған қалса, менің жұмысымды көп ретте Сәтбаев жолдас бағалайтынын

білемін және оның табысты болуы да сол бағаға байланысты болмақ. Әйтпесе, сен біреуді құлағынан сүйреп әкелесің, ал судья: “Бұл әкелгенің кім өзі? Мынауың қылмыскер емес қой” деп қарап отыруы да мүмкін ғой, - деді Шоқанов байыппен сөйлеп. Сөйлегенде шартық адамдардың бәрінде бола беретін дағдымен басын шалқайта түсіп, сөл оң жағына қисайта бере, бітік көзін одан өрі сығырайтып, мысқылдай жымиятыны бар екен.

Оған не дегені қазір Қаныштың есінде жоқ, сірә: бөрімізге ортақ шаруа ғой, бөле-жаратындай несі бар деп бірдеңе мінгірлеген болу керек. Ал Уахиттың сондағы кейпі жұмыста бұл сияқты судья-сымаққа сенім артар жайым жоқ дегенді сездіргендей еді. Сонысы-ақ Қаныштың жынына тиді. Дәл сол арада, табан аузында: бізден басқа да ревком, партия, халық дейтін басты судья бар, олар Шоқановтың да, Сәтбаевтың да өділдіктен тайып, шындықты бұрмалауына жол бере қоймас деп айта алмағанына Қаныш өбден беріге дейін ыза болумен жүрді.

Ал Уахиттың дауысын, әсіресе тапқырлығы мен тасырлығын әлдебіреуге ұқсатты да қойды. Мәжілісте отырып, Уахиттың қасы мен мұртына қараған сайын “қайдам көрдім осыны?” деген ойдан арыла алмады. Ақыры, кештетіп үйіне қайтып келе жатқанда, сап етіп есіне түсе кеткені.

Ол Қаныштан екі-үш жас үлкен болатын. Осыдан алты жылдай бұрын, Павлодардағы оқуының соңғы жылында, қысқы каникулға ауылына келгенде көрген. Көрші ауылда қаржастан тарайтын Құл деген атаның бір үйінде шілдехана бола қалды. Дәмнен кейін жастар оңаша қалып “көрші-көрші” ойнады. Сол ойын үстінде бөкене ғана, қысық көз бөлекей қараның мақал айтып, өлең десе бір-екі ауыз өлеңді де суырып салып, көрші қызын ешкімге бермей, отырған жастардың таңдайын суырғанын Қаныш көрген.

Бөлекей бала жұрттың бөріне ұнады. Әсіресе Қаныштың ағасы Бөкеш аузын ашып, көзін жұмды. Аты Уахит екен. Сонау Баянауылдан арғы Ақбеттау жағын мекендейтін орманшы руындағы Шоқанның ұлы болып шықты. Ақбеттауыңыз Шорман мен Сәтбайдың қыстауынан терістік-батысқа қарай жүз шақырым болатын шығар. Әлгі қу құлдардың ауылына жиеншілеп келген болды.

Уахиттың өнеріне қызыққан Бөкеш оны қонаққа шақырды. Имантайдың үйінде Уахит еркінсі алған жоқ, бірер күн

болды да қайтып кетті. Содан бұл ауылға келген жоқ. Сірә, жігіт нағашыларына сайрандап қайту үшін емес, кедейшіліктің өсерінен келген сияқты. Онысы жұлығы жамалған етігінен, көнетоз тұмағы мен шолақ тонынан анық байқалды.

Ол өзі Бөкешпен тұрғылас боп шықты, сол себепті Қаныш онымен шүйіркелесе қоймаған. Қонақ жігіт те жас балаға онша мән бермеген болар. Сонымен Қаныш оны ұмытып та кетіп еді.

Ал Баянауылдағылар оны біледі екен. Осында мектепте оқыпты, содан соң, жұрттың айтысы, келесі бір шақыру кезінде қатын алам деп қағынып оқудан қашқан бір бай баласының орнына орыс-қазақ училищесіне, сірә, Омбыға кеткен болу керек. Сол кеткеннен мол кетіпті. Өке-шешесі өлген, немере ағаларының бұған қарайласатын жағдайы болмапты. Осы екі арада мұның қайда жүргені ешкімге аян емес. Тек ауыл үстінен колчактарды қуған қызыл әскер өткенде Уахит жұрт көзіне оттай басылған ғой. Өзінің қандай командир екенін айтпаса да ауылдастары оның мылтық асынған жөй біреу емес екенін, өзгелерге сөзін тыңдататын салмағы барын көріпті. Содан соң ол айрықша отряд дейтінге қалып, ақтардың жұрнақтарын және олардың құйыршықтарын қуғындаумен айналысқан. Міне, енді Баянауылға милиция бастығы етіп жіберілген беті осы екен.

Жұмыс бабымен Павлодарға барып жүріп Қаныш уезд басшылығының бір мүшесінен Уахиттың өміріне қатысты, жұртқа әлі мәлім бола қоймаған біраз жайларды естіді.

Ол шынымен-ақ оқыпты, орыс-қазақ училищесін ойдағыдай тәмамдап семинарияға түскелі тұрған жерінде ақпан оқиғаларынан кейінгі апалаң-топалаңға араласқан да кеткен. Ол кезде Омбыдағы әртүрлі оқу орнында ауыл балалары көп болушы еді. Солардың арасынан тез арада-ақ большевиктерді қолдаған топ ұйымдаса қалыпты. Уахит сол топтың ең белсенді мүшелерінің бірі болған ғой. Омбыны Колчак алғанда ол ештеңеден жасқанбай, астыртын жағдайға көшкен большевиктердің тапсырмаларын орындап жүріпті. Ал Қызыл Армия келген соң соның сапына қосылған.

Айрықша отряд бөлімдерінде болғанда ол қайтпас қайсарлығымен әрі тапқырлығымен көзге түсіп, ауыл-ауылды зар қақсатқан ақ бандылардың қалдықтарын талқандаумен болыпты. Өңгімелердің бірінде Уахиттың айрықша отрядтың қолына түскен Колчак офицері болғансып небір кереметтерді істе-

гені айтылды. Ақыры, бір орайы келгенде, ақ бандылар оны жалаңаяқтардың тұтқынынан босатып, тау асып кетеді. Бұлардың Шыңғыс таулары мен Қарқаралы тауларын паналап қанша жүргенін кім білсін, өйтеуір өзін “құтқарушы жаңа достарынан” білуге тиісті жайлардың бәрін біліп болған соң, Уахит кезекті бір жырғалаңнан бастары мәңгіріп, көздері кілмиген “серіктерін” қарусыздандырып, байлап-матап, уездік милицияның қолына әкеп тапсырыпты.

Уахит өмірінің мұншама қызықты жайларын естігенде Қаныш таңырқай қойған жоқ. Уахиттың қолынан бұл анық келеді. Тіпті, революциялық шындықтың қатал тәртібі тыйым салмаса, ол туралы небір кереметтер айтылар ма еді, кім білсін. Осындай ғажап жанмен қатар жүріп қызмет істейтін болғанына Қаныш қатты қуанды. Революцияның селт етпес сенімді жауынгеріне қызығып та қарайтын болды. Өзі сондай сайыпқыран бола алмаған соң, онымен алғаш кездескенде жіберген әбестігі үшін ұялып та жүрді.

Өйтсе де біраз уақыттаң соң (мұның қашан басталғанын өзі де білмейді) Қаныш өз ішінде өлгіндей құрмет пен табыну сезіміне қосарланып тағы бір сезім пайда болғанын, сол арқылы өзі Уахиттың қай сөзіне, қай ісіне болсын сезікпен қарай бастағанын байқады.

Мәдени-ағарту жұмысына жауап беретін Қаныш бірде ревком мәжілісінде жаңа ашылған мектептердегі оқу жайынан есеп берді. Әңгіме барысы мектептердің біріне бөлінген үйге от жағылмай, балалар оқуға келмей кеткені жайына ауысты. Қаныштың пікірінше, мектепке көмек беруге тиісті ауыл ағасынан ешқандай қолдау болмаған. “Мұғалім қайда? Балаларды бетімен жіберіп, ол не бігіріп жүр?” деп Уахит шаншыла сұрады. Қаныш мұғалімнің өте бұйығы, жуас жігіт екенін, ауыл ағасының үстінен арыздануға оның тәуекелі тұрмайтынын айтты. Бірақ өзі төп-төуір сауатты екен, балалар да оны қатты сыйлайтын көрінеді, - деді. “Білеміз қандай бұйығы екенін, - деп Уахит сөзді бөлді. - Байдың ұлы - пәленің бәрі сонда!” - Осыны айтты да тырсыып отырып қалды. Ревкомның шешіміне бұл сөздің ешқандай ықпалы болмаса да Қанышқа қатты әсер етті: мұғалім шынында бай әулеттен болатын, бірақ онысымен ешқашан бетке ұрмайтын жұпыны, адал жігіт-ті. Мәжілістен соң Уахитқа соны айтып еді, ол үндемей тыңдады да әңгімені басқаға бұрып әкетті.

Қаныш байқайды: Уахит адамдарды бай-балпаң мен кедей-кепшік деп екіге бөледі екен. Содан барып, өзі байлардың санатына қосатындарға әмісе күдікпен қарайды да, кедейлер жөнінде ешқандай сезігі болмайды. Әрі онысы табиғатынан ұшқыр ойын кәдімгідей тұтқырлайтын сияқты. Ревком сенім білдірген адамды өзі бай деп санаса дауыс бермей қалыс қалып, ал күдікке ілінген біреу кедей болса көрер көзге соған бүйрегі бұрып отырады. Нақты дәлелдері болмаса бас-көз жоқ белсеніп шығудан бойын аулақ салуға ақылы жетеді, бірақ мұртының қылшығы тікелейсіп, қалың қабағы түксиіп отырғанынан бөтуалы шешімге Уахиттың риза емес екенін Қаныш біле қояды.

Кіммен болсын Уахит тым өзімсініп сөйлеседі. Әуелде Қаныш онысын көз қыла істейтін болар деуші еді. Сөйтсе, қыр еліне жат көрінетін қысқа қайырым анайы сөздерді, біреуді тәуір көргеннің белгісі есепті үйіне атпен кіріп сәлем беретін тасыр мінезді бұл өзі қалап тапқан екен. Ол нағыз ары таза азаматтар бір-бірімен осындай там-түм іскер қатынаста болуы керек деп ойлайтын, ал “сіз-бізбен” сызылған сыпайыгершілікті, жұмыссыздықтан еріккен еркеготайлардың ізетшіл-ілтиспатшыл қылықтарын бай-шонжарлардың шын сиқын күргейлейтін перде есепті санайтын.

Уахит бір кезде Құл атаның ауылында көрінгендей әңгімешіл де емес болып шықты. Сірә, өмір шіркін ұстамдылыққа үйреткен ау. Бірақ біреу-міреуге сұғын қадаса тартынып қалмайды: шикандай сөздер, бірінен бірі өткен қағынды теңеулер анау қалың мұрттың астынан қарша борайтыны бар.

Уахитпен кездескен жерде Қаныш өзін ұстап, оның жаны сүймейтін кішіпейілдік шеңберінен аспай, сыпайы сөйлеседі. Өзгелер сөйтсе жымысқы күліп, жұмық көзінен от ұшқында-тып, қыршаңқы сөздермен жеп қоя жаздайтын Шоқанов бұған келгенде момақан ғана мүләйімси қалатынына Қаныш таң.

Сірә, Қаныш дағдылы сыпайыгершілікті адамның тәуелсіздігі мен қадір-қасиетін барынша айқындайтын пернені дәл басқан болу керек. Осы арқылы ол кеудемсоқ, кесірлі Уахиттың талай адамды тайлақтай баурап алған дөрекі мінезіне елікпеудің жолын тапқан сияқты.

Міне, енді сол адам Қаныштың өзі сезіп-біліп жүрген, жатса-тұрса жанын жеген сезікті ойларын өзгелерден гөрі анық, бұлталақсыз айтып отыр.

Қаныштың Баянауылда тұрып, жұмыс істегеніне жарты жылдан асқан. Айнала-төңіректегі Айдабол, Жағалбайлы, Орманшы, Қулық руларының көптеген ауылдарын аралады. Сот құрды, үгіт жүргізді, сауат пен ғылымның пайдасы туралы көп-көп өңгіме айтты, еңбек мектептерінің жұмысын бақылады, көп адамдармен танысты, талай үйлердің өз адамы болып алды. Ақсақалдарға ұнайтыны - олардың көкейіне қонатын өңгімелерді майын тамыза айтады, жастарға ұнайтын жері - өмірдің мені жайында көпті көрген қарияларша сыр шертеді. Жастардың ойын-сауығына алаңсыз араласып та кетеді, кейде ондай қызықтарға өзі бастамашы болады. Бірақ барған сайын оған мұршасы болмай барады, өйткені ақсақалдар жиі-жиі ортаға алып, кеңес өкіметінің саясаты, ауылдың жағдайы, от басы-ошақ қасының тірлігі туралы өңгіме сұрайтынды жиілетті. Әрине, жігітін бұған мөз, дегенмен ауыл жастарының сауық-сайранын көрген сайын көңілі пөсейіп, өзін амалсыздан шау тартқандай сезінетіні бар.

Кеше Қаныш өзін қатты толғандырып жүрген бір істі аяқтады. Ол сот ісін шешкенде сірә да енжар қала алмайтын, бірақ мына іс өзгелерден мүлдем бөлек әрі ол, бөлкім, сезімнің басқа пернелерін басатындай.

Ол кеше-ақ Баянауылға жетіп жығылмақшы еді, бірақ пәтерге жалдаған қарағай үйдің аядай бөлмесінде Сәтбай атаның соқталдай үш ұрпағы сұлап жатқаны есіне түсті. Бұл үшеуін, ауылда бос сенделгенше мектепте оқысын деп, Қаныштың өзі ертіп келген. Әрине, олардың ауылдас достары - осындағы ревком мекемелерінде істейтін, бұл жүрісіміз үй иесінің тұрмысы мен жұмысына қалай болар екен деп қаперіне де ілмейтін екі собал әлгі үшеуімен илектесіп бірге жатқан болар. Оны аз десең, өз шаруаларымен келіп немесе уезден қайтып келе жатып “өздерінің Қанышына” соға кетуді жөн көрген мейман қаржастардың қаншасы ауызғы үйде жатқанын бір құдайдың өзі білсін.

Қаныш түн жарымына қарай аттан түсіп, есігін ашқанда, тола адамның көңірсіген сасық иісі қалай бетін шарпып, қолқасын қабатынын, жүрегі айнып, көңілі құлазып өз бөлмесіне қарай қалай өтетінін есіне алды. Сол-ақ екен, жақында ғана Жасыбай көлінің жағасындағы қыстауына көшіп қонған Молдабек ауылына тартып кетіп, ақсақалдың ұядай жинақы, таптаза үйінде түнеп шықпаққа бекінді. Оның үстіне, бүгінгі ғажап істен кейін өзі де асықпағанды жөн көрді.

Ал, істің жайы-байынан ажыратуды сұраған тоқалдың өтініші болатын. Бұған дейін мұндай іс атаулы (жас судья ондайдың талайын қараған ғой) дауласушы жақтардың ақымақтығынан, кейде тілті жабайы қылығынан өте-мөте шиеленісіп кететін. Әдетте ажырасу талабы тоқалдар жағынан болушы еді - байынан қашып құтылмаққа (кейде бірнеше рет) әрекет жасап, дауға әйелдің туған-туыстары ғана емес, оған жаны ашушы қайдағы бір еркектер де араласып, ру мен ру, ауыл мен ауыл сойылдасып, сойқандасып, барымта-сырымта болысып, өштесіп-қастасып біткеннен кейін іс сотқа түсетін. Арызданушы басына бостандық әперуді сұрайды, оның байы шығынын қайтаруды, жеген таяғының, көрген-естіген қорлығының өтеуін әперуді талап етеді. Кімдікі жөн, кімдікі теріс екенін ажыратып көр. Мұндай істер міндетті түрде жас әйелдердің талабын орындаумен аяқталатын жөне, бір төуір жері, прокуратураның, милицияның араласуын, қорғаушы мен айыптаушыны қатыстырумен процесс өткізуді қажет етпейтін. Ал сауатты адамдардың тапшылығы жағдайында мұны ұйымдастыру оңай емес-ті. Қысқасы, дау-дамайды басуға көп уақыт, қыруар күш-жігер жұмсалушы еді.

Мына жағдайда істің басталуынан аяқталуы тез болды.

... Біреу умаждалған бір парақ қағаз өкеп ұсынды. Қағаздың бір бетінде - араб әрпімен маржан тізгендей етіп жазылған арыз. Кеңес өкімегі жарлы-жақыбайды қорғасын деп уәкілдік берген Сәтбаев жолдасқа пәлен ауылда тұратын Боранбайдың тоқалы Әнипа жүгініс жасап, байынан ажыратуды сұрайды, себебі жасы небәрі он жетіде, бұдан былай жасы алпыстан асқан адамның тоқалы болып тұра алмайды делінген. Хат бір ауыз өлеңмен аяқталыпты:

*Возторғайдай шырылдаған мен бір құс,  
Қапылыста тұтқын болған биылғы қыс.  
Сөдия жәрдем етпесе күнім қараң,  
Құрған торда жатырмын еркімнен тыс.  
Сіз-қазы болғанда, ментұрымтай:  
Қырғилардан құтқарыңыз - сол бұйымтай!...*

Өлеңі пәлендей емес, бірақ ол да, хаттың өзі сияқты, сауатты жазылған екен.

Оған Қаныш таңырқаған жоқ. Ауылда жас тоқалдарға жаны ашитын адамдар аз емес-ті; кейде тіпті әйелдің арызда-

найын деген ойы болмаса да оның атынан сотқа шағым түсіп жататын. Олай да болады. Бұл шағымдар мейлінше жанашырлықпен қарауды қажет етеді.

Айдаболдардың арасында жайылым үшін өршіген бір шатақ даудан оралып келе жатып Қаныш әлгі Әнипаның ауылына ат басын бұрды. Ауылдық кеңестің төрағасы кедей табынан шыққан өңдірей жас жігіт екен, содан Әнипаның күйеуі Боранбай ақсақалдың жайын сұрады. Шалың жүз шақты жылқысы, жүздеген қойы бар орта дәулетті адам болып шықты. Бұрын тәуір-ақ бай болған екен, заманның аңғарына қарай тізгінін тартыпты. Бәйбішесі де әлі жас, бірақ пұшпағы қанамаған. Оның алдындағы бірінші әйелі қайтыс болты, одан қырықтың о жақ, бұ жағындағы екі ұл қалған көрінеді, өз алдарына отауы бар. Шал балаларына риза емес, оларды жетесіз-деу деп біледі, сондықтан жатса-тұрса арманы өзіне тартқан ұл туғызу болыпты (ол өзін әрі ақылды, әрі қу санайды екен); осыған байланысты бедеу бәйбішеге қыр көрсетіп, төсек жаңғыртқан ғой. Сөйтіп алған тоқалы Әнипа өзінің бұл үйдегі жағдайына риза сияқты, әйтеуір шалын тастап, өнер бастап кететіндей ниеті байқалмаған-ды.

Өңгімеге әбден қаныққан Қаныш Әнипаның хатын өзге біреу жазғанға сайып, ешкімді мазаламай-ақ аттанып кетпекші болып еді, әйтседе тексеріп көрсенші дегенді айтып ауылдық кеңестің төрағасы байыптылық танытты. Ол үшін Әнипаға туыстық ілік-шатысы бар өз әйелін пайдалануды хош көрді.

Сол тапсырмамен Әнипаға жөнелген әйел әрі таңырқап, әрі ызаға булығып қайтты. “Алда ғана қу қар-ай! Тіпті түк болмағандай: иә, хатты жазған өзіммін, мына шалдан кетемін деп кергиді-ей!.. Ал саған туыс, ал саған сырлас-мұңдас!.. Өзгені өзге десін, маған айтса болмас па. Ондай неме, құдай біледі, біреуді өлтіріп тастап, түк болмағандай тымпиып отыра береді!” – Қара борандатқан ашуын әйел күйеуіне айтып келді, ал ол сотқа арыз беруші шынында Әнипа болғанын Қанышқа айтты.

Бұдан Қаныштың ұққаны: істі тергеп те, ресми түрде талап иесі мен куәлерді шақыртып та өуре болудың қажеті жоқ, ауылдың ақсақалы деп Боранбайға сәлем бере бару керек, қалған жайды бара көреміз.

Міне енді олар Боранбайдың кең жайында отыр. Түндік ашық, күн дәл төбеде, үй іші самаладай жарық. Амандық-са-

улықтан соң үн шығармай біраз отырысты, әлі сыны кетпеген қағылез бөйбіше қымыз ұсынып та үлгерді. Ақсақал меймандарына жоралғы үшін қымыздан бір ұрттады да, оң қолындағы кесесін толғай отырып сол қолымен селдір сақалын саумалаған болды. Сөл жөткірініп алып сөйлеп кетті:

— Кеңес өкіметінен айналайын, өте әділ ғой! Мына сіз содиясыз, үлкен бисіз. Осы ауылға кеше келіпсіз, бірақ мына ауылнайдан басқа оны білген жан баласы жоқ. Енді мынау жаман шалдың үйінде қымыз ішіп отырсыз. Құдды осы ауылда туып-өскен қарапайым қазақтай-ақ қартқа сәлем бере келгеніңізді білгендік демей не дейміз. Бұрын би-төрелер өтуші ме еді? Ауылға келсе де ырғалып-жырғалып, нөкерлетіп келетін ғой. Солардың көңілін табамыз деп ауыл-аймақ шабылып қалатын. Пышаққа жығылған малда қисап болмайды. Қойыңды қоя-ақ қой, тай сойыңдар дейтінін қайтерсің! Айтып-айтпай не, кешегінің биі жүрген жеріне құт емес, жұт әкелуші еді ғой!

Шалың тегін болмады. Мығым, ықшам денелі ақсақал, сірә, ақылдан да кенде емес. Өткір көздерінің айналасын торлаған терең әжімдері бірде қоюланып, бірде жайылып, ашық мінез, аңқылдақ жанның кейпін танытады. Осы сәтте кеңес өкіметі туралы шынымен не ойлап отырғанын бір Алла мен оның өзі біледі, ал бірақ сөзі майда, лебізі жағымды.

Үйде отағасы мен бөйбішесінен өзге жасы қырықтарға тақау тағы біреу отырған. Ақсақал оның кім екенін айтпады, бірақ отырған орнына және кескін-кейпіне қарағанда шалдың үлкен ұлы болуы керек. Арыз иесі көріне қойған жоқ. Онсыз әңгіме бастау қауіпті еді. Тегі, осы әңгімені қозғаудың қажеті болар қояр ма екен деген күдік кірді Қанышқа: талапкер арыз жазғанын мойындаса жақсы, ал мойындамай жүрсе, сүттей ұйыш отырған отбасымды ойрандады дейтін шатақтың көкесін шалдан көресің...

Ақыры тоқал да кірді білем. Қонақтар жаққа көз қиығын бір тастап, амандасудың ырымы ретінде ернін жыбырлатты да әсем қимылмен сабадай сары самауырды көтеріп сыртқа шыға берді. Беті-басын түгел тұмшалаған ақ кимешектен әдемі қараторы жүзі ғана жарқ еткендей болды. Қаныш келіншектің аялы нәркес көздері мен қиылған қастарын байқап қалды. Бойы, бөлкім, ақсақалдан гөрі сұңғақтау болар.

Енді ол самауырынды қайнатпай үйге бас сұқпайды. Қалайда күту керек, қайткенде де ол арызынан бас тартпайды дейтін сенімге беку керек.

Қаныш жас тоқалдың сондайлық бір баппен биязы да өсем қимылдап, тез арада дастарқан жайғанына, қаймақ пен судың мөлшерін сұңғыла қағылездікпен келістіріп, ілуде бір әйелдің қолынан ішетіндей бал татыған қою күрең шай құйғанына қызығып қарады да отырды.

— Сіздің есіміңіз Әнипа ма? - деді ол шай ішіліп бола бергенде.

— Иә, атым Әнипа, - деді келіншек тереңнен шығатын бөсең дауыспен байыпты сөйлеп. Нәркес көздерін жалт еткізіп қонаққа бір тастады да дереу төмен түсіре қойды. Айтқанымнан қайтпаймын дегендей еді онысы.

Шал састы. Бетінің әжімдері қоюланып, ашулы көздері қонақты тесіп жіберердей.

— Құрметті содия, - деді ол, әлгіндей емес, қатқылдау үнмен. - Менің тоқалымның атын біледі екенсіз. Мұныңыз мен үшін бір құрмет болды. Енді бөйбішемнің де атын білетін боларсыз?

— Жоқ, бөйбішеңіздің атын білмеймін, - деді Қаныш, иығынан ауыр жүк түсіргендей болып. Шалдың қыршаңқылана қалғаны әңгімені тезірек бастауға себепші болып еді. - Бөйбішеңіздің атын білмейтінім - ол кісі арыз жазған жоқ. Ал Сағынай келіні Әнипа азаматшаның сотқа жазған арызы бар болатын, сондықтан мен Сағынай келіні Әнипа осы кісі екеніне анық көз жеткізуім керек болды. Енді, бұл азаматшаның Әнипа екеніне анық көзім жеткен соң сұрайын: сіздің сотқа арызданғаныңыз рас па?

Үй ішінде тылсым тыныштық орнады. Отырғандардың бөрі аңырып, Әнипаға қарап қалған. Ал ол болса, ештеңе бола қоймағандай, дастарқанды өзіне қарай ысырып алды да қонақтың бетіне тұңғыш рет тура қарап:

— Иә, арызды берген мен едім, - деді.

— Сонда не деп арызданасың? - деді жаны шығып кете жаздаған шал.

Әйел жауап беруге асыққан жоқ. Самауырынды есік жаққа апарып, шай кеселер мен қалған тамақты дастарқанға бипазадап орады, бөйбішеден кейіндеу барып сол жақ босағаға таман отырды да жауабын жайлап қана берді:

— Арызданған дөнеңем жоқ, тек осы шаңырақтан кетуіме көмектессе деп өтінгенім рас.

— Осы сен не оттап отырсың, бетсіз? Ішсе ішерге, кесе кереге жарымай жүрген жеріңнен алып, үлде мен бұлдеге бөлегенім бе жазғаным? Қайыршы өке-шешенді жарылқағаным ба? Жегені - менікі, мінгені - менікі, кигені - менікі... — деп шал жаңағы байсалдылығынан айырылып, шала бүлініп келе жатыр еді, Қаныш басу айтты:

— Ақсақал, сабыр етіңіз. Сіз жөн білмейтін бақырауық шалдардың сойынан емессіз. Көргені көп адамсыз. Айқаймен іс бітпейтінін білесіз. Сондықтан тек менің сұрақтарыма ғана жауап беріңіз. Әнипа, өуелгі сұрақ сізге: осы үйден кетпекші болған себебіңіз не?

— Кеткім келетіні: мен небәрі он жетідемін, ал күйеуім алпыс екіде. Мұнда тоқалдың қандай болашағы болуы мүмкін? Өз бетімше өмір сүріп, кеңес өкіметі берген еркіндікте болғым келеді.

— Күйеуіңізге, отбасына тағар айыбыңыз бар ма?

— Ешқандай айып-анжым жоқ. Ал мына кісінің жаңағы айтқаны өтірік емес. Бірақ байлардың еңбексіз жиған малы еңбек еткен жалшыларға теңдей бөлінуі керек дейді ғой осы күні. Менің өкем де өмір-бақи біреулердің малын бағып, ыстығына күйіп, суығына тоңып, малмен бірге өріп, бірге түнесе де жоқшылықтан құтыла алмай, ақыры мені де малға сатты. Сонда маған жаны ашымады, өзегі өртенбеді деп ойлайсыздар ма?..

— Балаңыз бар ма?

— Ұлым бар, жасы екіге қарады.

— Оны қайтпексіз?

— Қалай десеңіздер солай болады.

Қаныш қайран қалды. Балам қалады-ау деп қорықпайтын әйел болмайтын еді. Осы арада сөзге бөйбіше араласты.

— Айналайын содия балам. Осылай дегеніме ренжи көрме, маған баламдай екенсің, - деді ол әппақ жаулығының астынан соншама нұрланып мейірімді көрінегін жүзін мейманға бұрып. “Маған баламдай екенсің” деген сөзінен кейін Қаныш менің анам да дәл осындай көркем, сымбатты әрі таза, ақ шырайлы болған шығар деп ойлап үлгерді. Жұрттың айтуы бойынша көкейіне жатталған анасының бейнесі дәл осындай болғанына таңданды да.

— Иә, айтыңыз, - деді Қаныш, осыған дейін тіс жарып ештеңе демеген, бірақ сөздің нарқын білерліктей бөйбіше өңгіме түйінін ешқандай шатақсыз шешіп беретінін күткен адамша ынтығып.

— Әнипа сотқа шағым берсе, дұрыс істеген, - деп бөйбіше байсалды өңгіме бастайтындай қалып танытып еді, есік жақта оған қарсы қарап отырған үлкен ұл арс етіп кесе түсе кетті:

— Сен шал өбден алжасқаннан саумысың? Мына шаңыраққа қатындарыңа қобыз ойнаттырып қойып не қарап отырсың? Әлде біз қатын ғұрлы болмай қалғанымыз ба? Соттаса соттасын, маған десе тескентау өткізіп, итжеккенге айдап жіберсін, бірақ мен бұған жол беріп қойып отыра алмаймын! Мұндай масқараға төзгенше шаңырағымды өз қолыммен ортаға түсіріп, өртеп жіберемін! - деп елірді.

— Тәйт! - деп әкесі тыйып тастады. - Тәйт, көргенсіз! Арыз берген сенің қатының емес, иттің күшігі. Қатын ашуланғаны - су бетіне қақ тұрғаны, үрлеп жіберсең бітіп жатыр. Шаңыраққа мен өлгенде ие боларсың. Ал қазір шошаңдама. Тыңда да отыр, жақтырмасаң - жолың өне!

— Кетсем кетем, - деді анау. Орнынан көтеріліп, шыға жөнелді.

— Сіз айта беріңіз, - деді Қаныш бөйбішеге.

— Иә, соны айтам, Әнипа дұрыс істеген дейім. Адамға керегі не: тәуір киініп, күніне үш уақ тамақ ішу ме? Олай болса, біздің төрт құбыламыз түгел. Не ішем, не кием демеіміз. Бірақ, естуімізше, жаңа өкімет адам мен адамның зорлық-зомбылықсыз сүйіп қосылғанын қалайды екен. Құдай-ау, шоқпыт киіп, қатқан нан мен қара суға қарап отырсаң да жар қосағыңмен жарасып отырсаң арман көне. Әркімнің-ақ бала жастан көксейтіні сол ғой. Мынау мені алғанда да осындай шал еді, ал мен мына Әнипа құралпы болатынмын. Жаңағы кеткен Ахметтің шешесі марқұм, қара жер хабар бермесін, зөлім кісі еді ғой, қызғаныштан өле жаздайтын, ал мен он беске жаңа шыққан баламын. Маған жасаған зұлымдықтарын айтпай-ақ қояйын. Соның қырсығынан балам да өлі туды, одан соң Алла-тағалам нәсіп етпеді. Бейшара, ауруға шалдығып, азапта жатып өлді ғой. Бөйбішелік маған тиді. Мына шалда екі ұл бар, екіұй тола немерелері өсіп келеді, тегі, тәуба дейтін-ақ уақтысы. Бірақ бұл бала таппасаң қатын алам деп қағынбасын ба... Ақыры, мені

алғаны сияқты, Әнипаны да малға сатып алды. Сен мені кешір, балам, ақыр айттым екен - түгел айтайын. Бұл қалай Әнипаны әкелді – менің ішіме шоқ түсті. Қызғанып өледі екенсің. Әнипа байғұсқа қарағым келмейді. Марқұм күндесім өзіме не көрсеткенін есіме алам да тістеніп, үндемеймін. Бірнеше ай бойы үнсіз шыдап бақтым. Бұдан да үн жоқ. Өзі әп-әсем, бойы сұңғақ, осы бар ма, көзі жәудіреп, мұңайып-ақ жүргені. Бір күні мына шал жолаушылап шыға қалды. Түнде ошақ басында шошайып екеуміз ғана отырмыз. “Әй, - дедім, күні осы уақытқа дейін атын атаған емес ем, - мына шалдан ішінде бірдеңе бар ма?” дедім. Бұл сорлы ал кеп жыласын. Солқылдап отырып өкіргенде қойғыза алсамшы. Енді өзім жылайын. Жиырма жыл бұрын өлі туған қызым есіме түсті, ол да ендігі осының жасына келер еді, мүмкін осындай сұлу боп әсер ме еді дедім бе-ау... Екеуден екеу еңіреп отырмыз... Жылап-сықтап, іштегі шерімізді тарқаттық, содан былай бұл менің күндесім емес, ет-жүрек жақынымдай, жарық дүниені көре алмай кеткен жалғызымдай болды... Сонда ұқтым: он екіде бір гүлі ашылмаған мұндай ақылды қыз бұл үйде қор боп жүрмеуі керек екен дедім. Ұл дейді... Ұлдың жайын өзі білсін. Егер маған сенсе... - Бәйбішенің көзіне жас үйірлді. - Өзім де туғалы қолымнан тастамай келемін ғой... Әй, Әсия, Алпысбайжанды әкелші, - деді жапсарлас тұрған кішкентай үйге естірте айқайлап. Бір жасар шамасындағы балпанақтай балақан есіктен көрінісімен бәйбішеге ұмсынды. - Міне, көрдіңдер ме, ботамның кімге жабысатынын?.. Құлыншағымнан айырылсам, менің жүрегім Әнипаның жүрегінен әрман жылайтын болар...

Бәйбіше баланы бауырына баса беріп көзінің жасын төгіп-төгіп жіберді, оған басын сүйеп Әнипа да жылады. Біріне бірі сүйенген екі мұңлық ағыл-тегіл.

— Жә, қоя-ақ қой, Әнипа, - деді әлден соң бәйбіше бетін сүртіп, - әйелдің қайғысын жылап тауыса алмайсың. Тұр, биелерді сауайық, қазан көтерейік. Сен де кешір бізді, балам, мен айтарымды айттым, - деді ол Қанышқа, баласын көтерген бойы тұра беріп.

— Рахмет, апа, - дегеннен басқа Қаныштың аузына сөз түспеді.

Кеш жамырай бастаған. Үйде кілең еркектер қалды. Жүйкені қажарған тыныштық. Жүзі сұрланып алған қария на-

зарын өлдеқайда салып мелшіе қалыпты. Қонақтарда да үн жоқ. Тыныштықты Қаныш бұзды.

— Көне, ақсақал, не айтасыз? Ендігі сөз сізде.

— Мен не дейін? Ештеме демейім. Кеңес өкіметі келгенде жастар шалдардың қойнынан қатындарын өкете берсін деп келмеген болар? Шал-шауқанның қаңсығынан басқа қатын құрып қап па осы елде? Ұят қайда, ар қайда? – деп гөй-гөйге басты шал. Қанышты қайран қалдырғаны – қарт бір-бірімен тіл табыса қалған әйелдеріне ашуланған жоқ, өзінің тағдырына, мынау заманға және, өзі ойлағандай, тоқалын тартып өкеткелі отырған жігітке өкпелі.

— Ақсақал, сіз қате айтасыз. Өңгіме сіздің әйелдеріңіз туралы емес, адам туралы болып отыр. Кеңес өкіметі айтады: еркек сияқты, әйел де адам баласы дейді. Бұған дейін мәселенің бәрін тек еркектер шешіп келді, енді өмірдің қай мәселесі болсын еркек пен әйел бірлесіп, келісіп шешетін болады. Түсінікті-ақ нәрсе ғой. Енді әйелдер жоқта айтыңызшы: Әнипаның арзын қайтеміз?

— Оны менен несіне сұрайсындар? Шешетін содия өзіңізсіз. Құдай куә: өкіметтің шешімі мен үшін заң.

— Баланы қайтеміз?

— Бала менде қалады. Құтырған қаншықтың қолына баланы тірідей бере алмаймын. Құдайдан безген арсыз қаншық қолдан қолға өтіп, менің нәсілімді қоса сүйреп, абыройымды төкпек қой, атымды былғамақ қой! Өзім тірі тұрғанда оған жол бере алмаймын, - деп кесіп айтқанда шалдың өлгіде ғана ойға тұнып отырған бітік көздері ызғар шашты.

— Сіз ашулысыз, ақсақал, ал ашу тұрған жерде ақыл тұрмайды. Өлгіде ғана ашуға ерік бергені үшін осы үйден балаңызды қуып шықтыңыз. Оныңыз дұрыс та болды. Енді өзіңіз сабыр етіңіз. Менің түсінуімше, сіз Әнипа тым жас, баланы дұрыстап тәрбиелей алмайды дейтін сияқтысыз ғой. Солай ма?

— Иә, соны айтпақшы едім, түлен түрткіп, аузыма басқа сөз түскені... - Осыны айтты да қария қайтадан мүлөйім қалпына түсе қалды.

— Тиселі еншісін қайтесіз? Кеңес заңы бойынша Әнипа осы үйдің терезесі тең мүшесі.

— Оған берген малымды кім қайтарады?

— Ақсақал, қалыңды осы үйге келген адамның құны де-

мей, жақын-жуық жандардың бір-біріне беретін сыйы деп ұғуыңызға тура келеді. Сыйды қайтып сұрамас болар, ал біреуді малға сатып алып едім деп жалпақ елге жария жасау қазір жараспайтын қылық.

— Шалдан не сұрайсың? Мен жақсы мен жаманның парқын ажырататын жастан кеткелі қашан. Өздеріңіз біліп заң жолымен шеше беріңіздер.

Қарттың тырп етерлік шамасы болмай қалды. Бөрінен бұрын күйдіргені - көрмеген құқайы жоқ жырындыны өзінің тұңғыш немересімен шамалас мына бір боқмұрын баланың аттатпай тығырыққа тірегені болды.

— Сеніміңізге рақмет, ақсақал. Заң бойынша әділ шешімін жасаймыз, - деді Қаныш. Абдырап қалған қарт адамға біртүрлі жаны аши бастағанын да сезді.

Осы арада әйелдер де қайтып оралған. Қайта шықпақшы болды ма, Әнипа отырған жоқ. Ендігі сөзін Қаныш соған айтты:

— Әнипа, кішкене тізе бүгіңізші. Сіз шаңырақтан кетпекке бекініпсіз. Бұл тағайын шешіміңіз бе?

— Иә, тағайын.

— Баланы қайтесіз?

Осы сұрақты естігенде ақсақал мен бөйбіше бірдей елең етіп Әнипаға қарай қалысты. Ол үнсіз отырып барып тіл қатты:

— Мен баланың әкесі не дейтінін естісем деп едім. Тоқалдың бұл сөзін шал күтпеген екен.

— Мен не дейін... Не дей қояйын... Баланы саған бере алмаймын... Өз нәсілім, өз ұрпағым... Сен жассың ғой, оны асырай алмайсың, тәрбиелей алмайсың... Тірі жетім боп, көрінгенге көз түрткі болады ғой... - Шал тіпті не дерін білмей, абайсыз бірдеңе айтып қалсам судья тағы жабысады-ау деп қатты састы.

— Асырай да аламын, тәрбиелей де аламын. Сіз тоқалыңызды білмейді екенсіз. Мен жаспын, жұмыс істеймін, өкімет жұмыс істегенге ақы төлейді екен ғой... Ал мен жұмыста піскен адаммын.

Осы сөздерді Әнипа байсалды, сенімді түрде айтты. Сірә, мың мәрте ойлаған сөздері болу керек. Бірақ осы арада сөзге бөйбіше араласты.

— Балалардың әкесі, тыңдаңыз. Сіз балаларыңызды жек көрмейсіз, ал кенжеңізді бөрінен жақсы көрегініңізді білем. Бірақ, қанша жақсы көрсе де, әке балаға анасындай болмайды. Жаңа өкіметтің әділ заңы Әнипаны жақтайтыны да содан. Ал Әнипа қатыгез адам емес. Сіз екеуіміз одан баланы бізге тастап кет деп өтінейік. Әрі екеуіміз Алпысбайды аман сақтаймыз деп, кезі келгенде туған анасы кім екенін жасырмай айтамыз деп Алланың алдында, ел-жұрттың алдында ант берейік. Құдайлық шыным: осы бала менің нәресте көрмей суалып қалған емшегімді жібітті. Егер Әнипа оны алып кетемін десе, жер шетіне болса да мен солармен бірге кетем. Мұны айтқанда біреуді қорқытайын деуден аулақпын. Әнипаға еріп бақыт табам деп ойламаймын, бірақ балаға керек болам ба деймін. Міне, менің айтарым осы, кесімін өздерің айтыңдар.

Ақсақал бұрынғысынан да шөгіп, пұшайман халге түсті. Күні осы уақытқа дейін аты жолынан аумамай, шарифат шеңберінен шықпай келген, сондықтан байға бағынбау дейтінді өңі түгіл түсінде көрмеген оның алдында артық сөз айтып аузын аша алмайтын мына екі қатын ауыз жаласып алғандай жарыса сүйреңдеп, мінез көрсетуі қалай? Бұл тегін болмауы керек. Өздерін құдайсыз өкімет қолдайтынын бұлар бүгін ғана білген жоқ қой. Бұл екеуі мұндай күнге бұрыннан әзірленген болды ғой, екеуін бір-ақ сөзбен тойтарып, қаншық иттей қыңсылатып үйден айдап шығуға мұның дәрмені болмайтын, қолы байланатын бүгінгідей сәтін күтіп жүрген болды ғой. Ол аз дегендей, ішіндегіңді біліп, әр сөзіңе тосқауыл қойып отырған мына жас судья мен атадан балаға мирас болып үзілмей келе жатқан дәулетіңе көзін сүзуші аш-арықтарды құтыртып жүрген мынау өзіңнің ауылнайың аяқ астынан бүлінген екі қатынмен ауыз жаласа қалуын көрмеймісің. Құдай біледі-ау, осылар мұның тоқалын, жоқ-жоқ, екі бірдей әйелін, ұлымен қоса тартып алуға, солармен бірге малың да алып, өзін қаңғыртып, ақылмақ ұлдарының қолына қалдырмаққа сөз байласқан болу керек. Не істесе дауа? Айқайға басып, көмекке шақыра ма? Оныңды түсінетін, қол ұшын беретін кімің бар? Қолынан дым келмейтін ұлдарың жетер еліріп, шулығандатып. Досқа күлкі, дұшпанға таба қылар... Қартайғанда көрейін дегенің осы ма еді, Боранбай!.. “Тағдырға мойын ұсын, Боранбай, бір Алладан медет тле, Боранбай!” - деді өзіне өзі, ал тіс жарып айтқан сөзі:

— Әнипа, ұлды маған таста.

Осыны мiңгiрлеп ашты да кезiн Әнипаға емес, жоғарыға тастады - сiрә, Аллаға жүгiнгенi болу керек. Содан соң тұнжырап отырып қалды. Әйелдер елең етiстi: кiшi әйелiнiң атын тұңғыш рет атағаны осы едi, әйтпесе аузына “қатыннан” басқа сөз түспейтiн (алғашқы әйелiнiң тiрi күнiнде бұл сөз мына отырған бөйбiшенiң бөсiресiндей едi).

Әнипа басын көтердi, аядай нәркес көздерiмен отырғандарды, бөлкiм, бiрiншi рет шолып шықты.

— Жүрегiм күйiп барады, бiрақ апайдың жүрегi де одан кем күйiп отырмағанын бiлем. Артыма қайғы тастап кеткiм келмейдi. Мейлi, бала осында қалсын.

Бөйбiшенiң иығынан батпан жүк түскендей болды.

— Айналайын Әнипа, бақытты бол, жаным, құдай алдыңнан жарылқасын. Сенiң жүрегiң әйелдiкi болғанмен ақылың еркектiкi ғой,- деп құлдық ұрды бөйбiше. Ақсақалдың жүзi де жайраңға салды. Ол алақанын жайып қысқа қайырым дұға жасады. Онысымен тағдырына ризашылық айтқанын яки Әнипаға алғыс арнағанын өзi де байқаған жоқ.

— Әнипа, - дедi Қаныш, - сiз мейiрiм-шалағаты мол ақылды адамның үлгiсiн танытып отырсыз. Ендi мына мәселеге де өз байламыңызды айтуыңыз керек: осы үйде, мына ақсақалдың иелiгiнде бар дүние-мүлiктiң бәрi өздерiңiзге ортақ. Осы үйдегi әркiмнiң онда үлесi бар. Ақсақал өзi бiлiп, сiзге тиесiлi үлестi өзi де бере алады, ал қажет болса, соттың шешiмiмен де аласыз... Ауылнай мiне отыр, кiмге не тиесiлi екенiн ол да бiледi... Бүған Әнипа жауапты қысқа қайырды: - Мен өзiмнiң ең қимасымды - ұлымды тастап барамын. Сөйте тұрып, мал мен дүние-мүлiкке бола дау шығарсам кiм болғаным? Маған дөнеңе керек емес. Алпысбайдың әкесi Орынборға жетуiме жағдай жасаса болып жатыр, мен риза...

Ақсақал мен бөйбiше Әнипаға таңырқай қарады. Бұл күтпеген жай едi. Орынбор дейтiн бiр қала барын олар естiген, ендi бүкiл қазақ даласының орталығы сонда болады екен десетiн, ал бiрақ Әнипа онда барып не алатыны түсiнiксiз. Оның мал мен мүлiктен бас тартуының түсiнiктi болып тұрғаны да шамалы. Сорлы қатын ақылынан ауысқаннан сау ма?

Бүған Қаныш та таңырқаған, бiрақ Әнипаның Орынборға бармақ ниетi iске ешбiр қатысты болмағандықтан о жағын қозғаған жоқ.

Ол Әнипаның өтініші жайында ақсақалдың не ойы барын сұрамақ боп отағасына бұрылып еді, қарт жүзінен әлде қуаныштың, әлде таңданыстың ізін байқады.

Қуанатын реті де бар. Жанымдай жақсы көретін баласы өзінде қалатын болды. Ал ең бастысы - малы түгел. Мал болса тоқал табылады.

Таңданатын да жөні бар. Қатынның ұлдан да, үлестен бас тартуында не гөп болуы мүмкін? Осында бір қулық жатқан жоқ па? Бұлайша таңырқайтыны - әйелінің кім екенін білмейтін еді. Әйел дегенді ол өзінің қанағатын алатын және балаларына уақытша қорған болатын жан иесі деп есептейтін. Олармен адамша сөйлеспейтіні де содан.

Әйтсе де, өз құлағымен естігенге ақсақал қуанбай қала алмады. Сондықтан ашық қабақ танытып:

— Құдай куә, тілегінің бәрін орындаймын, - деді.

Күн кешкірген. Күзгі салқын бойды тоңдырайын деді. Ошақ жағылып, иықтарға шапан жабылды. Жанға жайлы жылы түгін көлбей көтеріліп барады. Қаныш өңгімені доғарғысы келіп, орнынан көтеріле берген Әнипаны іркіп қалды.

— Енді соңғы өңгіме. Әнипа, сіз ауылдан қашан кетпексіз?

— Мына кісі рұқсат етсе, бір түн болсам деймін. Ал ертең Баянауылға жеткізіп салса болды.

— Әнипа-ау, сені Алла-тағалам өмірін осы шаңырақта өткізсін деп әкелген жоқ па еді. Енді келіп бір түннің рұқсатын сұрайсың... Шалың құдайға күпіршілік етіп сол бір түнді қимайды деп ойлаймысың?.. Жоқ, Алланың бұйрығына қарсы келер жайым жоқ, - деп өзілдеген болды қарт.

Әнипа күлді. Тереңнен шығатын бәсең күлкісі құлаққа жағымды екен.

— Апай екеуміз бүгін бүкіл ауылды жиып той жасасақ та болады. Отағасы осымен екінші рет атымды атады. Бүйте берсе, енді апайды да атын атап шақыратын болар. Ол ол ма, тегі өзіл айтатын да түрі бар ғой...

Ақсақал састы. Әр сөзінді қалт жібермейтін судья бала аз еді, енді тоқалдың да сөз баққаны-ау.

— Тірліктің ендігі тұтқасы әйел деп жатыр ғой. Тойларыңды жасаңдар, бәйгелеріңді тігіңдер, заман сендердікі, - деп ол Әнипаның сөзіне орай тағы да өзіл айтам ба деп еді, бірақ онысы өзілден гөрі кекесінге, жеңілгеннің далбасасына ұқсап бара жатқанын сезіп тілін тістей қойды.

Ауыр үнсіздікті Қаныш бұзды.

— Ақсақал, Әнипа азаматшаның арызы бойынша өңгімеміз осымен тәмам болды білем. Сізге рахмет айтқым келеді, сіз кеңес өкіметінің не мақсатпен келе жатқанын түсінетін жөн білер адам болып шықтыңыз. Ал енді, рұқсат етсеңіз, біз жүрелік, демалатын уақыт болыпты.

— Жоқ, - деді отағасы, - ешқайда бармайсыздар. Тоқалы кеткен шал дейтін масқарам да жетеді бір басыма. Ендігі масқараға жол бере алмаймын. Бір тоқтының басын мүжітпей сіздерді қалай жіберем? Осы үйде қонақ боласыздар.

Бой жазбақшы болып далаға шыққанда ғана үйде қанша отырғандарын білді: аспан самаған жұлдыз, ауыл-үйқыда.

Буы бұрқырап, иісі танауды шерткен астау толы тоқты еті ортаға келгенде ауылнай қалтасынан бөкісін алып, соның ұшымен тоқтының басын қонаққа қарай ысырды. Қаныштың амалсыз жөн айтуына тура келді.

— Ақсақал, ықыласыңызға рахмет, басты өзіңіз реттеніз, менің өкем тірі еді.

Қаныш бүгінгі күнге дән риза болды, бабымен піскен тоқты етін де рахаттана жеді, жылы-жұмсағынан бөйбіше мен Әнипаның дастарқанына қарайласуды да ұмытқан жоқ.

Алға қымыз келгенде Қаныш Әнипаға тағы бір сұрақ қойды:

— Әнипа, естуімше, сіз сауат біледі деседі ғой. Арызды өз қолыңызбен жаздыңыз ба?

— Иә, өзім жаздым.

— Оны қайдан үйреніп жүрсіз?

— Өзіміздің ауылда молдадан оқып ем.

— Молдадан оқыған талайы-ақ шатып-бұтып құран оқудан өрі аса алмаушы еді, ал сізше жаза білу әредік біреудің ғана қолынан келер. Мен оны кем дегенде медіресе оқыған біреу жазған шығар деп ем.

— Кішкентай кезімде-ақ ағатайыммен тайталасып молдаға барып жүрдім. Менен өзге қыздар оқымаған соң кейін қойып кеттім ғой. Бірақ қара танып қалдым. Қаріптерден сөз құрау қызық екен, соған қатты құмарттым. Құранды оқи бастадым, тіпті өрі-беріден соң жатқа соғатын болдым. Одан кейін Ләйлі мен Мәнжүннің өңгімесін оқып, оны да жаттап алдым. Мұны оқу да, жаттау да қызық екен. Бір күні біздің үйге молда келе

қалды. Әкем мақтанғысы келіп, маған Құранды жатқа айтқызды. Молдекең тыңдаған сайын түсі бұзылып, отырды-отырды да, менің кітаптарымның бәрін сыпырып алып, әкеме айтқаны: бұл қызыңның өнебойын шайтан жайлаған екен, өйтпесе Құранды бұлайша жатқа айту үшін мұсылман баласы ондаған жылын сарп етіп оқуы керек деді. Әкем жаман қорықты, ендігері құран оқушы болма, мына өнеріңді аузыңнан шығарып ешкімге айтпа деп қатты тапсырды. Өзім де қорықтым, бірақ ақырындап қағаз жазуымды қойғам жоқ, тіпті кейбір жігіттердің атынан қыздарға хат жазып беретінмін.

Қаныштың есіне бала кезінде Құран сүрелерін тез жаттап алып Ниғматолла молда мен әкесін мәз қылғаны түсті. Әкесінің жөшігінде сақталған қисса-жырларды бабына келтіріп, өндетіп оқитынын есіне алды. Сондықтан Әнипаның да сондай зеректігіне таңырқаған жоқ. Оның есесіне, ақсақал қайран қалды. Онда да жасы он жетіге жаңа жеткен тоқалының мұншама байлықты қалай игергеніне емес, екі жылдан аса бірге жатып, бірге тұрған қатынның сауат біліп, Құранды жатқа оқитынынан өзі бейхабар болғанына таңырқады. Ал екі жарым жыл ішінде осынау үнсіз-түнсіз мұңлықпен ашылып бір сөйлесейінші деп ойламағанын қаперіне де алған жоқ.

— Бисмиллә иррахман-и-иррахим, - деп Қаныш мақамдата бастап Әнипаға қарап еді:

— Ағузу биллахи мин-аш-шайтон-и-ирражийм, - деп ол тереңнен шығатын жағымды үнімен іліп ала жөнелді. Құран сөзі ешбір кедергісіз, емін-еркін ағылып жүріп берді. Бірінші сүрені осылай аяқтаған Әнипа, ешқандай кідіріс жасамастан, өлдеқайда ұзын екінші сүрені бастап кетті. Өзіне түсініксіз сөздердің әсем сазына елтіген жас әйел өрнекті Құран жолдарын тақталап қалай айтқанына өзгелері аузын ашып, көзін жұмып қалған. Ара-тұра ақсақалдың: “Астапыралла! Астапыралла!” деп күбірлегені естіледі. Өлде қорыққаны, өлде таңырқағаны екені белгісіз.

Қаныш Әнипаны тоқтатып, жиырма бірінші сүрені оқуын өтінді. Әйел аң-таң - ол сүрелердің рет санына мән беріп көрмеген екен. Содан соң Қаныш сүрелердің аттарын атап, Әнипа тоқтаусыз көсілте берді. Бірақ сөздердің көбін бұрып айтады екен. Мынау былай деп кезінде ешкім түзетіп айтқызбағанның салдары.

Бір толасты пайдаланып бөйбіше сөз қосты:

— Бері қарашы, Әнипа, мынау сұмдық қой: қанша уақыт бойы бірге тұрсақ та сенің нағыз молда екенінді білмеппін. Өлең сөзді, қиссаны көп білетініңді сезуші ем, ал Құран біледі деп, тегі, ойласам көнеки. Қандай құлыпта сақтағансың осының бәрін?

— Құлып сол, салпы етек тоқалға оқу-білім неге керек деп ойладым ғой. Енді байқаймын, оқысам бірдемеге жарағандай екенмін. Орынборға барсам дейтінім сол. “Прием” жылдары ауылдан қашып, ұшты-күйлі жоғалған нағашымды тауып алсам деймін. Ол қызылдардың қатарына өтіпті, қазір Орынборда үлкен қызметте екен деседі. Көмектесе көмектесер, болмаса тағы мейлі, өкімет өлтірмес, өзім-ақ оқып шығам.

Әнипа орнынан көтеріліп, ыдыстарды жинастыра бастады.

Үйде үнсіздік орнады. Қыбыр еткен ешкім жоқ. Қаныштың үнсіз қалғаны: бүгін осы отырғандардың бәрін парасатты қылығымен баурап алған мынау өндірдей жас әйелдің ақылы мен ерік-жігеріне төнті болып отыр. Ауылдық кеңес төрағасының үнсіз қалғаны: ауылды сауаттандыру үшін іздесе таптырмайтын мынадай ақылды, мынадай көркем әйелден көз жазып қалатынына өкініп отыр. Бөйбішенің үндемегені - бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүре бастаған күндесімен, әр істе елгезек жас серігімен қимай-қимай қоштасқаны еді. Тек ақсақалдың неге тұнжырап отырғаны түсініксіз. Ол, бөлкім, аяғының астында қандай асылдың жатқанын білмей келгеніне өкінетін шығар, болмаса, қанша жерден шашасына шаң тимес жүйрік десе де байтал шауып бөйге алмайтынын түкпірлеп отырма кім білсін.

Өлден соң бөйбіше төсек салатындай ыңғай білдірді. Орнынан көтеріле беріп Қаныштың байқағаны: керегеді домбыра ілулі тұр екен. Үйреншікті дағдымен қолын соза берді де іркіліп қалды: домбыра шертпекке қанша құмарланғанымен кеш боп қалған еді.

Үлкен үйге үш адамға төсек салынды: Қаныш, хатшы жігіт және отағасы үшеуі бірге жататын болды. Қонағының әлі ұйықтай қоймағанын сезіп ақсақал әңгімеге тартты:

— Қымбатты содия, мен сіздің қай елдік екеніңізді сұрамаппын-ау. Семей бізден көп алыс болғанымен, ол маңда арғынның тобықтысы мен наймандар тұратынын білеміз.

— Ақсақал, сізбен танысқанда Семейденмін дегенім – мен сол арада оқып, жұмыс істеген ем, ал туысым жағынан осы өлкелікпін, қаржас боламыз, өкемнің аты Имантай.

Шал қимылдағандай болды, тіпті сөл басын да көтерді білем.

— Ау, сен осы белгілі Сәтбай қажының немересі, Имантай бидің баласы емесісің? Әуелден солай деп неге айтпадың? Сен, тегі, өзіміздің бала болдың ғой! Бәсе, жәй тұқымнан емесіңді жүрегім сезіп еді-ау...

Қаныштың өңгімені соза беруге зауқы болмады, сондықтан ұйықтап қалғансыңды, ал оның елге әйгілі Имантайдың ұлы екенін білген ақсақал, көңілі орнығып, Әнипаны ашу-анжысыз Баянауылға жіберуге бекінді. Ұйқылы-оюу жатып, тоқалдың жолына қанша пұл беру керегін де пысықтап қойды.

Қарт ерте тұрған. Қос ат жегілетін жеңіл арбаны әзірлеуге бұйырды. Содан соң, таңертеңгі шайдан кейін, Әнипаны шақырып алды да қолына ақша ұстатты; салқындау ғана жол болсын айтып, бара бер дегенді ыммен ұқтырды. Ізінше өзі де сыртқа шығып, Әнипаға деп берілген заттардың қалай тиеліп жатқанын көрді де үйге қайта кіріп кетті. Содан көлік жолға шығып, қоштасқан жұрттың абыр-дабыры өбден басылғанға дейін жападан жалғыз отырды да қойды.

Әнипамен қоштасуға бүкіл ауыл шыққан.

— Дәп бір қыз ұзатқандай, немене бұл?.. - деп шалдың үлкен ұлы бұрқылдай бастады да, сөзін тыңдаған жан болмаған соң, отауына кіріп жым болды.

Кемпірлер Әнипаның бетінен сүймеген жер қалдырған жоқ, жас әйелдер мен қыз-қырқын құшақтап, жылап-сықтап, еркектер мен балалар да қош айтысып жатыр. Әнипаның өзі де бұлығып, үнсіз жылап барады. Әсіресе бәйбішенің егіл-тегіл болғанын көрген адам шыдап тұра аларлық емес.

Молдабек ауылынан Қаныш ерте аттанған. Оған көкжиектен жаңа көтерілген күн таңғы мұнарды селдірете түсіп, аспанға асқақтай шаншылған қарағайларды бірте-бірте айқындай келетін осы шақ қатты ұнап еді. Содан соң табиғаттың өзі тасты тасқа қамырша жапсырып отырып әдейі жасағандай қат-қат гранит шомбалдардың арасындағы ойпаңдарға киіздей тұтасып ұйқы-тұйқы өскен өсімдік өлемін бұза-жарып бұралаңдайтын сонылау соқпақпен жүруге де оның аңсары ауып тұратын болғ-

ан. Дәл қазір күздің сары-жалқын бояуына малынған бұталар мен дәурені өтіп, өңі қаша бастаған қалың қау жаз бойы гранит жақпарларына жармасып, өлермендікпен жоғары өрлей берген; сонысына қарап, оларды тастың жон арқасын тесіп, тура өзегіне шеңгелін салған, енді оны жылма-жыл ырғап, берекесін алып, түптің түбінде құм-топыраққа айналдыруға серт етіскен қарағайларға көмекке бара жатқандай сезінуің де мүмкін.

“Өмірдің күші - осы!” деп Қаныш өзі бір кітаптан оқыған, әлдебіреудің сөзін есіне алды да сол мезет бәрін ұмытып, басқа дүниеге шомып кетті. Ол өзін қоршаған дүниеден ештеңені көрген жоқ, құстардың құйқылжыта салған өнін де, таңғы таза ауада желіге басып, біркелкі саржеліспен келе жатқан атының пысқырынғанын да естіген жоқ. Ол мынау айналадағы табиғатпен астасып, араласып кеткендей еді, енді оған ештеңені көрудің де, естудің де, сезінудің де қажеті шамалы, өйткені көретіннің, еститіннің, сезінетіннің бәрі өзінде, өзімен бірігіп, жымдасып кеткен.

Көкжорға ат жүрісінен жаңылып, әлденеден секем ала оқырынғанда барып, Қаныш қалың ойдан селт етті. Дереву шалбарының артқы қалтасындағы тапаншаға қолын сала бергені сол еді, қарағайдың далдасынан таныс біреудің басы мен аттың мойны көріне берді де ақыры адамның өзі шықты. Кәдімгі Уахит!

— Қаруды кештеу алады екенсің, жау ендігі жайратып та салатын еді! Сәлем, Қаныш батыр, тіпті күтпеген кездесу болды ғой! - деді Уахит, қашанғысындай Қаныштың алдын орап.

— Ассалаумағаликум, Уаха! - деді қапелімде сасып қалған Қаныш атынан түсе беріп, - жол болсын, қайдан келесіз?

— Тағы сол қытайша сызылу! Аттан түсіп те үлгеріпті. Осының қажеті не? Енді мен де түсуім керек. Бұл интеллигенттерді қойсаңшы, - деп бұрқылдаған Уахит, әншейінгісіндей емес, ауыр қозғалып ерден түсті. Баран аттың бүйірін соғып, терге малынғанына қарағанда талай шақырымды артқа тастағаны көрініп-ақ тұр.

— Өзің қайдан келесің? Менің қызметім солай – түн баласы жортуылда болуым керек, ал сені таңмен таластыра атқа қондырған не асығыстық?

— Кеше бір істі бітіріп, кештеу шығып ем, жолай бұрылып, Молдабектің ауылына түнеуіме тура келді.

— Түсінем, түсінем... Түріңнен көріп тұрмын... Үйірінен жеріген саяқ не үстеуші еді? Дала кезіп, өзіндей саяқ байталды іздемей ме... Сенің келіннен жырақтағаныңа жарты жылдан асты, ал Молдабектің ауылында сұлу-сұлу қыздар бар.

Уахиттың қалжыңы тым тұрпайы еді, бірақ оның жасы үлкен, шыдауға тура келеді. Оның үстіне, Уахиттың сөзінде біршама шындық ұшқыны да жоқ емес. Молдабек ауылында оның ағасының бойжетіп келе жатқан екі қызы бар. Қарап тұрғандай-ақ қыздар, оның үстіне екеуі де домбыра тартып, ән айтады. Қаныш ретін келтіріп сол ауылға бірер мәрте барған. Қолы тисе және орайлы сылтауы табылса одан гөрі жиірек барар еді. Бірақ ол кеше Әнипа туралы ойдың шырмауынан шыға алмады да, ауылына ат басын тіреген қос сұлуды мүлдем ұмытып кеткендей болған.

Кешегі іс-әрекеті онша дәйекті болмағанына Қаныш кәдімгідей ыңғайсызданды. Ол, неге екенін кім білсін, Әнипамен ендігөрі кездеспеуім керек шығар деп ойлаған. Сондықтан сот хатшысына Әнипаны Баянауылға дейін, түп-тура ревкомның әйелдер бөлімін басқаратын Татьяна Берденникованың пәтеріне жеткізіп салуды тапсырған болатын. Колчак әскерін қуғанда қаза тапқан жергілікті большевиктің қызы, күлегеш, алғыр да ақжарқын, жирен шаш Танямен Қаныш жақсы таныс еді. Гимназияны бітірген, қазақ тіліне судай қызды бұл қатты сыйлайтын.

Қаныш оған былай деп қысқаша хат беріп жіберді. “Қымбатты Таня! Мынау - Әнипа, жағдайын саған өзі айтар. Сен маған Жанна д’Арк туралы жалындап отырып өңгіме айтып едің ғой. Әнипаның ісін қарай отырып мен тура сол француз қызын еске алдым. Сен күлме, екеуін салыстыруға келмейтін де шығар, бірақ сенен соң сол Жанна әлі соры арыла қоймаған мына тоқалға да ұқсап кететін болса не істерсің... Өзімен жақсылап сөйлес, сонда күлмейтін боласың. Егер оны дереу уезге аттандырсаң, ал ондағы уездік әйелдер бөлімі арқылы Орынборға жібере алсаң жақсы болар еді. Әрине, тиісті құжаттармен қамтамасыз етіп, биылдың өзінде оқуға түсуіне жағдай туғызған жөн. Оның үстіне, біреу тоқалынан айырылғаны үшін кек қайтаруға тырысатын, енді біреудің қалыңсыз сұлу әйел құшуға құлқыны құрып тұратын біздің жабайылық жағдайымызда Әнипа сияқты қызды кідіртпесе жақсы болар еді. Менің жұмы-

сым көп боп тұр. Өзіңмен бірер күннен соң жолығармын, бәрін сонда айтармын.

Революциялық сөлеммен Қаныш”.

Ауылнайдың шығарып салайын деген ұсынысына қарамастан Қаныш Боранбай ауылынан жалғыз аттанып еді. Ал жалғыз-жарым жүру, әсіресе судьяның бұлай жүруі қауіпсіз де емес-ті: қырда ақ бандылардың сарқыншақтары жосып жүретін. Алайда Қаныштың жасында адам қауіп-қатерді елей ме. Ол ауылнайға кішкентай тапаншасын көрсетіп, анау-мынауға оңай олжа бола қоймаспын дегенді айтты да тартып кетті. Жолшыбай көкжорғаның біркелкі майда жүрісіне елти отырып, ол жаны ізгі, жүрегі таза, артық-ауыс сөзі жоқ, күйеуін, ата-енесін, ауыл-аймағын құдайындай сыйлайтын, ауылда, шал мен кемпірдің жанында қыңқ демей-ақ, өкпе артпай-ақ мұны сарғая күтіп жүрген сымбатты да назды Шәрипаны Боранбайдың мынау керім тоқалы Әнипамен салыстырумен болды; сірә, осы Әнипа сияқты әйелдер үшін ер-азаматтар естен танып, ақылынан адасатын болар деп ойлады. Міне, Молдабек ауылында қона жатып, өшейінде өзін осы ауылға еріксіз жетелегендей ғып әкелетін екі сұлуды бұл жолы есіне де алмағаны содан; Әнипаны дереу уезге жөнелт деп Татьяна Берденниковаға қолқа салғаны, онымен, яғни Татьянамен, күні ертең кездесуіне де бола тұрып, тек бірер күннен соң жолығармыз деп кешеуілдеткені содан. Ол енді Әнипаны көрудің қажеті жоқ екенін түсінді.

Уахит өзіл айтқанда жас судьяның басынан қаумалап өткен ойлар осы болатын. Бірақ айтқан жауабы мынау болды:

— Уаха! Байқаймын, сіз қатты шаршаған сияқтысыз. Көне, мына жерге жантайып демалыңыз, көпшігімді алып астыңызға салайын.

— Шіркін, жер басып тұрғанның өзі рахат қой, - деді Уахит аяқ-қолын созғылап. - Жоқ Қаныш, отыруға болмайды - бір отырсаң титықтап, тұрғың келмей қалады. Жұмыс көп, жүру керек. Біз Төлеутай мен бөлтіріктерінің ізіне анық түскен сияқтымыз, қалай болғанда да осы түні екеуіне бұғалақ салдық... Әңгімесін кейін айтармын, - деді ол қайыра атына мініп жатып. - Көне, Қаныш, жолға қарай шығайық, ақыр кездескен екенбіз, қатар жүріп әңгімелесейік.

Аттарын тебініп қалып, бұлар Баянауылға тартатын кен жолға шықты да, аяңға ауысып, қатарласа жүрді. Қарсы бет-

тен көтеріліп келе жатқан күн айналаның шырайын кіргізіп, Уахиттың шаршағанын ұмыттырып, көңілін көтеріп жібергендей.

— Тыңда, Қаныш, - деді ол күнге сығырая қарап, - Омбыда оқығанымда үйге қайтуға құлқым болмаушы еді. Менде қай бір туыс-туған бар... Ауылға келсең, қайтар жолыңа пұл табасың ба, жоқ па - белгісіз. Одан гөрі сонда қалып, жаз бойы біреуге жалдансаң азын-аулақ бірдеңе табасың... Сөйтіп жүргенде революция келе қалды, большевиктерге қолғабыс ете бастадым. Қызыл армияға кірдім - қысқасы, бірер жыл елден қол үзіп кеттім. Туып- өскен Баянауылымды сағынғаным сонша, жүрегім сыздайтынды шығарды. Осы өңір жұмақтың төрі сияқтанады да тұрады. Ал мұнда жүргенде оны тіпті де байқамайтынмын. Енді қарасам, бұл жер шынында жұмақ екен ғой. Буржуйларды біржақты қылып алайықшы, нағыз жұмақты осында орнатамыз. Өзің ойлап қарашы. Қазір біз Баянауылдың түп-тура жүрек тұсына қарай келе жатырмыз. Суы көусар маржан көлдерді қосатын үшбұрыштың ортасындамыз. Жағалауындағы құмын айтсаңшы - өдейілеп отырып електен өткізгендей. Сол жақ терістігімізде, сонау өркештің астында - Торайғыр көлі. Өркешке шықсаң болды, дөп-дөңгелек сырлы аяққа құйып қойғандай күміс айдынды көресің. Алға таман, оң қапталда Сабындыкөл жатады. Жарықтықтың суы жұп-жұмсақ болғанда айтпа, тегі. “Сабынды көл” аталуының өзі содан. Ал ту сыртымызда, сәл солға қарай - Жасыбай көлі. Ол маңайдың сұлулары Жасыбайдың суынан артық айна іздеп өуре болмайды. Осы үшбұрыштың іші де, сырты да, бөлкім жүз шақырымға жетер жетпес айналасы - жатаған таулар, дөңкиген тас тұлғалар. Сол тұлғаларға қарап: ертегілерден еститін дәулер, өлдебір жан иелері осында келіп шөккен бе деп қалатындайсың. Қашан шөгіп, тас мүсінге қалай айналғанына ақылың жетпейді. Ал орман-тоғайы, үңгір-қуысы, түгін тартсаң майы шыққан беткейлері, көусар сулы бастаулары қаншама... Біздің аталарымыз осы Баянауылды қыстапты. Әбден қара күзге таман мал айдаған ауылдар иен даланы шет тастап, осынау орталыққа, таулы өлкеге келеді екен, содан бірте-бірте жылжи отырып, жел-құздан аулақ ойпаңдарға, баурайға таман орналасқан қоныстарға жайғасады екен; жылжығанда қыстың аязды күндері талшық боларлық жайылымды аяқты малға бастырмауды жөне

ойлаған ғой. Сөйтіп, ауыл-ауылдар Баянауыл тауының қырат-қырқаларын, тас қорғандары мен ормандарын паналап қыстан шығу үшін сан сала қалтарыс қойнауларды басатын болған. Ал көктем келе тағы сол қиян өріс, кең далаға араларын бір шақырымнан үш жүз шақырымға дейін созып бытырай жайылып кетеді. Орыс патшасы жуас елге сес қылып отыру үшін арадан қорған салғанға дейін солай болып келді. Әуелгі кезде елдің сескенгені де рас, ал бертінде, осы өңірге келіп қоныстанған орыстар өзіміз сияқты болып шығып, біздің ата-бабаларымызбен тамыр болысып, қазақша сөйлеп, көптеген салт дәстүрлерімізге дейін үйреніп алғаннан кейін, Баянауыл да қыр еліне сес көрсететін қорған болудан гөрі сауда-саттығы қызған, қолөнері өркендеген, сауаты ашылған, біздің қыр қазағын егіншілікке баулыған жайбарақат елді мекен болып шыға келген ғой. Енді, міне, осы Баянауылда сен екеуміз дүниежүзілік революцияға қол ұшын беруге әрекеттеніп жүрміз. Бұрын осы маңда болған бір большевик маған Омбыда: революция түбегейлі жеңгеннен кейін Баянауылдың таза ауасы, шипалы суы, мұндағы көлдердің қиыршық құмы еңбекші халықтың денсаулығын түзеуге пайдаланылады, мұнда ертегіде еститіндей еңселі сарайлар, іші-сырты нұрға бөккен, шаттыққа толған құттыханалар орнайтын болады деп еді. Міне, қызық қайда, Қаныш батыр.

Біртүрлі баяу үнмен, тебірене сөйлеген серігіне Қаныш барлай қарады. Жаз бойы күнге күйіп, Баянауылдың желі қақтаған қоңырқай жүзіне біртүрлі сәулелі жылылық тарап, кішкентай көздерін алысқа қадап алыпты. Тек мақсат пен істен жаралған дейтіндей осынау жігер серіппесінің бойынан сұлулыққа сұқтанатын, алыстағы дерексіз бірдеңелерді армандайтын ақынжанды адамға орын табылар деп Қаныш ойлап па. Сондықтан ол адамның ішкі қырындасын түгел ақтарып салатындай ашық, бүкпесіз әңгімеге қалай көшкенін де білмей қалды. Мұндай әңгімеге алыстан әлқисса іздеудің ешбір қажеті жоқ, мұндай әңгімені дәл қазір өзінді толғандырып, жаныңды жалаулатып жүрген нәрседен бастай берсең, одан арғысын бір құдайдың өзі біледі. Қаныш, сөйтіп, Уахитқа Әнипа жайын әңгімелеп берді. Ештеңесін жасырып-жатпастан, болған жайдың бәрін түгел айтты. Енді онымен кездеспей-ақ қойсам деген тілегін де бүккен жоқ.

Уахит бой сала тыңдады және бірден сөйлей қоймады. Баран аттың ширақ жүрісімен шайқалып үнсіз отыр. Көпке дейін селт епегені сонша, Қаныш алаңдап, оған тағы қарайлай берді: әшейінде сөзге жылдам адамның бұлайша үнсіздігі пынында секем аларлықтай еді. Ол асықпай, жайлап тіл қатты, бірақ сенімді түрде, қолмен қойғандай етіп сөйледі:

— Қаныш, сен дұрыс істегенсің. Әнипаң оқуына бара берсін. Жаңа өмірді дәл сол сияқтанған ер көңілді әйелдер құратын болады. Бізде білімді, ақылды азаматтармен қатар жөні түзу, әдемі әйелдер де оқып, білім алғаны керек. Әйтпесе дүние-ежүзілік революцияда біз табысты болмаймыз. Біздің әйелдерімізге ғасырлар бойы қыңқ етпей мойынсынуды, тіл қатпай бағынуды үйретіп, “әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа” екенін санасына сіңірумен келген жоқ па. Күні бүгінге дейін біздің қырда қалыңдықтың ең жақсы қасиеті деп көнбістігі саналады. “Кесіп алсаң да үн шығармайды” деп мақтасады. Әйел сорлы соған әбден мойынсынып алған. Маған жетіп, менімен тең болу үшін оқуың керек дегенімде сенің жеңгең не айтқанын білесің бе? Сен күлме, ол тұп-тура: “Балалардың әкесі-ау, мені құдай саған бағынышты ғып жаратқан, әзіліңді қой, мені күпірлік ойға итерме,” - деді. Осыдан кейін онымен сөйлесіп көр. Тіпті атымды атауға да үйрете алмай қойдым ғой. “Балалардың әкесі” дейді. Сонда да болса әйелді өз қатарымызға теңестіруіміз керек. Қазақ әйелі соған лайық. Ең әуелі оны еркектердің ойыншығы етуден құтқарайық. Сол өзің айтқан Әнипаның мысалын-ақ алайықшы. Мен сені жақсы түсінем. Сен жассың, мен де қартайып тұрған жоқпын. Ет пен сүйектен жаралғанымыз рас, дегенмен жүректі қайда қоясың? Көз тұндырғандай көріктен жүрегіміз тулай бастайды, ет пен сүйекте де қытық пайда болады... Істейтін амалың жоқ - табиғат солай. Бірақ бізде бас бар ғой. Омбыда жүргенде мені басын басқа жағыңнан келетін есер сезімдерді ауыздықтап отыру үшін керек деп үйрететін. Оған әсіресе көкшетаулық жартылай қазақ, жартылай татар, жартылай орыс (өзі өзілдейтіндей, ешкінің арқармен және сайғақпен буданы) Қойбасов Балберген дейтін ғалым-большевик қатты мән беретін. Бұл тұрғыда сен жарайсың, Қаныш, болашақта да осылай етерсің. Жүрегінің қалауын түсініп, сезіміне ортақтасатын жан таба алмай бейшара халге түскен әйелді алдап бір түсіргенін мақтан көретін жігіттер бол-

ған, әлі де бар. Біздің дала жағдайында еркектің ермегі - әйелдің шермені. Бөрік киген екі аяқты хайуандар оны түсінбейді. Сен екеуіміз сияқтылардың міндеті - соны қалайда ұқтыру.

Енді тағы бір әңгіме. Ойлап тұрсаң, революцияға дейінгі нәрсенің бәрі өтірік пен алдауға құрылған екен. Дін алдампаз, патша алдампаз, шен-шекпенділер алдампаз, бай алдампаз... Соның бәрі не үшін? Қарпып қалу, қойнына тығу, қоңдану, баю үшін. Ал мына қу тірлікте адамға қанша нәрсе керек? Тіпті де көп емес! Соны түсінсе-ақ болды, адам баласы өтірігі мен алдауын қояр еді. Бірақ өмірдің өзі дәлелдеген бір шындық: қарпып қалушыларды күшпен ауыздықтамайынша, сол қарпуды қаламайтындардың дегеніне оларды көндірмейінше, ал бағынбайтын болса - тұқымын тұздай құртпайынша еш жақсылық болады екен деме. Осыны большевиктер бірінші болып түсінді. Түсінді де, жарлы-жақыбайлардың адал болуына, өзгелермен тең және қадірлі болуына мүмкіндік беру үшін аяусыз күрес бастап кетті. Бұл тап күресі деп аталады.

Омбыда Балберген осының бәрін түсіндіре бастағанда мұны өз ақылыммен неге ұқлағанмын деп таңырқағаным бар... Менің бір ұққаным: ең бастысы - адалдық екен; өз-өзіңе адалдығың, өзге жұртқа, достарыңа адалдығың. Адалдығың мен риясыздығың. Міне, сенің ойыңда не барын бүкпесіз айтқаның маған ұнайды, Қаныш. Біз адал әрі қалтқысыз ашық болуымыз керек.

Сенің әңгімеңнен ұққаным - Әнипаны азат еткеніңе өзің риза көрінесің. Оған мен де ризамын. Алайда істі орыстар айта тындай қасқыр да тоқ, қой да аманмен бітіру қажет пе еді? Одан да тебіренісіп, сықсындасқан жылаукер әңгімесіз-ақ бірден шешіп тастаған жөн еді ғой. Боранбай ақсақалың туралы мен де естігенмін. Бір мезетте ақ та болып, қызыл да болып қуланғансығанымен, Колчакты ризашылықпен қарсы алыпты деген мәлімет бар. Енді біздің өкіметті құп көріп, мақтамаққа амалы жоқ. Ал сен сондай қатынқұмар шалды өзі пәктігінен айырған жап-жас қызға бейнебір жарылқаушы етіп көрсетіп қайтыпсың. Біле білсең, бай мен кедейдің, бұл арада Боранбай мен Әнипаның мүддесі ешуақытта үйлеспейді. Сен болсаң, сыпайы шешімің арқылы солардың мүдделерін бір қазанға сыйғызып қайтқан сияқтысың. Большевиктер ондай адамдарды келісімпаздар деп атайды және ит етінен жек көреді.

— Енді, Уаха, адам деген кекшіл келеді ғой... Мен қаскөйлік сезімдерді өшірмек болып ем... Әнипаға өшпенділік болмасын дедім ғой. Өйтпесе өлтіріп ...жазым ғып кетсе...

— Сен Боранбайдың жүрегін жібіттім ғой деп ойлаймысың? Сен әлі тап жаулары деген не екенін білмейтін болдың-ау.

— Мен әрбір адамның бойында жақсы да, жаман да қасиеттер бар екеніне сенемін. Жақсысын асырып, жаманының құтын қашыра берсек несі мін?

— Дұрыс айтасың. Бірақ бұл өз адамыңа, саған жау емес адамға қатысты сөз. Ал Боранбай-анық жау, ол продрозверсткадан жалтарғысы келеді, астығын, малын жасырады, өзге жаулармен ауыз жаласады. Өзірге біз онысына шыдай тұрамыз, жалтартпас айғақтарды жинай береміз. Түбі соны өзің соттайтын боласың. Өкіметтің адамы ретінде сені жек көрген жанға аяушылық білдірсең жауға көмектескенің, бүйте берсең аяушының өзін де аямайтын жағдай туып қалуы мүмкін. Құдайы, шыным, сен осыны ұқ, Қаныш!

— Уаха, түсінсем бұйырмасын...сіз маған қоқай көрсетіп...менен күдіктеніп келемісіз? - деп Қаныш қызараңдай бастап еді, Уахит сөзін бөліп жіберді:

— Жоқ, Қаныш, сен ашуланба. Шын ниетіммен айтам. Саған қиын екені рас. Маған да оңай емес. Шындық қолға тегін түспейді. Өне, сен Әнипаны ажыратқан екенсің, оған тиесілі нәрсесін алып беруің керек еді... ал сен сол бір табиғатынан кіршіксіз жастың бай үйінде тұрғанның өзінде дүниеқорлықпен былғанбай, бостандығына риза болып өз үлесін сұрамағанын пайдаланып, мал-мүлікті түп-түгел Боранбайға қалдырып кетіпсің... Боранбайдың бәйбішесі жүрегіңнің бір қылын шерткен екен, Әнипаның ұлын да қорқаудың тәрбиесінде қалдырғансың. Бөрінің бөлтірігі болып өссің дегенің бе? Сонда сен кім жағында болғаның?

— Уаха, мәселе онда емес. Баламен қалса Әнипа оқи алмаседі ғой...

— Жоқ, оқитын еді... Мен білем, жалғыз басты әйелдерге күшті жеңілдік жасалады, әсіресе балалы әйел оқуда болса көмек көп. Жарыққа, білімге ұмтылған кедей - пролетарий өзімен қатар жүрген жолдасының өзгелерден ауыр тұрмыс кешуіне жол бермейді. Біздің күшіміз осында. Сен мені кешір,

Қаныш, бірақ мұны сен білмейсің. Петропавл түбінде бізге қарсы генерал бастаған ақ офицерлердің отряды шығыпты дейтін хабар жеткенде командиріміз бізге: “Қорықпандар, - деді. - Біз олар сияқты оқу мен жаттығудан өткен жоқпыз, біздің жаужарағымыз да олардікіндей емес. Бірақ біздің жанымыз таза, біз бір-бірімізді және дүниежүзілік революцияны қалтқысыз, шын жүрегімізбен қолдаймыз, ал офицердің аты-офицер, ол бізді жек көретіні рас, бірақ ол өзінен басқа ешкімді жақсы да көрмейді. Ондайлар, мейлі генерал бастап келсе де, бізді жеңе алмайды”. Онысы рас еді. Кейін соған талай мәрте көзім жетті. Дүниеқоңыздыққа тәрбиеленген, қорқаулық қанына сіңген адамдар бір-біріне ылғалсыз, адал көңіл таныта алмайды. Мен, қадірлі Қаныш інім, байларды барлық жан-төніммен жек көремін, күдікпен қараймын. Большевиктерше мұны таптық сезім деп атайды. Сенде мұндай сезім әзірше жоқ. Оны тәрбиелеуің керек. Сен ананы да, мынаны да ренжітпесем екен дейсің. Ал егер шынжыр балақ, шұбар төстер, мен сияқты, сені де қаршадайыңнан жөбірлеген болса сен мұны істемеген болар едің. Сен адал жігітсің, Қаныш, бірақ сол адалдығың пролетарлық сипатта болуы керек. Сен менен гөрі білімдісің, көп оқығансың, ал мен болсам өмірді көбірек көрдім, көбірек сынға түстім. Сенің сөзіңді талай тыңдап жүрмін ғой - жақсы сөйлейсің, ғылым біткеннің бәрін білесің, ойыңды қарапайым тілмен сенімді етіп айта аласың. Бұл өте жақсы. Бірақ ревком мүшесі жауынгер болуы керек, кескілеспей тынбайтын жауынгер болуы керек. Интеллигенттік көңілшекті таста, бөтуа іздеуші болма, жауырды жаба тоқымдама, оны сылып тастайтын бол. Біз мынау байтақ жерімізді ұрпаққа дүниеқорлар мен қорқаулардан тазартып барып тастауымыз керек.

Уахит үнсіз қалды. Айтқысы келгенінің бәрін айтып, ішін түгел ақтарған кейіпте. Қанышта да үн жоқ. Көп сөз айтылды, бөріне бірден жауап беру оңай емес. Әлден соң Баянауыл тамдарының Сабындыкөл жаққа құлаған қиқы-жиқы шатырлары да көрінді. Үнсіздікті бұзған Уахит болды.

— Қаныш, сен біздің үйде болмап едің. Жүр, барып шәй ішейік те жұмысқа тарайық! Құдай күе: жеңгең өлгенше қуана-

ды. Саған айттым ғой: ол ескілікті адам – кимешегінді таста, оқу оқы деп көндіре алмай-ақ қойдым. Тыңдағысы да келмейді. Айтатыны бір-ақ сөз: бала табам, сені күтем дейді... Осы арада: өзі әйел бостандығын насихаттайды, ал жеңгемізді құлыптап ұстауға бар деп табаласаң да еркің... Қысқасы, тарт аттың басын, келіннің көзі тірісінде бойдақ боп жүрген сені ешкім самауырын қайнатып күтіп отырмаған болар.

— Уаха, ниетіңізге құлдық, бірақ сіз шаршадыңыз ғой. Аз да болса демалуыңыз керек. Сіздің үйге басқа бір қолайлы сәтте барайын, соған мұрсат беріңіз, - деді Қаныш ризашылықпен жымышып.

Уахит зорлаған жоқ, сөйтіп бұлар екі айырылды да ауылдың екі шетіне тартты. Уахиттың зорлай қоймаған себебі - мұның ұсынысына жас әріптесінің қалың ойдан қалт етіп, ыңғайсызданып қалғанын, содан да жымысының өзі біртүрлі зорланғандай боп, рахмет айтуы сәлекеттеу шыққанын оның кішкентай өткір көздері шолып қалған болатын. Ол ренжіген жоқ. Жігіттің жанды жеріне тигенін білді. Өзге біреу болса өкіреңдеп жудырық ала жүгірер еді, бірақ Қаныш ондайдан емес - өрі ақылды, өрі ұстамды. Мұндай жігітті ой құшағынан шығарудың қажеті шамалы еді.

Ал Қаныштың ойға батарлық реті бар-ды. Уахитты тыңдай отырып, оның сөздеріне жауап айту, байламдарын теріске шығару, олай еместігін дәлелдеу қиынға түсе қоймайтынын Қаныш сезді. Солай еткісі де келіп бірнеше рет оқталды да, бірақ сабыр сақтады. Онысы уәж айтуға шорқақтығынан емес; керісінше, Қаныш дауға бір кісідей-ақ ұста, орынды сөздерді тез тауып, әкесі сияқты, айтқан сөзін айшықты мысалдармен шегендеп, мақалдап-мәтелдеп сөйлегенде дауласушы адамына бас көтертпей тастайды. Бұл жолы оның үнсіз қалу себебі - бойын біртүрлі именшектік биледі. Оның есінде қалғаны: қыр елінде өмірі бітпейтін дау-шарды шешіп әбден төселген қызыл тілдің жүйріктері - әкесінің меймандары мен достарының алдына алғаш шыққанда именгені; бертінде, жасы ұлғая келе, ол атынан ат үркеді дейтіндей асқан білімдар, ақылман адамдардың алдында да солай именетін болады. Ал енді Уахиттан именетін не

бар еді? Бұл мына айтылған адамдардың сойынан емес қой. Бұл, тегі, Қаныш өскен ортаны - қызыл тілді өнер біткеннің алды санаған, қарсыласы қисынын тауып, қиыннан қиыстырып кетсе “сөз тапқанға қолқа жоқ” деп түсіп беретін мәрт ортаны көрген де жоқ қой. Тіпті, Қаныш оқыған кітаптардың оннан бірін де оқымаған адамның алдында бұл не имену сонда?

Кенет Қаныш Уахиттан именгеннен гөрі оның қалай бүкпесіз адал сөйлегеніне таңырқағанын ұқты. Бұл адалдық, бұл ашықтық Уахиттың аузынан шыққан әрбір сөздің өнбойынан сезілетін берік сенімге байланысты екенін түсінді. Сонда барып Қаныш жадағы үндемей қалуының себебі айтар сөзі мен дәлелінің болмауынан емес, дәл осылай ашық, шын пейілді сөйлейтініне сенімі болмауынан екенін амалсыз мойындады. Уахиттың сөзі жанға бататыны рас, бірақ намысқа тимейтіндей болса керек, өйткені жан жарасын көтересің, ал намысқа сызат түссе жолында өлуге барсың. Әрі Қаныштың тағы түйгені - түптің түбінде шындықтың пердесін ашуды емес, қарсыласын сөзден жаңылдырып мысын басуды мұрат тұтатын дала даугерлерінің әдісін малданып Уахитқа уәж айту әрі әділетсіздік, әрі көргенсіздік болар еді.

Оның үстіне, Уахит сияқтыларды жәй тіл безеумен сөзден жаңылдырармысың? Оның бойындағы ерен сенімділік не Құранның қағидаттары, не ата-ананың өсиеттері, иә болмаса кітаптан алған білім арқылы емес, бесіктен белі шықпай-ақ бар ауыртпалығын арта салып: мықты болсаң шыдап бақ! - деп қырын келген өмірдің өзі арқылы ұялған. Уахит, шынында, шыдап баққан. Әрі бақытсыз балалығы мен шуақсыз балаңдығы үшін кек сақтаған кежір мінез тас жүрек те емес, жігер-күшін, жүйрік ойын жан рахатына сатып жіберетін екіжүзді жөдігөй де емес, өмірдің таза, қоспасыз көркі мен қуанышына іңкәр саналы күрескер болып қалыптасқан.

Қаныш әріптесінің тағдырын ой сарабынан өткізе келіп, ғұмырында тұңғыш рет бұлтарыс-бұралаңы жоқ, күмән мен күдік дейтіннен ада, түзу жолға өмірдің өзі салған қатаң мінез милиция бастығына деген қызғаныш сезіміне берілді.

Күні кеше ғана, осыдан екі-үш жыл бұрын, осы Уахит сияқты адамдар өмірді қалыптастыруға белсеніп шығады десе Қаныш сене қоймас еді. Ол көп оқитын, көкейіне көп тоқитын, өз ойынша, білімдар деген адамдардың айтқанына ден қоятын,

сөйтіп сол кезде-ақ өмірдің мына қалпын әділ деуге болмайды, азаматтық қақтығыстар мен сілкіністердің өнебойғы себебі осыдан шығады дейтін байламға келген болатын. Ал революция мың-сан уахиттарды сондай әділетсіздікке қарсы көтергенде романтикалық оқыс уақиғаларға бүйрегі бұрған Қаныш: “Дауыл қаттырақ соқсын!” деп іштей тілек айтқан. Оның ойынша, дүниені қиратушылар бір мезгілде сол дүниені жаңғыртып қайта орната алмаса керек.

Тері қатса қалыбына тартады: біреулер ақыл айтып, билік жүргізу үшін, енді біреулер оларға бағынып, айтқанын орындау үшін туады дейтін тұқым қуалаушылық туралы қисын оның жан жүйесіне түбегейлі орныққан еді. Мұны оның миына қаршадай кезінен өкесі сіңірген - ол өзі де жетпіс жеті атасы мен замандастарының аты-жөнін жаңылмай айтатын, жақсы істері мен жарамды қылықтарын солардан дарыған қасиет деп санайтын. Мұны Қаныштың санасына семинарияда шегелеп бақты: тарих сабағында көзәйнегі жалтылдап, теке сақалы қалтылдап, аузынан көбігі шашыраған бөкене кісі класс ішінде тықыршып, ойнақтай жүріп, тарихи мысалдарды үсті-үстіне төпеп: революция дейтіндер қара табан халықтың бүлгінен басқа түк те емес, ал олардың дүниені бүлдіруге дейтін табиғи құлшынысын, бөлкім, ірке беруге де болмас, өйткені революция атаулының қираған нәрсені қалпына келтіріп, неғұрлым биік деңгейде жаңа дүние орнату арқылы тазартушылық мәні де болады дегенді дәлелдеп-ақ бағатын. “Бірақ, кейін соның бәрін қалпына келтіріп, жаңғыртатын кімдер? - деп сұрар еді ол шөніп тұра қалып, сұқ саусағын көкке шаншып. - Әрине, соған арнап құдай жаратқан адамдар - халықтың ақыл-ойлы, парасатты игі жақсылары!”

Бұдан жарты жыл бұрын большевик Поздняк уездік ревкомға шақыртып алып: тәртіп пен заңдылықты орнықтыру үшін революцияға сауатты адал азаматтар керек боп тұрғанын және бұрынғы семинарист Қаныш Сәтбаевты Баянауылдағы оныншы учаске судьясының қызметіне лайық азамат деп есептейтінін айтқанда қалай қуанғаны осы арада Қаныштың есіне түсті. Қуанған себебі - өзінің топшылауы шындыққа айнала бастағандай. Әрине, елге танымал большевик мұны тегіннен тегін шақыртпайды - демек, дауыл бөсеңдеуге бет алған, енді, сіре, қираған дүниені қалпына келтірушілер мен жасампаздар-

дың кезегі келген болар. Барлық революциялар мен азаматтық сілкіністер заманында алыс түкпірлердегі ешкімге белгісіз, бірақ білім мен ақылға бай мұғалімдердің, дәрігерлердің және адвокаттардың жұлдызды шағы дәйім осындайда басталған ғой. Әулеттің атын шығара ма деп үлкен үміт артқан кіші ұлын Кереку - Павлодарға дейінгі ұзақ жолға өзірлей жүріп Имантай қарттың айырықша ниет етіп ата-бабалар әруағына сыйынуы тегін емес қой. Әйтпесе, бұрынғы заман болса шен-шекпеннен де, абырой-беделден де кенде болмайтын, қабілет десе қабілеті, білім десе білімі бар баланың, түк таппаған соң, ауылдағы мектепте мұғалім боп жүргеніне ол іштей риза емес-ті.

Сол жолы Поздняктің темекі сасыған аядай кабинетінде отырып Қаныш бірталайға дейін ойын жинақтап, кабинет иесі айтқан сөздердің байыбына бара алмады, әрі онысы, бір ғажабы, уезде жоғары мансапта отырған белгілі большевикпен бірінші рет сөйлескеннен туған жүрексінуі емес, бойын билеген қуанышын оның парасатты, өткір көк көздерінен жасырмақ болған әрекетінен еді. Ал мына большевик болса, байыппен сөйлеп, әр сөзін анық әрі нығарлап айтып, Қанышқа патшалық тәртіптің орасан мол, әбден былыққан заңдар жинағының болғанын түсіндірді. Кеңес өкіметі мұндай заңдар жинағын пайдалана алмайды, өйткені ол дәулеттілердің мүддесін қорғау үшін жасалған, әрі заңдардың соншама былығының өзі де сондай теріс пиғылына сайма-сай келеді. Кеңестің өз заңы – екі-үшты мағынасы жоқ, әділ, тура заңы болады. Ол кедей-кешіктің мүддесін қорғайды және болашақта адамдардың бай боп, кедей боп бөлінбеуіне қызмет істейді. Ал әзірше сот істерін шешуде кеңес өкіметінің декреттері мен революциялық заңдылықты басшылыққа ала тұруға тура келеді. Бұл оңай іс емес. Оның үстіне, деді Поздняк, Сәтбаевтың күні кешегі байдың әрі мейілінше атақты адамның баласы екені ревкомға белгілі, алайда, революция үшін адал жұмыс істесе онда тұрған дәнеңе жоқ. Қазір бай әулеттерінен шыққан көптеген оқығандар солай етіп те жүр. Патша заманында білімді азамат қанша тырысса да халық үшін, кембағалдардың мүддесі үшін қызмет істей алмайтын, ол қалайда байларға жағынуы керек болатын. Қалтқысыз адал жанның халық қамын ойлайтын күні енді туды. Біздің ісіміз оңай емес, бірақ ол абыройлы іс.

Қаныш өзіне білдірген сенім үшін ризашылығын айтты, ал іштей қандай істі болса да дөңгелетіп өкетеріне өзі сенімді болды. Мұның қолынан келетін шаруа тек осы емес екеніне Поздняктың да, басқалардың да әлі-ақ көздері жетеді.

Осы ойлармен Қаныш жұмысқа қосылған болатын.

Билік тізгінін қолдарына алған кедейлер баяғы тарих мұғалімі айтатын қара табандар емес екеніне көп кешікпей-ақ Қаныштың көзі жетті. Тегі, сол айтқандай қара табан дейтіндер, сірә, болмаған да шығар, жоқ та болар, сен сияқты, мен сияқты, бүкіл ел сияқты адамдар ғана бар болар, тек солардың көпшілігін иттірліктің тауқыметі арқылы қара табан деп айта-тындай жағдайға душар еткен жексұрын әділетсіздік болған шығар.

Енді міне, кеңес өкіметі тұсында сол “қаратабандар” қираған дүниені қалпына келтіріп, жаңғырту құрметіне де, оның сан-сапа жұмысын да өзге біреулердің қолына сеніп тапсырайын деген ойдан аулақ екенін ол анық көрді.

Барын салып, жалындап жүріп жұмыс істеген сайын шынында халық үшін қызмет етіп жүргеніне Қаныштың көзі жете түсті. Сонымен бір мезгілде, намысын шымшылап, өзімшіл ойлары да бас көтерді; сөйтіп, ревкомның жұмысына ден қоюын жиілетті, дегенмен ондағы істің жағдайын емес, сол ортадағы өзінің орнын ойлайтынды шығарды. Бірақ ден қойып, ойлаған сайын көзі жеткен бір шындық: жылқы үйірі мен қой отарын, соқа мен бел орақты, станок пен отарбаны тастап, қырдағы революция ісіне тікелей басшылық жасауға келген, беттері күнсіп, қолдары күстенген, Колчактың соғыс өнеріне жетік, мұздай қаруланған әскерін тырым-тырақай айдап шыққан шалахат шіркіндер мұнда да істің ығын тауып, шаруаны ұршықтай иіріп барады. Олардың өміршілік тәжірибесі, сенімді мақсаткерлігі Қаныштың, қолайлы сәті туса екі шылбыр, бір тізгін қолыма тиер-ақ деп менмен көңілмен жүрген Қаныштың семинарлық біліміне бара-бар болып шықты. Қолайлы сәт туған жоқ, оның Баянауылға әлпештеп апарған менмендігі де бірте-бірте суи берген.

Енді, Уахитпен болған әңгімеден соң, ондай сәттің тумағаны да дұрыс деп ойлайды ол. Осы арада оның есіне бір маңызды оқиға түсе кетті. Ақпан революциясынан соң іле-шала, Семей семинариясы ұлы мәртебелі патшазада Алексей Николаевичтің

атындағы дейтін абыройынан айрылып жәй ғана Семей семинариясы атанған, ал оның директоры жоғары мәртебелі және толық санаттағы статский советник болудан қалып, әшейін азамат директор болып қалған, өзге жайлар өзінің үйреншікті арнасында жүріп жатқан кезде, күндердің сондай бір күнінде, семинарияның мұғалімі, Қаныштың немере ағасы Әбікей келіп аса маңызды жаңалық айтқан: Петербург университетін төмамдаған, Мемлекеттік Думаның депутаты болған, патшаның өзіне қарсы талай айбат көрсеткен және, бәлкім, оны орнынан түсіруге де қатысқан ұлы адам Бөкейхановтың өзі Семейге келіпті. Әбікейдің төбесі көкте, екі езуі екі құлағында, әлдеқандай кездесулерге барып, әлдебір тапсырмаларды орындап шапқылап жүрді; біздер, қазақтар, енді ел қатарына қосыламыз деп өзеуреді. Әрі соның бәрін ол мәртебелі қонақтың атымен байланыстыра сөйлейді. Сондай күндердің бірінде Әбікей қазақ біткеннің Семейдегі бетке шығарлары даңқты жолбасшының келу құрметіне қонақасы беретін болды дегенді айтты және оны ұйымдастырушылардың тапсырмаларын орындауы үшін Қаныш мейманды қабылдаушы Тыныбай үйіне баруы керегін ескертті.

Белгілі малсағар саудагер Тыныбайдың ауласына он екі қанат ақ үй тігіліпті, үй ішіне алуан өңді кілемдер, оюлы текеметтер төселіп, аласа үстелдер қойылған да, оларды айналдыра құшақ-құшақ жұмсақ жастықтар тасталған. Үй іргесіндегі ошақтарға асылған қазандарда бір құлын еті мен бірнеше қой еті бүлкілдей қайнап, бауырсақ пісіріліп жатыр. Үйдей сабалармен қымыз жеткізілді, қисапсыз мөлшерде басқа да ішім-жем әкелінді. Қаныш пен басқа да біраз таныс жігіттер қызыл танау болып, асабалардың дегенін орындап зыр жүгіріп жүр. Осындай үлкен адаммен кездесуге келгендеріне мәз.

Шақырылған қонақтар үйге кірмей, бас мейманды күтіп, шоғыр-шоғыр болып аулада тұр. Бұлар, елдің айтуынша, орыстың оқуын оның өзінен артық біліп, меңгерген, қалалардағы төрелердің алдынан шығатын және құдірет-күшті базбір хан жарлығынан да артық болатын қағаздардың сиқырын тоқыған көңігілер.

Атақаздай қалқып Ержақып келді. Бұл - мамандығы бойынша мұғалім-математик, ал қабілет-дарыны бойынша бірсыпыра тақпақ өлеңдерімен аты шығып қалған ақын. Аударылып-төңкеріліп жүрісіне, өгіздей тұрпатына, жылтырап көзі ғана

көрінетін былшиған қап-қара бетіне қарап, оны ешкім ақын деп ойламаса керек. Ержақыптың жүріс-тұрысы қандайлық шабан болса, тілі сондайлық үшқыр, жеңіл. Келісімен-ақ ол ас-судың қамында жүрген Тыныбайдың татар тоқалымен шүйіркелесіп, қазақша мен татаршаны қиыстырып ауыз жаласты да кетті.

Аяғын керте басып, бойшаң, сұлу жүзді Еркебұлан келді. Оның үлкен қара көздерінің суық қана жымиысы еркетотай бай қыздарының талайын-ақ арбаған деседі. Жұрт оны орыс ақыны Блокқа ұқсататынын Қаныш естіген. Тәкаппар, қайсар әрі дарынды Еркебұлан мен өлер жерін білетін, қулығы да жетерлік Ержақыптың арасында бәсеке бар деп те айтады білетіндер.

Шыңғыстаудағы бір байдың ұлы, Петербург университетінің заң факультетін оқып түгескен адвокат Бекбаев Нақып келді. Бұл, бүгінгі бас мейманды айтпағанда, ақ патшаның тура қасында жүріп жоғары білім алған бүкіл Семей облысының аумағындағы жалғыз адам. Сондықтан Нақып өзгелерден ерекше болуға құқым бар деп есептейтін болса керек, әйтеуір жаман-жәутік медреселер мен семинариялардан шыққан, ғұмырында астаналық профессордың жібі түзу бір лекциясын тыңдап көрмеген мына шалахат немелерге ұқсауды қаламайды. Оның жүріс-тұрысының өзі көретіннің бәрін көріп, оқитынның бәрін оқып тастаған, ақыры мынау даланың шын патриоты деп далаға қатысты нәрсенің бәрін тәуір көретін, далаға лайық мінез танытатын және, ең бастысы, тек даланың киімін киетін адамды айтуға болатынын ұққан жанның кейпін көрсетеді. Ол шашын тықырлап алғызып, сирек те болса сақал қойып, кеу-кеулеген шалбар мен шапан, аяғына шоңқайма етік, басына ұлшлдек бөрік киіп жүреді. Сым-шалбар, сәнді пенжек, көбелек қанат галстугі бар ақ жейде киген “шалалайлардың” ортасында бір өзі мол денесін сыптығыр орыс киімінің қыспағына салғысы келмеген кенқолтық байға ұқсайды. Сөйткен Нақып бір кездері Петербургтан каникулға келгенде салпыншықты бешпент, әппақ қардай жейде киіп әсемсуді жақсы көретін, ал орыс тіліне жетіскеннен кейін өз тілін кемсітетіні сонша, тіпті қазір жалғыз ауыз орысша білмейтіндердің өзімен сөйлескенде орыс сөздерін араластыра отырмаса көңілі көншімейді. Онысын шала оқығандар ұдайы келемеж ететін болып алған. Солардың бірі мынадай өлең де шығарыпты:

*Орыс болайын десе –*

*Түрі келіспейді.*

*Қазақ болайын десе -*

*Тілі келіспейді.*

*Бір Аллаға мәлім болар сірә да:*

*Орыс та емес, қазақ та емес - дүбара!*

Жасы егделеу тартқан, келісті де байыпты кісі - Махмет Бектұрғанов келді. Оның қайда оқу бітіргенін ешкім біле бермейді, бірақ білімдарлығына төк тұрмайтын адам жоқ. Жұрт бұл кісіні қазақ тілінің грамматикасын жасауды тұңғыш қолға алған, патша тақтан түскен соң “Сарыарқа” газетін шығарып, ана тілінің құрылымын ғылыми тұрғыдан пайымдау үшін өзі енгізген термин сөздерін түсіндіріп, насихаттап жүрген азамат деп білетін. Осы саладан оқулық жазыпты, онысын енді басып шығармақшы екен дейтін сөз бар. Осында жиналған, жасы отыздың о жақ, бұ жағындағы жігіттердің арасында Махаң көдімгідей ақсақал көрінеді.

Қаныштың әкесі әңгімесін көп айтатын айдаболдың Шоң биінің ұрпағы ұзын бойлы, тырысқан арық, бозбала кейіпті Сұлтанмахмұт ақын келді. Ержақып пен Еркебұланнан гөрі көдімгідей аты шыққан ақын болса да, биязы мінезге басып, шеттеп тұр.

Тыныбайдың ауласы біртіндеп қырдағы елдің сорпаға шығар жақсыларына тола берді. Өзгелерден гөрі ақындар, мұғалімдер, адвокаттар басым. Дәрігер-фельдшерлер де бар, тіпті бір теміржолшы-техник те осында. Бәрі салмақты, бәрі дөкей; қай-қайсы да, мейлі, бүкіл халықтың атынан болмағанмен, ең құрығанда өз жүзінің атынан сөйлеуге тек өзін лайық санайды. Бәрі де сөзуар, майдабике; сәлем беріп, сәлем алғанын да терісқақпай сөздермен құтыртып жіберетін әзілкеш. Аула іші - кернеген күлкі, дуылдаған әңгіме. Зыр жүгіріп жүріп, әңгімеден құр қалғанына Қаныш қатты өкінішті.

...Ол жасы елулерді алқымдаған, бөлкім, болса да содан сәл үлкендеу, орта бойлы ғана, әлі ақ шалмаған қалың қара шашын артына қайырған қарапайым адам екен. Жазық маңдайлы деуге келіңкіремейтін бет-әлпетінде көз тоқтарлық ештеңесі жоқ, дала қазағына төн етектілеу мұрнының астындағы едірейген мұртын құдды қолдан жапсырып қойған ба дерсің. Әбікей ағасы атының өзін именіп атайтын адамның осындай

жұпыны кескінінде Қаныш ойлағандай шабытты шапағаттың белгісі де жоқ екен.

Бас мейманды қошеметтеп апарып төрге отырғызып, жиналғандардың бәрі бір-біріне жалғастырыла қойылған үстелдердің астына аяқтарын кәсіле жайғасып болғанда, қымыз құюшы мен оның көмекишілері тура ортадағы үлкен дөңгелек үстел үстіне көлдей астау толы қымызды меймилдете әкеліп қойып, қымыз құйылған алуан түсті кесе аяқтар төрге қарай қыдырыстай бастағанда жиынды басқарушының адамды баурап алатындай жағымды, ашық қоңыр даусы саңқ етті. Бұл - Томскідегі оқуын тастап, бастаушының соңынан ерген кешегі студент Баубеков Әмірхан еді. Жұрттың айтысы: өзі білетін жастардың арасынан бұдан іскер әрі пысық ешкімді көре алмаған бастаушы Әмірханға қолқа салып, оқуын тоқтатқан екен, Әмірханның керемет көп оқығандығы мен шешендік қабілеті, ақылы мен парасаты турасында әңгіме көп, сондықтан бастаушының назары дәл соған түскеніне таңдануға болмайды. Әмірхан орнынан көтеріліп сөйлеп жөнелгенде оның уыздай жас, жігерлі келбетіне, жайраң жүзіне құп жарасқан алтын жиекті көзілдірігінің шынысына түндіктен түскен күн сәулесі шағылысып, жігіттің салтанатын одан әрі асырып жіберді. Көпшіліктің назары солай ауды.

— Достар! Туыстар! Пайғамбардың үмбеттері! Алаш азаматтары! - деді ол әр сөзін анық айтып, шын жүректен толғап. - Бүгін біз ата-бабамыздан мирас қалған мынау қара шаңырақ астына айырықша бір қисынмен, халқымыздың тарихына алтын әріппен жазылатын себеппен жиналып отырмыз. Осынау оқиғаның маңыздылығына байланысты жүрек түкпірінен туған сезімдеріміз, баршамыздың ой-арманымызды бір арнаға тоғыстырған ізгі мұраттарға деген ілтипат-ниетіміз жәй ғана еріккеннің ермегі емес. Бұл дегеніңіз жәбір мен жапаны көп шеккен халқымыз Алланың жазуы бойынша жүріп өткен қасіретті жолдың жетер шегі, нәтижесі. - Осылай дей келіп Әмірхан дауысын мың құбылтып, сөздерді түйдек-түйдегімен тастап, Алтай мен Қап тауының, Алатау мен Орал таудың арасындағы ұлан далаға қоныстаған халықтың бұлқынған бұла күші туралы, сол байтақ өлке, байсын жерін сұғанақ сұқ көздерден сақтау үшін мың мәрте жаумен жағаласып өлімге бас тіккені туралы айтты; сол қаһарман халық мына бізге, бүгінгі ұрпағына,

Алаштың ұлы туын көкке көтеріп, өз мемлекетімізді құруды, ежелгі түркілік, мұсылмандық ерекшелігімізді сақтап қана қоймай, дамытып, байыта беруді мирас етіпті, - деді.

— Бірақ, достар, туыстар, Алаштың азаматтары, - дегенде Әмірханның дауысы ішкі бұлқынысымен саңқылдап, шалқи көтерілді, - халқымыз өз тарихының кезеңді тұстарында өзінің тағдыры мен болашағын өруақ қолдаған атпал азаматтарының қолына сеніп тапсырып, солардың соңынан ерген ғой. Ал сол азаматтарды елім деп еңіреген, шайқастарда шыңдалып, талай тайғақ кешулерден өткен ең кемел басшы, ақылы дария көсем басқарғанын білесіздер. Мінеки, бүгінде күллі қазақ даласы өзінің ең таңдаулы өкілдері арқылы осындай бастаушымыз деп біздің қымбатты жерлесімізді, қадірлі Әлекеңді танығаны үшін, осы қасиетті дастарқан басында отырып, біз жан-жүрегімізді баураған қуанышымызды айтқымыз келеді. Жақсылардың жақсылығы деп осыны айтса болар. Шынында, білімі жөнінен Әлекең тең келер қазақ баласы бар ма? Бұл кісі қаршадайынан мұсылманшылық жолына шындап беріліп, Пайғамбарымыздың хадистерін жүрегінің тереңіне сіңіре білгеннен кейін Петербургке сапар шекті, мақсаты - астанаға барып жоғары білім алу, екінің бірі жете бермейтін даналықтың шыңына шығу еді. Мұндай ұлы мұратқа тек құдай ісін пендешілік мақсаттармен үйлестіре білген, Алланың нұры түскен айрықша адамдар ғана жете алса керек. Сол себепті де Әлекең біздің қазақ даласының өмірін, оның экономикасы мен тарихын кім-кімнен де артық біледі. Жетекші авторларының бірі Әлекең болған “Қырғыз өлкесі” дейтін кітап - соның дәлелі. Ал енді саяси қайраткерлікте Әлекеңмен теңесетін кім бар? Мемлекеттік Думаның депутаты, кадет партиясының белсенді мүшесі ретінде бұл кісі қазір орыс мемлекетін басқарып отырған марқасқалардың қатарында жүрді, бұл кісі патшалық тәртіпке белсене қарсы шыққандардың бірі болды және, шынтуайтында, патшаны тағынан құлатқандардың бірі де осы кісі. Біздің қазақ баласында ешкім әлі Ресейдің маңдай алды адамдарымен теңесіп мұндай мәртебеге көтерілген емес. Оған тек біздің Әлекеңнің дәрежесі жетті, Енді, міне, Әлекең құдай бұйырығымен өзіне лайықталған қастерлі міндетті - Алаш туы астында халқымызды өркендету ісін қолға алып отыр.

— Алаштың азаматтары, біздің бөріміз бір атаның ұрпағымыз, - деп Әмірхан дауысын бөсендеткенде бұрмасы көп үні енді

етенелік, туыстық ырғағына көшті. - Бүгін Әлекең өзінің сансапа жұмысынан уақыт тауып, мынау ортақ дастарқан ырыздығын бізбен бірге бөлісуге келгені баршамыздың жүрегімізді қуанышқа бөледі. Осында отырғандардың бәрі біледі: бүгін біз қымбатты мейманымыздың шалқар көлдей ақыл-ойын билеген ұлы істерді талқылайық деп жиналған жоқпыз. Мұнда біз ата-бабамыздан қалған қасиетті салтымызбен қадірлі Әлекеңді құшақ жая қарсы алып, өзінің сүйікті даласының - қыр елінің жылы-жұмсақ дәм-тұзын алдына тосып, өз қолымыздан сыйлауға келдік. Сырттан келген, дала салтына, өзіміздің ділімізге жат нәрсенің бірде-біреуін дастарқанымызға қойған жоқпыз. Сондықтан көлгірісіп сөз сөйлеп Әлекеңнің мазасын алмай, қымбатты мейманымыз бізбен әңгіме-дүкен құрып, хошуақ бір мәжілісте болмағын ойласақ деймін. Алдарыңызда, достар, жусанды даламыздың барлық хош иісі мен нәрін бойына жинаған, жоқшылықта - қуатымыз, тоқшылықта суатымыз болған, кейде көңіл шіркін көлдария боп шалқысын десек, шабытымызға шабыт қосқан қасиетті сусын. Дертке дауа, бойға құт болатын осындай жеңсік ас өңге қай халықта бар екен?! Сол үшін, осы сияқты бал сусынды басыбайлы игілігі етіп ұрпақтарына мирас қалдырған бабалар әруағына бас иейік те, сол ұрпақтың ең лайықтысы Әлекеңнен алдындағы аяғын алып қоюды өтінейік!

Жиналғандар әуелі қолдарындағы кеселерін Әмірхан сөзінің ырғағына қарай толғай түсіп бей-жай тыңдап еді, өлден соң оның аузынан шыққан сөз нәпіріне еріксіз елтіп, қыбыр етпей отырып қалғандарын өздері де байқамады. Қаракесектің саба түбі сарқындысындай осы жігітке бабасы Қаз дауысты Қазыбек бидің әруағы қонған ба дерсің. Талапты ердің лебізіне риза болған Әлекең кесесін көтергенде қалған жиын біршама тұнып та үлгерген қымыздарына жапа-тармағай бас қойды. Қаныштың байқағаны - солардың көбі-ақ қауқылдасып даланың дағдылы жөреукесіне басуға немесе орыстарша алақан ұрып қошемет жасауға құлшынып-ақ отыр, бірақ қай-қайсысы да мұншама мәртебелі адаммен бір дастарқан басында отырып әдепсіздік танытып алам ба деп жүрексінетін сыңайда. Сол арада емен ағашынан шауып жасалған ұзынша астаулармен етте келіп қалды. Құлын еті мен қой еті сондайлық бір әдемі үйлесімде аралас салынған екен. Сыбағаның ең үлкені - үстіне

құлынның уыздай миы салынған шекесі бар сый табақ Әлекеннің алдына барды. Өрқайсысының ортасында балбыраған қой басы бар өзге астаулар ата жолымен ру-рудың басты адамдарының алдына қойылды. Пышақтарын жалаңдатқан желең жігіттер отырған үлкендердің арасына әр тұстан сығылыса кіріп, етті әп-сәтте турап та жіберді. Ішілген қымыз төбетті мықтап ашқан болу керек. Бүкіл ғұмыры кең далада, ат үстінде өткен саламатты қазақтардың қағаз сорған нәуетек ұрпақтары ауыздарын сықап, жас етті сұрпақтата соққанда ата-бабаларын ұятқа қалдыра қоймады. Осы топта қадірлі мейманның барын, жаңа ғана өздері Әмірханның сөзіне имандай ұйығандарын, сіре, ұмытып кеткендей құнығып алған.

Ындыны тойғандары дастарқаннан сәл шегініп, енді құшақ-құшақ жастықтарға ұрлана көз тастап қояды. Шіркін, соларға шынтақтай жатып маужырса да болар еді, бірақ бас мейманның қымыз бен еттен кейін жантая жатып әңгіме шертудің мәнісін білмейтін адамша қаққан қазықтай боп отырғаны анау. Қымыз құйылған кеселер қайыра қыдырыстай бастағанда Әлекең жаңағысынан да тіктеп отырып, мойнын соза айналысын бір шолып өтті де, аздап жөткірініп, мұрты сәл-пәл діріл қаға түсіп сөйлеп кетті. Қаныш ол кісінің күңгірттеу дауысы мен қарапайым сөздеріне қайран қалды.

— Рахмет, туғандар, - деді ол өте-мөте жайбарақат, бәсең үнмен. - Рахмет, достар, рахмет, бауырлар. Әлгіде Әмірхан дастарқан басында істің жайын айтпай-ақ қоялық деді ғой. Әйтсе де бізге күш-жігер беретін - сол ісіміз. Біз өзінің берік үкімет жүйесі, өз армиясы бар күшті, дербес Алашорда мемлекетін құруымыз керек. Оның негізі қаланғанын өздерің білесіңдер. Осында отырған әр азамат со мемлекеттің бір-бір маңызды шаруасын атқаратын болады. Бірақ тәртіпті бұзбайық. Шаруа жайын айтпай-ақ қояйық. Менің жасым бөріңнен үлкен, соған орай көргенім де көп. Өздерің естіген, оқып білген, бірақ өздерің көрмеген адамдар, өздерің қатыспаған оқиғалар туралы айтсам деп едім. Мен болсам, Алланың бұйрығымен соларды көрдім, сол оқиғаларға қатыстым. Мен Петербургта көп тұрдым, сол үшін жерлестерім орыс боп кеттің деп талай өкпе де айтты. Ал мен туған даламды сағынатынымын, сағыныш шыдатпай бара жатса шаруамды жиып қойып, жаныңды құлазытатындай тас қамалдарды тастап, өзіміздің қырға - күнінің көзін ештеңе көле-

гейлемейтін, самалына ешқандай тосқауыл тұрмайтын, жусан иісі анқыған, бөтен иіс-қоңыстан таза кер далаға тартып кететінмін. Бірақ, амал жоқ, Петербургке қайыра барып, сонда қалума тура келді, себебі халқымыз үшін солай етуім керек болды. Өзіміз қолға енді алып жатқан ұлы істерге сол керек болды.

Әлекең өзіне аңтарыла қарап, әр сөзін қалт жібермей қағып алуға бейіл топты байышпен тағы бір шолып өтті. Содан соң кесесін көтеріп, екі жағында отырғандарға алып қоялық дегендей ишара жасады да, қымыздан бір ұрттады. Бәрі жапа-тармағай соны қайталады. Әлекең қолын аузына апара бере жөткірініп алып, патша туралы, оның тақтан тайғаны жайында, Распутин, Ақпан революциясы, Керенский, Миллюков және тағы басқалар жөнінде ұзын-сонар әңгіме шертті. Осы оқиғалар мен адамдар жайында егжей-тегжейлі сөйлегені сонша, тіпті өзін айтып, мен сөйтіп ем деп кеуде соқпағанымен, осы оқиғалардың қызу ортасында жүрген, соларға мұрындық болған ерлермен ішек-қарны араласқан адам ғана осылай бүгешігесін қалдырмай айтатынына отырғандардың күмөні болған жоқ.

Сөйлегенде құлаққа жағымды өзілін, даланың оспадар-оспақ сөздерін араластыра отырады екен. Сырт көзге аңқаулау, сөзуарлау көрінетін кейпінде кемел ойлар бүккен, онысын тек кезі келгенде, тыңдар құлақ табылса ғана, сырбаздап шығаратын ауыл ақсақалынан аумайды.

Дастарқанға бауырсақ, ірімшік, құрт және басқа да төтті-дәмді дүниелер шашылып, май, қаймақ, жабайы жидек қайнатпасы салынған төрелкелер қойылып, ал ортадағы үлкен үстел үстіне екі иінінен дем алған месқарын сары самауырын қонып, қымыз аяқтың орнына енді шөй кеселер жағалай бастағанда мейман әлі қызу әңгіме сорабында еді. Тіпті оның байыпты, бірқалыпты дауысы бұрынғысынан да жаймашуақ, мейірбан ырғаққа көшкендей.

— Распутинді де талай көрдім, - деді ол, мұртының арасына біртүрлі күлкі үйіріп. - Айтпақшы, сол бір орыс мұжығының тұла бойынан, қиықтау біткен қой көзінен, қанымен біткен құлығы мен ақылын анық байқататын бар кейпінен біздің шығыстың, түріктің иісі аңқып тұрғандай болушы еді. Оны көрсе, Петербургтің ең керемет деген әйелдері, тіпті ең әуелі патшайымның өзі ес-түстен айырылып, пұшайман боп қалатыны тегін

емес қой. Онымен әр кездескен сайын менің есіме Абылай хан мен оның қырық қатыны түсетін, кешкі асын солардың біреуінің жанында отырып жеген алдиярдың ертеңгі шөйда әлде оныншы, әлде он бірінші тоқалдың қасынан табылатынын ризалықпен еске алушы ем. Өзім көрген, әңгімелескен адамдардың ішінен мемлекет істеріне, керек десе, дүние жүзінің тағдырына қатты ықпал жасаған қайраткерлердің талайы-ақ славян сұлуларын алып қашқан біздің қыр елінің батырларын еске салатынын білгенде мен әрі таңырқадым, әрі, шыны керек қой, мақтандым да. Керенксийдің суретіне қараңдаршы, орыстың Наполеоны дерлік осы бір даусыз ұлы адамның кескінінен өзімізге етене белгілерді қалай таппас екенсіңдер.

— Немістің ұлы пәлсапашысы Гегель тарих екі қайталанады деп тегін айтты деймісің, - деді ол, осы ойларының аса мәнді екенін ескерткендей дауысын көтере түсіп, - Керемет деген Батысың анау - соғыстан, өзара қырқыстан, партия аралық тартыстан титықтап, барлық пен байлықтан іріп-шіріп жатқан. Шығыс халықтары ондайдан аман. Олар балаңдықтан енді-енді шығып, балақтап өсіп, күш жинап, сәтті сағатын күтумен отыр. Азиялық Батыстың екінші қайтара тарихи өрлеуінің кезеңі туып келеді. Бұл өрлеу, бәлкім, бір кездегісінен әлдеқайда ізгілікті, әлдеқайда дәйекті әрі жемісті болар деймін. Біз соған өзір болуымыз керек, біз болашақтағы ұлылығымыздың бастауы ретінде өз автономиямызды дамытуға тиістіміз. Ал бұл үшін біз халықты соңымыздан ерте білуіміз керек. Халық деген - ол да бір бала; тілін тапсаң соңыңнан ереді. Айтпақшы, - деп Әлекең тұңғыш рет сәл қабағын түйді: - батыс жақта қараниетті адамдар бар, олар жарлы-жақыбайлардың қамын жеген болып бір рудың, бір ұлттың адамдарын бір-біріне айдап салып қырқыстырудан айрықша ләззат алады. Халық тағдырын шешуді өз қолымызға алғалы отырған осындай тарихи шешуші кезеңде жүрегімізді ашкөздікке жеңдіріп, жылқымыздың санына қарай бөлініп, жауласа бастасақ - құрығанымыз. Аллағашүкір, біздің халқымыз өзiрге мұндай күншілдіктің кесепатына бой алдыра қойған жоқ, ал кімнің алдында айдағаны көп болса сол мемлекеттің ең мықты тірегі екенін өздерің жақсы білесіңдер. Күні ертең, кезі келгенде, сол байдың сол жылқысынан бір-бір сөйгүлікті мініп кедей ұлдары да алаш туының астына жиналады.

Қаныштың төбесі көкке бір-ақ елі тимей отыр. Ұсынса қол жетпес осынау адамның әңгімесін өз құлағымен естігеніне мез, өзі туып-өскен осы өңірден шыққан тамаша жанның базбір ауыл ақсақалдарына кісімсіп, ғибыратшыламай, күлімсіреп отырып айтқандарына тәнті. Жиналғандардың бәрі еңсесін беріп елтіп қалған, кейбіреулері бір-біріне қарап қопаңдасып қояды - сірө, бірдеңелерді сұрап, бірдеңе айтқысы келетін сыңайлы, бірақ бас мейманның бірқалыпты сөз ағынын бұзуға ешкімнің тәуекелі тұрар емес.

Кешті қонақтың өзі тұжырымдады:

— Меніңше, ұзақ отырып қалдық білем. Ертең жұмыс көп, - деді. - Ілтипаттарыңа рахмет, бауырлар. Бабалардың салтымен бата жасауға рұқсат етіңдер: әумин!

Әлекең бетін сипап, орнынан көтерілді.

...Кездесудің желігі тегін кеткен жоқ. Сол кеште Қаныш қатты бусанып, қызды-қыздымен жүргенде оған мән бермей суық тигізіп алды да мұрттай ұшты. Қызуы көтеріліп, құрғақ жөтел кеудесін ашытып, қақырық орнына қан түсті. Ауруханаға жатуына тура келген. Өредік есі кірген сәттерде Қаныш Әлекеңнің басшылығымен кіндік кесіп, кір жуған даласын жаңғыртудың игі ісіне араласатын осындай жауапты шақта ауырып қалғанына өкінеді, өзін барып тұрған бақытсыз сезінеді. Ара-тұра санасын сандырақ елес көлегейлеп, әлдеқайдан Әлекеңнің сұлбасы пайда болады да әкелік мейірмен жымып отырып әлдене тапсырмалар беріп жатады, Қаныш оларды қуана құп алып, құлдыраңдай жүріп орындауға кіріссе, ойламаған жерден бір кедергілер кездесіп, олардан егуге шарқы келмей, аласұрып жатып, денесін суық тер басып оянып кетеді де, шамалыдан соң тағы сондай халге түседі.

Ақыры, күндердің бір күнінде оның санасына:

— Мына киргизенокты қара, беті бері қараған сияқты... - Мен бұл байғұсты қапұт болды деп жүрсем.. - деген сөз жетті.

Қаныш үлкен бөлменің ең түкпіріндегі бір бұрышында, оншақты сақалды орыстың ортасында жатқан. Ол Әбікей ағасының пәрмене болып жүгіргенінің арқасында переселендердің ауруханасына түскенін білді. Қазір мұнда негізінен солдаттар емделеді екен. Көңілін сұрап ағасы келеді, Мұқтар, Жүнісбек сияқты достары келіп, өтіп жатқан митингілер, жиналыстар, мәжілістер туралы, Семейден шеткері жатқан кішкентай,

көріксіз, жеркепе қала Жаңасемейдің Алаш дейтін дөмегөй ат алып астанаға айнала бастағаны жайында асығыс айтып, жолға түседі. Газет ала келеді. Өредік көз жүгірткені болмаса, газетке ұзақ қарауға әлі шамасы жоқ. Қаныш бірінен соң бірі пайда болып, әлденелерді, әлдекімдерді біріктіріп, әлдеқандай жолды ұстанып жатқан земство, комиссариат, орыс, татар, қазақ комитеттері дейтіндерден әбден шатасып бітті - қайсысының сөзі үстем екенін түсіну қиын. Рухани басшы Өлекей болғасын ба, әлде өз тілінде шығатындықтан ба, әйтеуір жалғыз көңілге қонатын нәрсе

— “Сарыарқа” газеті сияқты. Тіпті соңғы кезде оған да ілтипаты кеміп бара жатқандай.

Қаныш әлсіз, қозғалғысы жоқ; қазір оған ішкі түкпірінде, жүрегінің терең түбінде жатқан қастерлі ойын өзі таразылап қана қоймай, құйма құлақ зерделі біреумен бөлісетіндей шүйіркелескен әңгіме керек болып жүр. Ондай оңаша әңгімеге тартарлық адам палатада жоқ. Солдаттар болса, жарақаттарын ауырсынып ыңыранғаннан өзге білетіндері - ұйқы; ал тіпті мықтағанда бөрі жабылып соғыс дейтін пәлені бастаған бұрынғы патшаны, әлі соғысты тоқтатпай отырған Керенскийді сыбайды, әйелдерін, қарттары мен балаларын, иесіз тусырап қалған жерлерін еске алып гөй-гөйлейді; енді бір сөт соның бәрін ұмыта беріп, қай-қайдағы оспадар, қағынды анекдоттарды айтып қарқылдасып-ақ жатқаны. Тегі, бұлардың бірде-біреуі, Қаныш газеттерден оқығандай, неміске өшпенділігі қайнап, кек пен намыстан өртеніп, елі мен жері үшін өлімге бас тігіп жүрген отаншыл орыс жауынгеріне ұқсамайды.

Ол кәдімгідей оңалып та қалған, бірақ ада-күде айығып кетуі әлі ертерек еді. Бірде терезеге жұққан шыбынның дағын сүрте берем дегенде жүрегі зырқ етті: қол деп көтергені бұлшық етін бұлтылдатып талай жерде күштілік пен ептіліктің бәсеке-сінен бәйге алып берген өзінің әлуетті қолы емес, ортасынан бір бүктеп қана, үзіліп қалмасы үшін жалбыр терімен орай салған жіп-жіңішке сүйрік пе, болмаса күздің суығына ұрынған сары масаның сирағы ма - әлде бірдеңе екенін көрді. Сол арада ол өзінің мына өмірден лайықты орнын тапқысы келіп дөсердей боп жүргені бекершілік екенін, тағдырдың желі қалай соқса солай қарай ауатын еспе құмның бір түйірінен артық дөңенесі жоқтығын түсінді. “Адам-бір боқ көтерген боқтың қабы...” Қалай тауып айтқан Абай жарықтық...

Төбеге қараған қалпы осы ойларға шомып кеткені сонша, бөкене бойлы бір адам қасына келіп отырғанын байқаған жоқ. Анау болса, осыдан үш апта бұрынғы ұзын бойлы, миығынан күлкі кетпейтін жайдары жігіттен не тамтық қалғанына мейірімді жүзбен қарап, қараторы өңіне шыға келген аяныш сезімін жасыра алмай отыр. Осылай былқ етпестен отыра берер ма еді, кім білсін, науқастың өзі селт етіп, жалт қарады.

— А-а, Нұрғали аға! Ассалаумағаләйкүм! - деп, бетіндегі, көзінің айналасындағы әжімдері жазылып, Қаныш мез боп қалды.

— Уағаләйкүмассалам, Қанышжан! Отыра бер, тұрма, саған өлі қозғалуға болмайды, - деді Нұрғали ағасы бәсең үнмен байыпты сөйлеп. Жігіттің саудыраған қолын абайлап ұстап жып-жылы алақанына салып еді, бұған науқас қалай сүйсінгенін сезді. Нұрғали тумысында біртоға, биязы адам болатын, елге сыйлы ақсақалдың ұлы деп жұрт қадірлейтін семинариспен оның жақын болған жері де жоқ-ты. Оның мұнда келу себебі - осы жігітті өте дарынды жас деп білетін әйелі Нәзипа қоярда-қоймай жұмсап еді. Ал Қаныштың өзі болса, дәл осы арада Нұрғалидің келгеніне емес, Нәзипа апайының күйеуі келгеніне қуанған болуы керек. Тегі, оның Нәзипаға деген көзқарасын бір сөзбен айтып жеткізу қиын-ды. Оған салсаң, дүниеде Нәзипа апайынан қайсар, одан сұлу, таза және ақылды әйелді таба алмайсың. Мәселен, орыстың тілін дәл Нәзипапа білетін, губернатордың өзіне тайсалмай барып, жеке қабылдауында болатын және ана тілінде ақылды әдеби-музыкалық-вокалдық кеш өткізу қажеттігіне оның көзін жеткізетін, сөйтіп қазақ әндері мен өлеңдерінің бөлкім, тарихта тұңғыш рет дала төсінде емес, қаланың қақ ортасындағы сахнадан орындалуына рұқсат алатын өзге қазақ қызы бар ма? Мұқтаж оқушыларға көмек беру дейтін игілікті шаруаға ақша табудың осындай игілікті жолын ойлап табатын басқа қазақ әйелі бар ма? Орыстың да, қазақтың да ортасында дәл сондай қысылмай-қымтырылмай, тең отырған басқа қазақ әйелін көрген емес, мүмкін басқа ешкім де көрмеген болар. Қанышқа оның бойында ұнамайтын жері жоқ: орта бойлы, аршын төс әсем тұлғасына құйып қойғандай болып қона кететін орыс көйлегі де, еркелене шығатын жұмсақ үні де, қолмен тізгендей әдемі, ірі тістерін ақситып мез бола күлетіні де, сала құлаш бұрымдарын бос тастап қыздарша жалаңбас жүретіні де құп жарасады.

Концертке әзірлік әуелде Нәзипаның үйінде басталды. Қаныштың байқағаны: бұл үй, баласыз болғандықтан ба, қаладағы әртүрлі мектептерде оқитын немесе оқуға даярланып жүрген бірнеше бозбаланы паналатып алған екен. Олар ерлізайышты екеуіне туыс та емес, жақын да емес, баспанасы болмағандықтан осы үйде тұрып жатқан. Көркемөнерпаздыққа ықыласы құлағандар көбейген кезде әзірлік пірказшіктер клубының үйінде өтетін болды. Кейін кештің өзі де сонда өткенді. Алғашқыда Нәзипаның:

— Қаныш, апайыңды қуантарлық нең бар? - деп сұрағаны Қаныштың күні бүгінгідей есінде. Бұл кәдімгідей қызарақтап, ұялып қалған.

— Ештеп домбыра шертіп, ән салатыным бар. Скрипкада ойнап көргем.

— Жарайды, онда көрелік.

Содан бастап Қаныш үйірменің бірде-бір сабағын қаза қылған емес, дайындық біткенше отырады, тіпті ештеңеге керегі болмаса да сол маңнан кетпейді. Кей-кейде Нәзипа апайын бір көріп қалу үшін ол тұратын үйдің жанынан әдейілеп өтегіні бар. Апайының жалт еткен бір көзқарасын шалып қалса, ұзақ-ты күнге мез боп жүруіне сол жетіп жатыр.

Бірде Қаныш газеттен географиялық қоғамның жергілікті бөлімшесінің үйінде мәжіліс болады, онда семинария мұғалімінің әйелі императорлық географиялық қоғамның толық мүшесі Құлжанова Нәзипа Сағитбайқызы қазақ ақыны Абай туралы хабарлама жасайды дегенді оқып қайран қалды. Жігітті әсіресе таңдандырған осы соңғы сөздер еді.

Қаныш жиын болатын жерге ертерек барып түпкірлеу бір бұрыштан орын алған. Сонысы дұрыс та болған екен, өйткені кешікпей-ақ бөлме іші аузы-мұрнынан лық толды. Нәзипаның Абай туралы айтқандары Қаныштың түсіне де кірмеген жайлар болып шықты. Қаныштың білетін Абайы өлеңін кілең ғақлия сөздерге құрған философ ақын болатын, сондығынан да ол балашағаға ақыл айтса Абайсыз сөйлемейтін Имантай қартқа таптырмайтын көмекші еді. Ал Нәзипаны тыңдаса, Абай сұлулықтың, терең ішкі толғаныстар мен тебіреністердің, әсем табиғаттың, нәзік махаббаттың жыршысы, адам жанының ең нәзік сырларын шертетін асыл сөздер мен бейнелі бояуларды таба білген ақын екен. Орыста өмірдің барлық қырын осылайша

қамтыған әрі дана, әрі сара ақын Пушкин болыпты. Нәзипа апай осының бәріне қазақша мысал келтіріп, оны өзі табанда түсінікті тілмен орысшаға аударып, бірде сүйініп, бірде күйініп тұрып тамаша сөйледі. Оның дуалы аузынан шыққан сөздер Қанышқа Абайды жаңа қырынан таныстырды. Баяндама соңы ду қол шапалақтауға ұласты. Әлдебір қауға сақал орыстар сахнаға шығып, Нәзипаға гүл ұсынып, қолын сүйіп жатты. Қаныш жаны күйзеліп, Нәзипамен осылай еркін сөйлесетін, тіпті қолын сүюге дейін баратын адамдарға деген қызғаныш отына өртеніп, көпке дейін тапжылмай отырды. Ақыры бір қырындап есікке беттеп бара жатып:

— Павел Семенович, қалай, ә? Софья Ковалевскаядан несі кем? Сонау далада, үй-үйдің түбінде, үйір-үйір жылқы арасында қанша дарын қалды екен? - дегенді құлағы шалды.

Қаныш Нәзипаны ең болмаса есік алдында көріп қалайын деп асығып еді, оған да үлгермеді.

...Мынадай да оқиға болған. Үйірме жұмысына белсене қатысатын жайдары мінез, әзілкеш жігіт бар еді. Жасының үлкендігін сыйлап, Қаныш оның алдынан қия өтпейтін, томпақтау сөздері мен әбестеу әзілдерін де ілтисатпен қабылдайтын. Сол жігіт бірде әйелдер туралы қылжақ сөз арасында:

— Шіркін, менің құшағымда Нәзипа сияқты біреу болса ғой! - деп қалды.

— Немене? Сен не айттың осы? - деп Қаныш сұрланып кетті.

— Не естісең - сол, - деді анау досының ашуына мән бермей.

— Не дедің, оңбаған?

Өзге достары ес жиып үлгергенше Қаныш өзінен жасы да үлкен, күші де басым жігітті алып ұрып, басқа-көзге төмпешті жаудырды дейсің. Достары өрең ажыратып алды. Бұл көктемнің бір кешінде, жол айырығында болған жағдай еді. Үйірме жаттығуынан жаңа қайтқан жігіттер үйді-үйлеріне тарасқалы тұрған. Содан былай Қаныш әлгі жігітті көзіне ілмейтін болып алды. Кездесе қалса көрмеген-білмеген бола салады. “Ойпыр-ай, Қаныш, сенің сондай жынды екеніңді білмеппін”, - дейтін кейін Жүнісбек.

Міне, енді Нәзипа апайдың біртоға, сыпайы күйеуі мұның қасында отыр. Өзі семинарияда қазақ тілінен сабақ береді; мен мұндалап көзге де түсе бермейді, ешкіммен етене жақындығы

да жоқ. Тұла бойынан барлық мұғалімдерде бола беретін, семинарияның шаруасына деген алаңдаушылық байқалады, ал кейде семинарияда сабақ беру ол үшін негізгі жұмыс еместей, ойсанасын семинаристер біле беруге тиісті емес әлдебір маңызды жайлар билеп алғандай қалып танытады.

Тіпті Қанышқа Нәзипа апай сияқты ғажап жанға осындай адамды қосақтаған Алланың ісі де әділ еместей көрінеді - бұл оны түсініп, қадіріне де жете алмайды ғой, мына түрімен ішін пыстырып та жіберетін шығар деп ойлайды.

Енді, міне, үн-түн жоқ, қол дорбасын ақтарып, әлденені алып дөңбекешенің үстіне қойып, сөзін де біреу зорлағандай созалаңдап бастады:

— Қаныш, мынаны саған апайың беріп жіберді.

Қаныш не дерін білмеді, қуаныш пен ризашылықтан көзіне жас толып, теріс қарап кетті. Енді ол өзін түкке тұрғысыз біреу санап соншама кеміткені ақымақтық болғанын ұқты - Нәзипа апайдың өзі жағдайын ойлап бәйек боп, көңілін сұрауға күйеуін жұмсап отырса, мұның анау-мынау болмағаны ғой. Егер бұл ауырмаса Әлекеңмен қатар, ол кісіні қоршаған жұлдызды азаматтармен - бір замандарда Шыңғысханның, Кромвельдің, Наполеонның қасында болған жұлдызды жандардай нарқасқалармен бірге жүрер еді, онда Нәзипа апайы төсек тартып жатқан бейшараның қамын сырттай ойлап пәруана болмас еді, онда оның түпсіз нәркес көздері Әлекеңнің өзімен үзеңгілес сайыпқыран жігітке қадалған болар еді.

Дегенмен, осы ықылас-пейілі бұған қандайлық қуаныш болғанын Нәзипа апайға сездіретіндей бірдеңе айту керек болар Нүрекеге. Ал оның түрі мынау - үн-түнсіз, өзінен өзі жидіп отыр. Жөнге келсе, жасы үлкен болып сөз бастайтын сол еді, бірақ қанша отырарын құдай білсін. Қанышқа қалса, мұның айтар сөзі аз емес, жүрек түпкіріндегі асыл ойларының ең болмаса жұрнағы Нәзипа апайына жететіндей ғып айта алса жарайды ғой. Ақыры Қаныш шыдамады:

— Нүреке, мен сол өзіңіз білетін кездесуден кейін науқастанып қалдым. Шіркін, сондағы Әлекеңнің асыл сөздері-ай! Ал мен сол кісінің маңайында болып, қолдан келгенше көмек көрсетудің орнына мұнда жатырмын... Аллаға не жазғанымды қайдам...

— Қаныш, денсаулығыңды түзе... Өзің ойласаңшы... мүмкін сені Алланың сақтағаны осы болар... – деді Нүрекең, не айтып, не қойғанын өзі де білмеген адамша.

— Жоқ, құдайдың маған деген жазасы бұл! - деді Қаныш барынша қызынып. - Мынадай кезде Алаш туының астынан табылмау деген қорлық қой, Нұрғали аға!..

— Алаштың туы... Ал мен сол “Алаш” деген сөздің не екенін білмеймін. Тіпті ұят... Мүмкін сен білерсің, Қаныш?

Нұрғали қалжыңдап отырған шығар деп Қаныш оған барлай қарап еді, жоқ, бет-әлпетінде ешқандай өзiлдің iзi байқалмайды - сол баяғы момақан отырысы.

— Нүреке, қалай еді... өзіміздің-ақ сөз ғой...

— Өзіміздікі екені рас... бірақ сөздің мағынасы болуы керек...

Қаныш мұны күтпеп еді. Аңырған қалшы, ойланып қалды. Сонда барып “Алаш” дегеннің не екенін өзі де білмейтінін түсінді. Бірақ осындай етене, құлаққа жағымды сөз түк мағына білдірмейді дегенге сену қиын.

— Қалайша, Нүреке, Алаш деген аты аңызға айналған атамыз ғой.

— Қандай атаң, не еңбегі сіңіп, не өнеге қалдырыпты?

— Жә қойыңызшы, Нүреке, бүгінде бүкіл қазақ осы сөзбен өмір сүріп отырған жоқ па...

— Өмір сүргені қалай? Мәні-мағынасы белгісіз сөзбен қайтіп өмір сүруге болады? Семинарияны бітіргелі отырған сен білмейсің, бітірмесем де университетте оқыған мен білмеймін... Оқымаған анайы қазақ қайдан біледі оны? Сен Абайды көп оқыған жігітсің, өне, бір білсе сол білер еді, бірақ ол да...

— Өлекең ше, өзгелер ше?.. Алаш партиясы... Алаш автономиясы... Ержақып пен Ағжанның өлеңдерін қайда қоясыз? Сұлтанмахмұт, тіпті, гимн шығарды ғой.

— Дұрыс айтасың, Өлекең өзгелерден көп оқыған, көп көрген. Бірақ біз де, әрқайсымыз бірдеме етіп өз басымызбен ойлауымыз керек болар.

— Енді... жұрттың бәрі ақымақ емес... Сол жолы, білесіз, қырық-елу адам жиналды. Қыр елінің ығайы мен сығайы... Бәрі ауыздарын ашып, көздерін жұмып тыңдады. Бәрі хош-риза болысты.

— Дұрыс... Бірақ өзің ойлашы, сөзтізігінің ұстаған кім?

Думада сөйлеген, орыстың маңдай алды азаматтарымен бірге жүрген, орысша кітап жазған, білімі терең, тілі орамды шешен адам. Ал тыңдаушы біз, өзің айтқан “ығай мен сығайлар”. Сөйткен “ығай мен сығайлардан” жалғыз Нақып қана Петербург университетін бітірген, бірақ сонымен болдым-толдым деп ойлап, кейбір қара қазақтан өрі надан болып кеткен. Одан кейін халқымды жеткізем деп институтты тастап кеткен желбуаз Әмірханды және Қазан университетінің жолы болмаған студенті мені айтасың. Қалғандары - бұрынғы семинаристер, медресе мен екіжылдық училищені түгескендер. Олар Бөкейхановтың жанында не айта алушы еді? Әне, үндей алмағандары сол... Бәрі Әмірханның бұлбұлша сайраған сөзіне, Әлиханның қисынды, терең ойларына тәнті болып қала берді. Бұратартып бірдеңе айтып қалудан құдай сақтасын десті. Өрі олай етудің қажеті де болған жоқ қой.

— Дегенмен... Сондай кісі... ұлы адам. Бүкіл елімізді жекедара автономиялық мемлекетке біріктіру ісі тұңғыш қолға алынды емес пе. Оған кімнің жүрегі толқымасын...

Осыны айтқанда Қаныш біреу қолынан ойыншығын тартып алғалы жатқан балаға ұқсап кетті.

— Ұлы мақсат екені рас. Оған қай қазақ селт етпесін... Бірақ ұлы мақсаттың ой-мүддесі де соған лайық тыңғылықты, деректі болуы керек, оның аңыз бен әфсанаға негізделуі дұрыс емес. Ал өзiрге бiз кiмнiң туы астына топтасатынымызды да анық бiлмеймiз. Содан соң алаштықтар қазiр “автономия” деп сыпайы сөзбен атап жүрген мемлекет дейтiннiң мөнiсiн ашып алу керек. Өрине, халық бұрынғы ата-бабасынан мирас қалған өз жерiне, өз елiне шындап ие болғысы келедi. Ендi ойлашы, Қаныш, бiз оған қалай ие болмақпыз? Жердi, оның байлығын адам игiлiгiне жұмсау керек, ғылымның, техниканың тiлiн бiлген мемлекеттер мен халықтарша пайдалану керек. Ал бiз сол жерде бес-он туяқ малымыз жайылып жүрсе мұратымызға жеткендей боламыз. Пойызға мiнiп темiр жолмен жүргендi, кемеге мiнiп Ертiстi өрлегендi ұнатамыз, өз қолымызбен егiн екпесек те нан жегендi тәуiр көреміз, ал соның бәрiн жасаушы адамдарға кекiрейiп қараймыз. Халық патшаны, оның шенеунiктерiн ит етiнен жек көредi. Бiрақ, жалпылай алғанда, орыс та өзiмiз сияқты халық. Ғасырлар бойы бiзге қарсы айдап салушылар аз болмағанымен басым көпшiлiгi қазаққа достық

ілтпатын сақтап қалған. Ал өзің шығармаларын оқитын Пушкин, Белинский, Толстой, Достоевский сияқты орыстың таңдаулы адамдары өзге халықтарды, соның ішінде біздің қазақты да кемсітуді мақтан көрмеуді өсиет еткен. Енді келіп біз өзімізбен бірге жасап, біте қайнасқан, мүдделеріміз тоғысып, ішек-қарнымыз араласып кеткен адамдардан іргені аулақ салып, тек өз жайымызды күйттегіміз келеді... - Қаныш Нүрекеңе қарай отырып, оның осындай толғақты мәселелер жайында бөсең үнмен, жайбарақат сөйлеп, әйтеуір қарап отырмас үшін пәлендей маңызы жоқ ескі өңгімені созбақтағандай етіп айтқанына қайран қалды. - Әрі сөйтіп, өз мемлекетімізді, мал баққаннан өзге ештеңені білмейтін адамдардың мемлекетін құрмақпыз. Оны айтасың, мал бағу да көбіміздің қолымыздан келмейді ғой, өйткені біздің қазақта малшы - адамның ең қоры. Бәріміз соның еңбегімен күн көріп отырсақ та солай санаймыз. Сонда өлгі мемлекетіміз жасампаздық істерге қыры жоқ, үйлер мен сарайларды қалай салуды білмейтін, мәшинелер мен жабдықтарды жасай алмайтын адамдардың мемлекеті болмақ қой. Бар байлығы бір жұттан қалмайтын мемлекет...

— Ойлан, Қаныш, - деді ол сөз кідірістеп барып, бірақ сөз ырғағын аудармастан, - менің білуімше, қазір біздегі жоғары білімді қазақ баласының саны жиырмадан әрі аспайды. Солардың біреуі ғана инженер, бес-алтауы дәрігер екен, қалғандары заңгерлер мен мұғалімдер. Сен Абайдың қарасөздерін оқып па ең? Оқысаң, Абайдың жазатыны бар ғой: Жоңғардың билеушісі, өзі бізден асып керемет болмаса да, Абылай сұлтанға ақыл айттып: сенің халқың егіншілікті емес, малшылықты кәсіп етеді екен, сондықтан олардың басын біріктіруің қиын болады депті. Өте дұрыс айтқан. Егіншілік ғылым мен техника арқылы келетін соқа, тырма, тағы басқа сияқты құрал-сайманды қажет етеді, егіншілік әрі отырықшылық болмайынша өркендемейді. Тек отырықшылық жағдайда ғана дәйекті еңбек пен шындап өркендеуге жол ашылады...

— Нүреке, шыныңызды айтыңызшы, сіз Әлекеңе... Әлекең бастаған іске қарсымысыз? - деді Қаныш. Соңғы кездері өмірінің бірден-бір мәніне айналған әспетті дүниесін Нүрекең түк қалдырмай талқандап, қайда бастап апара жатқанын білмей әрі оның қисындарына жауап айта алмай дал болып отыр.

— Жоқ, Қаныш, мен қарсы емеспін, бірақ мақұл да емеспін

ін...Сенен гөрі менің жасым үлкен, аса маңызды жайларды көңіл ауанымен қабылдай салуыма болмайды. Ойлануым керек... Сенің ақылды жігіт екеніңді білемін, сондықтан да ойыма алғанды саған жасырмай айттым. Өзің таразыла. Ал енді рұқсат ет, сөзімді айтып болайын.

— Рахмет, Нүреке, айтыңыз.

— Жә, алаштықтар әскер құрмақшы екен... Мылтықты айтпағанда, пулемет пен зеңбіректі былай қойғанда, ең қыл аяғы қылыш соғатын шеберханасы болмай тұрып дербес әскер құрамыз деу қай сасқандық? Біз әуелі ел қатарына қосылайық, Қаныш. Бірақ үйренетін, тәлімін алатын жұртпен жауласа берсек, оларға қайтып теңелеміз? Мен орыстарды айтам, өзгелердің үйретері де жоқ қой. Біз, тіптен, оқуды да дұрыстап үйренген жоқпыз. Міне, біздің сорымыз осында. Мысалға сені алып қарайықшы... Сен, Қаныш, ренжіме, менің өзім де жетісіп тұрған жоқпын. Ал сен өте дарынды жігітсің, бірақ қабілеті төмен орыс балаларының қатарында орташа ғана үлгергеніңе мәз боп жүре бересің. Тек “беске” оқысаң бірдеңе кете ме? Қолыңнан келеді ғой! Сенен кемдігі жоқ Жүнісбектікі анау, ол да сүйретіліп қатарда жүргеніне риза. Бар пәле біздің қанға сіңген қанағатшылдығымызда, не істесек те үзіп-жұлып, әредік істейтінімізде; төстабандаған жүйелі еңбекке үйренбегенбіз. Мына сен, айталық, каникулға шығып ауылыңа барасың, ешқандай мақсат жоқ, түн баласы қыз аңдып, қызық қуып, күн сәскелікке көтерілгенше ұйқыны соғып, рахат күй кешесің. Оған да місе тұтпай, масыл тірлігіңді соза түскің келеді, сөйтіп шәкірт Ғабдұлғани Сәтбаевтың... анасы науқастанып қалуына байланысты оның тағы да қырық күндей сандалып бос жүруіне көптен-көп рұқсат сұрап, өзіңнің қолыңнан шыққан, бірақ Ақкелін болысының қазағы Имантайдың атынан жазылған өтініш жоғары мәртебелі семинария директорының алдына барып түседі... Осы болды ма, Қаныш?

— Болды.. - деп күрсінді Қаныш.

— Үйіңде сен бұрау басын сындырмайсың, сондықтан кәдімгі үй шаруасына ешқандай ебің жоқ. Семинарияда қол еңбегі бойынша ұдайы қосымша сынақтан өтетінің содан. Рас па?

— Рас, - деп Қаныш тағы күрсінді. Өзінің оқуы жөнінен Нүрекеңнің мұншама хабардар екеніне таң.

— Бір заманда орыс жазушылары немістердің ұқыптылығы, мұқияттығы туралы қызығып та, қызғанып та жазған болатын. Орыстар сөйтіп қызығып жүргенде, мал мен жанын бір құдайға табыстап қойып, бүкіл ауылы ай қарап жататын біздің қазақ туралы не айтуға болады?.. Осының бәрін ой таразысына салсаң, өткенді қадірлеп сақтайық, ұлттық ерекшелігімізді нығайтайық дейтін әсіре қызыл сөздер мешеулік пен тағылыққа үндегендей әсер береді. Бірінші Петр патша орыс боярларының қауғадай сақалдарын күштеп тұрып күзегенде сақалдың біреуге кеселі тиіп, кедергісі болғанынан емес, мешеулік пен кешендіктің бейнесі болғандығынан соны істеген. Ал біздің алаштықтар естінің бәрі ескіден деп біледі, сақалға жүгіне береді. Бұл, бәлкім, жеке біреулердің менмен көңілін уақытша қанағаттандырса қанағаттандыра жатар, бірақ осыдан жөні түзу ештеңе шықпайды. Кім болса да үлкен бір істі қолға алғанда оны орындаудың ешқандай жағдайы жоқ екенін біле тұра кереметтің ісіне сеніп тәуекел етсе орысша оны авантюра деп атайды... Біз, Қаныш, қабілеті мол, дарынды халықпыз, қолымыздан көп нәрсе келеді, не кереметтің бәрін игере аламыз. Сол қабілетіміз бен дарынымыз өз игілігімізге арнауы үшін және қазір белшемізден батқан қараңғылықтан шығуымыз үшін әбден ойластырылған, адастырмас жолды таңдап алуымыз керек. Ол елеске, тәтті үмітке емес, көзбен көріп, қолмен ұстағандай анық, нақты жағдаяттар мен мүмкіндіктерге негізделуі тиіс. Қысқасы, орыстар айтпақшы, жеті рет өлшеп барып, бір-ақ рет кескенге не жетсін...

Нүрекең Қанышқа қарап, тіпті сәл езу тартқандай болды, онысы - айтарымды айтып біттім дегені болу керек.

— Жә, Қаныш, мен сені шаршаттым білем. Ойға алғанымның бәрін айттым. Тек сен болған соң айттым, өйткені сен ойшыл жігітсің. Оны өзім де білем, Нәзипа да солай деген. - Жүзіне тағы да күлкі үйірілгендей болды. - Қарап тұрсам, қара нан мен капустадан тез сауыға қоюың қиын сияқты. Ауылға, таза ауаға тарт, қымыз бен құлын етіне тезірек жет. Дәрігеріңнің айтысы - сенің өкпең дертке ұрынған. Соны емдеуің керек. Ал ұлы істер алда талай кездеседі әлі...

Қаныштың сауығуы тым ауыр болды, дегенмен жазылуға бет алды. Қорқыныш ұмытыла бастағандай. Мұны өзгеден бұрын Имантай ақсақал сезген. Күздің сол бір жылауық күнінде

ауыл жігіттері мұның сағына күткен ұлының орнына алақандай көзі өңменіңнен өтетіндей тірі әруақты әкеп кіргізгенде ғұмырында талай өлікті көрген шарасыз қарт балам өз босағасында өлгелі келген екен деп ойлаған. Баяғыда, осыдан он бес жылдай бұрын, осы баласының жап-жас анасы да дәл осылай, алақандай көздерімен тесіле қарағанда жан-қолқанды суырғандай боп жатып ұзақ қоштасып, қатты қиналып өліп еді. Енді маған Алла-тағалам тағы бір өлімді көрсін деп бұйырған болды ғой деді ақсақал. Бірақ ұлының беті бері қарай бастады, сөйтіп, әбігерлі, наразы пендеге жаратқанның құдіреті мен рахымы шексіз екенін тағы да танытты.

Қаныш есік алдына шығып, баяу жүргенді ұнатады, екі ұртын томпайтып суық ауаға демін шығарады да, тура мұрнының астына ақ шуда бұлт пайда болғанын балаша қызықтайды. Кигені-беліне жуан боз белбеу тартқан қасқыр ішік, түлкі тымақ, жып-жылы үлкен саптама етік. Құдды, ұзақты күн аяз өтінде отыруға шыққан ба дерсің. Амал жоқ, Нұрым әженің айтқанына көнбеске болмайды. Ол кісіге Қаныш әлі де болса, көзін ала беріп, далаға жалаңаш шығып кететін ақылы толмаған бала есепті.

Қаныш жарық дүниеге рахаттана қарап жүреді де қояды. Жылуы шамалы болғанымен, даланың біртегіс ақ көрпесін сиқырша құлпыртып, салқын нұрын төккен жарытусыз күнге рахаттанады. Аяғына оралған екі тазының еркелегеніне рахаттанды, сонадайдан өзіне барлай қарап шоқиып отырған Алыпсоққа рахаттанады; көрі бөрібасардың осы отырысынан: орынсыз бұлғандап, қолыңды жалап жағынатын анау-мынау жылмақай тазы емеспін, бірақ әмір етсең болды, жасыма қарамас-тан, не тілегіңді де дәс орындауға бармын дейтін төуекелшілікті көретіндей. Күншуақта тұрып, бұйырған шөбін талғажау етіскен сиырлардың малжаңдағаны да, байлауда тұрған көлік аттарының пысқырғаны да Қанышқа көңіл базарындай. Ауылдың жатаған үйлерінің сұлбасын ғана білдіретін қар төмпешіктерінен сызыла шыққан көк түтін де қуаныш. Ол әсіресе күнде өзінің қасында болатын айнымас досы - Жұмаш құрдасының тағы да еңтігіп жеткеніне мөз болды.

Үйден әкесі шықты. Жайқия күлген Жұмашты әлдене өзілмен қағытып тұрған ұлының күлкісін естіп жадырап сала берді, осынша жақсылығы үшін Аллаға шүкіршілік етті. Бүгін

- жұма. Қаныш өз аяғымен ата-баба зиратына барып, қысыл-таяң шақта желеп-жебеген әруақтарға дұға бағыштауы керек деген байламға келді әкесі.

Имантай ақсақалдың қыстауы тұрған дөңестен оның інілері Жәмін мен Зейіннің, басқа да туыстарының Ащысудан арғы, күншығыс беттегі жазаңға орналасқан үйлері алақандағыдай көрінеді, ал ата-баба қорымы одан әрідегі қол созым жерде. Бұлар үнсіз, аяңмен жүріп, етіктерімен қарды сықырлата басып барып, таптаурын ізбен өзеннің қар басқан сұлбасына түсті де арғы бетке тура зират тұсынан шықты.

Қаныш әлі қуаныш құшағында келеді. Дәл қазір ол мынадай денесі зор, бойы биік, қалқасы сенімді адамның жетпістен асқан жасы шашын ағартып, қимылын баяулатқаны болмаса, дене бітімі мен ширақ жүрісіне қылау түспеген, ал шешек дағы тарғылдаған қоңырқай жүзіндегі кішілеу қой көздері нұрын жоғалтпаған өкенің соңынан келе жатқанына қуанды. Әкесі әдейілеп баяу жүріп келеді, сондықтан, киімі қалың болса да, Қаныш терлеген де, шаршаған да жоқ. Сөтбай қажы жатқан жер деп өзі айтатын тұсқа келгенде ақсақал тізе бүкті, қасқыр ішіктің етегін астына төсеп Қаныш та отыра қалған. Әрі ыңғайлы, әрі жылы отыруды қамдауы - дұғаның ұзақ оқылатынын біліп еді. Содан соң бұлар әкесінің бауырларына, Қаныштың анасы Әлимаға, осы арадан топырақ бұйырған басқа да туыстарға ауысты. Дұғаны бірде әкесі, бірде Қаныш оқып, кезектесіп отырды. Құранның ұзақ сүрелерінен түсіп, Қасиетті кітаптың сөздерін анық айтып, баппен оқыды. Әруақтардың алдында шалағайлық пен асығыстық дейтінге ақсақал жол бермейтін.

Бұлар бірде аялдап, бірде жүріп үйге қарай көтеріліп келе жатқанда күн кешкіріп те қалған. Әкесі ара-тұра баласына қарап қойып, үнсіз келеді. Қаныш біледі: бұл - ақсақалдың маңызды бір әңгіме бастамаққа оқталып, тек орайлы сөтін күтіп келе жатқанының белгісі. Аулаға кіре берісте әкесі аялдап, оң қолынан үлкен қой жүн қолғабын шешіп, мұртын және бетіне шашырай шыққан селдір сақалын сипап мұз сүмелектерін түсірді де:

— Уа, құдіреті күшті Алла-тағалам, жақсылығынды бере гөр! - деп, қақпа алдында жататын үлкен дөңбекке барып отырды. Қаныш та тізе бүкті. Қарт ұлына барлай қарап алып, сөзін жалғады:

— Адам Алладан бала сұрайды. Неге? Тұқымым үзілмесін, атым өшпесін дейді, кейінгі ұрпағы, бүгінгі екеуміз сияқтанып, дұғасын арнасын дейді. Алланың әкеңе бергені аз емес, ұлым; шүкір, балаларым, немерелерім бар, Жаратқан ием өзі қалаған күні алам десе, артымда есіне алатын, басыма барып дұға оқитын көкір-шүкірлерім бар. - Ақсақал тәуба етіп бір күрсінді де сөзін үзді. Бұл үнсіздік ұзаққа бармайтынын, енді қазір өте маңызды бірдеңе айтатынын Қаныш біледі. Тек осындай жағдайда ғана әңгімені алыстан бастап, негізгі ойының алды-артын ғибратты сөздермен көмкеріп алатын ежелгі дағдысы. - Иә, Қанышжан, сен қатты жатып қалғанда мен сорлы Алланың рахымына күдік келтіріп күнәға баттым ғой; сені мына дүниеден артыңа із тастамай кешіп кетеді екен, тіпті көрмеген жұртқа аты да өшеді екен дегенді ойлағанда ішім өртеніп, қан жыладым емес пе. Тоба, құдайдың рахымы шексіз, сен де, міне, қалқиып қатарға қосылып келесің. Жасың он сегізге толды. Жалғыздық құдайға ғана жарасқан. Үйленетін уақытың болды, Қанышжан.

Қарт тағы сөзін үзді. Қаныш та үнсіз - келелі жай сөз болғанда асығыс жауапты әкесі жаратпайтынын біледі.

— Осы маңайдағы бір қыз балаға ықыласым түсті. Марқұм әкесін білуші ем, анасын да жақсы білемін. Сол бала саған лайық болар. “Аяғын көріп ас іш, анасын көріп қызын ал” деп бұрынғылар бекер айтты деймісің. - Сәл үнсіз отырып сөзін жалғады. - Құдай куә: сенің оқығаныңды тәуір көрдім. Жаман оқыған жоқсың. Құранды білесің. Павлодардың орыс мектебін бітірдің. Семейдің үлкен орыс мектебін де бітіруге тақаусың. Қаржас баласында Әбікейден соң мұнша оқыған ешкім жоқ. “Таудай талап бергенше бармақтай бақ бер” деген ғой. Маңдайыңа жазылғаны болса, оқудан кенде емессің, жеткенің де аз емес. Бірақ сен тым кітапшыл болып кеттің, содан ауруға ұшырадың. Енді мен, кітап оқиды екен деп, ұлымнан айрылар жайым жоқ. Оқуың жетті, Ғабдұлғани, енді осында, ауылда бол.

Ақсақал ұлына қарады, тек орнынан қозғалған жоқ. Демек, ол тағы бірдеңе айтпақшы болғаны. Әрі сол айтпағы бұған дейін айтқандарынан маңыздырақ болуы мүмкін. Қаныш сабырсызданып-ақ отыр, бірақ онысын сездіріп әлсіздік таныту Имантайдың ұлына жараспас еді. Сол себепті ол жайбарақат қалпын өзгертпеген сыңайда құлағын тігіп отыра берді.

— Адам ұқпас ауыр күндер туды ғой, балам. - Ақсақал әлгісінен гөрі ойлы қалыпта, әр сөзін жүрегінің тереңінен теріп алғандай салмақтай отырып сөйледі. - Патшаны құлатты, қайдағы бір комитет, комиссар дегендері шықты; өкімет көп, бөріне ақша бер, бөріне құлшылық ет, ал соғыстың бітетін түрі жоқ... Біздің қазақтар өз өкіметін құрмақшы екен, біз алашпыз дейтін көрінеді. Кімге сенеді, нені сүйеніш етеді, кіммен күш сынасады?.. Өздеріне қарасашы... Сенің семинариядағы мұғалімнің дұрыс айтқан - біз қараңғы халықпыз, наданбыз. Сол надандықтан атымыздың құйрығына ғана қарап қалғанбыз, одан өзгені көрмейміз, соған қарап бал ашамыз... Не деген сорлы ел болдық... - Қарт қатты күрсінді. - Сен Әлеке деп әспеттеп отырған адамның айтқан сөзі де, істеген ісі де менің ішіме қонбайды. Ол менің өзіме емес, біздің бабаларымызға байланысты. Сенің Әлекең - Орта Орданың соңғы ханы Бөкейдің иә немересі, иә шөбересі. Шындығына келгенде, оның көдімгідей хан болғаны да шамалы. Естуімше, патша Абылайдың қырық жыл хан болып отырған ұлы Уәлиге ашуланып, жасы талайға келген Бөкейді де хан деп жариялап жіберсе керек. Патшасы түскір ойына не келсе соны істеп, бізді ит құрлы көрді емес пе. Кешікпей екі шал да дүниеден өтті, сонымен хандықтың басына су құйылды. Заманы өткен болу керек. Сенің Әлекең көдімгідей болып “Бөкейханов” атанып жүргеніне қарағанда бабасының аз да болса хан тағына жанасып қалғанын мақтан етеді, білем. Қазақ даласында ата жолымен биліктен дөмететіндерді санап болмайсың. Олар - бастауын сонау Шыңғыс ханнан алатын төрелер. Ақсүйекті таза қалпында сақтаймыз деген әурешілігі оларды өзара қыз беріп, қыз алысу арқылы тұқымдарын аздыруға өкеп соқтырды. Өйтсе де, кісімісіп, менменсініп, паңдануға келгенде олар өлі алдарына жан салмайды. Әлихан ақылды, ғалым адам деседі, бірақ ол да орысша оқысын деп қала-қалаға жіберілген сен сияқты өрепкіген жастарды жақсы іске желіктіріп жүрмеген болар-ау деп қорқамын. Ал қазақтың сендей жастары соншама көп те емес, соның бөрі теріс жолға түсіп кетсе не болғанымыз? Сондықтан саған дер кезінде ауыруын жіберіп, масқарадан аман алып қалған Аллаға мың да бір шүкіршілік етемін. Шыңғыс ұрпақтары, тек ілуде біреулері болмаса, өзінің мақсаты мен халықтың қамын бір мезгілде ойлап көрген емес. Сондықтан айдаболдар мен қаржастардың Шоң мен Шорман

сынды кемел басшылары төрелерден аулақ болуға барынша тырысқан. Бізге де соны өсиет еткен. Шонды сен білесің, өзің аузыңнан тастамайтын Сұлтанмахмұт - сол кісінің жиені. Ал менің Сәдуақас досымның атасы Шорманды да білесің. Бізбен көрші отыратын Шормановтар - сол кісінің ұрпақтары. Төрелерден әрдайым аулақ жүр, балам. Біздің Өбікей - жұрт не десе соған сенетін аңқау бала ғой. Көріп жүрмін, аналардың газетіне соның аты жиі шығатын болып жүр.

— Бөкештің атасы-ау, көп отырмай үйге кірсеңдерші, Қаныш тоңып қалатын болды ғой. Тамақ та дайын тұр, - деді Нұрым әже қақпадан басын шығарып.

— Қазір кіреміз, - деді де ақсақал сөзін жалғады. — Енді міне Керенскийді және құлатып жаңа өкімет орнапты. Мұны кедейдің өкіметі екен деседі. Шорманның жылқышылары миығынан күліп, енді билікті өзіміз жүргіземіз, малға өзіміз ие боламыз десетін көрінеді. Ақырзаман бола ма деп қорқам. Солай болатын реті де бар. Тек біреулердің ашкөздігінен көлденең жұрттың қырылатыны қиын. Кедей сорлы тағдыры байға байланған жас бала есепті ғой. Тілін тауып жұмса, киім мен тамақтан тарықтырма, сонда ол сенің байлығыңа көзін салмақ түгілі құлдық ұрып жүріп қызметінді істейді. Бізді құртатын біреудің бай, біреудің кедей болғандығы емес, байдың пейілі тарылғандығы, дүниеқоңыздығы. Кедейді таза-тақыр қайыршы етіп аяққа басатын, арын таптайтын солар. Жаныңдағы жақыныңа көмектес дейтін Пайғамбарымыздың хадисін ұмытатын да солар. Шорман әулетімен қатар көшіп, қанаттас қонып жүргенімізге көп болды ғой, байқаймын, бидің ұрпақтары да өбден әспенсіп, кеуделеріне нан пісіп, өздерінен басқаны адам қатарына қосқысы келмейтін кесір мінез тапқан сияқты. Сәдуақас сияқты естінің айтқанын құлақтарына қыстырмайды, ал жыған шалды қойшы дегендей жүре сөйлескісі келеді.

Қарт сөз тыныс алып барып, жүрегінің түкпірінде сақтатқан қимасын шығарғандай қинала отырып Аллаға тіл қатты:

— Уа, Алла, өзің кешіріп, өзің жарылқай гөр!.. Біздің Бөкеш те пенделіктен құр емес. Сонысынан қорқам. Шорман әулетіне деген қызғанышында шек жоқ. Жатса түсінен, тұрса ойынан кетпейтін - болыс болсам деген бір арман... - Тағы да демін алып барып, сөзін жалғады: - Бір жолы Сәдуақас үйіне Сұлтанмахмұт келіп, аса бір ақылды адамдар жайынан әңгіме

айтқаны бар. Сол адамдар айтады екен: күндердің бір күнінде ел тізгінін кедейлер қолына алып, бар байлық пен игілікті жұртқа теңдей ғып бөліп береді, оның аты сотсиал болады дейді екен. Сұлтанмахмұттың сол сөзіне сене қойған жоқпыз, бала неме орыс мектебінде жүріп қайдағы жоқты оқыған ғой дедік те қойдық. Енді қарасам, мына жаңа өкімет сол айтқан сотсиалға бейім бе деймін... Қайткенмен, Алланың дегені болад-тағы. Өмірде асылтекті жүйрік бір басқа да, жабы бір басқа. Бірі бәйгеден бәйге бермей атыңды аспанға шығарады, бірақ екіншісінің де іске жарайтын өз орны бар. Ал Жаратқанның алдында адамның бәрі бірдей. Ол тек жақсылық пен жамандықты таразылайды. Жаратқан иесі әрқайсысының жүрегіне бітеген жақсылықты аяққа басып, жамандықтың ұрығын шашушы Ібілістің соңынан ергендерге Алла-тағалам тағы да жамандық беріп, жазаға тартады. Сонда барып зобалаң туады: адам баласының Ібілістен алған жаман қасиеттері асқынып, әдептіліктің шегінен асады, енді кінәлі мен жәбірлеушілерден гөрі кінәсіз бен жәбірленушінің өзі әділетсіздік пен қатыгездікке көбірек жол беретін болады. Би болған соң мұндай істің талайына араластым ғой. Қазір бүкіл дүние сондайға бет алып бара ма деп қорқамын. Осыған тосқауыл қойса болар еді. Бірақ ол - Алланың ісі. Құдайға мың шүкір, ойымыз бен санамызды Ібіліске жеңдірген жоқпыз, әлгі айтылған отқа тамыздық тастаған жеріміз жоқ. Ақыл иесі адам - көзсіз көбелек емес, отқа түскеннен еш пайда таппайды: күйіп өлмегенімен, ұят пен өкініштің күйігінен өледі. Ең дұрысы - әліптің артын бағу.

Ақсақал орнынан көтерілді. Сөзіне жауап күткен жоқ. Ұлы жеңіл-желпі бірдеңе айтып әкесінің көңілін қалдыратындай ақымақ емесін ол біледі.

Иә, науқастан тұрған алғашқы күндерінде Қаныш соншама парықсыз, жеңілтек бала болған екен-ау. Енді қарттың сөзін тыңдай отырып, осындай кемел ойлы, көреген әкесінің барына масаттанды. Әке сөзін қалт жібермей тыңдап, тапсырған ісін бұлжытпай орындауға үйренген ол тіпті оқымаған деуге де болатын осы кісі өмірдің алуан қыры туралы дәл осылайша терең толғап, иландыра ой әрбітетінін тұңғыш рет аңғарғандай. Бұған ол әрі тебіренді, әрі қуанды. Әке сөзі оның науқасынан айыға бастаған соңғы күндері жан дүниесін билеп алған шуақты сезімдеріне селкеу түсірген жоқ, қайта, сондай көңіл күйін шалқ-

ыта түсті. Әрине мұндайда оның өзіне жүктер ең абыройлы міндеті, бұрынғысынша, өкенің уағызын бұлжытпай орындау болмақ.

Мәселен, ендігі жерде оқу міндетті шаруа болудан қалды, енді тек үйлену керек. Бір кезде Жүнісбек екеуі Фонвизиннің әйгілі шығармасындағы ойнақы сөздерді қазақшаласа қалай естілер еді, оқығысы келмейтін, үйленгісі келетін Митрофан маубас қырдағы бай үйіне қалай үйлесер еді деп, соның кейпіне түсіп мәз болысатын; енді, мінеки, Қаныштың өзі даланың Митрофанушқасы болғалы отыр. Бір ғажабы, өз басы оны ешқандай сөкет көрмейді, қайта, біртүрлі қуаныш сезетіндей, аңсарлы қуанышына кенелетіндей. Ол, тегі, толассыз тасқын боп келген әлдеқандай ынтызарлықтан бір сәттік қана, кездейсоқ құмарлықтың тұңғығына батқан, соңында құлазу мен өкінуден басқа ешқандай із қалмаған өткен көктемдегі жағдайына тағы да тап болуды қаламайтындай еді. Енді, міне, сауыға бастауы мұң екен, сол бір сойқанды сезім бойын қайта билей бастағанын сезіп, кәдімгідей секем алып жүргені мынау. Жаны мен тәнін бірдей қажап мазасын кетірген, өзі қанша басайын десе де арынын тойтара алмаған арсыз тілекті тек үйленіп барып ауыздықтайтынына көзі жете бастаған. Көңілдің алаңсыз қанағаты, көп көзінен тасаланбай-ақ кіретін бақыт құшағы тек сол бір ұяң қыздың - адал жардың еркінде қалғандай еді.

## АҚҚАН ЖҮЛДЫЗДАН ҚҰС ЖОЛЫНА ДЕЙІН

1960 жылдың жазы еді. Алматы телефон көтертті. Қанекең екен. “Евеке (ол кісі үлкенге, жасқа “еке” жұрнағын қосып сөйлейтін) сіздерде істеліп жатқан бір жұмыс бар. Ол мына Жездің марганец кенін іске асыру жөнінде. Сол жұмыстың барысын маған келіп баяндап кетсеңіз” - деді Қанекең асықпай ескішелеп өз амадығыма, үй-жай, ел, институт тіршілігіне қанып алғаннан кейін. Бір-екі күннен кейін ақсақалдың кең кабинетінде істелу мән-жайын түгелдеп айтып отырмыз. Қанекең анда-санда бір сұрақ беріп қояды. Сұрағы біздің ісіміздің осалдау жеріне қадалады. Терлеңкіреген сайын Қанекеңнің қабағы қалыңдай түседі. Ақырғы тұжырымдау сөзінің мәні мынау болды. Ғылымда бәрін істеуге болмайды. Бірақ болашағы мол істі сезе білу қажет. Онсыз ғылымға басшылық етем деу күпіршілікке тең. Ал мына тамаша басталған істі институттың басшысының аятуының орнына, көлденеңнен естиміз. Бұл мәселені зерттеуде алған бағыттарыңыз дұрыс. Бірақ басшылықтың ала-құталығынан істің барысында осал жерлер көп, жетіліп болмағыз, бұл кемшіліктердің өзі де уақтылы талқыланбағандықтан, міне, президиумға келгендеріңізде анықталып отыр. Демек, заводтық тәжірибеге көше бастағандарыңыз дұрыс, ойланып, мұқият жоспарлап, зерттеу жүргізеңіздер. Бұл сіздерге үлкен абырой әперетін жұмыс. Сол сияқты біраз тұжырымды сөздер айтылғаннан кейін Қанекең дереу К.М.Симаков жолдаспен (республика Министрлер Советі председателінің орынбасары) телефонмен жалғасып, бізді қабылдап, тыңдау жөнінде уәделесті. Үкімет үйінде болып, істің мән-жайын баяндап шыққаннан кейін, біз Министрлер Кеңесінің Ақтөбе ферросплав заводында тәжірибе ісін өткізуді міндеттейтін қарарының жобасын, сонымен қатар, Академия президиумы атынан сол қарарға дәлелдеме қағаз дайындауымыз керек болды. Қанекеңе қағаздардың жобасын дайындап бір бардық, екі бардық, барған сайын өткізетін тәжірибелердің жоспарын, мөнін, мақсатын, ғылыми негізін қадағалап, анықтайды да, жазбаларымыздан кемшілік тауып алады. Не керек, үшінші барғанымызда машинкаға бастырған қағазымызды алды да, өзі отырып иненің көзінен өткендей уақ өрнек әріптермен, біздің жазуымызды жиектей, айнала, құмырсқаның ізіндегі тізілтіп

барлығын жаңадан өзі жазып бергені ғой. Демек, ол қағаздар Қанекеңнің өз сөздерімен жазылып, Үкіметке тапсырылды.

Қызмет бабында болған осы бір оқиғаны баяндауымыздың себебі - дәл осы жай тек қана Қанекеңе төн кейбір өзгешелікті баяндайтын сияқты. Бірінші өзгешелік - бір бастаған істі қанша уақыт өтсе де аяқтамай тастамау. Өсіресе, ол істің нәтижесі халыққа, елімізге пайда әперетініне көзі жетсе, орасан қажырлылықпен сол пайданың көздерін іздеу. Біздің айтып отырғанымыз Жездідегі марганец кендерін іске асыру мәселесі еді. Бұл кендер Қанекеңнің геологиялық қызметіне тікелей байланысты болатын. Ол кісі осы кендерді зерттеп ашып, соғыс кезінде еліміздің Никопольдағы марганец кен қазбаларын жау алып қойған кезде, Магнитогор комбинатында болат қорыту үшін осы Жезді кендерін пайдалануды ұсынғанды. Кейін соғыс біткеннен соң Жезді кенінде марганец үлесі аз болғандықтан қазіргі өріс алған әдістер арқылы марганецті бұл кеннен ажыратып алу қымбатқа түсетіні байқалып, кенді іске пайдалану тоқтап қалған еді.

Ал, Ермак ферросплав заводы салынып жатыр. Онда осы Жезді кенін қалай тиімді етіп металға айналдыруға болады, осы ой жобасы Қанекеңнің есінде болады екен ғой. Біздің институтта бұл жөнінде дұрыс ой туғанын бізден бұрын көруінің себебі осы екен. Осы арада Қанекеңнің көрегендігін айтпай кетуге болмайды. Қазір Ермак ферросплав заводында институттың сол Қанекең жол ашып берген технологиясы бойынша Орталық Қазақстан марганец кендерін іске асырмақпыз. Бірақ, біз технологиямыз мұндай дәрежеге жету үшін көп таластан өттік. Атақты мамандардың өзі ұсыныстарға түкке жарамсыз деп қарсы болды. Тек металлург емес Қанекең ғана осы жұмыстың ең басталар кезінде өмірден орын алайын деп тұрған іс екенін көріп, бізді мықты қолдап жіберді. Дана адамның табиғатында жақсылықты, болашақты алыстан, өзге адамнан бұрын болжап тұратын ерекше, құпия, өзіне төн сезімі болатынына осы оқиға арқылы көзіміз жетті. Жобасы, табиғаттан берілген мұндай сезімді дана адам өз қажырлылығымен, қайтпас қайсарлығымен, табанды еңбегімен ұштай, өткірлей түсетін сияқты.

Қанекең шынында да металлург емес еді. Бірақ бірінші сөйлескеннің өзінде мәселенің ғылыми негізін ақтара, біздің берген мәліметтеріміздің үстірт жағын сөзбен шайпап тастай,

тереңдігін, арғы сырын түсінуге тырысып сөйлесті. Күн ыстық, Қанекеннің жасы алпыстан асқан, сондықтан біз жеңіл (популярный) жолына қарай көшкіміз келсе, Қанекен оны ұнатпады. Сонымен әңгімеміз екі түрлі мамандықтағы емес (ол кісі геолог, біз металлург), бір мамандықтағы адамдардың әңгімесіне айналып кетті. Бақсақ, біздің жазуларымызды қайта-қайта қайтарып, келген сайын ұсыныстың ғылыми негізін қайта-қайта топшылауының өзі де әлде де сол, ұсыныстың ғылыми негізін өз жадына терең сіңіріп, өз пікірін бекітіп алу екен. Өз пікірі бекігеннен кейін өз сөзімен сол қағаздарды тез жазып беруі де, міне, осыған байланысты екен. Кейін сұрастырсақ, әр саладағы әр ғалыммен сөйлесу әдеті де, әдісі де осы екен. Қанекен білім шеңберінің кеңдігін (эрудициясын) міне осындай жол, осындай тәртіппен толықтырады екен. Демек, әр ғалыммен сөйлесудің өзін белгілі бір мектепке айналдырып отырған кісі көп білмегенде, кім көп біледі. Табиғаттан алған орасан зеректікпен қатар, қажырлы еңбек, қайтпайтын талап өз бойында тұтаса тоғысқан Қанекен біле беруді, талпынуды алқымдаған алпыс жасқа да жеңдірмегенін көзімізбен көрдік.

Сырт белгілеріне қарағанда Қанекеннің өмір тарихында бөтен, өзге адамға тән емес оқиғалар жоқ. Тек ол кісі төңкерістен бұрын орта білім алып қалған (бұдан әкесі Имантайдың болашақ тірегі - білім екенін ерте сезгендігін байқаймыз). Ал төңкерістен кейін Қанекен сияқты талапты жастарға білім алып, сол білімді халық игілігіне жұмсауға сара жол туды. Шын мәнінде Қанекен бақытты кезеңде өмірге құлашын сермеді. Қазір Қанекеннің істерін әңгіме еткенде, кімде-кім ол кісінің үш перзентін атайды - бірінші Жезқазған кен қоймасы. Екінші - Қанекен бірінші директор болған геология институты. Үшінші - Қанекен бірінші президент болған Қазақ ССР Ғылым Академиясы. Қанекен талантқа бай халықтың даналығына айғақ ұлы екенін, өзінің өмірімен, істерімен бүкіл жер жүзіне әйгіледі.

Халқымыздың тарихына көз салсақ, ғылым үшін туғанын ерекше істерімен көрсетіп кеткен екі ұлын атап өтер едік - бірі Шоқан Уәлиханов, екіншісі Қаныш Сәтбаев. Отыз жасында дегеніне жете алмай, қараңғы өмірдің құрсауынан аса алмай өтіп кеткен Шоқан халқымыздың ғылымға, ойдағыдай жағдай туса, айтарлықтай үлес қоса алатынын дәлелдеген болса, сол аңсаулы жағдай туған кезде өмір сүрген Қаныш халқымыз жер-

дүниелік ғылымға көзге түсерліктей үлес қоса бастағанын көрсетіп кетті. Атақты Ньютон ағылшынның үлкен ғалымының бірі Бэрроу деген кісінің жақсы көрген шәкірті болған екен. Бэрроу өмірінің аяққы кезінде өзінің ғылыми жетістіктеріне қорытынды жасай келіп, ең үлкен жетістігім Ньютонды ашу деген екен. Сол сияқты, әрине, жалғыз Қанекең қандай ғалым болғанмен, институт иә академия бола алмас еді. Қанекеңнің халқымыздың игілігіне өткерген қызметінің ерекшелігін - ол кісінің ғылымды ұйымдастыру жөніндегі орасан талантында дер едік. Өйткені институт не болмаса академия сияқты ғылымның үлкен мекемелерін құру үшін ғылымға талапты көптеген адамдар өсіру керек болды. Мыңдаған талпынушылардан жүздеген талаптыларын, ондаған таланттыларын іріктеп, танып, тауып алу керек болды.

Міне, осы істе Қанекең өзінің асқақ сезімталдығы мен қыран көзді көрегендігін байқатты. Қазір республикамызда ғылымның әр саласына ие болып, көптеген ұжымдарды басқарып, үлкен істер істеп отырған атақты ғалымдардың Қанекеңнен өсуіне, жетілуіне дер кезінде уақытылы көмек алмағандары кемде-кем болар. Әрбір талантты Қанекең (Бэрроудың Ньютонды ашқанындай) ашып отырған.

Демек, болашақ ғалымның дер кезінде жеткендегі жүйріктігі мен қайратын, талабы мен шабытын алдын-ала бағалай білу үшін Қанекең өзі үлкен ғалым болу керек болды. Қазақтың бірінші академигі Қаныш Сәтбаев кіммен болса да үзеңгі салыстыратын үлкен ғалым еді. Ғылымның аса терең, аса тұңғық сырларына ие болған академиктің ғылыми жетістіктерінің түйінді жерлерін байырғы тілмен жеткізіп беру қиын іс. Дегенмен, Қанекеңнің ғылымға қосқан үлестерінің сырт бейнесімен таныстырмай кетуге болмайды.

Қанекеңнің кейінгі еңбектері барлау, геология яки кен іздеп табу ғылымында. “Ол өзінің ақырғы күндеріне дейін айналасындағы табиғатының алуан түрлі құбылыстарын зерттеп, үлгеріп, билеп алуға тырысушы еді. Билеп алғаннан кейін, адам игілігіне жаратуға ұмтылушы еді”, - деп жазды Қанекең туралы академик Наливкин, Қанекеңнің мамандығы кен іздеп табу ісі болуының өзі - ол кісінің мінезінің осы бір өзгешелігіне сай сияқты. Қанекең 1926 жылы кен инженері дипломын алып, Ұлытау-Жезқазған өлкесіне барлау жұмысына келгенде, бұл

өлкеде аздап мыс, аздап көмір барлығы ғана белгілі еді. Аздықөпті әр жерді шұқылап қана жүргізілген бұрынғы барлау істері бұл өлкеде қазіргі біз көріп отырған болашақты байқамаған сияқты. Жобасы, бұл жердің байлығын белшеден келіп ашу үшін халқымыздың Қанекөңдей ұлы инженері болып келіп істі басқаруы керек еді. Он бес жыл қозғалмай зерттеудің нәтижесінде ұлытау, Жезқазған өлкесі жер жүзіне өйгілі мыс қоймасына айналды. Жезқазған кен комбинатын Қаныш Сәтбаев атына қою Қанекөңнің еңбегіне халқының әбден риза болуының белгісі.

Демек, жүйрік жүйріктігін тай күнінен танытады. Сондай-ақ осы Қарсақбай, Жезді, Жезқазған, Байқоңыр алқабында кең далалардың қойнында мәңгі жатқан байлықтарды халық игілігіне ашып беру жұмысын жүргізу әдістерінде болашақ үлкен ғалымға төн өзгешеліктер байқалды. Үлкен ғалым - жүректі адам, үлкен ғалым - қажырлы адам. Осы қасиеттерін Қанекөң сол жас кезінің өзінде жұртқа танытты. Сусыз шөл далада, аспан құрап, кадр жоқ жерде Қанекөң үлкен барлау партиясын ұйымдастыра білді. Жезқазғанның келешегінде ешбір шаруасы жоқ адамдар зерттеу жұмысына арналған қаржыны қысқартып, барлау партиясы жабылуға айналған шақта отыз бес жасар Қанекөң сонау Москваға (ол кездің көлігінің шарқына қарағанда астанамыз “сонау” дерлік еді) барып, академияның үлкен ғалымдарына Ұлытау, Жезқазған өлкесі халқымыздың орасан қазынасы екенін дәлелдеп, одан нарком Орджоникидзенің өзіне жетіп жолығып, Жезқазғанның келешегіне сара жол ашып қайтқаны жұртшылыққа өйгілі. Бұл Қанекөңнің ерлігіне төн істер. Бірақ мұндай істі ақиқатқа мейлінше ие болып, өзінің бастаған әрекеті дүдәмалсыз шарапатпен аяқталуына зор сенімі бар адам ғана істейді. Осы сенім, осы ақиқат Қанекөңнің бойында болған. Өйткені, ол сол кезде терең ғылыми көрегендікке ие бола бастаған.

Табиғатта даралық пен сыңаржақтылық сирек кездеседі. Алтын бар жерде күміс те табылады. Мыс бар жерде қорғасын да кездеседі. Ал түсті металдар сирек металдармен серіктес болады. Сондықтан Қанекөңнің Ұлытау, Жезқазған өлкесінде барлау жұмысын ұйымдастыра бастағаннан қойған мақсаты жалғыз мыс іздеу ғана емес, шама келгенше сол өлкенің барлық байлығын ашып беру. Өйткені көп оқып, үлкен ғалымдар

дан білім бұлағынан мейлінше сусындай білген Қанекең зерттей бастаған өлкенің жер қыртысының құрылысының өзгешелігінен-ақ бұл жер қойнына тек мысты тығып жатпағанын сезген еді.

Сондықтан бұл өлкенің кен байлықтарын Қанекең түгел, кеңінен, қазіргі тілде комплексті зерттеді. Бұл істің өзі Қанекеңнің ғана қолынан келетін іс еді. Өйткені, барлаушылар ежелден кеннің бір түріне маманданады да, өмір бойы сол кенді іздеуге ғана мәжбүр болатын. Қазір бұл өлкеде мыспен қатар темір, қорғасын, марганец, сирек металдар, тіпті көмірге дейін бар екенін білеміз. Мыс пен сирек металдар қазір түсті металлургия алыбы Жезқазған комбинатында өндіріледі. Марганец кенін (бұл кендердің соғыс кезіндегі ерекше мәні болғанын атап кеттік) Ермак ферросплав заводы іске асырмақ. Басқа кендерді де пайдалану жоспары бар. Қанекең өзінің он бес жылдық Жезқазған жерін барлау қызметінде кеннің енді бір ерекше түрін барлап табуға көңіл бөлген. Ол - су кені. Сусыз үлкен өндіріс құрылмайтынын жақсы білген Қанекең қазір комбинат пайдаланып отырған артезиан суларын барлап табуға көп қолғабыс тигізген.

Үлкен Жезқазғанды ашу ісі тек барлаудың байырғы техникасына ие болған маман кен инженерлерінің ісі емес еді. Бұл үлкен ғалымның ісі еді. Кейін Алматыға қызметке ауысқан соң (1941 жыл) осы жұмыстарын қорытып отыра жазған (“Жезқазған - Ұлытау өлкесінің кен орындары” атты) монографиясы үшін Қанекеңге бүкілодақтық аттестация комиссиясы қорғausыз геология-минерология ғылымдарының докторы атағын берген-ді. Осы еңбегі үшін Қанекең Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағына да ие болды. Үлкен ғалымдардың айтуы бойынша Қанекеңнің практикалық қорытындыларға негізделген осы монографиясы зерттеулер мен тұжырымдар арқылы ерекше мағыналы шығармаға айналған. Осы монографияда Қанекеңнің кейін геология ғылымына қосқан үлкен үлесінің негізі қалана бастаған. Демек, бұл арада Қанекеңнің геология ғылымында ерекше орын аларлықтай еңбегінің арқауын сипаттау алдында кейбір тарихи жағдайларға тоқтап өтпесек болмайды.

Академик И.И. Бок Қанекеңнің Жезқазған, Ұлытау өлкесіндегі барлау жұмыстарының барысы мен нәтижелерін сипаттай келіп, былай дейді: “Кен қоймалары мен бөлек кен өлке-

лерін комплексті зерттеу идеясы Қ.И.Сәтпаевтың жадына оның студенттік кезінен бастап, ұстаздары академик М.А.Усов пен академик В.А.Обручевтің ықпалымен енген еді”. Қанекеннің тікелей ұстазы академик М.А.Усов болған. Академик М.А.Усов біздің қазақ даласына, әсіресе Қарқаралы мен Баянауыл аралығындағы өлкеге аты қанық адам еді. Қанекеннен кейін қазақтан шыққан екінші кен инженері Әлекең ақсақалдың айтуы бойынша орыстың кейбір ардақты, білімді, прогресшіл адамдарының жылма-жыл біздің елді аралап, халқымыздың сыйсыяпатын көріп, қымыз ішіп, үлкенді-жасымен танысып әрі геология-географиялық ғылыми қызметін атқарып кететін әдеті екен. Бұл әдеттің өзі Шоқан Уәлихановтың атақты досы, кейін қазақтың ұлы ғалымының ғылыми еңбектерін жинастырып, өмір тарихының кейбір сырларын ашып беруге көп еңбек еткен Г.И.Потанинен басталып, дәстүрге айналған сияқты. Орыстың үлкен ғалымдары біздің халқымыздың алға бой ұрған талапты перзенттерінің арасын, заманы алыстығына қарамай, дөнекерлеп отырған сияқты.

Мысалы, Шоқанның досы Г.И.Потанин Қанекен оқуға барардан бір-екі-ақ жыл бұрын сол Томск қаласында тұрып, өлген. Профессор Ермеков ол кісімен жастарының айырмашылығына қарамай дәмдес, жақын пікірлес болған. Ал, Г.И.Потанин мен В.А.Обручев те, М.А.Усов та мейлінше дос, мейлінше сырлас болған. М.А.Усов Потанин мен Обручевтан алған дәстүрі бойынша біздің халыққа өте жақын болған кісі. “Мен арасында өртүрлі жағдаймен үзіліс жасап, 1924 жылы диплом қорғай барғанымда, М.А.Усовтың үйінде тұрдым. Біздің елге келгенінде бала жігіт Қаныштың зеректігін байқап, Томскіге оқуға баруға үгіттеп шақырып әкетіп, оқуға түсіп, студенттік өмірге әдеттеніп болғанша, Қанышты да үйінде тұрғызып сияқты еді”, — деп жалғайды М.А.Усов тұрғысындағы әңгімесін Ермеков ақсақал. Потанин, Обручев, Усов сияқты орыс ғалымдарының біздің халықтан шыққан таланттарды өсіруге ілтипаты мен талабы үздіксіз көрінеді. Ұлттық ғылымымыздың екі ардагері Шоқан Уәлиханов пен Қаныш Сәтбаевтың аттары осы орыс ғалымдарының аттарымен тікелей байланыстылығы бұған дәлел.

Қанекеннің геология ғылымына енгізген үлкен үлесі - ол осы ғылымның металлогения деп аталатын жаңа саласын ашып,

дамытуы. Байырғы тілмен айтса, металлургия дегеніміз жердегі әрбір қымбат затты таба білумен қатар, оның табылатын жерін алдын-ала болжай білу ғылымы. Бірақ Қанекен үлкен оқымыстыға төн кішіпейілділікпен өзінің шығармаларының бірінде былай дейді: “Әрбір ғылыми ақиқаттың ақырғы тірегі практика болса, сол практика Орталық Қазақстандағы геологиялық зерттеулер арқылы Усовтың металлогениялық пікірлерінің дұрыстығын тамаша дәлелдеп берді”. Сонымен Қанекен металлургия ғылымындағы еңбектерін негізінен Усовтың атымен байланыстырғысы келген. Бұл үлкен ғалымның өз ұстазына ұлы мырзалықпен тартқан сыйы. Бұл үлкен ғалымның жан дүниесінің ешбір қызғаншақтықтан алыстығының, дариядай кеңдігінің белгісі. Өйткені металлогения ғылымын дамытудағы Қанекеннің үлесін, Қанекеннің орнын басқан ғалымдар, мысалы, М.А.Шахов былай деп сипаттайды: “Қ.И. Сәтбаевтың комплексті мегаллогениялық әдісі бағыты жағынан М.А.Усовтың схемасымен бағдарлас болса да, одан анағұрлым әрі кең, әрі терең екенін байқауға болады”. Қорыта келе айтатынымыз, Қанекен Алматыда Қазақ ССР Академиясының геология институтын құрғанда сол ғылыми мекеменің геология ғылымында өзі ұсынған, өзі дамытқан металлогения саласын іске асыру бағытында құрған. Егер қазір Қ.И.Сәтбаев атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді геология институты елімізде ең ардақты ғылыми мекемелердің бірі болатын болса, сол атақ академик Сәтбаев ашып дамытқан металлогения ілімінің салтанаты деп табуға болады. Осы институттың бір үлкен қызметі - металлогения ілімінің негізінде бүкіл республикамыз үшін кен қоймаларын алдын-ала болжап табу еді.

Табиғаттың, өмірдің әрбір құбылысына бір тұрғыдан ғана қарамай жан-жақты, комплексті тексеріп зерттеуді өзінің геология ғылымында кеңінен қолдана білген Қанекен кейін Қазақ Ғылым академиясына президент болған кезінде дүниеге көзқарасының осы тамаша өзгешелігін жұртшылыққа жақсы танытты. Өйткені, жаратылыс пен тұрмыстағы жағдайларға, ғылымдағы кейбір мәселелерге диалектикалық жан-жақтылықпен үңілген адам білімді, жан-жақты эрудит болмай қоймайды. Қанекен қайтыс болғаннан кейін шыққан “Академик Сәтбаев” атты ескерткіш кітапта әр саладағы ғалымдар марқұмның білім шеңберінің кеңдігіне таң қалып, өр ғылымның негізіне тамаша үңіле білгенін атап өтеді.

Қанекең республикамыздың ғылымының дамуын, оның болашағын кеңінен, мемлекеттік тұрғыдан толғаушы еді. Ол кісінің ойларын тыңдаған адамға да өз алдына бір шабыт бітуші еді. Қанекең ғылымның келешегін халық шаруашылығының дамуымен, жалпы мәдениеттің өсуімен байланыстыра толғайтын. Орталық Қазақстан кен жөнінен шексіз бай өлке екенін білетін Қанекең Қарағанды қаласы осы өлке - әрі өнеркәсіп, әрі мәдениет, әрі ғылым орталығы болып өсуі керек деп үйрететін. Кезінде Қанекең Қарағандыда Қазақ академиясының сегіз-он институты болып, бұл арада академияның үлкен бөлімін ашуды жоспарлап, дәлелдеген еді. Ол бөлім республикамыздың орталық, солтүстік облыстарының талантты жастарын ғылымға тартып, жұмысын халық шаруашылығына ғылыми көмек беруге арнауға тиіс деуші еді.

Біздің өлкеміздің дамуы Қанекеңнің бұл жоспарын іске асыруға толық мүмкіндік беретініне күмән жоқ.

Талант иесі біржақты болмайды. Шын талант иесі әрқашан да сегіз қырлы, бір сырлы, Қанекең тап осындай талант иесі еді. Академик Д.В.Наливкин: “Қаныш Имантайұлы бұдан бірнеше жүз жыл бұрын туса кім болар еді? Дәлдеп айту қиын. Бірақ, ол ақын бола алмас еді. Бұл үшін ол тым-ақ іскер, тым-ақ есепшіл, тым-ақ өмірсүйгіш деп айтар едім” — депті. Егер академик Наливкин Қанекеңнің домбырасын тыңдап көрсе, қазақтың мың өнін жинаушы атақты Затаевич Қанекеңнен халқымыздың жиырма бес өнін жазып алғанын білсе, Қанекеңнің Қызылордада жаңа ашылған қазақ театрының бірінші адымына қуанып жазған әдеби мақалаларын оқыған болса, өз пікірін өзгертер еді деп ойлаймыз.

Қазіргі кезде Қ.И.Сәтбаев туралы жазылған кейбір естеліктерде “Қанекең тым-ақ байырғы, жайдары, ашық еді”, - деген сөздер қайталаңа беруде. Мұның өзінен Қанекеңнің күрделі мінезін төмендететін, сыры мен ойында түкпірі жоқ, барын ақтарғыш, салдырлақ деген бояма пікірлер тууы мүмкін. Қанекеңді бұлай сипаттау шындықтан алшақтау сияқты. Артист Черкасовқа радионы ашқан Поповтың ролін ойнау тапсырылыпты. Поповпен бірге қызмет істеген профессордан: “Поповтың өзге адамнан қандай өзгешелігі бар еді?” - деп сұрағанда “ешбір өзгешелігі жоқ деп еді” деп жауап берген екен. Бұрын Тимирязев, Мичурин сияқты, мінездерінде сонадан танылатын ерекшеліктері бар адамдардың бейнесін жасаған Черкасов, Поповқа келгенде қиын жағдайда қалғанын есіне алады. Біздің Қанекең өте тұлғалы адам еді. Бұл жөнінен Қанекеңнің бейнесін жасайтын артистер қиналмауына болады.

Денелі, қабақты, кең маңдайлы Қанекең бұл тұлғалық сырт бейнесіне тән болса, ол кісінің іш бейнесі, мінезі, психологиясы да сондай тұлғалы еді. Сыр тартуға жайдары, сөйлесуге шебер, әр әңгіменің күлкілі, юморлы жерлерін байқап қалып, көңілді көтеруге де жүйрік Қанекең керегінде ызғарын да шаша білетін. Үлкен мемлекеттік істерді істеуге қойған адамның мұндай өзгешеліктері болмауы мүмкін емес. Өйткені, ғылымның бұлағын талантты, пәк мақсатты адамдар өзен етем деп тырмысса, тоғышарлар сол бұлақты өзінің хайуандық мүддесіне икемдеймін деп тырысады. Халықтың игілігі үшін көздеген мақсаттар жолында Қанекең саналуан мінезді адамды іске икемдеу үшін сондай саналуан психологиялық, педагогикалық әдістер қолданатын еді. Мұның өзі Қанекеңге өне бойы ақкөңіл, жайдары бола беруге мүмкіншілік туғызбаған. Қанекеңнің тоғышарлардың қамауына түсіп, қиыншылық көрген уақытын да білеміз.

Академик Веселовский Шоқан Уәлихановтың аз өмірінде көп ғылыми жеміс бергеніне сүйсіне келе, ағып өте шыққан жұлдызға теңеген екен. Қаныш Сәтбаев Шоқаннан анағұрлым бақытты болды. Қанекең ғылымымыздың аспанында ағып өте шықпай, үлкен, тұрақты жарығын көпке шашқан жұлдызға айналды. Бұл жұлдыздың маңына көптеген кіші жұлдыздар шоғырланды. Қанекең бұларды шоғырландырып ұйымдастырды. Демек, ғылымымыздың қазіргі жетістіктерін сол ғылымды дамытушы адамдар арқылы бейнелейтін болсақ, Қанекең бастаған ғылыми топ құс жолына айналды дер едік. Құс жолының жұлдызы көп. Олар неғұрлым аспан ашық болса, соғұрлым көбейе түседі, соғұрлым жарқырай түседі.

## АТАН ҚОМЫНДА ТУҒАН АДАМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘРІПТЕСТЕРІ

Мен қазақпын. Ата-бабам, үрім-бұтағым (қашаннан екенін кім білсін) мал баққан. Бірақ менің ата-анам (әрісі де, берісі де) қой бағудың тек бейнетіне ғана ие болған, құрметтің не екенін білмеген де, көрмеген де. Соның зардабынан, мысалы, атақты Қобыланды батырдың қарындасы Қарлығаштан өрбіген оыншы ұрпақ Қарақұл шопанның он төртінші баласы атан қомында туыпты. Ел басы мырзаның өзі белгілеген жайылым өзгертер шақта, ауыл үйлерін жығып, буынып-түйініп, артынып-тартынып көше жөнелгенді. Ләм деп өз пікірін айтып көрмеген момын Қарақұл байғұс жұбайы Ақанайдың түсі қашып, бозарып кеткенін байқаса да, көшті тоқтатуға батылы бармаған еді, тек шамасы келгені: атан түйенің жүгін жая артып, үстіне әйелін жайлап мінгізді: адымы кең, жүрісі жұмсақ жануардың үсті шипалы болушы еді деп медеу етті көңілінде. Қарақұл атанды жас нәрестенің дыбысын естігенде бір-ақ тоқтатты. Баланы көп туған ана ешкімнен көмек тілемепті. Жұбайы уайым айтпай көтеріп, айқай-шусыз туатын ер әйел екенін Қарақұл білетін-ді. Дыбыс берген ат ұстайтын екенін көрген Қарақұлдың қуанышы қойнына сыймады - жарық көрген бала атаның мұрагері, Қарақұлдың көмекшісі болмақ. Нәрестенің атын Ишанбай қоймақ болды. Қараша үйде шаң арасы, сырмақ үстінде тумай, атан қомында, аспанда, жаратушыға біртабан жақын жерде дүниеге келіп, таза жел мен күн сәулесін жұта тууы жайдан-жай болмас, сондықтан бұл нәресте пірөдар, сопы ғұлама діндар Ишан болғай-ақ та - деген тілекке лайықталды бұл ат. Ал ишан болған адам кедей болмақ па - бай, Ишанбай - өміін деп, әу десті үлкен-кішілер. Сонымен, 1909 жылдың жазында жер үстіне Ишанбай атты кісі келген-ді.

Дәл сол жылы, сол жазда қазақ даласында Р.Карутц атты шетелдік саяхатта болыпты. Содан бір жыл кейін шыққан кітабында Р.Карутц былай деп жазады: “Номадтың шаруашылығы даланың суы мен құдықтарына ыңғайлана лайықталады: мал бір жайылымда шөбі мен суы тартылғанша ғана бола алады; шөп пен су азая бастаса-ақ малшы көше жөнеледі”. Шынында да:

*Мал бағуды ең тыныш кәсіп көрген  
Бабам менің қит етсе көшіп берген -*

деп ақын айтқан сияқты, атамыз көшуді қызық көргеннен емес, көшу қажет болғандықтан көше берген, өйткені ол малын тек сол көшу арқылы ғана сақтай алған; киім де, тамақ та, баспана да тек малдың мойнында болғандықтан да бабамыздың негізгі мақсаты малын сақтау еді. Мүмкін, байырғы: “мал-жан аман ба?” деген сөлемдесуіміздің өзі “мал” деген сөзден басталуы осы бір ата-бабамыздың малды сақтауы орасан қиыншылыққа байланыстылығынан шығар деп те ойлайсың. Сондықтан да қазақ ауылы жаз мал семіртеп деп, қыс суықтың қаһарынан малды аман сақтаймын деп жазы-қысы көшуде болған. Міне, осы көшу арасында дүниеге келген нәрестелер көп ұзамай қайта кетіп жатқан, тек мұның өзі күнәсіз нәрестеге жаратушының құмарлығынан емес, сол нәрестелер жыртық үйде, жел өтінде туып, туа сала тұрмыстың қайырымсыздығына шалынуынан екенін қараңғы ата-бабамыз сезбеген. Атақты ақынымыздың:

*Мен қазақыңн мың өліп, мың тірілген,*

*Жергегімде таныстым мұң тілімен.*

*Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,*

*Қуанғанда күлкіме тұн түрілген -*

деуі сондай шындықты сипаттайтын сөздер ғой.

Менің анам (әкемнің анасы, анамның анасы, аға-апа, ата-бабаларымның анасы) ерен ержүрек, қайратты, қайсар, шексіз шыдамды еді, сондықтан да менің анам тұрмыстың қат-қабат қиыншылықтарын жеңе білген-ді. Менің анам туа да білген, айдалада, атан қомында туған балаға өрі пана, өрі ас, өрі бесік болып асырап, өсіре де білген. Осының бәріне менің анам қайрат пен жігерді тек ұрпақ қалдырудың соқыр сезімі билегеннен тапқан жоқ. Ең әуелі оған қуат пен күш берген, оны ерлікке бастаған асырап өсірген ұлдары мен қыздарының болашақ адамгершілігі мен өз халқының сәулетті келешегіне айнымас сенімі еді. Сондықтан да ол өз жерін, өз Отанын, өз даласы мен өз тауларын көптеген көршісіне көз алартқан жыртықш басқыншылардан қанды керістерде төтеп беріп, сәулетті болашақ үшін сақтай алатын ер ұлдар мен ер қыздарды асырап, тәрбиелеп, өсіре білген. Сол анамның қайраты мен жігеріне, адал ана сүті мен тілегіне орай қазыр халқымыз өз жерінде, өз алқабында аман-есен өсіп жатыр.

Шын бақыт пен шын достықты арман еткен ата-бабам өз балаларын жаратушы рақымы жауып, көз алдындағы билеп төстеушілердей дәрежеге жетсе екен деп тілегенді, бірақ бұл тілектің тарихтың заңдылығына жараспайтын, құрғақ тілек екенін олар қайдан білсін. Өйткені қарапайым бақташы ата-бабам хан мен сұлтанды, бай мен биді, молла мен ишанды қорқып сыйлайтын еді, дегенмен бұлардың ішінде де сирек те болса, момын шопан мен күтуші атшыға, жұпыны малшыға жақын болып, олардың мүддесін түсінетіндері де болған-ды. Халық бұларды қорықпай, шын жүректен сыйлайтын. Алланың сөзін сөйлеп, өнегесін дәріптейтін тек осылар деп жүгініп, ана зұлым, қара жүректерді шайтанмен байланыстыратын еді қараңғы ата-бабам. Сондықтан да ол әбден ашынған шақта жақсы хан мен пейілі кең байды аңсап талай қарулы шабуылға шығып, беті қайтып тоқтаса да, осы жақсылыққа сенімінен таймайтын. Өз балаларының атын “хан”, “бай”, “төре”, “би” деп атайтын ата-бабамыз жайсыз тұрмыстан ұсқыны кетіп, жыртұқ киімнен денесі көрінген қойшы мен малшының ақ сүйек шұбартөстердің атымен аталуының ерсілігіне де қарамаған. Мүмкін менің аға-досым, ғылым жолындағы әріптестім Ишанбайдың да аты егер ертерек туса өзге мәнмен, басқа күлкілі, мысқылды ырғақпен айтылар еді. Мүмкін ол кісіні қазақша “Ишеке”, орысша “Ишанбай Қарақұлович” деп бірде бір атамаған да болар еді, өйткені бұл кісінің атанның қомында тууы ата-анасының байлығына, үрім-бұтағының ақ сүйек дәулеттілігіне ешбір байланысы жоқ еді ғой. Біздің Ишекеңнің ата-анасы қуана күткен ұлы ишан, бай болады деп үміттеніпті, бірақ сол кезде оларға осы нәрестелеріңіз ишан да болмайды, бай да болмайды, оның орнына үлкен ғалым, екі академияның (Қазақ ССР-і, Медицина академиялары) корреспондент-мүшесі, медицина ғылымының докторы, профессор, оның үстіне мемлекет және қоғам қайраткері, СССР және Қазақ ССР Жоғарғы Советтерінің депутаты, министр, совет-үнді достық қоғамының вице-президенті болады десе ешбір түсінбес еді. Өйткені, біздің Ишекеңнің ата-анасы осы бір көп күткен нәрестенің, ақын айтқандай “шекті бұзып, белді басып, адам естімеген өзгеріс, адам көрмеген дауыл” өкеле жатқан жиырмамыншы ғасырдың басында туғанын қайдан білсін. Ишекеңнің сол кезде өзімен бір кезеңде туған көптеген құрбылары бақыт пен адамгершілік

өкеле жатқан осы бір тамаша өзгерістердің сәулеті жұлдызының астында дүниеге келді. Оларды, егер алла тағаланың күнәсіз нәрестеге құмарлығынан аман қалса, ойға сыймайтын болашақ күтіп тұрғанын, ата-аналарының үш ұйықтаса түсіне кірмеген болар.

“Дос басқа, қас аяққа қарайды”, - деп халқымыз ертеден айтады екен. Жоғарыда аталған Р.Карутц біздің ата-бабалардың Ишекең туған жылғы тұрмысын дәлме-дәл, күйбең шынайылықпен сипаттап берген. Бірақ осы шынайылық пен салқын дәлме-дәлдіктен өз қарабасы қашан да жоғары тұруға, төбеден қарауға туған адамдардың тобынан екенін, сол топтың атынан жазып отырғанын білдіріп, бұл жағдай ешқашан өзгермейтініне әбден сенген адамның кейпін байқатады. Р.Карутц жалықпай бәрін жазған, тек халқымыздың рухани өмірі, болашаққа арманы, ұмтылысы ауыр тұрмыстың құрсауына шырмалған асқақ адамгершілігі бар екенін ғана байқамаған. “Пілді ғана байқамапты”. Жазбаларында халқымызды қайта-қайта “номад” (ескі Римде көшпелі тайпалар осылай аталады екен) деп атауының өзінен сол “номадтың” тағдыры мен болашағына қайырымсыздығын; және сол өзі жазып отырған жағдайлардың ешбір өзгермеуіне әбден сенгендігін байқауға болады. Шынында да, бұл мырза менің ата-бабамның тек аяғына ғана қарап, халқымды олақ пішіліп, бапсыз тігілген жыртық етігінен таныған сияқты. Менің арғы тегімді, ата-анамды осы аяғына қарап танып, сипаттаған адамдар ол кезде аз болмайтын...

Халқымның бақытына қарай ата-бабамның бетіне қарап танып, оның ашық, ақжарқын жүзінен адамгершілік парасатты, табиғи дарындылықты айырып, бағалай білген достары да көп болды. Р.Карутц саяхатынан шамасы алпыс-жетпіс жыл бұрын қазақ даласын патшаның тұтқыны А.Янушкевич аралағанды. Бұл кісі менің ата-бабам туралы былай деп жазды:

“...Япырмай, осының бәрін ғой мен ен далада, тағы, жабайы деп сипатталатын халықтан өз құлағыммен естудемін-ау! - деп ойладым... Бұдан бірнеше күн бұрын екі топ болып қастасқандардың өзара айтысқанын көріп, өмірі Цицерон мен Демосфеннің атын естіп көрмеген шешендердің сөзіне таң қалып, қол шапалақтап едім, енді міне бүгін менің алдымда не оқу, не жазуды білмейтін, бірақ өздерінің дарынымен таң қалдырған ақындар өлеңін айтып отыр; бұлардың өлеңі менің жаным мен

жүрегіме көптеген нәрселерді сезіндірді. Тағы халық дегені осы ма? Мал бағудан басқаны көрмейтін, білмейтін, ешбір өзге болашақтан ада болған халық осы ма? Жоқ! Шынында да! Жаратушымыз мұндай қабілет пен дарын берген халық цивилизациядан аулақ қалуға тиісті емес: оның рухы бір кездерде қазақтың ең даласына келеді, мұнда жарық сәуленің отын тұтандырады, сөйтіп, қазыргі көшпелі номад қазір оған Үндістанның ақсүйек топтары құл-күңіне қарағандай көзбен қарайтын халықтардың арасынан санасарлықтай орын алады...”

Ұлы орыс халқының ардагер өкілдері менің ата-бабаларымның ақылы мен қабілетін, парасаттылығы мен талаптылығын бағалай білген де, оларды надандықтың түнегі мен шырмауынан шығаруға бар көмегін көрсетуге тырысқан. А.Янушкевич жоғарыда келтірілген сөздерді 1846 жылы жазған екен. Бұдан сәл кейінірек қазақ даласында (әуелі Омбыда, кейін Семейде) патшаның екінші бір тұтқыны, орыстың ұлы жазушысы Федор Михайлович Достоевский болған. Ол біздің жеріміздің кең жазығын, біздің халқымызды әбден ұнатып, құрметтегені сондай, тіпті “Дала” - деген сөзді үлкен әріптен бастап жазған болатын. 1854 жылы Ф.М.Достоевский он тоғыз жасар офицер Шоқан Уәлихановпен кездеседі. Атақты жазушы мен ардагер қазақ жігітінің арасындағы қарым-қатынас жалпы орыс интеллигенциясының алдыңғы қатарлы топтарының біздің халқымызға деген ілтифаты мен достығын сипаттайтын сияқты. Сондықтан олардың өзара жазысқан хаттарынан үзінділер келтірмей өте алмаймыз. Шоқан Семейдегі өзінің аға-досына былай деп жазады: “...Мен жан сезімі мен ілтифат туралы жазуға шорқақтаумын, және де ондайды жазуды керек деп таппаймын. Сіз менің өзіңізге жақындығымды, сізді жанымдай жақсы көретінімді жай да білесіз... Осы Омбы өзінің өсек-аяңымен, дамылсыз тіміскі арбасу-аңдысуымен жүрегімді айнытты, сондықтан осы жерден кетуді мен шынымен-ақ ойлаудамын. Сіз бұл туралы не ойлайсыз, Федор Михайлович, осы жағдайды қалай келістіруге болады, ақыл қосыңызшы”. Шоқанның осы хатына жазған Достоевскийдің хаты қазыр архивтен шығарылып, қазақ жерінің әрбір бұрышына әйгілі болды, өйткені орыс халқы мен қазақ халқының достығы мен ынтымағының, өзара ілтипатының басталу кезеңін сипаттайтын осы бір тамаша хатты қазыр тебіренбей, толғанбай оқу қиын-ақ. “Сіз мені жақсы

көретініңізді айтып жазыпсыз, ал мен төтесін айтам - мен сізді өбден сүйгем. Менің бойымда ешқашан, ешкімге, тіпті бірге туған бауырыма мұндай сезім болып көрген емес, құдай білсін, қалай болғанын. Бұл сезімді анықтау үшін көп айтуға болар еді, бірақ сізді мақтау қажет пе? Ал сіз қымбатты Уәлихан, шынына келсе, менің ақжарқын көңіліме дәлелдемей-ақ сенетін боларсыз, тегі бұл тақырыпта он кітап жазсаң да ештеме айта алмассыз: сезім мен ілтифатты түсініп болмайды”. Осыдан кейін Ф.М.Достоевский өзінің досының болашағын болжап, тамаша жоспар жасап берген. Бұл жоспардан жиырма жасар жас қыршынның бойында қандай дарын мен қабілет жатқанын ұлы психолог бірден-ақ танығаны байқалады. Хатта тек ұлы орыстың адамгершілігі мен парасатына лайықты жазылған мынадай сөздер бар: “Сіздің тағдырыңыз жөніндегі менің утопиялық армандауларым мен топшылауларыма күле көрмегейсіз, қымбатты Уәлихан. Мен сізді жақсы көретінім сондай, тіпті сіздің тағдырыңыз туралы күні-түні армандап, ойлауда болдым. Әрине, сол армандар арқылы сіздің тағдырыңызды келістіріп, орнықтырып та жатқан сияқтымын. Бірақ сол арман ішінде бір шындық бар: сіз өз тайпаңыздан бірінші болып еуропалық білімге ие болдыңыз. Осы жайдың өзі таң қаларлық, сондықтан соның өзі сізге амалсыздан белгілі бір міндеттер жүктейді... Россияға Даланың не екенін, сіздің халықтың Россия тұрғысынан алмақ орнын өз халқыңыздың ішінен бірінші болып түсіндіріп, орыстар алдында еліңіздің білімді өкілі болудың өзі ұлы мақсат емес пе... Еуропаша терең білім алған бірінші қазақ екеніңіз есіңізде болсын. Тағдыр оның үстіне сізді тамаша адам етіп жаратқан”. Шоқан Уәлихановтың қалған аз өміріндегі ғылым жолында және елінің “білімді өкілі” ретіндегі жігерлі істері оның ұлы досының утопиялық армандаулары мен топшылауларының жас жігіттің қайраты мен қабілетіне, арманы мен мақсатына өбден дәл келгенін дәлелдегенін білеміз. Шоқан өз өмірінде аға досының ақылына аса зор мән беріп, оның нұсқауларын мызғытпай орындауға тырысқанын да байқауға болады.

Шоқан орыс халқының, орыс интеллигенциясының, оның прогресшіл қауымының алдында өз шамасынан келгенінше халқы мен елі атынан Ф.М.Достоевский айтқан “білімді өкілдікті” атқарып бақты, бірақ “...Еуропаша толық білім ал-

ған” бірінші қазақ тым жалғыз еді; оның бақытына сол “білімді өкілділікті” орыс интеллигенциясының алдыңғы қатардағы топтары қазақ халқының Россияның басқа шеткі халықтарының мүдделері мен көкसेген арманын бірге ойласып, алдағы жақсылық бар екенін айта білді, сол жақсылыққа ұмтылуға шақырды. Бұлардың осы парасатты ісіне жауап ретінде халқымыз Абайдың сөулелі жарыққа, білімге шақырған, рухани байлығымыздың шексіз екенін дәлелдейтін ғажап өлеңдерімен жауап берді. Біздің далаға тұтқынға айдалып келген орыс интеллигенциясының өкілдері, патшалықтың меңіреу күшімен күресте өз қара басын құрбан етуден тайынбай, романтикалы ерлік, қайсарлықпен баршаны таңдандырған чернышевскийшілдер мен халықшылдар еді. Бұлар біздің елімізде, халқымыздың ұлы-қызы арасында асқақ жақсылық пен шынайы адамгершіліктің тұқымын сеуіп, олардың бойында өз күші мен өз еліне сенім туғыза білген, сөйтіп менің атам мен анамды болашақтағы көксеулі өзгерістерге рухани дайындап баққан.

“Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қол өнерлі - қазақтың өулиесі сол”. Өз халқын өнер иесі болуға, техниканы игеруге, білімге ұмтылуға шақырып, Абай осылай деп жазды. Ол өз елінің еңбек қаракетінің артта қалуын, негізгі кәсібі мал бағудан аспауын ауыр уайым етіп өтті.

*Кедейдің өзі жүрер малды бағып,  
Отыруға отын жоқ үзбей жағып,  
Тоңған иін жылытып, тонын илеп,  
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.*

Абайдың тағы бір уайым-қайғысы - ол өз елі түсінбеді деген ұғымда болды: “баяғы жартас - бір жартас, қаңқ етер, түкті байқамас” деуі міне осыдан еді. Ұлы ақын өз заманының ағымында халқына қойған тілегі мезгілсіз, ерте екенін түсіне алмай өтті.

Далада кеңес өкіметі орнағаннан кейін туып, орта және жоғары мектепті ешбір кедергісіз бітіріп, жас маман ретінде, өте күрделі, өте жаңа ғылыми аспап, құралдармен қаруланған лабораторияларға келіп қызмет істеген буын өкілдері - бізге өз аттарын қажырлы еңбегімен қалың бұқараға мәлім еткен аға әріптестеріміздің ісі мен өмірі тамаша бір ерлік болып көрінеді. 1946 жылы Ұлы Отан соғысы біткеніне бір жыл өтпей жатып,

республикамызда Ғылым Академиясын ашу мәселесін қоюға өз еңбегімен жағдай жасаған біздің ғылым қайраткерлеріміз көбіне атан қомында туған Ишекең ағайдың құрбы-құрдастары. Біздің даламызда өз халқы мен өз отанының игілігі үшін ерлік, атақ-даңқты армандаған адамдар аз емес еді, бірақ олар революция тартыстарының арасында үзіп-жұлып қана оқи алды, сондықтан да малшы халықтың ұлдары мен қыздары ішінен шынайы ғылым мамандығына өмірін арнағандар кейіңірек туып, өз күшін тап күресінің арпалыс шағына жұмсауға үлгері алмаған буыннан шықты. Сондықтан да, біздің бірінші академиктеріміздің ең үлкендері Қаныш Имантайұлы Сәтбаев пен Мұхтар Омарханұлы Әуезов болатын, сонда да академик боларында бұл екеуі де елуге жетіп те үлгерген жоқ еді.

Ғылымдағы аға буынның тағдырын саралап, ойлаған шақта, жемісін жеп, оның шырыны мен дәнінің рақатын көру, сол жемісті сеуіп, өсіруден анағұрлым оңай іс деп топшылаймын мен. Елінде орта білімді толығынан ала алмаған, орыс тілін шала-пұла білген олар коллективтендіру мен бірінші бесжылдықтар кезеңінде жаяулап, жалпылап, жүк вагондарына асылып Мәскеу, Ленинград, Томск, Ташкентке барды; сол қалаларда аштыққа, жеткіліксіз ұйқыға, басқа тұрмыс жағдайсыздығына қарамай, бар жігерін білім алуға жұмсады. Біздің үлкен республикамызда ол кезде бұлардың оқуына мүмкіндік болмады жоғары оқу орындары әлі ашылып үлгерген жоқ-ты. Алған білімін өз республикасына барып қолданып, өздері көрген ғылым жетістіктерін өз жерінде іске асыру - осы бір жалғыз арман еді, олардың бойы мен ойын билеген. Сол арманды өмір ісі еткен олар еліне келіп, түк жоқ жерде кітапхана, лаборатория, кафедра, институттар ұйымдастырып, айналасына шәкірттер топтап, оларды оқыта білген-ді, оқыта отырып, өздері де одан әрі оқи білген-ді. Ал олардың өздеріне де одан әрі оқи беру тым-ақ керек еді, өйткені, ғылым жолы - өмірбақи оқу жолы деген қағиданы олар бойына сіңіріп үйренген-ді. Біздің бірінші оқымыстыларға ғылыми еңбек шабытын бере білген парасатты орыс достары халқымыздың мәңгі алғысына бөленеді. Олар Москва, Ленинград және басқа ғылыми орталықтардан көмектесіп қана қоймады, көбі біздің республикаға әуелі “уақытша” деп келіп, содан соң айналасы шәкірттерге тола бастаған соң, лабораториялар мен кафедралар ұйымдасқанын

көрген соң, өз білімі құнарлы топыраққа шашылып жатқанын байқаған соң, маңайдағы адамдардың сиына бөленуін аңғарған соң, қалып та қоятын болған. Сондықтан да, біздің бірінші академиктердің ішінде Г.А.Тихов, В.Г.Фесенков, Н.Г.Кассин, М.П.Русаков, Д.А.Зыков, И.Г.Галузо, М.И.Усанович сияқты ғалымдардың атын көреміз.

Отанымыздың атақты оқымыстылары, солардың ішінде СССР Ғылым Академиясының президенті В.Л.Комаров Ұлы Отан соғысы кезінде біраз уақыт Алматыда болған. Сол кезде республиканың Халық Комиссарлары Советінің председателі қызметін атқарған құрметті пенсионер Н.Д.Оңдасынов Отан қорғау жөніндегі көштеген міндеттерді иығына артқан, осы бір кемеңгер адамдар сол аз уақыт ішінде республикамызда ғылыми зерттеу жұмысының базасын құрып нығайтуға, кадрлар дайындауға жедел көмек беріп, соның нәтижесінде жағдай жасап кеткенін еске алады. Нүрекеңнің айтуы бойынша, академик Комаров республика басшыларымен әңгімелескен сайын, Алматыда құрылуға тиісті болашақ ұлттық ғылыми орталықтың әрбір жабайы көзге уақ-түйек көрінетін жағдайларына дейін сөз етіп отырған; ол Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың болашақ үлкен ғылыми ұйымдастырушылық қабілетін бірден танып, оның қызметіне үлкен ғылымды басқаруға тәжірибесі елі де болса аздығынан туатын кемшіліктердің болуын ескерткен. Оның үстіне, республикадағы әрбір келешегі бар ғылыми қызметкерлерді әдейілеген қамқорлыққа алуды нұсқап баққан. Кейін Москваға қайтып барғанның өзінде академик В.Л.Комаров республика ғылымы мен ғалымдарына деген ілтифаты мен қамқорлығын ешбір азайтпаған.

“Әрбір ұлттың ғылыми әрекеті үкімет басшылығының санына жігері мен қажырлы нұсқауының арқасында іске асуы мүмкін, ал үкіметтің өзі немқұрайды қарап, тіпті қарсылық білдірген кезінде, жеке адамдардың, әйтпесе, қоғам ұйымдарының қажырлы қайратының күшімен іске асуы мүмкін. Демек ғылым қазіргі мемлекеттің осы екі өмірлік күшінің әдейілеп бірлескен жағдайында ғана гүлденіп өркендемек”. Ардагер ойшыл, оқымысты В.И.Вернадский, өз отаны ғылымының өткенін, қазіргісін, болашағын толғай келе, осы сөздерді жазған екен. Республикамызда ғылымның тағайынды өркендеуі біздің партиямыздың жетекші нұсқауы мен әрбір жеке ірі твор-

чество адамдарының қажыр-қайраты ойдағыдай бірлесуі нәтижесінде болғанын біз өбден білеміз. Сондықтан да біз табанды еңбегі жемісті болып, республикамыздағы ғылыми қызметкерлердің екінші буыны - біздерге жер жүзілік үлгілерден кем түспейтін ғылым сарайларына кіріп қызмет істеуге мүмкіншілік жасап берген ағаларымызға шын жүректен алғыс айтамыз. Басқа жағдайда, жылдар бойы құралатын осы бір рухани байлықты жасаушылардың, жасырақ кезіндегі шабыты мен қайратынан бірде-бір айырылмай, өлі де арамызда қызмет істеуі біз үшін үлкен қуаныш, мақтаныштың бірі емес пе! Мүмкін осы кісілермен қоян-қолтық қызмет істеп жүріп, өмірдің күнделікті уақ-түйегін кейде қалжың-күлкі етіп, кейде сабырлы салқын іскерлікке салынып, әңгіме ету үстінде біз менің аға досым Ишекең мен оның құрбы-әріптестерінің жетістіктері мен жемісін ойдағыдай бағалай да алмай жүрген болармыз, өйткені шын мәнінде “үлкеннің өзі тек алыстан көрінбек”. Сонда да біз жігері мен қайраты республикамызда ғылымды өрлету ісінде, халқымызды қараңғылықтың шыңырауынан жер-дүниелік ғылым мен мәдениетке үлес қосарлықтай дәрежеге жеткізу ісінде орасан қызмет атқарған академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, академик-жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов сияқты асқан ойшылдық пен терең ғылыми творчествоның кемеңгерлерінен білім, тәрбие алып, бірге қызмет істеуіміздің өзі, өміріміздегі үлкен бақытымыз бен мерейіміз болуы сезімінен мәңгі айрылмаймыз. Осы бір ерекше тұлғалы шынайы ұлы адамдарда бір тамаша қасиет бар еді - олар қасындағы әріптестерінің шамалы жетістіктерін өз творчествосының тереңдігі және мәнділігі көлеңкесінде қалдырмауға, өз ұмтылысының жедел қайратымен маңындағылардың аз бастамаларын бұқтырмауға, өз көрегендігін табиғаттан ондай қасиетті ала тумағандарды кеміту үшін қолданбауға тырысатын; керісінше, өркімнің өз қабілетін көпшілік ісі үшін хал-қадарынша пайдаланып, сол қабілетті, сол қызметті ретімен бағалай білетін. Сондықтан да осы бір ардагер адамдардың маңайындағылардың әрбірі жалпы ғылым жолында өзіне лайықты, байыпты, сабырлы орын алып, өз мүмкіндігіне ойдағыдай сене жұмыс істейтін. Осы бір жағдайдың мәнін біз қазір өбден түсіне бастадық, ал кейінгі ұрпақтар бұдан да зор алғыс айтуға тиісті. Сондықтан біз қазір ғылымымыздағы бастаушы аға буын өкілдерін үлкен

дарын тобы, ғылымымыздағы жұлдыздарымыздың тобы деп айтар едік, сол жұлдыздардың ең сәулелісі - Қ.И.Сәтпаев пен М.О.Әуезов болды дер едік. Мен осы бір жұлдыздар тобының кейбірі жөнінде аздап әңгіме етсем бе деген ойым бар. Бірақ бұл әңгімеде мен тақырып етіп алған ғылыми қайраткерлер, тек менің ғылыми қызметіме жақындығы мен ықпалына ғана байланысты болады да, олардың жалпы ғылыми өркендеудегі орнына берген баға бола алмайды, - деп ойлаймын. Шынайы бағаны замандасы бермек емес, тек тарих бермек болар. Замандастың бағасы тек оның өз қара басының жүрегі мен сезімінің өлшемінен асуы қиын, ал бұл өлшем көбіне жақындық пен қарым-қатынастан да туатын болар. Біздің ғылымдағы аға буынымыздың тағдырын ойлаған сайын, осы бір тамаша адамдардың бірде-бірі біз сияқты білім мен тәлім-тәрбие алмауы, соған қарамастан Ломоносовша (“жиырма жаста дөңбектей боп латын оқуға келіпті” - деп әжуа етеді екен Ломоносовты) қажымай білім алып, өздері қалаған білім саласында алда болуы қашанда бізді таң қалдырады да отырады.

“Мен қиыр далада, көшпелі қазақ үйінде тудым. Ұлы Октябрь революциясының дүмпуі маған Павлодар облысы, Баянауыл ауданының бір ауылында бала оқытып жүргенімде жетті. 1921 жылдың жазында Баянауылға Томскінің технологиялық институтының профессоры (кейіннен академик) Михаил Антонович Усов емделуге келді. Ол Баянауылдың жақпар тасты жерлеріне екеуіміз серуендеп барған кезде, Қазақстанның геологиясы мен кен байлықтары туралы көптеген әңгімелер айтып, мені қызықтырған-ды. Сол 1921 жылы Семейдің губерниялық оқу бөлімінің жолдамасымен Томскіге келдім де, технология институтының кен факультетінің геологиялық-барлау бөліміне оқуға алындым. Кен факультетінің курсы 1926 жылы тамамдап, жолдама қағаз бен профессор Усовтың батасын алып, Орталық Қазақстанға жұмысқа келдім”.

Геология - кен инженерінің мамандығын алумен аяқталған өз өмір жолының бір үзіндісін академик Қаныш Сәтбаевтың өзі осылайша сараң бейнелейді. Ол халқымыз ішінде инженерлік білім алған алғашқы жастардың бірі өзі екенін де, сол кезеңде арнаулы орта, жоғары дәрежелі оқу орындарын бітіргендердің саусақпен санағандай аз болғандығын да жазбайды. Тіпті солардың өздері мамандықтары бойынша жұмыс істеп

ұлгерместен, сауатты адамның жетіспейтіндігі салдарынан мемлекет пен халық шаруашылығын басқару мекемелеріндегі жұмысқа жегіліп кететінді. Ал Имантайұлы заманның осы өткінші талабына еріп кете бермей, іздестіруші-геолог есебіндегі өз жұмысын тікелей даладан бастаған біздің тұңғыш инженеріміз еді. Ол өзінің оқу кезеңінің жиырмасыншы жылдар екенін де, азамат соғысының барлық ауыртпалығын басынан кешірген еліміз бұл кезеңде бар күшін қираған дүниемен күреске жұмсау жағдайында болғанын да ескертпейді.

Қазақ даласында жаңа нәрсені жүзеге асыру қиынға тиетін. Кертартпа күш күрессіз берілмеген-ді. Бұқара халыққа солардың игіліктері үшін істеліп жатқан істің мақсат-мазмұнын түсіндіретін білімді адамдарға қырдағы ел ділгір еді. Қаныш Имантайұлында мұндай білім бар болатын. Ол Семейдің мұғалімдер даярлайтын семинариясын бітірген еді. Ол кезеңде инженердің кім екенін қыр елі нашар түсінетін де, ата-аналар балаларының тек мұғалім, адвокат, сот болғанын арман ететін. Инженер болғысы келген жас адамның одан әрі оқып, білімге молығу жөніндегі үміт-тілегі, аталастары мен көптеген туыс-жақындарына тіпті түсініксіз жаңалық еді. Қаныштың ағайын туыстары да “Семинария” деп, атауға қиын тиетін орыс мектебін бітіріп келген Қанышты “Енді ол білмейтін құпия ғылым да қалған жоқ” деп есептейтін. “Имантай баласы тас жинаудың оқуына баратын бопты. Артық оқудан ауыса бастаған да” деп ауыл үй, төңірек осылай дүрлігіскен. Осы секілді діңкеге қатты тиетін бөгетті жеңіп, ықпалды атағы бар құрметті сот қызметінен (1921 жылы Қаныш халық соты болып істеп жүрген) шығып, аш-жалаңаш студенттік өмірге алдын-ала көніп, таныстығы жоқ жат өлкеге аттануы болашақ академикте дәт беріктігінің сол кездің өзінде-ақ барлығын аңғартады.

Ғылым тарихынан адам жадында мына бір мысал сақталып қалған. Мұнан үш жүз жылдан аса бұрын Кембридж университетінің профессоры сол кездегі белгілі математик Бэрроу өзін босатуды өтініп, университет ректорына барыпты-мыс. Тек қоятын жалғыз шарты - өзінің орнына өзінен әлдеқайда дарынды ғылым құпияларын одан гөрі нәзіктірек, тереңірек, өткірірек сезіне білетін жас шәкірттерінің бірін тағайындаса болғаны. Бэрроудың қалауына іліккен мұндай шәкірт Ньютон екен. Ньютон данышпандығын ашқандағы жаңағы ақ ниетті

жанның ғылымдағы еңбегінің ең көрнектісі болып табылады десек қателеспейміз. Бұл оқымысты атаулыны қызықтыратын ақ іс. Менің елім орыс халқының тамапа перзенттерінің бірі, академик Михаил Антонович Усовты асқақ бағалайды, өйткені ол Қаныш Имантай баласы тағдырының шешуші қалтарыстарында кездесіп, жасөспірім ауыл жігітінен болашақ көрнекті оқымыстының келбетін алғаш рет аңғара білді.

Жедел дамыған республика өмірінің көптеген салаларына өзінің беделді пікірі мен батыл ықпалын тигізген оқымысты және қоғам қайраткері ақыл-парасатқа бай академик Сәтбаевтың өмірі мен шығармашылық жолын зерттеу ісі енді-енді басталуда. Сәтбаевпен істес болғандардың ішінен оның жеке ба-сына бейтарап пікірде қалғандар сирек-ақ кездесер. Сондықтан да Қаныш сияқты ерекше тұлғалы адамның тындырған іс-әрекеттерін оймен бірден шолып, толық жан-жақты қамту - оның замандастарының қолынан келе бермес. Алайда біздің Қанекеннің әріптесі, белгілі академик Д.В.Наливкиннің жуырда айтқан мына бір пікірі талассыз ақиқат сияқты. “Егер Қаныш Имантайұлы бұдан жүздеген жылдар бұрын өмір сүрген кісі болса кім боларын айту қиын. Оның ақын болмасы шүбәсіз. Өйткені ол тым нақтылы істің адамы еді. Және тым ақжарқын еді. Жаңа қалалар құрылысы, аспанмен тілдескен үлкен, алып құрылыстар тұрғызу - міне бұл сияқтылар Қанышқа лайық келетін. Бірақ бұлар оданы қанағаттандырма-с еді. Дегенмен құрылыс шеңбері тарлау мамандық. Қаныш Имантайұлы ұла-нғайыр жан-жақты таланттың адамы еді ғой. Оны сансыз көрініс келбеті бар, алуан түрлі құпия сырлары бар барша та-биғат қызықтыратын. Қаныш Имантайұлына бір ғана қызмет - ғылымға басшылық ету ғана лайық еді. Қаныш Имантайұлы ғылымның нағыз басшысы болды да. Қандай жұмысты баста-масын, жұмыс қандай көлемді болмасын, ол үнемі соның та-лассыз жетекшісі бола қалатын да, жұмыстың құндылығын ар-ттырып жіберетін”. Бұл адамның істері зор, әрекеті сан-алуан. Ақындар оның істері туралы өлеңдер жазып, жазушылар оның бейнесін жасап, ал, халық оның есімін аңызға айналдырып жіберді. Өзге балалар асық ойнағанда кішкентай Қаныш тас-пен ойнауды жақсы көреді екен, және түсі өзгешелеу тас кез-десе, содан көз айырмай үңілгенде, кең маңдайы қатпарлана бастаушы еді, - деп бірде оның құрбыларының ішінен біреу айт-

қан әңгімеге, мәселен, қарттар мен балалар әбден сеніп алған. Кішкентай кезінде Қаныш Имантайұлы өзге балалардай, бәрін ұмытып, асық та ойнаған шығар, қозы қуып, құлын-тайға мінген де болар, ойын қуанышына беріліп кетіп, суық жел өтінде тоңуы да мүмкін; сондықтан тас қасиетін түсіну үшін оның ерекше ойлана қалуы неғайбыл нәрсе секілді. Бірақ қарапайым халықтың ақжарқын көңілі мен мейірімінен туған әңгімелеріне кешірімді болайық. Өйткені халық өзінің сүйікті ұл-қыздарын сирек ұшырасатын ерекше қасиеттерге бөлеп сөйлемей тұра алмайды. Қаныш Имантайұлының халыққа бола және халық үшін жасаған батырлығы мен батылдығы, табанды еңбегі мен әрекеттері, кеңге құлаш серметкен шабыты мен көрегендігі бүгінгі біздер үшін жеткілікті өнеге. Өйткені оның балалық, наушалық шақтарына халық білдіретін ынта-ықылас институт бітіріп, парасатты іске әзірлігі бар адам болғаннан кейінгі Сәтбаев тындырған істің өлшеусіз молдығынан туады.

Біз бұл жолда біздің бірінші академигіміздің есімімен және қызметімен тікелей байланысты социалистік құрылыстың республикадағы үш перзентін атап өтуге тиісті секілдіміз. Бұл еліміздің мыс қоймасы (және көптеген басқа да бағалы металл мен металл еместердің қоймасы) Жезқазған, Ұлытау кен ауданы. Геология барлау жұмыстарын жетік ұйымдастырушы және қажымас геолог - іздестіруші есебінде Қаныш Имантайұлының асқан қабілеттілігі бірінші рет осында көрінді. Екінші, Қазақ ССР Ғылым академиясының геология ғылымдарының институты. Осы өзі ұйымдастырған институтта Қаныш Имантайұлы өзінің кемеліне келген оқымысты екенін танытты, өйткені оның ізденгіш ойы Жезқазғандағы он бес жылдық тәжірибе жұмыстарында табылған көптеген деректерді жинастыра бергенді, сол деректердің арасындағы сезілер-сезілмес байланыстарды тауып, талай ғылыми қорытындылар жасау үшін жинастыра бергенді. Бұл іс институттың ғылыми жұмысына дербес бағыт беріп қана қоймай, зерттеу-ізденуді кеңінен өрістетуге, институтты кейін белгілі ғылыми мекемеге айналдыруға жол ешты. Үшінші, Қазақ Республикасының Ғылым Академиясы; Сәтбаев соның бірінші президенті болды, республикадағы ғылыми ойдың осы бір ордасын еліміздің ең құрметті, ірі ғылым орталықтарының біріне айналдырған көптеген бағалы бастамалардың рухани әкесі болды.

Республикамыздың Жезқазған, Ұлытау аудандарында мыс пен көмірдің революцияға дейін алынып келгені мәлім, бірақ олар жердің бетінен кездейсоқ табылған кендер еді. Осыларға қарап, кені бар жерлердің халық шаруашылық маңызы туралы айта қоюдың тіпті мүмкіншілігі жоқ еді, өйткені бағалы қазба кен байлықтарының қорын да, кендегі бағалы металдардың үлесін де, жатқан тереңдігі мен түр-түсін де ешкім білмейтін. Егер мұндай жұмысқа күрделі техниканың (бұрғылау станоктары мен оларға қажет жөндеу жабдықтары, механикалық қызмет тағы басқалар), маман кадрларды, тіршілік пен тұрмыс үшін аздап та болсын, төзуге боларлық жағдайдың керек болғанын есепке алсақ, үзіліссіз жүргізілетін барлау жұмыстарының қаншалықты қиындайтынын көз алдымызға келтіруге болады. Орталық Қазақстанның осы сілеміндегі табиғат аса күрделі етіп жасаған қабат-қабат тау жыныстарын зерттеу үшін апталар мен айлар жетпес еді, жылдар керек еді. Жазы аңызақ, қысы сақылдаған сары аязды боп келетін шөлдалалы бұл аймақ ең жақын деген теміржол бойынан төрт жүз шақырымнан да артық қашықтықта жатқандығын есепке ала кеткен және жөн.

Осы қиыншылықтардың бәрін жас инженер жеңген болатын. Жергілікті тұрғындар бұрғылау ісін үйренді. Тасымалмен жететін құрылыс ағаштарын керексінетін үлкен құрылыстар орнына станоктар төңірегіне киіз үйлер тігілді. Бір сөзбен айтқанда, жұмыс басталғаннан кейін екі-үш жыл өткен соң талас тудырмас нағыз ғылыми деректер алынды, сол деректер біздің елімізде үлкен Жезқазған жасаудың негізін қалады. Дүние жүзіне мәлім рудниктер, байыту фабрикалары мен мыс балқыту заводы бар Жезқазғанның Сәтбаев атындағы кен - металлургия комбинаты республикамыздың социалистік индустриясының үлкен орталығы Жезқазған қаласында қазір жұмысқа қосылып тұрғанда жас геологтың сол кездегі үміт-арманын қазір көз алдымызға елестету оңай. Бұл үміт-арман Сәтбаевтың 1932 жылы жарияланған “Жезқазған мыс-кен ауданы және оның минералдық байлықтары” деген алғашқы еңбегінде қорытылып, нақтылы техникалық-экономикалық дәлелдермен әрі түсінікті, әрі қысқаша баяндалған. Геологиялық іздестірулер жүргізген алғашқы жылдардан соң-ақ өзі жүргізіп жүрген барлау жұмыстары нәтижелерінің орасан зор маңыз алатынына

Қаныш Имантайұлының көзі жеткен. Сондықтан да “Жезқазған болашақта дүние жүзіндегі мысқа ең бай өлкелердің қатарына қосылады да, тіпті кешікпей Американың белгілі мысты аймақтарының көпшілігі-ақ бірінші орынның жүлдесін Жезқазған пайдасына амалсыздан береді” дегенді көрегендікпен батыл айтқан. Әрі жаңа, әрі батыл бастама алғашқы кезде көпке түсінікті бола қоймайтыны мәлім. Бетпақдаланы бұрғылау агрегаттарының шуылымен жаңғырықтырып, Орталық Қазақстанның аңыздақтан қаңсыған шөлейтті жерлерін ерсілі-қарсылы шарлап жүрген жас тілекті жандардан тым алыста отырған кейбіреулер дала кезген геологтың айтқандарына шүбәлана қарап, оның әрекеттерін жастық шақтың сабырсыз қызбалығына балайтындар да табылған еді. Сәтбаев жыл сайын, тіпті кейде жыл ішінде әлденеше дүркін келіп, жұмысты одан әрі кең көлемде ұлғайта жүргізу қажеттігін дәлелдеп, қаражат сұрап алуға мәжбүр болған-ды. Бұл үшін асқан төзімділік пен сабырлылық, табандылық пен қайсарлық керек еді. Мұның бәрі Қаныш Имантайұлынан табыла беретін. Ақыры, іс насырға шауып, 1933 жылы сол кездегі геология комитеті Жезқазған ауданында барлау жұмыстары мүлдем тоқтатылсын деп шешкен болатын: қайнаған жұмыстың үні өшкен, ысылып, үйреніп қалған, ондаған, жүздеген мамандар жұмыссыз, жабдық-аспаптар иесіз қалған. Егер осы жұмыстың басында Сәтбаев болмағанда, елімізде Үлкен Жезқазғанның игерілуі көп жылға кешпеуілдеуі де ғажап емес еді. Мүмкін осы процесті біз жаңадан бастап жүрген де болар едік. Бірақ, халықтың даналығы емес пе, ол өз тарихының шешуші кезеңдерінде, өмірдің толғағы жеткен мәселелерін іске асыру үшін күш-жігерін дер кезінде сарқа жұмсай білетін ұлдарын алға шығарып, соларды рухтандыра біледі. Қаныш Сәтбаев осы іс үстінде халықтың осындай ұлы екенін көрсетті. Жұмысты одан әрі жүргізе беруге қаражат іздестіре бастады. Бұл жылдарда еліміз жаңа дүние жасау жоспарын жүзеге асырау жолында, көп құрылыс салғандықтан бәріне бірдей қаражат жете бермейтін. Жезқазған ауданындағы іздеу жұмыстарының бірінші кезектегі маңызы бар іс екенін дәлелдеу керек болды. Ақыры, 1934 жылдың декабрінде Серго Орджоникидзенің қабылдауына Сәтбаевтың қолы жетті. СССР Атқару Комитетінің сессиясында Орджоникидзе айтқан мына сөзді сол қабылдаудың нәтижесі деп тануға бола-

ды. “Таяудағы уақыттың ішінде бізге Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысына кірісуге тура келеді. Онда мыс кенінің ең бай қоры бар. Бұл кен темір жолдан алыс, Орталық Қазақстанның түкпірінде жатыр, темір жолды Қарағандыдан Жезқазғанға жеделдетіп салу қажет”. Үлкен Жезқазған жасаудың егжей-тегжейлерін ақырғы рет негіздеу және Жезқазғанның байлық атаулысын бұрынғыдан да көбірек тереңдете және жан-жақты зерттеуге қажет жағдайлар осылай жасалған болатын. Сәтбаевтың басшылығымен геологтар мен басқа да көптеген мамандар ұжымы орасан жұмыстар атқарған. Өмір тәжірибесінде қатаң логика мен дәлелдеуді, талас тудырмас дәйектемелерді бөрінен де артық бағалайтын осы сергек мінезді, ақиқатшыл адам ғылым мен техниканың өзекті мәселелеріне жеткенде, сол мәселелердің халық игілігіне тиімді екенін сезгенде шын жүректен тебірене білетін, сезім мен шабытқа бай ақынша толқи білетін. Алғашқы мақалаларының бірін аяқтаған мына бір тамаша көреген сөздерінен асқақ көркемдік пен шынайы ақындықтың тамаша үлгісін көруге болады: “Ұлытау үстінен тұңғыш рет завод гудогінің үні естілгенде, Қазақстанның түкпір-түкпірінен оған сөзсіз қуатты үн қосатындар табылады. Бұл жаңғыруды күшейтуші болатын нәрсе: Ұлытаудың шартарапқа жайылған тарихи атағы мен орталыққа орналасуы, Қазақ халқының білім құштарлығы мен табиғатынан әншілік өнерге, әсіресе, жаңа өндер шығаруға бейімділігі. Торығу мен зарығу өндерінің орнын енді басқаша өндер, батырлық пен күш-жігерге толы өндер басады. Олар өрге көтеріліп келе жатқан Қазақстанның, индустриялы жаңа Қазақстанның өндері болып шырқалады”.

Жас геологтің жанына дамыл бермей, үздіксіз мазасын алған іс - өз республикасын индустриялау ісі еді; сол іске жас геолог өзгеден артық үлесті қоса да білген еді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев оқымысты геолог еді. Алайда Сәтбаевты жақсы білетіндердің бәрі де: қандай ілім саласында болсын, жалаң ойлауға үлкен қабілеттілікті керексінетін таза ілімдер аталатындарды қоса есептегеннің өзінде Қанекең көтере алмастай ауырлықты сезбеуші ек, деп батыл айтар еді. Нағыз шынайы таланттың қашанда жан-жақты келетіні осы ғой. Жекелеген ғылыми және ғылыми-техникалық мәселелерді шешуден күрделі мәні бар зор көлемді мәселелерді қорытуға

қысылмай көше беретін қабілетке Сәтбаев жаратылысы бай болушы еді. Біздің республиканы индустрияландыру тарихындағы елеулі оқиға - Үлкен Жезқазғанның жасалуы мен Жезқазған - Ұлытау кен ауданын зерттеудің өзі-ақ бір кісі өмірін тамаша адамдар өмірі қатарына қосуға жетіп-ақ жатыр. Ал біздің бірінші академигіміз үшін бұл тек алғашқы басқан қадам болған. Жезқазғандағы ойдағыдай жүргізген жұмыстарында айтарлықтай көп деректер жинастыра білген, сол деректер жайлы көп ойланып, толғанған тәжірибелі геолог СССР Ғылым академиясы Қазақстан филиалының геология ғылымдары институтын басқару қызметіне ауысып келгенде, алдағы ісі оның геологиялық ізденістерінің табиғи жалғасы болып табылады, ғылыми қорытындылар, тағайынды ғылыми пікірлер, зерделі ойлар айтатын жалғасы болып табылды. Геология ғылымдары институты жүргізген зерттеу жұмыстарының аса жемісті болғандығы осы жағдаймен байланысты екені сөзсіз. Осы институтта жұмыс істей жүріп және өсіп келе жатқан зерттеушілер ұжымына басшылық ете отырып Қаныш Сәтбаев металлогения деп аталатын ғылымды жасаушылардың бірі болды. Бұл ғылым Сәтбаевтың зерттеулері арқасында пайдалы кен жер үстінде қай алқапта, қай нүктеде шоғырлануы мүмкін екенін анық болжауға дерек тауып берді және геологтарға кені бар жерлерді іздестіру ісін көп жеңілдетерлік болжамды карта шығаруға мүмкіншілік берді. Металлогения негізінде жатқан идеялар жемісті боп шықты, соның нәтижесінде, геология саласындағы барлық ғылымның дамуы барысында металлогения ғылымы көрнекті орын алды. Сәтбаев өзін, ұстазы академик Усовтың идеясын жалғастырушымын деп түсініп, бұл ғылымды дамыту ісіндегі өзінің орнына мән бере қоймады. Бірақ белгілі профессор Ф.И.Шахов 1960 жылы Сәтбаевтың тірі күнінде былай деп жазған: “Сәтбаевтың “Күрделі құрылымды аймақтық металлогениясының тәсілдері” бағыты жөнінде М.А.Усов жасаған схемамен үндес болса да, бірақ одан әлдеқайда жетіле түсіп, ілгері жатыр”. Академик Д.И.Шербаков мынаны айтады: К.И.Сәтбаев болжамды карталар жасау үшін геология ғылымдарының барлық тарауларын, сондай-ақ геофизика мен геохимияны да іске қосу қажеттігін түсініп, геология ілімдерінің түрлі-түрлі тарауларындағы қызметкерлер мен тәжірибеге молыққан геологтардың басын қоса білді. Оның ғылыми ісінің асқақ бел-

сенділігі де осыдан көрінеді. Бұдан шығатын қорытынды мынадай - геология ғылымдарының іс жүзіндегі жер асты қоймаларын зерттеу ісі соңғы біраз уақытқа дейін зерттеулер меніздетрудің түрлі-түрлі тәсілдерімен жүзеге асырылған, осы тәсілдерге сәйкес геология ғылымдары сала-салаға бөліне берген. Дамуына Сәтбаев көрнекті еңбек сіңірген металлогения ғылымының басшысы болған кісінің ілімдерді қандай кеңінен және қаншалықты терең меңгере білгендігін, зор ұйымдастырушылық қабілетті қаншалықты бойына жинауға тиісті болғандығын осыдан түсінуімізге болады”.

Жалғыз Үлкен Жезқазған ғана емес, республикамыздағы көптеген түрлі-түрлі қазба кен байлықтарының ашылуы және пайдаға берілуі, әсіресе, Орталық, Солтүстік Қазақстан және Кенді Алтай - осының бәрі Қаныш Сәтбаев есімімен байланысты. Оның тамаша серіктері, республика академиктері Р.А.Борукаев, И.И.Бок, Ш.Е.Есенов, республика ғылыми академиясының корреспондент-мүшелері Г.Ц.Медоев, А.Қ.Қайыпов, Е.Д.Шлыгин, П.Т.Тәжібаева, Г.И.Шерба тағы басқа көптеген шәкірттері Сәтбаевпен бірге өсті.

Ғылым біздің қоғамымыздың өндіргіш күші болғаны мәлім. Ғылымға көптеген адамдар қосылуда. Академик Н.Н.Семенов жуықта әрбір үйде дерлік ғылыми қызметкер болады деп есептейді. Ғылым қоғам өмірінде үлкен орын алған сайын ғылыми коллективтерге басшылыққа және ғылыми істерді ұйымдастыруға үлкен назар аударылады. Ғылыми зерттеу саласында көп еңбектенген белгілі профессор Джон Бернал ғылыми жұмыстардың өкімшілігіндегі кісіге оқымысты болу шарт емес деп есептейді. Шамалауымызша, Берналдың бұл пікірі ұйымдастырушылық қабілеттің, оқымысты талантымен бір адам басында ұштасып келуі — өте сирек ұшырасатын жағдайды еске алғандықтан ғана туған сияқты. Мұндай адамдарды тауып, өсірудің қиыншылығына қарамастан, ғылыми жұмыстардың өкімшілігіндегі адам оқымысты болуға тиіс, өйткені “Ол ғылыми жұмыстың мақсаты мен тегін түсінуге тиіс, дамып келе жатқан өзекті мәселелердің барлық жағынан жаппай өрістетілуіне жету үшін қызметті әркімнің талантына қарай бөліп, күшті мақсатқа сәйкес орналастыруға тиіс” деп ұйғаратын академик П.Л.Капицаның сөзі көңілге көбірек қонымды.

Геология ғылымдары институтында ғылыми зерттеулерге басшылық ете жүре Сәтбаевтың оқымысты-әкім, оқымысты-ұйымдастырушы қабілетін толық танытқанын айту, керек бола қояр ма екен. Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылып, оның бірінші президенті болғаннан кейін оның бұл қабілеттері бұрынғыдан әлдеқайда кеңірек, көзге түсерліктей боп таныла берді.

1960 жылдың басында мен жоғарғы оқу орнында жаңа ғана іске кірісіп жүрген оқытушы-қызметкер едім, Қанекең өңгімеге шақырыпты: Қазақ ССР Ғылым академиясының Қарағандыда жаңадан ұйымдасқан химия-металлургия институтына басшылық етуге менің баруым туралы сөз қозғады. Сондай атақты адаммен кездесуіме байланысты менің жүрексінуім көз ашып-жұмғанша тарап кетті. Менің халқымның үлкендері жасы кішілермен сөйлесердегі әдетіндей, Қанекең де өңгімені үйреншікті нәрселерден бастап, менің туыстарым мен ет жақындарымның, жолдастарым мен қызметтес дос-жарандарымның жағдайын, денсаулығын сұрастыра отырды. Өңгіме қызметіме байланысты кафедрада мен жүргізіп жатқан зерттеулер мен ғылыми, ұстаздық жұмыстарыма қалай ауысып кеткенін өзім де сезбей қалдым. Кафедра жетекшісі, ұстазым, академик В.Д.Пономарев туралы жылы-жылы сөздер айта келіп, Қаныш Имантайұлы жаңа институт алдында тұрған міндеттерді естен шықпастан ұтымды сөздермен иланымды етіп суреттеді, сонымен бірге менің өзім бастап, істеп жүрген ғылыми істерімнің ешқандай бөгеліссіз Орталық Қазақстанның минералдық байлықтарын игеру жөніндегі мәселелермен ұштастырыла жүргізілетіндігі табиғи нәрсе деп, Қанекең оны да еске сала кетті. Менің ғылыми өсуімнің қажеттілігіне ол барынша салмақ сала сөйлеп, онсыз академиялық ғылыми мекеме жетекшісінің шынайы беделді болуы мүмкін емес деген өте ұнамды пікір айтты. Қысқасы, мен одан жігеріме жігер қосып, қанаттанған шабытпен шықтым.

Сәтбаев академиктігіне тән мейірімділікпен, сабырмен, сізді сендіре сөйлей білумен бірге, бүкіл өмір бойы есіңізде сақтарлықтай қатал, бейнелі сөздермен кемістігіңізді мінеп, кінәлап, қарсылық білдіруіңізге жіберместей өктем нұсқаулар да бере білетін. Оның басшылығымен жұмыс істей жүре менің бұған кейіннен көзім жетті. Алайда, Сәтбаев творчестволық коллективтің ерекшеліктерін өзгелердің бәрінен де жақсы

білетін, бұл еңбекшілердің қарапайым, қалыптасқан өкімшілік коллективі емес, творчестволық мүдделердің ортақтығы жағдайында біріккен өз ерекшелігі бар коллектив, сондықтан мұндай коллективтің әдеттегі өкімшілікке төзбейтіндігін ол өзінің барлық ғылыми-ұйымдастырушылық қызметімен дәлелдеп отыратын. Мұндай коллективті ұйымдастырып, оны шыңдау үшін сізде адамдарды сендіре білетін ерекше білгірлік, адамдардың қабілеті мен бейімін аңғарарлық сергектік пен орасан мол сыпайылық болуға тиіс. Ғылымдағы басшы кадрлардың ролін осылай түсінетіндіктен Қаныш Имантайұлы Республикалық академияның көрнекті ғылыми қызметкерлерін қолдау, өсіру, тәрбиелеу, іріктеуден күш-жігерін іркіп қалмайтын. Біреулердің ізденгіштігі, ғылыми жұмыстарға бейімі барлығымен қоса көзге ілінерліктей ұйымдастырушылық қабілеті бар екенін сезсе, ондайларды Қанекең құрмет қошеметіне ала жүретін. Қазір республикамыздағы Сәтбаевпен бірге өскен ең көрнекті оқымыстылар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырушыларды көргенде, аты көпке мәлім ғылым қайраткерлері, республика академиктері: Ә.Б.Бектұров, М.И.Горяев, М.Н.Шокин, Д.В.Соколовский, Н.О.Базанова, Т.В.Дарқанбаев, С.К.Кеңесбаев, С.Б.Бәйішев, О.А.Байқоңыров, республикалық академияның корреспондент-мүшелері Н.Ә.Ермеков, И.Қ.Қарақұлов, Е.Н.Әзербайбаев, С.Ш.Толыбеков және басқаларды кездестіргенімде, солардың әрқайсысынан Сәтбаевтан дарыған бір жақсы нәрселерді сезінетіндеймін. Мүмкін, мұны Сәтбаевтан дарыған деп әрдайым тап басып айтуға және солай түйіндеуге де бола бермес, бірақ соларға Сәтбаевтан дарығанның түпкі төркінін түсінуге болады, өйткені осы күнгі заман дәрежесіне сәйкес, республика ғылымын дамытудың материалдық және рухани базасын жасау үшін, олар ұзақ жылдар Қанекеңмен бірге, бір-біріне қол ұштарын берісіп, қажымай-талмай құштарлана еңбектенген, сөйтіп осы жолда зор табысқа жеткен, сондықтан біздің бірінші академигіміз Сәтбаев есімінен кейін, олардың есімдерін қазірде ілтифатпен, қошаметпен атаймыз, болашақта да атайтын боламыз. Осы адамдардың әрқайсысы Сәтбаевтың қолдауын көріп, өнер-білімінен өнеге алғаны сөзсіз және біздің бірінші академигіміз өзімен бірге өскен әріптестеріне ұстаздық етумен бірге, өзі де солардан көп нәрсені үйренген, сөйтіп оның кемеліне келіп, толықсыған ақылына өзінің бір-біріне ұқсамайтын, қайталан-

бас талантты өріптестерінің ақылынан да ауысқан көп нәрселер бар болар деген ой келеді маған. Қаныш Имантайұлының шәкірттері бойындағы осы күндерге дейін азайып сарқылмаған жаңашылдық пен бастамадағы батылдық иесі болғандықтан, көптеген мәселелерді шешу үстінде арасы алшақ пікірлер айтып, талас-тартыстарға түскен шығар деп те ойлаймын. Бірақ, бұл олардың ортасындағы нағыз жетекшісі Сәтбаевқа деген ілтифатшыл ықыластарын кемітпеген, себебі, бірінші президент өзін ешқашан да ең соңғы ақиқатты естіртуге жаралған пайғамбар дәрежесінде ұстамаған. Қайта ол әрдайым жеке басының көзқарасына сәйкес келмесе де, өзгелердің пікірін де сыйлайтын творчество адамы қалпынан айнымауға тырысқан.

Осы күні, республика Ғылым Академиясының кең, сәулетті үйіне кіріп, пайдалы қазба байлықтарды іздестірудің жаңа тәсілдерін және минералдық ресурстарды ең тиімді пайдаланудың технологиялық тың жүйелерін табудан бастап, тірі клеткалардың пайда болу құпиялары мен ғарыш сәулесі қуатының көзін табуға дейін әрекеттеніп, тыныш лабораторияларда еңбектеніп жатқан топ-топ ғылыми мекемелер мен көптеген институттарды аралайсыз да, қамтылған мәселелердің көлеміне таң қаласыз. Сәтбаев жетекшілігімен еңбектенген осыншама үлкен жұмыстарды бастаушылардың әрекеттері таңданған көзге кейде бірыңғай жеңіс боп та көріне береді. Ал шындығына келсек, олар тек жеңіп қана қоймай, қиыншылықтар мен жеңілістерге ұшырап та отырған. Мұндағы бір себеп - республиканың халық шаруашылығы мен мәдениетінің жедел, жан-жақты өскен кезеңінде, істің шешуші салаларында ғылымның дамуы мен зерттеу жұмыстарының мақсатын терең және көрегендікпен түсіне білетін адамдар бола бермеген. Біздің бірінші академикіміздің өмірінде болған жағдайды, біраз уақытқа дейін оны Қазақ ССР Ғылым Академиясы басшылығынан шеттеткен кезеңді осы сияқты және басқадай себептермен түсіндіруге болатын шығар. Бірақ, қиыншылықтар мен сәтсіздіктер үстінде ұлы адамдар күш-жігерлерін шынықтырып, ақыл-ойын жетілдіре түседі, өздерін қоршаған оқиғаларды қабылдау түйсіктерін өткірлей түседі. Республика Ғылым Академиясының басшылығына қайтадан шақырылғаннан кейінгі он жыл академик Сәтбаевтың ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметіне соншалықты мол жеміс әкелгендігінің өзін біз сондықтан болар деп

те шамалаймыз. Бұл кезеңде халық шаруашылығына көп пайдасы бар ірі-ірі зерттеу жұмыстарын күшейту және онан әрі ұлғайтумен бірге жалпы ғылыми мәні бар ізденістерді дамытудың негізі қаланды, физика-математика бағытындағы (ядролық физика, математика, механика және басқа институттар) дәлмәдел ғылымдарды өркендету үшін материалдық-техникалық база жасалды. Осы жағдай біздің Ғылым Академиясын табиғат құпияларына адам ақыл-ойының тереңдеп араласып отырған алдыңғы шебіне шығарды. Сонымен қатар, Сәтбаев академиялық ғылымның Қарағанды, Өскемен, Гурьев және республикамыздың басқа да облыс орталықтарында қазір ойдағыдай өсіп-өркендеп отырған ірі-ірі мекемелерін құрудың бастаушысы да болды.

Алматыда еліміздің қарт химигі, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі, Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры Михаил Ильич Усанович тұрады. Осы бір үлкен ғалым химия процестері теориясын терең қамтып білуімен қатар, химиялық эксперименттерден туған талай шытырман мәселелерді оп-оңай талқылап, айқын қорытындылар жасап бере алады. Ғалымның осы бір қасиеті химия ғылымымен шұғылданған адамдарды, әрине, тартпай қоймайды, өйткені химия ғалымы, негізінен, эксперимент пен тәжірибеге сүйенеді. Сондықтан Михаил Ильичпен әңгімелесу қашанда көп әсер қалдырады. Кездесулеріміздің бірінде Михаил Ильич бір сырының шетін ашқандай болды: “Маған, - деді ол, замандастарыммен сұхбатасып, мәжілістесудің ең қызығалықты, ең тартымды тақырыбы өзіміздің мамандық, ғылыми тақырып. Бірақ, өте сирек жағдайда мен мамандығы тым-ақ алыс адаммен де жақын сырлас болып кеткен жағдайларым болды. Нанатын болсаңыз, - деп жалғады сөзін ол, - мен Мұхтар Омарханұлы Әуезовпен өте жақын дос едім, біз жиі кездесіп тұратынбыз, сол өзара ілтифатымыз ол кісі дүниеден кеткенше солмаған еді. Мұның өзі біз құрбы (ол менен үш-ақ жас кіші болатын) болғандықтан болар және де біз бір университеттің профессоры болып қызмет істедік... Әйтеуір біз бірімізбен біріміз кездескіміз-ақ келіп тұратын. Өмірде осындай да болады екен!” Әрине, болады, бірақ бұл екі адамның жақындасу себебі тереңірек жағдайлардан, олардың табиғи творчестволық болмысының өзгешеліктерімен байланысты болуға тиісті, - деп ойладымыз. Шынында да, М.И.Усанович қазіргі ғылыми жұртшы-

лыққа кеңінен әйгілі қышқылдар мен негіздер теориясының авторы; бұл теорияның тамаша қағидалары қазіргі органикалық, бейорганикалық химияның ережелерін жүйелеуде негізгі құралдардың біріне айналды. Осы бір теорияны бұдан қырық жыл бұрын ұсынған ғалым, күнбе-күн, жалықпай сол теорияның қағидаларын бекіте, нығайта түсу үшін, әрірек дамыта түсу үшін дамылсыз ізденісте болды.

“Салынып бітпеген ғылым сарайының әсем сипатын бірден біліп, түсініп, қамтып үлгеру асқақ сұлулық пен асқақ ақиқат қана беретін қуанышқа жету болып табылады”, - деп еді Д.И.-Менделеев. Осы бір ғылымдағы “асқақ сұлулық пен асқақ ақиқатқа” жеткен адамдарды атасақ, солардың ішіне профессор Усановичті әбден кіргізуге болады. Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің бұл кісіге деген ілтифатын да, міне, осыдан түсінуге болатын сияқты. Өйткені ұлы жазушының өзі де бар өмірі бойы тарихи және өмірлік фактілерді мысқалдап жинастырумен болды, сол фактілерді жинақтай, кемеңгер даналықпен қорыта келе ұлы Абай туралы эпопеяны жасады, дәл осы эпопеяда “асқақ сұлулық пен асқақ ақиқат” мәңгі ескіrmес, өзгермес түрде жұртшылықтың алдына келді. Осы екі адамды жақындастырған да, сондықтан, олардың сұлулық пен ақиқатты іздеп танудағы ерекше сезімтал түйсігі мен сол сұлулық пен ақиқатты іздеудегі қайраты мен жігері сияқты. Ұлы жазушымыз Мұхтар Омарханұлы Әуезов, әрине, творчестволық түйсік пен ақындық сезімнің ешкімді жуытпайтын, ешкімді шалдырмайтын шыңында болған. Осыған байланысты совет әдебиетінің тарихынан мына бір оқиға еске түседі.

Ақын Степан Шипачевтің “Нью-Йорк” деген өлеңі бар. Бәлкім, былай аударуға болатын шығар:

*Көп үйді көкке тірелген  
Қалапты адам қолдары.  
Қаланың өзі бір өлең,  
Әлгі үйлер - өлең жолдары.*

*Табандап тасқа қаланған,  
Қаланың өзі шыны, тас.  
Ақшалы осы қалада,  
Ақын деген тым-ақ аз.*

*Бай - банктер - бас кәсіп,  
Атағы шыққан осымен.  
Манхеттенді тұр басып,  
Албастыдай тасымен.*

Осы өлеңді автор Мұқаңа арнаған. Мұқаңның өзі осы өлеңнің тууы жөнінде мынадай естелік қалдырыпты. “Біз Нью-Йоркке жақындаған кезде иллюминатордан көк тіреген зәулім үйлерді көрдік. Осының өзі менің қиялымда, адам әрбір жолын көкті тіретіп, тастан қатырған дастан сияқты болып көрінді. Мен осы ойым мен образымды жанымда отырған Степан Шипачевқа айттым. Ол ұйыды да қалды. Онымен де қоймай, қаланы қасаң өлеңнің тас жолдарына ұқсатқан образды маған сыйға тартыңыз деп жатты да жабысты”.

Бұл жерде арнайы атап айтарлық бір жайт бар, ол - Әуезовтің асқан ақын екендігі.

Қазақ халқының ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов тумасынан тек қана сұлу сезімнің адамы, сондықтан өмірдің, болмыстың, табиғаттың кез-келген құбылысын ол сезімсіз түйсінбеген, тек қана сұлу ой мен образ арқылы ғана қабылдайтын адам болған. Бұл - шынында да керемет қасиет.

*Тіпті финнің тастарына  
Сөз арнаушы ем астары бар, -*

деп бір орыс ақыны айтқандай, біздің Мұқаң тек әлгіндей керемет ақын болғандықтан ғана сұлу түйсік дегеннен жүрдай, қара тастай мелшиген қатігез қаланың, қаржылы қалта ғана билеген саудагер қаланың сараң кейпіне бай теңеу, бейнелі сөз, сұлу салыстырулар тауып, табан ауызында өмірді өлеңге айналдырып отыр.

Мұқаң, сірә, жасында өлең де жазған болар. Бірақ, оқушы қауым оның тек көркем сөзбен жазған шығармаларымен ғана таныс. Бірақ, Мұқаңның шығармаларын оқыған кісі, мысалы, атақты француз жазушысы Луи Арагонның “...Мұхтар Әуезов - біздің заманымыздың ең ұлы ақындарының бірі” деген тұжырымына қосылмай қоймайды. Өйткені орыстың ұлы жазушысы Н.В.Гоголь өзінің қара сөзбен жазылған “Өлі жандарын” поэма деп атауын еске алсақ, Мұқаңның әрбір шығармасын да дастан, поэма деп атауға әбден болар еді, өйткені ұлы жазушымыз ең шабытты ақындардың бірі екеніне күмәндануға болмай-

ды. Жасыратыны жоқ, өмірде аяғы ұйқасқан өлең авторларының бәрі өнерлі ақын емес екендігін көріп те, біліп те жүрміз. Ал, ұлы орыс ақыны Николай Васильевич Гогольдің “Ганс Кюхельгартен” сияқты өлеңді шығармалары жас кезіндегі жатығуы болғанмен, кейінгі ұлы ақындығына апарар жол еді ғой. Мұқаңда да осындай бір жайт бар.

Мұхтар Омарханұлы өресі биік, өрісі ұланғайыр кең жазушы еді. Ол кісінің қалам тартпаған әдеби жанры аз. Оның зергер қолынан өнерге айналмайтын өмір құбылыстары болмайтын. Оның үстіне Мұқаң сыншылық, жалынды публицистикалық мақалаларымен оқушыларға, халыққа әйгілі еді. Ал Қазақ академиясын қолымен құрған алғашқы алты академиктің бірі, Қазақстандағы тұңғыш университеттің профессоры ретіндегі орасан үлкен еңбектері, совет халықтарының әдебиеті, өз төл әдебиетіміздің тарихы, тіл білімі мен аударма теориясы, көркем өнері саласында жүргізген зерттеулері, жоғарыда айтқанымыздай, ұлы жанның тырнақтап жинаған қасиетті қазынасы, өмір шындығының әрбір мысқалынан әрі айнымас нанымды логикаға сүйеніп, әрі шабытты ақындыққа бөлеп қалдырып кеткен аяулы, асыл мұрасы екені - екіншісі біріне мөлім сыр. Пушкиннің сөзімен айтқанда, Мұқаң “...бәрін қамтып, бәрінің тұңғығына жетіпті”, - деуге болады.

Мұқаң - ылғи даңғылмен зырлап өткен кісі емес. Оның өз басының өмір тарихы мен өнер жолы - қия-қалтарысы көп күрделі сапар.

“Мұхтар Әуезовтің суреткер ретінде танылған көркем прозасы - деп жазды Сәбит Мұқанов, - Мұхтар Әуезовтің Қазақстандағы патриархалды-феодалдық қарым-қатынасты қатал сынға алған “Қорғансыздың күні” повесінен басталады”. Қаламгерлік құлашының орасан кеңдігін Мұхтар Әуезов сөз өнеріндегі өзінің осынау алғашқы адымдарында анық аңғартып үлгерген еді. Қазақ халқының революцияға дейінгі өмірінен “Қыр суреттері”, “Қыр әңгімелері”, “Ескілік көлеңкесінде”, “Жетім”, “Кінәмшіл бойжеткен”, “Оқыған азамат”, “Қараш-Қараш” сынды тамаша әңгімелер сериясын жазды. Бұл шығармалар күні бүгінге дейін қазақ әдебиетіндегі қалың жұрт құмарта оқитын қайталанбас оқиға, керемет құбылыс болып қалып отыр. Тұған халқының революцияға дейінгі азапты ауыр тұрмыс-тіршілігін асқан шеберлікпен суреттей отырып, еңсесі түскен

әлсіз адамдармен қатар, автор күш пен жігер, қимыл мен күрес адамдарының, шын мәнісіндегі мінез бен әрекет иелерінің, Лермонтовтың сөзімен айтсақ, “жалғыз мақсат, жалғыз ой жан жалынын билеген” адамдардың бүткіл бір галереясын жасады. Автор өз халқының бола-шағын осы адамдардың ерлігі мен ерлігінен көреді. Бұл тұста ол қазақ әдебиетінде жаңа туа бастаған тың жанр — драматургияның буынын бекітіп, бұғанасын қатырған. “Еңлік-Кебек”, “Айман-Шолпан”, “Қаракөз” пьесаларын жазып, жұртшылықты тағы бір әсем өнермен сусындатты. Бұл тамаша туындыларда қазақ топырағындағы қатқабат шекспирлік құштарлықтар мен өшпенділіктер кереметтей көркем көрініс тапқан. Жазушы ұлы революциямен оянған халыққа бұрын бейтаныс болып келген сахналық сырлар мен құпияларды тамыр-тереңімен қопара көрсетіп, аса күшті эстетикалық қуатпен ашып берді. Өзінің жазушылық және қоғамдық қызметін жиырмамыншы жылдардың басы мен отызыншы жылдардың басына дейін он жылдың аралығын қорытындылай келіп, жазушы кейінірек өзінің өмір жолындағы бірыңғай биіктер емес, еңістерді де, ылғи өрлеу емес, кейбір адасулар мен қателерді де ашып жазды. Бұл тек күшті кісіге ғана тән мінез еді. Осы күштілігін Мұқаң кейін күллі жер бетіне паш ете көрсетті. Бұл ретте, отты ақын Қасым Аманжолов “Мұхтар аға, мықтар аға едіңіз. Мықтылықты көзбен көрдік енді біз” деген.

Жаны адал, жүрегі ақ, сезімі нәзік адамдар ең әуелі өз қара басына қатаң талап қойып, өзін-өзі алдамайды. Мұндай адамдар кейде өз қара басын қайрымсыз жөбірлеуге дайын тұрады. Мұхтар Омарханұлы, тегі, осындай адам болған. Сондықтан да, біздіңше Мұқаң өзінің “адасулар мен қателерін” ұлғайтыңқырай түскен сияқты, ол-ол ма, тіпті ертеректегі әдеби қызметінің маңызын тіпті төмендетіп те жіберген сияқты. Өйткені сол кездегі Әуезов болмаса, кейінгі Әуезовтің болуы да неғайбыл екені ақиқат қой.

Міне, дәл осындай кезеңде Мұхтар Әуезовтің кейін өзі мойындаған кейбір идеялық ауытқуларына біраз кешіріммен қараған жөн.

Ол шын жүрегімен, бар жанымен дүниенің тілеуін сезді және қазақ халқының ұлы орыс халқы мәдениетінің өміршең өрісіне шырқай шығуының жанқияр жаршысы болды. Бұл

тұжырымымызға оның сол тұстағы әдебиет, театр, драматургия туралы мақалалары дәлел. Мұхтар Әуезов - қазақтың “шын мәніндегі еуропалық” көркем прозасын ғана емес, сонымен бірге, қазақтың көркем театрының да негізін салушы.

Байқап қарасақ, Мұхтар Әуезов өз ғұмырының жиырма жылын қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өмірін, творчествосын, дәуірін көркем бейнелеуге жұмсапты. Бұл, шын мәнісінде, алып еңбек, тек осы еңбектің нәтижесінде ғана Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі “Абай” трилогиясы дүниеге келгені мәлім.

1904 жылы Абай қайтыс болғанда, Мұхтар Әуезов жеті жаста еді. Ол ұлы ақынды тірі кезінде көріп үлгерген-ді. Бірақ, бұл көру оны роман үстіндегі қиындықтардан құтқара алмады.

Осы жағдай жөнінде Мұқаң былай деп жазады: “Романды жазбас бұрын мен ақынның өз өмірі мен творчествосын зерттедім. Ақын шығармаларының толық жинағын редакциялады, өмір жолы жайлы очерк жаздым, ақынның өзімен бірге сүрген дәуіріне қатысы бар тарихи деректер іздеп, жинастырдым, өзімнің досым, қазақ мәдениетінің тарихын жете білетін орыс жазушысы Леонид Соболевпен бірігіп, ақын өмірінің соңғы жылдарын суреттейтін “Абай” трагедиясын жаздым. Менің Абайға байланысты материал жинау кезеңім тарихи роман жазған автордың бимәлім қызық халіне толық болатын. Мәселе, мынада, Абайдың өмірі, қызметі, сырт бітімі мен ішкі болмысы хақында баспадан жарық көрген, не жазып қалдырылған ешбір дерек жоқ. Абайдың не өз архиві, не күнделіктері, не хаттары, не мемуарлары, я болмаса Абай туралы замандастарының естеліктері мүлде жоқ. Абайдың өмірі туралы, романдағы оқиғалар жөнінде мен Абайды көрген, Абайды білетін адамдармен әңгімелескен тұста ғана көп нәрсені анықтап отырдым.

...Бірақ, бұлайша материал жинаудың өз қиындығы барды. Мен өзім кездескен егде адамдардың көнерген бұлыңғыр жадынан өткен өмір жайлы сыр түйіп, шындық біліп отырдым, көп жайды өзімше саралап ойлауға, бүгін біреуден білген дерегімді, ертең өзгеден алған мәліметіммен салыстырып отыруға тура келді. Бұл естеліктердің өзіне үлкен ұқыптылық пен сақтық керек еді. Бейнелеп айтсам, әлдеқашан бел асып кеткен керуеннің жұртына кешігіп жеткен жолаушы, сөніп қалған от орнынан бір қызғылт шоқ тауып алып, соны демімен үрлеп

тұтатпақ болды десек, романға материал жинау үстіндегі менің халім де осы әрекетке ұқсас еді”.

Егер осы бір қызуы жоқ табылған от орны Абай және оның творчествосы болса, сол шоқты үрлеп жандырып, сол отты қайта маздатып, бұрынғы ұланғайыр күйіне жеткізу үшін ерекше кең тыныс керек екеніне, асқан ептілікпен шұғыл, жедел үрлей білу керек екеніне күмәндануға болмас, өйткені ол от-ерекше дарынды, дана жаққан от еді, сол данадан басқа ешкім тұтатып, ешкім жалынын аспанға атқыза маздата алмайтын от еді. Осыдан, Мұқаңның Абай жөніндегі романды жазғандағы екінші бір ерекшелігін байқауға болады. Бұл ерекшелікті Мұқаң, әрине, өзі айта алмаған. Бұл ерекшелік мынада, дана адамның күрделі табиғаты мен ішкі болмысына терең үңіле біліп, сол табиғат пен болмысты жарыққа шынайы күйінде шығару үшін жазушының өзі кемінде кемеңгер талант иесі болуға тиісті. Бүгін біз Мұхтар ағамыз ұлы таланттың иесі еді, сол талантын ұлы Абайдың бейнесін, оның өмірі мен ортасын алдымызға әкеліп беруге жұмсап, өз халқына ешбір өлшемге сыймайтын қызмет етті деп бағалаймыз.

Бұл қызметтің ұлылығын айтсақ, қараңғылық пен түнектің шыңырауынан, дүние жүзінің ең мәдениетті халықтарының деңгейіне көтерілген қазақ ұлтының мәдени өмірінде Мұхтар Әуезовтің Абай жайлы роман-эпопеясы көркем әдебиеттегі көрнекті құбылыс қана емес, ол соқтықпалы, соқпақсыз заманда өзінің көрегендігін, данагөйлігін, болашаққа деген берік сенімін кемеңгер Абайдың терең ойы мен шабытына артқан, біздің заманымыздың ерлік рухының ұлы ескерткіші дер едік. Осы роман-эпопеясы арқылы Мұхтар Әуезов өз есімін Абай есімімен бөлінбестей етті. Ол оның даңқын жаңғыртты және оның рухани байлығының кең бұлағынан сусындайтындардың санын миллион есе көбейтті. Бұл ойды, жобасы, түсіндіру керек болар.

Абай кемеңгер ақын еді. Ол басқа орта мен басқа бір жағдайларда туғанда, Шекспир мен Гетеден кем белгілі болмас та еді, кем оқылмас та еді. Бірақ ол қараңғы, артта қалған көшпелі халықтың ұлы еді. Осы ортада, бұл қуатты рух ақындық даналықтың асқақ шыңына көтеріле алды. Ол өз өлеңдерін оқыған сайын жаңа, соны ой туғызарлықтай етіп, жалпы адамзатқа төн, ішкі сыры тұңғыық ғақлия пікірлерін зергердің қолынан шық-

қандай мінсіз ұсына білді. Ол өз өлеңдеріне бұрын болмаған, естілмеген биік талап қойды, сондықтан да оның ақындық туындыларының әрбір жолында, шын мәнісінде, А.Н.Некрасов айтқандай, "...Ой-пікірге орын көп, сөзге ғана орын аз" болды.

Ақындық өнерге Абайдан бұрын бірде-бір қазақ ақыны мына төмендегі тұрғыдан қарап көрмеген-ді.

*Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.  
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол - ақынның білімсіз бейшарасы.  
Айтқушы мен тыңдаушы көбі надан,  
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.*

Міне, Абайдың ақындық өнерден талап еткені осы еді, сол талапқа сай, өзі де "қиыннан қиыстыра" білген еді.

Бірақ осындай зор талғамның иесі болып, өлеңді маржанша тізе білген ақынның алғашқы жинағы оның қазасынан бес жыл кейін, 1909 жылы ғана басылды. Ал орыс тіліне Октябрь революциясынан кейін ғана аударыла бастады. Сонда да күні бүгінге дейін Абай поэзиясы орыс және Совет Одағының басқа халықтары арасында өзіне лайық, өзіне орайлы орын ала қойған жоқ. Оның себебі белгілі. Орыс ақыны Василий Андреевич Жуковский бір кезде "Прозаны аударушы автордың құлы, поэзияны аударушы автордың бәсекелесі" деген екен. Өзге тілдің оқырманына Абайды өз мәнінше жеткізу үшін, ең алдымен, аудармашымыз Абайға төтеп бере алар асқан ақын болуы керек. Мысалы, қазірге дейінгі аудармашылардың бірде-бірі Абайдың өзі сынды бір ғана ұйқастан тудырған жүзге жуық маржандай жолдарды тізуге бата алған жоқ. Жалпы алғанда, бұл көптеген ұлы ақындардың тағдыры. Айталық, алып Пушкин мен, әсіресе, оның "орыс өмірінің энциклопедиясы" деп аталған "Евгений Онегині" батыста біздің көрнекті прозаиктеріміз бен олардың шығармаларынан әлдеқайда бимәлім. Фридрих Энгельс "Онегинді" орыс тілін әдейі үйреніп барып оқығанда, оның түпнұсқадағы шумақтарының өсемдігі мен әсерлілігіне қайран қалғаны белгілі ғой. Абай Пушкиннің үзінділерін аударды. Қазір Пушкиннен өз замандастарымыз жасаған жақсы-жақсы аудармалар да бірқыдыру. Бірақ қалың оқырман әлі күнге

орыстың ұлы ақынын, негізінен, Абай аудармалары арқылы таниды. Сонда Абай аудармаларының көркемдігі, әсемдігі, көңілге қонымдылығы неде дейсіз ғой?.. Бұл түсінікті, данышпанды данышпан аударған. Осыдан орыс оқырманына Абайды қайталанбас сұлулығымен жеткізетін ақын туар деген ой келеді.

Өйтсе де халымыздың, ұлы Абайдың бақыты бар екен, қазір ол әлемдік және одақтық оқырманға басқа жолмен - Мұхтар Әуезовтің эпикалық тетралогиясы арқылы жетіп отыр. Ұлы Абай өлеңдерінің әрбір жолы бүкіл әлемде поэзия мен ойдың өзге алыптарымен бірге қалықтауға жарамды, бірақ сол кездегі дала шындығының қарғыс атқан жағдайлары поэзияның осы бір ғажайып құсына қанатын кеңінен қағуына мүмкіншілік бермеген. Қазірде біз Мұхтар Әуезов баға жетпес ерлік жасады деп айта аламыз, бұл ерлік ақын рухының кешілмеген тереңіне жиі үңілу арқылы, бар ұлылығы мен сұлулығын одақтық және әлемдік оқырмандарға жеткізгендігінде жатса керек.

Мұхтар Әуезов өзінің ең басты перзенті - Абай жайлы романдардың жазылуы үстіндегі кездескен қиыншылықтарды атай келіп, былай деп жазды: “Бірақ совет жазушысының сенімді көмекшілері - социалистік реализм әдісі, өткенге сын көзбен қарай білу, орыс классиктерінің реалистік ұлы дәстүрлері - мені талай қиыншылықтардан жетелеп алып шықты. Абайдың өзі де мәңгі жасайтын шығармаларымен көмектесіп тұрды”. Бұл пікірдің соңғы қорытындысына назар аудару керек сияқты. Профессор Евгения Лизунова таяуда романының есейген Абайды бейнелеу үстінде, Абай өлеңдерінің ізімен ілгерілеп отырғанын және Абай жырлары жазушы шабытының тұтануына, жалын атуына ұшқын шашқан шақпақ іспеттес болғанын көңілге қонымды етіп дәлелдеп берді. Шын мәнінде, Әуезов үшін Абайдың өз творчествосы образдардың, ойлардың, көңіл күйлерінің ұлы ақын мен оның төңірегіндегі сан алуан мінездердің қалыптасуына қатысы бар психологиялық детальдардың тууына негіз болды. Осыған байланысты, Мұхтар Әуезовтің Абай жайлы романдарының тағы бір ерекшелігін атап өткен жөн. Тегі, бұл эпопея үшін ұлы ақынның ғажайып шығармалары негізгі арқау, “ең басты документ” болған, ал, эпопея болса, Абай творчествосының күллі ақындық қасиетін, ойшылдық тереңін жан-жақты аша білген сыр сандық дәрежесіне жеткен.

Мұхтар Әуезовтің Абай жөніндегі романдарының тағы бір ерекшелігін академик Қ.Сәтбаев айтып өткен еді: “Әуезовтің “Абай” романын тек қана аса әдемі көркем шығарма деп ұғынуға болмайды, сонымен бірге ол аса бағалы ғылыми еңбек болып табылады. “Абай” романы ғылымның өртүрлі салаларындағы ғылыми қызметкерлердің назарын аудармақ. Бұл кітапты Қазақстанның өткенін зерттеуші тарихшылардың бірде-бірі оқымай өтпес, ғалым-филолог мұнан ауыз әдебиеті жөнінде, қазақ әдебиет тілінің қалыптасқан кезеңі жөнінде көптеген деректер табар. Ғалым-этнограф бұл кітаптан әлдеқашан өтіп кеткен мезгілдердегі әдет-ғұрып туралы қызығлықты мәліметтер алар. Ғалым-экономисг XIX ғасырдағы халықтың мал шаруашылығы құрамы, ол кездегі таптық күрестің ерекшелігі жөнінде әрі айқын, әрі шынайы көріністерді сезінер. Заң ғалымдары сол кезде өріс алған шарифат пен би билігі сияқты дала заңы жөнінде бағалы деректер табар”. Осыған қоса, біз өз тұрғымыздан, Мұқаңның осы бір шығармасының орасан ғылыми, тіпті жалпы адамзаттық мағынасы бар ерекшеліктері, жазушының шексіз шеберліктен туған көркемдік әдістеріне, оның “тілге жайлы, жүрекке жылы тиген” сөзінің асқан әсерлілігіне, қазақ тілінің лексикасын байыта төккен сөйлемдеріне негізделуін айта кетер едік.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов, ең алдымен, шебер көркем суреткер, шабытты ақын еді дедік. Бірақ, Мұқаңның ғалымдығы жөнінде, Мұқаңның ғылымдағы ұйымдастырушылық қызметі жөнінде ештеме айтпасақ, осы ұлы адамның творчестволық тұлғасын солғындатып алған болар едік. Мұқаң ең көрнекті Абайтанушы бола тұра, сонымен қатар қазақ және қырғыз фольклорінің үздік білгірі, зерікпес зерттеушісі еді. Мұқаңның көптеген әдебиет танушылық еңбектерінің ішінде, қырғыздың батырлық дастаны “Манасқа” арналған зерделі зерттеуі ерекше орын алады.

Қазірде біздің болмыста, ағайындас халықтар әдебиетінің көркем ескерткіштері өзара оқып білу, өзара туысу объектісі болды. Ал, М.Әуезов “Манас” эпосы жайлы көп жылдық зерттеуін әлдеқашан, отызыншы жылдарда бастаған-ды. Біздің халқымыздың өз мәдениетін, өз әдебиетін зерттеу істері жаңа басталған шақта, үлкен жазушының басқа халықтың ауыз әдебиеті мұрасымен айналысуы адам таң қалғандай әрекет.

Академик Әуезовтің қырғыз халқы мәдениетінің ұлы ескерткішіне осынша маңыз беруінде екі түрлі мағына бар-ау деген ой келеді.

Мұхтар Әуезов тарихи құбылыстар мен фактілерге сүйене отырып, сол кездегі барлық тарихи болмыстың панорамасын бірден шолып, көз алдына келтіре аларлықтай үлкен дарынға ие адам еді. Міне, осы себепті ол Абай творчествосы мен бейнесі арқылы қазақ халқының революцияға дейінгі тұрмысы мен өмірінің тұтас көрінісін бере алды. Бұдан, біздіңше, мынадай бір қорытындыға келуге болады. “Манас” қырғыз халқының әрі “Илиадасы”, әрі “Одиссеясы”. Өйткені бұл даналық жыр жинағының миллиондаған жолдарына халық өзінің рухани бейнесін, өткені мен бүгінін, реніш пен күйінішін, қуанышы мен асыл арманын, ойы мен толғамын, болашаққа сенімін бірден сиғызған. Әрқашан да ірі, кесек қимылға, маңызы мен мағынасы ұшан теңіз іске ғана бағытталатын Мұқаңның “Манас” эпосына қызығып, ғұлама зерттеушілік шабытын ояту себебі осы ма деп ойлаймыз. Сөзді Мұқаңның өзіне берейік: “...Қырғыз халқының өткен замандағы рухани өмірі мен мәдениеті жөніндегі осы бір жеке дара ескерткішіне (яғни “Манас” эпосына - Б.Е.) шешендік, ақындық, толығынан айтсақ, барлық рухани мәдениетінен көптеген, өте көптеген деректер жинақталып, қорытылып, құйылған дер едік... Мұнда мифтер, ертегілер, ғақлия сөздер, қоғамдық-экономикалық жағдайлар орын алған. Мұнда халық тарихының ХІУ-ХУІІІ ғасырлардағы қалмақ-қырғыз соғыстарының кезеңі, тіпті қырғыздарды ойсыратып тастаған түрік қағанатының, ескі ойғыр патшалығының, тағы басқалардың шабуылдары жөнінде мәліметтер көп”.

Бүкіл халықтың рухани байлығын осыншама кеңінен қамтыған осы бір өнер туындысы, Мұқаң сияқты ұлы адамның рухани қуатына бірден-бір орайлас екендігіне кім күмәндана алады.

Осы арада бір айта кетегін жағдай мынау. Мұхтар Әуезов тұмысынан өз халқының әрі озат суреткері, әрі ойшыл ғалымы еді. Творчестволық қызметтің осы екі саласында оны өз халқының екі ұлы Абай Құнанбаев пен Шоқан Уәлиханов асқан шабытқа бастап отырды дер едік. Ұлы Абайдың бейнесіне арнап ол ұлы ақынға лайық бірден-бір ескерткіш дерлік роман-эпопея жазды. Ал Шоқан Уәлихановқа келсек, бұл туысқан қырғыз халқының мәдениеті мен тарихына кереметтей қызы-

ғып, әйгілі “Манасты” алғаш зерттеп, үлгі үзінділерін алғаны, яки, оны алғашқы сауатты бағалаушылардың бірі болғаны мәлім. Дәл осы араға, ағайындас халықтың ұлы поэмасына М.Әуезовтің жіті қызығуының да тарихи тамыры жатса керек деген ой келеді. Қырғыз эпосын талдап, зерттеп, өрі оны әлі де зерттеуге шақырып, М.Әуезов өз халқының кемеңгер ұлының ісін лайықты жалғастыра білді, сондай-ақ біздің халықтарымыздың өзара жақындасуының күшейе түсуі жолында мол еңбек етті.

Академик М.Әуезов республика ғылымының көрнекті ұйымдастырушысы болды дедік. Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры бола жүріп, ол қазақ және орыс әдебиетін, қазақ және орыс тілін, қазақ мәдениеті мен совет халықтары мәдениетінің тарихын зерттейтін кафедралар мен ғылыми ұяларды ұйымдастыруға жалықпай қатынасты. Оның әдебиет тарихы мен теориясы жөніндегі лекциялары сан алуан аудиторияларды әр уақытта өзіне баурап отырды және осы әрекеті арқылы әдеби және ғылыми творчество жолына түсушілердің санын молайтты. Сөйтіп академик Әуезов Қазақ Ғылым академиясының тарихында да өшпес ізін қалдырды. Сан алуан шәкірттері бар ол, біздің ұлттық ғылыми орталықта тіл білімі мен әдебиеттану саласындағы зерттеу жұмыстарының бәріне ұйтқы болатын. Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты - М.Әуезовтің ғылыми ұйымдастырушы ретіндегі қызметінің ақырғы жемісінің бірі. Сондықтан да осы ғылыми мекеме өзінің ірге тасын қалаған академик жазушымыздың аяулы есімімен аталып отыр.

Мұхтар Әуезовтің творчествосы жоғары бағаланды, ол Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың лауреаты болды. Өйткенмен, “үлкеннің үлкендігі алыстан қараса ғана байқалады” деп ұлы орыс ақыны айтқандай, Мұхтар Әуезовтің творчестволық, әлеуметтік тағдырына сәйкес, осы бір “алыстан” деген сөзді тек мезгіл тұрғысынан емес, кеңістік тұрғысынан да ұғыну керек пе деген ой келеді. Өйткені жазушымыздың жақын төңірегі, қанша дегенмен, өз замандасының творчестволық ерлігінің мәнін, оның көзінің тірісінде жете түсініп, дұрыс бағалай алмауы ықтимал. Мысалы, Әуезов романы жайлы Всеволод Иванов: “Бұл - зор мәдени құбылыс, мен мұны ұлы туынды деуден тайынбас едім” (1948 жыл) деп жазса, Назым Хикмет

эпопея авторын “туысқан қазақ әдебиетінің ұлы перзенті” деп атады. Бірақ дәл осы кездің өзінде бұған кереғар пікірлер айтылғанын да өз құлағымызбен естіп, көзімізбен көрдік. Бұлар Әуезовтің ұлылығына да, Әуезов туындысының ұлылығына да ө дегеннен ден қоя алмай, тіпті сене алмай жүргені және мәлім болатын. Себебі, ұлы жазушы көзінің тірісінде шын мәніндегі қарапайым, кішіпейіл адам еді. Өлі есімде ғылыми қызмет бабындағы кәдімгі кезектегі аттестациядан кейін мен тұрған мінбеге баппен басып келді де, Мұқаң соншама бір жан тебіренер жылылықпен қолымды қысты. Сырт көзге, жобасы, сол сәтте Абай эпопеясын тудырған ұлы суреткер осы бір егде тарта бастаған тебіренімпаз, қалың ерінді, жылтыраған кең маңдайлы, толықтау кісі емес, соның бәріне жеткен дәл менің өзім болып көріндім-ау деп ойлаймын. Мұқаңның мені құлай құттықтағаны сондай еді. Ал, сөйтіп, асқан мейірімділік, кішіпейілділікпен менің қолымды қысып тұрған кісі заманымыздың бүкіл әлемдік масштабтағы даңқты жазушыларының бірі, шығармалары туралы белгілі француз сыншысы: “осы сияқты асқақтықпен, осы сияқты сүйіспеншілікпен және Әуезовтің әуені сияқты әуенмен жырланған халық шын мәніндегі армансыз халық” - деп тамсана таңдай қаққан кемеңгер суреткер болатын.

Әдебиет пен көркем өнердің ұлы туындылары біздің жан-тәнімізге, қанымызға, бойымызға сездірмей сіңеді де, біздің рухани, адамгершілік, бейнемізді қалыптастыру ісіне асқан белсенділікпен қатынасады. Ақындар мен суреткерлердің, ғұламалар мен өнерпаздардың бізге тартқан рухани шексіз мол сыйлықтарын кейде түсініп сезбей де қалатын болармыз, бірақ егер менің халқымның азаматы Пушкин мен Абайды оқымаған болса, оны сөзсіз рухани жүдеушілік және өсемдік, сұлулық түйсігі тұрғысынан жұпынылық күтіп тұрады дер едік. Қазіргі уақытта менің республикамның азаматының кітап полкасына осы сияқты ұлы адамдардың шығармаларымен қатар, аға туысым Мұхтар Әуезовтің кітаптары жатты, беттері ашылған сайын жас буынды ақыл-ойға толықтыра түсе, шынайы сұлулықтың сезіміне баули түсе, ересек буынды өмірге, болашаққа сендіре түсе, сабырлылық пен салмақтылыққа тағайындай түсе жатты. Сондықтан да қазір қазақ халқы, еліміздің барлық халықтары өзінің ұлы перзентіне: сен өз халқың мен өз заманыңа лайық

туған ұл едің, сенің бойға қуат, жанға шабыт беретін шығармаларыңнан ешқашан да адам баласының рухани сусындауы таусылмасын, - дейді.

Менің республикамның ең жоғары оқу орындарының бірі Алматыдағы қазақ политехникалық институтында Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, республикалық академиямыздың корреспондент-мүшесі, геология профессоры Георгий Цараевич Медоев қызмет істейді. Біздің бірінші академик Қ.И.Сәтбаевтың осы бір әріптесі ондаған жылдар бойы Қанекенмен қанжығалас болып, қызмет істеп, сол кісімен ғылыми ізденістердің көптеген қуанышы мен күйінішін бірге бастан өткізген адам, сондықтан да, Қанекеннің мінезі мен сырын, істері мен ойларын Георгий Цараевичтан артық білетіндер кемде-кем-ақ шығар. Мен академик Қ.И.Сәтбаевтың Г.Ц.Медоевпен бірге болғанын көргенім жоқ. Бірақ мен екеуін де білемін, сондықтан бұлар кездесіп қалған жерде ұзын бойлы, толық, сымбатты, ақжарқын ақсақал қазақтың қызара сақылдап күлген күлкісі мен жатаған, жауырынды, сом денелі (аумаған Шолоховтың Дядка-квадратькасы) кавказдықтың миығынан жымышп қана қойып, бір жансызды да күлдіретін әңгімені шертіп тұруы көз алдыма ап-айқын келеді, өйткені бұлардың екеуі де өткір ойын-күлкі, нәзік юморды бағалай білетін, ал қиын-қыстау мәселелерді әрі есейген адамдарға тән салқын сабырлылықпен, әрі жастарға тән оптимизммен, жарқын көңілмен жеңілдете шеше білетін-ді. Бір кездесуімізде Георгий Цараевич Қанекенді әңгіме ете бастады (ол кездескен сайын Қанекенді еске бір түсірмей қойған емес) да, былай деді: “Қанекен өз халқын, өз тілін қандай жанымен сүюші еді, совет өкіметі, партия жасаған жағдай халықтың игілігіне тез асуына, халықтың дарынды ұлдары мен қыздарының тез өсуіне, ғалымдардың жақсысы, әртүрлісі тез көбеюіне қандай асық еді. Ол кісі республика ғылымының басшылығына қойылған кезде оның әріптестерін саусақпен санап түгесуге болатын еді ғой, сондықтан да ол әрбір болашағына үміт саңылауы бар адамдарды қызғыштай қорғай, алақанына сала тәрбиелеп бағатын. Біздің бәріміздің тездеп өсуімізді ол бірде еркелетіп, бірде ұрсып-қағып, бірақ әрқашанда көңілін үзбей бақылап отырды”.

Осы әңгімеге байланысты мен тағы да академик Сәтбаев-

пен, академик Әуезовпен қатар қол ұстасып, біздің академиямызды құрып, республика ғылымында әлі де белсенді қызмет атқарып келе жатқан ғылым ардагерлерінің тағдыры жөнінде толғандым. Бұлардың бәрі де осы екі басшыдан жасырақ, бірақ арасы мүшелден аспаған адамдар құрдас бола бермек деген қағида бар.

Замана талабына орай совет елінің барлық халықтары мен тайпаларының ұл-қыздары бар жігер-қайратын орыс тілін, орыс тілі мен өдебиетін үйренуге жұмсады, сол арқылы орыс білімі мен жердүниелік білімнен қоректенді. Орыс тілі жастардың еңбегін ұланғайыр етіп қайтарды, сол тілдің арқасында бұрынғы патша отарларының адамдары ғылым мен техниканы игерді, өзінің ұлттық мәдениетін құрды. Сондықтан да біз әрқайсысымыз орыс тілін ана тілі деп атаймыз. Ұлы орыс тілінің Даль, Ушаков, Ожегов жасаған түсіндірме сөздіктері, басқа да өте-мөте керекті кітаптармен қатар, біздің столдарымыз, полкаларымызда қол астына жақын жататыны да осыған байланысты. Өйткені әрбір қызметкер өзінің эксперимент, тәжірибеден туған ғылыми деректерін орыс тілінде түсінікті, анық, айқын етіп, тіпті, мысалы, Менделеев, Тимирязев, Мичурин, Уәлихановша, оқыған адамды тебіренетер көркемдікпен жазып бере білуі керек, өйтпесе ғылымның ғылыми жетістіктері мамандар мен оқушылардың кең қауымының жемісі бола алмайды.

Қазір біздің столдарымыз бен полкаларымызға орыс талқылама сөздіктерімен қатар екі томдық “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі” жатты. Біз жасымыздан халқымыздың тамаша фольклорына, ертегі-қисаларына, суырып салма ақындарымыздың шабытты өлеңдеріне, қазақ тілінің Абай мен Жамбыл, Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов пен Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов сияқты сөз жүйріктерінің шығармаларына қанықпыз. Бірақ осы бір тілдің өзінің тамаша бай лексикасына, табиғи орамдылығы мен толғауы тоқсан тартымдылығына, өсемдігі мен мағыналығына қарамастан ғылым тілі, техника тілі болуы қиынға түсетіні байқалады, бұл арада халқымыздың шаруашылық өрісі ғасырлар бойы тар болуы өз әсерін білдірмей қоймады. Қазақ тілінде химик пен физик, инженер мен агроном, биолог пен ботаник сөйлеу үшін уақыт керек болды. Қазір осы уақыт туа бастаған сияқты. Қазақ тілінде жоғарғы оқу орындары үшін математи-

ка, физика, химия және көптеген басқа ғылымдардың оқулықтары жарық көріп жатады, тілімізде, оның табиғи құрамына айналып, ғылыми-техникалық терминдер өріс ала бастады. Академиямыздың ғылыми хабаршыларында ана тіліндегі мақалалар жылдан-жылға көбеюде. Қысқасын айтқанда, ана тіліміз ғылыми ойшылдық пен ғұламалықтың шыңына жеткен халықтың тіліне айналуға. Қазақ тілін одан өрі дамыту жөнінде, республиканың шаруашылық және мәдени өмірінің барлық салаларында кеңінен қолдану жөнінде, оның грамматикасының сырларын тереңірек талдап, жаңа заңдылықтарын ашу тұрғысында, түрік тілдес халықтар тілдері арасындағы оның орны мен ықпалын анықтау жөнінде, ана тіліміздің дамуына орыс тілінің әсерін анықтау ісінде көптеген зерттеулер мен жұмыстар жүргізілуде. Осы бір үлкен істерді басқаруда республика Академиясының ірге тасын қалаушы академиктердің бірі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор Смет Кеңесбайұлы Кеңесбаев көрнекті орын алады. Атжақты, мұрынды, жүзінен тартымды, жылы шырайлы жымиыс кетпейтін, денелі, бойшаң, келісті осы ағамызға кездесіп, сәлемдескен сайын менің ойыма заманымыздың ұлы ақынының кезінде жастарға арнаған тағы бір сөзі есіме түсті:

*Советтік игер білімді,  
Болғандар тілсіз, жалаңаш!  
Түбіріңді ізде, тіліңді,  
Филологияның сырын аш!*

Сондықтан да бұл кісі өзінің халқымызға әйгілі республика академигі Н.Т.Сауранбаев, академияның корреспондент-мүшелері С.А.Аманжолов, М.Б.Балақбаев тағы басқалары сияқты әріптестерімен, сондай-ақ көптеген ғылыми еңбектегі пікірлестерімен қосылып, осы халқымыздың, еліміздің игілігіне арналған істі, Қазақ ССР Ғылым Академиясының өзі көптен бері директор болып басқарып келе жатқан Тіл білімі институтында одан өрі дамыта түсуде.

Қазақ тілін зерттеу, әрине, бір бөлек ұстайтын, айрықша жүргізетін процесс емес. Ғылымның бұл саласының дамуы қазақ әдебиет теориясының тарихын, қазақ халқының тарихы мен этнографиясын, көркем өнерін, республиканың экономикасын, сондай-ақ, Қазақтың бірінші энциклопедиясын жасау

істерімен тікелей байланысты. М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты, экономика институты, республика академиясының басқа да ғылыми мекемелері осы бағыттағы әрқилы ғылыми проблемалармен айналысуда. Осы институттарда қоғамдық және ғылыми мәні жөнінен келелі зерттеу жүргізуде үлкен жігермен қайрат білдірген аға буын ғалымдардың ішінде біз әйгілі археолог, Қазақстанның ескі көркем өнері мен ескі мәдениетінің білгіші, ескі замандардың ескерткіштері мен басқа да асыл мәдени мұраларын дамылсыз іздеуден жалықпайтын академикіміз, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Әлкей Хақанұлы Марғұланды атар едік, Қазақстанның тарихы мен экономикасын зерттеу ісіне үздік еңбек сіңірген ғалымымыз, республика академигі, экономика ғалымдарының докторы, профессор Сақтаған Бәйішұлы Бәйішевті атар едік; Қазақстан тарихын зерттеу ісінің көрнекті ұйымдастырушысы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих, этнография және археология институтының директоры академик Ақай Нүсіпбекұлы Нүсіпбековті атар едік. Халқымыздың революциядан бұрынғы тұрмысын қоғамдық-экономикалық тұрғыдан зерттеу ісіне республика академиясының корреспондент-мүшесі Серғали Еспембетұлы Толыбеков көп еңбек сіңірді дер едік.

Қазіргі уақытта академия қабырғасында жүргізілетін өнер жөніндегі зерттеулер әңгіме болған шақта, қашан да марқұм композитор, республика академиясының академигі Ахмет Қуанұлы Жұбановтың аты аталмай өтпейді. Оның халық ішіне кеңінен тараған “Замана бұлбұлдары” атты кітабы өз елінің, өз халқының ақындары мен әншілерінің творчествосын жанындай сүйіп, бар ынтасын солардың шығармаларын дәріптеуге жұмсаған адамның тебіренішті, жалынды өуенмен айтып берген хикаясы деп ұғынсақ жаңылмас едік. Қазақ энциклопедиясының редакциясын атақты сыншы, жалынды публицист, әдебиеттің белгілі білгірі, республика академиясының корреспондент-мүшесі Мұхаметжан Қожасбайұлы Қаратаев басқарады.

Республикамызда қоғам ғылымдарының өрбіп-дамуы мәселелері әңгіме болғанда, осы бір адамдардың аттары ардақты, сыйлы өуенмен аталады.

Мен Қарағандыда тұрамын, қырық-ақ жыл өмір сүрген қала. Бұл қала Советтер Одағының үшінші кен қоймасы - Қарағанды көмір бассейнін пайдалану үшін салынған еді. Кеше ғана

көмір мен көміршілердің қаласы болып саналатын Қарағанды қазір республикамыздың әрі индустрия, әрі мәдениет орталықтарының бірі. Осы қаланың орасан жеделдікпен өсіп-өрбуінен республикамыздың аса бай аймағы - барлық Орталық Қазақстанның дамуының екпінді динамикасын тануға болады. Бірақ Қарағанды мен оның серіктес қалаларына (серіктес қалалардың ішінде республиканың металлургиясы мен химиясының орталығы Теміртау да бар) қашаннан су жетпейтін. Осыған байланысты, бұдан он жыл бұрын еліміз үлкен әрекетке кіріскен-ді. Ертіс өзенінің ертегі мен қиссалар, өлеңдерде талай аңыз болған асау толқынын Қарағандыға қарай бағыттап жеткізу мақсаты қойылған. Ертіс арнасының ең жақын жері Қарағандыға төрт жүз километр болудың үстіне, қаланың өзі Ертіс суы деңгейінен бес жүз метр биік арқада орналасқанын ескерсе, бұл істің өзі айтуға ғана оңай сияқты екенін байқауға болады. Қазіргі уақытта Ертістің әр толқыны көптеген насос станцияларының күшімен ондаған аралық теңіз тәріздес су қоймаларынан асып Қарағанды мен Теміртау іргесіне соғып тұр. Осы бір күрделілігі мен құрамы жөнінен ерекше орын алатын гидротехникалық құрылыстың халық шаруашылығы үшін мәні зор екенін дәлелдеп, іске асыру әдістерін ұсынушылардың жетекшілерінің ішінде халқымыздың алғашқы инженер-гидротехниктерінің бірі, республика академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Шапық Шоқыұлы Шокинді көреміз. Ертіс-Қарағанды каналын жүргізу идеясы туған шақта суды төрт жүз шақырым бойы өрге тасу деген не сұмдық, бұл сизифтің бейнеті ғой деген, сырт қарағанда, тіпті, дәлелді көрінетін топшылаулар көп болып, идеяға қарсылық басым болған-ды. Ш.Ш.Шокиннің басқаруымен Қазақ энергетика институтында (бұл институтты Шәкең құрған, содан бері қозғалмастан сонда директорлық қызметін атқарады) жасалған жобалар мен есептер Ертіс-Қарағанды каналының республика халық шаруашылығына сөзсіз тиімді екені дәлелденіп, каналдың құрылысын іске асыру жобаларына ғылыми-техникалық нұсқаулар жасалып берілді. Республикамыздың көрнекті гидротехникалық құрылыстары (оның ішінде Қапшағай комплексі) осы бір табанды инженер-ғалымның ықпалды араласуы нәтижесінде іске асуда. Тамаша мол тәжірибе, талдау арқылы көрікті ойдың ашық болашағын аңғара білу, бұл үлкен мама-

нға жергілікті, республикалық мәселелерден, бүкілодақтық мәселелердің, мысалы, еліміздің су қорларын барлық мемлекет масштабында тиімді пайдалану проблемасының шешімдеріне пікір айтуға мүмкіншілік берді. Жуықта ғана Шапық Шоқыұлы Шокин өзінің ұстазы, республика академигі В.П.Захаровпен қосылып “Правда” газетінің бетінде “Ұлы өзендерді бұру қажет” деген мақаласын жариялады. Бұл мақалада жұртшылық алдына Сібір өзендерінің ағымының біразын Қазақстан мен Орта Азияға бұру мәселесі қойылған.

Академик Ш.Ш.Шокин ұзақ уақыт республика академиясының басшылығында мүше болып келді. Бұл қызметте ол өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті, сонда да осы бір пашы қырау тартқан, кішіпейіл, жасына қарамай сымбатты кісінің өмірлік ісі гидроэнергетика техникасын дамыта түсу мәселелері, оның көкейкесті арманы - туған республикада су қорларын молынан, тиімді етіп пайдалану ұсыныстарын іске асыру болып табылады.

“Жаңылмасам, алдағы жылы жетпіс жасқа толуыңызды тойлайтын болармыз, Әбікен аға!” - деп сәлем беріпті жастардың “Білім және еңбек” журналының тілшісі, республикада химия ғылымын ұйымдастырып, дамытушылардың бірі, техника ғылымының докторы, профессор, академик Әбікен Бектұрұлы Бектұровқа. “Тойлар-тойламасыңды өздерің біле жатарсыңдар, әйтеуір, аманшылық болса жетпіске келеріміз хақ... Өзімше... бергенімнен бермегенім көп сияқтанады да тұрады”, деп жауап беріпті Әбікен. Осыны айтып, өз еңбегін өте қарапайым бағалап отырған кісінің істеген істерін шолып қана түскеннің өзінде бұл кісі дамылсыз еңбек пен қажырлы ұмтылыстың адамы екенін байқауға болады. Әбікен Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетін ұйымдастырушылардың бірі болған. Жиырма жыл бойы үздіксіз Қазақ ССР Ғылым академиясының Еңбек Қызыл Ту орденді химия ғылымдары институтының директоры болып істеді. Республикалық академияның химия-технология бөлімінің қазіргі бес институтының бәрін Әбікен Бектұрұлы сол өзі басқарған химия ғылымдары институтынан таратты деуге болады. Университетте өзі ұйымдастырып, жетекшілік еткен кафедра, қазір республикамыздың көптеген химия кәсіпорындарында, ғылыми мекемелерде, жоғарғы оқу орындарында, мектептерде қызмет істеп

жүрген жүздеген инженер-химик мамандарды шығарып берді. Әбікеннің ғылыми басшылығы, негізінде, ондаған жоғары дәрежелі ғылыми атақтары бар (олардың ішінде екі ғылым докторы) ғылым мамандары шықты. Бұлар өз ұстазының ісін аса бір ынтамен әрі қарай дамытуда. Әбікеннің қолынан қазір халық шаруашылығында кеңінен пайдаға асқан көптеген ғылыми еңбектер шықты. Осы еңбектердің ішінде аса бір көрнектісі Қазақстанның түстігі жанындағы фосфор кендерін пайдалану жөніндегі ұсыныс. Осы ұсыныс бойынша кейінгі жылдары республиканың химия кәсіпорындарының бірінде фосфор тыңайтқыштары және мал жеміне арналған фторсыз фосфат дегендер өндіріледі. Қазір академиктің осы бір технологиясы іске асып, мемлекетімізге миллиондаған сом болып есептелетін шамада пайда түсіп отырғанда, әрине, әдістің өзі туралы да, оның инженерлік-техникалық тұрғыдан жабдықталуы да оп-оңай сияқты. Ал академиктің өз ойы бойынша, ең жақсы ғылыми-техникалық идеялар, олардың шешімдері ең қиын-қыстау жағдайда ойға түсіп, өзінің толғаулы деңгейіне жетпек. Өйткені, мысалы, осы Қаратау фосфор кендерін іске асырудың жаңа әдісі сонау соғыс жылдары, қазіргі түсініктегі лаборатория дегеніміздің өзі үш ұйықтаса түске кірмейтін уақытта, қазіргідей өз ісіне мәшһүр ғылыми мамандар жоқ кезде ойға келіп, тәжірибеден өткен еді, кейін тек процестің әрбір кемшіліктері, жетілмеген жерлері зерттеліп, өндірісте қолданылатын техникалық қалыпқа жегкізілген-ді. Әбікен Бектұрұлы біздің Академияда ең бір аз сөйлеп, көп ойланатын тұйық профессорлардың бірі болуымен атақты Ньютонды еске түсіреді. Ағылшынның сөзуар парламентінде Ньютон бір-ақ рет түрегеліп, терезені жабуды өтінгенде ғана сөйлепті-міс деген аңыз бар. Сол сияқты, ғылыми жиналыстар мен отырыстарда Әбікен Бектұрұлы қысқа ғана тұжырымды пікір айтса, соның өзі бір уақиға болып есептеледі. Әбікенді білмеген адамдар осы бір тұйық кісіні қатаң, жібімейтін, тебіренісі аз кісі деп те ойлауы мүмкін, бірақ академиктің маңындағылар осы бір кісі іштей жұмсақтығын, ақ көңілдігін, мейірімділігін сырт салқындығымен бүркемелейтіндігін жақсы біледі. Академиктің шәкірттерінің бірі ол кісінің мінезін А.Блоктың мына бір тамаша шумағымен толық сипаттап берген сияқты.

*Кешірдік тұйықтығын.. Ерер ме екен  
Қайырымсыз жетекке осы кісің?*

*Шарапат пен жақсыға бойы мекен,  
Еріктілік билеген ойы-ісін.*

Республикамыздың, еліміздің металлургия алыбы Жезқазған кен-металлургия комбинатынан солтүстік-батысқа қарай сексен шақырымдай жерде Қарсақпай мыс заводы бар. Қазіргі түсінік бойынша осы бір кішігірім ғана өндіріс орны республикамызда түсті металдар өндіру ісінде, оның тарихында ерекше бір орын алады, өйткені ол жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде құрылып, республиканың түсті металдар кәсіпорындарының бастамасының бірі болған. Осында болашақ Балқашта, Жезқазғанда, кенді Алтайда, Оңтүстік Қазақстанда мыс, қорғасын, мырыш өндіретін кәсіпорындар үшін көптеген жұмысшы кадрлар өсті. Бүкілодақтық халық шаруашылығы советінің басшылығы сол кезде республикамыздың үкіметіне былай деп жазған-ды: "...Егер қазір ұйымдастырылып жатқан кәсіпорында (Қарсақпай мыс заводы - Б.Е.) тек орыс жұмысшылары ғана болатын болса, бұл саяси, жалпы мәдени және шаруашылық тұрғыдан аса зор қате болар еді. Не қылса да қазақ жұмысшыларының айтарлықтай бастаушы тобын жасау қажет, сол бастаушы топ осы өндіріс кәсіпорны өсіп, қалыптасып, бекіну негізінде өніп, көбейе түсуге тиісті". СССР халық шаруашылығының сол кездегі штабының осы бір нұсқауы республикада қуанышпен қабылданып, зор талап туғызған еді. Қазақ жастары осы жаңа іске еліміздің басқа өндіріс кәсіпорындарында үйренді, осы Қарсақпайдың өзінде завод, фабрика мамандары мектебі ашылды. Бірінші болып сол завод, фабрика мамандары мектебін бітіріп, жұмысшы мамандар тобын толтырған жастардың ішінде қазіргі Қазақ ССР Академиясының академигі, көрнекті кен инженері, техника ғылымдарының докторы, профессор Өмірхан Аймағамбетұлы Байқоңыров та бар. Ол кісі Алматыда жаңа ғана ашылған кен-металлургия (қазір политехникалық) институтының орындығына отырған шақта, одан бұрын жұмысшы-металлург қызметін атқарып келген еді де, өзге қой бағудан, киіз үй мен көштен келген жастардан көп айырмашылығы болатын. Институтты бітіргеннен кейін, Өмірхан Аймағамбетұлы өзінің туған Жезқазғанына қайтып барды да, көп ұзамай, әсіресе соғыс жылдары өзінің тамаша инженерлік және өндірісті ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті. Үлкен шахталар басшылығының (шахтоуправление)

директоры болып қызмет істеп, кен өндірудің жаңа әдісін ұсынып, өндірісте сол әдісті іске асырды. Сол жылдары бұл әдіс, Жезқазғанда мыс және қорғасын-мырыш кендерін өндіруді анағұрлым арттыруға мүмкіншілік берді. Өндіріс басқару ісін ғылыми зерттеулер жүргізумен өзара қатыстыра білген осы бір үлкен өндіріс инженері соғыстан кейінгі жылдары өзі тәрбиеленген институтты басқару ісіне шақырылған-ды. Содан бері профессор Ө.А.Байқоңыров Қазақ политехникалық институты мен Қазақ ССР Ғылым академиясының кен институтында ғылыми ұйымдастыру және ғылыми зерттеу жұмысымен жедел шұғылдануда. Республикамыздың кен қоймаларынан кенді тиімді етіп алып, іске асыру проблемаларына арналған көптеген ғылыми мақалалар, үш үлкен монография - осылар Өмекеңнің басшылығымен жүргізілген келелі ғылыми зерттеулердің тек сырт бейнесі ғана. Осы бір үлкен инженер-ғалымның басты жемісі оның шәкірттері, оның құрған ғылыми мектебі. Егер Өмекеңнің ұстазы, кен шығару ісінің қарт ғалымы, республика академигі А.С.Попов қырқыншы жылдардың кезінде жас, момын өндіріс инженері Өмекеңмен сөйлескеннен-ақ болашақ үлкен ғалымды таныған болса, Өмірхан Аймағамбетұлы да өзінің маңындағы жас мамандардың қабілетін танып, солардың еңбегін жемісті бақытқа қарай жетектейді. Өмекең өзіне де, өз маңындағы жастарға да зор, қатаң талап қояды, бұл оның ғылыми қызметті ұйымдастырудағы стилі.

Бұдан екі-үш жыл бұрын Қазақ ССР Ғылым академиясының конференц-залында жас ғылыми қызметкерлердің жиналысы өткізілген-ді. Атағы мен аты бар үлкен ғалым мінбеге шықта да, өзінің университетті екі жылда бітіргенін айтты. “Уа, дүние! - деді менің жанымда отырған республиканың ересек буындағы академиктерінің бірі, - тап осы мақтанарлыққа тұрмайтын жағдай. Кезінде біз бәріміз асықтық, асықпауға да болмайтын шақ еді, бірақ миға тез келгеннің өзі сондай тездікпен кетіп те қояды екен. Біз, ересек буынның ғалымдары, осы амалсыздан болған асығудың зардабын тартып та жүрміз. Мына жас жігіт (ол мінбеге шыққан жас ғалымды көрсетті) қазір ғылым кандидаты, асықпай оқып, білімін үздіксіз сабырлылықпен толықтырып келе жатыр, ал мен мұның жасында мұндай жағдайды арман етуден де аулақ едім. Ал мына қыз (ол анадай жерде отырған жас келіншекті көрсетті) бұ да менің шәкіртім,

ғылым кандидаты, жуықта ғана Гермен Демократиялық Республикасынан келді, онда ол менің өріптесім және досым, үлкен неміс ғалымының лабораториясында тәжірибе жүргізіп қайтты. Қандай бақытты түлек!” Осыны айтып отырған республикамыздың аса көрнекті ғалымдарының бірі, өсімдікгер биохимиясы ғылымындағы үлкен маман, биология ғылымдарының докторы, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, республика академигі Темірбай Байбосынұлы Дарқанбаев еді. Осы кісі, және Ләйла Оразқұлқызы Базанова, Хамза Жұматұлы Жұматов, Фазыл Мұқаметқалиұлы Мұқаметқалиев сияқты Темене өріптес академиктер, Араб Мақыұлы Ғаббасов, Мүсілім Әмірханұлы Ермеков, Ишанбай Қарақұлұлы Қарақұлов, Лұқпан Қылышұлы Қылышов, Өмірбек Оспанұлы Оспанов, Ештай Қалбекұлы Өзенбаев сияқты академияның корреспондент-мүшелері табиғаттағы тіршілік құбылыстарын зерттей бастаған кезде, қараңғы халқым тіршіліктің сырын тек ібіліс, шайтанмен байланысы барлар ғана түсіне алады деген ишан-молдалар құлағына, жадына құйған ұғымнан айырылмаған шақ еді. Сондықтан да мен Теменнің бойындағы аздап ертерек туғандығын өкініш ететін қызғаныш аралас мақтанышы мен қуанышына әбден түсіндім, өйткені осы сақадай сайланып өсіп, жемісті еңбек етіп жатқан жастардың бұл дәрежеге жетуіне Темен өзі де аз еңбек сіңірген жоқ. Мен екінші бір жәйтті де түсіндім. Ешқашан да өз ісіне, өз жетістігіне риза болмайтын әдет, өрден-өрге ұмтыла беретін мінез бұл адамдардың бойына мықтап қонған, олай болса бұл адамдар өз еңбегін, өз табысын кішірейтіп, жұпыны жүдеу бағалау арқылы ғана қазіргі бедел мен қазіргі сыйлыққа жетіп отыр. Шынында да, еңбегінді өзіңнен басқалар бағаласын деген қағиданы, бұлар жастар үйренетіндей етіп мықтап ұстанған.

Менің аға досым Ишанбай Қарақұлұлы Қарақұлов атан қомында туған. Ишекеңнің өмірбаянындағы осы бір ерекше жағдай ол кісінің Алматыда алпыс жасқа келуін тойлау үстінде анықталған-ды. Қашан да күлкі, қалжыңсыз жүрмейтін, жүрегі жайдары, көңілі ақ Ишекеңнің өмірі түйе қомында басталғанын іліп алған құрбы-құрдастары, осы фактіні неше бір саққа салып, залдағы халықты езу жинаттырмай күлдірген-ді. Сол күлкіге қосыла отырып, халқымыздың ұлттық мәдениеті мен ғылымын көтеру үшін заман қандай жүректі, қандай дарын-

ды, қандай қажырлы адамдарды алға ұстап, жұмсай білген деп ойладым мен. Жуықта ғана газеттерден мен мына бір оқиға жөнінде оқыдым: республикамыздың Ақтөбе облысында, шамасы сол Қарақұлдың он төртінші баласы түйе қомында туған жерлерде, Төлегенова Сақып деген келіншектің он алтыншы баласы дүниеге... самолётте келе жатқанда келіпті. Баланың кіндігін дәрігер Аманкелді Камалов кесіпті, күтуші ретінде санитар-акушер болыпты.

Балалардың мұндай жағдайларда тууы, сірә да, сирек кездесетін шығар. Дегенмен, революциядан бұрынғы ана Ақанайдың баласы атан қомында дүниеге келсе, ал қазіргі ана Сақыптың баласы самолётте, жанында дәрігерлер көмек беріп тұрғанда келсе, осы екі оқиғаның өзі менің халқымның бақыттың сөулетті шыңына самғауын сипаттайтын сияқты.

## ШӘКӘРІМ ТУРАЛЫ АБЗАЛ ҚАРАСАРТОВПЕН ӘҢГІМЕ

Бұл әңгіме-диалог 1978 жылы 20 сәуірде магнитофон таспасына жазылып алынған. Көшірме ешбір өзгеріс, түзетусіз сол қалпында берілді.

*Е.А.* — Сонда бардым деп айта беріңіз, қызметке барғаныңыздан бастап, 1931 жылдан.

*Абзал:* - 1931 жылы мен Бесқарағай ауданында милицияның райотделі болып істеп тұрдым. Сол жұмыс істеп тұрған жерімде, ертеңгі сағат 9-да Семейде облотделде болсын деп приказ келді. Содан соң мен келдім. Келіп кабинетке кіргенімде орнынан ұшып түрегеліп, столдың орта жеріне қарсы отырып, сөйлесті менімен. Сөйлескенде, «Жалғыз Қарасартов емес, Сізді неше шақырып отырмын, басқа ауданға жіберейін деп отырмын. Басқа аудан болғанда, Шыңғыстау ауданына жіберейін деп отырмын. Онда жағдай жақсы емес. Онда елдің толқып тұрған жағдайы. Бандылар шығып әр жерден соған елеңдеп, елдің көтеріліске ыңғайланатын түрі бар. Сондықтан, мен сізді Шыңғыстауға жібергенде халықпенен қоян-қолтық сөйлесіп, сол елдің түзу бағыт алуына жол береді деп жіберейін деп отырмын. Ол Абайдың немере інісі Құдайберген Шәкәрім тұрған жері. Шәкәрім деген кісі тек қана Қазақстанға емес, бүкіл жер жүзіне атағы шыққан адам деуге болады. Шәкәрім авторитет, беделді де. Шәкәрімнің бір ауыз сөзін жерге ешкім тастамайтын. Сол Шәкәрімді ұстай білсең, тілін тауып, бабын тауып, соған жағдай туғызсаң, барғаннан кейін Шәкәрімді дұрыс ұстасаң, халықтан ешқандай жақсылық шықпайды. Сондықтан сені жібергендегі мақсат сол кісіге барғаннан кейін, сол кісіні тауып алып, әңгімелесу керек. Пікірін білу керек, жағдай туғызу керек, оның өлі бізге келешегі керек», - деп маған қатты тапсырма берді. Сонымен, мен Шыңғыстауға келдім.

*Е.А.:* - Мынау орыс жігіті мен начальнигі кім еді, ОблГПУ-дің сізді жіберіп отырған.

*Абзал:* - Панов деген орыс. Орыс жігіті. Орыс жігіт болғанымен менен үлкен, орта жастан асып кеткен кісі.

*Е.А.:* - Сақа адам ғой, тегі.

*Шал:* - Заместителі Волков деген. Ол да орыс. Осылай жағдайды түсіндіріп жібергесін мен Шыңғыстауға келдім. Шыңғыстауға келіп, менен бұрын Юдин деген қызмет істейді екен, райотделдің начальнигі болып, ол барлық жұмысты маған тапсырды. Мен қызметіме кірістім. Қызметіме кірісіп, райотделді алғаннан кейін біраздан соң.

*Е.А.:* - Бұл июнь айы ғой, 1931 жылғы.

*Шал:* - Сол июнь айы. Аршалы деген тауда банды жатыр ұйымдасқан. Аршалы деген тауда Қозыбағаров Ахметжан дегеннің қыстауы бар. Қозыбағаров деген сол жердің бір атақты байы.

*Е.А.:* -Тобықты ма?

*Шал:* - Тобықты. Соның қыстауына орналасып, банды ұйымдасып жатыр деген хабар келді.

*Е.А.:* - Бұл Қарауылдың қай жағында болған?

*Шал:* - Семей жағында. Сосын мен қасыма отрядты алдым дағы соны жоюға немесе ұстауға аттандым. Олардың сол Қозыбағарда жатқаны рас екен, онда олардың ауданда байланысты адамдары бар ғой, кім келді, Қарасартов келді, кім боп келді, начальник болып келді, деген сөздің барлығын біліп жүрді.

*Е.А.:* - Әрине.

*Абзал:* - Хабарды телефоны бар адамдай, не телеграфы бар адамдай ауданнан алып тұрады. Сонымен, менің ауданнан отряд ұйымдастырып шыққан хабарым жетіпті дағы, мен барған күні ол жерден табылмады. Мен іңірлеп бардым, жан-жағыма адамдарымды қойып отырып, сол Қозыбағардың қорасын алғанда, жаққан оты сөнбепті. Сол біздің алдымызда кетуі керек, қайда кеткені белгісіз.

*Е.А.:* - Ол жұртта ешкім жоқ қой, жобасы.

*Абзал:* - Жұртында қалған ешкім жоқ. Сосын мен сол түнде Семей тауына кісі жібердім. Семей тауы - Семей жақта, жалғыз тау, бір тобы сонда деп еститұғынмын.

*Е.А.:* - Сіздің отрядыңыз, жобасы, 20—30 кісі ғой.

*Абзал:* - Жиырма шақты кісі. Содан хабар өкелді, сол Семей тауында жатыр деп. Біз сол күні түніменен жүріп отырып, таң ата Семей тауын алдық. Семей тауын алғанда, ол жерден де табылмады. Ол жерден біздің хабарымызды естіген-естімегенін білмеймін, енді ол Тайлан деген тауға шығып кетіпті.

*Е.А.:* - Ол тау қай жақтағы?

*Абзал:* - Бұл мынау Қу ауданы жағында, Абыралы жағында. Енді біз күндіз жүруімізге мүмкіндігіміз болмады, Семей тауын паналап алып, біз де сол Тайланға тарттық. Біз Тайланға келгенде ол. Шыңғыстау шығып кетіпті. Сөйтіп, біз бұларды қолға түсіре алмадық. Осыдан қайтып Шыңғыстауға қарай отрядты басқарып келе жаттым.

*Е.А.:* - Бандыны басқарып жүрген кім? Әлгі сіз қуып жүрген бандыны?

*Абзал:* - Бұл бандыны басқарып жүрген одан-бұдан құралған байлар көмпескеленген, сотталған сондай қашқындардан құралған ғой. Бір 13—15 шақты адам. Келіп Шыңғыс тауға ілінгеннен кейін, бір биіктен бинокл салып, қарап жіберсем, Қарауыл жақтан бір салт атты келе жатыр екен. Сосын біз Шыңғыстаудың ішіне кірдік тағы, ол аттыға бойымызды көрсетпей, жолына қарай жүрдік. Біз Шыңғыстауды бауырлап, қабырғалап келе жатқанда, ол атты кісі сол тауға бет қойып, жалғыз келе жатыр. Сосын мен отрядты бір таса жерге тастап, сол кісінің алдынан шықтым. Білмеймін неге атпағанын. Ол кісі де келді, мен де шыға келдім. Қасымда Шарабаев Әбдірайым деген бар. Сол анадайдан, ойбай мынау Шәкәрім ғой деді. Сосын рас па дедім. Рас деді. Сосын кездесе кеткен жерден мен аттан түстім де, ол кісі де түсті аттан. Мен сәлем беріп, қолын алып амандастым.

*Е.А.:* - Бұрыннан шығармаларын, өлеңдерін естіп жүрген кісіңіз ғой енді.

*Абзал:* - Бұрыннан атына қанықпын. Ол кісінің өлеңдерін біз бала кезімізде домбыраға салып, өн салатынбыз және менің өзім сол әдебиет жағына бейім адаммын бала кезімнен. Сол жақсы көргендігімнен бір көруге, тіпті, ол кісіні мен әлгі тапсырма да бар шығар, бірақ тағы ол кісіні мен бір көруге құмармын. Сондықтан мен дегенде аттан түсіп секіріп сәлем бергенім, бұрынғы атағына қарай және үлкен кісі. Жеңіл киінген, басында бөркі бар, төгілген сақалы бар, денелі үлкен қарагер аты бар, қарагер аттың бір жағында сабы көрініп тұр, қоржынның бір басында сүйретпе бар, бір басы тағы толық. Сосын мен сізді бір көруге құмар едім, іздеп бара алмай жатырмын, қызметке келгеніме көп болған жоқ дедім.

*Е.А.:* - Өзіңізді таныстырып тұрсыз ғой енді.

*Абзал:* - Таныстырып тұрмын. Мен аудандағы саяси орынның

басшысымын, фамилиям - Қарасартов, атым - Абзал. Сізге құрмет етем, Қарауылдан алыс кеткен жоқсыз, үйіме жүріңіз дедім.

*Е.А.:* - Бойы сізден бойшаң ғой, жобасы.

*Абзал:* - Бойшаң. Оған рахмет. Мен қазір қанжығама қоржын байлап жүріп барғанымнан гөрі, әдейі өзімнің мына қалпымда баруым керек қой және сізге еріп барған соң ұстап әкелді дейді ғой деді. Мына Шыңғыстың бөктерінде, аржағында жайлауда отыр, бір жаппада үйім бар, келіңіз сол жерде менімен әңгімелескіңіз келсе деді. Мұныңыз да дұрыс екен, мен ертіп барғаннан кейін сізді әкеліп жапты дейді ғой, ұстапты дейді ғой, анабір таудың астында менің ертіп жүрген отрядым бар.

*Е.А.:* - Сіз бар шынын айтып жатырсыз ғой.

*Абзал:* - Шынын айтып жатырмын. Отрядпенен басқа бір жағдайда қашып жүрген адамдарды іздеп таба алмадық, енді сізді тауып әкелді дейді ғой. Мұныңыз дұрыс екен, онда жолыңыз болсын, бірақ құрметтеймін, сіздің бұрынғы атағыңызды мен жақсы білемін, сыйлаймын. Мен кісі жіберейін, сіз сескенбей, бой тартпай келіңіз. Бір әңгімелесуге мен осы ініңіз. Қалды балаңыз сияқтымын.

*Е.А.:* - Әдемі айтқан екенсіз.

*Абзал:* - Осыменен күн кеш болып кетті енді.

*Е.А.:* - Далада кездескенде, жүгініп біріне-бірі қарсы отыра қалушы еді ғой аттан түскенде.

*Абзал:* - Жоқ, жантайып отырдық.

*Е.А.:* - Жантайып отырдыңыздар ма? Көде ғой.

*Абзал:* - Бір жағына қарай жантайып отырдық. Бір қолымда шылбырым бар, мен де ол кісінің қасында жантайып отырдым. Әбдірайым мынадай жерде отырды. Жақсы, жолыңыз болсын, жағдайыңызбен сырттай танысып жатырмын. Бірақ іштей де танысармын, менен көмек болмаса, басқа жағдай болмайды осыған сенсеңіз болады дедім. Сосын жақсы деді ол. Бірақ, қарағым, шырағым деп лыпылдап тұрмайды.

*Е.А.:* - Ондай жақсы сөз шықпайды деңіз.

*Абзал:* - Ол кісі өтірік айтса да, қарағым, шырағым деуге болады ғой. Жоқ, ойын бірқалыпты ұстайды ол кісі. Сонымен тарастық, ол жәніне еліне кетті, мен отрядыммен Қарауылға келдім. Соныменен, бірталай уақыт өтті, бірталай уақыт өткен соң мен кісі жіберіп шақырттым оны. Кісі жібергенде, басқа кісі жібергем жоқ, инабатты, тәуір бір адамды жібердім.

*Е.А.:* - Барғасын енді инабатты, әдемі сөйлесетіні ғой, барып бастық шақырды, давай кел демей.

*Абзал:* - Егер мен қалпақ киген біреуін жіберсем, мылтық асынған біреуін жіберсем, ол кісіге лайық емес қой. Мен де іштартып тұрмын ғой. Сол кісінің сескенбегенін, бойтартпағанын жақсы көріп тұрмын ғой. Сосын бір күні кабинетімде отыр едім дежурный жүгіріп келді, жолдас начальник, бір адам келіп тұр сізге деп. Кір десем кірмейді, Шәкәрім деген кісі келді деп айт деді. Сонымен, жүгіре далаға дежурныймен еріп шықтым. Бірге шықсам, есіктің алдында үйге қысқа дайындық отын ағаш бар еді, сол ағашқа атынан түсіп отыр екен. Жалғыз өзі. Мінгені баяғы қарагер ат. Мен келіп әдеппенен сәлем бердім. Атты байла деп, атын байлаттым дағы, жүріңіз, менің үйіме жүріңіз дедім. Мен ол кісіні кабинетке апаруға қимадым. Және ол кабинетке апарғанның өзін ұстады деп, лақап шығарады ғой. Жүріңіз менің үйім мына тұрған, сол кеңсемен қатарлас деп үйге алып келдім. Төрт қабат көрпені төседім. Жоғары шығарып отырғыздым. Бұл енді түске таяу кез.

*Е.А.:* - Бұл июль айының іші ме?

*Абзал:* - Бұл июль айы болар шамасы. Сосын арнап мал сойғыздым, қасында болдым. Қашан аттанғанша мен ол кісінің қасынан ешқайда шыққам жоқ. Қандай қызмет болса да сыртта жауап бердім.

*Е.А.:* - Қондырдыңыз ғой.

*Абзал:* - Кім келсе де барғам жоқ кеңсеге, қондырдым. Қонып, шайын ішіп, жайланып, сіздің атағыңызға бала күнімнен таныс едім, енді сізді бір көруге құмар едім. Жағдайыңыз қалай менен жасырмай айтыңыз, сосын нендей тілек қоясыз, қандай мұқтажыңыз бар. Осыны бәрін сіз мені ЖКУ-дің начальнигі екен деп бой тартпай айтыңыз. Менің жерім кеңіп отыр. Өзім көңілденіп отырайын. Сізге адалдығымды сендіре отырайын. Не айтасыз дегенде: «бір кезде біздің төрде тұрып лақтырған сүйегіміз аузымызға тимей, көзімізге тиіп қалушы еді. Бұл күнде біздің басымыз осындай халге ұшырады» деді. Ол кісі көмпескеленген ғой. Көмпескелеп сол жылы жылдың басында Естай Ерназаров келген екен оны ұстауға. Сол келгенінде 16 бас малын қайтарып беріпті.

*Е.А.:* - Жақсылығын онша білмей отыр ғой, малын қайтарып бергенін.

*Шал:*- Ырзашылық ондай сөзді айтқан жоқ. Өр нәрсеге - себеп қожа еді. Карл Маркс адамға - тұрмыс қожа, адамның ақыл ниетінің бөрі тұрмыста дейді ғой деді.

*Е.А.:* - Карл Марксті оқып білгені ғой сол кезде.

*Абзал:* - Меніңше, себеп қой. Менің Шақпақ деген жерде балағаным бар, кешке ауылға бара қонайын деп Байқошқарға келе жатыр ем.

*Е.А.:* - Балаған деген не нәрсе?

*Абзал:* - Балаған деген кішкене үй ғой. Өзінің құс салатын үйі. Ол үйдің өзінің салуында да бір гөп бар. Көрдім ғой әдейі барып. Шынында да, действительно аңшы кісі. Мерген, аңшы, бірақ басқадай серілік құрып кеткен кісі емес. Сол күндіз өзінің аң аулап, былай көңілін көтеріп алып, кешке қарай ылғи жазатын болыпты.

*Е.А.:* - Сол балағанда отырып па?

*Абзал:* - Көбінесе сонда болатын көрінеді. Шыңғыстаудың ішінде. Сонда үйіне бір қонақ келеді, сол қонақша келіп, қонақ үйде отырады, енді оның өлгі сол жерде, бірақ, қайда жататынын білмеймін. Соған келе жатыр едік, Байқошқарға. Бақанас, Байқошқар деген екі өзен қатар ағатын. Шыңғыстаудың сыртындағы Балқашқа қарай ағатын екі өзен бар. Сол Байқошқардағы ауылға келе жатқанда тастың басында секіріп бір екі-үш қой шыға келді. Ауылдың жанында. Сосын қасымдағы жолдас тарым аттан түсе салып, атуға ыңғайланып еді, атпандар бұл арқар емес, бұл қой дедім. Дегенмен соның біреуі атып жіберіп, бір көк тоқты қалпақтай түсті. Біздің ана Шақпақта жатпай ауылға келгеніміз, Мағыраждың көк тоқтысының ажалына себеп.

*Е.А.:* - Мағыраж деген ағайындары ғой жобасы.

*Абзал:* - Мағыраж деген сол совхоздың адамы.

*Е.А.:* - 1931 жылы совхоз бар ма еді?

*Шал:* - Байқошқар бір колхоз, Бақанас бір колхоз. **Ұйымдасқан колхоз ғой.**

*Е.А.:* - Бұл кісі колхозда бар ма екен? Шөкәрім?

*Абзал:* - Колхозда болған ғой, Бақанаста болған. Дәл колхоздың өзінде тұрмаған. Осылай бір күн, бір түн сөйлескенде менің бетіме тура қарап бір сөйлемеді ғой. Тура өзінің бетіне қарай сөйлейді, ал енді маған қараса күллі денесімен бұрылып қасқырша қарайды да, қайтадан қалпына отырып сөйлейді. Мен

керемет тыңдап отырмын. Бір күн, бір түн сөйлескенде езу тар-тып бір күлмеді.

*Е.А.:* - Үкіметтің саясатын әңгіме қылған жоқсыздар ғой.

*Абзал:* - Сосын, ал енді сіздің жағдайыңызбен мен таныс-қым келіп отыр. Мені жіберіп отырған облотдел. Мен өзім келмеймін ғой мұнда. Облотдел сізбенен таныстырды, сізбенен барғаннан кейін қызметіңді алып, жағдайларымен таныс-қан соң сізбенен кездесіп, әңгіме жасау еді. Әңгіме жасағанда, жағдай туғыз, үй бер, ол кісінің әлі біздің халқымызға берері көп, ететін еңбегі көп, сол жақсы жағдай туғыз дағы сол кісі осы совет тағдырынан, осы колхоздың өмірінен халықтың қадырлылығын жазсын, өзінше де жазсын, бұлайда жазсын, бірақ қорғанбасын. Бізге, халыққа керекті адам. Халыққа керек болған соң сізге де керек деген осындай маған берген тап-сырмалары бар. Сіз ол жерде отырмаңыз, көшіртіп алайын Қара-уылға, үй бергізейін, мал бергізейін, барлық жағдайдың бәрін ұйымдастырып берейін, тек қана, осы өзіңіздің, бұрыннан жа-зып келе жатқан еңбегіңізді жеткілікті етіп ғылымға, сонан соң қалған өміріңізді мына халқыңыз үшін еңбек етіңіз дедім. Бұл жақсы ойланатын мәселе, ержеткен балалар бар, ақылдасайық бұл жөнін. Айтқаның дұрыс деді. Бұл келгенде бөлен, түген деген ешнәрсе сұрағам жоқ.

*Е.А.:* - Құлқы дұрыс емес қой. Сонда сіз сол арада, колхоз-дастырып жатырмыз, жаңа тұрмыс, кем-кетіктерге өкімет көмектесіп жатыр, жаңа тұрмыс құрып жатырмыз, осыған қалайсыз деген сұрақ қойған жоқсыз ба?

*Абзал:* - Жоқ, ондай сұрақпенен ол кісі бұл тартып қала ма деп қорықтым. Көңіліне алып қалады ғой деп қалдым. Еш нәрседен қауіптенбесе екен, сезіктенбесе екен, нағыз пейіліме-нен кіріссе екен, қай кісіні айтса дағы сеніп отырып айтса екен дедім.

*Е.А.:* - Сізге сен деп сөйлесе ме, әлде сен дей ме?

*Абзал:* - Маған ол кісі сіз дейді.

*Е.А.:* - Қарағым деу жоқ баяғы.

*Абзал:* - Қарағым-шырағым деген сөзді далада да, үйімде де еш жерде естігем жоқ.

*Е.А.:* - Сізге Абзал дей ме, әлде Әбеке дей ме?

*Абзал:* - Әбеке де демейді, Абзал да демейді.

*Е.А.:* - Қызық екен.

*Абзал:* - Ал енді ертеңінде енді рұқсат болса қайтайын, сый-құрметке рахмет деді. Сосын пар атты жеккізіп, ұн-шайын, керек-жарағын бір әбдіреге салғызып, беретін тиын-тебенімді сол әбдіренің ішіне салып апарып салдым. Міне, көргенім осы.

*Е.А.:* - Бұл енді екінші рет қой. Бірінші рет таудың ішінде амандастыңыз.

*Шал:* - Ал түрін өлі ұмытқаным жоқ. Сондай зейінімді салып, сондай ықыласыммен кірістім, менің ұмытпайтыным сондай, бірталай жыл болып кетті, менің өзім, міне, жетпіске келіп отырмын. Менің ешқандай жүрегімде, бірақ енді бір осы адамның жүрегі қандай екенін айыратын аппарат шықса деймін. Менің жүрегімнің қатарына қойып, өлгі кардиограмма сияқты.

*Е.А.:* - Енді сіздің сол шығармаларымен, жазғандарымен жүгінуіңіз қалды ғой сол. Өзінің әңгімесі салқын болса да.

*Абзал:* - Солай қылдым, сосын өзінің отырыс, жүріс-тұрысымен ондай адамды сирек көрген нәрсем. Соның өзі ол кісінің бір ғалым сияқты еді.

*Е.А.:* - Нағыз ақсүйек қой.

*Абзал:* Мен ол кісіні жақсы білемін. Ол кісі құдайға құсырған, Мекеге барған кісі, қажы. Алаштың ақсақалы болып бірінші съезде сөз сөйлеген. Сосын дәулетті бай болған кісі.

*Е.А.:* - Түнде жатқанда Абай туралы әңгіме еткен жоқсыздар ғой.

*Абзал:* - Халыққа зиянды болмаған адам. Еш нәрсеге мойын бұратын кісі емес. Дүние деп, анау-мынау деп. Онымен Абай туралы сөйлескеніміз жоқ, менің бар мақсатым, сол кісінің пікірін алып, сол кісіге жақсылық істеу, сол кісіні мен жақсы орналастырсам, мен өзім де органның алдында беделді боламын ғой. Енді, әрине, осының бәріне көнбестен 1931 жылы содан уақыт өтіп жатты.

*Е.А.:* - Сізді бала деп менсініңкіремей отырған жағдай байқаған жоқсыз ба? Өйткені сіз ол кезде тіптен жассыз ғой.

*Абзал:* - Жаспын.

*Е.А.:* - Сізді бала деп менсініңкіремей отыруы да мүмкін ғой. Сақа кісі ғой әбден көпті көрген.

*Абзал:* - Енді оның ішінде не ойлап отырғанын қайдан білейін, жалғыз-ақ мені начальнигі деп қорықпасын деп отырмын. Ол кісіге мен қолына су құйып, құшағымды жайдым, өзім

дәмімді аузына шайнап бергем жоқ, өзгесін жақсылықтың бәрін істеп жатырмын. Сонда ол маған сенімін күшейтсе екен, маған шын беріліп, адал жүрегімен сөйлесе екен деп отырмын, Осындай жағдайдың бәріне көнбей, ақыры сентябрьдің үші күні 7—8 ауылнай елді Шыңғыстың ана шеті менен мына шетіне сыртынан елдің күллісін әкеліп ауданға жауып, шабуыл жасады ғой.

*Е.А.:* - Сонда сол, Шәкәрім соны ұйымдастырған екенін соны анық көздеріңіз жетті ме сол кезде, сол шабуылда?

*Шал:* - Сол шабуылда, Шұбартаудан Қытайға өткен Айдынкөл, Шалқар, Шәпет деген бандиттер биледі. Солар ішінара қатынас, байланыс жасаған ғой.

*Е.А.:* - Шәкәрімге сөз салады ғой енді.

*Абзал:* - Бізді, енді, саяси орын деп неге айтады, біз білмесек, естімесек. Мен сол алғашқы отрядты жібергенде, жұмыс беріп жібердім, тек қана Шәкәрімді алып кел дедім.

*Е.А.:* - Үшінші сентябрьде алғашқы отрядты жібердіңіз бе?

*Абзал:* - Одан бұрын жібердім мен. Райкомға олардың банды солай ұйымдасып жүр, арыз жазған, Шұбартаудан келіп жатыр деген лақаппен мен райкомның начальник бюросын шақыртып, құрама отряд құрғызып, райкомның бірінші секретары Ақлайқов бар, Серікбаев Түгелбай деген прокурор бар, бас-аяғы 30-40 шақты адамды мен жібердім ғой. Сондағы берген тапсырмам: сол бандымен атысу емес, тек қана бөлен адамды, түген адамды ұстап әкел, ал Шәкәрім өзі кіріспесе, ел сондай түгел көтерілмейді. Түйеге мінген адам да келді, өгізге мінген адам да келді.

*Е.А.:* - Бұрынғы жіберген отрядыңыз Шәкәрімді ұстай алмады ма сонда?

*Шал:* - Оны ұстай алған емес, олардың өздері байланыста екен. Өлгі Шалабаев Әбдірейім дедім ғой, Әбдірейім түлкі десең тым нашарлау, айласынан басқа қаруы жоқ, енді оған түлкі десеңізші.

*Е.А.:* - Сіздің жаныңызда жүрген.

*Абзал:* - Біздің ертіп жүргенімізде оның бізге қалай көмегі тиетіні белгілі ғой. Сонда бетін бұрып өкеткен ғой. Сонда Шұбартауға кеткен. Бақанасқа да бармаған, Байқошқарға да бармаған. Олардың ұйымдасып жатқан жерінің ортасына соқпастан Шұбартау өтіп кеткен ғой. Бұл хабарды алғаннан кейін мен екінші

отрядты жібердім. Екінші отрядтың бастығы Іргебаев Иманғали дейтұғын коммунист, райфинотделдің бастығы, начальник милиция, екінші отрядта жиырма шақты адамды тағы жібердім. Сонда маған тапсырма бар ғой, Шөкәрімге ешкімді тигізбеске, ана жақтан тапсырма бар ғой. Менің мақсатым, Шөкәрімді тірідей қолға түсіріп алу ғой, өзін ғана. Ал өзгесінің түк істемейтінін білем ғой. Ол бұрмалап барып, ешқандай оларға не ұстау деген, не болмаса былай оперативный салалық қызмет деген ешнәрсе істелмеді. Екінші отрядта о да жоқ. Сол екі ортада оларға шабуыл жасады ғой.

*Е.А.:* - Сонда екінші отрядыңыздың да адамы онша болмаған ғой, жобасы?

*Абзал:* - О да онша емес.

*Е.А.:* - Бәрі де сол Шөкәрімге тиеді деп бата алмай жүрген шығарсыздар.

*Абзал:* - Егер де мен осындай шара қолданбасам, менің өзімді қайда жіберетінін білесіз ғой. Не қарап отырдың дейді ғой. Менің жіберген, істеген еңбегім, ұйымдастырған мәселем бәрі де дұрыс болып шығып отыр ғой.

*Е.А.:* - Оны енді бастықтарыңызға айтып отырсыз ғой, связдарыңыз бар ғой Семеймен. Рацияларыңыз бар ма еді Семеймен?

*Абзал:* - Рацияда ондай мәселе берілмейді ғой, берілгеннің өзінде Шыңғыстауда осындай көтеріліс болып жатыр, қауіпті деп рациямен бергенде, Шыңғырлау ауданы деп туу Оралда ма еді, Атырау ма еді сол жаққа кетіп.

*Е.А.:* - Шифрмен бересіздер ғой.

*Абзал:* - Шифрменен сонымен шатасып кешігіп келмей жатты ғой. Біздің мына жолда байлаған әр жерде атымыз бар, сол Семейге екі жүз шақырым жерге соған тура тартады.

*Е.А.:* - Бір оншақты сағатта жетеді ғой.

*Абзал:* - Қайткен күнде де жетеді ғой. Осының барлығына қарамастан, Бақанаста Абаев Рамазан деген жігіт соның әйелі мен екеуі мұғалім еді. Олар енді жайшылықта халықтың алдында сөйлегенде Құнанбайдың тұқымы, бөлен-түген деп айтпай тұра ала ма, айтады ғой.

*Е.А.:* - Баяғы алпауыт бай ғой, дейді ғой, шыны сондай ғой енді.

*Абзал:* - Өздері және басқа жердікі, сол қай жердікі екенін білмеймін, ол өлгі Сәрсенбаев Медеу жазған.

*Е.А.*: - Иә, Медеу Сәрсекеев бар сол жерде.

*Абзал*: - Жазды ғой ұлы Отан солдатты жөнінде.

*Е.А.*: - Не туралы жазып еді?

*Абзал*: - Сол баяғы Рамазан туралы. Сол комсомолдың 60 жылдығына арналған.

*Е.А.*: - Мақтап жазды ма Рамазанды?

*Абзал*: - Мен қолын түсінгем жоқ. Соны Бақанастан алып шығады. Мінгестіріп, атқа. Ол талай жер, Бақанас пен Қызылшіліктің арасы талай жер.

*Е.А.*: - Бандиттер алып шығады ғой..

*Абзал*: - Алып шығады, ия. Таң ата Қызылшілікке келгенде бір аттың құйрығына тартып өлтіреді, әйелімен екеуін. Өне бойы пара-пара, жалаңаш, шіліктің ішінде жатқанда алдық біз.

*Е.А.*: - Өлген адамдарды.

*Абзал*: - Ия, екеуінің моласы бір. Екі жәшікті бір қабырғаға қойдық.

*Е.А.*: - Қарауылда ма?

*Абзал*: - Қарауылда. Қазір тұрған шығар. Қызыл кірпішпенен салдырған. Соның жанында Шоғырбаев Олжабайдың тамы бар.

*Е.А.*: - Олжабайға келеміз ғой. Мынау осы Абаев Рамазанды өлтіруін Шәкәрім біліп отырған ба?

*Абзал*: - Ақ туды көтерген «Абылай, Абылай» - деп, жойылсын советтер, құрысын коммунизм деп. Ақ туды көтеріп ауданға шапқан ғой.

*Е.А.*: - Қай күні сонда бұл, сентябрь айы ғой?

*Абзал*: - Сентябрьдің 3-інде ауданға шапқан.

*Е.А.*: - Анау жіберген отряд, август айында ғой?

*Абзал*: - Сол августтың аяқ кезі. Мен тура шынын айтып отырмын. Бұл әңгіменің қалай туғанын, қалай болғанын, өйткені, бұл ана КГБ-дегі архивте осының бәрі бар ғой. Менің жараланып больницаға да жатқан қағазым да соның ішінде.

*Е.А.*: - Жаралы болғанда қалай жаралы болдыңыз, аналар келді ғой, сол кезде сіз не әрекет жасадыңыз, соны айтсаңыз.

*Абзал*: - Шыңғыстың ішінен Қарауыл өзенінің бойымен шыға келген бетінде, сол Қарауыл өзенінің бергі алқымында, аудан мен екі ортада арнасы бар ғой, соның ішінде отырған бір колхоз бар, Қарауыл колхозы. Сол колхоздың ішінде председатель Какарти бұрынғы Семейдің атақты ұстасы төменнен жо-

ғарылатылған, жұмысшы еді. Тап сол отрядтарды жіберіп жатқанда ол үйінде жоқ. Ол Арқа, Орда деген жақтағы колхоздарда шөп дайындатып жүрген. Астында өзінің он-он бес бөйге аттары, аттың алдынан келген боз жорға аты бар және жетегінде қаратөбел бөйге аты бар. Сол екі атымен келіп, таң алдында үйіне белдеуіне байлап, пішендерін салып, жата қалған ғой. Сонан соң «Абылай, Абылай», деп таң ата тиген ғой. Мен кабинетте отыр едім, маған шауып келді ғой, менің енді адамдарым бар ғой жан-жаққа қойған.

*Е.А.:* - Бірақ енді сеніп ұйықтамай жүрсіз ғой.

*Абзал:* - Дүйсетай деген шауып келді, ойбай тов. начальник Шыңғыстың ішінен қарақұртша қаптап айғай - шу, қаптап ауданды алайын деп жатыр. Содан соң ауданға кірмей, келмей тұрып, Шалабаевтың үйін алған ғой. Сонда Олжабайдың аттары кісінеп тұрмаған ғой. Қарғиды ғой енді, үйін құлатамын болып. Сол кезде ұшып түрегелгенде қаптап келе жатқан дауысты естіп, жел со жақтан, қолында маузер мылтығы бар, бізден алған. Сонымен тек есігінің алдындағы жарға түсіп тығылып көз алмай тұрған. Сосын аналар келіп ұстаған. Ұстағанда сол Қаражігіт емес, Қара бала деген біреу балтаменен иығын жарып шапқылап өлтірді.

*Е.А.:* - Маузермен қайрат жасай алмады ғой, шамасы.

*Абзал:* - Тек ұстап тұрып қалыпты, енді қара құртқа не істейді ол. Бір атар, екі атар, одан басқа. Ол кезде балтамен шапқылап өлтіреді. Содан соң енді ауданның дәл өзеннің бойынан салынған.

*Е.А.:* - Ауданнан екі-үш шақырым жер ме?

*Абзал:* - Қарауыл колхозы 2—3 шақырым жер. Кірпіш заводы бар да. Кәдімгі өлгі кірпіш күйдіріп жататындығын, соны алып жатты, соның бер жағында потребсоюзды алып, тонап жатты. Содан соң мен қасыма 1—3 адамды ерттім де, ортада бір жалғыз бейіт бар еді соған жеттім, біраз атыстық, бір гранат лақтырдым.

*Е.А.:* - Екі отряд жібердіңіз, шамасы, адамыңыз жоқ қой?

*Шал:* - Семейден келген, военкоматтың комиссиясы бар, бір жағына сол ие. Олар 5-6 кісі, соны жібергем. Ал, бір жағынан өзім шықтым, ал райкомның секторында наған да бар, Оралиннің негізі Ақтөбенікі шығар деймін. Сол көрінген де жоқ.

*Е.А.:* - Қашқан ғой.

*Абзал:* - Енді оңай емес қой. Таң алдындағы ұрыс жаман ғой.  
*Е.А.:* - Есіткенде үрейленіп кеткен ғой. Содан жолдағы бір төбенің тұсында басым қайрат жасамақсыз ғой, жаныңыздағы жігіттермен?

*Шал:* - Сол бейіттің түбінде атысып жатқанда Айдакимов Уақбектің басына оқ тиді. Жобаев Мырза, мен өзім де атып, ауданды бермеу жағдайында, содан соң бұл жерден гранаттың дауысын есітті, өте алмады.

*Е.А.:* - Гранаттан қорықты ғой?

*Шал:* - Иә, бутылкообразный ручной гранат оның даусы жаман болады. Сонымен ол тойтарылды, содан соң әлгі әуелі бейіттің мұртына тиіп, содан соң барып оның басына тиді, қан бұрқ етіп айналып, айналып ұшып кетті, қалпақтай түсті. Содан соң Айтмұрзаға айттым, басын байла, көйлегін жыртып алып дедім. Содан соң менде бір шал бар еді, Конюх деген. Сол шал маған келді, жан ұшырып, сонда әлгі шал менің атымды жетектеп келе жатыр. Соның алды-артынан оқ бұрқ-бұрқ етеді.

*Е.А.:* - Ай, сол шал қорықпай-ақ алып келе жатыр ма?

*Абзал:* - Қорықпай, маған әйелім жіберген, сол атты алып келе жатыр.

*Е.А.:* - Ойпыр-ай ер екен.

*Абзал:* - Иә, бейіттің түбіне тығып қойып, біз енді неде болса, енді қырылдық, аянатын ешнәрсе жоқ деп, сол екі арада жылқыны айдаатып алғам. Сол бір 40—50 адам, қарсы шаптық. Аты есімде жоқ, татар. 20 шақты адамды атқа мінгізіп, қолдарына туды беріп, біз енді Қарауылдың тауына қарай, өзеннің ішіне қарай.

*Е.А.:* - Сол 20 адамды қалай ұйымдастырдыңыз? Зираттың басына шығып па?

*Абзал:* - Атпенен сол енді жанұшырып бардым, дайындал деп приказ бердім, көбі өзіміздің жігіттер, милицияның қызметкерлері, селсоветтің адамдары, бас-аяғы жиырма шақты адам. Содан соң өзеннің ішіне барып, біз де қанатымызды жайып, арасы 50 метрден, қарсы атака жасадық. Бәрібір өлім. Содан енді аттан түсе қалып, екі рет гранат лақтырдым. Соның даусы да себеп болған болар, Қарауылға қарай салбырап бара жатқан шет жағы лап қойып қашты. Содан потребсоюздың арты қарақұрт деңіз, кірпіш заводының іші, олар да жапырлап қаша бастады, алды қашқаннан кейін арты да қашады ғой.

*Е.А.*: - Содан сол отряд жинап, олар қырады-ау деп тұрды ма?

*Абзал*: - Жоқ, олар өте алмай тұрды. Өйткені, потребсоюз бен кірпіш заводының арасында құрылыс жоқ, жазық арасы, жүгірген адам да, жатқан адам да көрініп тұрады бәрі, ал мына жағында больница, құрылыс салынып жатыр еді. Оң жағына военный комиссияны жібердім. Не істеп жүргенін білмеймін. Бізде не күш бар, күштің бәрі далаға кетті және жандармен түсінбей, шабуыл жасап келе жатыр, текке қырылады. Егер де қару-жарақ, адам толық болса, соларды қырып тастамай ма?

*Е.А.*: - Әрине қару-жарақ оларда жоқ қой.

*Абзал*: - Оларда қару-жарақ жоқ. Сонымен тауға жақындай бергенде, менің алдымнан бір сары атты көлденеңдей берді. Тұра қалып атып, тұра қалып атып, менімен атысып тауға кірді. Тауға кіріп, мен де тауға кіріп, бір жартастың түкпірінде іркіліп тосып тұр екен. Қаптап кетті. Біреуі қолымнан, біреуі иығымнан салып өтті. Қолымда винтовкам бар, содан соң бір салып өткенде көзім жарқ ете түсті, содан есеңгіреп барып құладым.

*Е.А.*: - Сойылмен ұрып отыр ғой сізді.

*Абзал*: - Атып өткен жоқ, сойылмен ұрып өтті. Сол аттан құлапшын, тобылғының ішінде, оны мен білмеймін. Содан соң енді артымдағы адамдар да келе жатыр ғой. Жалғыз-ақ арқамнан біреу құшақтап отырғаны есімде. Мен лоқси бердім, құса бердім, есімде, ойымда, түгім жоқ, есім ауған. Сөйтсем, Омаргазин екен. Құшақтап отырған райком секретары. Енді қайтқан жауға не деуші еді.

*Е.А.*: - Бәрін ұқты ғой.

*Абзал*: - Содан соң енді атқа мініп шапқан ғой.

*Е.А.*: - Аналар қайтып бара жатқан соң.

*Абзал*: - Мені алып қайтты, артына мінгестіріп, өне бойымды қан жауып кетті. Сонда Олжабайдың хал не болды деп, сонда келдім, сөйтсем Олжабай сол шидің ішінде теңкиіп жатыр екен, бетін шауып тастап, шапқылап өлтірген.

*Е.А.*: - Есіңіз кірді ғой.

*Абзал*: - Бірте-бірте есім кірді. Маған бір тақияменен су әкеліп берді, содан жараланып больницада жаттым. Семейден отряд келді. Отряд бір ай соңына түсіп, 17—18 кісі Шәкәрім басқарған, оның ішінде Берлеш бар, соның шөбере туысы. Зияшов па еді? Жадымда жоқ, Қытайға өтіп, одан қайтышта келді. Шәкәрім келген соң, Зияш деген кіші баласы.

*Е.А.* - Ол біздің үкіметпен қарсы ғой.

*Абзал:* - Содан соң енді басқа адамдардың аттары есімде жоқ, Тергеуде бәрі де анықталды ғой. Содан соң мен тәуір болдым. Следствия жүріп жатыр.

*Е.А.:* - Неше күндей жаттыңыз?

*Абзал:* - Мен он бес күндей жаттым. Содан соң ол отряд келді, 30—40 кісі Семейден вооруженный, үшеуі тергеуде қалды, өзгесі атқа мінді, бір ай құды, тіпті таба алған жоқ. Шөкең олардың жүрген жерін көріп отырады да, өзінің білетін жері - мына жағы Шыңғыстың қыр беті, Шыңғыстың тауы, осының бәрін біледі. Келе жатқанын көріп отырады да, бұлар Шақпаққа келсе, олар Шыңғыс тауға барады, ал Көкпектасқа келсе, олар Қарамұрынға барады. Міне, солай әуре қылып қойған. Семейден бұйрық келді, Қарасартовтың өзі шықсын, отряд ұйымдастырып деп. Содан соң ғой менің шыққаным.

*Е.А.:* - Шөкәрімді ұста дейді ғой.

*Абзал:* - Ұста дейді, ұста дегенде тапсырмада сол тірі алу еді ғой. Оған болмады ғой. Сол біз Керегетас деген жерде кешке қарай жаңбыр жауды, жаңбырдың аяғы қарға айналды, октябрьдің аяғы еді, шөптің басын сілбі алды. Сол Керегетастың ішінде сол баяғы.

*Е.А.:* - Сілбі деген мұзданды деген бе?

*Абзал:* - Сілбі деген мұзданған. Сол бір тас қорған бар, баяғы қалмақтың қыстаған жері дейді. Қалмақтан босатып алғаннан кейін, киіз үйде қазақтың өзі отырған. Сондай қонысты жерде жатырмыз. Таң алдында шапқыншы келді.

*Е.А.:* - Қос тігесіздер ме сонда?

*Абзал:* - Жоқ, қос тігілмейді. Товарищ начальник келді. Анау биіктің ар жағындағы сайға түсіп жатыр дейді. Содан соң мен әлгі тауға таяна бергенімде сайға өрлеп тарттық. Тауға өрлей-өрлей келіп, жүк артқан түйе, қосақтаған бірнеше бөйге аттар, жинап алған. Үйір-үйір. Сол келіп түсіп жатқанда, Шөкеңнің өзі келіп, қарауыл салған ғой. Соның түбінде менің бір кісім жатыр. Мен қарауыл салғанда, қалқаның астында жаттым дейді әлгі кісі, тастың түбінде жатыр ғой. Ол кісі келіп дүрбі салған. Дүрбі салған да, маған шапқан, бізге хабарға шапқан, сайда шауып бара жатқан кісінің дүрбіні елемегені ғой. Содан соң келген дағы аттан деген, әлгі жерде түйе де қалған жүк артқан. Үйір-үйір, бес-алты жылқы да қалған. Қашып келген де

Керегетастың екі жағын қоршап, біздің кісілер жайылып кетті.

*Е.А.:* - Сіздерде қанша адам?

*Абзал:* - Қырыққа толмайды, отрядтың бір бөлегін Шыңғыстың ішіне жібергем. Сол жағынан екі бөліп жібердім, Шыңғыстың мына жағынан біреуі, ана жағынан біреуі шықсын деп, мен ортада. Шағын 20-дан тарта кісі. Содан соң тартып берген Қарамойылға қарай, Шақпақты бауырлап, мына тау ғой, алдында біздің кісі барды ғой.

*Е.А.:* - Ар жағында.

*Абзал:* - Атыс басталды да кетті. Содан олар ұйытқып қайта таудың баурайына қарай салған. Былай да кете алмады, былай да кете алмады. Сөйтіп жүргенде, сол астында тор жорға ат, Шөкәрімге оқ тиген.

*Е.А.:* - Сонда Шөкең қартайған кісі, сол бірге жүйткіп шауып жүр ме?

*Абзал:* - Шауып жүр, 80-нің ішінде 88 де ме екен. Тор жорға атқа да, өзіне де оқ тиген. Оң жақ жаурынының астына тиген. Содан соң ана тор аттың сауырынына.

*Е.А.:* - Сіздің көзіңізге Шөкәрім іліккен жоқ па?

*Абзал:* - Шөкәрім келе жатты. Күн жаңа шығып келе жатты. Жер аппақ, қар ғой. Анау тор жорға аттың шапшып тұрған қаны, жаңбырша жауып келеді. Теңселіп келе жатыр, теңселіп тауды өрмелеп келді де, аттан құлады.

*Е.А.:* - Кімнің оғы тигені белгісіз ғой.

*Абзал:* - Белгісіз. Ол кезде қайсысының оғы тигені қайдан белгілі болады. Мына жақтан да атып жатыр, ана жақтан да атып жатыр ылғи қарсы. Былай қашқанда - мына жақтан, олай қашса, ана жақтан атып жатыр.

*Е.А.:* - Ана өздері де атып жүр ме, олар Шөкәрімнің адамдары.

*Абзал:* - Олар да атып жүр, атып жүрген шығар. Бірақ, тор жорғамен алғашқы бір көрінгенде, аттың жалынан бұрқылдаған көк түтін көрініп тұрды. Бірнеше рет атты өзі.

*Е.А.:* - Шөкәрім бе?

*Абзал:* - Өзі. Стволы үшеу, қайсымен атамын десе де ықтир өзінде, происходенщисі ағылшын происхождениясы.

*Е.А.:* - Өзі ұстап жүр ме? Ойпыр-ай, қайратын-ай..

*Абзал:* - Аттан жығылды, жығылғанда мен жүгіріп бардым.

*Е.А.:* - Жанындағы адамдар кетіп қалған ба? Жалғыз тастап Шөкәрімді.

*Абзал:* - Кетіп қалған, аты билеп, бұрып алып кеткен ғой. Содан соң қасында әлгі Шәкәрімнің өзі өмірі ертіп жүретұғын Жұмағали дейтін жігіт бар, Шәкәрімнің өзі құс салғанда саятшы өзінің бір жақсы көретін адамы екен. Сол бар, Содан соң Халықов деген татар бар.

*Е.А.:* - Анау Шәкәрімнің жанындағы жігіт қой, Жұмағали деген.

*Абзал:* - Жоқ, ол менің қасымда. Ол бізбен бірге жүр ғой. Барсам жер таянып отыр екен. Содан соң басын көтеріп: - Шәке, көзіңзді ашыңыз, - дедім мен, көзін ашқанда, қалай сіз мені танысыз ба дедім, басын изеді танымын деп, Содан соң төмен қарап кетті. Ал сонда етегінен асып таудың биігінде отыр ғой, қан төмен ағып жатыр.

*Е.А.:* - Қай жеріне тиген екен оқ?

*Абзал:* - Оқ мына оңжақ жауырыны астына тиіп, мына жерін пәре-пәре етіп кеткен. Ол қарсы келе жатқанда атпаған, әрі қашып бара жатқанда оқ тиген ғой. Содан соң тағы да осыны анықтап сұрайыншы деп, енді менің ойым, сөйлеуге келе ме деп тұрмын ғой. Тағы да басын, бетін өзіме қаратып, қалай танысыз ба, сіз анық таныдыңыз ба? Мен кіммін деп едім, жауап бермеді. Беруге шамасы келмеді. Тіл беруге шамасы келмеді. Көзін тағы ашты. Мен Қарасартов Абзалмын дедім, Содан соң басын изеді. Міне, бар біткені осы. Мен әлгі кісілерді тастадым да, содан соң анау қашқан бандыны қуып кеттім. Сол жақтан оралып келсем, тор ат та өліпті, Шәкәрім де өліпті. Күн батуға төмендеп кеткен. Содан соң анау шананы алдырып, текеметті жайғызып, киімін, барлығын жөндеп.

*Е.А.:* - Бір-екі сағаттан кейін ғой, қайтып келгеніңіз?

*Абзал:* - Иә, бір-екі сағаттан кейін. Содан соң біз де жетісіп жүргеніміз жоқ қой, күндіз-түні, әбден қалжырап жүрміз ғой. Тек жан ұшырып жүргендік қой. Оңай емес ол, содан соң Бақанасқа кісі жібердім. Осылай отряд келе жатыр, үй дайындасын, Шәкәрім қайтыс болды, өлігін алып келе жатырмын. Содан әлгі Алматыға шақырған Оспанов Зейнолла дедім ғой, соны жібердім. Соның бәрін ұйымдастырып жүрген өзі. Соның бастан-аяқ бәрін білетін өзі.

*Е.А.:* - Сол екеуі ғой, Алматыға келетін.

*Абзал:* - Иә, Алматыға алдырған Ашыралиев Абдырайыммен екеуі. Сосын ертеңінде Бақанас, Байқошқар халқын жи-

нап, Шөкөрімнің өлігін ортаға сөкі тақтай орнатып; соның үстіне көлденең салып, содан соң айттым мен: Халық, кешегі құдайға қолын созған, Меке-Мәдинеге барған қажы, халықтың қадір тұтқан ақсақалы, ақыны, бір кезде Найманды кінәлап, Еңлік-Кебекті жазған Шөкөрім. Бұл күнде осындай халге келді. Ажал жетті, атыста қайтыс болды.

*Е.А.:* - Үкіметіне қарсы болғанын айттыңыз ғой.

*Абзал:* - Иә, үкіметіне қарсы қару көтеріп, осындай қаншама халықтың обалына қалып, сөйткен Шөкөрім, міне, деп халыққа көрсеттім. Көрсетпесеңіз нанбайды, Шөкөрім өз ажалынан өзі өлді деп.

*Е.А.:* - Оған оқ тиді деп ойламайды ғой.

*Абзал:* - Иә, оған оқ тиеді деп те ойламайды. Вот, ол осындай кісі болған. Содан соң сол жерге қойғыздым. Қайда қойғанын соның Шалабайлар, Баймашов деген милициялары біледі.

*Е.А.:* - Оны мен естідім. Сіз оны құдыққа тастап кетіпсіз. Сол құдықтың ішінен шығарып алыпты жұрт, балаларымен. Сосын жөндеп қойыпты деген хауесет осы елдің бір жерінен, маңайынан естідім.

*Шал:* - Онысы бекер. Олардың қайда қойғанын білмеймін. Мен өзім апарып қойғам жоқ пәлен жерде деп айтуға.

*Е.А.:* - Сол жерде әлгі жұртқа айттыңыз да, кетіп қалдыңыз ғой.

*Шал:* - Жоқ. Өзім барда жерлеттім.

*Е.А.:* - Жерлеттіңіз бе?

*Абзал:* - Жерленген жеріне барғаным жоқ.

*Е.А.:* - Енді қайда қойғанын білген соң айтып отырсыз ғой.

*Абзал:* - Білмеймін дегенім, мен оның басына барғаным жоқ, ал оны халықтың ақсақалдарын ертіп, Шалабаев басқарып, өздерінің көзінше қойып келді.

*Е.А.:* - Сіздер сол арада дем алдыңыздар ма? Ауданға кетіп қалдыңыздар ма?

*Абзал:* - Олар ертеңіне қойды, жоқ, мен аңға шығып кеттім. Бақанас өзенінің жанында керемет бір жер бар, аңға шығу дейсің бе? Менің де бір қызметім бар ғой, халыққа байланысты. Мен сол қызметімді жасамаймын ба? Аңға алып кетеді, барып сөйлесеміз.

*Е.А.:* - Сонда қойған жері Бақанастың басы ма? Қай жер дедіңіз?

*Шал:* - Бақанас.

*Е.А.:* - Жоқ, оны сіз тастады, сіз тастап кетіпті деп естідім...

*Шал:* - Біз Бақанастан алып кеткенбіз, құмға тастамайды ғой, онысы бекер, халық бар ғой.

*Е.А.:* - Сіз енді осыдан кейін тексеру жүргіздіңіз ғой?

*Шал:* - Тексерілді, әлгі қалған тергеуді МВД Лебенков деген менің орнымда отырды - дағы тергеуді сол бастады, ұйымдастырушысы Шөкәрім, оған шүбәланбаңыз. Ал енді менімен сөйлескен кісі органның адамы. Әуелде дұрыс басталмады ғой. Әуелде мені бір жақсы толковый адамды жіберіп, Бегалиев Сапарғали дейтін іздепті мені, таба алмапты, оның не істейтінін білмеймін. Мен елден шығып, ешқайда кеткем жоқ. Сол Қарқаралы, Қарағанды бардым. Сонда марқұм Мұхтардың көп адам емес, бір толковый адам жіберіп, не болмаса өзіне шақыртып өзіммен әңгімелесу керек еді ғой. Осылай еді, осылай еді деп. Сонда біз Мұханның барында кіріскенде бұл кісінің еңбегі баяғыда шығушы еді, мен біттей қарсы емеспін, қазір шығарса да. Маған еш нәрсе де істеген жоқ. Мен енді только армандамын. Мен бір күн, бір түн ғана тауда кездестім. Ол кісі де қарт адам. Сонда көрдім ол кісіні. Сонда сөйлегені, отырғаны адамды таңғалтарлық. Мен өз ішімнен таңғалып отырдым. Ол қалай болса, солай сөйлейтін кісі емес.

*Е.А.:* - Ал енді анау, дегенмен, бандының ұйымдастырушысы болғасын құрту керек деген ой болды ма?

*Абзал:* - Жоқ, менің мақсатым тірі алу еді ғой. Тірі алғанда мен мақтау да, орден де алатын едім органның, оған жете алмадым ғой.

*Е.А.:* - Сонда кейін тексерген кезде, мүмкін, анау пысық балалардың ісі болып, мына кісінің құп дегенін пайдаланып жатқан жоқ па екен?

*Абзал:* - Жоқ, Қытайға өтуге дайындалған ғой ол. Сонда ол Қытайға кетіп қалмай, әлгі соғыспен арасында жүргені, жақсы дайындық керек болған ғой. Талай жерде жартастарда мал сойып қақтатқан. Қытайға өтуге дайындық мақсат сол болды ғой.

*Е.А.:* - Келген бетте қуып жүрген бандыларыңыз бар ғой. Басында қуып жүрген бандылардың солардың істейтін не зияны бар? 15—20 кісі жиналып алып, енді үкіметке өкпелеген байлар ғой, конфискеленіп, ішіндегі жастар.

*Шал:* - Олардың мақсаты қаруланып алып, дайындалып алып, барлығының мақсаты Қытайға өту.

*Е.А.:* - Сол кездегі жинап жүргендері кімдер?

*Шал:* - Сол кездегі бетке ұстарлар.

*Е.А.:* - Сосын мына халыққа іріткі жасайды ғой, жұмыс істетпейді, колхоздарды ыдыратып, сол іріткі жасайды ғой.

*Шал:* - Жарма ауданында атақты Жапар дейтін бандит болды. Басшы. Ол да сондай дайындық жасады. Оның да талай уақиғалары болды.

*Е.А.:* - Оған да сіз қатыстыңыз ба?

*Абзал:* - Мен өзім Жарма ауданында істедім ғой содан кейін.

*Е.А.:* - Содан кейін қай уақытта кеттіңіз Қарауылдан.

*Абзал:* - 1932-ші жылы. Сосын ауыстырып жіберді ғой мені.

*Е.А.:* - Шөкөрімнің уақиғасынан кейін бе?

*Абзал:* - Шөкөрім уақиғасынан кейін.

*Е.А.:* - Ал енді Шөкөрім уақиғасынан кейін, бұл енді біздің қазақтың кекшіл жағдайы бар ғой, олардың туыстары, немерелері Сізден көріп, соңыңыздан түсіп, қайрат білдірген болды ма, Құнанбайдың тұқымдары?

*Абзал:* - Жоқ. Ешқайсысын білмеймін. Содан Бердеш Қытайдан келіп, осы Алматыда болған.

*Е.А.:* - Шауып жүргендердің ішінде ол да болды ма?

*Абзал:* - Ол да болды.

*Е.А.:* - Зият та бар ғой.

*Абзал:* - Зият та бар.

*Е.А.:* - Қашып кеткендердің ішінде ғой..

*Абзал:* - Сол бетімен олар Қытайға өтіпті. Бізден құтылып кетті ғой.

*Е.А.:* - Ал енді Құнанбайдың тұқымдарынан сол кезде сіздермен бірге жүргендері болды ма?

*Абзал:* - Жоқ, ешкім де болған емес тұқымынан.

*Е.А.:* - Ал, енді Жұмағали ше?

*Шал:* - Жұмағали ол бір кедейдің баласы, саятшы, бүркітін ұстап, қаршығасын ұстап, оны күтіп.

*Е.А.:* - Бірақ енді сіздерге кедей болғасын шығып жүр ғой.

*Абзал:* - Біз оны керек қылып, біз ертіп жүрміз.

*Е.А.:* - Шақырып алып.

*Абзал:* - Тауып алып. Сосын енді өлгі Шақпақ тауы өзінің аң аулап жататын үйі бар дедім ғой. Оның өз тарихы да қызық.

*Е.А.*: - Сол жерін айтыңызшы, тарихы болса?

*Шал*: - Ол үйді бір бұлақтың басынан салған. Бұлақ фонтанның атып тұратын бұлақ. Кіріп барғанымызда ұзынша кішкентай коридоры бар. Коридордың ана бұрышы да тұғыр, құстың санғуыры (құс байлап қоятын жер) кіргенде бір комнатада, сол жерден жағылады, соның пешін өзі басқарып салдырған дейді, сол үйдің іргесін, соның пешін өзі басқарып салдырған дейді, сол осы үйдің іргесін жағалап отырып, сонда осы түтін жүретін трубаның үстінен барлығы тауаша, ал ортаға қойған столы жалпақ.

*Е.А.*: - Тауаша - дегеніңіз полка ғой.

*Абзал*: - Полка.

*Е.А.*: - Сонда кітап толып тұра ма?

*Абзал*: - Жоқ, бір де кітап жоқ, сонда ол бір тұғырға өзі істеген дейді.

*Е.А.*: - Шебер ме екен.

*Абзал*: - Шебер, өзі темекі тартады.

*Е.А.*: - Ол кісі насыбай салмайды ғой.

*Абзал*: - Жоқ. Темекіні ширатып махорка сияқты темекі, соның сауыты өзі қолынан жасаған, бір жерінде орайтын қағазы тұрады, бір жерінде сіріңкесі тұрады, мұнда темекі салатын құты, соны өзінің қолынан жасаған. Менімен әңгімелескенде, алғашқы таудың үстінде кездескеннің өзінде темекі ширатып тартып отырды. Сол темекіні былай ақ қағаз алады да, бір қолымен былай, ширатып салады. Содан соң көдімгідей темекіні салады да, тартады.

*Е.А.*: - Бұрыштап ширатады ғой.

*Абзал*: - Бұрыштап ширатады, бір қолымен салуы да ғажап, сауыты да ғажап. Енді өлгі бүркіттің тұғырында бір тиекті бұрасаңыз, құстың алдына жем беретін сапты аяқ шығады. Енді бір тиегін бұрасаңыз, одан бүркіттің тұмағасы онық өлгі әртүрлі, бір сондай керекті кішкентай-кішкентай саймандар шығады. Осының бәрін өзі жасаған дейді Жұмағали. Мына стол ортадағы, бір жалпақ тас, ол кісінің өзі әуелден жаратылыстың өзін пайдаланған ғой. Осы орындығы да, столы да тас, жалпақ тас.

*Е.А.*: - Соның айналасына салған ғой үйді.

*Абзал*: - Айналасына салған.

*Е.А.*: - Ой, Алла-ай!

*Абзал*: - Не керек, ғалым адам, бірақ...

*Е.А.*: - Көбін сол үйде өткізеді ғой, шамасы.

*Шал*: - Нағыз құс салатын жері. Тамақ пісіретін жері де бар.

*Е.А.*: - Қызық екен, көргендеріңіз. Сіз анау, Шөкәрімнің үйіңізде болғаны есіңізде қалды ма екен, әлде қалмады ма екен? Бір сөтке жатты ғой, мысалы, бүгін кешке қарай келді, ертең түске қарай аттандырдыңыз ғой. Иә, шай-қантын, оны-мұнысын беріп, сонда сол шай-қант беріп жатырсыз, отыз бірінші жыл қиыншылық қой. Әрине, ол үлкен байлық қой. Әрине, қоржынымен жинап жүр ғой. Иә, соны тастап кетіп жатқан жоқ. Сонда қуаныш білдіріп рахмет айтты ма?

*Шал*: - Сондай жалпылдамайды.

*Е.А.*: - Ойпыр-ай, қатты кісі екен.

*Абзал*: - Жалпылдамайды. Енді қанша халықтың алдында істеліп тұрған нәрсе ғой. Және мен оны біреуден именіп, ол уақытта кімнен именем. Райком Омарғазин мен менің айтқаным болған заң. Прокурор қолымда. Сонда халықтың алдында сый-құрмет көрсетіп жеткізіп салдым. Үлкен қате істеді. Сол менің айтқан пікірлеріме сенбеді ғой. Мен оны көшіріп алатын едім, үй де беретін едім. Ол мүлде сенбей отыр ғой.

*Е.А.*: - Сізге сенбей отыр ғой.

*Абзал*: - Сенбей отыр. Тіпті соның еңбек істеуге құлқы жоқ.

*Е.А.*: - Құлқы жоқ қой, үкіметке құлқы жоқ қой. Ал мынау, әлгі сол жатқанда өзінің шығармаларын жатқа білетінін айтып көрді ме? Былай.

*Шал*: - Енді, оның бәрі жадымда жоқ. Сіздің қай бір жігіттер, тым қымбат кимесек, мақтанышын борыш қып үсті-үстіне үймесек те, дегенмен домбыраға әнге қосып айтып жүрдім бала күнімде, ал енді айтып жүргенім өлеңмен «Қоңырау шылдыр, түйме белдер» деп келтіретін.

*Е.А.*: - Ол кезде жеңгей жас ғой, осы кісі ме еді.

*Абзал*: - Кейін қайтыс болған.

*Е.А.*: - «Келін, шырағым, үлкен рахмет, көп қызмет еттің» деді ме кетерінде.

*Шал*: - Жоқ. Ештеме де деген жоқ. Ештеме де деген жоқ.

*Е.А.*: - Көрдің бе, ана ар жағында, мүлдем зіл жатыр ғой. Қатайған тас болып.

*Абзал*: - Біздің екеуіміздің үстімізге менің әйелімнен басқа ешкімді кіргізбейді.

*Е.А.*: - Балалар бар ма еді ол кісіде?

*Абзал*: - Жоқ, бала жоқ. Менің үйленген кезім.

*Е.А.*: - Өлгі сіз көрген кезде, кейін өлер алдында көрген кезде сақалын күзеп тастаған екен дедіңіз ғой.

*Абзал*: - Сақалын күзеп тастаған екен. Баяғы өзім көрген сақалы қайда сол төгіліп тұратын. Жібек сақалы бар еді төгіліп тұратын, төсінен төмен түсіп тұратын. Сөйлегенде сақалын, тарап отырып оң қолымен сақалын тарап, сол қолын саусағының үстіне жайып қойып, соған қарап сөйлейтұғын. Солай бүйтіп отырып. Ал мен сол басын көтеріп, басында ақ елтіріден тымағы бар, оның сыртында жетейі бар.

*Е.А.*: - Жетей деген не?

*Абзал*: - Оны балбай дейді Ұлытау жағы. Қалпачек дейді оны орыстар.

*Е.А.*: - Үстінде түйе шекпені болар.

*Абзал*: - Түйежүн шекпені бар.

*Е.А.*: - Төгілген кең болады ғой ол кезде үлкен кісінің киімдері.

*Шал*: - Кең.

*Е.А.*: - Аяғында саптама етік болар.

*Шал*: - Сол сақалын күзетіп тастапты, төрт елідей дөңгелетіп. Осы Қазақстанда әдебиет бетінде басылып шықты. Өлгі революция еткен кезде Мұқаң бірнеше шумақ өлендерімен басып жіберді. Сонда сол суретін берген, қазір ол менің қолымда. Жасырақ кезі-ау деймін, тым сақалы қара екен. Онда сақалы да жай ғана, сыпайы сақалы бартұғын.

*Е.А.*: - Ал енді жасы жөнінде менің мәліметім былай. Абайды 1904 жылы өлген дейді ғой. Сонда тірі болса 1931 жылы 86 да, бұл Абайдан шамасы 10 жас кіші болуы керек. Сонда сізбен кездескенде 75—76 - да деп шамалаймын мен.

*Абзал*: - Мен 80-ге келген деймін.

*Е.А.*: - Анықтама алғанға дейін сіз Шөкәрім туралы әр жерде әңгіме айтып, не болмаса бірдеме жазып көрген жоқсыз ба? Одан бұрын Шөкәрім туралы бір әңгіме есіткен, өзіңіз әдебиетке жақын адамсыз, өзіңіздің пікіріңізді айтып жүрген жағдайлар болды ма? Ай, оның ақындығын не қыласыз, ол өзі жау емес пе деген сияқты?

*Абзал*: - Жоқ, ондай мәселе болған емес, бірақ мен өлгі олардың личный өздерінің қарақан бастарында үлгі көп қой. Өлгі

келбегі жайында, мінезі жайында, Содан соң қолынан өзінің тасын стол ғып, тауын үй ғып, осылай жасап жүргенін мен кей жерде әңгіме ғып айттым. Ал, бірақ та ол кісі жайында мен ешбір уақытта жамандап сөз сөйлеген емеспін.

*Е.А.:* - Ал өзіңіздің сол уақытта қолыңыз да тиген жоқ қой. Бір жылға жетер жетпес сол Қарауылға, ол кезде қол тие ме, жас кезіңіз, әдебиетке бейімсіз, өзіңіз де бірдеме жазып жүрсіз, Абайдың, басқа ақындардың сөз арнаған жерлері, сондай-ақ, соларға құлақ түріп жүрдіңіз бе Қарауылда жүргенде.

*Абзал:* - Мен ондай жағдайға келе алғам жоқ. Бандысыз қызметім болған жоқ. Ақыры, ол Шәкәрімнің өлімімен тынды. Одан кейін, мені, ол ауданға тұруға болмайды деді де, Жарма ауданына жіберді. Мен тіптен халқын еркін біліп те болғам жоқ.

*Е.А.:* - Жарма ауданында ОГП-нің начальнигі болдыңыз ба?

*Абзал:* - Иә, ондай жағдайға келгем жоқ ғой, халқымен араласып, әңгімелесіп только Бердауси деген кісімен әңгімелестім. Фамилиясын ұмытып қалдым. Өзі мұғалім.

*Е.А.:* - Оқыған кісінің атын қойған ғой, шамасы, оқыған адам ғой.

*Шал:* - Көкбайдың бейітін құралық деп Мұқыр, Көкбай мешітін көремін деп, Көкбай жайында барғанында, Бердауси деген кісі кездесіп, біразырақ сонымен әңгімелестім, бер жағым әңгімелескенмен, әр жағым қай кезде қампитып, қай кезде жалпитып кетеді деп. Милицияда істейтін бір адам түрмеден бір кісіні әкетіп бара жатқанда, соның Семейге қарай, соны атып тастаған. Дәл маңдайынан өзінің винтовкасымен. Енді ол бір алпарыс, толқып тұрған уақыт қой, бір бағытқа көшпеген. Халықтың оңға басуынан, солға басуы күштірек. Иә, өйткені байларды қуғындағаннан кейін, ол әрине, жақсы атақты бермейді ғой.

*Е.А.:* - Одан кейін Қарауылға барып көрген жоқсыз ба?

*Абзал:* - Одан кейін барып көргем жоқ, бір соғып өттім. Айтмұрзаның үйіне бір түсіп аттандым.

*Е.А.:* - Айтмұрза деген кім?

*Абзал:* - Айтмұрза деген өзіммен қатар жатып атысқан, бейіттің түбінде, Төлепбаев деген. Қазір бар болуы керек.

*Е.А.:* - Сол Қарауылда тұра ма?

*Шал:* - Басынан оқ тиіп ауырды, бірақ жазылды. Мен енді араласатын жағдай болған жоқ.

*Е.А.:* - Былтыр мен бардым. Қарауылға әдейі. Абайдың басына барайын деп, Жидебай деген жиырма шақырым жер екен. Абайдың бұрынғы қыстауын жақсы көтеріпті, музей жасапты, алдына сол отырған, тұрған жерін, шошаласын келтіріп, бұрынғы сол Абайдың, сол бейітінің жанында туыс-тұқымдары жатқан көрінеді.

*Абзал:* - Шөкәрімнің бейітін де жаңартыпты ғой.

*Е.А.:* - Анадайда жатқан көрінеді. Шөкәрімнің бейіті жұпынылау енді, балалары істесе керек, «Шөкәрім» деп астына тас қойыпты. Барған бетте оң жақта бір 100 метр жерде, Абайдың қосынан оң жағында. Сонымен, сіз Шөкәріммен кездескеніңіз, сол әлгі Алматыға Нұрымбекке алып барғанда ғой.

*Абзал:* - Шөкәрімнің өңгімесімен кездескенім сол. 1959 жылы ЦК шақыртты ғой. Осы сияқты Қарасартов деген құртқан Шөкәрімді, атып тастаған деген ғой. Біреуі - Оспанов Зейнолла, біреуі - Абдырайым Шарабаев екеуі комиссия келеді дегенде бұрып берген ғой.

*Е.А.:* - Сол екеуін шақыртып алған ғой.

*Шал:* - Шақыртып алыпты.

*Е.А.:* - Сонда олар көзіңізше айта алмады ғой.

*Шал:* - Иә, біреуі жығылып қалды. Мені көргенде Шарабаев шалқасынан түсті. Енді жоқ, болған жоқ. Әуелде алдырғанда өздері қауіптеніп келген ғой.

*Е.А.:* - Бұрын жобасы бір жауап берген ғой.

*Абзал:* - Енді тергеу үстінде бұрынғы жауапты өзгерткен ғой.

*Е.А.:* - Бұрынғы, баяғы тергеу ғой.

*Шал:* - Иә, ол архивте жатыр ғой. Қайдан білсін оны олар.

*Е.А.:* - Сіз айттыңыз ғой, бұрынғы айтқандарың архивте жатыр, сендер не деп беріп жүрсіңдер, мен өлтіріп пе едім, естеріңде ме? Келген бетте?

*Абзал:* - Иә, олардың өтірігі өрге баса ма?

*Е.А.:* - Екеуі келді ғой Семейден, осы жерін айтыңызшы, анау кабинетте кездесті ғой.

*Шал:* - Мен капитан Қаратабановтың кабинетінде отыр едім.

*Е.А.:* - Қаратабанов қазақ жігіті ме?

*Абзал:* - Қазақ жігіті. Отыр едім, сосын шақыртты Абдырайым кіріп келді. Қасында бір бала ертіп жүр.

Е.А.: - Сізбен шамалас па, үлкен бе?

Абзал: - Үлкен менен. Өзі де қартайыңқырап қалған. Енді Содан соң жаңағы, маған жалт қарады да...

Е.А.: - 1959 жылы жассыз ғой, 51-десіз ғой.

Абзал: - Сол сандалып құлап қалды.

Е.А.: - Сізден бір он шақты жас үлкен шығар.

Абзал: - Үлкен, сосын ол дұрысын айтты, мұны барлығын жасаған Мұқтар. Мұқтар алты ақынды елге шығарып, Шөкәрімнің өзінің Ахат деген баласы, Тастақ деген жерде тұрушы еді, мұғалім.

Е.А.: - Тастақ деген, сол Қарауылда ма?

Абзал: - Жоқ. Алматының қатарында, Қаскелеңде сонда тұрған. Сол Ахаттың жүргені, осылай. Қарасартов жер бетінде жоқ. Ол әлдеқашан құрыған. Комиссия келейін деп жатыр. Шөкәрімді ақтайын деп жатыр, сендер Қарасартовтан қорқатын дөнеңе жоқ, жауаптарыңды түзеп беріңдер, кешегі қажыны тірілтіп алатын болдық деп соқпай ма? Алты ақын шыққаннан кейін жанын қоя ма, оның ішінде Семейдің атақты Нұрлыбегі бар.

Е.А.: - Иә, иә.

Абзал: - Ол сол бәрін де бұзып, бұрмалап берген ғой.

Е.А.: - Содан кейін Зейнолла келді ме? Сол күні келді ме?

Абзал: - Сол күні екеуін бірге өкелген ғой.

Е.А.: - Әуелі оңаша кірді ме?

Абзал: - Зейнолла оңаша кірді. Ол біткеннен кейін ананы өкелді, Зейнолланы. «Қалай, Зейнолла, аман сау жүрсің бе», ол қолын бере алмай, маған амандаса алмай, жаза басам деп тұр ма, ұмытып қалған сияқтанып тұр ма? Енді тілі шықпай қалды. Үні шықпай, тілі сөзге келмей қалды. Енді мен: «Зейнолла, қалай аман-сау жүрсің бе, сен айтшы не дедің, Шөкәрімге оқ тиіп, тор атпенен келіп, кереге тастың сорының бетінде құлағаныңда сен емес пе еді қасымдағы, немене істедің, сосын осының бөрінің хабарын алып ауданға барған шапқыншы да сен емес пе едің. Не дедің айтшы?» Сосын айтты: «Осылай алты ақынды шақырды, Москвадан союзный прокуратурадан адамдар келіп тексерді. Тексергенде, сол жауапты былай беріңдер, былай беріңдер деп, Содан соң мен бұзып бердім» - деді.

Е.А.: - Әйтеуір, әй, байғұстар!

Абзал: - Енді Қарасартов атты деп айта аласың ба? - дейді

ғой. Енді Қарасартов тегін бе. Следствия отделінің бастығы. «Айта алмаймын. Білмеймін» - деді. Енді одан басқа не дейді.

*Е.А.*: - Сонда олар Шөкәрімнің жазығы жоқ еді ғой, жай атып тастады дей ме екен.

*Абзал*: - Жазығы жоқ еді, аң аулап, тауда жалғыз жүр еді, Қарасартовқа кездесіп, Қарасартов намаз оқып отырған жерінде атып тастапты деген.

*Е.А.*: - Осылай деп естідік қой, бәріміз де?

*Абзал*: - Иә, міне, осылай деген. Қай жерде мен жалғыз жүріппін? Мен өзім бір көруге құмар болып жүргем.

*Е.А.*: - Ойпыр-ай, ай!

*Абзал*: - Иә, осындай хайуандық бола ма?

*Е.А.*: - Масқара-ай. Ал енді осы сөзді барлығы айтып жүрген.

*Абзал*: - Сол менің өзімнің еңбегімнің күні бүгінге дейін іске аспай келе жатқаны.

*Е.А.*: - Міне, жиырма жыл бойы осы әңгіме сізге ілесіп келе жатқаны.

*Абзал*: - Кейінгі жазған еңбегім де жатыр. Екі чемодан. Архивім, Содан соң кейінгі жазған өлеңдерім қандай болады деп жіберсем, оған жауап келеді, сіз ақын емессіз деп жазыпты біреуі.

*Е.А.*: - Енді сізді білмейтін әдебиетшілер жоқ, қазір есіме түспей отыр, кейінгі варианты бар ғой, намаз оқып отырған жерде атқан деп. Дәл солай дейді.

*Абзал*: - Солай деп шығарған ғой.

*Е.А.*: - Анау әлгі алты ақынның таратқан лақаптары ғой, сол бойымен қалған.

*Абзал*: - Сол бойымен қалып отыр. Документті мықтап жіберген ғой.

*Е.А.*: - Енді кейін, мына, кейінгіні ешкімге жариялаған жоқ, жұртқа сол бойымен дақпырттап отыр. Мынау, әлгі Абдырайым мен Зейнолла бар ма екен, әлде өлген шығар.

*Абзал*: - Кім біледі, Абдырайым өлді деп естідім ғой. Тауда аң аулап жүргенде, далада өліп қалыпты дейді. Ал, Зейнолласын білмеймін.

*Е.А.*: - Ал үшеуің де сол арадан тарасып кеттіңдер ме? Шығып былай кездеспедіңіздер ме?

*Абзал*: - Жоқ, кездескеніміз жоқ.

*Е.А.*: - Тарасып кеттіңіздер ме?

*Абзал:* - Сол жерден олар тарап кетті. Мен өзім бір кабинет архивті тексеріп, барлығын қарап, содан соң енді онда менің жазып бергенім де жоқ. Енді беттестірді ғой. Солай деп, Арыстанбеков пен Жанділдинге ЦК-ға баруға, жол қаражатын бер, ренжітпе, қайтар деді.

*Е.А.:* - Анау Қаратабан жігітпен кездескен жоқсыз ба?

*Шал:* - Жоқ. Кейін кездесе алмадым.

*Е.А.:* - Қызық екен? Сізге шынында да, жайдан-жай...

*Абзал:* - Ал енді анау Шөкәрім ол дүниелік болып кетті ғой, ол - өлі аруақ, мен - тірі аруақ. Екеуміздің арамызда бір иненің жасауындай қастық жоқ. Тек қана сырттан осылай пішіп, өлшеніп жасалып келеді. Бұл енді менің мына жасым келгенде маған оңай мәселе дейсіз бе?

*Е.А.:* - Оңай мәселе емес.

*Абзал:* - Маған бір бітпес жара.

*Е.А.:* - Бітпес жара.

*Абзал:* - Ал енді менің байлық еңбегім, ең кемінде, II том болып шығады. Фельетондарым да бар, күлдіргі-сықақ, сол барлығын қосып, сол төңкеріске дейінгі өзімнің көрген кедейлігімді, жалаң-аяқ, жалаң бас, көрген көрешегімді, соның күллісін басса, екі том болып шығады. Мәди туралы да жаздым мен. Енді ол, Мәдидің мәселесін көтеріп жүрген кезі де, енді керек-ақ материал. Соны баспады ғой.

*Е.А.:* - Мәди туралы қандай пікіріңіз? Мәдимен кездестіңіз бе?

*Абзал:* - Мәдимен кездестім. Мәди үйімде болды. Әкеме келді. Сонысын мен жаздым.

*Е.А.:* - Ол кезде жассыз ғой, Мәди 1931 жылы өлді дейді, онда 13—14 жаста боларсыз.

*Абзал:* - Баламын мен, ойнап жүрген жерімде үш ақ боз атпен жалаңдатып, Түйеасу деген асудан шыға келгенде, мен асық ойнап жүр едім.

*Е.А.:* - Сонда, екі атты жетегіне алған ба?

*Абзал:* - Жоқ. Жолдасы бар. Екі жолдасы бар. Үшеуі де боз ат мінген, қара ер тоқым. Ол қара торы, жауырыны қақпақтай, екі көзі үніректеу, келбетті адам. Әдебиетке де, әнге де құмар әкем жасап берген ақ домбыра анадай жерде тұр еді.

*Е.А.:* - Әкеңіздің аты Қарасарт па?

*Абзал:* - Әкемнің аты Ғабдолла.

*Е.А.:* - Атаңыз ғой Қарасарт.

*Абзал:* - Қарасарт өкем, Ғабдолла да өкем. Денелі қара кісі екен, соны бір жеңгесі Қарасарт сияқты деп атамай ма. Домбыраны тартып, өзінің өлеңдерін айтты. Өкем: «Қарағым, даусыңды естірт. Бұл келгеніңе рахмет, бақытты бол, ризамын. Даусыңды естірт» дегенде, сонда, сол Мәдидің сол айтқанын домбырамен айтатын болып, мен де үйреніп алдым. Сонда жақындай, жақындай дәл алдына бардым. Сосын: «Көке, бұл үйде домбыраны кім тартады?» деді, өкем өзі домбырашы кісі еді, өзім тартам қарағым. Сосын мына бір қарасирақ ұлшығым бар, осы тартады» деді. «Ән айта ма?» деді. Айтады деді. Содан соң мен әлгі «Қайтер еді жігіттер, тым қымбаттан кимесең, үсті-үстіне борыш қып», Шәкәрімнің бұл өлеңін және екі-үш әнді айтып бердім.

*Е.А.:* - Даусыңыз жақсы ма еді?

*Абзал:* - Жақсы еді дауысым. Қайта айтшы, тартшы, тағы бір ән айтшы деді. Айттым. Содан соң Жәкеңнің бір марқасын сойып, күн қайтардық. Мәкеңнің берген заказы өзіне бір қисық табан етік.

*Е.А.:* - Сонда әкеңіз етік тіге ме?

*Абзал:* - Өкем етікші еді. Бір саптама етік, бір галош, бір кебіс, бір мәсі голошты, мәсіні, кебісті, әйеліне Ғазыйға деп заказ берді. «Осыны, Көке, жақсылап істеп берсеңіз, мен өзім кейін кісі жіберіп, хабарласам» деді. Келгені сол әкеме сәлем берем деп, әдейі келді. Мен өзім анау Мәдиді шығарғанда кім жазды ұмытып қалдым.

*Е.А.:* - Мәдиді Бектасов Әшімбек, содан соң Найзағай деп Әбішев Әлжаппар жазып жүр ғой. Мәди туралы осында осы кітаптар менде бір жерде бар.

*Абзал:* - Ол сурет маңайламайды, сопайған бір қара кісі.

*Е.А.:* - Сурет болғанда басқа біреудікі шығар жапсырған.

*Шал:* - Басқа біреудікі. Мен енді анық білемін. Мен егер художник болсам, сол Мәдидің түрін ойыма алып отырып, соны салып берген болар едім. Бірақ мен суретші емеспін. Жадыма сақтағаным сондай. Осы Мәди туралы бір өлеңімді бастадым. Мәдидің жинағы шығады дегенде сондағы жазғаным.

*Е.А.:* - Соның бәрі осы Шәкәрім мен сіздікі.

*Абзал:* - Өзім анық білемін. Еске алсам.

*Е.А.:* - Әдебиетшілердің бәрі сіздің атыңызды атаса болды, Шәкәрімді өлтірген дейді, ой, Алла-ай?

*Абзал:* - Ал енді мен шын азаматтық ары ма, адамгершілігіме, мен не бір төрт аяқты ит болғым келмейді, сол адам қалпымда екі аяғыммен жүріп, келген ажал болса күтіп алсам деймін, сонда менің арманым, осы адалдығыма, адалдығын айттайын, осыны органға, ЦК-ға ойымды жаз деді, осы әңгімені мен сізге қалай айттым, осылай жаз деді. Осылай жаз дегенде мен Шөкәрімнің еңбегінің дүние жүзіне шығуына қырсық жасайды-ау деп жазбадым. Осыған наныңыз.

Менің бір сұрайтыным: Мен адалмын. Адамгершілігім бойымда. Сол, осыны мен жазбадым. Рамазан мен әйелін өлтірді деуге тілім бармады. Шалабаев Олжабайды балталап өлтірді дегенге менің тілім сөзге келмей қалды. Сондықтан, мен соны жазып берер едім. Әйтпесе мен өз басымды өзім ақтау үшін мен баяғыда жазған болар едім. Жазып бере аламын ғой, осы айтқанымының бәрін және түптен ештеңе қалдырмаймын ғой.

*Е.А.:* - Әрине.

*Абзал:* - Мен осы, бірақ та меніменен сөйлескен, меніменен осы өзіңіз сияқты әңгімелескен ешкім болған емес.

*Е.А.:* - Ол енді, дегенмен, Шөкәрімнің енді аналарды өлтіруі өз қара басының жауы бұл емес шығар, бірақ енді Шөкәрімді олар ту етіп ұстап отыр ғой, олар енді. Шындығында, олардың бұзақылары бар ғой әртүрлі.

*Абзал:* - Шөкәрімнің өзі шаппасын ел көрмейді және де шаппайды, мен айтып отырмын ғой, өлгі мені жібергенде, ол авторитет деді, ол авторитет тек қана Қазақстанға емес, бүкіл жер жүзіне деуге болады. Маған соған ие болсаң болады деді, ғой. Осы сөз жетіп жатыр ғой.

*Е.А.:* - Жетіп жатыр.

*Шал:* - Осы сөз жетіп жатыр.

*Е.А.:* - Телегей-теңіз тарих та Ботакөздің сөзіндей деген сияқты, біраз тарих қолда. Ойпыр-ай, Құнанбайдың тұқымынан сол Шөкәрімнен үлкені жоқ қой ол кезде. Шөкәрімнен атақтысы.

*Абзал:* - Жоқ.

## ЖАЗҒАНЫ ЖАЗИРА, АЙТҚАНЫ АҢЫЗ ЕДІ ҒОЙ

Сәбит ағамызға байланысты қатты бір ұялғаным есіме түседі. 1958 жылдың күзі еді, шамасы октябрь айы болар. Қазақ кен-металлургия институтында (қазір политехника институты) директордың (қазір ректор дейді ғой) оқу жөніндегі орынбасары едім. Директоры кейін атақты академик Байқоңыров Өмірхан Аймағамбетұлы болатын. Бұл кісі тұйықтау, шешіле сөйлеуге онша шебер емес, істен тыс нәрселерді өңгімелесуге барыңқырамайтын еді. Осы мінезі Жезқазғанда кен инженері қызметінде кезекші маманнан шахталар басқармасының бастығына дейін өсіп, кен ісінен басқаға мойын бұрмағандықтан болар деп те ойлайтынбыз. Бір күні Өмекең мені шақырды да: “Студенттер Сәбит Мұқановтан біздің институтқа келуін өтінген екен, ол кісі бүгін келуге уәде беріпті. Жиылысты мен өзім ашып, Сәбеңе сөз бергенім ылайықты шығар. Бірдеме деуім керек қой. Не айтқаным дұрыс болар екен?”, - деп қалды. Мен өзімді білгішпін деп санап жүретін жасырақ кезім, Өмекеңе Сәбең туралы білгенімді жамыратып айтып жаттым. Өмекең ұйып тыңдаған сияқты болып отыр, мен шамамша төгіп отырмын. Біраздан соң, ол кісі: “Рахмет, осы айтқаның жетер!” - деді. Мен ойымда ештеңе жоқ, кілт тоқтадым да, ардақты жазушыны қарсы алудың басқа мәселелеріне көштім, содан соң Өмекеңнің тапсырмалары жабдығын орындауға шығып кеттім. Институттың залы ол кезде кішкентай еді, екі жүздей-ақ кісі сыятын, лық толып кетті, түрегеліп тұрғандар да көп. Залдың тура сахнасына кіретін есік жоқ еді, Өмекеңмен бірге кірген Сәбеңді жастар есіктен төрге жеткенше түрегеліп, ду қол шапалақтап қарсы алды. Төрден үлкен қонағымыз орын алып болған соң, Өмекең орнынан тұрды да, өзінің қарапайым ғана дауысымен: “Жолдастар, бүгін біздің ауыл үлкен қуаныш үстінде. Ардақты жазушымыз, совет қазақ әдебиетінің ірге тасын қалаушылардың бірі Сәбит Мұқанов келіп отыр”... - деп еді, жастар тағы да ду қол шапалақтады. Өмекеңнің “біздің ауылда”, “іргетасын қалаушы” - деп байырғы, ұтымды көркемдік бояуы бар сөздерді қолданғанын естіп, құлағым селк ете түсті; мұндай сөздерді ана тіліне тым жетік адам қолданбақ, мейлінше зер салып тыңдай қалдым. Тыңдасам, Өмекеңнің сөйлеген сөзінде бағанағы менің өзімше үйрете, дөттете айтқан деректерімнің бірі де жоқ. Сәбит

ақсақалдың творчествосы, өмір кезеңдері, кітаптары жөнінде қарапайым ғана, құлаққа қонымды сөздермен көптеген мәліметтер келтіріп, ол кісінің туған әдебиетіміздегі орыны ерекше екенін дәлелді пікірлер арқылы тұжырымдап жатыр. Өз мамандығындағы ғылым екшеулері сияқты, артық сөз жоқ, ұғымнан ұғым туғызып, ойларын бытыратар емес. Құлағыма дейін қызарып кеткен шығармын деймін, өз мамандығынан басқаға мойын бұрмайды деп есептейтін ағаның ісі осылай болып шықты! Мен шіркін ғой, бағана бұл кісіні мейлінше үйретіп бақтым. “Рахмет, осы айтқаның жетеді!” - деп кілт тоқтатуында астар бар екенін де сезбепмін. “Өзім білгенді ешкім білмейді”, - деген топастық осындай болар деп, жерге кіргендей болып отырып, Өмекеңнен де, Сәбеңнен де (“көп білемін деп күпінген нандының бірі екенімді бұл кісі де сезбейді дейсің бе” - деп қоятын сияқтымын) ұялғаннан төмен қарап, жазушы ақсақалды әбден шығарып салғанша, ешбір жайым болған жоқ. Ертеңіне таңертең Өмекеңнің кабинетіне барып, ұятты белге буып, кешірім сұрап отырмын. Шынымды айтып отырмын. Өмекең құлағына дейін қызарып, сақылдап тұрып күлді. Ол кісі қатты дауыс шығарып сирек, тек ерекше бір мез-мейрам болғанда күлетін еді. “Уай, батырым-ау, Сәбиттің өмірі мен жазғандарын білмесе, ата-бабамыздың жерін басып несіне жүрміз? Ол кісінің жазғаны әрбіріміздің көксегеніміз емес пе, көкейкесті арманымыз бен мақсатымыз емес пе? Қала берді, тіпті өміріміз ғой. Сәбит сияқты, бақыршы бала болмасақ та, Сәбит көргеннің біразын біз де көрдік, Сәбит партия мен совет өкіметі арқылы адам болса, біз де, шамамызша, Сәбең құралыптас кісілердің соңынан еріп, әрекет жасап, талпынып жүрміз ғой... Біз Сәбиттің “Сұлушашын”, “Қыз Жібек”, “Алпамыс”, “Қамбар батыр” қиссаларымен қатар ауылдың ақсақалдарына термелеп, дауыстап оқып, оларды Алтай мен Сұлушаштың тағдырын ойлатып, кемсеңдетіп, тыңдатып өстік қой... Бір күні Қарсақпайда бір ағайынның үйіне барсам, әбден мұқабасы ұстаудан желінген, қағазы ескіріп болған бір жуан кітап жатыр екен, оқысам - “Жұмбақ жалау”. Бұрын көрмеген, естімеген кітабым, әке-көке деп сұрап алдым. Көп жолдастар кезекке тұрып оқығанбыз. Сәбит ағамызды көсемімізді атпен теңедің деп жазғыратын кездер де болған. Ол мынадай жағдайдан туған: “Жұмбақ жалаудың” басты кейіпкері Асқар Мәскеуге жиналысқа барып, Сталинді көреді.

Біздің қазақтың әдеті ғой - әрбір әсерлі көріністі бейнелейтін мақал таппай отыра алмайтын. Сонда Сталинді көріп “Пай-пай, ат ерінді, ер мұрынды болсын” - деген осы екен ғой десе керек. Топастар осыны Сәбитке саяси қателік жапсырмақ болған ғой... “Адасқандарды” айтсаңызшы - Бәтестің сыры мен Бүркіттің сырын білмейтін жас менің тұсымда аз еді. Шынын айтса, біздің дүниеге, жаңа заманға, игі болашаққа көзқарасымызды шыңдау жолындағы Сәбиттің ықпалы ерекше еді ғой”... Өмекең осы сөздерін сондай бір жүректен шыққан тебіреніспен, дидарласу ретіндегі әуенмен айтып отырды. Мен де Сәбит Мұқановтың жазғандарын оқығам сияқты, олардан мейлінше мол әсер алған сияқты пенде едім, бірақ, байқап отырмын, Өмекеңнің ойы мен әсерлерінің кей жерлері менің бойымдағыдан терең жатқандай... Енді қазір ойлаймын - жаңа өмірдің жаршысының әсері соңынан іле-шала шыққан Өмекеңдерге, дайынға келген біздерден гөрі, ықпалдырақ болды ма екен, әлде қалай, - деп...

Жазушының ұрпақтарына қалдырған дәулегі мен мұрасы, әрине, шығармалары. Бірақ, жазушылық дегеніміз көркем өнердің ерекше саласы. Мұнда шын жазушы қаламгерлік перзенттері арқылы сыры мен пиғылын мейлінше кеңінен ашады, өз бойындағы ойлары мен армандарын тереңінен шертеді, дүниеден алған жан әсерін түбегейлі ақтарады. Әрине, жазушының ішкі-сыртқы сипатын жазылған кітаптары арқылы, архивтен шыққан қолжазбалары мен деректері арқылы анықтауға болады. Бірақ, әдебиет тарихы осының өзінің үлкен жазушылар үшін жеткілікті екенін де дәлелдейді. Әрбір оқушы өзі сүйген, өзіне ұнаған кітаптардың авторының жеке өмірін бүге-шігесіне дейін білуге ынтық. Тоғышарлық құмарлыққа еріп, біреудің кем-кемтігі мен кір-қоңын ақтару үшін емес, ұлы шабыт адамының творчестволық импульстарының шыққан жерін, көз бұлағын айырып табу үшін ынтық. Сондықтан, Сәбит Мұқанов сияқты жазушының ұрпақтарына әрбір басқан ізі, әрбір айтқан сөзі қымбат. Амал нешік, қатар жүрген адам жанындағы дананы өмірі жете бағалап көрген емес. Ол да өзің сияқты адам, айтқанына құлақ салсаң да, сол естігеніңді жадыға тоқуға, сұм дүниеге айналып дегендейін, шорқақ келесің. Павлодар облысының Сәтпаев совхозында Қаныш Сәтпаевтың Әкімтай деген ағасы тұрды. Сол кісіге Қанекеңнің балалық шағы жөнінде не айтасың деп, журналистер барса керек. Со-

лардың біреуіне қу тілді Әкімтай: “Уәй, не деп отырсыз, Қаныш өзіміз сияқты бала болатын, асық ойнайтын, доп тебетін, ұрысып-төбелесіп қалатын. Басқа несі бар дейсің. Оның Қаныш болатынын кім біліпті, сендердің кейін тынышымызды алатындарыңды білмедік қой, басқан қадамын жазып отыратын едік” - деп қалжыңдапты. Сол сияқты үлкен адамдардың жанында жүргендердің көбі, кезінде сол кісінің ісі мен сөзіне мән бермегені үшін, санын соғатын болар. Мен Сәбит Мұқановпен қатар, тең сөйлесерліктей жағдайда болғам жоқ. Мен тек ибалық білдіріп, сұрағанына ғана жауап беріп, тыңдаушылықта ғана болдым. Оның өзі де, қызметім басқа салада болғандықтан, сирек болатын. Демек, Сәбит ағаны көрген сайын алған әсерлерім есте.

1946 жыл, жазғытұрым. Сәбеңнің сөйлейтін жерлерін аңдып жүреміз, көріп, тыңдап қалуға ынтықпыз. Пушкин кітапханасында кездесу болады дегенмен, марқұм белгілі өнертанушы, драматургия сыншысы Қ.Қуандықов екеуміз, ертерек барып, мінбеге жақынырақ жерге орналасып алдық. Сәбең екі сағаттан артық қазақ әдебиетінің дамуы, өз жазғандары жөнінен айтып, көптеген сұрақтарға жауап беріп тұр, қалжыңын қалдырмай, ду күлдіріп қояды. Миығынан жымиятын әдеті бойынша, көзін сығырайтыңқырып, басын сөл қисайтыңқырап, ду күліп, қол шапалақтаған аудиторияға “сөзім бөлініп кетті-ау”... - дегендей қарап тұрып, әрі қарай жөнеледі. Сол кезде Қажықұмар тұрып: “Сәбит-аға! Қалай ойлайсыз, осы халық Сіздің бұрын жазған “Жұмбақ жалауыңызды” көп оқи ма, әлде кейінірек жазған “Сырдарияңызды” көп оқи ма? Қалай деп ойлайсыз?” — деп қалды. Қажықұмар қиғаштау сұрақ беруге машықтау болатын. Сәбит аға сөл кідіріп, сұрақ берген Қажықұмарға қарап қойып, жымия түсті де, былай деді: “Уай, батырым, бұл сұраққа жауапты сұрақ беруші оқырман өзің беруің керек қой... Демек, жігітім, мына сұрақта бір сын астары бар сияқты... Шынын айтсам, мен өзім де сол “Жұмбақ жалауды” жақсырақ көрем... Бұрын шалдар тоқалдан туған кенжесін жақсы көруші еді, мен сол шалдарға ұқсамай тұрмын... Бұрын туған перзенттерім артық сияқты”... Көпшілік осы жауапқа дән ырза болып, күлді. Сәбеңнің жауап бергендегі мимикасында, сөйлегенде қарапайым, бірақ қонымды, ұтымды сөздер тауып алып, сол сөздерді құлаққа жағымды ырғақпен айтуында бір сиқырлық

бар сияқты еді. Сәбеңнің айтқан сөздерін сөзбе-сөз басқа біреу айтып берсе, тыңдаушы езу де тартпас еді деп ойлаймын, ал Сәбең айтқан кезде езу жинамайтын.

Сәбеңнің көпшілдігі кімге мәлім емес... Бір кісі неше кісімен жақын болмақ, неше кісімен кездеспек, неше кісімен көз таныс болмақ? Жалпы санап келсе, көп болмайтын сияқты... Бірақ, Сәбеңнен көз танысы көп, жақыны көп адам болған жоқ шығар. Бір көрген, бір таныған адамын шамасынша жақын тартқысы келіп тұратын еді, ұмытпауға тырысатын еді... Бұған көкірегінің зеректігі көмектесетін.

...1946 жылдың күзінде досым Тұрсын Уәлиханов (қазіргі белгілі архитектор Шота Уәлихановтың туған ағасы) елден Алматыға келіп, мені жатақханадан тауып алды. Амандасып болған соң: “Түр, киін, барыңды ки, сені Сәбит ағаның үйіне апарам...”. “Қай Сәбит-аға”. “Уәй, Сәбит Мұқановты білмеймісің?” Тұрсын досым, Шоқан атасы сияқты, қалжыңқой болатын, сенгем жоқ. Сөйлесе келе, шындығына иландым. Тұрсынның әкесі Едірес деген кісі (Шоқанның туған інісі Мақының баласы) Сәбит ағаны ертеден таниды екен, бір жерде көрші тұрған кездері де болыпты, сондықтан Тұрсынға: “Сәбит ағаңа сәлем бермей қайтпайсың!” - деп тапсырған екен. Сәбит аға ол кезде Артиллерийский (қазіргі Құрманғазы) деп аталатын көшеде тұратын. Бардық. Кеш уақыты еді, ағамыз: “Е, балалар, саусындар ма? Қай балаларсындар, танымадық қой?” - деп бастап еді, шам сөнді де қалды. Сәбит ағамыз алдағы бөлмеге шығып, білтелі шам әкелуді бұйырып жатты. “Сұмырай келсе, су құриды!” - деп сыбырлады Тұрсын, ол әжет жігіт еді, жүрексінер емес, еркін түр, бірақ мен, досымның мысқылын естісем де, мән берерлік жағдайда емеспін, қол жетпейтін жұлдыздың үйіне келгеніме сенбей тұрмын, жүрексінгенім басылар емес. Сонымен, білтелі шам жарығымен әңгімелестік. Тұрсын жөнін айтқаннан кейін, Сәбит ағамыз сұрақтарды шұбыртты-ай келіп. Тұрсынның туыстарын, ағайындарын, ата-тегін досымның өзінен артық біле ме деп қалдым. Біраздан соң: “Сен бала, қай баласың?” - деп маған көшті. Менің де, әке-шешемді білмесе де, ата-тегімді, ағайындарымыздың біразын біледі екен. Сұрастырып алды. Сенің “Байміш, Ніштан деген ағаларың раске салатын қарташы еді ғой! — деп бір жымып қойды. - Олардың әкелері Аяған, Қалғыма дегендер еді ғой, олардан кім бар?” -

деп сұрады. Не керек, Тұрсын екеуімізбен қатарласындай сөйлесіп кетті. Содан келіп, Тұрсынға: “Сенің Шоқан атаң тынышымды алып жүр... Материал жиналған сайын ойым әр тарапта, үлкен нәрсе жазам ба деген ойым бар”, - деп көптеген ойлары мен жиналған деректерін баяндай бастады. Сонымен, недәуір отырдық. Электр шамы жанған жоқ, сол білтелі шаммен отырған бойымызда, қоштасып кетіп қалдық. Ендігі айттайын дегенім - осы кездесуден кейін, тағы бір ұялып қалғаным. Сабаққа бара жатып, күнде сол өзім барған Сәбит ағаның үйінің тұсынан өтем. Ағамыз ертемен, халатын жамылып, есік алдында жүреді. Творчестволық ойда жүр екен деп, бөліп жібермес үшін, сәлем бермеуге тырысып, алыстап өтем. Және де тағы да, әдеті бойынша “сен қай баласың” - деп қалса, “Мен Тұрсынмен сіздің үйде болып едім?” - деп жату қиын ғой. Дегенмен бір күні, өзім де әлденені ойланып келе жаттым ба екен, әйтеуір Сәбеңнің жанына келіп қалғанымды бір-ақ білдім. Сонда да Сәбең үшін мендейлер көп қой деп, тез ойыстап, теріс қараңқырап, өте беріп едім: “Әй, бала, амансың ба?” — деп қалғаны бар ғой. Жалт беріп, қолымды ұсындым, сасқаным сондай, тер бүрқ ете түсті. Ағамыз менің жағдайымды ешбір байқамаған кісі сияқты, Едірес пен Тұрсынды, баяғы Аяған-Қалғыма ұрпақтарын сұрастырып жатыр. Бұл жерде мені қайран қалдырған Сәбит ағаның зеректігі еді, үйінде біз күз болғамыз, бұл - май айы еді. Оның үстіне білтелі шамның жарығымен дәлдеп түстей алмастай, қара көлеңкеде отырғанбыз. Екінші қайран қалдырғаны - мейлінше кішіпейілдігі, сезімталдығы, өйткені “Неге амандаспайсың?” десе, өлгенмен бірдей болам ғой, өзі ұялып тұрған батырды, оның үстіне тұралатпайын деп, дереу амандыққа-саулыққа көшіп жатты. Мәдениеттің шыңы деп осыны айтпай ма!

...1955 жыл, августың жиырмасы. Кен-металлургия институтында емтихан тапсырудың ақырғы күні. Әр орынға он адамнан, конкурс дегеніңіз сондай күшті. Мен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысымын. Телефон дырылдады, көтерсем, кәдімгі жарықшықтау шыққан Сәбит ағаның дауысы. “Ия, батыр, аманбысың? Сен бір үлкен бастық көрінесің ғой. Ойда жоқта, бір іс тауып алатын ағаңның әдеті бар ғой... Сондай бір іс тауып отырмын... Сендерге емтиханды үштен беріп үлгіргендер түсе ала ма?” “Жоқ, Сәбит аға, түсе алмайды. Тіпті, төрттен

бір сабағы төмен болса да, түсе алмайды”... “Онда қиын болған екен. Енді сен, батыр, мені тыңдап ал. Есік алдында ертемен жүретін әдетім ғой. Бір мыжырайған шал келе жатыр екен, темір жолшының формасын киген. Мұндай киім киетін шалдар сирек қой, әдейі жақындап сәлем бердім. Сәлемімді алысымен шал өзіме жармаса кетті. “Сен Сәбитпісің, түріңе қарағанда, суретіңді білем, Сәбитсің. Сәбит болсаң, сені маған құдай кездестірген шығар... Көшеде қаңғырып қалғандай болып келе жатыр едім! Ендеше, қарағым, хат білмесем де, атыңа балалардан, халықтан қанықпын. Мені енді тыңдап ал”. Амал жоқ үйге апарып, бір аздаған қымыз бар еді, соны ұсынып, тыңдағаным ғой. Шалдың хикаясы мынау екен. Аштықта Ресейге, Саратовтан өрі шығып кеткен бойында екі-үш үй темір жол бойында отырады екен, өзі содан бері айнымай стрелочник қызметін атқарыпты. “Бір жаман балам бар еді, сол жап-жақсы оқитын сияқты еді, осы итті өзім еліне, туыстарына қосайын деп алып келіп едім, біздің, әйтеуір, жол шығынымыз үкіметтен ғой, емтиханын өп-әдемі беріп жүрген сияқты, енді кеше барсам, бастығы бір сорайған қазақ баласы екен - “Бала өте алмайды” — деп, төбемнен қойып қалғаны ғой. Байқасам, шалдың айтып отырған бастық баласы сенсің, содан звондап жатқаным ғой. Уәй, өмір бойы темір жолда істеген қазақ аз, содан соң “елім” деп баласын өкеліп отыр, алмайсыңдар ма, Өмекең қайда, сол кісіге айтайын”. “Ойбай, аға, Өмекеңе айтқаннан ештеме шықпайды, төртіп қатты!” “Енді не істейміз?” “Бұған тек Мәскеудің рұқсаты керек”. “Онда мен ЦК-мен ақылдасайын”. “Соныңыз жөн болар!” Кешке министр Елютиннен қарттың баласын алу жөнінде телеграмма келді. Сәбеңнің адамгершілік қимылы осындай еді. Қарттың Саратовтың аржағынан келгенін, өмір бойы теміржолшы екенін, Алматыға баласын әдейі өкелгенін мен де білетінмін, бірақ бұған Сәбит ағаша мән бергем жоқ та...

...1967 жыл. Күз. Сәбит аға “Сөкен Сейфуллин” атты пьесасының премьерасын көруге Қарағандыға келіпті. Мен келгенін естіген едім, бірақ жұмыс басты болып, бара қойғам жоқ. Бұл орашолоқтықтың сазайын тағы тарттым. Жайық Бектұров - Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды бөлімшесінің басшысы звондап тұр: “Уәй, жігітім, қайда жүрсің, мына ақсақал іздеп жатыр ғой...” “Не деп іздеп жатыр?” “Осы жақтың

ғылымын басқарам деп, бір бала көшіп еді, аман-есен бе, өзі әдебиетке де жақын еді, жолығуы керек еді, қайда жүр"... — деп жатыр. "Ендеше бұл шал өлтірді, қазір барам!". Келсем, Қарағанды педагогика институтының ректорының кабинетінде, жапырлаған жұртқа автограф беріп жатыр екен. Сәлем бердім. Жымыып қойды. "Уа, жігітім, амансың ба? Сәлемін алуға шақырып алған жаманды көрген сияқты емес, амандық-саулыққа қанып жатыр. Мен де, уақытылы сәлем берген кісіше, жадырай түстім. Тағы бір жымыып қойда да, "Сен батырым, білмейсің ғой, біздің елде Бөкей, Бікай деген екі кісі болған. Екеуі жас кезінде мейлінше тату болыпты, үзеңгілес, сырлас болыпты. Ауқатты адамдардың балалары екен. Қазақта ол кезде малдан басқа байлық бар ма? Бір жылы Бікайдың үйі жұтқа ілігіп, жүген ұстап қалады. Ақылы жоқ Бөкей, кедей жігітті менсінбей, алыстап кетеді. Сөйтіп жүргенде, бір жиында анадай жерде шаншыып тұрған бай баласы Бөкейді көріп, Бікай: "Уай, Бөкей, бір кезде Бікай-Бөкей атанған едік, енді кақой-тақой атанғанымыз ғой?" - деген екен. Сол сияқты, қазіргі жас жігіттердің өскен сайын, қызмет деңгейіне өрлеген сайын, амандық-саулығы мен сәлемі азайып қала ма деп топшылаймын"... - деп, маған, басын сәл қисайтып, көзінің қиығымен сығырая қарап, жымыя қалды. Зілі жоқ, жай бір күлдіргі әңгімеше аяқтап, сол күлдіргі әңгімесі тыңдаушыларға қандай әсер еткенін аңғарғысы келгендей, қарай қалыпты. Жайық пен Сейітқали (Сейітқали Баймурзин - институт ректоры), тағы басқалар күліп жіберді. "Япырмай, ағадан осындай сөз естимін деп келіп пе едім, өзіме де сол керек!" - деп жалпылдап жатырмын. "Түсінесең болды, сендей батырлардың өзі кінәлі болып жүргені де жақсы, қолың бос па?... Бос болса, мына жігіттермен қосылып шығарып сал?.."

Сол күні кеште Целиноград облысына шекаралас Чернигов совхозына жетіп, бір жас экономист жігіттің үйінде тағам дайындалған екен, сол үйге түстік. Үйі кең, таза, кітаптары мол екен, Сәбең көңілденіп кетті. Мұқабасында "Сәбит Мұқанов" деген жазуы бар кітаптар берірек қойылған екен, ақсақал сол үйдегі баланы жанына шақырып алып, басын сипап, атын сұрап, кітаптарының бетіне жазып беріп жатты. Ас келді. Езуімізді жинатпастай әңгімелер айтып, дастарқанды қыздырып отыр. Бір кезде үй иесіне қарап: "Уәй, батырым, келінді

шақыршы, бізді күтем деп жүгіріп жүр, аз отырсын. Жамбылдың жасына келмесек те, біз де біразға келіп қалғанбыз, бата берген жөн болар. Тіпті, Жамбыл атамыздың өз батасын бергім келіп отыр” - деп өтініш білдірді. Көрікті, ұялшақтау жас келіншек, ескішелеп, именіңкіреп келіп отырды. Сөбең батасын алыстан бастады. “Соғыс жылдары. Жамбылға сәлем беруге барып тұратынмын, бірде келсем, ақсақал есік алдында, дөрет алып жатыр екен, шоферы машинасын баптап жатқанын байқадым. Сәлем бердім. “Балуаным (мені “балуан” деп атайтын), амансың ба? Дұрыс келдің ғой... Менімен қонаққа жүр, осында бір ағайынның баласы жасқа толған екен, шақырып еді...” Жамбылмен бірге жүрмейтін маған не болыпты. “Рахмет, төте, баралық” — дедім. Барсақ, танымал атақты шопан екен. Киіз үйі кең, Жөкеңді сүйеп кірдік. “Мықтап ұста, балуаным, сендей неме сүріншек келеді, маған сүйенбесең, құлап та қаласың”... деп қалжыңдап жатыр қарт. Төрден орын алдық. Отыруымыз-ақ мұң екен, бір үлкен боз қойды жетектеп, үй иесі кірді. Қарасақ, боз қойдың үстіне әлгі бір жасар баласын мінгізіп әкеліпті. Үй иесінің өзі атжақты, төменгі ерні салбыраңқы, сары кісі еді, баласы да өзінен аумай, салбыраған төменгі ернінен сілекейі аға қалыпты. Жөкең қолды жайып кеп жіберді. Қарасам, қарттың екі езуі ішіне кіріп кетіпті, бір аса дәмді сөз айтарда осылай болатынын білуші едім, құлағымды түре тыңдадым. Сондағы Жамбыл атаның берген батасы мынау еді (Сөбең қолын жайып жіберді, біз де жайыстық):

Әуелі осынау үйге дуа берсін,

Тілдерін дұшпанының буа берсін.

Келіннің балағынан бала саулап,

Салшық ерін сары ұлдар туа берсін!

Қарағым, келін, рахмет, саған осы Жамбылдың батасын берем!” - деп аяқтады Сәбит аға. Мәз-мейрам болып жатырмыз, ішінен күліп, өз шаруасына келін кетті.

1972 жыл. Қарағандыда университет ашылатынын хабарлап, шақырып хат жаздым. Көп ұзамай, жауап келді. “Хатыңды алдым. Рахмет. Университет ашылуына міндетті түрде барам. Бұған кедергі тек науқастанып қалуым болар. Барарда хабарлаймын. Құрметпен Сәбит”. Бірінші сентябрь күні, университеттің есігі ресми ашылуына байланысты, Қарағандыға республикамыздың әр жерінен, одақтас республикалар универ-

ситеттерінен көптеген қонақтар жиналды. Президиум төрінен облыс басшылары, Қазақ ССР Ғылым академиясының делегация мүшелері, басқа да көптеген құрметті қонақтар орын ала берген кезде, жаңа самолеттен түсіп үлгірген Сәбит аға есіктен кірді. Конференц-залдың есігі, төрден баяғы кен-металлургия институтының залының есігінен де ашық еді, Сөбең жиналғандарды қақ жарып өтті. Көпшілік қол шапалақтап, бірден түрегеліп еді, президиум да түрегелді. Біраз демін алды-ау деген кезде, сөз Сәбит ақсақалға берілді. Ол кісі әдетіндегідей, қағазсыз, суырып салып сөйледі. Жобасы, жасынан көп алдында сөйлеп, төкпе сөзге машық тарлан мінбеде қағазға қарап оқып тұруды өзіне онша ылайық көрмейтін сияқты еді Алматы аудиторияларында сөйлей бастағанда, аздап кібірткітеп алып, ауырсынғандай: “өзім тонжаралау едім, терлеп кеттім ғой!” деп көпшілікті бір күлдіріп қойып, сол күлкілі сөзін әрқарай жалғастыру үшін ойлануға пайдаланып алып, тамаша пікірлерін төгіп-төгіп тастайтын-ды. Сол әдетіне Сәбит аға Қарағанды университеті ашылған күні де көшті.

“Мен бұл Қарағандыда, - деді ол, - осы қала Қарағанды болып атала бастағанда, яки революциядан кейін, көмірдің бірінші батпанын жерден шығарған кезде болған едім. Мен ағылшындардың шахтасы мен солардың тұсында жұмысшылар тұрған көрдей кепе үйлерді көрген едім. Мен сәулетті жаңа қаланы салып жатқан кездерде келіп, еңбекшілер сол кепе үйлерден кең, бөлек үйлерге, көп қабатты, ауасы мол, жарығы көп бөлмелерге көшіп жатқанын көріп, әрқашан қуана қайтып жүрдім. Мен бұл жөнінен талай қызықтарды айтар едім, өйткені ол қызықтар тұтқиылдан пайда болған сияқты көрікті, таңдандырар қызықтар еді. Адамның аңсаған арманынан асып жатқан талай кереметтерге куәміз ғой, бірақ мына бір кереметті, мысалы, мен бала кезімде ойлап па екем? Кезінде, ауылда, шыбығын ысқыртқан молланың алдында жүресінен отырып, әліп-би мен иманшартты жаттағанда, бұл кереметтерді арман етпек түгіл, тек сол молланың шыбығы сол күні арқама тимеуін ғана аңсайтынмын. Бірақ, шәкірттің ақылына ақыл қосу үшін дайын тұрған шыбықты көрген бала, жөндеп жауап бере ала ма, кекештеніп, тұтыға бастағанда, шыбық арқанды күйдіріп өткендей, осып бір түсетін. Мен қазір мына сәулетті үйде, кеше ғана мидай дала Сары-Арқа жерінде, үлкен ғылым

мен оқу ордасы университет ашылуын Сіздермен бірге шаттықпен қарсы алып тұрғанда, ғылым мен білімнің тұңғиығы мен шыңының балғын жас орталығында тұрғанда, баяғым есіме түсіп, көңілімді босатып, тебіреніп тұрған жоқ па... Молла алдында бүкшеңдеген жалаңаяқ, иіні тесілген қара бала мен, енді келіп бірде-бір өмір зардабын көрмеген, бостандық пен еркіндік заманында өскен, жайнаған жастар алдында, сол жастар үшін ашылған университеттің кафедрасынан сөйлеп тұруымның өзі бір ғажап емес пе... Қазіргі жастар ешкім алдында бүгжеңдеуді білмейтін, өз ісіне, өз болашағына әбден сенген жастар. Мұндай жастарға тек білім мен парасат биігіне өрлететін оқу-ғылым орыны керек. Сондай орын — осы университет”. Ақындық шабытына мейлінше қонып алған Сәбит аға сөз бұлағын осылай ағытқан еді. Сәбит ағаның сондағы импровизациясы тыңдаушылардың әлі есінде. Осыдан кейін дастарқан басында болғанда, шығарып саларда, Сәбит аға талай ғақлия сөздер айтып, өміріндегі талай күлдіргі оқиғаларды есіне түсіріп, Қарағандыдан ерекше бір құлпырған қуанышпен қайтқан еді. Ақсақалды ақырғы рет көріп отырғанымызды қайдан білейік.

Сәбит ағамен кездесіп жүретін адамдар, ол кісінің көпшілігіне, үлкенге де, кішіге де кездескенде, бұрынғы даланың әдетінше ұзақ сәлемдесіп, мейірімін білдіре түсуге ынтықтығына таң қалатын, кейде осының бәріне дамылсыз еңбек адамы Сәбең уақытты қайдан табады деп таң қалатын. Кейде тіпті жазушы-ақсақалдың осы ғажап әдетін құрбылары қалжың да етіп жүруші еді. Сәбит ағаның әдемі таяғына сөл сүйеніңкіреп, жанына жақын келген адамға жалт қарап, бір қалжың айтып қалып, маңына жайдары күлкі таратып өтетін кезі алыстаған сайын, ойға салсақ, көппен уақыт аямай, аралас болуы, жазушылық қызметінің басты шарты болған сияқты. Сәбит ағаның мол жазба мұрасын оқи түскен сайын, әрбір әдеби бейнесі өмірден, өз арамыздан тірі күйінде, қарапайым адам күйінде қағаз бетіне түсе қалған ба дерсің. Осыған қарағанда, Сәбеңнің адамдармен үлкен-кіші демей, білікті-білімсіз демей, сөйлесе, дидарласа беруінің өзінде үлкен сыр жатыр, Сәбит ағаның кездескен адамдарының бірде-бірі ізсіз өте шықпай, кейін көптеген әдеби кейіпкерлерінің бойынан орын алған тәрізді. Көптің дүбірі мен дабыры, әр адамның өз ерекшелігіне толы бейнесі мен сипаты жазушының, сол оңаша қалған уақытында, жадын-

да сомдалып, жүйеге келіп, әдеби орын теуіп, қағаз бетіне түсуге дайындала қалған ба екен деген ойға келесің. Демек, жазушының негізгі дүниесі - жазғаны деп жоғарыда айтып өттік. Көп жағдайда, естелік жазушылар жазушының өз жазғанының үстіне айтарлықтай ештеме қоса алмайтыны бар. Көбіне, сол жазғандарындағыларды қайталаумен болады. Жазушы Сәбит Мұқанов олай емес еді. Ол кісінің жазғаны өз алдына бір жазыра дүние болса, ауызша айтқаны қайталап бере алмайтындай тамаша қазына еді ғой. Сәбеңнің айтқандары тірі кезінде аңыз еді, сол аңыз барған сайын күшейе түспек, “Сәбең айтып еді” - дегеннен басталатын әңгімелерді, ғақлия сөздерді қағазға толығынан түсіріп беру қиынырақ болар. Халықтың сүйікті перзенті Сәбит аға осындай еді ғой.

## «ЖИЕННІҢ» ЖИЕНДІГІ ЖАЙЫНДА ЖАҚЫПБЕКТИҢ АЙТҚАНЫ

Бұл фәни-жалғанның таң қалып, таңырқарлық қырлары мен сырларының шексізін айтсаңшы... Ойламаған жерден, шалқақнан түсірердей, жарқ етеді. Мысалы, біздің Жақыпбектен осындай әңгіме шығатыны үш ұйықтасам, түсіме кірмес еді. Ондаған жыл үзеңгілес жүрміз, біте қайнап, бірге өстік деуге болады. Екі жақтан аспирантура бітіріп келіп, осы біздің политехникалық институтта түйіскелі қанша уақыт өтті. Екеуміз де дүрдей доцент болып, “еке” деген жұрнақсыз атымыз аталмағалы да біраз болып қалды. Жұбайларымыз саркідір тартты, балаларымыз институтқа түсті. Қызметте күнде біргеміз, мал аралас, қой қоралас болып жатпаса да, үйлерімізде де кездесіп қоямыз... Бірақ Жақақнан ғылымнан басқа қай бір әңгіме ести қоясың. Әлде бірнәрсе жөнінде дидарласайын деп бастасаң, “Ө, солай ма еді?” - деп өзіңе бір қарап алады да, бастаған әңгіменің желісін үзбей отырып, ойыстатып, өз көкірегінен етене орын алған су ерітінділеріндегі химия қосылыстарынан бір-ақ шығарады. Жыр етіп, дастан етіп шығарады. Молекула, атом, иондар су ішінде Төлеген мен Қыз-Жібектей, Қозы Көрпеш пен Баян-сұлудай ашына болып, Төлеген мен Бекежан, Қозы-Көрпеш пен Қодарша жауласады. “Келінмен бірінші кездескенде, осыдан бастадың ба, Жақа? - дейім мен кейде. “Ой, қойыңшы, қайдағаны айтпай”, - деп, әдемі жымияды да, біраздан соң, сол дастанын өрі қарай жөнелте береді. Жақаң деген інім (менен сәл кіші) осындай кісі.

Бір күні екеуміз командировкаға шыға қалдық. Қонақ үйі, кеш, киноға үлгірмейтін түріміз бар. “Тағы ерітінділерін айтады!” - деп мен ойладым, “Ерітінділер жөніндегі соны ойларымды бір сынатып алайыншы!” - деп Жақаң қомданған сияқты. Бірақ, бұрынғыдай іліп ала жөнелмей, кідіріңкіреп, жөткірініп, жан-жағына қарап қояды. Ішінен әдеттен тыс әлде бір не түртіп тұрған сияқты. Тағы бір жөткірінді, тағы жан-жағына қарады.

— Уәй, Жақа, саған не болды? Ерітінділерден жаңалығың бар ма? Жөткірінбей, жан-жағына алақтамай, жөнеле неге бермейсің?

- Шынында да, бір сырым бар. Айтқым келіп отыр.
- Ерітінді жөнінде ғой, айта бер...

— Ертінді жөнінде емес... - Сәл кідіріп, - Ертінді жөнінде емес, - деп нықтады.

Мен қисайып жатқан едім, жастықтан басымды жұлып алдым, тік отырдым, өйткені Жақыпбектің мына қайталап нықтауына қарағанда, айтатыны шынымен де ғылыми тақырып емес екенін сездім. Бұл жаңалық еді. Олай болса, отырып тыңдау керек. Жақыпбек айта бастады. Мен тыңдай бастадым. Ертінділер жөнінде айтқанда қиғаш сұрақ беріп, қайталап түсіндіруін тілеп, сөзін бөліп отыратын едім, ол әдетім бір жаққа жоғалып кеткендей, қозғалмай, ұмсынбай тыңдадым, ұйып тыңдадым. Сіздер де тыңдаңыздар. Жақыпбектің өзі айтсын.

— ...Бұл тіршілік қызық екен ғой. Суыртпақ жіптей құны жоқ, түкке тұрмайтын оқиға сияқты, бірақ қанша уақытымды алды, қанша ой азабына салды. Тіпті өмірімде бұдан мықты оқиға болмаған сияқты. Әлгі орыстың ұлы ақыны не деп еді:

Кейде ғой үлкен істің тұңғыық қазынасын

Аяқ асты қайдағы болмашыдан айырасың.

Бірақ, осының өзін белінен кертпей, басынан бастап айтайыншы, уақытымыз бар ғой.

Төсектен тұрған бетте терезеге қарап жіберсең бойын жадырап жүре беретін, күздің әдемі салқын шуақ күндері болады ғой. Сондай бір күні, таңертеңгі шайымды шөлдеп тұрғандай ашырқана, демін тіліме шүйіре тартып отыр едім, жанымда ыдыс жуып тұрған келінің ыдыстың салдыр-гүлдірін тоқтатты да, бұрылып маған қарады, қарады да былай деді:

— Жақып, айналайын, подвалға барып, ана ақ сырды алып келші. Терезені сырлайық.

Менің топшылауымша, бұл шаруа тап бүгінгі, мен мына бір ғылыми ісімді бастауға оңтайланған күні орындарлықтай асығыс іс емес сияқты еді, тіпті биылғы жылы мүлдем қоя тұрса да ештеңе етпейтіндей де. Осы пікірімді айтуға бел байладым да, дегенмен, сақтық үшін келініңнің реңіне бір қарап алуды дұрыс көрдім. Терезенің сыры кетіңкіреген жерлерін зерттеп тұрған қара көздерінен, сызығы қоюлана түскен қастарынан өзім ғана айыратын “айттым бітті, кестім үзілдінің” белгісін анық байқадым да, сөзді босқа кетірмейін деп, аша бастаған аузымды жұма қойдым. Келініңнің арғы тегі төреден екенін білесің ғой, сондықтан “Жақыпбек” - деген ызғарлы, өкім даусы шықпай, осылай “Жақып!” - деп нәзік өтініп тұрғанда, айт-

қанын орындай қояйын деп ойладым да, кілтті алып, момақан ата-бабамның көнбіс жетегіне еріп, подвалға кеттім. Сырды подвалдан таба алмадым. Бұған қуанғам жоқ, өйткені бәрібір таптырмай қоймайды.

— Достарыңның біріне бергенсің ғой. Менің өшіретте сарылып алған нәрсемді, сенің жұртқа тарататын әдетің бар ғой. - Мәликенің дауысы бағанадағыдан қаталдау естілді.

Бір банкесін жолдасыма бергенім шын еді, бірақ қалған үш банкенің қайда тығылғанын төңірім өзі білсін... Жүгіріп гаражға бардым, ақтармаған жерім жоқ - банкілер ұшты-күйлі ізсіз ғайып болыпты. Бұл банкелердің жоғалғаны ұмытыла бастаған сияқты еді, бір күні Мәлике қайтадан еске түсірді.

— Уай, Жақып, осы біздің варенье дегеніміз азайып барады. Шиеден жасалған сегіз банкесі бар еді, үшеуі-ақ қалыпты. Жегеніміз біреу-ақ.

Сырдың жоғалуын менен көргені есіме түсті де, қағыта сөйледім:

— Әй, Мәлике, вареньең өзіңе, өзің жинайсың, өзің қайнатасың, жұртқа тарататын да өзің... Дос келіншектер көп, мейрам көп, әрбіреуінің туған күні бар, сөмкеңе салып тасисың ба, қойныңа алып тасисың ба, таситын да өзің...

Сонда да, сұм дүние шыдата ма, подвалға барып тексердік: варенье шынымен азайып қалыпты, шиелісі де, бүлдіргендісі де аз, тағы бір түрінің орны мүлдем үңірейген. “Виктория” дейтін жидектен жасалған варенесі жоқ болып шыққанда, Мәлике тіпті ойбайлап жіберді. Мәликенің жидектен төтті қайнатуға жаны құмар екенін білесің ғой. Жаз бойы жидек жинап, қап-қап қант сатып алып, дамыл көрмейді ғой. Жұрт туыстарына барып, қымыз ішіп, ет жеп, мал сойғызып алып қайтатын болса, біздің Мәлике Бурабайдағы туыстарына тек жидек жинауға барады, жидек басқа жерде болса, жобасы, туыстарын да іздемес пе еді, әлде қайтер еді. Содан соң қыс бойы үйге келген адамдарға, әсіресе, әйелдерге жидектен жасалған төттілердің жырын жырлайды. Сөйтетін Мәлике, жоғалғанына ойбайламағанда қайтпек.

Сол жылы аманшылықта өтті, жоғалған ұмытылды, балалар өсіп жатса, өзіміз саулықта болсақ, жолдас-жарандар ара-сы мейірімді, қызмет жемісті болса, жоғалған сыр, варенье сияқты уақ-түйек сөз болып па... Дегенмен картоп жатқан

шұңқыр босай түскен сияқты, бұрын келесі күзге жетіп, артығымен қалатын, шіркін, биыл тез азаудың сырын көрсеткендей. Бірақ, мұны мен үйде әңгіме еткем жоқ, жидегінен басқа да жұмысы жоқ Мәликеге айтып қайтейін.

Ендігі жылы да, әдейілеп есептеп отырмасақ та, шамасы, декабрь айына қарай, подвалдағы заттар азая бастаған сияқтанды: тек варенье емес, қияр да, помидор да шамадан кем көрінді. Бірден құлдырап азайып жатқан жоқ, аздап, ақырындап азайғаны байқалды, семьямызға жаңадан бір көрінбейтін адамдар қосылып, солар асқа біз қол салғанымызда, бірге салысатын ба дерсің. “Мәлике, ендігі жылы мына “жиенді” есепке ала отырғанымыз жөн болар!” - деп қалжыңдадым бір күні. “Сенің ғайып жиенің тым ашқарақ па деп ойлап жүрмін!” - деп жауап берген Мәликенің даусынан қалжыңымды қабылдаған сыңайын байқай алмадым, дауысы қатаңдау шықты жөне “сенің жиенің” деген сөздерде бір астар бар ма деп те қалдым. Шыдамай кеттім-ау деймін: “Бұл жиен менің жиенім бе, сенің жиенің бе, құдай біліпті, танысайын десең, сол подвалдың кілтине өзің ие болсайшы” - деп дүңк ете түстім. Бірімізді - біріміз қажадан ештеме шықпайтынын білсек те, осындай әңгіме андасанда қайталанып тұрды, өйткені “ғайып жиеннің” “жиендігі” шынымен тынышымызды ала бастады.

Дәл сол кезде “жиеннің” іс-әрекетінде бір жаңа құбылыс пайда болды. Оны мен мынадан байқадым. Бір күні гаражға келіп, “Москвичімнің” багажнигіндегі уақ-түйектерді төртіпке келтірейін деп, ақтара бастаған едім, желкемнен біреудің төніп тұрғанын сездім. Қарасам, Осип Моисеевич Тигров деген көршім. Жоғалтқан бірдемесін іздеп тұрғандай, көзімен гаражымның бұрыш-бұрышын тіміскілеп тұр. Менің басымды көтергенімді байқады да, селт етіп сәлемімді алды:

— Жақыпбек Ахметович, сіздің гаражыңызға беттегеніңізді көрдім де, іле соңыңыздан жүргенім ғой, дереу поликлиникаға баруым қажет еді, апарып тастамайсыз ба, мың ырза болар едім...

Апарып тастадым да, не шаруа үшін екені есімде жоқ, үйге соқтым. Көп кідірмей қайта шықсам, қарсыдағы есіктің жаңа ғана поликлиникаға апарып тастаған көршімнің соңынан жабылғанын көрдім. “Мұншама тез қайтқаны ма?” - деп ойладым да қойдым. Тигровтың бұлай тез қайтқаны ұмытылып-ақ қалар

ма еді, егер оны бірнеше күннен кейін тағы бір оқиға еске түсірмесе. Үйдегі титанды жағу үшін отын дайындамақ болып, подвалға барып едім, екінші көршім кездесті. Менің бөлігіме басын сұғып, әрбір тақтайды қалай қалағанымды, әрбір затты қалай сақтайтынымды сұрастыра бастады. Байқауымша, әсіресе зер салып тұрғаны варенье мен қияр банкілері.

— Әй, саған өзі не керек?

— Ештеме де керегі жоқ... Тек мына сенің ұқыптылығыңа қызығып тұрғаным, бәрін рет-ретімен қойыпсың...

— Сенен ұқыпты емес шығармын... Сен ғой, кәдімгі Фюрерштрасседегі аптеканың заттарынша төртіптейтін... - деп сыздандым мен, көршімнің ұлттық тегіне тиісе сөйлеп. Шынын айтсам, Федор Бистің мұнысы маған ұнамады. Механик болып істейтін Бис неше көрсем, өз бөлегінің есігіне кілт жасап жатқанын байқайтынмын. Ібіліс пе, шайтан ба, әйтеуір, осылардың біреуі құлағым: “тап осының өзі, тап өзі”... - деп сыбырлайтын да күндері болатын. Осыған қарағанда, менің бөлігімнен келіп, өз банкілерін іздегендей болғаны несі екен? Әнеугі күні Тигровтың менің гаражыма келгені ойыма сап ете түсті. Әрине, ол поликлиникаға бару үшін келген жоқ, гаражымда не барын көру үшін келді! Олай болса мына “жиен” жиендігін, тек маған жасамай, Тигров пен Биске де жасағаны ғой... Қиянатқа жолығуда жалғыз болмаудың өзі бір жеңілдік сияқты көрінсе де, мұндай тұспал көңілге медеу бере алмады, қайдан медеу берсін, мейірімді көршілерім күдіктене бастағанын, сол күдігінің нысанасы менің өзім бе деп шамалап қалсам!... Бұл дүниенің кеселін айтсаңызшы, мына Тигров - пенсионер. Айлығы менің айлығымнан төрт есе кем бола тұра, сонау Бис - қатардағы инженер, айлығы екі есе кем бола тұра, екеуі де мені ұсақ ұрлыққа барады деп таппақ! Бұл адамның пенденілігіне не шараңыз бар! “Балам, - деуші еді маған иманды болғыр анам, - біреу туралы жаман ойлау, әсіресе ұнамсыз сөз айту күнәнің ең ауыры, сақ бол ондайдан”, - деп. Анамның сол сөздерін есімнен шығармауға тырысып, дәл осы күнге дейін мәңгілік мәні бар жақсылық істей алмасам да, бірде-бір жамандық, зиянға қадам баспай келген едім, әрбір адамның тек жақсылық жағын іздеумен болып, біреудің жақсылығын жадымнан шығармауды мақсат еткен едім, енді міне, өз күлкім өзіме көнер емес, басым мен көкірегімді қайдағы бір бұрын жиірке-

нетін сезімдер билеп әкетіп барады. Кешегі жап-жақсы, мейірімді, туыстай көрінетін көршілер түстері бұзылып, бөтенденіп, жау қосына қосылған сияқты. Өрбірінің жүзінен, жүріс-тұрысынан бір ұнамсыз қасиеттер шығып, көз алдымнан кетуді қойды. Адамның пікірі мен сезімінің жасық бояудай оң қалуын-ай деймін...

Мысалы, Тигров сияқтыны алсақ, екі жүзді сұмпайы адам! Кеше, облыстық басшының көмекшісі болып жүргенінде мүлдем өзгеше болатын да. Ойпырмау, сіресіп, шалқақтағанда қандай еді, үлкен қарынын алдына салып, кердеңдеген кезде, адамгершілігі сол қарында ма дерлік еді-ау! Жөндеп амандасса, адамгершілігі еңсеріліп қалатындай, басын изеп өте шығатын еді-ау, қортық неме! Қит етсе, үйіне сонау мекемесінен сантехник, слесарь, электрик, тағы-тағылары шауып келетін. Мен оны білетінім, пәтерлеріміздің түтіктері мен байланыстары бірге болғандықтан, біздің үйге кірмей өтпейтін. Бұл ол кезде көрші емес, біздің пендешілігіміздің жұпынылығын көздетіп отыру үшін тәңірінің өзі жанымызға қойған қайдағы бір асқақ өкілі ғой. Мен де топаспын ғой, топас болмасам, Тигровқа сіздің блокираторға менің номерімді қосыңыз деп өтініш айтармын ба? Сол кезде ол маған сұстана, бүкіл денесімен бұрыла қарағаны, сол қарағаннан, өз кінәмнің шексіз екенін білгендей, күмілжіп, жалмажан тайып бергенім есімде. Бір күні пенсионер болып қалып еді, жылтыраған қалың қыртыс майлы бетінен ұлықтық сұстылық пен адам жолатпастай ызғар кетті де қалды. “Жақыпбек Ахметович! Көмектесе салыңызшы, шамымыз сөніп қалды! Жақыпбек Ахметович, көре қойыңызшы, су тоқтап қалды! Мәлике Нұрлановна, жарты нан табылмас па екен, біз магазинге барып келгенше! Аз ғана бұрыш болмас па екен? Магазинге барсаңыз, бізге де ала қайтыңызшы!” Мәлике екеуміз көршіміздің осындай шын көршілік мінезіне қуанғандай, жұмсағанға жүгіре жөнелетінбіз. Көрші деген солай болу керек қой. Тигровтың ұлық кезіндегі оғаш мінездері біз үшін сондай бөтен болса керек, тез-ақ ұмытылып кетті. Көрдің бе, сөйткен сүйікті көршінің ісін, ұлық болғанда, баппен қозғалатын кәрі қарынын дірілдетіп жүгіріп, жоғалған картобын менің гаражымнан барып іздеп жүр! Кезінде өзінен басқаға менсінбегендей жоғарыдан төмен қарайтын, осы бір қарашығынан нұр кете бастаған ала көздерде мейірім мен адамгершілік бар деп

қашаннан сендім екен, ондай қасиет болса, ұлықтықтан айырылғаннан бері сол көздер бадырая қараудың орнына, ірімтік қою қастарының астына неге тығыла береді? Бірімен бірі өзер қосылатын жәллап қалың еріндері мен бұрынғы ұлықтық жинақылығы мен сергектігінен айырылып, иығы түсіп, салбырай қалған түрінен не жақсылық күткенмін? Мұндай неме өзге адамды өз пиғылы қалыбымен өлшейді: оның ойынша мен сөзсіз сол бірнеше килограмм картоп үшін кілт жасап жүрген ұрымын!

Ал Бисті алайық! Орыстың атынан садаға кеткір бұл қу өзін, Юрий деген ат әкесінің түсіне үш ұйықтаса бір кірмесе де, Федор Юрьевич деп атайды. Федор Юрьевич! Қайдағы Федор Юрьевич! Осындай шілбиген, көк көздері үңірейген неме, менің досым Семеновты он жасар нәресте кезінде, партизандармен байланысың бар деп, арқасының пара-парасын шығарып осқылағанынан ол байғұстың жауырыны әлі күні шор-шор, кедір-бұдыр. Оның анасын қамшылап өлтірген осылар емес пе... Осы бір көк мылжың газет пен журналдан оқығанын әңгімелеп, өзінің әдебиетке жақындығын дәлелдегісі келгенде, несіне мейірімдене тыңдап жүрдім екен? Ол қу ғой маған ұнау үшін мылжыңдап жүргенін неге сезбедім екен? Оның жұбайы Глафира - хохлушка, кездескенде, әлдебір болмашыны айтып, күле бастағанда, мен де несіне ыржиып жүрдім? Шынын айтса, ыржиатын, күлетін түгі жоқ, осы Бис сияқты озбыр немелер біздің ақкөңіл, жайдары қыздардың талайын өзіне итше берілген құлы-күңі етіп алып жүрген жоқ па? Ұры емес екенімді анық білсе де, менің бөлігіме келіп, көзбен тіміскілеуін қарашы! Сонда күдікті маған аудармақ қой! Ұры ғой өзі, әрине, өзі! Бекерге дамылсыз кілт жөндеп, жасап жүр дейсің бе? Механикке кілт жасау қиын ба? Кіп-кішкентай, бүкірейген неме, пайымды, келісті еркек болып көрінгісі келіп, галстугын тағып алып, қоразданып, қорбиып жүретініне не айтарсың. Сөйтіп жүріп қой, түн ортасында көршісінің картобы мен қиярын ұрлайды! Өзі қорбиып тұрса да, көздері жүгіріп тұруы бекер деймісің. Сонда Глафира Петровна, күлкі буған Глашенька да сол ұрлыққа кіріскені ме, сегізінші класта оқитын қызы да біле ме екен?

Әлдеурлықты семьясының игілігі үшін, оларға айтпай, өзі ғана жасағаны ма?

Мен болғанның бәрін, сол болған күйінде айтып жатырмын. Бірақ, шамасы, Тигров пен Биске деген күдігім мен ызам бірден осылай қара қою бола қалмаған сияқты. Бірте-бірте іркіліп, кейде тіпті қайтыңқырап алып та, ащы запыранға айналды ма деп ойлаймын, тіпті арасында біреуді жайдан-жай қаралағандай болып, өзіме-өзім қатты ренжіген де күндерім болды. Бірақ, “жиен” келіп кеткенін, кейде тіпті жиендігін асырыңқырай жасап келіп кеткенін білдіріп тұрды. “Жиен” келген сайын, көршілерге деген бойымдағы ащы запыран күшейе түсті ме деймін.

Үшінші жылға айналғанда “жиеннің” дағдыланған еркелігі асқына түсті, ол қияр, варенье дегендердің үстіне асып қойып, мәпелеп сақтаған жас капуста, бұратана жатқан аяқ киімді, тағы сондайларды ала кететін болды. Бір күні аңға шыққанда ала жүретін кездігімді таба алмадым. Мұндай еркін, мұндай ерке “жиен” біздің тұқым тарихында болған да жоқ шығар. Осы үшінші жылдың жазғытұрымында “жиеннің” еркелігі үлкенге көшті - Бектемісов Жұман деген көрші ақсақалдың балаларының велосипеді жоқ болды. Велосипед - капуста, варенье, қияр, картоп, тіпті, аяқ киім де емес, ол техниканың үлкен табысы, мінген машинасы ғой. “Жиеннің” бұл ісі, тіпті, сорақы еді.

...Ия, айтса да, менің күдігім мен запыранымның тек екі көршінің маңында болуының себебін айтпаппын ғой. Басқа көршілерге бұл күдік тууға тиісті де емес еді, өйткені олар біздер сияқты ескілікті, ұқыптылық әдетке үйір емес те: қысқа қарсы картоп, капуста жинамайтын, подвалдағы бөліктерінде ескі-құсқы, ана-мыналардан басқа ештеме жатпайтын. Тек біз - Тигров, Бис және мен үшеуіміз мұндайға әуес едік. Тіпті Тигров та Бис екеуіміздей емес-ті: ол тек картоп қана сақтайтын. Біздің подъезд үйдің шеті ғой, астымыздағы подвалымыз да үйдің ішкі қабырғасы тірелетін қалың фундамент арқылы өзге подвалдардан тұңғыық бөлініп тасталған. Өз подвалымыздың аржағында не болып жатқанында жұмысымыз болмайды. Өз подъезімізде, меншікті өз подвалымызбен өмір сүреміз деуге болады. “Жиен” де біздің подвалды әбден меншіктеп алса керек, ұйткені Жүмекең велосипедті сатып алуы-ақ мұң екен, көп ұзамай жоқ болды ғой. Обалы не керек, шындығын айтса, жиендігін күздің қысқа жақындаған кезінен бастайтын, оның еркелігі мен ер-

мегі, дегенмен көбіне тамақ жағы болатын, “жиен” жобасы тамақсау еді. Бірақ, жол-жөнекей аяқ киім, кездік, велосипед сияқтыларды ала кетпесе, “жиен” жиен болмай кетеді ғой...

Бірақ, көршілерге ыза жинап, кіжініп, Биске іштей кінә тағудан не шықпақ, сол кінәні дәлелдеу қажет қой. “Жиеннің” жиендігінен әбден ығыр болған кезде, сол жазғытұрымғы, велосипед ұрланғаннан кейінгі күндердің бірі еді, терезеге қарасам, аулада ерсілі-қарсылы Тигров қыдырып жүр екен. Күн шуақ та, мұндай күндерде менің көңілім көтеріңкілеу, дүниенің күйбең, күйкі жағын ұмытып, тек жарқын жағын есіме түсіретін әдетім. Сондықтан, осы Тигров пен Бис ешбір жамандығы жоқ адамдар, менің бойымдағы осыларға деген күдігім тіпті бекер деген әдемі ойға келдім де, олармен адамша сөйлесіп, ашығынан жарылғым келіп кетті. Ол үшін менің қазір аулаға шығуым керек, Тигровпен анау күнде домино текені ұрғылайтын столдың басына отырып, Бисті шақырып алуымыз керек. Үшеуіміз дидарласып, “жиеннің” бабын тауып алғаннан кейін, мүмкін менің ақылына жан жетпейтін жұбайым Мәлике терезеден “К чаю!” - деп те шақырар деп ойладым да, жүгіріп аулаға шықтым.

— Осип Моисеевич! Шуақтап кішкене отырмаймыз ба? Мына күннің сәулесі денені де, көңілді де балқытып бара жатқан жоқ па? - дедім де Бистің балконының ашық екенін көріп, дауыстадым: - Федор Юрьевич! Федор Юрьевич! Мында түсіңіз! Аздап шуақтап алайық!

Үшеуіміз отырмыз, орындық үстінде біреу тастан соғып тастағандай тіп-тік болып, жирен шашы мен қастары күн көзінде жылт-жылт етіп Бис отыр, быртыйған саусақтарын стол үстіне жайып, қалың ірімтік қастарын көзінің үстіне төндіріп, төмен қарап Тигров отыр. Отырмыз. Үн жоқ. Міне, екі жылдан асты, көрші арасында болатын қалжың-күлкі әңгіме бізде жоқ. Менің шақырғаным келіп, осылай отырғандарына рахмет. Отырмыз. Өлі үн жоқ. Мұндайда не істеріңді, неден бастарыңды да білмейсің. Бұлар, тым болмаса, неге шақырдың деп сұрамай ма екен? Ақыры, ыршып тұрған ит мінезімді тежеп, былай дедім:

— Осип Моисеевич! Федор Юрьевич! Бізді бір сұмырай тонап жүр ғой... Бір шара қолдануымыз керек қой...

— Мені биылғы жылы, құдайға шүкіршілік, қозғаған жоқ. Қозғай алған жоқ... Жасаған кілтімді аша алмады, - деді Бис,

әдейілеп жуандата шығаратын дауысымен жылдам сөйлеп. Осыны айтқанда, ол тікірейіп отырғанын ұмытып кетті, сөл уақытқа арқасы бүкірейіп, жұпыны қалпына түсе қалды.

— Ол жақсы екен, бірақ мені мен мына Осип Моисеевичті тонауын тоқтатпай тұр ғой. Бектемісовтың велосипедін алып кетті.

Дәл осы сәтте, ешбір күтпеген сөздерімді естідім. Осип Моисеевич төменгі ернін сылп еткізді де, былай деді:

— Менің бөлігіме ешкімнің ешқашан арам қолы тиген емес. Сондықтан, Жақыпбек Ахметович, сізге бұл жөнінде не айтарымды да білмей отырмын...

Не айтарымды да білмей отырмын... Көрсеңші, не айтарын да білмей отырғанын... Бөлігіне біреу кіріп, картобын ұрлап жүр деп, зыр қаққаны осы былтырғы жылы емес пе еді? Ада Васильевна ғой біздің Мәликеге, Осип Моисеевичтің дос совхоз директорынан әдейілеп алдыртқан, үгіліп тұратын төтті картобы құрып жатыр деп, талай жылағаны кеше ғана еді ғой. Енді міне, көрдің бе, оның бөлігіне ешкімнің арам қолы тимепті... Япырмай, пенденің басы жұмыр болса, тап осындай жұмыры да болады екен? Іштегі итімді тежей алмай, осының бәрін ызалы дауыспен тез-тез айтып шықтым.

— Қателесіппіз, айтқанымыз қате екен, Жақыпбек Ахметович! Құрысын, сол картоп деген кімге керек! Қойыңызшы, түкке тұрмайтын нәрсені!

— Велосипед?

— Велосипед... велосипед зат қой... Бірақ, мен велосипед ұстағам жоқ. Әйтеуір, менің бөлігіме әлдебіреу келіп жүр деп айта алмаймын!

Япырмай, мұндай да болады екен... Велосипед жоғалуын былай қоя тұрсақ, тек мен үшін ғана келіп жүрген болып шыққаны ғой... Осип Моисеевич те, Бис те қам жейтін жайда емес қой... Бұларда бәрі түгел! Екеуінде де үн жоқ, қозғалар емес. Ұрының жайын үйіне ұры түскен адам ойласын, бұларға ұры түскен жоқ! Ойларының жаманын көрдіңіз бе! Қой, итім шығып кетіп, қауып алмай тұрғанда тез кету керек, әйтпесе қабады, қапса жаман қабады. Бар әлім мен жігерімді уысыма жинап, түрегелдім де:

— Олай... Олай болса, кешіріңіздер, бұдан артық бір сөз айтуға болмайды. Енді бір сөз айтсам, ішімнен анау арсылдап

шығып кетеді, ақырын басып, сыр білдірмей кетейін, атаңа нәлет жақтарым құрысып қалған, жымиюға көнер емес.

Шыдамым подъезд есігі арқамнан жабылуына өзер жетті. Сатыларды секіре аттап, үйімнің есігіне бірден тірелдім. Қолым дірілдеп, кілт тесігін өзер тапты. Өзімді, Тигровты, Бисті, тіршілікті, адамгершілікті жаһаннамнан бір-ақ шығарып, аяқ киімді шешпестен диванға құлай кеттім. Бойды кернеген ыза толастап, есімді жинап ойлансам, кетіп қалғаным дұрыс болыпты. Өйткені, “Біздің жаман подвалды іздеп алыстан келген ұры жоқ. Өзіміздің біріміз, әсіресе кілт жасауға шебердің бірі”, - деген сөздер аузымнан шығып кеткісі келіп, ұмсынып-ақ тұрған-ды. Сол кезде өзінен өзі қоразданып жүретін Бис, атып тұрып, “Сонда кімді ұры демексің? Мені айтып тұрсың ба?” - деп, өзінің табиғи жіңішке дауысына көшіп, шіңкілдей бастаса ғой, мен оған: “Сені айтып тұрсам қайтесің?” - деп қалуым кәміл ғой. Онан өрі не болатынын құдай білсін. Әңгімеміз, әйтеуір, интеллигенттік тұрғыдан аулақ-ақ болар еді. Тигров сол кезде үндемей, түрегеліп тайып берер еді. Сонда, Бис екеуіміз екі қоразша бүкіл аулада бірімізге - біріміз запыран шашып қоқыраймақпыз ғой... Сол арада тағы бір ой келе қалды, егер Бис шынымен де адал болса, егер ұрлықты менен көрсе, мұның қисынсыздығы қайсы? Жә, мысалы, ұрлаушы Бис делік. Сонда ол ұрлағанын қайда апарып тығып жүр? Өз бөлігіне ме? Тінтеді деп ойламағаны ма сонда? Жарайды, тамақты тез жеп бітіруге болады, ал велосипедті қайда жібермек? Сыбайластары болғаны ма? Мүмкін. Тигров соны сезген шығар, мені суық қол қозғаған жоқ деп шыға келгені, сыбайластарынан қорыққаны ғой... Жасаулы ұры кекшіл деп есептегені ғой... Шынын айтса, сол Бис, егер өзі адал болса менен көруі мүмкін ғой, тіпті менен көруге дәлелі де көбірек емес пе. Ұйткені, бүкіл подъезде машина менде ғана бар, алғанымды, мысалы, тіпті велосипедті де, алысқа апарып тастауым оп-оңай... Менің атағым, кеудемді қанша қақсам да, мұндай күдіктен мені ақтап ала алмайды.

Диванымнан атып тұрдым. Бұл жалғанның сыйқырын-ай десеңші! Жаңа аулада іші-бауырымның әлем-тапырақ бола қалғанының себебі осы екен ғой. Олардың маған сенбегенін, барлық сұмдықты менің өзімнен көріп отырғанын сезініп іштей тулаппын ғой.

Жоқ, мұны бұлай қалдыруға болмайды. Мұндайда адамгершілік пен арды ақтап алу керек. Ақтап алу... Қалай ақтарсың? Олардың жанына барып, мүләйімсіп, сендер мен жөнінде бірдеме ойлаған жоқсыңдар ма, менің құдай ақына, ешбір кінәм жоқ деп жалбарынбақпын ба... Бұл - ынжық бейшараның ісі.

Кешкілікте осының бәрін Мәликеге айттым. Ол сабаз, жер қозғалмаса, қозғалар ма:

— Олар саған көптен бері күдікті. Бізді шамадан артық бай тұрады деп есептейді. Жүмекең ақсақал жоғарыда тұратын Фрося кемпірге - осылардың көлденең табыстары бар сияқты деп айтыпты, - деп ештеме жоқтай баяндап отыр.

Мұнысы тіпті ғажап екен, ақкөңіл, жайдары шахтер ақсақалдың өзі сол күдікке қосылғаны ғой. Мәликенің дауысы да, жүзі де өзгерер емес, оған қоса түсті:

— Аулада балалар жанжалдасып қалыпты. Сонда Бистің қызы біздің Жанарға “велосипедті “Москвичіне” артып сенің папаң алып кетті” депті.

— Уәй, сен мұны маған бұған дейін неге айтпадың?

— Несіне айтам... Әркімнің шатпағын айта бермекпін бе. Жанжалдасқан балалар сөлден кейін қайта татуласады.

— Бай тұрады!.. Әй, ол не дегені?.. Артық костюмым жоқ, ескі “Москвич”, мінгенімнен, астында жатқаным көп... Қай байлығымды көріпті?

— Жақып-ау, мұны маған несіне айтып отырсың?.. Мен бұл айтқаныңды сенсіз де білем ғой...

Япырмай, жаратушы осы Мәликенің салмақтылығын маған неге бермеді екен. Күнделікті бір өңгіме айтып отырғандай, дауысы сол бір қоңыржайлығынан ауар емес. Біраздан соң:

— Жақып, осының бәрін істеп жүрген Бис емес пе? - деп сұрады.

Сөзінің ырғағы: “қаламыңды алған Жанар емес пе?” — дейтіні сияқты.

— Қайдан білейін, мені құдай деп отырсың ба? Бис... Бис... Бұл ұрлап жүрсе, ал ұрлықшы деп мені таныса - дүниенің жөнделгені ме... Жерге кіріп кетерсің мұндайда... Басқа пәтерге көшейік, құрысын бүйткен ит өмір! Жазасыз жазықты... - Мына сөздерімнен кейін Мәлике де қозғала бастады. Бірақ сол кеште емес, ертеңіне шай ішіп отырғанда айтты:

— Жақып, әлгі “жиен” көптен келген жоқ. Келер уақыты болып-ақ қалды...

— Осы жолы айтқаның келмесе игі еді, — дедім мен өзімше күле сөйлеп.

— Папа, - деп қосылды сол кезде, ана шолжақай кіші Жанар. Оның бір қалжың айтқысы келіп тұратын әдеті бар, - осы сендер “жиен”, “жиен” дейсіңдер, бір жерде уақытша көрінбей жүрген менің бауырым жоқ па осы, оған да азық-тамақ керек қой, - деді де, Мәликеден алған көздерін ойнатып, кухнядан шыға жөнелді.

— Тіліңе түйнек келгір, бауыр іздеген екенсің, тай ана мектебіңе! - деп айқайлап жіберді менің қозғалмайтынын мақтаныш ететін Мәликем. Шынымен, айқайлап жіберді. Қызы күлдіргі сөз айтқанда, сүйкімділеніп ойыла қалатын екі беті ойылудың орнына дүрдіе түсті, баланың қалжыңын қабылдар да, түсінер де түрі жоқ. Жә, жетпегені осы еді. Енді тіпті семьямызды күдік пен сенімсіздік аралай бастады де!

Қазыр осы айтып отырғандарды еске алсаң, күлкің келеді, бірақ ол кезде, шынын айтсам, күлерліктей жағдай болған жоқ. Өз қара басым жан-жағымнан қамауға түскен аң сияқтандым. Еркектік бір доғалығыма салынып бақтым, мұндай көршілерден аулақ болған жөн, пәтер айырбастап, көшу керек деп таптым. Бірақ, одан бұрын уақ ұры емес екенімді, уақ-түйекті торып, жұлып жеп жүрген қорқау емес екенімді, бәрін ішіне жинайтын көртышқан емес екенімді дәлелдеп, социализм елінің адал еңбеккері екенімді дәлелдеп, содан соң бір-ақ көшем. Ең алдымен, күзді күні азық дайындау дегенді нәлет етем, қияры да, жидегі де, капуста да құрысын, адыра қалсын, бәрін магазиннен, бәрін өшіреттен... таң атпай оянып, өзім барып тұрам. Мәликеге де соны істетем. Көрсін бәрі...

Бірақ Мәликені түскен жолынан тайдыру оңай ма. Оның айтқан дәлелдерін жоққа шығара алатын кісі туып па!

— Жақып, не дейсің... Қойшы, қайдағыны шығарып. Әрине, өсек деген жақсылық емес. Бірақ, ақтың ақтығы бір ашылар болар. Ал, қыстай дірдектеп, біресе магазинге, біресе базарға жүгіріп жүрудің несі қызық. Және барғаныңда бола қойса. Күзден жинап алған көп артық. Ешбір ұяты жоқ. Тіпті қазыр жұрттың бәрі осыны істеуі керек. Мемлекеттің қоймаларына, дайындау мекемелеріне көп жеңілдік емес пе. Үкіметтің онсыз да міндеті жетіп жатыр ғой. Өсек айтқандар өсегін айта берсін. Сол өсек айтқандар қайбір оңғаннан айтады

дейсің. Бірақ ұрыны ұстап алса, жөн-ақ болар еді. Дегенмен, оған да көңіл аудару қажет емес, өзінен өзі қояр, дәулетімізді шайқап жатқан жоқ қой. Сен одан да кілтінді жаңарт, мықтырақ кілт қой. Мәлике маған осылай бастауып саяси сабақ берді де, қызметіне кетіп қалды. Жә, бұл Мәликені қозғалту қиынақ. Ата-бабамнан бойды қуалаған бар қайсарлығымды уысыма жинап, неде болса, сол ұрыны ұстап алуға бел байладым. Олай болмаса, адамгершілігім де, еркектігім де адыра қалсын, итке жем болсын деп түйдім.

Талай-талай ойлар ойлап, жоспарлар шерттім. Бірі жарар емес. Милицияға бардым. Олар сигнализация жасап бермек болды. Сигнализация деген құрғырын жасап жатқан кезде ғой, көршілер бәрін біліп болады, мысалы, Бис бірден таниды. Жоқ, сигнализациясынан аулақ болған жөн. Сол кезде: “Әй, сол сигнализациясын өзім жасамаймын ба? Не қиыны бар!” - деген ой сарт ете түсті. Сонымен, үйдегі қоңырауды подвалдағы есіктің кнопкасына жалғау жолын мұқият зерттеуге кірістім. Телефон сымдарын өткізген жолдарын байқасам, олар тік тартылған темір түтік ішінде екен, ол түтік жоғарғы этаждан тура подвалға шығыпты. Телефон сымдарын сәл бүйіріне қарай жинақыласа, менің сымым оңай-ақ өтіп кететін сияқты. Бірақ, түтік біздің подвалдан емес, фундаменттің аржағынан түсіріліпті. Олай болса, темірбетон қабырғаны тесу керек, оның қалыңдығы метрден кем емес. Қоңырау, кнопка, жүз метр сым тауып алу қиынға түскен жоқ. Ең қиыны — қалың тас пен темірден жасалған қабырғаны тесу. Бірақ, әуелі біздің қабаттан провод сымды подвалға жеткізіп алу керек.. Ол үшін үйдегі бір сынған орындықты (ол орындықты подвалдан алып келуге тура келді) есік алдында, сатының тұсындағы сөкіге барып жөндей бастадым. Сүргі, пышақ, балта, тақтайдың сынығы жанымда жатса, анданда бір тарсылдатып қойсам, мені орындықты жөндеуден басқа ісі бар деп кім ойлар. Сонымен, сымды түтік аузынан кіргізіп, төмен қарай итергілей бастадым. Екі метрдей барды да, тіреліп қалды. Күнімен олай жүргіздім, бұлай тықтым, сым өрі бармады. Екінші күні кеш, үшінші күні кеш айналыстым, сым өтер емес. Істеген “жұмыстарымды” ауыстыра кірістім, “жәшік жөндедім”, “тақтай сүргіледім”, өйткені бір орындықты үш күн жөндеу ұят қой. Сым барар емес. Терледім, тепшідім, бірақ сым төрт-ақ метр өтті де “барым осы!” - дегендей тоқтады да қалды.

Бір дос механигіме барып, қаттылау сым алып келіп едім, бұрынғыдан аспады. *Әуре еткен дүние*, енді не істемекпін? Екі этаждың арасын тессем ғой, бұл не, неге тесіп жатырсың деп, жұрт жиналады да шу шығарады. Олай болса, сымды сыртқа шығару керек те, подвалдың есігінен кіргізіп, өз бөлігіме жеткізу керек. Бірақ, сымды көзден қалай жасырарсың және жүз метр сымым жете ме? Сым жүргізер жерлерді шамалап, зерттеп көріп едім, ешбір қисыны жоқ сияқты. Олай ойлап, бұлай ойлап, әбден дағдарғанымда, бір тамаша, бір көрікті ой сап ете түсті, мына тапқыш басыма! Япырмау, жіптің басына, ауыр домалақ, тіпті қорғасын байлап, түтікке неге қоя бермеймін, ол зу етіп ар жағынан бір-ақ неге шықпайды. Мына топас басқа, сол ой бұрын неге келмеген! Қорғасын бытыраның бір уысын алып, балқытып кеп жіберіп едім, соп-сопақ қорғасын болып шыға келді. Уқалап, ұшқырлап, құлағын тесіп, жіп байладым да, “*уа, пісіміллә*” деп (оллаһи, шынымен “*уа, пісіміллә!*” дедім), қорғасынды тастап кеп жібердім. Байқаймын, тартып барады, жіпті жібере түстім, салмағы кемір емес, тартып барады, итің тартып-ақ барады-ау, екі метр, үш метр, төрт, бес, алты, жеті метр. Жіп босай қалды! Жалма-жан, сүріне, қабына, жығыла жүгіріп, бұрынғы кочегарқаға бардым; түтіктің түбіне алқына жетіп, *сығалап кеп жіберіп едім, жәрдемші жасаған-ау*, бұлай да қуантар әдісің бар екен ғой, қорғасын жылтытып, түтіктің ернеуіне ілігіп тұр! Түтіктің ернеуі майырылған екен, топ ете түспей, соған ілігіп тұр. Жанындағы төмпешік топыраққа (қара күйе көмір екен, онысында жұмысым болған жоқ) отыра кеттім, маңдайымды сипадым, анықтағым келгендей, қорғасынды шығарып алып, сол қорғасын ба дегендей, тістеп те көрдім. Сол қорғасын! Мұндай топас болармын ба, осы ой бірінші күні неге келмеді екен?.. Ал енді не істеу керек? Бұл жіп, әрине, сымды тартып шығара алмайды, үзіліп кетеді. Мықтырақ, жуанырақ жіп байлаған жөн. Ол оңай. Әуелі мына қабырғаны, мына фундаментті тесу керек. Дозақта да мұндай жан қинаған іс болмас. Ешкім көрмейтін, ешкім білмейтін уақытта, не істеп жүргенім жөнінде сезіктенбейтін уақытта келіп істесем де, жан-жағыма құлақ салып тыңдап, алақтап отыруға тура келді. Гогольдің Иван Ивановичі, досы Иван Никифоровичтің қаз қорасының ашасын кеспекке ұрланып барғанда мұндай үрейленбеген болар. Біреу көрсе ғой, не ойлайды, әлде жынданып кетіп, үйді

құлататын оқ-дәрі салуға шұңқыр жасап жатыр дей ме, әлде бір тыққан қазынасын іздеп жатыр дей ме?.. Әйтеуір кірістім. Кочегарка жағынан тескен дұрыс сияқты, бірақ шлямбур атты аспаптың оған бойы жете ме? Екі жағынан тессе, екі шұңқырдың бір жерден түйісуін қателеспей дәл өлшеп отыру керек. Дегенмен, ғылыми қызметкермін ғой, олай шамалап, бұлай шамалап, екі жақтан да тесуді дұрыс деп таптым. Төрт апта бойы кешкі сағат сегізден он-он бірге дейін шлямбурдың басын тықылдатып, ұрғылап, тастемір фундаментке енгізіп-ақ бақтым-ау. Шлямбуры құрғырдың мұндай баяу жылжитынын қайдан білейін, тасты ата-бабам бұлай тесіп көрген бе! Дегенмен, құрдым жылжыса да, жылжыды. Сонысына қуандым. Ақыры, төрт апта аяқтала бастаған кезде бір күні, балғам тық ете түскенде, қолдағы шлямбурым, шоршып, сусып әріқарай кетіп қалды. “О, астапыралла” - деп отыра кетіппін, екі жақтан үңгілеген шұңқырлардың осылай тіп-тік түйіскеніне сенейін бе, сенбейін бе? Түрегеліп, тағы ұрып қалдым, шлямбур тағы сусып кетті. Уа, құдай тағала, естен айырған жоқсың ба? - деп ойладым, - өзінен өзі өтіп тұрған шлямбурды балғамен ұрып не шаруам бар, жай ғана сұғып көрмейім бе? Бос, оңай өтіп жатыр ғой... Жо-басы, ғылыми тәжірибелерімнің бірде-бір нәтижесі, ойлап тапқан ғылыми жетістіктерімнің бірде-бірі мұндай қуантқан, көңілімді, жан-дүниемді тап осы темір қабырғаны үңгілеп шығарған тесіктей лепірткен жоқ болар. Жүгіріп шығып, қабырға фундаменттің аржағына бардым. Япырмау ол жағынан да тесік ап-анық сығырайып-ақ тұр! Жұлын-тұтам азабын, маңдайдың тұзды терін аямай жұмсаған, бар жігерім мен батылдығымды құрмалдыққа шалған, ойласам ойымнан, ұйықтасам түсіммен кетпейтін аңсаулы, ардақты, арманды тесік сығырайып тұр! Қандай тамаша тесік десеңші! Ұзын темірді алып, бойлата сұғып, сүңгітіп, әрі бір итеріп, бері бір тартып суырып көргенімде, бар дүниенің қуанышы сол тесікке тірелгендей болды, тіршіліктің ләззаты осы екен дедім!

Провод сымды үйге дейін асықпай, дәлдеп, өдемілеп-ақ тарттым-ау. Ол сымды бірде-бір адам жақындап сығаламаса, көрмейтіндей, байқамайтындай етіп тарттым. Подвалдағы қабырғадан тесік шығарғаннан кейін екі-үш күн өткен соң, бір күні кешке таман үйдегі қоңырау сыңғырлап кеп жіберді-ау, асқақ сыңғырлады, әуенін көтере, масайрай сыңғырлады. Ар

жағында көптен күткен сүйікті “жиен” тұтылып, қорыққанынан жерге кірер тесік таба алмай жатқандай сыңғырлады! Төрт жыл бойы жиендігімен ығыр еткен немені құшағына алып, қысып тұрғанына қуанышы қойнына сыймағандай сыңғырлады! Бірақ, “жиен” әлі қолға түскен жоқ та, қоңырау тек қана біреу подвалға кіріп, сондағы кнопканы қозғаса, осылай сыңғырлаймын деп тұрған әлпеті ғана еді.

“Жиенді” бір апта күттім, келмеді. Бір ай күттім, келмеді. Күдіктене бастадым. Япырмай, осынша еңбегім заяға кеткені ме? Менің сигнализация қойғанымды біліп қалғаны ма? Жоқ, білуге тиісті емес. Бірақ, “жиен” келмеді, қоңырау сыңғырламады. Сөйтіп жүріп, жұмысбастылықпен “жиенді” де, қоңырауды да естен шығарып жіберіппін.

Бұрнағы жылдың февраль айы ортасы. Бір ұйықтасам, мықты ұйықтайтын өдетім. Үйдегілер менен де қатты ұйықтайды. Телефон сыңғырлады, ұйқымды бұзғым келмей, көрпемді айқара жамылдым. Шыңғырып зарлап тұр, тоқтар емес, демін алмай зарлайды. Жобасы, басқа қала болар, деймін ұйқылы-оая жатып. Басқа қалада кім бар, қателескен ғой, тоқтатар деп көрпемді айқара түссем, телефон зарлай түсті. Атып тұрып, ызамен трубканы көтерсем, телефон емес! Уәй, айналайын-ау, “жиенсің” бе? “Жиенсің” ғой? Тап өзің ғой, сірә? Шыңғыра зарлаған өзің екенсің ғой, айналайын туысым!.. Қоңырауды алып тастадым. Енді оның керегі жоқ. Сағатқа қарасам, таңғы төрттен жиырма минут өтіпті. Тез киініп, бұрыннан ойлап қойған әрекет тәртібін еске түсіріп жатырмын. Қазыр, дәл қазыр есікті ашып жіберем де, саты қараңғы болса, переноскашамды алып, сатыны тексерем. Ешкім жоқ болса, мылтығымды безене ұстап сатыға шығам, саты бос болса, бірден подвезд есігіне барып, мылтықты безенген күйде есікті дереу ашып қалам да, жан-жақты тексеріп алып, жүгіріп подвалға жетем. Егер подвалда шам болса, ұрының сонда болғаны. Ырғып сатыдан түсем де, подвал есігін жауып жіберіп, сыртынан бекітіп тастаймын. Бұл ұрының қамауға түскені деп біл. Енді тек милицияға хабарлап, соның келуін күту керек. Тек подвалдан сыртқа шығатын соқырша терезелерді бұзып, шығып кетпеуін аңду керек. Осының бәрін мен әуелі әбден ойға тежеп, содан кейін тәжірибе арқылы (ғалыммын ғой) әбден жаттап алғам да. Тек жау жалғыз болмай шықса, шамды сөндіріп тастаса, тағы бір

басқа әдістер қолданса, сонда не істейтініме көзім онша жете қоймайтын. Бірақ, жағдайға сай қимылдау ережесін білместей топас емеспін ғой деп жұбататынмын өзімді. Сөйтіп, тәуекелге бастым. Сонда да жалғыз шабуға дәтім тоқтамады ма, немене:

— Мәлике, жүр соңымнан, сақ бол! - десем, Мәликем шығар емес. Үлкен қыздың да ұйқысын ашар түрі жоқ. Уа, аруардигар, семьямыз бір болса да, шіркіндердің жандары бөлек екен ғой!

— Киіну керек қой, осы бойымызбен қайда барамыз? - дейді Мәлике, мен бір тойға шақырып тұрғандай, “жиеннен” айырылып қалам ба деп, асығып мен тұрмын. “Қыдырым, өзің қолда!” - деп жөнелдім. Бәрін жоспар бойынша өтіп, подвал тұсынан бір-ақ шықтым. Подвал есігіне дейін төмен қарай шұңғылдау ылдилаытын он бес басқыш бар. Басқыштарды екі-үштеп аттап, есікке жетсем, ашық тұр, аржағы жарық. Есіктен сол жақта тығылып тұр, қазыр ұмтылады да, қолымдағы мылтықты ұшырып жіберіп, өзімді ұрып жығады деген ой миыма сап ете түсті. Табиғи тежеуіштер көлденең тұра қалды-ау деймін, есікке үш-төрт саты жетпей, дәс тоқтай қалдым да, мылтығымды көтеріп, ашық тұрған есіктен көрінген бос жерге атып кеп жібердім. Ондағы ойым - шаңды көтеріп, жауды абдыратып алып, содан соң барып есікті мықтап, сыртқы ілгешегінен жауып тастау. Бірақ, мылтық ату менің жоспарымда жоқ болатын. Бұл өзінен өзі болған іс. Қорқыныш пен дегбірсіздіктің істеткен ісі.

Үй құлап түскендей тарс етті, мұндай үрей ұшырған тарсылды өмірі естімеген сияқтымын. Подвал шамдары мүлдем сөніп қалғандай, қап-қараңғы болып кетті. Есікті өзіме қарай ыршына тартып, темір топса ілгешегін жауып тастадым. Ал, “жиенжан”, енді қайда барар екенсің! Жиеннің қақпасын жаптық, енді не істемекпін? Дереву сыртқа шығып, соқырша терезелерді аңду керек. Жүгіріп барсам, терезе шығарған шұңқырда әйнегін сындырып үлгеріп, енді ағашын жұлқылап жатыр. Көрдің бе жауыздың ісін! Атаңның басы, шығарсың! Мылтықты оқтап жіберіп, терезенің тесігінен көлденең, ұрының қолынан оқшау көздеп тарс еткіздім, оқ сұмырайға тие қоймас, үрейін бірақ ұшырар! Жүгіріп одан арғы терезеге бардым. Үн жоқ. Бәрі орнында. Терезеден қашпақ ойын тежесе керек. Мәликенің соңымда жүгіріп жүргенін енді байқадым. Әбден үрейі ұшып, дегбірі кетсе керек.

— Жақып-ау, не істеп жүрсін, біреуді өлтірген жоқсың ба?

— Бар, тез милицияға звонда.

— Мен звондап үлгердім, қазыр келеді.

Сөйтіп, Мәлике екеуіміз подвалдың есік-терезесін аңдудамыз. Кішкене есті жинағаннан кейін ойлансам, жау жалғыз сияқты. Әйтпесе өзгелері басқа терезелерге ұмтылмас па еді. Көршілерім туралы ойладым, құдайдың маған берген көршісінің түрін көрдің бе, жер күңдірентіп екі аттым, сонда да бірде-бірі қозғалар емес. Төмен түсіп бара жатып Тигров пен Бистің есіктерін ұрып та өттім. Бірде-бірі басын қылтитар емес.

— Жақып, - дейді Мәлике, ере жүріп, - Бис емес пе екен? Дәл сол кезде балконнан Глафираны көрдім.

— Не болды, неғып жүрсіңдер? - деп сұраған болды ол өтірік таңырқап.

— Ұрыны ұстаған сияқтымыз, - деп жауап берді Мәлике. Глафира жоқ болды.

Мұның жоқ болғаны несі, Бистің үйде болмағаны ма, әлде Мәликенің айтқан сөздерін естіп қойды ма? Бір терезе шұқырынан екінші терезе шұқырына жүгіріп жүрмін, мәңгілік өткен сияқты, бірақ милиция келер емес. Қолыма ілуге асығып, қалтаға сала салған сағатымды алып қарасам, бестен асып кетіпті. Мәликені тағы звонда деп жұмсадым. Үлкен қызды ертіп, қайтып келді, қазыр келеміз депті. Тағы бір мәңгілік өтті - сағат алты болды, ақыры, әуелі дырылы естілді, Содан соң милициялық көк ала машинаның өзі де келіп тоқтады. Екеу шықты - бірі старшина, бірі сержант. Жас, еріндерінің үсті жаңа түбіттенген. Старшинасы денелірек, дембелшелеу, сержанты әл мен қайрат ұялар жері жоқ жұқа. Қарулары жоқ сияқты, бір жеріне тығып ұстамаса. “Бала-шағаны жіберуін, - деп ойладым, - Еңгезердей біреу болса, бәрімізді бір-бірлеп лақтырып-лақтырып жібереді ғой”. Бірақ, старшина подвалдың іші-сырты жөнінде дәттегіп сұрай бастағанда, тіпті сызып көрсетуімді дегілегенде, көңілім орнына қона бастады. Біраздан соң старшина шинелін шеше бастап еді, қарасам, сол жақ жеңін шешпей, қолына шинельді сомдап орап алды да, кеудесіне торсық көтергендей ораулы қолын көлденең ұстады.

Шинелін кеудесіне ұстаған старшина, оның соңында сержант, сержанттың соңында мен, подвалдың есігіне тірелдік. Старшина есіктің ілгешегін алып тастады да, өрі қарай итеріп

келіп жіберді, содан соң шинелін басының тұсына ұстаған бойында, есік соңынан жалт етті, сержант солға ұмтылды. Мен мылтығымды безенген күйімде не істерімді білмей қалып қойдым. Беті-жөні жоқ ілгері жүгірудің ретін таба алмадым, мылтықты неменеге кезенгенімді де білгем жоқ; старшина мен сержанттың менде жұмысы болған жоқ. Сол жерде тұрып түсінгенім екі баланың істерінің ғажабы: ұры есік ашылатын жақта тұруы тиіс емес, ол тек сол жақта тұрмақ. Старшина ілгері ұмтылғанда, ұрының қимылын өзіне шақырмақ та, сержант солға ұмтылып, сол қимылға тойтарыс бермек екен. Олардың есебінде жаман мылтығымды сарайтып, кезеңіп тұрған мен жоқ екенмін.

— Кім бар, шық дереу, көтер қолыңды! - деді старшина, подвалдың коридорын бойлай түсіп. Ең арғы бөліктің сыртынан қолын жоғары көтерген бір бейне пайда болды. - Тағы кім бар, шық бері!

— Жа...жа...жалғызбын, - деп діріл қақты өлгі бейне. Өзі күйе-күйе, қап-қара, шахтада адам мұндай күйеленбес. Тек көзінің ағы ғана көрінеді. Тіпті дірілдеп те тұрған жоқ, селкілдеп тұр, тізесі - тізесіне тимей селкілдеп тұр, аяғы денесін қалай көтеріп тұрғаны белгісіз. Төрт жыл соңына түсіп, ұстауды армандаған қанкеспе қарақшымның түрі сондай аянышты, ызам мен ашуымның қайда кеткенін де білмей қалдым.

— Әй, сен неге бұлай қап-қарасың? - деп сұрады старшина.

— Бі...бі...Білмеймін.

— Әдейі күйелендің бе?

— Жоқ...жо...Жоқ.

Сержант подвалды аралап түсіп еді, селкілдеп тұрған, бейнеден басқа ешкім жоқ екен. Содан соң ұрының бойын мұқият тінтіп шықты, бір топ кілті салынған кенеп дорбадан басқа ештеңе таппады. Дорбаны белбеуіне іліп алыпты.

— Фамилияң, атың? - деді старшина, блокнотын шығарып.

— Айтпай. Мағауов Айтпай.

— Туған жылың?

— 1938-ші.

— Жұмыс істейтін жерің? Лауазымың?

— Есеп-қисап орталығы. Механик.

— Тұрғын адресіңіз?

Ұрының қорқуы мен үржуі толастады-ау деймін, сұрақтарға сәл шулығыңқыраған дауыспен анық жауап беріп тұрды. Орта бойлы, қара күйе күйінің өзінде бойы сып-сымбатты. Біздің үйден екі-ақ квартал жерде көптен тұрады екен. Қызмет істейтін жерінде де қозғалмай көптен істейді екен. Мұның бөріне ғажап қалдым. Ұрының қайдағы бір мәдениеттісі кездесуін!

Старшина куәгер ретінде біздерді де жаза бастап еді, Мәлике өз күдігін айтты:

— Әй, шырағым, біз кім, не екенімізді мынаның көзінше айтып берсек, бұл ертең бізге көрсетер көресісін...

— Керек болса ол жайды біледі, біліп те алған шығар, - деді старшина, содан соң ұрының түріне қарап күлімсіреді де: - Бұл ұрының өзі интеллигент ұры көрінеді, ойшылдықтан миы ашығаннан істеп жүрген характері ғой... көрмейсіз бе, сіз түгіл өзі қорқып тұр... - деп қосты.

Менің таңырқағаным үсті-басы күйе болуы еді, үйінен күйеленіп келуге тиісті емес қой. Мәликенің кім екенін жазып жатқанында, бөліктердің ұры шыққан ар жағына барып қарадым. Қарадым да күліп жібердім. Сол жерде соғыс уақытынан бері бір үйінді көмір жатқанын ұмытып та кетіппін. Үйінді биікте, терезенің тұсына жететін, көмірді кезінде сол тесіктен түсірсе керек. Ұры терезеден қашпақшы болғанда, сол үйіндінің үстіне артыла қимылдаған ғой. Терезенің жақтауына ұрылып ұшқан оқ үйіндіні бұрқыратып, ұрының үстіне жауған екен. Осыны айтқанымда, милиционерлер де күліп жіберді. Ұрының өзі не болғанын тілті түсінбепті. Бірдеме тарс етіпті, не тарс еткенін білмегті, екінші рет сондай бірдеңе сыртта тарс еткенін естіпті.

Милиционерлер Айтпайды сағат жеті кезінде әкетті. Дала жарық болып қалған еді. Аулада мен, Мәлике, қызымнан басқа әлі күнге ешкім жоқ еді. Ұры мен милициялардың қарасы үзілген кезде, үстімнен басып тұрған ауырлық бірден түсе қалғандай, сай сүйегім босап, жұлын-жұтам жігерінен айырылып, салбырадым да қалдым. Әбден қалжырап қалсам керек, арманым тек үйге барып құлап кету болды. Бірақ, жұмысқа баратын уақыт та жақындап қалды ғой. Қой, тез-тез аяндап, мына аязды ауаны жұтып, денені жадыратып алған жөн болар деп түйдім де:

— Мәлике, балам, үйге барыңдар, мен шай қайнағанша сәл сергіп қайтайын.

— Жақып-ау, мына мылтығыңды асынған бойыңда қыдырмақсың ба?

Мәссаған, бұл құрғыры әлі иығымда жүр ме еді? Нат Пикертон мен Шерлок Холмс осылай иығына қолапайсыз қосауыз мылтық іліп жүрген болар! Мына столбыға парша-паршасын шығарайын ба деп ашулансам да, күлімсіреп тұрған келіншегіме мылтықты бере салып, жүріп кеттім. Таңертеңгі февраль аязы сергіте бастады. Болған істің байыбына да көштім. Иә, алланың күдіреті-ай, деп ойладым, бірнеше ай бойы бар өнер, қайрат, жігерімді жұмсап азаптанғандағы арманыма жетіп, “жиенімді” қақпанға мықтап түсірсемдағы, бойымда не бір қуаныштың, не бір тіпті жай ғана ырзашылықтың бірде-бір белгісі жоқ. Бірден қалжырай қалғанымның себебінің өзі осыдан ба деп те қойдым, ашуымды мылтықтан алғаным да сол шығар. “Тойдың болғанынан боладысы қызық” деген сияқты, өмірде өзі түгел солай емес пе екен: болады деп әбігерленіп, әлемтапырағың шығады, болғаннан кейін жыны қайтқан бұрадай салбырап қаласың. Жоқ, бұл мақал келмейді. Бәрі сонау старшина баланың сөзінен басталды. “Өзі интеллигент ұры көрінеді, ойшылдықтан, миы ашығаннан істеп жүрген حرکتі... өзінен - өзі қорқып тұр”. Шынын айтса, осындай қарақшы, осындай ұры бола ма? Подвалдан далаға шығарғанда, қарасам, байғұстың түрі адам аярлық, не болса да көндім деп-ақ тұр кескіні мен кейпі. Мұндай адам үшін сигнализация жасаудың, мылтық атудың, милиция шақырудың бірде-бірінің керегі жоқ, тек жанына барып, “Әй, не істеп жүрсің, марш соңымнан милицияға” - десең болды, қазыргідей, ешбір қарсылықсыз жүре беретін түрі бар, біз ғой бұған баукеспе қарақшыларға қолданатын әдістер қолданып, өуре болдық.

Ұят екен өзі, осыншама ақыл-жігер, еңбек, қайрат жұмсап, ұйқы-күлкі көрмей, қанша амал жасап, ұстаған ұрының түрі осы болса. Зеңбірекпен торғайды атқандай болды-ау, сірә. Бірақ, ішіме бұрау салып тұрған жағдай бұл емес те. Мен байғұс қой, осы істің бәрін көршілеріме сенбегендіктен, солардан көргендіктен істедім ғой. Солар біліп қалады деп, ұрланып, бұғып, тынышым кетіп, түн ұйқымды төрт бөліп жүрдім ғой. Сонда мен осы бір момын жігіт Федор Юрьевич Биске, өмірбақи, жобасы, адамның ала жібін аттамаған, өз еңбегінен басқа ештемеге бұрылмаған Биске не себептен ішімнен жала жаптым

екен? Оқығанмын, ғалыммын, интеллигентпін, ақылсыз емеспін деп жүріп, оның бүкірлігін, кемтарлығын ажуа, мысқыл етіп, көңілімді көншіткенім не? Ойпырмау, дүние жүзінде нақақ наразылық, нақақ көре алмаушылық, жалған өшігу. Болмасын деп жүріп, өз ішімдегі қабаған итіме жол бергенім қалай? Жобасы, сол иттің басын сөл босатып жіберсең, ақыл-ойға, парасаттылық-адамгершілікке бой бермей, жақынды жақын демей, елді ел демей, қаба, тістей жөнелмек қой! Сол Бис, басқа көршілер - бөрі мені де адал деп есептеген жоқ деген тұспал мені ақтай ма? Ақтамайды. Тіпті жаманы - сол. Сонда, қит етсе, ешбір байыбына бармай, бірімізді біріміз жеп қояйын деп тұрғанымыз ғой. Сонда әркімнің ішінде өз қабаған иті болғаны ғой. Ол итті аямай тұмылдырықтап, қатты байлап ұстау керек болғаны ғой... Ал Тигров сияқты ақсақалға бар запыранымды не себепті жинадым десеңші? Өз шамасынша жұмыс, қызмет істеген адам, жасы келгенсін тиісті құрметті демалысына шыққан адам, ешкімге зияны жоқ, қорқақтау, ондай жасқа жеткенде өзің де қорқақ боларсың кім біліпті. Қызмет істегенде қарамаушы еді деп жазғырдым. Уақыты тар болған соң қарамайды да, үлкен бастықтың көмекшісі болған адамның қай бір қолы тиеді дейсің, есіл-дерті бастықтың тапсырмасын орындау болса... қызмет жағдайын аздап пайдаланатын, алла тағала, сол қызмет жағдайын қолы жеткеннің пайдаланбай жатқанын айтшы маған?.. Ойбай-ау, үйінде су ағып, көл болып жатса, домоуправ дегеніне звондасаң, сантехнигі ертең келем десе, жаныңдағы мекеменің сантехнигін жібермегенде не істейсің!.. Тіпті бұл қызмет бабын пайдалануға да жатпайды ғой. Өзгелер түйені түгімен жұтып жүргенін көріп жүрміз ғой... Байғұс шалды сонша нақақтап, жек көріп алуымды айтсаңшы.

Әрірек ойладым. Жә, осы ұрыны мен ұстап алмасам не болар еді? Подъездегі көршілер бір-бірімізге күдіктеніп, ала көзбен қарап, әбден адамгершіліктен шығып, бөріміз бірдей қазыргі заманның Иван Ивановичі мен Иван Никифоровичіне айналғанымыз ғой. Осыны ойлағанда, тіпті шашым тік тұрды. Бұл дүниеде, жобасы, істің барысы мен байыбын біздің Мәлікке сияқты ақылға салып, түбі бір ақиқаты ашылар деп, асықпай кетегін адамдардың саны, сірә, аз болғаны ғой...

Сол күні, көршілерді жинап алып: “Ал, ардақты көршілер, ұрыны, міне, ұстадым, көріңдер кім екенін. Бұл мен де емес,

сіздер де емес, өзара күдігіміз бекер екен. Бәріміз де адал, абзал жандар екенбіз. Енді тату - төтті, өзара мейірбанды жағдайда тұра берейік. Мұндай болмайтын болсын. Мен өзім кешірім сұраймын!" - деудің орнына, өбден тынышымды алған ерке "жиеннің жиендігін" тыйған күні, соны тойлап, думандаудың орнына, мен осындай сандалған ойда болдым.

Көңілсіз ойға түсіп, ұзақ қамығуға бейім адам емес екенімді білесің ғой. Әр нәрсенің бір жарқын жағын табуға ұмтыларлықтай әдетім де бар сияқты. Ата-бабамыздың жақсы қасиеттерінен біздей пақыр ада қалмаса керек. Өмірдің қызығы мен қуанышы мейлінше көп деп білем. Маңайымдағы жақындарымды, жолдас-жораларымды әлдеқалай ренжітіп алсам, ол маған бір тез жазуға тиісті жара болып табылады. Кейде Мәлікенің: "Кім көрінген керегіне жегетін өгізім-ай!" - деп аймалайтыны да болады. Сірә, сол мінезімді іштей жақсы көреді-ау деймін. Өстіп жүргенде, ішімнен бағанағы айтқан, айыпты мен айыпсызды, ақ пе қараны айырмай тістелей беретін қабаған ит шыға келгеніне ренжімегенде қайтейін.

Жобасы, көршілерім де мен сияқты ойда болса керек. Өйткені бірде-біріміз "жиен" тақырыбын өңгіме етпедік. Менің "батырлығым" мен "ерлігім" жөнінде бірде-бір сөз естімегеніме мен тіпті ырза болдым. Уақыт дегенмен мықты емші ғой. Бәрін ұмыттық. Қазір біздерден өзара мейірімді көрші жоқ болар. Шығыстың бір ғұламасы осыны айтып кеткен ғой:

*Қастықта ақ-қараның бәрі қара,  
Әділдікті сақтайды достық қана.*

Өңгіме желісінен ауытқып кеттім ғой, сірә. Енді оқиғаның немен тамамдалғанын айтып берейін.

Сол күні жұмыста да дегбірсізденіңкіреп жүрдім. Аз ұйықтағаннан да, таңды тынышсыз өткізгеннен де шығар, бірақ "жиенімнің" ұрыға ұқсамайтын түрі мен тұлғасы есімнен кетпей қойды. Жап-жақсы айлығы бар механик, пәтері бар, сөйтіп жүріп, уақ ұрлықпен айналысқаны несі... Атасы ұрлық жаса-са, кесек жасаған, жылқыны үйірімен айдаған неменің, білім алып, парасатты адамдар қатарында жүрудің орнына, өбден тышқаншылап, капуста мен қияр ұрлағаны несі? Бұл байғұстың осы қорыққаны да жетпей ме екен, босатып-ақ жіберсе абзал болар еді деген ойда болдым да, тергеушіге барып, осы өтінішімді айтуға бел байладым.

Жұмыстан қайтар жолда милицияға кірдім. Кіреберістегі милиционер бір есікті сілтеп еді, кірсем әдемі капитан қыз отыр екен (сұлу қызға милиция киімі қонымды екенін сонда көрдім), құс қанат қастарын қағып қалып, күлімсірей қарады да:

— Аға, жайша келдіңіз бе? - деді.

— Осында бір жиенім бар еді... таңертең әкелген-ді... Аты Айтпай...

— Мағауов па?

— Аға, жиеніңіз ұры болуы қалай? Ұят қой. Біз оны тергедік те, уақытша босатып жібердік.

— Уай, қарындасым-ау, босаттым дегеніңіз не? Бұл босатуыңызға жол болсын! - деп өтірік шамдана қалдым мен, - Бізді төрт жыл тонап келген адамды, бір жыл бойы азаптанып, өзгеріс таба алмаған адамды қоя бердім дегеніңіз не? Қашып кетсе қайтесіз?

Капитан қыз аң-таң. “Жиенім” дегенге шын жиені деп, сеніп қалса керек. Айтпайдың “жиен” болуының себебін біраздан соң түсініп, күліп жіберді.

— “Жиеніңіз” бір бейшара ғой... Ұрыға төн не өтірігі, не қулығы жоқ. Не сурасаң, тек ашығынан жарылады. Тіпті сіздің подвалдан басқа подвалдарға барғанын да айтып берді. Ешқайда қашпайды. Мұндай адамдардың мінезін, аздаған тәжірибеміз бар, білеміз.

— Ұрлықты не үшін істейді екен?

— Ақша жетпейді. Алимент төлейді. Магнитофон алған екен, ақша керек болыпты. Үнемдеу керек болыпты. Айтса да, сіздің де, көршілеріңіздің де естеріңізде болсын, маған кейін не ұрлағаны жөнінде, қалай ұрлағаны жөнінде баяндап бересіздер...

— Капитан жолдас, бізді қайтесіз, сол байғұс өзі де бәрін айтып береді. Тіпті тергемей-ақ қоя бермейсіз бе?..

— Жоқ, олай болмайды. Қылмыстың аты - қылмыс. Амал жоқ, аздап тыныштарыңызды аламыз.

Дегенмен “жиенді” қоя бергеніне ырза болдым. Үйге келе жатып, енді жетті, осыншама жігер, қайрат, уақытымды алған, осы бір болмашы нәрсені енді мүлдем ойдан шығару керек, жүргізіп жүрген ғылыми еңбегімді тиянақтау керек, әйтпесе іс оңбайды деген дұрыс тұжырымға келдім. Бірақ “жиен” бұрынғыдай “жиендік” жасамаса да, өзін еске түсіріп-ақ тұрды.

Тергеуге шақырды. Үйіне апарып, ұрланған заттарды көрсетті. Өз банкелеріміздің біразын танысақ та, сол

шіркіндерді қайтадан үйге тасығымыз да келмеді. Бірақ, ішінен жоғалған сырлар табылғанына қуанып та қалдық. Мәлике өшпиретте қанша тұрғанын тағы есіне алды.

“Жиен” туралы енді бірде-бір ойламайын деп ант берсем де, ойламауға болмайтын оқиға тағы қосылды. “Жиен” ұсталғаннан соң, бір айдан кейін болар, жексенбі күні біреу есікті қақты. Есікті ашсам, бір жас келіншек тұр. Жасы отыз-отыз бес пе екен, әйтеуірі сол шамада. Өдемі киінуге, қымбат киінуге тырысқан, ернінде, бетінде опа-бояуы қалыңдау. Көзімен жеп барады, қымсынар түрі жоқ.

— Жақыпбек аға сізсіз бе? - дауысы жуандау, ауылдағы ұрысқақтау жеңгелердің дауысы осындай болатын.

— Иә, менмін.

— Мен сізбен сөйлескім келген еді.

— Не жөнінде сөйлескіңіз келді?

— Анау, Айтпай жөнінде. Сіздің погребке барып жүрген Айтпай жөнінде.

— Е, әлгі ұры Айтпай жөнінде ме? Сіз оған кім боласыз?

— “Ұры” - дейсіз... Сол ұрлық па екен? Менің өтінішімді тыңдасаңыз, кім екенімді айтар едім.

— Менімен сөйлескенде не болады, тергеушілермен сөйлесу керек қой.

— Жоқ, сізбен сөйлесуіміз жөн. Үлкен адамсыз, ғалым адамсыз... Олар сізді тыңдайды. Аулада кемпір анасы күтіп тұр.

Келіншектің дауысы өктем. Бәріне мен кінәлі сияқты. Кейпінде еркіндік пен еркелік бар. Жобасы, мені шынымен кінәлі деп ойлайды-ау деймін.

— Жарайды, қазыр шығайын.

Аулаға шықтым. Бойшаң келіншектің кигені құндыз жағалы пальто, құндыз бөрік, жанында жаулығы жапырылған, бір уыс бетінде әжімсіз жері жоқ, кіп-кішкентай денесімен таяғына сүйенген кемпір. Жасаураған нұрсыз көздерімен “қарағым-ау, мені осы араға неге әкелдің?” - деген кісіше келіншекке қарап қояды. Екеуіне қарасам, келіншек өзінің киімін сәндеп керіп тұрған сом денесін, жастығын, көркін, алтын сырғасын көрсету үшін тұрғанда, тартымдылығы мен тұлғалылығы көз айырмайтындай екенін көрсету үшін келген сияқты. Кемпірді сол әлеміш сыйқын айқындай түсу үшін, көрнектілей түсу үшін ертіп келген сияқты көрінді. Ауладағы стол басында отырған

едік, келіншек өдемі жұмсақ перчаткадан оң қолын босатты; саусақтарындағы алтынды көрсету үшін босатты-ау деймін. Бірақ, саусақтары тарбиыңқыраған, ауыр жұмыстардың қажатуынан өткен саусақтар, алақаны өлді, жалпақ. Келіншектің киімі де, ұлпа бояуы да, алтыны да бойына онша қонып тұрған жоқ. “Осының бәрінен босансаң, тек осылар ғана көрік беріп тұр деп ойламасаң, әдейілеп өдеміленбесең, қара дүрсіннің қандай жұғымдысы, қандай сымбаттысы болар едің” - деп ойладым мен.

— Енді кім екеніңізді айтасыз ба? - дедім стол айналасындағы орындықтарға жайғасып болған соң.

— Кім дейсіз бе? Айтпайдың дос-қарындасымын. Көптен бірімізге біріміз көмектесіп жүреміз.

— Шырағым, - деді шешей, орнынан қозғалақтап, - не әйелі емес, не туысы емес, не жолдасы емес, дос-қарындасы деген шығышты ғой... бұл заманда. Әйтеуір құдай басқа салғасын, қайтеміз, көнеміз де.

— Апа, сен қазіргі заманды білмейсің, әңгімеге кіріспей отыр деп айтып едім ғой, - деді келіншек кемпірге өктемірек сөйлеп. Кемпір терісірек қарап, ұртын суалтқан бойында үндемей отыра берді.

— Өзіңіз қайда қызмет істейсіз?

— Сол Айтпайдың қызметінде, техничкамын...

— Сонымен, не айтпақсыз?

— Айтарым, оқымысты адамсыз, үлкен адамсыз, Айтпайды бекерге жазалатпаңыз. Қанша алды, болмашы емес пе? Қапуста мен қияр үшін еркектердің соттасқаны ұят емес пе? Айтпай байғұстың, мына ауылда тұратын қарт анасына көмектесем деп істеп жүргені ғой.

Бұл сөзге кемпір бері қарамады, суалған ұрты қозғалмады.

Шіркіннің сөзінің қисындысын көрмейсіз бе?.. Ұрлаған жоқ, тек алыпты. Болмашы ғана... қияр... қапуста... төтті жидек... Келіншектің сөз барысына қарағанда, Айтпайдың ісі масқара, жаман іс емес, өзін өзі сыйлауды білмейтін азаматтың ісі емес деп дәлелдеу қиын еді. Айтпайдың бүріскен шешесінің жанында үлде мен бұлдеге оранып отырған сұлуға қарап отырып, үстінде көзге ілерлік лыпасы жоқ мына кемпірдің баласының қылмысына да, ісіне де ешбір қатысы жоқ екенін, Ай-

тпайдан бұл қарт бірде-бір тиын алмайтынын түсіндім. Айтпайдың “жиендіктерінің” түпкі себебі, осы сұлудың жиһаз, киімдерінде, осы әшекейлерінде емес пе екен деп күдіктеніп қалдым.

— Мен Айтпайды қаралап жатқам жоқ, тек болғанды ғана айттым, ендігіні сот пен тергеушілер шешеді-дағы, - дедім ақыры.

— Сот пен тергеуші немене, олар сіз сияқты үлкен кісіні тыңдамай қайда барады, - деп, келіншек бұрынғы сөзін қайталай түсті. Осы кезде кемпір де жалынышты жүзін маған қарай сөл бұрды да, жасаураған көздерінен аянышты үміт белгісін сездірді.

Ақыры екеуін де аяп кеттім бе, немене, қолымнан түк келмейтінін білсем де:

— Жарайды. Жарайды. Жақсылығым болса, аямаспын... - деп даудырладым. Тез кетсе екен деп те отырмын.

— Рахмет. Үлкен рахмет. Қарыздар болып қалмаспыз, ер жігіттің мойнында қыл арқан шірімейді. Капуста мен қияр үшін еркектер соттасқан жөн бе... - деп, келіншек түрегелді. - Сау болыңыз, рахмет, - деп найқала басып бара жатты.

— Құдай жарылғасын, шырағым, бала-шағаңның игілігін көр, - деп, кемпір де таяғына сүйеніп кібіртктеп, сұлудың соңынан ерді.

Мойнындағы қыл арқан шірімейтін еркегің Айтпай болды ғой деп ойлап, мен қалдым. Екеуі де, жобасы, менің қолымнан бәрі келетініне, менімен берік уәделескеніне сеніп кетті ме деп шамаладым.

Сот болды. Айыптының орындығына орта жасқа келіп қалған кісі отырды. Үстінде қонымды костюм, галстук, сирей бастаған шашын әспеттеп тараған. Жүзінде неде болса, бәріне көнген, ешнәрсеге қарсылығы жоқ адамның кейпі бар. Сот отырысында бұрын болып көрген жоқ ем, сонда да сот мәжілісінің ең бір берекесізі осы мәжіліс болды ма деп ойладым. Біз оқыған кітаптарда адвокат пен прокурор, шешендігі мен тапқыштығын жұрт алдына салып, тартысып жатпас па еді, халық біресе бір жағын, біресе бір жағын қолдап, мазасызданып, дүрлігңкіреп отырмас па еді... Мұнда оның бәрі болған жоқ. Айыпты өзімді-өзім қорғаймын деп, адвокат қорғауынан бас тартты. Қорғаушы куәлар болған жоқ. Тергеуші тіркеп, сотқа

тапсырған фактілердің бірде-бірінен айыпты бас тартпады. Сөзді күәлік ретінде маған бергенде, мен бұрынғы айтқанымды қайталадым да: “айыптың бәрін мойнына алып отыр, жалған сөзі жоқ, мұның өзі айыптыға жеңілдік туғызуы тиіс, жөбірленгендердің бірі мен болсам, мен айыптыны кешірдім” - дедім.

Айыпты жігіт сот пен прокурордың сұрақтарына жауап берудің аралығында залға анда-санда бір қарап қояды. Қараған сайын бетінде бір жылылық пен мейірімділік пайда болатын сияқты. Айтпай қараған жаққа көз жіберсем, сонау жерде оңашалау, “дос-қарындасы” отыр екен-ау. Одан өрірек анасы отыр, жанында Айтпайға ұқсас жас келіншек, жобасы туған қарындасы болса керек. Екеуінің де киімі жұпыны, жүздері жабырқаққы. Айтпай олар жаққа бірде-бір қарар емес, бар ынтасы, бар көңіл ұмтылысы “дос-қарындас” жақта.

“Не себепті ұрлық жасадың?” - деген сұраққа Айтпай: “Магнитофон алып едім, қабылдағыш-транзистор алып едім, ақша керек болды” - деген жүдеу сөздерден аспады. “Көптеген азаматтарды ығыр қылып, мазасын алып, өзара күдіктендіріп, ренжістіріп, еңбеккерлердің тыныштығын бұзғаныңызды қалай бағалайсыз?” - деген прокурор сұрағына берген жауабының сиқы мынау болды:

— Мен аздап қана алдым ғой. Көптеп алғам жоқ. Сирек алатынмын.

— Аз ұрла, көп ұрла, сирек ұрла, жиі ұрла - бәрі ұрлық болады, - деген соттың ескертпесіне көнген сияқты еді, бірақ кейін реті келген сайын, “аз алдым ғой, сирек алдым ғой” - деп қайталауын қоймады. Сот алдында кәдімгі Чеховтың қаскүнемі тұрған сияқты. Айырмасы, тек киімі дерсің. Чеховтың қаскүнемі шашы-сақалы ұстара көрмеген, ұйпа-тұйпа болса, бұл қаскүнем жылтырап қырынған, шашын өтірлеп тараған. Чеховтың қаскүнемінің үстінде кенеп көйлек, аяғы жалаң болса, біздің қаскүнемнің үстінде модалы костюм, аяғында жылтыраған ботинка, мойнында галстук. Өзгесінде айырма жоқ сияқты. Чеховтың Григорьев Денисі темір жолдың бұранда - гайкасын балық аулау үшін алдым десе, Айтпай калуста мен қиярды ақша үнемдеу үшін алыпты. Денис қармаққа салмақ беру үшін темір гайкадан артығы жоқ деп тапса, Айтпай ақша үнемдеу үшін біреудің тамағына үлестес болу жөн деп тапқан. Есінде ғой, “рельс ағаш төсеніш шпалға гайкамен бекітіледі, гайканы

алса, рельс орнынан таяды, поезд құлайды, оны түсінесің бе?” - деген тергеуші сұрағына Денистің берген жауабын: “Е, түсінбейтін не болты... біз гайканың бәрін алмаймыз ғой... арасынан қалдырып отырамыз... Ақылға салмай іс істемейміз”... Сол сияқты, Айтпай да ақылға салмай іс істемесе керек, ол да бәрін алмаған, погреб иесіне қалдырып отырған. Қысқасы, данышпан Чеховтың баяндаған оқиғасының қайталанған түрін айтсаңшы...

Ақыры, сот үкімін шығарар алдында прокурор сөйледі. Жеңіл табыс іздеудің, біреудің еңбек - жемісін ақысыз-пұлсыз пайдалану әлеуметтік қиянат екенін, оның арғы тегі қайдан келе жатқанын айтты. Бір кезде айыптыға тесірөйе қарап тұрып: “Сізге Отанымыз орта білім берді, механик дипломын берді, өзгеден жоғары айлық кесті, сөйтіп сізге адал қызмет істеп, халыққа пайда тигізеді деген үміт артты, ал сіз оның орнына мемлекет пен қоғамды алдап, бұзықтық жолына түстіңіз!” дегенде, прокурордың сөзге жаттыққан мақамы жоғарылап, дауысы саңқылдап кетті. Прокурор есеп-қисап орталығы басшыларына, ондағы тәрбие жұмысының төмендігін, олар “өз бауырында жегі құртты асырағанын” ескерте келе, Айтпай Мағауов сияқтылардың адамгершіл қауымға, еңбеккерлерге көп зиян келтіретінін айтты. Прокурор ұшқыр сөздер мен көркем теңеулерін, әдемі сөз құрамдарын аямай келістіре сөйледі. Бірақ, халық аз еді, айыпты “дос-қарындасына” көз тастап отырып, бұл сөздерді тыңдаған да жоқ-ау деймін.

Менің ойым неге екенін білмеймін, Айтпай байғұстың тағдырында болды. Ана “дос-қарындасына” әдемі киім, әшекей білезік керек болмаса, тып-тыныш адал қызметін атқарып жүретін жігіт қой... Бәрін сол сұлуды еркелетем деп істеп жүргені ғой бейшараның. Жігері аз адам, қолайсыз қолға түссе, ақыры, осы болмақ деген тұжырымға түйіліп, қамығуда болдым.

Айтпайды екі жылға соттады. Мен ұстап алған ұрының ісі осылай тамамдалды. Осы бір өмірімдегі болмашыдан өрбіген хикаяны талдасам, адамның жақсылық жолынан жамандық жолына ауысуы оп-оңай ма деп топшылаймын. Осы топшылауымның бір әлеуметтік мәні бар, кең қорытынды шығарғым келмесе де, есіме адам жаратылысының осы бір ерекшелігі, ой салып, орала береді, оралған сайын бір күрсінтпей өтпейді.

— Бітірдің бе, Жақыпбек?  
— Бітірдім.  
— Осы әңгімеңді маған ғана айттың ба?  
— Саған ғана айттым.  
— Басқа ешкімге айтпайсың ба?  
— Айтпаймын. Сенен басқа кімге айтам? Адам тыңдар әңгіме емес.

— Келістірдің. Жақсы тыңдағаным үшін сыбағамды алдым. Рахмет. Онда ұйықтайық.

Жақыпбек басын жастыққа тигізе бере, қор ете түсті. Әбден шерін тарқатып, мауқын басқан ғой, сірә. Ал мен көпке дейін ұйықтағам жоқ. Адамды танымайтыныма, білмейтініме таң қалдым, қайран қалдым.

Өзінің ғылыми ісінде ертінділеріндегі молекулалары, атом, иондарынан басқа, үй жағында Мәликенің айтқанынан шықпауынан басқа ешнәрсеге қатысы жоқ деп танытын Жақыпбектің мынау. Әр нәрсені көбімізден терең сезіп, кеңінен толғап жүрсе де, сыртына бір шығармай тарта бермек. Біз ғой болмашы ойы мен долбарларын дабырлап отыратын сабаздарды кемеңгер, көсем етіп жүреміз. Бұл дүниенің ұңғыл-шұңғыл тұңғыықтарын, шексіз сыйқыр кереметтерін аңғарып отырудың қиынын ай десеңші...

## АЛТЫН БОСАҒАНЫ АТТАҒАНДАРҒА

Жас достар! Міне, сендер Қарағанды университетінің босағасынан енді ғана аттап отырсыздар. Алдарыңда арман аялаған алуан сырлы өмір жатыр. Мен өздеріңді “достар” дедім, “жолдастар” дедім. Сөйте тұрып, бұл сөздің көбінің құлақтарыңа сіңбеген, тосындау естілерін де ойладым. Өйткені сендер осы уақытқа дейін балғын бала, бүлдіршін қыз едіңдер. Енді “Жолдас!” атандыңдар. Өйткені біз бөріміз осыдан бастап бір саптамыз. Дәлірек айтсақ, біздің қоғам өздеріңді үлкендердің үйіріне, азаматтың санатына қабылдап отыр. Енді біздер тізе қоса отырып, тілек жалғастыра жүріп байсалды да, байыпты мәселе төңірегінде әбден кеңесе аламыз, пікірлесеміз, шешім қабылдаймыз. Мұның өзі, бұрынғыдай өздеріңді қомсынбай, әсіресе, олақ ұстаздарша, бар нәрседен шетқақпайламай, теңдесім деп қараудың басы. Мұның өзі сендер енді қысылмай-қымтырылмай, жалтақтамай-жасқанбай, төменшіктеп жалтармай, жасанды қылыққа ұрынбай әділіне жүгініп, ашық сұхбаттаса аласыңдар деген сөз. Осы лебізді қадағалап, қайталап айтып тұрғанымның тағы бір себебі бар. Менің бұдан отыз жыл бұрын республикамыздағы санаулы жоғары оқу орындарының біріне түскен кезімде, “Жолдас!” деп тіл қату таң да, таңсық та емес еді, өйткені дәл сендер сияқты балғындар ортамыздан некен-саяқ табылатын. Ұлы Отан соғысының отты алапатында, төңір жазып, оқтан аман қалған отыз бес жастардағы орта буынның өкілімен, отау иелерімен, немесе соғыстың бар азабын ерлікпен арқалап, майдандағы жарын күтіп, жан азабын кешкен, енді ғана ес жиғанда жоғары білім алу үшін жас балаша талпынған басалқалы бәйбіше мінез әйелдермен қатар отыратынбыз.

Ұлы Отанымыздың жоғары оқу орындарына қабылданған барлық жастардың, соның ішінде Қарағанды Мемлекеттік Университетінің I курс студенттері сендердің де бақыттарың сол, бөрің де бейбіт күнде, халқымыздың лайықты мәртебелі қамқорлық жасауына барлық мүмкіншіліктері бар заманда туып өстіңдер. Мен “Мәртебелі қамқорлық” деп баса айтып тұрмын. Сол арқылы, өзінің бар мақсат-мүддесін жарқын болашағымызға арнап отырған елде өмір сүретінімізді айрықша атағым келеді. Мұның өзі елімізде, өміріміздің принципіне сай, сендерге, біздің

болашақ жеткіншектерімізге бар қамқорлық жасаудан бөгде көрініс болуы мүмкін емес деген сөз. Мен сендерді, осындай қамқорлыққа лайықты өрендер деп білем.

Міне, бөрің қарсы алдымда гүл жайнап отырсыңдар. Байқасам, он жеті мен он сегіздің тізгінін енді ұстаған өренсіңдер, жиырманың жалынан ұстағандарың некен-саяқ шығар-ау. Қандай бақытты жас! Сендердің жандарың ұлы ақынның сөзімен айтқанда:

...Алаулы бұлқынысқа,  
...Аяулы құлшынысқа,  
Сезім мен ойдың мөлдіріне  
Сенім мен жолдың өрлігіне -  
толы, сендерді:  
Махаббат құстың шынарлы бақтары,  
Білім мен істің құмарлы шақтары,  
Көңілдің көшпес мұраттары,  
Өмірдің өшпес шырақтары,  
Өлеңнің мөлдір бұлақтары  
жебеп жүреді.

Қандай бақытты жас! Әсіресе біздің кезеңде, біздің елде мұндай жастықтың белесіне шығу не деген тамаша десеңіз-ші! Өрқайсыңды арманның азбас мерейі мен үміттің үделі биігі жетелейді. Өрқайсың тау қопарып, тас жарар, айшылық алыс жолдарды бір-ақ аттап қусырар Васька Буслаев немесе Қамбар батыр секілдісіңдер. Қарабайыр тірлікке, жай кездегі жадағай сөттерге қарайлауға сендердің уақыттарың да жоқ, аспандағыны алсам, кеудеммен көк тіресем деген киіп-жарма бір күш бойларыңда бұлқынады да тұрады. Күнбе-күнгі өмір жайлы біз, үлкендер көбірек ойлаймыз. Жас буынды тәрбиелеудің мәні сендердің ілкі-алды ұрыншақ құштарлықтарыңды, қомағай құмарлықтарыңды аялы арнаға, адаспас ізге салуда болса керек. Сонда ғана өрқайсыларыңыз асқарлы Азамат болып шығасыңдар. Тәрбиенің төсілі мол. Соның ең бастысы, меніңше, өркімнің жеке үлгісі ғой деймін. Өрқайсымыз ата-анамызға, ауыл-аймаққа қарап өсеміз. Өсе келе ұлы адамдардан үйренеміз, соларды оқимыз. Өйткені, ұлы адамдардың өмірі адамзаттың төжірибе жинақтай отырып, талшыныс биігіне өрлеу жолындағы баспалдақтары іспеттес. Өйткені, ұлы адамдардың өмірі өзіміздің қанаттана, жетіле, толыса түсуіміз үшін үлгі болар шамшырағымыз.

Біз аға ұрпақ өкілдері, керемет бір қызық қасиеттің иесіміз. Әрқайсымыз өзіміздің өмірлік ғибратымызды жастарға арнау жолында құлшынып тұрамыз. Меніңше, бұл құштарлық, өз басымда абзал қасиет. Алайда, өмір жолында кездескен өрі мен өкінішін, қуаныш пен құлдырауын, бақыты мен сорын, жеңісі мен шегінісін, білгені мен білмегенін, қағидасы мен қатесін жас буынға әркім қаз-қалпында ұғындыра ала ма, жақсысына үйретіп, жаманынан жиренте ала ма? Бұл кең өнер бөріміздің бойымызға бірдей дари қоймайды-ау. Әсіресе, біз өз білгенімізді ақыл-нақыл, өсиет-өнеге түрінде жеткізуге құштармыз. Алдымен сендер бұл өсиетті ата-анадан, содан соң мұғалімдеріңнен естідіңдер. Енді келіп алдарыңнан ақыл айтып біз, жоғары оқу орындарының ұстаздары, шықтық. “Тағы да құрғақ дөріске тап болдық-ау!” дейтін шығарсыңдар, кейде өзілдеп, кейде кейіп, кейде келісіп.

Бұл ретте сонау бір қара танымай қараңғы түн кешкен баяғы заманда, ата-аналарымыздың педагогикалық қызметі жеңілдеу болған сияқты. Әлдебір деревняда Мазай атай немесе ауыл иесі атанған ақсақал, төңірегіне жастарды жиып алып, өз ғұмырында өткізген қияметі мен қызығын тартынбай айтады да, өз дәуірінің өнегесін молынан уағыздайды. Өз ауылынан, өз аймағынан аттап алысқа шықпағандар үшін, мұндай өңгімелер кезінде, әрине, әсерлі болған. Осыдан келіп аға буын әрі ақылды, әрі айлалы, әрі айбарлы, әрі өрелі, әрі өнегелі боп көрінетін. Сөйтіп, нақыл-өсиеттің арнасы тек үлкендерді уағыздауға сайған. “Міне, біз сияқты үлкендер, қандай биік болғанбыз, ал сендер, жастар, алдымен бізге жетіп алыңдар. Содан соң барып кеңесуге жарайсыңдар” деген ақтау уағызға тіреле бергені мәлім...

Қазір ондай қарапайым уағыздың уақыты өтіп барады. Қай жасөспірім болсын үйде газет оқып, радио тыңдап, телевизор көріп отырып-ақ үлкендерден үйренер тағлымын, айтар ақылын көңілдеріне тоқып алады. Әрине, тақақтап тағлым айта бергеннің өзі де кейде артық шығар. Бұл ақиқат, атам заманнан келе жатыр. Мәселен, Абай өзінің ақылды әкесі Құнанбайдың өсиетін үнемі тыңдағанымен, солардың көкейге қонарын, өмірге икемдісін, көпке қажеттісін қабыл алған. Қалғандарын өзінің дана сарасына сайып, мысқылмен түйреп те отырған. Мұндай-да әкесін “ақылгөй шал” деп мінейді екен. Біздің кезеңімізде,

біз сияқты аға ұрпақтар өкілі ақылгөй атануы үшін әлдеқайда ауқымды білімнің иесі болуы керек. Өйткені сендердің интеллектуалдық деңгейлерің 18-20 жасар кезіміздегі біздің ой-өрісімізбен ешбір салыстыруға келмейтін биікте тұр. Бұның өзі керемет емес пе, біздің де, өздеріңнің де бақыттарың осында емес пе!

Солай десек те, мен сендердің үлкенді тыңдай берулеріңді, үлкенді сыйлай берулеріңді тілер едім. Жастықтың даурықпа даңғайлығы мол болады. Өйгілі бір композитор қартайған шағында: “Әуелде тек Мен ғана едім, содан соң, Мен және Моцарт болды, кейінірек Моцарт және Мен екенімді білдім, ал енді, тек қана Моцарт екенін мойындаймын” деп шындыққа жүгінген екен. Егер сол композитор Моцартты ертерек мойындаса, өзіне де молырақ өнеге алар еді-ау деп ойлаймын. Демек, өз бойындағы мүмкіндікті асыра бағалаймын деп кеуде қағып жүріп, адасуға, желбуаз жеңілдікке ұрынудан сақ болуларыңды қалар едім. Сондықтан да, біз, аға ұрпақ өкілдері, сендердің сенімдеріңнің сергелдеңге түспеуін, құлшынған қуаттарыңның құмша сусымауын, жігерлеріңнің жүнжімеуін, дарындарыңның дарақылыққа ұрынбауын қорғаштаумен келеміз және қорғаштай береміз. Мен мұны аға ұрпақтың, өскелең болашағымыз, сендердің алдарыңдағы, өз ізбасарларымың алдындағы қасиетті де қастерлі борышы деп білем. Осы ретте мен сендердің алдарыңда өзімнің студенттік өмірімнің кейбір белестерінен елес беріп, өз көрген-білгендерімді ортаға салсам деп тұрмын. Байқаймын, мен студент шағымда сендер әлі дүние есігін ашпаған да болуларың керек. Сендердің жүздеріңдегі дәл қазіргі жылы күлкі, жандарыңдағы жайнаған қуаныш, жанарларыңдағы жалын, өздеріңмен ашық сырласуға тағы бір себепкер екенін сезіп тұрмын. Сендер қашан да шатсыңдар, шаттанбауға негіз де жоқ, өйткені сендер сынақ бөйгісінен төзімділікпен, ерлікпен ерен озып шықтыңдар. Міне, енді университет студенті ретінде бүгін тұңғыш рет жаңа мағыналы соқпақтың жолаушылары болып отырсыңдар.

Қысқасы, сендер енді - студентсіңдер. Стипендия аласыңдар. Қалалықтар өз үйлерінде, сырттан келгендер жатақханада тұрар. Тамақтарың да не үйден, не студенттік асханадан болар. Университет немесе институт бітіріп шыққан соң, тамаша маман болу үшін әуел бастан студенттің неге үйір, неден аулақ

болуын ұғындыратын ереже бар. Бұдан артық қандай жұмақ керек деуге де болар еді? Өсе бер, оқи бер, еңбектене бер. Алайда, өмірдің қаншалықты күрделі екеніне ой жіберіп көріңізші! Өмір біздің алдымызға күн сайын, сағат сайын, минут сайын ешбір ережелер мен нұсқауларға сыймайтын жаңа міндеттер қойып отырады. Мәселен, мамандық таңдау жайын алайықшы. Мен осы отырғандардың арасында, бөлкім, олар аз да шығар, кейбіреулердің қазірдің өзінде өз қалаған мамандығына түспегенін, болашақта алған мамандығы көңілін тойдырмайтынын мойындап үлгергендердің жоқ екеніне шүбәлімін. Содан, бөлкім, кейбіреулеріңіз іштей күйзелісте жүрген де боларсыздар. Ондайларды аяғаннан басқа амалым жоқ. Қазір мектептерде, семьяда мамандық таңдау жөнінде талай-талай әңгіме өтетіні хақ. Сөйте тұра, кейбір жастардың адасқан қазша, өзге көлге ұрына беретіні жиі кездесіп жүр. Жоғары оқу орнына жүрек қалауымен жете алмайтыны бар.

Өкінішке қарай, болмыс, әрдайым қалаған кезінде қабағын аша бермейді. Біреудің қабілеті ерте көрініп, біреудікі кешеуілдеп жатады. Көп қателектің басы осыдан басталады.

Біз қазір мамандық таңдауды сөз етеміз, арман жетелеген асқарларға ұмтылып, абыройлы қызметкер болуды аңсаймыз, ғылымда, техника саласында немесе ауыл шаруашылығында бір салаға тұтқа болсақ дейміз. Бұлай деуіміздің барлық негізі бар, оған бар жағдай жасалған да. Айталық, осы өзіміздің Қарағандыда, қаланың салына бастағанына 40-45-ақ жыл екеніне қарамай, қазір алты жоғары оқу орны бар екен. Соның бөрінде де жоғары білімді мамандар даярланады. Демек армандауымызға да, үміттенуімізге де негіз мол!

Архангельскілік 20 жасар теңізші Михайло Васильевич Ломоносов білім іздеп жүріп күздің қоңыр кештерінің бірінде Петербург көшесіне аяқ басып енгенде, мамандық таңдауды ойлады деймісің. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында кедейлердің еңсе көтеріп, білімге шөлікпей ұмтылғанын, мектептерге, техникумдарға, институттарға ағылғанын еске түсірейікші. Республикамызда ғылым негізін салушылармен әңгімелесіп көріңізші! Біздің алғашқы академиямыз Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезовтің мамандық алалап жатуға мұршасы болды ма екен? Мұндай мүмкіндікке академиктер Ш.Шокин, Ә.Бектұровтардың қолы жетті ме екен? Олар сол кезде сәті түсіп, бұйырған жоғары оқу орындарына орналаса салған.

Әрине, өзінің бір салаға ерекше қабілеті барын ертерек аңғарып, соның жолында саналы ізденіске түскендердің бақыты жарқырап тұрады анық. Осындағы көпшіліктеріңнің өз қалаған ұяларыңа, өз факультеттеріңе, өздеріңнің бейімдеріңе сай түскендеріңе менің шүбәм жоқ. Пушкин поэзиясының ұлы болашағы патша лицейінде нәр алғаны бізге аян. Алайда, өзіл-оспақ өлеңдер жазуда Пушкиннен оның курстасы Илличевский қалыса қоймағаны, тіптен кейде асып түсіп отырғаны да мәлім. Илличевскийдің болашағы да зор-ды. Бірақ, оның есімін қазір тек Пушкинге байланысты ғана еміс-еміс еске аламыз.

Осының бәрін мен не үшін ежіктеп тұрмын? Оның мәнісі - мамандық таңдаудың аса күрделі екенін ұғындыра түссем бе деген ниетте жатса керек... Ерте ме, кеш пе, әйтеуір біразыңның ағат кеткендерің анықталады, оның ерте анықталғаны құба-құп, кешеуілдегені - кесел-ақ. Егер өздеріңе шүбәланар шақ туа қалса, ең алдымен, адасқандарың ақиқат па, әлде алдамшы күдік пе - алдымен соның байыбына көз жүгіртерсіңдер деп ойлаймын.

Осы ретте мен адам табиғатының кейбір ерекшеліктеріне тоқталғым келіп тұр. Қазір мен республика Академиясының тұңғыш президенті, кемеңгер геолог Қ.И.Сәтбаевтың творчестволық өмір жолын зерттеп жүрмін. Ол кісі керемет жан-жақты адам болатын. Егер Қанекен геологияны қаламаса, аса дарынды жазушы, музыкант немесе өзге мамандықтардың дара қайраткері болар еді, деп ойлаймын. Талант көбінесе сан қырлы болып келеді. Ломоносов, Пушкин тағы басқа көптеген ұлы адамдардың қаншалықты жан-жақты екенін өздерің жақсы білесіңдер. Менделеев химия саласында жаңа жүйе қалыптастырған период заңдылығын ашқан ұлы химик еді, оның үстіне ол үздік физик әрі инженер, көрнекті экономист және көркем өнер саласының білімпазы, тамаша сыншы да бола білген. Бұл сияқты мысалдарды көбірек айтып тұрғанымның өз себебі де бар - сендер, қазір “Сырдың суы сирағынан келмейтін” қиялшыл, арманшыл, қай биікке болса да қолдарың жететіндей көрініп тұратын төуекелшіл жассыңдар. Бұл өте жақсы. Қарыштай беріңдер, ғарыштай беріңдер! Ал енді, өзіне сенімі аз көрініп, оқып жүрген мамандығы көңіліне қонбай, қателескеніне көзі жеткендей төменшік күйге түскендердің жайы не болмақ? Тез арада оқуын тастап, келесі жылы қайтадан жаңа

бір оқу орнына сынақ өткізуі керек пе? Сонда екінші жолы да қателеспегеніне кім кепілдік бере алады? Меніңше, мұндай кепілдік болмақ емес. Сондықтан, тек оқу керек, аянбай-талмай оқу керек. “Адасқанның алды жөн, арты соқпақ” деп ұлы Абай айтқан ғой. Чеховтың Трофимов деген “мәңгі студенті” бар. Бірді тастап, бірді бастай берсе, “мәңгі студент” болу оңай. Алайда, Антон Павловичтің өзі әдебиетке құмарлығы барын ерте бастан-ақ сезсе де, студент кездерінің өзінде кейбір шығармаларымен жұртқа таныла бастаса да, алған беттен ауытқыған емес, сөйтіп “мәңгі студент” болуға үйірленбей-ақ сәтті оқып, дәрігерлік диплом алып шыққан. Кейін ол ұлы жазушы, өрі жақсы дәрігер бола алды. Дәл сондай-ақ, Шоқан Уәлиханов патшалық әкімшіліктің таптырмас офицері ретінде көрінгенімен, өзінің болмыс берген талантының жетегіне еріп, қандай да бір қиыншылыққа қарамастан асқан дарынды оқымысты болған ғой. Бұл күндерде қазақ халқы Шоқанымен мақтанады. Мұндай мысалдар көп-ақ. Демек, түскен оқуына түңіле қарап, табандылық көрсете алмай, тайып тұратындар жігерсіздер мен жетесіздер ауылынан деп білемін. Ал табандылар ешқандай кедергіден, қиындықтан, өзінің күдігінен қаймықпай, бастаған ісін аяқтап шығу үшін тапжылмай оқи бермек. Неге? Өйткені, жастықтың өсерімен әуелде көрнекті қолбасшы боламыз деп тоқмейілсінгеннен, кейін көбіне қатардағы қарапайым адам екенімізді, бірақ қоғамға қажет адам екенімізді түсіне бастаймыз. Мұндай тоқтамға, бәлкім, толысып кемелденген шағымызда, отыздар шамасында келерміз. Егер солай екені рас болса, бар күшімізді, жігерімізді, табандылығымызды өзіміз түскен оқу орнын ойдағыдай бітіріп шығуға неге толық жұмсамасқа. Сонда болашақ мамандыққа үйрене түсеміз, жаттыға түсеміз, жатырқаудан арыламыз. Күдігіміз жойылады. Оның үстіне, бар талап-талпынысын аямай жұмсаған іс қана, ең жемісті боларын өмір тәжірибесі әбден дәлелдеп жүр. Мамандықты сүю, математикалық тілмен айтқанда, сол мамандықты игеру жолында жұмсалған еңбегіне тура пропорционалды болып келеді. Өйткені, еліміздегі қай жоғары оқу орны болсын, ары қарай өз талабыңды, өсіресе үздік талант шығар болсаң, сол талантыңды жетілдіруге, ұштай түсуге жетерлік жалпы мәдениеттің жақсы негізін қалап береді. Ондай дарын иесі шықпайтынын дер кезінде түсіне алғандар өз мамандығы бой-

ынша қоғамға ең қажетті азамат болу үшін аянбай оқып-үйренулері тиіс. Біздің елімізде артық адам, қажетсіз мамандық жоқ, әркім өз өмірінің мәні болар (мамандық деген өмір мәні ғой) іске қашан да адалдықпен қарай білсе, еліміздің пайдалы азаматына айналмақ. Мен тағы да қайталап айтамын, мамандық таңдауда қателестім деп қажып, ұнжырғасы түсіп, үмігінен айырылып, үнемі үрпиіп жүретіндер - әлсіздер мен жетесіздер болып қала бермек. Әлсіз болмаңдар, нәрсіз болмаңдар, жоғары оқу орындарын таңдап, шырылдауық шегірткеше ыршып жүріп, өн сала берулеріңе қысқа өмірдің қызығы жете бермейтінін түсініңдер. Белдескен биігіне жеткенде, бетіңді кері бұрсаң - қорқақтығың, ыждаһатты ықылас, тапжылмас табандылық, тайсалмас қайсарлық, жүйелі әзірлік, ерінбес еңбек бойларыңдағы күндік ылаңын, ойларыңдағы күдік тұманын жеңе алады.

Өлгіден бергі айтқандарымнан сендерді табанды оқу мен тапжылмас ерлікке шақырып тұрғанымды түсінген боларсыңдар. Өйткенмен, мұның бәрі де бесенеден белгілі өсиет қой, құдайға шүкір, бұл туралы мектепте де талай-талай айтылған шығар. Сөйте тұра, қанша айтсаң да қағажуға жатпайтын, қадірі арта түсетін, жылымшы болмай, жылы ұялай беретін ақиқаттар бар екенін ұмытпаған жөн. Дегенмен, мен өзіміздің негізгі мәселеміздің - еліміздегі әрбір жоғары оқу орындары сияқты, біздің университет қабырғасында жүрген кездеріндегі теориялық және практикалық білім алу мәселесінің кейбір ерекшеліктеріне тоқтала кетуді жөн көріп тұрмын. Мәселе мынада, біз қазір ғылыми-техникалық революцияның дәуірінде өмір сүрудеміз, “ғылым қоғамымыздың өндіргіш күші” екенін білеміз. СССР Ғылым Академиясының 250 жылдық салтанатты мерекесіне қатысқанымда, біздің әйгілі физигіміз, академик Петр Леонидович Капицаның сөзін тыңдағаным бар. Ол кісі ғылымның өмірдегі орны жайында ой толғай келіп былай деген еді: “Болашақта ғылым мен өнер саласындағы қызмет ететін адамдардың ара салмағы қандай болмақ? Бұл ретте Герберт Спенсердің шендестіруіне жүгінуге тура келеді. Егер мемлекеттік организмді жануармен салыстыра отырып, сол жануарлардың ой еңбегін атқарар бөлшегінің, дәлірек айтқанда, бас бөлшегінің салмағын оның қара күш атқарар денесінің салмағымен салыстырсақ, қызық нәтижеге көзіміз жетеді екен. Көне

заманның жануарлары, мәселен, динозаврдан басталық. Бұл басы кіші, денесі таудай алып аң болған. Жер бетінде тірліктің эволюциялық барысында, мұндай жануарлардың болашағы болмағанын біз жақсы білеміз. Бас салмағы дене салмағының бес он проценті болатын адамдар ғана өмір үшін күрестің тізгінін өз қолына алды. Сол сияқты, адамзат қоғамының эволюциялық даму барысында мәдениет үздіксіз дами береді, және оған жұмсалар қаржы да молая түспек. Академик Н.И.Семенов өзінің мақалаларының бірінде, болашақта адамзаттың тең жарымы әр түрлі жолмен жасампаз ғылыми еңбектерге қатысатынын, айтқан еді... Профессор Бернал - ғылыми-творчестволық еңбектің өрісін өзгеше бейнелейді. Олар бір адам өз уақытының бір бөлшегін творчестволық ой еңбегіне, қалған бөлігін өндірістік еңбекке жұмсайтынын болжамдаған. Менің өз тұжырымымда, - дейді академик Капица, - Семеновтың болжамы көкейге қонымдырақ сияқты, өйткені творчестволық еңбекке бейім адамдар оған бар болмысымен берілсе керек. Мұның өзі адамдарды мейлінше қуанышқа бөлеп, олардың творчестволық еңбегін барынша өнімді етеді!"

Бір сөзбен айтқанда, өмірімізде ғылымның орны ерекше. Осы айтылғандардың бәрінен бір-ақ қорытынды шығаруға болады - студент атанған екенсіңдер, жоғары білім алуға талпынған екенсіңдер, демек, түбінде ғылым адамы, дәлірек айтқанда, творчество адамы екендеріңді естен шығармай оқып, еңбек етулерің керек. Ал творчестволық жұмыс дегеніміз не? Біздер арнайы оқу арқылы қолымыз жеткен ережелі нұсқауларға, дағдыға сүйене отырып, әйтеуір, бір пайдалы істің тізгінін ұстайтынымыз анық. Мұндай кезде творчестводан гөрі ықылас және ұқыптылық керек. Ал егер сендерге ешқандай нұсқау да, ереже де, дағды да жоқ, бірақ өмір талабынан, жаңа міндеттерден туған жаңаша, болашағы беймәлім жұмыс тапсырылса ше? Мұндай жұмысты қолға алып, нәтижелі аяқтап шығу үшін білімінді, ойынды, қиялыңды, бір сөзбен айтқанда, творчестволық өрісіңді, творчестволық қабілетіңді пайдалануың қажет. Басқаша айтқанда, ғылымда, өнерде, әдебиетте қызмет ету үшін адамда творчестволық түйсік болуы тиіс, сол творчестволық түйсікті тәрбиелей білуің қажет, өрістете білуің қажет. Творчество адамдарының өзгелерден айырмашылығы сол - оның ойында, миында қарама-қарсы фактілер мен құбылыстар қашан

да қақтығыста жүреді, содан барып осындай драмалық шым-шытырық айқастың негізінде жаңа ой, жаңа тұжырымдар туып жатады. Ондай жаңа ойлардың жүзеге асуы ескі нұсқалардың, көне өдістің, бұрынғы білімнің аясына сия бермейді. Демек, студент қашан да білімге ұмтылып, оқып, үйреніп, жадына сақтап жүрумен қабат, сол үйренгендерін, оқығандарын, зерттегендерін сарапқа салып, өздерінше тұжырым, түйсік түйе білулері керек. Бір сөзбен айтқанда, алған білімдерін бойларына творчестволықпен сіңірулері тиіс, жоғары оқу орындарының программасының материалдарын игеру тәсілі меніңше, барлық кезде солай болған, ал біздің ғылыми-техникалық революцияның ғасырында мұнсыз мүлдем мүмкін емес. Білім жүйесіне осылайша шабуыл жасамай, толыққанды, жан-жақты, өрелі маман даярлай алмас та едік.

Ғылыми жұмыс, ғылыми ізденіс творчестволық қызметтің шығар шыңы. Мұның өзі, қызығы мол еңбек екенін айтқым келеді. Шынайы творчество, адамды қайта жаңғыртады, қанаттандыра түседі. Творчестволық жұмысыңнан алған рахаттан артық рахат бар ма екен, сірә! Осы тұста тиімді ізденістен бұрын табиғатта бар, бірақ сыры беймәлім жаңалыққа әкелетіні сөзсіз екенін ерекше атағым келеді. Бұл ретте қай творчествоның да түп қазығы ізденіс екенін, түп-тамыры бір екенін айта отырып, А.К.Толстойдың керемет бір өлеңін келтіре кетейін.

Сұлулықты жалғыз өзім жараттым деп асқынба,  
Бұрын да олар әлем кезген ұқсап жұмбақ тасқынға.  
Фиддам емес, Зевс берген заңғар аспан астында,  
Төңірі өзге арыстан жал, адам тектес бастың да.  
Көне Герман киімімен, көңілі әділ төтеден,  
Ұлы Фауст жаралған жоқ ұлағатты Гетеден.  
Бетховен ше, әлемге аян қаза маршын жазарда,  
Жаны езіліп, қарады ма қаралы бір мазарға.  
Жоқтады ма, әлде отырып ұлы ойдың сөнгенін,  
Сәуле шақты сәулесі жоқ сапырылыс көмгенін.  
Жо-жоқ, мұндай азалы үн тұңғиықта бұрын бар,  
Қарабайыр - естімеген, қанатты - ұққан сырын дәл.  
Кеңістікте көрмес-білмес сиқырлы сыр көп әлі,  
Жақсылықтың жанды аялар жарқын лебі соғады.  
Бұл тылсымды ұқпағандар құрғақ қана ермек дер,  
Ал, тірілтер көңлі ояу мен сезімдері сергектер.

Жалғыз сөуле, жарасымды үн ұяласа көңілге,  
Ғаламат бір жаңалықты берер олар өмірге.  
О, ақыным, тұңғыыққа үнсіз сүңгіп көрші бір,  
Соқыр Гомер, таскеренді Бетховенше әнші қыл.  
Жанмен тыңдап, көре білші көңіліңіз көзімен,  
Сонда нұрлы шуақ тарар қараңғылық өзінен.  
Төңірегің жырға елтіп, сұлулықпен безенер,  
Қилы-қилы өсемдікті қызықтай бер, сезе бер...  
Сол шақта сен ғажап қалып деміңді ішке жиып ал,  
Дүниенің дүлдүл сөтін жүрегіңе құйып ал!

Мәселе Архимедтің әйгілі - сұйыққа түсірілген денеге өсер ететін күш сыртқа төгілген сұйықтың салмағына тең, - деген заңы туралы болып отыр. Бұл заң Архимедтен бұрын да табиғатта адамзатқа беймәлім өмір сүрген. Табиғаттану заңдарының барлық тағдыры, міне, осындай. Алайда, сол заңдарды “қилы-қилы өсемдікті қызықтай беретін, сезе білетін, сол шақта ғажап қалып демін ішке жиып алатындар, дүниенің дүлдүл сөтін жүрегіне құйып алатындар” ғана жария етіп, жарыққа шығара алады.

Табиғаттың адамға белгісіз заңдылығын ашудың мәні, адамзаттың ғасырлар бойы жинаған білім биігі деп аталатын шындық Монбланына тағы бір шоқы қосу, тағы бір шындық, тағы бір ақиқат қосу деген сөз. Сонымен қатар, мұның мәні нағыз ғылыми қызметкер, табиғат пен қоғамдық өмірден ақиқат іздеуші ретінде, өзі де басынан бақайшығына дейін әділетті, шыншыл болуы тиіс, ешқандай жалғандыққа, жасандылықтың қандай түріне де бой бермеуі тиіс деген сөз. Мұның мәні, ғылым қызметкерлері, ең алдымен, өзіне талап қойып, бойындағы кейде шет бұрып әкелер кемшіліктеріне кешірімсіз болуы тиіс деген сөз.

Қарағанды университетінің қабырғасында бес жыл бойы білім алып жүргендеріңде, жас достарым, мен сендерге мәңгі бақи ізденгіш, қызыққыш болуды үйреніңдер деп тілер едім.

Бұл айтқандарымның бәрінен сендер мақсаттарыңнан айнымай оқып, ғылым негізін творчестволықпен меңгеріңдер, бір сөзбен айтқанда, ғылыми творчестволық жұмысқа, дамылсыз ой еңбегіне өзрленіңдер деп тұрғанымды түсіңген шығарсыңдар. Бірақ бұдан сендер кітап кеміріп, мезгілінен бұрын қартайған, кітап, кітапхана мен лабораториядан өзге қызығы да, қуанышы да жоқ қушыкештер болып өсіңдер деген пікір тумасқа керек. Сендерді қарабайыр, жадағай, көңілді өмірдің сәттерінен

құр қалған сыңаржақ болып өсуге үгіттер болсам, онда мен теріс бағыт сілтер едім. Қазақта “жасына жетпей қартайғаннан сақтасын” деген нақыл бар емес пе. Жоқ, жолдастар, мезгілінен бұрын мұжыла көрмендер, өздеріңе өмір арнаған қызықтың бөрінен құр алақан болмаңдар; сендердің жан-жақты азамат болуларың үшін жасалған қоғамдық қамқорлықтан сыртқақпай қала көрмендер.

Бұл жастықты өз гүліндей құшып өткен көрікті,  
Мезгілінде пісіп-жеткен көрікті -  
деп ақын айтқандай, бар жақсылық сендердің жансеріктерің болсын.

Бойында жастықтың қуаты, жүрегінде жастықтың оты жоқтар және сол қуат пен жастық отын ғылымды меңгеруге жұмсай алмағандар, жалпы мәдениетке жанаса алмағандар, өзінің рухани байлығын молайта білмегендер, сол қуат пен жастық отын жайдары сөттерге арнай алмағандар қоғамымыздың толыққанды пайдалы азаматы бола алмайтыны өзінен-өзі түсінікті-ау деймін.

Біздер, педагогтар, әр студенттің мінез-құлқын үңіле зерттейміз және бұл әдетіміз, студент атаулы барда қала қоймас. Турасын айтайын - біздің студент қауымының дені өздерін көпшілік алдында ұстай алатындар. Олар іше де біледі, сауық құра да алады, нағыз сері сияқты қыздарды қыдырта алады, бір сөзбен сөнді де салтанатты жүре алады. Өкінішке орай, кейде шамадан тыс сапырып ішіп, шатқаяқтап жүретін, ұрынарға қара таппай қаңғалақтай беретін, ақырында сауықтыру орнына түсетін (сендердің араларыңнан ондайлар шықпаса екен деп тілеймін) студенттер де ішінара кездесіп қалады. Сонысына қарамай, өздерінің бұл құбыжық қылықтарын асқан өнер, тасқан байлық, тайсалмас табандылық етіп көрсеткісі келетіндерін қайтерсің. Көрмейсіз бе тіптен:

Үміг легі еңіресе егіліп,  
Тұз себеді шайтан көне жараға  
Тұрса тамұқ жұтайын деп емініп,  
Мойымайтын тек әулие шарап, ө,  
Ей, перілер, неге ұрысып ұлисың,  
Мен де елдің емес пе екен пендесі  
Сезу үшін ішкіліктің бір иісін  
Дамбалын да сатқан пақыр кендесі.

Мұндай мысалдар туралы не айтуға болады. Біздің кезімізде кежегесі кейін тартып, ішімдіктің уына ұмтыла беруге негіз жоқ. Ондайлар тек көргенсіздерден, тәрбиесіздерден, жетесіздерден ғана шығады. Халқының мәдени мұрасынан мейлінше нәр алмағандардың, аз оқып, аз тоқығандардың ішкілікке бүйрегі бұрғыш келетінін педагогикалық тәжірибемізден көріп жүрміз.

Сендер еліміздегі ең жас университеттердің бірі - Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті болдыңдар. Университет 1972 жылы ашылып, 4 жылдан бері көркейіп, нығайып өсіп келеді. Еліміздегі жоғарғы оқу орындарының бастаушы ғылыми-методикалық орталығы ретінде, университеттер жас буынды жалпы мәдениетке баулуды негізгі міндеті деп біледі. Бұл істе университеттердің ролі, елімізде мұндай жоғары оқу орындарына берілген дәстүрлі ерекшеліктерінен келіп шықпақ. Біздің университеттерімізде, әдетте оқу жүйесі ғылыми қоғамтану және гуманитарлық ілімдердің ірге тасын үйренуден басталады. Ғылыми мамандарды даярлау жолында, білім берудің тәсілдері мен ережелерін терең талдау, жастарға ілімнің бар саласынан, техникадан, биологиядан, өнерден, әдебиеттен жалпы негіз беруге сүйенеді. Ғылыми-техникалық революция ғасырында, ғылыми қызметкерлердің өміріміздегі орны қоғам дамуындағы оның атқарар ролімен ғана емес, олардың санымен де есептелер шақ алыс емес екенін қайталап айтқым келеді.

Университеттер, сонымен қатар, мектептердің, арнаулы орта білім беретін оқу орындарының, жоғары оқу орындарының оқытушыларын даярлайды. Еліміздің жоғары және арнаулы орта білім беру орындарының басшылығы, қазір жоғары және арнаулы орта білім жүйелерінде жүретін жалпы білім пәндерін тек университет бітірген мамандар ғана жүргізсін деген міндетті қатаң қойып отыр. Орта және жоғары мектептерде жастарға жалпы мәдениеттің негізін үйретіп, оларды ілімге құштар етіп тәрбиелеу мәселесінде ең тиімді еңбек ететін де осы университет түлектері болмақ. Бұған университет түлектері әуел бастан-ақ дағдыланады, өйткені университет қабырғасында жүргенде 5 жыл бойы әртүрлі мамандықтың иелері, әр-қырлы жастар, әр саланың өкілдері бір-бірімен бірге жүріп, біте қайнасып кетеді. Сөйтіп, бірін-бірі толықтыра түседі, өмірге сай өнеге жетіле береді. Асқан хирург, әрі педагог Н.И.Пирогов уни-

верситет өмірінің осындай тәрбиелік мәнін кезінде көрегендікпен байқаған еді. «Бұл күш, - деп жазған еді ол, - ғылымдардың өзара табиғи сабақтастығына да, бір факультеттің екінші факультетке жасайтын ықпалына да байланысты, мұндай ықпалдың бары сөзсіз, оған шүбә келтірудің қажеті жоқ, бұның өзі таңдаулыларға да, қалған көпшілікке де әсер етеді. Біреулер бұл ықпалға саналы түрде, енді бірі өшейін елікпемен-ақ еріп кетеді. Университетте өз мамандығымен шектеліп, өз бетінше тұмшаланып қалады деген қауіп аз». Тар шеңберде, бір жақты мамандықпен шыққан маман көпшілікке, кең ортаға араласудың жол-жобасын білмесе, жалпы мәдениеттің құлшындырар құдіретінен құралақан қалар болса, ондай адам өз творчестволық мүмкіндігін өзі ұрлайды да, ғылымда тар шеңберде табысқа қолы жетсе, ғылыми атаққа көтерілсе, кейін ондай кісінің ғылымға пайдасынан зияны көп болмақ.

Меніңше, инженерлік, дәрігерлік, ауылшаруашылық, педагогикалық және басқа жоғары оқу орындарының жалпы білім кафедраларында еңбектеніп жүрген, бұрын университет түлектері болған профессорлардың, оқытушылардың атқарар роліне баға жетпейтін сияқты. Өйткені олар ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда, ғылымның мызғымас негізін үйретуде ең тәжірибелі мамандар екенін көрсете біледі. Мұндай кафедралардың ғалымдары жоғары оқу орындарында ғылыми жүйенің өрістеуіне ықпал жасайды, нақты ғылым бойынша терең зерттеулер жүргізуге әсер етеді.

Жастарымыздың университет білімін алуға құштарлығы ұлан-ғайыр. Біз төрт рет қабылдау жасадық. Бір орынға конкурс кейде 5-тен 10-адамға дейінге жеткені де бар. Бұл қуанышты жай, өйткені мектеп оқушыларының арасынан ең қабілеттілерін таңдап алуымызға мүмкіндік молая түседі. Осыған орай, еліміздегі университеттер тарихынан бір мысал келтіре кетелік. 1727 жылы Петр I Петербургта “академия жанынан университет ілімін” ұйымдастыру жөнінде жарлық шығарған. Университеттің алғашқы профессорларын шет елдерден шақырады екен. 1727 жылы олардың шақыртылғандарының саны 17-ге жетіпті. Бірақ университетке әзірлігі сай студенттер аз болғандықтан, сол 17 профессормен бірге шет елден 8 студент қосымша алдырылған екен. Бір сөзбен айтқанда, ол кезде Петербург университеті өрістей алмаған. Бірінші бітірушілер тек 1753

жылы ғана даяр болыпты, оның өзінде емтихан тапсырған 20 студенттің 9-ы ғана бітірген екен. Ал ұлы Ломоносов қамқор болып, басшылық еткен Москва университеті қарыштап өсіпті. Өйткені, университет есігі тек дворяндарға ғана емес, ұсақ шенділердің балаларына да ашық болған. Тағы бір жай еске түседі. Бұдан тоқсан жыл бұрын Д.И.Писарев өзінің “Біздегі университет ілімі” атты мақаласында, “Біздің университеттерде болған әркім-ақ, аудиториялардан көнетоз киімді, аш-арық, қайдағы бір құнсыз сабақтар үшін жүгіре-жүгіре өбден шалдыққан, сөйте тұра кестедегі әр лекциядан қалмай, қадағалап жазып отыратын жастарды көрер еді. Ломоносовтың басына түскен ауыртпалық біздің Россияда күн сайын қайталанып жатады...” деп жазған еді.

Еліміздегі көп жылдық тарихы бар, қалыпты дәстүрі бар жоғары оқу орындарының, әсіресе, университеттердің есігін ашқанда бойыңды керемет бір ілтифат сезімі билеп алады. Ғылымға, қоғамға қызметі мол сіңген қадірменді ғалымдар мен бітірушілердің суреттері қабырғаларда самсап тұрады. Сен олардың өмірінен бір түрлі ғибрат алғандай толғанасың. Біз әлі жаспыз, біздің университет қабырғаларында әлі өзінің атақты түлектерінің суреттері іліне қойған жоқ. Бірақ сендердің араларыңда да болашақ ғұламалар, атағы жер жарар азаматтар, Қарағанды Университетінің болашақ мақтаныштары отырғанына сенімім зор.

## АЛҒАШҚЫ САБАҚ

Мен бұл өңгімемді “ашық лекция” деп атамақпын. Қазіргі уақытта еліміздің жоғарғы оқу орындарында “Мамандыққа кіріспе” - деген бірнеше лекциядан тұратын курс оқылып жүр. Бұл лекциялар жоғары оқу орны табалдырығын жаңа ғана аттаған балдырған студенттерге ғана, өзінің болашақ мамандығының өзгешеліктері мен қасиеттерін, сыры мен сипатын алдын-ала біліп алсын деп оқылады. Менің бұл лекцияда қойған мақсатым - студенттік өмірге кіріспе, студенттік өмірдің қамы мен жайы, қызығы мен арманы, талабы мен тәжірибесі, алмағы мен бермегі жөнінде айтқым келеді. Үлкендер жастарға қашанда ақыл айтқыш келеді. Өзінің өмір тәжірибесінің молшылық тұрғысынан қараған үлкендер мұндай жағдайда алдындағы жастардың тіршілік әрекеттеріне қанағаттанбаушылығын артығырақ білдіріп отырады да, өзінің ақыл-өсиетін ретсіз көп қайталай беруден қашпайды. Сондықтан да, кейбір тым-ақ ақылды көп айтатын үлкендердің жастар арасында “ақылгөй шал” деп аталуы ертеден келе жатқанын да білемін. Осы лекция оқылғаннан кейін менің де сондай қасиетті қарттардың қатарына қосылам ба деген қорқынышым бар, демек, бойдағы тәжірибені, ойдағы көрген-білгенді айтпауды да ретті деп таппаған жайым бар. Қазіргі жастар, сіздерге, ақыл-өсиет айтудың тағы бір қайшылығы бар. Сіздер бұрынғы жастар емессіздер. Бұрын қариялар өз ауылынан басқа түк көрмеген жастарды алдына шақырып алып, өз өміріндегі өткен-кеткенін айтқанда, сол оқығаны-көргені жоқ жасқа бәрі жаңалық болып естіледі екен. Ал қазіргі жастар бәрін телевизордан көріп, радиодан тыңдап, кітаптардан оқып, біліп алған. Сіздерді таңдандыру, сіздерге жаңалық айттым, жаңа соны пікір айттым деп, ықылас-назарларыңызды аудару өте қиын-ақ нәрсе. Осыған байланысты, менің алдыма қойған мақсатым қиын мақсат сияқты, сонда да сіздердің кешірімшілдіктеріңізге (білімдінің өзі кешірімді де болуға тиісті) сүйене отырып, осы лекциямды бастамақпын.

Мен жоғарғы оқу орнына бұдан 30 жыл бұрын түстім. Ол Ұлы Отан соғысының біткен жылы еді, оқуға түскендердің жасы 18-ден 35-ке дейін болатын. Балалы-шағалы болып, есейіп, егделеніп қалған кісі қасында ернінің үсті мен иегіне түк бітпе-

ген бала отырушы еді. Қазіргі студенттік өмірге аяқ басқан жастар 18-20-дағылар ғана. Бұдан бір-екі жас ересектеріңіз бірен-саран ғана. Сіздер өмірдің шешімін өздеріңіз шешуге жаңа ғана қадам басқан балдырғансыздар. Бұл кезең ең қызық кезең, ізденіс-толғаныс кезеңі, арман кезеңі, құлаштап талпыну кезеңі. Мұның бәрі поэзия. Олай болса, мен лекциямды поэзиядан, Тұманбай ақынның бір әдемі өлеңінен бастағым келіп отыр.

Жиырма жаста жетпеген арманым,  
Жиырма жаста бармаған тауларыма,  
Жиырма жаста жүрмеген жолдарыма  
Бүгін жете алам ба, жүре алам ба,  
Барша бақыт тілеймін бар адамға.

Жиырма жаста көрмеген қызығымды,  
Жиырма жаста үзбеген жүзімді,  
Жиырма жаста жұлмаған гүлдерімді  
Бүгін көре алам ба, үзе алам ба,  
Бақыттың дариясында жүзе алам ба?

Жиырма жаста айтпаған өлеңімді,  
Жиырма жаста тартпаған домбырамды,  
Көкірегімнен оятып мөлдір өнді  
Бүгін айта алам ба, тарта алам ба,  
Жастық атты жәрмеңкем тарқаған ба?

Жиырма жаста шықпаған биігім де,  
Соңғы күндер түсіме жиі кірді.  
Жиырма жаста атпаған киігімді  
Бүгін ата алам ба, жыға алам ба,  
Жүректің деңгейінен шыға алам ба?

Жиырма жаста көрмеген азабыма,  
Отыз жасым шынымен жазалы ма.  
Жиырма жаста бармаған базарыма  
Бүгін бара алам ба, жолым түсіп,  
Қайта алам ба Арманның қолын қысып?

Мен осы бір тебіреністі, нәзік сезімге толы өлеңнің шумақтарын әдейі келтіріп отырмын. Бұл өлеңнің мағынасына қара-

ғанда, адам бар ісін жиырма жаста бастап, жиырма жаста қамтып қалуы керек сияқты, олай болмаса адамның қалған өмірі өкінішке толы болмақ сияқты. Ақынның осы сөздерінде терең сыр, мол шындық жатыр. Оны лекция барысында анықтай түсерміз деп ойлаймын. Әрине, “Жиырма жаста жетпеген арманыма” - деген сөздерді сөзбе-сөз түсінетін болсақ, арманға тек жиырма жаста жету керек деген жалған ұғым туар. Мұндай ұғым тумас үшін өлеңнің “Қайта алам ба Арманның қолын қысып” - деген соңғы жолына көңіл аудару қажет. Ақын, жобасы, осы үлкен әріптен басталып жазылған Арманның өмірбақи қолын қысып отыруды көксейді, сол бір жиырма жастағы асыл Арманнан айырылғысы келмейді. Олай болса он сегіз-жиырма жас кемеліне келген Арманның кезеңі, өмірдегі ең бір жауапты, ең бір шешуші кезең. Ақын соны айтып отыр. Ал, 18-20 жасында студенттік жолға түскен жастар үшін бұл жөнінде не айтуға болады? Егер мен оқуды белгілі программаларыңыз бойынша жақсы, мұқият оқыңыздар, қол босағанда киноға барыңыздар, көркем әдебиет оқыңыздар десем оңай болар еді, бірақ мұндай қарын ашыратын мүжілген қағидалар сіздердей өскелең жастарға керек емес сияқты. Демек, студенттік өмір - күрделі өмір, бүге-шіге қалтарыстары көп өмір, шаттығы, думаны да, сондай-ақ күйініші де көп өмір. Сондықтан өте қызық өмір. Бұл өмірдің кейбір бастан өткен, көз көрген, құлақ естіген, оқып білген сырларын сіздердің алдарыңызға тартпау дұрыс болмас деймін.

Оқуға түскендегі бірде-бірде мақсат - өмірге, елге керекті жақсы маман болып шығу. Қазіргі жастар, шамасы, үшінші-төртінші кластан бастап өзінің болашақ мамандығын айта бастайды. Біздің кезімізде балалардың бәрі дерлік Чкалов пен Гризодубова сияқты ұшқыш боламыз деуші еді. Қазір Гагарин мен Терешкова сияқты космонавт боламыз демейтін балалар кемде-кем. Оныншы класты бітіргенше бұл арман он құбылып, жүз өзгереді. Ақыры, міне, сіздер өздеріңіз таңдаған жоғары оқу орнына түсіп, арман еткен мамандықтарыңызға оқытып-үйрететін жоғары мектептің табалдырығын басып отырсыздар. Мен таңдаған, “арман еткен” деп айтсам да, осы айтуымның ақиқаттығына көзім жетпейді, тіпті айтқанымның ақиқаттығы шамалы ма деп ойлаймын. Сіздер сол бұрынғы буыннан жүрген, қазіргі атақты адамдармен сөйлесіп көріңіздерші. Олар тіпті ма-

мандық таңдаған емес. Мамандықты таңдаудың не екенін де айыра алмаған. Әйтеуір, оқыса болғаны. Өйткені техниканың, ғылымның, индустриялық тұрмыстың не екенін көрмеген, білмеген ауылдардан шыққан жастардан не талғам тілеуге болады? Дегенмен, Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов бастаған аға буынның үлкен қоғам қайраткерлері, ғылым мен техниканың жүйріктері республикамыздың нығаюы жолында қандай қайрат, жігер білдіргенін біз әбден білеміз ғой. Тіпті, ұлы Отан соғысы бітісімен жоғары оқу орнына түскен біздің өзіміз көбіне мамандық таңдағанымыз жоқ. Мен, мысалы, инженер-металлург болам деп орта мектепте бірде-бір ойлап көргем жоқ. Алматыға келсем, Қазақ кен-металлургия институтының (қазіргі политехникалық) стипендиясы жоғарырақ сияқты, сол кездегі өлшеулі қорекке қосымшасы бар көрінеді. Түстім де кеттім. Бұл арада менің айтайын деп отырғаным мына бір жағдай. Осы отырғандардың біразы ертең-ақ түскен мамандығым бойымдағы қабілетіме орайлы, табиғи талабыма сай болмай шықты деп қобалжуларыңыз мүмкін. Өйткені, жастың бойындағы қасиеті мен мүмкіншілігін орта мектеп бітіргенше көп жағдайда жастың өзі де, ұстаздары да, ата-анасы да түсініп, біле қоймайды, кейбір адамның белгілі бір іске бейімділігі кеш білінеді. Мысалдар келтірейін. Алексей Пешков (болашақ Максим Горький) пен болашақ ұлы әнші Федор Шаляпиннің арасы бір-екі жас екен. Екеуі біріне-бірі бейтаныс жасөспірім кезінде, күнкөріс мақсатымен Нижний Новгород қаласының бір шіркеуіне аят әншісі (церковный хорист) болып жалданбақ болады. Максим Горькийдің мақамы мен дауысы артық болып шығып, сыннан өтеді де, Шаляпин сыннан өтпей қалады. Болашақ ұлы химик 16 жасар Дмитрий Менделеевті анасы Москва не Петербург университеттеріне түсіре алмай, амалсыздан Петербургтің бас педагогикалық институтына түсіргенде, Менделеевтің химия мамандығына бейімділігі жөнінде анасының да, баласының да ешбір хабары болмаған. Еліміздің атақты математиктерінің бірі Лузин орта мектепте (гимназияда) оқығанда, өсіресе математика ғылымдарына шорқақтау болғаны осы кезде аңыз болып айтылады. Мұндай мысалдарды көбейте беруге болар еді.

Өз мамандығына бейімділігі ерте, уақтылы білінген адам, өрине, бақытты адам. Суретшілік пен мүсіншілік біздің бұрынғы

тұрмысымызда ешбір орын алмаса да, Әбілхан Қастеев атақты суретші болатынын малдың соңында жүрген бала кезінде танытқан, сондай-ақ Хакімжан Наурызбаев есін біле бастағаннан балшықты уқалап, соны адам баласына ұқсату әрекетімен болған. Бірақ, амал нешік, мамандық талғау ісінде адасқандар да болып тұрады. Әрине, сүйген мамандық деген әдемі ұғым. Бірақ бір ұғатын нәрсе бар: ол еңбек бар жерде жеміс барлығы. Сүйген мамандық дегеніміз, еңбекті белшеңнен сіңірген мамандық, маңдай терің мен жаныңның жалыны жұмсалған мамандық қой. Еңбек сіңірген жерде сүю де, күйеу де болады, сол еңбек жұмсалған мамандыққа шын жан-тәнімен берілу де туады. Сондықтан, адастым деп кейін қайту ездің ісі деп, адасқанын сезсе де (жастардың адастым дегенінің өзі кейбір уақытта елес пен әуестіктен туған жалған болжау болып шығады), оған алған беттен қайтпай ілгерілей беру ердің ісі, өйткені, Абай айтқандай, “Адасқанның алды жөн, арты соқпақ”. Менің осы бір айтқанымнан - мамандықты талғама, кез-келген мамандыққа оқи бер, тек еңбек жеңеді деген келте, шолақ ұғым тумас деп ойлаймын. Мен жастардың өміріндегі ең бір қиын мәселені қозғап отырмын-ау деймін, сондықтан ойымды аяқтай түсейін. Әрине, әр адамның бойында табиғи бейімділігі болады, кейде мұндай бейімділік тұқым қуалайды. Біздің халқымыздан қазір талай өнер-білім иелері шығып, мәдениет пен халық шаруашылығы, ғылым мен техниканы мейлінше игеріп, осыларды ілгері апаруға ат салысып отыр. Халқымыздың дарындылары мен талаптылары, жүздеген жылдар бойы шаруашылық шеңбері тек мал бағудан аспағандықтан, өз бойындағы тамаша қасиеттерін сыртқа шығара алмай, елінің игілігіне жұмсай алмай өткен ғой. Қандай қасіретті тағдыр десеңші! Енді біздің заманда, бойдағы табиғи қасиеттерді кеңінен сыртқа шығарып, бойдағы бейімділікті, талап пен мүмкіншілікті толығынан іске асырарлықтай жағдай туып отыр. Бірақ, мамандық талғаймын деп жүріп, бүгін бір оқуды бастап, ертең оны ұнамайды, бойымдағы бейімділігіме сай емес деп тастап, екінші оқуға түсіп, оны да тастап кету, меніңше, ешбір үйлесімге келмейтін іс. Бұл жағдайда Чеховтың Трофимовы сияқты (“Вечный студент”) “мәңгі студент” болып та өтуге болады. Оның үстіне, сен оқымай кеткен орыңға оқитын біреу түспей қалғанын да, әрбір студентке елдің қаржысы жұмсалатынын да ескерту қажет. Мұның үстіне, шынын

айтайын, мамандық талғап, бір институтты бір институтқа ауыстырғанның көбі жалпы оқу бітірмейді, ал бітірсе, көрнекті маман болғаны сирек-ақ. Осылай мамандық ауыстырушылар көбіне түскен институтындағы оқуды қиынсынып, “жеңіл” оқу іздеушілер болып шығады. Осыған байланысты, жоғарыда келтірілген мысалды жалғастыра түскім келеді. Егер Алексей Пешков шіркеу сынынан өткенін арқау етіп, консерваторияға түссе, ал Шаляпин, мысалы, университеттің филология факультетіне түссе не болар еді? Пешков, жобасы, консерваторияны да бітіріп, жап-жақсы музыка маманы болар еді де, Шаляпин жап-жақсы лингвист, тіл маманы болар еді. Бірақ, бойдағы асқақ табиғи дарын - Горькийдің жазушылығы, Шаляпиннің әншілігі - сыртқа шықпай қоймас еді, яғни сол жағдайда да Алексей Пешков кейін Горький болар еді де, ал Шаляпин әйгілі әнші Федор Шаляпин болар еді. Ұлы жазушы Чехов медицина институтын бітірген, жап-жақсы дәрігер болған. Пушкин лицейде оқығанда, ақ патша оны өзінің ісіне пайдалы сенімді чиновник етем деп дайындаған, оның ақындық дарынында жұмысы болмаған, тіпті көп жағдайда келеке еткен. Пушкин, жобасы, ұлы ақын, кемеңгер ойшыл, дана болмаса, өзгелерден кем емес чиновник болар еді, өйткені ол лицейді жап-жақсы бітірген. Сондай-ақ ұлы Шоқан Уәлиханов Омбы кадет корпусында оқығанда, офицер-солдат болуға дайындалған-ды. Ол өз офицерлік қызметіне маман болып шыққан, жақсы атқарған. Бірақ бойындағы асқар дарыны шексіз жігермен, қайратымен ұштасып, оны ұлы ғалым еткен. Мұндай мысалдарды, жобасы, көбейтуге болар еді, бірақ осы мысалдар да жеткілікті болар. Осыған қарағанда, түскен оқуды бұлтармай, абалақтамай, жақсыдан артықты іздемей, бар жігер-ынтамен игере беру керек. Егер бойда басқаға деген дарын шексіз болып шықса, сол дарын өзі жетелейді. Ал басқаға деген дарын аздай болып тұрса, оған жетелетіп не қажеті бар? Қазіргі көрнекті жазушыларымыздың бірі Илияс Есенберлин кен инженері екенін білесіздер ғой? Бұл кісі кен-металлургия институтын соғыстан бұрынғы жылдары жақсы бітірген, жолдастарының айтуы бойынша, жазушылықтың мықты дарыны бұрып өкетпесе, ол кісі көрнекті-ақ шахта инженері болмақ екен. Солай-ақ, белгілі, ақынымыз Олжас Сүлейменов Қазақ университетінің геология факультетін жап-жақсы бітіріпті, бірақ ақынның дарыны шыдатпай жете-

легендіктен, ол кісі өзін инженер-геолог ретінде көрсете алған жоқ, демек, ол кісінің поэзия билеп кетпесе, жақсы геолог болуында күмән жоқ. Бұл ардақты жазушыларымыздың екеуі де өздерінің қазіргі мамандықтарына оқымадық деп өкінбейтін көрінеді. Өйткені, кен ғылымы мен геология ғылымдарын білген жазушының, бұл ғылымдарды игермеген жазушылардан артықшылық жерлері де көп көрінеді. Шын дарынның өзі тек бір қырлы болмайды, өнер мен білімнің бір саласын мықты игерген адам, керек болса, екінші саласын да кем игермейді. Осыған байланысты сіздердің ескеретін бір жайларыңыз бар: өз мамандықтарыңызды, өнер мен білімнің басқа салаларынан бейхабар бола тұра, жетілте игереміз десеңдер, қателесесіздер. Өз мамандықтарыңызды шамасынша терең, тиянақты игерулеріңіз, әрине, қажет, бірақ өнер мен білімнің басқа салаларынан да оқып, ізденіп, білгендерді тыңдап, шама келгенінше молынан хабардар болу керек. Тек, білім шеңбері шынайы кең адам ғана мәдениетті адам қатарына жатпақ та, парасаттылық пен шарапаттылық сондай адамнан шықпақ. Оның үстіне жоғары білімі бар маман көбіне азды-көпті коллективке басшы болып қызмет атқарады. Ал коллективті басқару деген біздің ұғымда тәрбиеші болу деген сөз. Тәрбиеші болу үшін адамның жандүниелік қасиеттері пәктік, ізгілік, әділеттік сияқты сөздермен сипатталуы қажет. Олай болса, сіздер осы бүгіннен бастап, еліміздің сол бір ізгі талабына сай маман болып шығуға бар ынта-жігерлеріңізді жұмсауға тиістісіздер. Әрине, бәріңіз бірдей жоғарыда аталғандай үлкен адам болып шықпассыңыздар, бірақ сондай адам болуды арман етіп ұмтылсаңыздар ғана, істеріңіз қашан да жемісті болады. Әрқайсысыңыз болашақ үшін, еліміз үшін керектісіздер, бірақ сол керекті болу үшін еңбектену сіздердің өз қарабастарыңыздағы міндеттеріңіз, өйткені әрқайсысыңызға Абай сөзімен айтуға болады: “Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалаң”.

Қазіргі жоғары оқу орындарында оқу ісінде бір үлкен өзгешелік бар. Ол өзгешелік, біздің ғылыми-техникалық революция кезеңінде өмір сүруімізге байланысты. Ғылым — қоғамның өндіргіш күшіне айналды деген қағида бар. Мұның өзі ғылым мен техника тіршілік-тұрмыста адаммен әбден тоғысып алды деуге болады. Қазір электр қуаты мен машиналарсыз өмірді, бұларсыз тіршіліктің шетін көрген біздер болмасақ,

сіздер жастар, түсіне алмайсыздар. Осының бәріне біз өскелең ғылымымыз арқылы жетіп отырмыз. Халқымыз ғылыми қызметкерлердің не екенін білмейтін кезді біз көрдік, сіздер туар кездерде ғылыми қызметкер дегеніміз аз-ақ еді, ал қазір көптеген ғылыми-зерттеу институттарында, жоғарғы оқу орындарында, өнеркәсіп орындарында мыңдаған ғылыми қызметкерлер қызмет істейді. Осы отырғанның ішінде көбіңіздің ғылымда қызмет істейтін не таныстарыңыз, не жақындарыңыз бар. Кейбір ғалымдардың болжауы бойынша, елімізде ғылым қызметкері жоқ семья кемде-кем болуына көп уақыт қалған жоқ. Осыған байланысты, айтайын дегеніміз - осы отырғандардың көбі келешекте не ғылымда қызмет істейді, не ғылыммен тікелей байланысты қызмет істейді. Әсіресе, университет бітіретіндердің мамандығы тікелей ғылыми қызметке арналады. Сондықтан, болашақта осы жағдайға дайын болу қажет. Әрине, әрбір жоғары білім тілейтін қызмет ойлауды, толғануды талап етеді. Ал, бірақ ғылыми қызмет дегеніміз творчествоны талап етеді. Осы бір орыс тілінен келген сөз біздің ана тілімізден мықтап орын алды, өйткені халқымыз қазір ғылымға тікелей араласып отыр, ал ғылым творчествосыз болмақ емес. Демек, творчество не дейтін болсақ, істелетін іс туралы алдын-ала берілген тәртіп-инструкция болмаса, істің қалай істелетінін өз бас-мыңмен шешетін болсаң, сол жерде творчество керек болады дер едік. Ғылымда, әдебиетте, искусствода жемісті қызмет істеу үшін адамның бойында творчестволық қасиет болу керек екенін осыдан түсінуге болады. Олай болса, жоғары оқуға түскен адамдар сіздердің алдарыңызда қызметтеріңізге, оқуларыңызға творчестволық тұрғыдан қарау талабы қойылады. Түсіндіре түсейін. Мысалы, орта мектепті үздік оқып келген кейбір жастар, жоғары мектепті шамалы оқып, ал ғылыми қызметке мүлдем жарамсыз болып шығатынын біз өмірден жиі-ақ байқап жүрміз. Мұндай адамдар сабақты негізінен ұғыну, түсіну, ой арқылы саралау емес, тек жаттау арқылы үлгіреді де, өз бетімен ойлап-түсініп, оқығаннан өз қорытындыларын шығарып оқитын жағдайға (бұл жоғары мектептегі жағдай) жеткенде, мешеуленіп қалады. Әрине, жатқа көп білген, оқығанды, көргенді, білгенді есте қалдыру деген болашақ ғалымға бірден-бір керек нәрсе, бірақ оның үстіне ойдағыдан қорытынды шығарып, әрбір ойда қалған мәліметтерді құрастырып, олардың

арасынан байланыс іздеу, олардың өзара алшақ-жақындығын, ұқсастығын аңғару, әрине, жаттап алғаннан кейін, қосымша ойлап толғауды тілейді, олай болса, тек осы ойлау-толғаудан творчество туарын бірден-бір бұлжытпай еске алу қажет. Қорыта айтсақ, ғылыми-техникалық революция кезеңінде жоғары білімін жемісті жолмен пайдаланам деген жас маман, әсіресе, ғылым саласында қызмет істеуге дайындалған жас маман, өте көп білуі керек те, сол білгенді творчестволық процесте пайдалана алу керек.

Ғылыми ізденіс дегеніміз, творчестволық процестің барып тұрған биігі, шыңы. Олай болса, бұл жолда қызмет істеудің өзі де қызғылықты нәрсе, өйткені шын творчество адамның ойына қанат бітіріп, бойына қызу беретін нәрсе. Демек, ғылыми ізденіс дегеніміздің өзі, шын мәнісінде, табиғаттың әлі ашылмай, тұңғығында жатқан ақиқатын, сырын іздеп табу болып табылады. Ал ақиқатты іздеп табу үшін, сол ақиқатты іздеуші, яки сол ғалым өзі мейлінше адал, ақиқатшыл болуға тиісті. Ондай адам, ең алдымен, өз қарабасының алдында адал болуы керек. Ондай адам өз бойын аралаған жалған, дүдәмал, екі ұшты, адалдық жолына көлденең тұрған қасиеттер болса, ең әуелі сол қасиеттерге жау болып, сол қасиеттерге кешірімсіз болып, тез сол абыройсыз қасиеттерді аластап жоюға тырысу қажет. Жастардың болашаққа құлаш сермеп өсуіне бірден-бір кедергі - өз адалдығына нұқсанды заттарға кешіріммен қарау болып табылады, өсем деген жас мұндай қасиеттерге қайрымсыз, кешірімсіз болуы қажет. Ғылыми қызмет адалдықпен қатар қайсарлықты, қажырлылықты тілейді. Өйткені, ғылымда бірден болжаған мақсатыңа жету жолында шытырман бұлттарыстар, сәтсіз адымдар көп болады, көрікті мақсатына осының бөріне шыдаған қайсар, қажырлы адам ғана жетпек. Ғылым ерлікті, жүректілікті тілейді. Ғылымның ашқан жаңалығы көп жағдайда қалыптасқан ұғымға, әдеттенген түсінікке сай келмеуі мүмкін, тіпті қарсы болуы да мүмкін. Мұндайда ақиқатты, жаңалықты ұсынған адам, сол жаңалықтың шынайы екенін көпшілікке дәлелдеп болғанша, құбыжық та болып көрінетіндігі болады. Ерте заманда Джордано Бруно, Галилео Галилей, Николай Коперник ғылыми ақиқат үшін қандай азап шеккенін білесіздер. Қазір ондай жағдай, әрине, жоқ, бірақ ашқан жаңалық өмірде өзіне тиісті орын алу үшін әлі де күресті,

ерлікгі тілейді. Сондықтан, Маркстің “Ғылым қақпасында Данте дозағы қақпасындағыдай - жүрексіз мұнда кіре алмас - деген жазу бар” - деген сөздері әлі де өз мағынасын ешбір жойған жоқ. Өмірін ғылымға арнаған адамның енді бір өзгешелігі болады. Ол біліп-түсіну жолындағы тынышсыздық. Корней Чуковскийдің “2-ден 5-ке дейін” деген кітабы бар. Сол кітапта жас баланың айналасындағы дүниенің бөріне соны көзбен қарап, бөрің түсінгісі келетінін әдемі сипаттаған. Балдырғанның “Бұл не? Бұл неге бұлай?” - деген дамылсыз сұрақтарына өздеріңіз де талай куә болған шығарсыздар. Ғалымның тынышсыздығы сол балдырғанның тынышсыздығы сияқты, оның өмірі өз ғылымының жүйесінде «Бұл не? Бұл неге бұлай?» - деген дамылсыз, үздіксіз сұрақтардан тұрмақ. Бірақ, ғалымның балдырғандардан айырмасы да бар. Балдырғандарға үлкендер жауап беріп (бұл жауапты балдырғандарға дұрыс бере алмай, үлкендердің талай мүдіргеніне де куә болған шығарсыздар), түсіндіріп отырса, ғалым өз сұрағына өз қызметі арқылы, дамылсыз тәжірибелер арқылы, ойлап-толғау арқылы өзі ғана жауап бере алады. Өзі қойған сұраққа, бұрын тумаған сұраққа, я болмаса бұрын туса да, ақиқат жауап таппаған сұраққа, бірінші болып дұрыс жауап бере алса, міне, ғалымның көңілін шаты етіп, тамаша көншігер жетістігі сол болып табылады. Сондықтан, сіздер өздеріңізді дамылсыз тынышсыздық пен үздіксіз ізденіске үйретулеріңіз қажет. Ғылымдағы қызметтің қиындығы да осында, қызығы да осында.

Мен ғылымдағы қызметтің өзгешеліктерін әдейілеп нақыштап отырмын. Өйткені, болашақта жоғары білімі бар адам тікелей ғылымда істемесе де, ғылыммен қалай да болсын байланысты болатынын жоғарыда айтып өттім ғой. Мұның өзі сіздерге, сондай-ақ сіздерден кейінгі түлектерге үлкен жүк артады, біздің заманымыз жылдан-жылға білек пен бұлшық еттен гөрі ми мен басқа жүк артуын еселеп үдетіп келеді, бұл еселеп үдету күшейе түспесе, бөсеңдейтін түрі жоқ. Олай болса, әрбір жас өз миын ауыр жұмыстарға ертеден баулып, ертеден үйренуге тиісті.

Сіздерді осы әңгімеммен үрейлендіре бастадым-ау деймін? Оқуға түстің, бұлтарма, ілгері ұмтыл, мықтап оқы, деп уағыздадым. Болашағымыз негізінен ғылым мен техниканың дамуына байланысты. Біз ғылыми-техникалық революция заманы

ның адамымыз, сондықтан ғылыми қызметкер болуға дайындалыңыздар, ол үшін үздіксіз оқу керек, іздену керек, дамылсыз ми қызметін атқару керек, деп уағыздадым. Жобасы, мен бұлай үйрете берсем, сіздерде жастық шақ қалмайтын түрі бар. Тұманбай ақынның осы лекция басында келтірілген өлеңіндегідей, “Бармаған таулар, жүрмеген жолдар, көрмеген қызық, шықпаған биік, бармаған базар” - сол болмаған күйінде қала беретін түрі бар. Жобасы, мен бұлай уағыздай беретін болсам, сіздерге менің сөздерімді тыңдап та қажеті жоқ. Сіздер де, меніңше, жастық өмірдің бар қызығын көріп, тағы да Тұманбай ақынның сөзімен сөйлейін, “керекті жүзімін үзіп, гүлдерін жұлып, домбырасын тартып”, қысқасы, жастықтың базарын гүлдетіп өткізулеріңіз керек. “Жасына жетпей қартайғаннан сақтай гөр” - деп халқымыз бекер айтпаған. Орыстың ұлы ақынының нақыл сөзі бар:

*Блажен кто смолоду был молод,*

*Блажен кто вовремя созрел.*

Адам жастықты жас болып өткізу керек те, кемелді, байсалды кезеңге өз уақытымен жету қажет. Жастық шағын қызығына шомбай өткізген, бойында қызуы жоқ, тек кітапқа үңілумен болған жастан, меніңше, кейін де ештеңе шықпайды.

Айтайын дегенім, ретті әуестікпен айналыспаған, ойынсауық дегеннің не екенін білмеген, достық пен жақындықтың ләззатынан сусындамаған жастар жастық өмірін тұл етпекші, ал кейін бұл шақ қайтып келмейді. “Ойхой, жастық!” - деп талай адамдардың өкінетіні де, жастық шағын ойдағыдай өткізбеушіліктен. Осыған байланысты өмір тәжірибесінен тұған бірнеше пікір айтып өтейік.

Бойында ақылы, адамгершілігі бар адам өдемі қалжыңға, көңіл көтерерлік күлкілі өткір сөзге де әуес болады да, басқаның да қалжыңы мен күлкісіне мейлінше түсініп, қызық етеді. Біз қазіргі тілде адамның бұл қасиетін юморды түсіну деп атаймыз. Бойында юморы бар адаммен жолдас болу, қызметтес, дастарқандас болу, өсем қалжың, жарасқан әзіл арқылы көңіл көтеру қандай бойға шарапат десеңізші! Біздің халқымыз қалжыңға, яки юморға ертеден шебер болған. Қазір халқымыз жаппай сауатты болған, тіпті дүниежүзілік мәдениеттің шыңына өрлеген кезеңде әзіл мен қалжыңның жаңа, өсем, көңілге жұғымды, талай нәзік сырларға толы түрлері болады. Біз жоғары оқу

орнындағы жастарды тәрбиелеу ісінде талай ұятты жағдайға кездесеміз. Осы жағдайлардың біразы: “аузында сөзі жоқтың, қолында шоқпары бар” - дегеннен туады. Жастардың арасында аз-мүз шиеленіс, келіспеушілік туса, кейбір балдырған жігіттер мен қыздар, не бірден қол жұмсай бастайды, не сөлекет, бейбастақ, намысқа тиетін ауыр сөздер айтады. Бұл жерде қынжылатын жағдай, жастар арасында келіспеушілік шиеленіс, реніш болуында емес. Пікір таластырудан туған келіспеушілік, ұнамсыз іс пен әрекетке наразылық жастар арасында болып тұруға тиіспі. Гогольдің Маниловынша дос болудың ешбір қажеті жоқ. Бірақ, сол келіспеушілікті қол жұмсамай, сөлекет сөйлемей шешуге әбден болады. Ол үшін, бірақ, адам мәдениетті, яки интеллектуал болуы тиіс. Меніңше, көркем әдебиетті мол оқитын, өнерді, әсіресе, музыканы түсінетін адам, қарым-қатынаста ешқашан шамшыл бола алмайды да, әдемі сөз, юморы арқылы қандай ауыр жағдайларды жеңілдетіп отырады. Халқымызда бұрынғы заманның өзінде қыз бен жігіт арасында қандай өткір әзіл, қалжың болғанын, талай нәзік сырларды астарлы сөзбен жеткізгенін осы күнде ескілікті айтыстардан, фольклордан оқып, естіп-біліп жүреміз. Сондай халықтың ұрпағы сіздер болсаңыздар, ендігі қыз бен жігіттер арасындағы әзіл-қалжың бұрынғыдан да нәзік, бұрынғыдан да әсем, бұрынғыдан да астарлы сыр мен терең мағынаға толы болуға тиісті ғой. Қысқасы, өмір тұл болмас үшін, мінездеріңіз торс етпе тұрпайылықтан аулақ болу үшін, әрбір жас бойындағы юморға бейімділікті мәпелей білуі қажет; халықтан, әдебиеттен үйреніп, мәдениетті болудың бірден-бір жолына ие болуы қажет. Оқудан бос уақытында осыны ескерген жас, жастығымды құр өткіздім деп ешқашан айта алмайды, өйткені өз құрбыларымен, үлкенмен, кішімен, өз махаббатымен қарым-қатынасын ләззатты ете білген жас, өз жастығын тамаша қызықтарға толы етіп өткізеді. Бұл жөнінде мен талай мысалдар келтірер едім, бірақ өнегелі өмір сүрген кемеңгерлердің өмірбаянын оқып көрсеңіздер, мұндай мысалдарды өздеріңіз айтарсыздар, қазір де білетін шығарсыздар. Менің тек айтайын дегенім, біз жастардың мәдениетті болуына, кең мінезді болуына біздің өмір бұрынғыдан анағұрлым артық талап қойып отырғанын ескертіп өту еді.

Студенттердің ішінде кейбір жағдайда ішкілікті өзінше бір қызық көріп, соңына түскен жастарды байқаймыз. Бұған не

айтуға болады. Қазіргі молшылық тұрмыста дастарқанға, өсіресе, мерекелі, қуанышты күндері арақ-шарап қоймайтын үйлер кемде-кем. Әрине, бұл арақ-шарап ішілсін деп қойылады. Бірақ, ер нәрсенің адамның табиғаты тілеуіне лайықты өзінің өлшемі болмақ. Артығымен ішкен тамақ у болып жабысады. Осыған байланысты, арақ пен шарап ішпе, мүлдем ішкілікті ауызға алмайтын сопы бол деп уағыздаудан аулақпын. Бірақ, ес ауысқанша, өзіңе-өзің ие болудан қалғанша, мінезінді хайуандық билегенше ішіп, масқарашылыққа ұшыраудың не қасиеті бар? Кейбір жастар өзінің ішкілікке салынуының қате екенін сезеді, бірақ жігер аздықтан өзі-өзін билей алмай, өзіне-өзі кешірім іздей бастайды. Ол үшін ақынның өлеңін келтіреді:

Что вы ругаетесь, дьяволы,  
Иль я не сын страны?  
Каждый из нас закладывал  
За рюмки свои штаны.  
Қазақ ақынының өлеңін келтіреді:  
Ақ арақ, ащы арақ, айбарлы арақ,  
Сені ішкенде кетеді шерім тарап.  
Ақыл мен абыройды бермесең де,  
Көңілді көтеруге жүрсің жарап.

Бұл өлеңдер қазіргі ішкілікке салынған жастарды ешбір арашалап қала алмайды, өйткені қазіргі жастар жалғыз шалбар сатарлықтай жағдайда емес, қазіргі жастардың, заманға шүкіршілік, киімі де мол, көбіне қалтасы да бос жүрмейді. Ішкілікке салыну деген бұрынғы ескі дүниенің, жақсы адамды мешеулікке ұшыратқан кездердің қалдығы ғой. Талабы мен дарыны мол, күш-қуаты жеткілікті жастар сол өзінің жігері мен күшін игілікті іске жұмсай алмай, басын тауға да тасқа да соғып, ешбір мән таба алмаған соң, ішкілікке салынғанын, ішкілік туғызған жалған елестер арқылы, көңілін көншіткенін біз революциядан бұрынғы орыс әдебиетінен жақсы білеміз.

Когда толпа надежд безудержно рыдает,  
И дьявол прошлого на раны сыплет соль,  
Когда шасенья нет, лишь он не унывает,  
Владыка гордых снов - священный алкоголь.

Арманың бойыңа ұялай алмай, еңіреп жатса, өткенің еске түскенде тек ашыңдыра беретін болып, алдың қараңғы түнек болса, ішкіліктің ұйқасы мен елесіне кетпегенде, енді не істеу

керек? Ал, қазіргі біздің заманымызда осындай ашыңуға жағдай мен дерек бар ма? Осындай көңіл көтеруді іздеуге жағдай бар ма? Ешбір жағдай, ешбір дерек жоқ. Халқымыз бен еліміз оқы деп, бірден-бір жағдай жасап отыр ғой, еліміздің мәдени-шаруашылық мекемелері жас мамандарды күтіп отыр ғой, жастардың дарыны мен мол қуатына құштар еліміз бар арманын жастар, сіздерге артып отыр ғой. Олай болса, білім ал, сол білімнен өзің де қосымша білім шығаруға үйрен, бұл бір қызық; кітапхана көп, көркем әдебиет оқы, жолдастарыңмен бұл жөнінде пікір таластыр, бұл бір қызық; ойын-сауықты басқар, домбыра тарт, өн үйрен, спорт жарыстарына түс, мұнда да сені талай өмірлік есте қалатын қызықтар күтіп тұр, бос уақытыңда үлкендерге көмектес, жұмыс істе, ел аралап, отаныңды таны, дөңгелек жердің тамашаларын көр. Міне, осындай қызықтардың бәрі сіздерді, қазіргі жастарды, күтіп тұр. Сонда ішкілікке салынуға уақыт та қалмайды, ішкілік ешбір қызықтырмайды да. Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов тұстас адамдар еді. Бұл екі ардагер өздерінің жастық шағының ең балдырған кезеңін Семейде өткізген. Екеуінің Семей жастарының ішінде, әсіресе, революция өтісімен жүргізген мәдени қызметін қатарластары әлі күнге жыр қылып айтады. Бұлар жастар арасындағы ойын-сауықтың ұйтқысы болған, жастарды жинап алып, әдебиет кештерін өткізген, спектакль қойған, өн-күй үйірмелерін құрған. Ал ол кезде әдебиет кештерін, ойын-сауық жиындарын ұымдастыру үшін солардың қазіргідей клубтары, залдары, музыкалық аспаптары, кітапханалары болып па? Бірде-бірі болмаған, сөйтсе де, жоқты бар етіп, үлкен мәдени жұмыс жүргізген. Ал ішейін десе, сол кезде де ішкілік болған сияқты. Олай болса, қазіргі уақытта, адамның жанына жұғымды, өмірі мен келешегіне пайдалы етіп көңіл көтеруге бар жағдай туып отырғанда, жалған елес іздеп, өзіңді-өзің арақ-шараппен өлділеу деген бойында жігері мен намысы жоқ ез бен қордың ісі емес пе? Бұның өзі дәл осылай екенін біз жоғары оқу орнындағы жастардың өмірінен де көріп жүрміз. Ішкілікке тек оқуын нашар оқитын, әдебиет, өнер жағымен таныстығы аз, өз мәдени деңгейін көтеруге ешбір ұмтылыс-талабы жоқ, іске осал, арманға мешеу, мінезге жұпыны, өзін-өзі билей алмайтын жастар ғана салынатынын көзіміз көріп жүр. Бұлардың ездігін, таяздығын, мәнсіздігін шынайы жақсы жолдастарына еліктеп өздері жөнде-

месе, ешкім жөндеп бере алмайды. Ешбір ақынның өлеңі қандай өдемі болса да, мұндай ұсқынсыз мінездерге бояу бола алмайды, кешірім де өпере алмайды. Әрбір жас өз мінезі мен құлқына өзі ие болса ғана арманына жетпек!

Сонымен, сіздер өздеріңізге өздеріңіз ие болуларыңыз керек, бойларыңызда жамандық болса, аянбай құтылуларыңыз керек, жақсылық жағын мөпелеп жетілдіруіңіз керек. Сонда өрі жақсы маман, өрі жақсы адам боласыздар.

Сонымен ұзын сөздің қысқасы, меніңше, мынау болмақ: жақсы маман, парасатты адам, беделді азамат болып өсу жолы оңай жол емес, қиын жол, бірақ өмірдің өзгешелігі сол: қиын жол, ізденіс жолы адамгершілікке апарады, жеңіл жол, ізденіссіз жол жұпынылық пен мардымсыздыққа апарады. Біздің жастар тек адамгершілік жолында болуға тиісті.

## АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге.

*Абай.*

Ардақты ақынымыз Сырбай Мәуленов бір өлеңінде: “О, адам, сенің бойыңнан табылмас қайтіп ізгілік!” - деп айтқаны бар. Әдемі айтылған сөз. Бойында ізгіліксіз адам баласы туған емес. Тек сол ізгілікті мәпелейтін, дамытып, гүлдендіретін заман тұмаған. Пушкин мен Абайдың заманы кеше ғана өтті, олардың ауыр күрсіністері құлағымызға әлі келеді. Пушкиннің “Евгений Онегин” романындағы мына бір қайғылы сөздер есте қой (Ілияс Жансүгіровтің аудармасы бойынша):

Ойлау қайғы - бізге жастық  
Деп берілген тегі бекер  
Деп жастықтан біз де айныдық,  
Деп жастықтың өзі мекер.  
Деп ең жақсы талабымыз,  
Деп ең жақсы қиялымыз,  
Жапырақтай күзгі шірік.  
Аз мезгілде кетті шіріп...  
Не құмарлық, не жалпы ойды  
Бөлуге жар бермей мойны.

Абай бар өмірін халыққа, әсіресе, жастарға жақсылықты, ізгілікті ойдағыдай дарыта алмағаны үшін өкініште өткен.

Өкініші көп өмір кеткен өтіп,  
Өткіздің бір нәрсеге болмай жетік,  
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,  
Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп.

Осы бір өткеннің қасіретті жағдайын біз әдейі келтіріп отырмыз. Өйткені, қазіргі уақытта қоғам адамның өз бойындағы барлық жақсы жағын арттырып, шын мәнінде, адал, шарапатты, парасатты азамат болуына мүмкіншілік туғызып отыр. Осы мүмкіншілікті пайдалана білу, біздің бірден-бір міндетіміз.

Біз әдетте тәрбиелі, білімді адамды “мәдениетті адам” дейміз. Жобасы, “мәдениетті адам” дегеніміз маңайындағы адамдармен қарым-қатынасы жөнінен, білімі, адалдығы, еңбек-қорлығы, рухани келбеті тұрғысынан жұртшылықтың талабына сай деген ұғым болар. Орыс тілінде “образованный человек” яки “білімді адам” деген ұғым да қолданылады. Мәдениетті адам деген ұғым “білімді адам” деген ұғымнан кеңірек сияқты. Дегенмен, шын мәдениет білімнен басталады. Сондықтан кезінде А.В.Луначарский осы “білімді адам” деген ұғымға мынадай анықтама берген екен. “Білімді адам”... бәрін білуге ұмтылмақ. Бірақ, бәрін үстірт білуге емес, білімді адамның өз мамандығы болуға тиіс, ол өз ісін білуі қажет, сонымен қатар ол білімнің басқа салаларына да көңіл аударып, оның да қызғылықты қағидаларын түсіне алуға тиісті. Мұндай адамның құлағына айналасында ойналған концерттің баршасы естіледі, ол әр дыбысын ұғына тыңдайды, өйткені бұл дыбыстар мәдениет деп аталатын бүкіл бір ырғақты, гармонияны құрайды. Сонымен қатар, білімді адам өзі де сол оркестрде белгілі бір аспапқа ие болып, жақсы ойнап, үн қосады, сөйтіп жалпы мәдениет байлығына өзі де үлестес болады, ал бұл байлықтың өзі жалпы алғанда, сол білімді адамның жүрегі мен санасында ұялайды”.

А.В.Луначарскийдің осы бір өте тебіреністі айтылған сөздерінде терең мағына жатыр. Өйткені:

*Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та, бар қалан*

деп Абай айтқандай, өмірде, тіршілікте өз орыныңды табу үшін, әрбір адамның өз мамандығы болуға тиісті, яки ол өмір оркестрінде бір өзіне лайықты аспапқа ие болуы қажет. Қазіргі ғылыми-техникалық революция дәуірінде ғылым мен білімнің, өнер мен техниканың өзі сансыз салаларға бөліне, тұңғық-тұңғық тереңдікке ұмтылған кезеңде әрбір адам тиісті мамандық алса ғана, сол мамандықта жемісті қызмет істей алса ғана, қоғамға жемісті пайда келтіре алатыны ақиқат жай. Мамандық алу оңай нәрсе емес сияқты – орта мектепті бітіру керек, одан кейін мамандық беретін не орта, не жоғары оқу орнын аяқтау керек, ақыры мамандық бойынша бірқыдыру қызмет істеп, тәжірибелі болғаннан кейін ғана әрбір адам өзін маманмын деп есептей алады. Сонымен, әрбір азаматтың өз мамандығы болуы қоғам үшін, азаматтың өз қарабасы үшін қажет

нәрсе. Бірақ өмірде, қанша қынжылып ренжісең де, әрбір маман мәдениетті, білімді адам бола алмай жатыр. Өйткені, сол А.В.Луначарскийдің айтқанын аңғарсақ, білімді, мәдениетті адам жалпы адам баласының мәдениет байлығына өз үлесін қосудан қатар, тіршілік оркестрінің гармониясын түгелдей түсініп, ұғынуға тырысуы қажет. Қысқасы, жақсы инженер, жақсы техник, жақсы дәрігер өз мамандығына қанша машық болғанмен, Пушкин мен Абайды оқымаған болса, Моцарт пен Чайковскийдің, Құрманғазы мен Мұқан Төлебаевтың әуендеріне құлағы жабық болса, ондай адам мәдениетті, білімді адамның қатарына жатпайтын сияқты. Өз мамандығын, әрине, әбден жақсы игеріп білу де қажет, бірақ өзгеге меңіреу болу деген өмірдің бар ләззатынан, бар жақсылығынан мақрұм қалу болып табылады. Демек, осыдан туатын қағида, жоғарыда Луначарский айтқандай, біздің қоғамның азаматы өз мамандығына әбден машық болумен қатар, білім-ғылымның, мәдениет-көркемөнердің бәріне бой ұрып, түсініп ұғынуға тырысуға тиіс. Илья Эренбург өзінің естеліктерінде білім-ғылым жөнінен арта қалса да, Үндістан адамдары техникасы мен өндірісі дәуірлеген американдықтардан мәдениетті, адамгершілігі, сыпайылығы жөнінен анағұрлым артық, дегені бар.

Біздің қоғам шын мәнінде көп оқып, көп ізденіп, кеңінен толғап, қай жағдайда болса да кездескен адаммен қызғылықты пікір алысуға дайын тұратын адамдарды тәрбиелеп, өсіруге бірден-бір жағдай жасап отыр. Бір қуанатын нәрсе - халқымыз арасынан академиктерден бастап, мал бағатын шопандарға дейін мұндай адамдар көбеюде. Мұндай адамдар өз мамандығында жемісті қызмет істеумен қатар, космосқа ұшу, Маяковский мен Сейфуллин поэзиясын ұғыну, қазақ музыкасында симфониялық бағыттардың даму жағдайларын әңгіме ете алады, мұндай адамдар не тым-тырыс үндемей, не өзі әбден жетік өз мамандығының ғана мүдделерін қайта-қайта әңгіме етіп, жанындағы адамды ығыр қылмайды. Мұндай адам әрі сүйсіне, әрі сүйсіндіре әңгімелеседі, жанындағы адамға рухани сабақтас, дидалас бола кетеді. Осы себепті Шоқан Уәлихановтың дидалас достарының ішінде халқымыздың байырғы адамдарынан бастап, бір жағынан ұлы жазушы Ф.М.Достоевский болса, екінші жағынан ұлы химик Д.И.Менделеев болған, осы себепті асқан геолог-ғалым Қаныш Сәтбаев әрі домбырашы, әнші, әрі

тарихшы, әрі әдебиетші, өнер-білімнің қай саласынан болса да сезімі жүйрік болған, осы себепті, мысалы, қазіргі атақты дәрігер академикіміз Сайым Балмұқанов халқымыздың тарихы мәселелері жөнінен мақала жазып жүреді, батыс әдебиетін әр салада сол тілде оқуға тырысады. Мұндай мысалдарды көбейте беруге болар еді, бірақ мәдениеттіліктің ең негізгі өзегі - өз мамандығында машықтанумен қатар тіршілік мәселелерін парасаттылық, адамгершілік тұрғысынан толғау үшін білім салаларын кеңінен қамти білу екенін, рухани ізденісті өмір бойы үзбей отыру екенін артықша түсіндірудің қажеттігі жоқ сияқты.

Адамның мәдениеттілігінің, ой-өрісінің кеңдігінің, жан дүниесінің ләззатшыл нәзіктігінің бірден-бір белгісі көркем әдебиетті қол үзбей оқи білу. Қанекенің бөйбішесі Таисия Алексееваның айтуы бойынша ғылыми, ғылыми-ұйымдастыру және әлеуметтік жұмыстардан көркем әдебиет оқуға қолы тимейтін Қанекенің әлдебір қызметтен үзіліс болса, дереу көркем әдебиет, ал жол жүрер болса, жиналар алдында өзгені ұмытса да, керекті көркем әдебиет кітаптарын чөмоданына салуды ешқашан ұмытпайды екен. Белгілі жаратылыстанушы ұлы ғалым Чарльз Дарвин жетпістен аса бастаған шағында өзінің бір жолдасына - көркем кітап оқуға әуестігім азайып бара жатыр, сондықтан осының өзі менің жан дүниеме келген жамандықтың белгісі ме деп қорқам, деп жазған екен. Шын мәдениетті адамның көркем әдебиет жем азығы болуға тиісті.

Әрине, шын мәдениетті адам болудың бірден-бір жолы, өзіңнен бұрынғы буыннан дұрыс тәрбие алу, дұрыс үлгі көру. Сонымен қатар, шын мәдениет пен білім адамға тегін келмейтінін мықты аңғара білу қажет сияқты. Адам есейіңкіреген кезде өзіне-өзі тәрбиеші бола білуге тиіс. Бұл үшін жастарға қажырлылық пен қайрат қажет. Біз бойымыздағы кемшіліктердің көбін өткен өмірдің сілімтігі, қалдығы дейміз. Ол шындығында солай. Қазіргі өз заманымыздың талабына сай азамат болу жолында сол қалдықтарды жедел бойдан ажыратып, аластап, адамның құлқын, мінезін бұзатын қасиеттерден тез арылуға тырысу керек. Мысалы, орыстың ұлы жазушысы Антон Павлович Чеховты алайық. Бұл кісі кішігірім сауда жасап, күн көрген тоғышарлау семьяда туған. Сол семьяда туған Чехов ақыры жан дүниесі мейлінше адал, парасатты адамдардың бірі

болған. Өзінің бойындағы ұнамсыз қасиеттерден арылу жолын ол бір жолдасына жазған хатында сипаттайды:

“Сіз жазғыңыз келсе, әкесі крепостной болған, өзі бала кезінде дүкеншіл, шіркеу хорында айқайы бар болып күн көрген, кейін гимназист, студент болса да, шен-ұлыққа табынуға, поптардың қолын жалауға, біреудің ойы мен ақылына бас июге тәрбиеленген, аузына салған әрбір үзім нан үшін шұлғып, алғыс айтуға әдеттенген, шексіз көптаяқ жеген, жыртық киіммен сабаққа барған, төбелесқой болған, үй жануарларын аямай азаптампаз болған, ауқатты туысқандарының дастарқанын аңдыған, ешбір қажеті жоқ жағдайда, тек өзінің түкке тұрмайтындығын сезгендіктен құдайға да, адамға да екіжүзділік білдірген - міне осындай жігіт өз бойынан құлдық пен күндікті аянбай сығымдап, мысқалдап аластап шығарып, сәулелі бір күні таңертең түрегеліп, өз бойында жүрген қан құл-күңнің бойына тән қан емес, көдімгі ешкімнен кем емес адамның қаны екеніне көзі жеткенін жазыңыз”.

Әрине, біздің социалистік қоғамымызда А.П.Чехов сияқты бесігінен құлдық пен күндікке тәрбиеленген ешбір адам жоқ. Сондықтан арамыздағы жастарға өз бойындағы кемшіліктерінен арылу үшін, жобасы, Чехов сияқты қайрат пен күш жұмсауы қажет емес. Дегенмен, бойдағы аз кемшіліктің өзімен, жобасы, үлкендей етіп күресе білу керек, өйткені жамандық, кемшілік деген итжанды келеді, бойда ұялампаз болады. Сондықтан ғұламалар ертеден осы жағдайды бізге аңғартуда. Абайды алайық:

*Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол...  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шапшақ –  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой –  
Бес асыл іс көнсеңіз.*

Құлдық-күндік, адамгершілікпен ұштаспайтын мінездерден өз бойын үзілді-кесілді арылта білген А.П.Чехов туған інісі, белгілі суретші Николайдың көптеген мінездерін ұнатпай, сол інісіне арналған бір хатында былай деп жазған: “Сенде бір-ақ кемдік бар - сен мүлде тәрбиесізсің... Тәрбиелі адам, мынадай

талаптарға сай болуға тиісті: 1. Олар адамды сыйлайды, сондықтан биязы, кешіргіш, сыпайы, жол бергіш келеді... Олар жоғалған балға не өшіргіш үшін айқай-шу шығармайды, біреумен міндетсіремей тұрады да, кетерінде - сенімен тұрып болмайды екен - деп кетпейді. Олар у-шуды да, суықты да, мысқылы бар қалжыңды да, үйге келген тыс адамды да кешіре біледі... 2. Олар бар аянышын тек сұраншы мысқыққа ғана жұмсайды, олар жай көзбен көрмейтін заттарды да аяй біледі... Олар... студент достарының қамы үшін, анасының киім-кешегінің қамы үшін түн ұйқысын төрт бөледі; 3. Олар басқаның еңбегін сыйлайды, сондықтан қарызын уақытылы қайтарады. 4. Олар ақ жүрек, адал келеді де, өтіріктен ытырына қорқады, тіпті болмашы өтірік айтуды білмейді. Өтірік тыңдаушыны кемітеді, айтушыны масқаралайды. Олар сыртқа өзгеден бетер өдемі көрінгісі келмейді де, тыста да үйдегідей байырғы бола алады, өзінен кішіге қоразданбайды. Олар көкмылжың келмейді, сұрамаған жерде сырласуға тырыспайды... Жанындағылардың құлақтарын сыйлағандықтан, көбіне үндемеуге әдеттенеді. 5. Олар біреуде аяныш туғызғысы келіп, өзінен өзі жүдеп, жұпыланбайды. Олар күрсініп аяп, басынан сипасын деген оймен біреудің жан дүниесінің аяныш пернелерін баспайды. Олар: “мені түсінбейді”, немесе “Мен ұйықтап кеттім” - деп айқай шығармайды... Өйткені, осының бәрі арзан әсер туғызатын, тозығы жеткен, ескі, алдамшы тәсілдер. 6. Оларда жылпостық жоқ. Оларда атақты адамдармен таныс болу сияқты, мас Плеваконың қолын қысу сияқты, жолда кездескен адамның мақтауы сияқты... алдамшы бриллиантқа әуестену жоқ. Олар тиындық жұмыс істеп, жүз сомдық папканы қолтығына қысып жүгірмейді, өзгелерді жібермеген жерге мені жіберді деп мақтанбайды... Шын дарын көмескілеу, көрмелерден аулақтау, көзге аз түсетін жерде отырады... Толық кеспектен бос кеспектің даңғыры көп деп Крыловтың өзі айтқан ғой... 7. Олар бойында дарыны болса, сол дарынды мөпелей біледі. Олар сол дарын үшін тыныштығын, әйелдерді, шарапты, тіршілік әбігерін пида етеді... Олар дарынын мақтан ете біледі. Сондықтан, олар тоғышарлар мектебінің күзетшілерімен, не Скворцовтың қонақтарымен ішіп мас болмайды, өйткені олар мұндайлармен бірге тұрам деп ойламайды, тек тәрбиелік ықпал жасаймын деп ойлайды. Және де жиіркеншек келеді... 8. Олар өз бойында эстетикалық сезімді мөпелейді.

Олар киімшең жата кетпес болар, қабырғадағы қандаланы көріп, қапырық ауаны жұтып, қақырық басқан еденде жүріп күн көре алмайды... Олар жыныстық нәпсіге ие болып, сол нәпсіні адамгершілік жолға сала алады... Олар жол-жөнекей арақ сіміріп, шкафты иіскелеп жүре алмайды, өйткені олар шошқа емес. Олар тек қолы бос кезінде, әлдеқалай жағдайда ғана аздап ішеді... өйткені сау денеде сау жан дүние... Тәрбиелі адам дегеніміз міне осы... Өзіңді - өзің тәрбиелеп, өз ортаңнан төмен болмас үшін Пикквикті оқып, Фаустың бір монологін жаттап алу жеткіліксіз... Батыл қақырынып, үзілді-кесілді ұмтылыс жасау қажет. Шыныны арағымен қоса жерге ұр да, үйге қайт, тыныш жатып кітап оқы... тым құрығанда Тургеневті оқы, сен оны оқыған жоқсың... Менмендікті қою керек... балалық шақтан өттің... Отызға келіп қалдың... Күтем... Бөріміз күтеміз...”

Халқымыз “дұшпан күлдіре айтады, дос күйдіре айтады” - дейді. Арамызда мінін, кемшілігін осылай, Чеховша тура күйдіре айтып, мәдениеттілік, тәрбиелілік жолына шақыруды тілейтін жас жолдастарымыз әлі де болса бар сияқты. Аяғын адамгершілік жолынан шалыс басқан жастарды, біздің қоғамның ізгі мүдделеріне сай тәртіпке шақырып, жөнге келтіру әрбіріміздің міндетіміз. Әрине, бүлісте әркімнің бойындағы мінін бетіне басып, төтелеп, ұрғылай беру педагогикалық әдістердің ең жақсысы болмас, ең басты, іс бұл тұрғыда адамның өз қара басының адамгершілік кодексін сақтаудағы қатаңдығы мен ұстамдылығы болмақ. Сондықтан кемеңгер адамдар ең алдымен, өзіне сыншы болған да, өз қара басы ізгілік жолын берік сақтағандықтан, өзгеге де ақыл айтуға, шарапатты жол көрсетуге хақылы болған.

Ғылыми-техникалық революция дәуірі - өмір-тұрмысқа көп өзгерістер кіргізуде. Бұл өзгерістердің бастысының бірі - жастар жаппай ғылымға ұмтылуда. Академик Н.Н.Семеновтың болжауы бойынша, ғылыми қызметкері жоқ семья сирек кездесетін жағдайға көп ұзамай жетпекпіз. Сондықтан, ғылыми қызметтегі жастардың мәдениетті, тәрбиелі болуы алдымыздағы үлкен міндеттердің бірі. Есейген буын кейінгі буынға талапты мол қоюын қояр емес және де сол талап, біз жасымызда қандай болып өстік деген дұдамалдау ұғымнан да туып жатады. Ол үшін ілгері буындағы ғалымдар мәдениеттілігі мен па-

расаттылығын көрсете, үлгі ете білуі қажет. Жастың еңбегін бағалау, жол аша білу үлкеннің міндеті, бұл міндетті орындау үшін үлкеннің өзі зор мәдениет иесі болуы қажет. Парасаттылық, шарапаттылық, кеңдік, адалдық ғылымда қызмет істеген адамға бірден-бір тән болуы қажет, өйткені халқымыздың мәпелеп, бетке ұстағаны - ғылымдағы адамдар. Бұл жөніндегі шалыстықтардың арамызда әлі де барлығын жасырмай айтуымызға болады. “Ғылым - кейбір адам үшін асқақ періште-ханым болса, екінші біреуі үшін маймен қамтамасыз ететін сауын сиыр орнында” деп бұдан 200 жыл бұрын Шиллер айтқан екен. Сондықтан, ғылымды тек сауын сиыр ретінде пайдаланғысы келген, мәдениеті жоқ тоғышарларды кездестіргенде, қынжылмай қоймайсың. Әрине, ғылымдағы тоғышарлық жалпы тоғышарлықпен астарласып жатады, мұндағы тоғышарлық та рухани шеңбердің тарлығынан туады.

Осы кезде жастар арасында сырт сымбаттылық, киім киюдегі әдемілік жөні көп әңгіме етіледі. Бұл жөнінде әңгіме-айтыс дұрыс та шығар, өйткені Пушкин айтқан әдемі сөз бар:

Быть можно дельным человеком  
И думать о красе ногтей.

Дегенмен, киім кию, сырт сымбаттылық мәселелерін көп қозғаудың өзі керек те ме екен, өйткені бұл мәселеге артық көңіл бөлудің өзі жасанды сымбаттылық пен жасанды әдемілікке апарып соққаны қызық емес қой. Сырт, ішке сай болу керек. Қоғамымыз адамның жан дүниесінің рухани гүлденуіне тарихта болмаған мүмкіншілік жасап отырғанда, сол мүмкіншілікті ішкі сарайын ағартуға, білім алуға, шын мәдениеттілік жолына шығуға жұмсай алған жастар, сыртын қанша әдемілей бергенмен, тоғышарлар, ақыл-ойдан жұпыны болып қала бермек қой. Шын мәдениетті киімін, сырт сымбатын ойлағанда, өзгелерден бөлініп, қоразданып көрінбеу жағын, қарапайымдылық жағын ескереді. Бальзак Париждің бір сұлуын мысқыл еткенде, бұл ару жұртты көйлегінің жауырын ойығын (декольтесін) төменгі табиғи ойыққа дейін жеткізбекші болып қорқытты деген екен. Сондықтан, көйлек қысқарса ең қысқасын (өрі қарай қысқартуға болмайтын қысқасын), көйлек шалбарға ауысса, жұрттан бұрын шалбардың нағыз матрос киетіндейін кигендер, шаш жіберсе Тарзаннан анағұрлым жалбыратқандар осының бәрін іштен шыққан мәдениеттіліктен істе-

мейтін болар. Адамның киім киюі, шаш, мұрт, сақал қою сияқты сырт сымбатының айғақтары заман өзгерген сайын, жобасы, өзгеріп тұрар, бірақ бұл өзгерістердің өзінің табиғи заңдылығы да бар шығар - ол заңдылық адамның тұрмысы мен ісіне байланысты, негізінен, ішкі рухани сыйпатына, кішіпейілдік, сыпайылық, қарапайымдылығына байланысты. Өзгеден бұрын сырт сымбатымен көзге түсу мақсатынан аулақ болу қажет.

## ҒЫЛЫМДА АДАЛ ЕҢБЕК - БІРІНШІ СЕРІГІҢ

Әрбір ғалым іздену жолында үлкенді-кішілі жаңалықтар ашады. Әрбір жаңалық (тіпті кішігірімінің өзі) творчестволық азаптан, дамылсыз толғанып, ойланудан туады; оған ұйқысыз өткізген түн, өз ойыңмен өзің арпалысып өткізген күндер куә. Қазіргі ғылым тым салаланып, тым тереңдеп кетті.

Менің мамандығым - металлургия, дәлірек айтсам, түсті, сирек, асыл маталдарды кеннен, концентраттан, әртүрлі аралық өнімдерден ажыратып алу әдістерінің маманымын. Металлургия дегенді бұрын жоғары температуралардың химиясы деп те атайды екен, өйткені бұрынғы кезде металдарды ажыратып алудың негізгі жолы қыздыру, күйдіру қайнату болған.

Қазіргі Металлургия әрқилы температураны қолданады, бірақ кейін байырғы ыстық-жылылыққа көшуге айналды; осыған байланысты су ертінділері арқылы, әртүрлі органикалық заттар арқылы металдарды ажыратып алу әдістері өріс алды. Сондықтан металлургиямыз кәдімгі химиялық технологияның бір үлкен саласына айналды. Айтсақ, алдымызда тұрған проблемаларымыз көп, оның ішінде негізгісі - кенді, концентратты комплексті пайдаланудың тиімді жаңа әдістерін ұсыну. Мысалы, Балқаш кен металлургия комбинаты осыдан жиырма шақты жыл бұрын жалғыз-ақ өнім беретін, ол - қара мыс. Енді комбинат таза мыс береді, оның үстіне күкірт қышқылын, қорғасын, молибден, рений, асыл және шашыранды металдар шығарады. Бірақ бұларды бұдан да мол, бұдан да тиімді етіп шығару әдістерін іздестіру керек екенін өбден білеміз.

Ғылымда аталмыш проблемалардың дәйекті шешілуін дәл біліп, болжау өте қиын. Өйткені әрбір ғалым өзінің істеп жүрген ғылыми жұмысының бітетін күнін алдын-ала білсе, ол не пайғамбардан кем болмас еді, не шын мәнінде ғалым болмас еді. Ғылым қызметкерінің бір ауыр жайы - ол басталған істің немен, қашан аяқталатын көбіне білмейді. Оның үстіне болжаған, көздеген мақсатына жетудің орнына жол-жәнекей бір қызық, соны құбылыстарды байқап қалып, өзгенің бәрін ұмытып, соның соңына түсіп кететіні де болады. Сондықтан алға қойған мақсаттың қашан, немен бітерін, жолда неге кездесетінімізді білмесек те, тек тәуекелмен аянбай, іздене береміз. Ғылымда адал еңбектенуден басқа жол жоқ. Адал еңбек ешқашан жеміссіз болмайды.

Ал, техника ғылымында қызмет істеп жүрген ғылыми қызметкерлердің ісінде бір өзгешелік бар. Соны аңдату үшін ғалым тарихында болған көпшілікке әйгілі мынадай бір оқиғаны еске сала кетейін. Бір күні Эдисон өзіне көмекші таба алмай жүргенін Эйнштейнге айтыпты. - “Сіз көмекшіні қалай іздейсіз, қалай сынайсыз?” - депті Эйнштейн. “Мен мына металдың балқу температурасы қандай? - деп сұрасам, келгендер жауап бере алмайды, сондықтан амалсыздан қайтарып жіберем, көмекші таба алмай қойдым”, - деп қынжылады ұлы өнертапқыш. Уай, бұл сұрақтарыңызға жауапты еске сақтау қажет пе, анықтама кітаптарда бар ғой. Онда сізге мен де көмекшілікке жарамайды өкем”, - деп күліпті Эйнштейн.

Бұл әңгіме Эйнштейннің кесек теориялық мәселелермен айналысқанын дәлелдеу үшін айтылады. Ал, шынына келсек, техникамен айналысқан Эдисонның техникалық мәліметтерді миға сақтаудың қажеттігін тілеуі де өбден орынды. Ал, қазіргі техника ғылымындағы ғалымдар өз бойына Эйнштейннің тілегін де, Эдисонның тілегін де тоғыстыра білуге тиісті. Өйткені, ертеректе ғылыми жетістіктер жүздеген жылдар тек оқулықтардан орын алып, өмірге байланыссыз жата берсе, қазір ғылыми-техникалық революция заманында әрбір ғылыми жаңалық дереу техникалық бейнесін таба бастайды, өмірге не бір машина болып, не бір жаңа зат болып кіре алады. Олай болу үшін техника ғылыми қызметкері теория мен техникалық өнерді бірдей игеруге тиісті, кейде соның арқасында теорияның ілгерілеуіне ықпал жасап отыруы қажет. Сондықтан, меніңше, көлеміне келгенде техника ғылыми қызметкерлерінің ісі аса мол сияқты, және (өмірдің барысы солай!) бұдан әрі де молая түспек.

Мысалы, ракета күшімен ұшу жолы теориялық ертеден-ақ мәлім болған. Бірақ оның техникалық жолдары тиянақты бейне тапқалы көп уақыт өткен жоқ қой. Ал, сол техникалық жолдарды табу мыңдаған техника ғылымдары қызметкерлерінің ісі емес пе; сол мыңдаған техника қызметкерлеріне жалғыз Циолковскийдің тастап кеткен ережелері жетіп жатқан сияқты. Әрине, менің бір сөздерімде әсірелеу бар, бірақ техника ғылымының орны мен келешегін осы мысалдан анық байқауға болады.

Енді университеттің біліммен жастарға тәрбие беру туралы бірер пікір айта кетейін. Қазір республикамызда екі уни-

верситет бар. Мұның өзін жастарға білім беру мен мәдениеттің асқақ қағидаларына тәрбиелеу ісінің жаңа бір сатысына жетіп отырмыз деп түсінуіміз керек. Әдетте біз тәрбиелі, білімді адамды “мәдениетті адам” дейміз. Жобасы “мәдениетті адам” дегеніміз маңайындағы кісілермен қарым-қатынасы жөнінен білімді, адалдығы, еңбекқорлығы, рухани келбеті тұрғысынан жұртшылықтың талабына сай деген ұғым болар. Орыс тілінде “образованный человек” яки “білімді адам” деген ұғымда қолданылады. Мәдениетті адам деген ұғым “білімді адам” деген ұғымнан кеңірек сияқты. Дегенмен шын мәдениет білімнен басталады.

Сондықтан, біздің совет университеттерінің міндетін еліміздегі жоғары оқу орындары ішіндегі ғылыми-методикалық орталық деп атап белгілеудің өзі, біздің еліміздегі жастардың мәдени тәрбие алуының тұтас жүйелі болуына, яки А.В.Луначарский айтқандай, қоғамымыздың әрбір өкілі мәдениет деп аталатын гармонияны түгелдей сезіне білуіне, сонымен қатар өзі белгілі бір аспапта ойнап, шабытын жалпы гармониялық ырғаққа, әуенге бар ынта-қабілетімен орайлауына бағытталған болып табылады.

Академик Н.Н.Семеновтің болжауы бойынша, көп ұзамай азаматтың тең жартысы дерлік ғылыми қызметпен айналысуы ықтимал. Профессор Берналдың топшылауы бойынша, болашақта әрбір адам уақытының біразын ғылыми қызметке, біразын өндіргіш қызметке жұмсап отырады. Академик П.Л.Капица бұл жөнінде Н.Н.Семеновтің пікіріне қосылады, өйткені творчестволық қызметке бейімі бар адамдар оған бар күш-жігерін жұмсайды. Қысқасын айтқанда, біз ғылыми қызметкерлерді даярлау ісін жылдан-жылға ұлғайта түсуіміз қажет, өйткені қоғамның болашағы ғылым мен ғылыми қызметкердің жемісті еңбегіне байланысты болмақ. Іргелі ғылымда өзекті проблемалық мәселерді шұғыл қарап, терең үңіле, шеше білетін адамдарды негізінен университеттер шығарып отыруға тиісті.

Жоғары оқу орындары, арнаулы орта оқу орындары және орта мектептің оқушыларының біразы да университеттерде дайындалуға тиісті. Қазір еліміздің жоғарғы және арнаулы орта оқу орындары басшылығы осы оқу орындарындағы жалпы білім сабақтарын, негізінен, университет бітірген түлектер жүргізуін көздеген қатал тәртіпке көшіп отыр. Бұл тәртіпте терең мағына бар. Орта және жоғары мектептерде университеттің білімі

бар мұғалімдер жастар арасындағы білімнің іргелі негіздерін игеруге ынта мен құмарлықты, жалпы мәдени деңгейді жоғарылатуға ұмтылысты тәрбиелей білу қажет, өйткені университет түлектері мұндай ұстаздыққа әбден дайындалып шыққан адамдар. Университеттік білімнің дәстүрлі жаратылысының өзі осыған мәжбүр етеді, себебі білімнің әр түрлі салаларында оқыған жастар бес жыл бойы өзара араласып, білім алмастырып отырады, мәдени мәліметтерге кеңінен қанығады.

Атақты хирург және педагог Н.И.Пирогов университеттің жастарға білім беру ерекшелігінің осы бір жағын кезінде әдейілеп ескерткен екен. “Бұл ерекшелік, - деп жазған Н.И.Пирогов, - өрі ғылымдардың өзара табиғи байланысын, өрі бір факультеттің екінші факультетке жасайтын ықпалынан туады; мұндай ерекшелік таңдаулыға да, таңдаусыз көпке де өз ықпалын тигізеді. Бірі - бұл ықпалға көре тұра, екіншілері - сезінбей көнеді”. Университеттерде өзі оқыған ғылымның шеңберінде жан-жағына қарамай тұйықталып қалу қаупі кемде-кем. Бұл үлкен жақсылық, өйткені, ғылымның жеке шеңбері саласында маманданған адам, егер жалпы мәдени деңгейі төмен болса, ғылымның көршілес салаларынан хабары аз болса, творчестволық мүмкіншіліктері жөнінен мешеулеу келеді де, өз көзі алдындағыдан басқа түкті көрмей, маңайына қазымыр болып, өз қара басы үшін сыйлы жағдайларға жеткен кезде, пайдасынан зияны көп болады.

Партия мен үкіметіміздің жоғары мектеп қызметкерлері алдына елімізде университеттердің жетекші ролін нығайта түсу жөнінде қойған талабы әбден орынды, уақтылы талап екенін байқауға болады; бұл талаптың өзі мемлекетімізде жедел дамыған ғылымымыз үшін ойлап, сараптап, жаңалықты іздеп таба білетін мамандарды жылдан жылға көбейте беру нәтижесінде, жоғары білімді мамандар даярлау ісіндегі кеңестік дәуірде жиналған мол тәжірибенің қорытындысы ретінде туып отыр. Сондықтан университет қызметкерлері - біздің алдымызда еліміздің іргелі қатардағы университеттерінің дәстүрі мен тәжірибесін тез үйреніп, университеттік білімге қойылатын талаптарға сай мамандар тәрбиелеу міндеті тұр.

Сөз соңында бүгінгі өскелең жастарға достық көңілден өз тілегімізді айта кетсек пе дейміз. Ғылыми-техникалық революция дәуірі өмір, тұрмысқа көп өзгерістер кіргізуде. Бұл өзгерістердің бастысының бірі - жастар жаппай ғылымға ұмтылу-

да. Сондықтан ғылыми қызметтегі жастардың мәдениетті, тәрбиелі болуы алдымыздағы үлкен міндеттердің бірі. Есейген буын кейінгі толқынға талапты мол қоюын тоқтатар емес, және де сол талап, біз жасымызда қандай болып едік деген дұдамалдау ұғымнан да туып жатады. Ол үшін ілгері буындағы ғалымдар өздері мәдениеттілік пен парасаттылық көрсетіп, үлгі бола білуі қажет.

Жастардың еңбегін бағалау, оларға жол аша білу үлкеннің міндеті, бұл міндетті орындау үшін үлкеннің өзі зор мәдениет иесісі болуы керек. Парасаттылық, шарапаттылық, теңдік, адалдық, ғылымда істеген адамға бірден-бір тән болуы қажет, өйткені халқымыздың мөпелеп, бетке ұстағаны да ғылымдағы адамдар.

Бұл жөніндегі шалыстықтардың арамызда әлі де барын жасырмай айтуымызға болады. “Ғылым кейбір адам үшін асқақ перістеханым болса, екінші біреу үшін маймен қамтамасыз ететін сауын сиыр орнында” - деп бұдан 200 жыл бұрын Шиллер айтқан екен. Сондықтан, ғылымды тек сауын сиыр ретінде пайдаланғысы келген мәдениеті жоқ, тоғышарларды кездестіргенде, қынжылмай қоймайсың.

Бүгінде қоғамымыз адамның жан-дүниесінің рухани гүлденуіне тарихта болмаған мүмкіндік жасап отырғанда, сол мүмкіншілікті ішкі сарайын ағытуға, білім алуға, шын мәдениеттілік жолына шығуға жұмсай алмаған жастар сыртын қанша әдемілей бергенімен тоғышар, ақыл-ойдан жұпыны болып қала береді. Сондықтан да ғылым жолын қуып, адал еңбегін серік еткен жастар шын мәдениетті, киімін, сырт сымбатын ойлағанда өзгелерден бөлініп, қоразданып көрінбеу жағын, қарапайымдылық жағын алдымен ескереді. Ғылымда даңғыл жоқ дегендей, білім көгіне құлаш ұрған жастардың алдымен адал еңбекті серік еткені абзал.

## ҒЫЛЫМ МЕН ӘДЕБИЕТТІҢ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ ТУЫСТЫҒЫ

### *Сұхбат-диалог*

**О.БӨКЕЕВ:** Ебеке, сіз маған ғылымда қызмет істеген адамдар өмірінің ішкі сырын, болмысының құпия астарын түсініп, білуіңізге көмектесем деп бір айтып қалған едіңіз. Мәселен мен, мен болмасам мен сияқты жас жазушылар оқымысты ғалым туралы жазғысы келеді. Сізбен де, сіздің әріптестеріңізбен де көп сөйлесіп жүрмін. Сондай-ақ басқа ғалымдармен де диалогтасып, сұхбаттасқанымды, ғылымның үлкен қайраткерлері жөніндегі әдебиетті де оқымағанымды ештеп ескерткенмін. Бірақ осыдан алған мәліметтерім мен өсерлерім мені қанағаттандырмайтын, жүздеген кітаптардың жеткіліксіз екенін, тіпті кейбір жағдайда керексіз екенін маған Сіз де ұқтырып баққап едіңіз.

Шынында да, сіздің қазіргі шыққан биігіңіз, тек ұзақ уақыттағы істің нәтижесін ғана баяндай алар еді: ал біз - жазушылар сол нәтижеге жетудің қиын-қыстау жолдарын, “Тар жол тайғақ кешулерін” білгіміз келеді, жазушыны қызықтыратын да сол - ғалымдар жүріп өткен соқпақ іздер мен ауыр асуларға.

**Е.БУКЕТОВ:** Уәде беріп қойған соң, амалым қанша, мен де өз қызметіме - сен айтқан тұрғыдан, өз ісіме өзім сырттан, алыстан, биіктен сын көзбен қарауға кірістім. Шынын айтсам, мен өз еңбегімнің кейбір ерекшелігіне пәлендей көңіл аудармаған екенмін, ал кейде көңіл аударып ойланатын болсам, менің де еңбегім басқа еңбектермен туыстас қой деп сезінген сияқтымын. Дегенмен, өзімнің азын-аулақ ісіме осылай қарауымның өзі дұрыстау қарас емес екенін, ғалымның ең әуелі адамның бар болмысын, бар ойын билеп алатын бірден-бір ауыр жұмыс екенін енді-енді, ғұмырымның шаңқай тұсында ғана ұғынғандаймын. Бұл жұмыстың өзі, еңбек уақытыңыз бен тыныстау мезгіліңізді әлдеқалай алмастыра салып, күнделік қаракетіңізді заңыңыз мөлшерлеп қойған тәуліктегі жеті сағатқа сыйғызбай жататынын сипаттай келіп, ғалымның көретін осындай бір тынымсыздық кезеңдерін мен шабыт деп атар едім. Осы шабыт арқылы, осы шабытқа байланысты көкірек пен мидың азабы

арқылы ғана ғалымдар табиғат пен жаратылыстың құпиясына жетеді. Бүкіл ғалымдар өмірін, өз еңбегімді саралап келсем, жобасы осы бір творчестволық шабыт деген тамаша құбылыстың, біздің еңбегімізге де тікелей байланысы бар екенін де ұғынып отырмын. Бірақ та, бұл жөнінде айта кетер тағы бір жағдай бар. Осы шабыт деген біздің жұмысымызда, біздің іс-әрекеттерімізде қалай іске асатынын білмеймін, өйткені біздің қазіргі ғылыми ізденістеріміздің басым көпшілігі коллективтік ізденіске айналды. Тіпті қазіргі ғылыми талпынысымыздың ерекшелігі - тұтас коллективтік талпыныс екендігінде жатыр ғой.

**О.БӨКЕЕВ:** Бір өңгімеңізде қазіргі уақытта творчестволық қызметтегі жалғыздық тек жазушыларға ғана жарасар деп күлген едіңіз.

**Е.БУКЕТОВ:** Шынында да, өткен ғасырлардағы ғалымдардың көбіне тән жеке даралық, кейінгі кезде әдебиет пен өнер сияқты мәдениеттің кейбір сирек салаларында ғана қалып отыр ғой.

**О.БӨКЕЕВ:** Ол рас, Ебеке. Міне, осыған байланысты қазіргі біздің заманымыздың жалпыға бірдей үлкен ісінде, яки ғылыми-техникалық революция ісіндегі ғылыми еңбекте Чеховтың күйіншіт сөзімдерін әдемі сөзбен айтып күлдіріп отыратын ақылды Николай Степановичі сияқты, немесе Франаның ғылымнан басқада ешбір жұмысы жоқ, парасатты “көртышқан” іспеттес Бонары сияқты, я болмаса кейбір замандас жазушыларымыздың құдіреті арқылы кеудесін ашып тастап, найзағайға қарсы ұмтылған ғалымдар кемде-кем екені ақиқат.

**Е.БУКЕТОВ:** Қазіргі уақытта өзінің миы мен ой мүмкіншілігін, творчестволық коллектив деп атайтын ғылыми адамдардың тобында, сол топтағы әріптестерінің зейін-әрекетіне өзінің қабілет-мүмкіндігін үйлестіріп, қызмет істей алатын адамдар ғана нәтижелі жетістіктерге жетпек. Әрине, ғылыми жетістіктер коллективтің ортақ табысы болуы жағдайында, талантты қызметкерлерге жабысып, соларды жанапайлап күн көріп, тіпті сол шынайы ғылыми қызметкерлердің еңбегін өзіне тағып, жақсылығын иемденуде мол үлеске ие болып жататындардың көбейетіні де шындық. Ерлік пен қажырлылық тілейтін, қайрат пен жүректілікті тілейтін іске өздерінің шамасы келмесе де, жауынгерлік істің жемісін бөлісуге келгенде

бір де бір қалыспай жатады-ау! Ғылымда да осы сияқты жағдайлар көп кездеседі ғой деп ойлаймын.

**О.БӨКЕЕВ:** Әрине, бүркіт асқан қырағылықпен ұстаған тұлкіге, қарғаның “Бүке, сіз боп, біз боп өрең ұстадық қой, қане жейікші бір” деп олжаласатыны сынды... Жобасы, ғылыми қызметте жұмыс істеген адамның басын, өзара айқасқан, өзара таласқан, өзара арпалысқан ойлар мен идеялардың аренасына, қиянкесті сұрапыл күрестің майданына ұқсатуға болар еді.

**Е.БУКЕТОВ:** Әлбетте, бұл жөнінде сен маған Толстойдан да мысал келтіргенсің. Толстой кейбір кейіпкерлерінің басындағы ойлардың күресін, қарама-қарсы пікір таластырған екі адамның диалогы ретінде беретінін еске түсірген едің. Бірақ ғылыми қызметте едәуір өмірін өткізіп, ойлану тәртібіне зейінін ықшамдап алған адамның басында, бір мезеттің өзінде өзара таласқан көптеген ойлар өтіп жатады. Осыған қарағанда, бұл ойлардың өзара күресін тартымды бейнелеуде, тіпті аса бір ұлы жазушының әдісі де ақиқатты маңайлатпайтын сияқты. Әрине, осы үлкен таластың арқасында көп ойдың ең бір көріктісі, ең бір мықтысы жеңіп шығып, ұзақ ойланудың тамаша бір түйіні табылып жатса жақсы ғой. Бірақ, бүгінгі қуанышты түйініңіз, ертең қайтадан ойланған кезде немесе өзіңнің әріптес жолдас-тарыңмен пікір таластырған кезде, бекер болып шықса, қандай қасірет десеңші. Тіпті сол түйініңіз ақиқатқа тоғысып, кейін эксперимент жүргізген кезде, ойдағыдай іске асатынына көзіңіз жеткеннің өзінде ғалымның азабы тек осымен аяқталмақ емес қой. Ғалым сол тапқан түйіні мен жадалығын көпке таныта, көпті иландыра білуі қажет. Бірақ, бұл да жеткіліксіз. Қазіргі ғылыми жаңалық дереу өндірістен орын алуымен құнды. Бұл жөніндегі міндет те ғалымның мойнында. Міне, аңсаған мақсатқа ғалымның жету жолы осындай. Бұл жол даңғыл жол емес, сәттілігінен гөрі сәтсіздігі көп соқпалы жол. Тегі, осындай азапты соқпақ жолдың сирек кездесетін ләззатты мезеттері үшін өмірін қиған адамдарды ғана ғалым деп атайтын болармыз.

**О.БӨКЕЕВ:** Ғылыми-зерттеу лабораторияларымызда, кафедраларымызда, институттарымызда істейтін ғылыми қызметкерлердің бойында, осы бір сіз айтқан қиыншылықтарға байланысты кейбір өзгешеліктер болуы заңды құбылыс сияқты. Оның бәр-бәрін жете зерттемесе, көп жағдайда, елеп-ескере бермейміз де. Айталық, сіздің туған ғылымыңызға қосқан үлесіңіздің өзін екінің бірі біле ме?

**Е.БУКЕТОВ:** Оныңызға рахмет! Сынаған үшін өкпелегенді естідім, бірақ мақтағаны үшін өкпелегенді естігем жоқ, деп біреу айтқан екен. Бірақ, мен бұрын адам баласының зердесі жетпеген әлемдік жаңалық ашқан үлкен ғалымдар тобына жатпаймын.

**О.БӨКЕЕВ:** Егер, әр ғалым сізше тынымсыз еңбек етіп, тек ғылымның бір саласымен ғана қанағаттанып қоймай, қазақтың мәдени өсуіне де кеңінен араласып отырса, теріс болар ма еді. Халқымыздың Қаныш аға бастаған тамаша ғалымдарының қатарына сізді де қосқым келеді. Техникада сіздің атыңыздан ұсынылған елу шақты жаңа әдістер, бұрын байқалмаған бір заңдылық, бес ғылыми монография, екі жүздей ғылыми мақалалар, тағысын-тағылар... Әрине, бұлар жалғыз сіздің ғана еңбек емес, коллективтің еңбегі-ақ шығар, бірақ негізінен сіздің жетекшілігіңіз арқылы істелген істер ғой.

**Е.БУКЕТОВ:** Қанша коллективтік табыс дегенмен, негізгі ойды көбіне жалғыз адам айтатыны рас.

**О.БӨКЕЕВ:** Дегенмен, ғылыми ұлы жаңалықтарды көпшіліктің, яғни коллективтің жеңісі деп дәлелдегенмен, мұның өзі мануфактуралық - бірі қонышын қондырып, екіншісі- ұлтанын, үшіншісі- өкшесін салып жатар етікшілік кәсіптен өзгешелігі жер мен көктей-ау. Ғылыми жұмыстың творчестволық сипатын ескерсек, осы коллективтік ізденістің өзі - жеке даралық қуатын мұқалта ма деп сезіктенемін. Ал, әдебиетте, тіпті де олай емес, шамаша туындының қайсы бірі де суреткердің оңаша ойы арқылы дүниеге келеді.

Бұрын жаңа идеялар өнер мен әдебиетте туындап, өмірлік сипатқа айналған, демек, суреткердің интуициясы, алғырлығы мен болжағыштығы ғылымның алдына түсе берген. Мұны кезінде Н.А.Добролюбовтың өзі таңдана айтқан: “В литературе, впрочем, явилось до сих пор несколько деятелей, которые стояли так высоко, что их не превзойдут ни практические деятели, ни люди чистой науки!”. Маркс Маргарита Гаркнессоға жазған хатында Бальзактың “Адамзат комедиясы” атты романын оқығанда Франция тарихын бүкіл ғалым атаулының бөрінен, тіпті, Францияның өлеуметтік экономикасын бақайшығына дейін шағатын өзінен де анағұрлым артық білетініне көзі жеткенін қайран қала жазған екен. Ал, И.Эренбург өзінің 1921 жылы жазған “Холио Хуранито” деген романында Америка

Құрама Штаты атом бомбасын Жапонияға тастайтынын кейіпкердің аузына салған. Мұндай, суреткерлердің ғажап көрегендігін танытар фактілердің шын көп екендігін өзіңіз де білесіз. Демек, жазушының интуициясы ғылымның жүз жылда жетпегеніне жалғыз-ақ ырғып жетер ерекше болмыс секілді. Мұндағы айтарым, осыншалық зор табиғи қуаты бар қаламгерлердің шығармаларында қазіргі заманғы жойқын ғылымның нағыз бітімі елес бермеу себебін іздеу еді. Сондықтан да, Ебеке, бүгін сіздің мазаңызды алып отырмын. Расында, маған қазір өзіңіздің ғалымдық болмысыңыз, ішкі сырыңыз да керек.

**Е.БУКЕТОВ:** Шынын айтсам, Оралхан, ғылыми еңбектің жетегінде қартайсам да, ғылымдағы қызметтің осындай ерекшеліктері бар екенін кейде ескере бермейміз. Мольердің кейіпкері прозамен сөйлесетінін қырыққа келгенде бір-ақ білген екен. Дантелік жасымның өтіп кеткенінің өзіне де біраз уақыт болып қалды. Сондықтан мен қазіргі кезде, күндіз дем алмай, түнде ұйықтамай, дамылсыз ойлаумен, дамылсыз тынышсыздануменен, дамылсыз қызмет істеуменен тапқан жетістіктерім есіме түскенде, сол кезеңдерді бақытты күндер деп есептеймін. Сол бақытты жылдар мен күндер қандай тамаша қуаныштар мен ләзаттар әкелуші еді. Ондай күндер қазір жоқ. Бірақ, осы күнгі жағдайды ойлай келе, сол күндерге мен енді қайтып барғым да келмейді. Жобасы, мұның өзі зейінге жүк артудағы физиологиялық мүмкіншіліктердің жылдан-жылға азая бастағанына да байланысты шығар. Оқырман қауымға, хас жазушыға тән шеберлікпен заманымыздың ғылымында қызмет ететін тартымды кейіпкерін ұсыну - қазақ әдебиетінің де міндеті екені рас. Өйткені, біздің заманда ғылым қоғамымыздың негізгі өндіргіш күшіне айналды, сондықтан ғылымда қызмет істейтін адамдар заманымыздың басты кейіпкерлерінің бірі ғой. Бұл мақсатқа жетудің әртүрлі жолдары болар. Бірақ, сол жолдардың бәрі де табиғи дарын мен білімге байланысты ғой және де алға қойған мақсаттың аяғына жетуді арман етпесе, қызмет істеп те керегі жоқ шығар. Мен сені дұрыс түсінген болармын. Сен бірде творчестволық қызметтегі халықтық ерекшеліктерді ескерткен едің. Бұл ерекшелікті тұрмысымыз бен салтымыздағы кейбір тарихи дағдылар мен дәстүрлер деп түсіну аз болар. Менің ұғымымша, жазушылардың халқымыздың тамаша ғылыми тағдырына көңіл аудару бастауы құптарлық.

**О.БӨКБЕБ:** Біздің ғылымымыздың тарихы кеше ғана басталды, сол тарихтың алдыңғы шебінде атақты академик – геолог пен әйгілі жазушы ғалым тұрды, осы екі ғұламаның соңына бір кезде азғана топ ерді. Тіршіліктің біздің халқымызға тән қаракеттеріне ешбір ұқсастығы жоқ, осы бір жаңа саласына өз еңбегімен жол ашып беру үшін осы екі ардақты адам өз қайраты мен күшін есепсіз жұмсап, соның салдарынан екеуі де дүниеден мезгілсіз кетті. Ал, осы екі адамның қызмет кезеңінен ертеректі қарасақ кімді айтар едік? Айтарымыз жоққа жақын. Шоқан Уәлиханов па, ол қараңғы халықтың бұлтсыз аспанында аққан жарық жұлдыз емес пе еді? Шоқан өз қызметімен, бір жағынан, біздің халқымыздың талаптылығын көрсетсе, екінші жағынан, біздің ата-бабамыздың бойындағы ұлы талантты дәлелдеп кеткен жоқ па? Осы ғажап таланттылардың көзі ерте ашылса, халықтық ғылымымыз Ломоносовтан, тіпті одан бергі Менделеевтен басталмас па еді? Бірақ, зұлым күштер бізді Ломоносов пен Менделеев сияқты кемеңгерлердің ілтифатынан ажыратып тастап отырды ғой. Ғылымға, білімге таңдайы кебе тамсана, шөлікпей сусаған туған халқымыздың ұлдары мен қыздары өнер мен ғылымға қолы жете сала, әлемдегі барлық жақсылық атаулыға саусағын жая ұмтылды. Ардагер ағаларымыздың бүгінгі менің замандастарымнан, ағымнан жарылсам, мықты бір артықшылығы да бар еді. Олар - тек жалғыз ғылымның соңына шырақ алып түспей, қазақтың толайым мәдениетін жасауға ат салысқан ерекше эрудиттік биікке көтеріле білді.

**Е.Букетов:** Аз уақытта халқымыз бірден жер жүзілік ғылымның арнасына түсіп, өзіміздің дарындылығымыз бен таланттылығымызды, өзіміздің тез ержеткен жетістіктерімізді көрсете бастадық қой. Бірақ, осы шұғыл болған өзгерістер, әрине, бөріміздің де психологиямызда, айналамыздағы дүниелік көзқарасымызда, дәстүрімізде, дағдымызда атам-заманнан орын алған кейбір ерекшеліктерге қайшы келіп, қиыншылыққа соққызбай өткен жоқ. Бұған мысал ретінде Октябрь революциясы туғызған жағдайдың нәтижесінде, ой мен зейін қызметінің нәрін татып, бір сусындап алған кездегі жас жігітті алайық та, және де мұндай зейінге байланысты қызметтің өзгешелігінен, одан алатын жемістің пайдасынан ешбір хабары жоқ, оның айналасындағы жақындарын, туыстарын алайықшы. Міне, осы

жағдайда сол жігіт өз тағдырын қалай шешпекші. Өзінің сүйікті әрекетіне қалай кіріспекші? Айналасындағы қарама-қарсы кедергілерді қалай жеңбекші. Оның үстіне ғылым салаларын өрбітуге арналған жердің өзінде бұрын түк болмағанын, бос екенін ескеру керек қой. Міне, осы жағдайда біздің халқымыздың ескіден келе жатқан табандылығы, ата тегінен бойына дарыған жақсыға, жаңаға, ақиқатқа деген ұмтылысы сол бір ардагер ұлдарының әрекеті арқылы білінуге тиісті болды. Жобасы, сен маған осы жайды ескертіп отырсың-ау, - деп ойлаймын.

Бірақ, ғылым адамы туралы сүбелі шығарма жазатын адамға, тек тарихи дамуымызды біліп қою аздық етер еді. Ол үшін аса көп ойланып, ғылымда жүрген адамдармен жақын сырлас болуын ескертер едім. Ал, қазіргі заман, бүгінгі ұрпақ туралы шығарманың саны, сапасы менен гөрі өзіңе аянырақ.

**О.БӨКЕЕВ:** Ендігі өңгіменің арнасын, расында, осы қазақ жазушыларының бүгінгі күн тақырыбын игеру талпыныстарына бұрсақ деп едім. Мен кейде оңаша отырып ойлаймын: шығарманы тақырыпқа емес, тақырыпты шығармаға бағындырсақ, тіпті нағыз көркем туындыны тақырып-тақырыпқа бөліп, сұрыптай, “жынысын” анықтай жіліктеудің қажеті бар ма?

**Е.БУКЕТОВ:** Сөзің аузыңда, - бар. Өйткені тақырыпсыз шығарма, аты-жөні жоқ адам секілді. Сенің түпкі ойыңды түсініп отырмын, дегенмен бізге, біздің қоғамға ең әуелі өмір салтын бейнелейтін идеясы, тақырыбы айқын көркем туындылар керек. Яғни, нағыз идеал керек.

**О.БӨКЕЕВ:** Біздің қоғамның идеалы дегеніміз - сегіз қырлы, бір сырлы, гармониялық дамудағы тұлға. Асылы, бізге тек саналы түрде тиянақты еңбек етіп жүрген адам ғана емес, өзгенің бақыты үшін де күресе алатын мазасыз адам керек-ау. Мұқаң мен Сәбең тек талантты жазушы ғана емес, үлкен ғалым өрі қоғам қайраткері еді.

**Е.БУКЕТОВ:** Міне, мұныға қосылуға болар. Ондай жан-жақты жетілген тамаша тұлғалар бізде болмады деп айта алмас едік. Айталық, атақты ғалымымыз Қаныш Сәтбаев ғұлама ғана емес, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, адамдарды елітіп алар қарым-қатынасы - өзгелер үйренетін өзге бір мектеп еді-ау.

**О.БӨКЕЕВ:** Біз көп ретте, ұлы жазушылар: Пушкин, Лермонтов, Тургенов, Грибоедов классик болмас бұрын өз заманы, яғни өз замандастары туралы жазылған шығарманың авторы

болғанын ұмыта береміз. Айталық, Онегин, Печорин, Базаров, Чацкийлер соның айқын айғағы емес пе? Мен мұны пысықтап отырғаным, бүгінгі күн тақырыбына жазылған роман-повестерімізде, осындай өз дәуірінің типтік бейнесіне айналған сом тұлғалардың сомдалмауы.

Е.БУКЕТОВ: Барды қанағат тұтпау - жақсы қасиет, бірақ ауызды қу шөпшен сүрту, барды бағаламау да әдебиетті өшірмесе, өсіре алмайды. Қазіргі заман тақырыбына жазылған қазақ қаламгерлерінің төп-тәуір шығармаларын оқып жүрмін.

О.БӨКЕЕВ: Әуел бастағы өңгімемізге оралсақ, Сіздің назарыңызды мына бір жағдайға аударғым келеді. Ғылымның бір орында тұрмайтыны секілді, сол ұлы ғылымға иелік жасап отырған ғалымдар да жан-жақты даму, рухани өсу үстінде ғой. Мәселен, қазіргі қазақ әдебиетіміздегі, тиіп-қашып болса да осы ғалымдар өмірінен жазылған шығармалардың денінде ортақ кемшілік әлі де болса ғылыми өмірден хабарының аздығы, тіпті тақырыпты игерудегі сауатсыздығы дер едім. Әлімсақтан бері айтылып, жазылып жауыр болған: екі ғалымның егесі, бақталастығы, бірінің ашқан жаңалығын бірінің ұрлап алуы, немесе бірінің әйелін екіншісі тартып алуы, аңқаулау профессор, жылпос аспирант - міне, осы іспетті от басы, ошақ қасының өңгімелері... Әрине, ғалым өміріне тұрмыстық, моральдық сипаттар жат емес те шығар. Бірақ бізге керегі, әлеуметтік жүгі үлкен, философиялық астары мол масштабты шығарма ғой. Ғылыми-техникалық революцияның өмірімізге ғана емес, өзімізге әсері -әдебиетімізде әлі де болса әлсіз бейнеленіп келеді. Сондықтан да болар, бұл тақырыптағы шығармалар (соңғы кезде ғалымдар хақында жазылған драматургия көбірек) орыстың мөтелінде айтылғандай: “Светит, да не греет”.

Е.БУКЕТОВ: Мен сенің бұл пікіріңе толық қосылмаймын. Толық қосылмайтын себебім: қазіргі ғылымның дамуына әдебиеттің қалмай ілесіп отыруы, тіпті де мүмкін емес. Ал, сенің жоғарыда айтқан “суреткердің интуициялық қабілеті” кез-келгеннің басына қона берер байлаулы бақ емес. Тіпті ондай ғылымнан озған ұлы данышпандық ой, ғылымның бала кезінде дүниеге көбірек келген. Ендеше “жаңа идеялар бұрын әдебиет пен өнерде туындаған” - деген жоғарыдағы сөзінді еске ала отырып, қазір ең әуелі ғылым мен техникада пайда болады дегім келеді. Сан-салалы тармақталып, тамырланып кеткен ғылымның бөрі-

бөрін біліп, оқып-үйренуге біріншіден шама, екіншіден уақыт жетпейді.

О.БӨКЕЕВ: ...еріншектік деген пәле және бар...

Е.БУКЕТОВ: Иә, ол да бар. Мен ойлаймын, әдебиет ғылымнан озып кетпей-ақ, не болмаса қатарласа жарасып, үзеңгі қағыстырмай-ақ қойсын...

О.БӨКЕЕВ: Бірақ, тым артта қалып қоймасын дейсіз ғой.

Е.БУКЕТОВ: Әлбетте. Әр бесжылдықта ұлы шығарма тудырмасақ та, өз заманымыздың шынайы бейнесін жасауға талпына, әрекеттене бергенге не жетсін.

О.БӨКЕЕВ: Жақсы, ол ойыңызға да келістік. Дегенмен, қазіргі ғылымның динамикалық дамуына әдебиеттің ілесу мүмкіндігін қалай да жоққа шығарғым келмейді. Ғылыми-фантастикалық шығарманың қазіргі қабілеті, дүние жүзіндегі аяқ алысы - осы пікірді қуаттағандай.

Е.БУКЕТОВ: Өкінішке қарай, бізде, қазақ әдебиетінде кенжелеу қалып отыр. Бір кезде Шоқан Әлімбаев деген жас жігіттің әжептәуір дүниесін оқып, қуанып едім.

О.БӨКЕЕВ: Ол қазір осы тақырыпта көлемді роман бітірді.

Е.Букетов: Оқу керек екен.

О.БӨКЕЕВ: Ойым шашырандылау шығып, Сізді шаршатып алдым ба, енді сөз соңында бір сұрақ бергім келіп отыр. Жазушылар ғылыми тақырыпта жазған көркем шығармасында, әсіресе, нені баса ескерсе деп тілер едіңіз.

Е.БУКЕТОВ: Қазір жаға жыртысып жатар жабайы тартыс, қызыл кеңірдек, қызыл сөз айтыстың заманы емес. Қазір психологиялық күрес майданы, яғни ғылым да, ғылымның иесі адам да анағұрлым күрделіленіп, қиындап бара жатқан уақытта өмір сүрудеміз. Ендеше бастағы - мидағы екі ұдай талас, тартыс, ғылым адамының ішкі сарайындағы шым-шытырық ойлар көркем туындыда сәулеленсе ғана бүгінгі ғылыми-техникалық революция заманына лайық образдарды жасай аламыз. Әрине, ол үшін ең әуелі қабілет, содан соң талмайтын ізденіс және творчестволық климат керек.

О.БӨКЕЕВ: Бұл тақырыбыңыз бен тілегіңіз қандай тақырыпта жазылған шығармаға да ауадай қажет дүние-ау.

## ПУШКИН МЕН МАЯКОВСКИЙ

Маяковский қалжың-күлкілі сөзге шебер еді ғой. Ол саралы ойдан туған мағыналы пікірдің өзін қалжың етіп айтатын еді, бірақ осылай айтылған пікірдің шынайы сыры мен толғаулы тереңдігі ешбір кемімейтін-ді. Ол-ол ма, езу тартқызып, күлдіре кірген пікір мен ой адамның жүрегіне жылы тиіп, жадында ұмтылмастай орын алатынын, тек Маяковскийді оқығанда ғана түсінуге болады. Маяковскийдің Пушкинге: “Өлген соңғы арамыз тіпті жақын - Пә мен Эм әріптерден аттарымыз” дегені бар.

Әрбір тарихи қайраткер халықтар өміріндегі өз орнын сезіне біліп, сол сезімнен рухтанғаны, әрине, ақиқат. Сондықтан Маяковскийді орыс поэзиясындағы өз орнын, Пушкинмен теңестіре сезінуінде ешбір таңданарлық жағдай жоқ сияқты. Мысалы, Пушкиннің өзі: «Бар болса жалғыз ақын ай астында, ардақтап қасиеттер мені әр күнде» - деп айта білген. Лермонтов өзінің өзгелік сипатын былай сезіндірген: «Мен Байрон емеспін, мен басқамын». Маяковский де өзін орыс халқының ең ардақты ұлдарының бірінің жанына қойып, орыс поэзиясындағы өз орнын қымсынбай мегзеген; демек, осындай асқақ тұжырымның өзіне қалжың қоспаса, ол тұжырым Маяковскийше естілмес еді ғой, сондықтан ақын “Пә мен Эм әріптерден аттарымыз” - деп шынайы пікіріне көңілге қонымды өзіл қосқан. Шынында да, орыс поэзиясы жердүниелік рухани байлыққа аса бір мол үлес қосқан және бұл поэзияны құрған ардагерлердің ішінде ұлы халықтың атына сай көптеген ұлы есімдер бар. Бірақ, солардың ішінде Пушкин мен Маяковскийдің есімдері жеке дара. Өйткені, қазіргі орыс поэзиясы негізінен Пушкиннен басталған болса, Маяковский бірінші болып ақын тілімен Октябрь революциясы жасаған дәуірмен үндес болса, сол дәуір қойған мақсатқа бола сөйлей білді.

Маяковскийдің тұсында, тіпті кейінгі уақытқа дейін, Пушкинді Маяковскийге қарсы қоя сөйлеу әдетте болатын. Бұлай сөйлеуді қолдайтын дәлелдің өзі жеңіл де сияқты еді. Өйткені Пушкиннің өлеңдері толған “Төтті үндер сыбырлайтын сиқыры мол еріндер”, “Асқақ шабыт, төтті үн, дұғалы әуен”, “Қасиетті құрбандыққа бастамаса Апполоны” - сияқты үлбіреген әуен

мен нәзік сөздерге толы, ал Маяковскийдің өлеңдері: “Жердің жүзін жаңғыртып, зор дауыспен”, “Көксаудың қақырығын жалар ақын”, “Революция шақырып, сапқа тұрған ассенизатор, су тасушы” - сияқты әдеттенбеген құлаққа тұрпайылау естілегін сөзге толы. Әрине, мұндай салыстыру тегінде шын ақын Пушкин ғана, ал Маяковскийдің шығармаларында ақындық түнеп те көрген жоқ деген “тұспалды” дәлелдеу үшін келтірілген. Жобасы, біз Маяковскийдің аты мен атағы айналасында болып келген шытырманьы көп тартысты (мұндай тартыс Пушкиннің аты мен атағының айналасында да болғанын білеміз) тым-ақ байырғылап отырған да болармыз, бірақ Маяковскийдің поэзиясының мәнін төмендетуге арналған мұндай дәлелдер мен тұспалдар, бір жағынан, алдын ала осыны мақсат еткен адамдардан туған болса, екінші жағынан, ұғымы төмен, артта қалған, сондықтан өрнеге сенгіш оқушыға арналған еді. Қазіргі уақытта біз рухани жоғары өрбіген қоғамда, поэзия мен көркем сөз көптің, қалың бұқараның жан азығы болған қоғамда өмір сүреміз.

“Пушкин - деген жарқын есім бала шағымыздан біздің жадымызда сақтаулы. Осы бір есім, осы бір өуен біздің өміріміздің көптеген күндерінде бойымызды сергітулі” — деп жазды Александр Блок. Ақын Марина Цветаева өзінің “Менің Пушкинім” деген әдемі психологиялық талдауларға толы очеркінде, өзін төрт жасынан өмір бойына Пушкин билеп алғанын айтады. Міне, сол Пушкинмен қатар біздің көңіл күйіміз бен жүрегімізді Маяковский билеп алған.

Әрбір ұлы көркемсуретші дәуірден дәуірге ескірмей, тозбай, адамның жүрегіне жылы тиіп, бойын алып отырады да, оқушының құлқы мен санасының тазаруына дамылсыз ықпал жасайды, оның рухани тәлім-тәрбиесіне белсене қатысады. Осының өзінде бір ерекше сыр бар сияқты. “Пушкин өлеңінің құпия сыры сөздерді белгілі бір ырғақпен тізбектеп, жаңғырық ұйқаспен көмкере білу шеберлігінде жатқан жоқ, тек поэзияның өз мәнінде жатыр” - деп жазды Белинский. Александр Блок ұлы көркем суреткерлер шығармаларының осы бір бойды билеп, жаңды алатын әсерлі күшін жазушының әлемдік оркестрден халықтың жан дүниесіне тән ырғақты аулап, сол оркестрдің керекті пернесін баса білуінде деп түсінген. Сол бір ырғақты, адамның жан дүниесіне керекті сол бір пернені ретімен баса білу

үшін, әрине, асқақ дарындылыққа байланысты нәзік сезімталдық пен ерекше сергектік керек. Пушкиннің мына бір өлеңі сырт болмыстың әрбір құбылысын шын ақынның жаны сезінбей тұра алмайтындығын, әрбір құбылысқа жауап бермей өте алмайтындығын дәлелдей ме деп ойлаймыз:

Қараңғы түн ұйқылы...  
Мен ғана ояу төсекте.  
Сағаттың сыңғыр тықылы  
Уақытты түр есептеп.  
Жапырақтың сыпсыл күбірі,  
Ұйқылы түннің қыбыры,  
Тышқаншы тірлік таласы...  
Тынышымды неге аласың?  
Осы бір сыбыр, базына  
Күнімнің үзген қарасын  
Реніші ме назы ма?  
Қол бұлғаған жұмбақсың,  
Не тілеп, не алмақсың?  
Арманым - ұғу қырыңды,  
Арманым - ашу сырыңды.

Жобасы, осы бір дамылсыз тынышсыздық, осы бір кеше ғана өткен күннің “реніші мен назына”, “сыбыры мен қыбырына” аса бір сергектік білдіру, тек Пушкин мен Маяковский сияқты тумысынан ерекше адамдарға тән сияқты. Тәрізі, Маяковскийдің мына бір шумағы осы ойымызға куә болар.

Жүрек орны белгілі барлық жанда,  
Ол кеудеде екенін кім білмейді.  
Мен дегенде табиғат ауысқан ба,  
Тұла бойым жүрек боп гуілдейді.

Адамның “тұла бойы жүрек болу” деген не? Шамасы мұндай адам өтіп жатқан өмірдің әрбір үлкенді-кішілі оқиғасына бірде күйіне, бірде жұбана, бірде қуана, бірақ қашанда жедел, белсенді жауап береді деп түсінуге болмай ма? Және де жай байырғы, жадағай жауап емес. Бұл жауаптың өзінде бір ерекшелік болуға тиісті. Бұл жауап өмір мен болмыстың сол бір сәнсыз оқиғаларының “қырын ұғып, сырын ашып” өзгелер жетпеген құпиясына жетуге ұмтылған дарын мен дананың талғамды толғануы мен терең ойлануына байланысты. Және де осы бір толғану мен ойланудың өзі көргенді, сезінгенді, байқаған-

ды салыстырып, талқылап, логика жүйесіне салып, ғылыми тұрғыдан қорытып қана қою болып табылмайды. Өйткені оның үстіне үлкен көркемсуретші сырт болмыстың әрбір құбылысын тебірене саралап, сол құбылыстарды, тек көркемдік сезімнің өз заңдылығына тән тәртіппен жүйелеп барып, әрбір дәуірдің, әрбір кезеңнің ерекшелігін дәл сипаттайтын көркем бейнелер мен зерделі суреттер жасайды да, сол бір дәуірлер мен кезеңдерді адамның алдына жақын, түсінікті, тартымды етіп келтіре біледі.

Міне, осындай тұрғыдан қарағанда, “Евгений Онегин” мен “Жақсы” сияқты шығармалардың пайда болу тегінің сыры алуан, астары қалың екенін, Белинский Пушкиннің романын “Орыс өмірінің энциклопедиясы” деп, ал Луначарский Маяковскийдің поэмасын “Бұл қоладан құйылған Октябрь революциясы” деп бағалауында ерекше терең мағына жатқанын түсінуге болады.

Пушкин мен Маяковскийді біріне-бірін қарсы қоя салыстырудың өзінде ешбір көңіл қоярлық мен жоқ сияқты, болуға да тиісті емес, өйткені Маяковскийдің өмірі мен іс-әрекеті Пушкин дәуірінен басқа дәуірде, басқа жағдайда өтті. Ол өз поэзиясының алдында мүлдем басқа мақсаттарды қойды. Бұл мақсаттар пролетариат революциясының дәуірінен, ақынның өз сөзімен айтса “Полтавадан зорырақ ұрыс-тартыстары” өтіп жатқан, адамды “Онегин махаббатынан” ірірек махаббат билеген дәуірден туған мақсаттар еді. Сондықтан Пушкинді Маяковскийге қарсы қоюдың өзін, тек Маяковскийді оның поэзияда алған биік орнынан алып тастауды көкसेген әрекет деп тануға болады, өйткені мұндай әрекет тарихта Пушкин жөнінде де қолданғанын біз жақсы білеміз. Бірақ орыс поэзиясы біртұтас үлкенді-кішілі қайраткерлердің өзара жалғасуы мен мұрагерлігінде жатыр. Осыған байланысты Маяковский, өз тұсында Пушкин сияқты, орыс поэзиясының өзінен бұрынғы жетістіктерін асқан даналықпен саралап, қорыта білді, осы арқылы өз шығармаларында қайталанбас көркемдік пен орасан ақындық сергектік, сезімталдыққа жетті, осының өзі оған “дабылды ақындық бар күшімен шабуылға шыққан тапқа” белсенді көмек етуіне мүмкіндік берді деп тұжырым айтар едік. Осы тұрғыдан қарағанда, Маяковский сөзсіз Пушкиннің мұрагері, оның поэзиядағы мәңгілік жалғастырушысы дер едік. Әдебиеттегі то-

ғышарлар кейде Маяковскийді Пушкинге “ұқсамайды” деп кіно қояды. Пушкин де өзінен бұрынғы бірде-бір ақынға ұқсамайды. Осы екі ақынның ешкімге ұқсамауының тегі бір, өйткені шын дарын, әсіресе, дана дарын қашанда тек өзіне ғана тән жолмен, жүйемен дамитыны мәлім.

Пушкиннің өмірі ауыр трагедиялы өмір еді. Өйткені, ол өз тұсында “ұйқыдан оянған Россияны” көре алмай кетті. Маяковский сияқты өз күшін, қайратын, шабытын шын көңілмен ж. мсап “шабуылға шыққан тапқа” қосыла алмай кетті. Пушкин өзі өмірінде ауыр қайғыға ұшырады - оның достары - декабристер азаттықты көксеп, патшаға қарсы шыққаны үшін ауыр жазаға кесілді. Ақынның ең кемеліне келген шағы Бірінші Николайдың саңылаусыз қапырақ кезеңінде өтті. Пушкин болашағына зор сенген адам болған, соның өзінде де ақын өзінің жайсыз жағдайын қайғы етіп, кейде тіпті өз қара басы, өз тірлігіне қауіптенген:

*Қара бұлттар сызданып  
Төбемнен тағы төніп тұр.  
Кекшіл тағдыр ызгарын  
Сұстана тағы төгіп тұр.*

Ақынның творчествосындағы кейбір қайшылықтар (бұл қайшылықтардың өзі көбіне жасанды екені кейінгі уақытта анықталды) осы жағдайдан туғаны мәлім. Ақынның осындай сөтсіз тебіреністерден туған кейбір жолдары мен шумақтарын пайдаланып, кейбіреулер Пушкинді тек санаулы мен қалаулылар үшін ғана жырлайтын адам етіп, таза көркемөнердің уағызшысы етіп көрсетпекші болды ғой. Ал шынына келсек, Пушкин бар шабытын, бар дарынын қалың бұқараның мүддесіне жұмсаған, көптің жүрегін әсерлі сөзбен қозғаған ақын екенін өбден білеміз. Демек, таза көркемөнерді жақтаушылар Маяковскийдің өзін де жас кезінде өз мақсаты мен мүддесіне орайлап баққан. Маяковский революциядан бұрынғы жас шағында футуризм деп аталатын ағымның өкілі ретінде көзге түскені белгілі. Кейінгі кездегі зерттеу бойынша, футуристердің көпшілігі тек “сөз туғызу”, орыс тілі мен сөздерін жөнсіз қинап, мағына мен маңыздан тыс оспаққа көшүмен айналысқан; ал қоғамдық мүдделерге келгенде - тек шамсыз айқай, дерексіз шу шығарумен ғана болған. Әрине, мұндай жағдайда футуристер болашақ дана Маяковскийдің алып қуатын футуризмге бе-

дел әперу үшін пайдаланбақ болған. Мұның өзі Пушкиннің атын “көркемөнер көркемөнер үшін” деген бағытты дәріптеу үшін пайдаланғанға әбден ұқсайды. Демек, Горький “Игорь Северянин, Маяковский, Бурлюк, В.Каменский бар, ал орыс футуризмi жоқ” - деп әбден орынды жазды, революциядан бұрын.

Ұлы жазушы осы сөзiнде Маяковскийге әдейi тоқтап, оның дарындылығын атап өткен. Луначарский футуристердiң арасынан Маяковскийдi бөлiп атаған, ал оның досы Асеевке былай деп жазған: “Сiздiң кiшкентай фаланга, сөзсiз болашақ революциялық көркемсөз армиясына қосылады, өйткенi сiздердiң iзденiстерiңiздiң көбi жемiстi болып шықты ғой”. Мұндай тұжырымға келу үшiн деректiң өзі де жеткiлiктi едi. Маяковский революциядан бұрынғы жылдары көптеген лирикалық, сатиралық өлеңдер жазды, сонымен қатар “Шалбарлы бұлт”, “Сыбызғы омыртқа”, “Соғыс және Дүние”, “Адам” сияқты поэмалар шығарды. Осы шығармалардың әрбiрiнде даналық таңба бар. “Мен өзiм” - деген қысқа өмiрбаянында Маяковский былай деп жазды: “М.Горькийге, “Бұлттың” үзiндiлерiн оқып бердiм. Тебiренген Горький жеңсiзiмдi көз жасына бұлады”. Содан кейiн ұлы жазушының осы бiр тебiренiсiн жазуы ақынның өз аузында мақтаныш ретiнде естiлетiнiнен ұялғандай, өзiнiң белгiлi қалжыңына салып, сөзiн былай деп жалғастырады: “Мен көкiрегiмдi көтерiп-ақ қалдым. Кейiн әрбiр ақынның жеңсiзiне жылау Горькийдiң әдетi екенiн естiдiм”. Шынына келсек, Горькийдiң бұлай тебiренуiнде ешбiр ерсiлiк жоқ едi, өйткенi Маяковскийдiң бұл поэмасы орыстың революциядан бұрынғы поэзиясының ең көрнектi жемiстерiнiң бiрi болып табылады. Маяковскийдiң революциядан бұрынғы шығармаларының бәрiнде дерлiк, бiр лирикалық бас кейiпкер бар. Маяковский ол кейiпкер ретiнде тура өзiн атайды. Осы бiр қуатты, қайратты, дарынды жас жiгiт, өзiнiң жастығына, дарындылығына, саулығына қарамастан өмiрден ешбiр қуаныш сезбейдi, күндерiн түнектегi адамдай қиналуда өткiзедi, өйткенi оның анық сезгенi айналасындағы болмыста терең ойлай, тебiрене бiлетiн дарынды адамға орын жоқ, барлық буржуазия қоғамына тән жалған мен өтiрiк не адамды өзiне қолайлап, жуасытып алып, тоқтықтан басқа ешбiр мүддесi жоқ, тоғышарға айналдырмақ та, рухани өлiмге ұшыратпақ; өйтпесе бәрiнен де айғырып, шын өлiмге ұшыратпақ. Әрине, бұл жағдайдың екеуiне

де көңгісі келмеген жас жігіт өзінің бар айбынымен қарсылық білдіреді. Сондықтан да, “Шалбарлы бұлт” поэмасының төрт бөлімі “Сендердің махаббаттарың құрысын”, “Сендердің діндерің құрысын”, “Сендердің көркемөнерің құрысын”, “Сендердің қоғамың құрысын” - төрт қарғыстан құралады” - деп сипаттады Маяковский.

Буржуазия қоғамында мұндай жас наразылар көп болды, бірақ солардың басым көпшілігі біраз шулап, айқайлап бақса да, ызасы көпке бармай, буржуазия қоғамының бір түкпірінен тоғышарлық орын теуіп, Чеховтың Ионыч атты кейіпкері сияқты, кекірік атып, басыла қалатын. Тек жаны таза, ожданы ақ, құлқы адал адамдар ғана бұған бармайтын. Маяковскийдің революциядан бұрынғы лирикасының бас кейіпкері дәл осындай адам еді, сондықтан да оның қара басындағы трагедияның ауырлығы оның әділет пен шарапатты іске ұмтылуына сай еді.

Егер Маяковскийдің революциядан бұрынғы шығармаларының осы бас кейіпкері сипатына зер сала қарасаң, кейбір тұрғыдан Пушкиннің Онегиніне ұқсастығын байқауға болады. Бірақ бұлардың арасында қандай ұқсастық болмақ? Бірі жасынан сауыққа берілген сұлу, әсем бойын күткен аристократ, екіншісі - еңгезердей денесін сары күртеге өзгертіп, сары сүтін тұлғаға айналдырған тұлға; бірі - барлық туыстарының мұрагері болып шалжақтаған есер болса, екіншісі - осы өмірге неге келдім, деп қайғырады; бірі жасынан нәпсі соңына еріп, жан жалынын осы жолда жұмсаумен болса, екіншісінің әрбір сезімі ауыр күрсініс пен терең тебіреніске айналады.

*Поезд басқан аяғын алдына ұстап,*

*Қайтыпты жаралы ит үйшігіне.*

*Қу жүректі қолға алып, жасқа бояп,*

*Қайтқаным гоі тағы да мен де, міне.*

Дегенмен, Маяковскийдің революциядан бұрынғы поэзиясының лирикалық бас кейіпкері мен Пушкиннің Онегинінің арасы өте жақын, ішкі сыры, тегі жөнінен жақын деуімізге болады.

Онегин Пушкин шығармаларының кейіпкерлерінің ішіндегі ақынға ең жақыны, ең сүйіктісі болған; Онегиннің образын Пушкин көп жылдар бойы мөпелеп, өсіріп, жетілдірген, Онегин, әрине, Пушкиннің өзі емес, бірақ оның “мейірімді досы”, “Онегиннің бойында ақынның өз қасиеттерінің көбі бар”

- деп жазды Белинский, өйткені ақын өзінің көңілінде туған көрікті ойларының көбін осы Онегин арқылы бейнелеп, Онегин арқылы айтып берген. Ал Маяковский болса, өзінің революциядан бұрынғы шығармаларындағы лирикалық бас кейіпкерін тура Маяковский деп атаған. Әрине, бұл кейіпкер тура Маяковскийдің өзі емес, бірақ Пушкиннің Онегині сияқты ақынның ең көрікті, ең қымбат, ең асыл ойларын бойына жинаған әдеби образ.

Енді осы екі әдеби кейіпкердің өздеріне көңіл аударалық. Бұл арада сыншы Белинскийдің Онегинге берген дәлелді, нақтылы, тамаша сипаттамасына еріп көрейік.

Пушкин Онегинді “Сіздей, мендей, бар қауымдай... момын адам” деп сипаттайды. Дегенмен, Белинский “Онегинді... осал кісі емес... - деп есептеді, - өйткені ол ненің қажет екенін, ненің қажет емес екенін жақсы біледі... Өзіне - өзі тоқ болған тоғышарлардың қарекетіне ырза бола алмайтынын біледі”.

Маяковскийдің лирикалық кейіпкерінің де өзгелерден айырмасы жоқ сияқты.

Мен туды деп көкте жұлдыз жанбапты,  
Періште мен перілердің тынышын ешкім алмапты.  
Сіздерге мен аян болған күннің  
Айырмасы басқа күннен болмапты.

Дегенмен, Маяковскийдің лирикалық кейіпкері де осал кісінің қатарына жатпайды, өйткені ол өзіне - өзі тоқ тоғышарларға тән алдындағы ырзалықтан Онегиннен де әрі алшақ, ол өмірдің қайшылықтарының зардабын Онегиннен де ауырырақ сезінеді.

Белинский Онегинді “жаны қиналған эгоист” — деп атағанды. Егер эгоист дегенімізді адамның өмірдегі өз орнын іздеуі, сол орынды табуға талаптануы деп түсінеін болсақ, Онегиннің эгоистігі - қанша талаптанса да, қанша ізденіп, қайрат-қуатын жұмсаса да, өзіне жемісті адал істі таба алмай, жігері құм болған, тіршілігі трагедияға айналған адамның эгоистігі.

Маяковскийдің лирикалық кейіпкері одан әрі “жаны қиналған эгоистердің” қатарына жатады.

Барамын өз бойыма өзім симай,  
Өз денем өз жанымнан құтыла алмай.

Маяковскийдің лирикалық кейіпкерінің осы бір “өз бойына өзінің симауы”, өз қарабасына, қоғамға пайда әперуге жағ-

дайы бар, жемісті іс таба алмағандықтан, туған адал жанның қиналысы емес пе? Осы тұрғыдан өзінің жайсыз жағдайын Маяковскийдің кейіпкері Онегиннен анағұрлым ауыр, анағұрлым терең, анағұрлым тітірене сезінеді. Әрине, бұл айырмашылық осы екі кейіпкердің өмір сүрген дәуірлерінің айырмашылығына, екі ұлы ақынның темпераменттерінің айырмашылығына байланысты болуға тиісті.

Өз тіршілігінің баянсыз, жеміссіз бос өтіп бара жатқанын қинала сезінген Онегин кей жағдайда:

Жүрегіме оқ тиіп неге өлмедім? -деп ауыр күрсінгенін білеміз.

Маяковскийдің лирикалық кейіпкері де осы тұжырымға келеді.

Қайта-қайта ойлаймын

Жалғыз оқ тірлігіме қой деп нүкте.

Белинский Онегин мен Татьянаның бейнелерін, олардың өзара сезімдерін талдай отырып, “зұлымдық-сұмдық адам бойына төн емес, қоғамның туындысы” - деп тұжырған еді. Әбден дұрыс айтқан. Біз Пушкиннің Татьянасын жанымызбен жақсы көріп, оның адал жүрегі мен ізгі сезімін қуана дәріптейміз; оның көрі жұбайына адалдығына тебіренеміз:

“Бірақ тидім басқа жанға

Айнымаймын еш заманда” (*Аударған І. Жансүгіров*)

Ал шынын айтса, Пушкин Татьянаның аузына осы бір қанатты сөздерді салып, жас келіншектің шалға деген адалдығын көрікті еткісі келсе де, осы жайттың өзі, сол кездегі қоғам мен болмыс, Онегин мен Татьяна сияқты жастардың арасындағы нәзік сезім мен жалынды махаббатқа жол бермегеніне ғана куә; шынын айтса, Татьянаны қарт генерал өзінің байлығы мен беделі арқылы сатып алып отыр, Татьяна сол байлық пен беделдің рухани құлдығына байланып отыр.

Маяковскийдің лирикалық кейіпкері де “Шалбарлы бұлт” атты поэмада өзі сүйген қызға айтқан сөзінде дәл осы жағдайды баяндайтынын байқаймыз:

*Дегуші едіңіз:*

*“Джек Лондон,*

*Махаббат,*

*Ақша*

*Жастық шақ”.*

*Мен білсем сіз -  
Джоконда.  
Сізді біреу ұрламақ.  
Ұрлапты ғой...*

Белинский Пушкиннің Онегині мен Лермонтовтың Печоринінің арасы, Онега мен Печора өзендерінің арасынан алыс емес - деп жазған еді. Сол сияқты, жоғарыда айтылған деректерден Маяковскийдің революциядан бұрынғы поэзиясының лирикалық кейіпкері мен Онегиннің арасы онша алыс емес. Егер Маяковскийдің лирикалық кейіпкерінің арғы тегін, генеалогиясын іздестіретін болса, тұп-тура Онегинге алып баратынын көруімізге болады.

Ұлы Октябрь революциясына дейін Россия империясына адал, әділетшіл адамның қоғамға пайдалы қызмет істеуіне ешбір мүмкіншілік болмағанын біз жақсы білеміз. Міне, осыған байланысты, Россия болмысында өз ожданын, өз санасын, өз арын опасыз әрекет пен опасыз іске көндіре алмай, жеміссіз өткен “бөгде адамдар” көп болған. Қоғам тұрмысында әрбір құбылысқа ерекше сезімталдықпен қарайтын орыс әдебиеті, әрине, бұл адамдарды қалам ұшына алмай өте алмаған. Пушкин орыс қоғамындағы осы бір адамдар кейпін бірінші болып байқап, Онегин образы арқылы оқырмандарға ұсынды.

Осының өзі Пушкиннің асқан даналығымен байланысты еді. Онегиннен кейін, Добролюбовтың байқауы бойынша, Чацкий, Печорин, Бельтов сияқтылар пайда болды. Өткен ғасырлардың алпысыншы жылдарына жақындағанда осы бір қоғамдағы “бөгде адамдардың” кейпі екіге бөліне бастады. Бір жағынан қайраты қайнаған, үлкен іске ұмтылған Базаров пен Рахметовті көреміз, екінші жағынан “сөздің аждаһасы, істің ергежейлісі” Рудинді, одан әрі барсақ, кең төсекке кең шекпен жамылып жатып алған Обломовты көреміз.

Шаруалар революциясына, әрбір жеке адамның қайратына сенген ұлы күрескер Чернышевский Рахметов кейпі арқылы “бөгде адамдардың” бойына жігер беріп, жемісті іске жарамды еткісі келген-ді. Бірақ “бөгде адамдар” бұдан өз мақсатына жету жолында ешбір ілгерілей алмағанды, өйткені сол мақсатқа жету жолының өзі анық емес, бұлдыр еді. Халықшылдар мен олардың соңынан ергендер, яки көптеген Рахметовтер, өз жанын, өз өмірін ешбір аяусыз осы жолға құрбан ете күрессе

де, олар тек өздерінің әлі де “бөгде адамдар” екенін, өз мақсатына жетуден бөтен, алшақ жолда жүргенін ғана дәлелдейді. Сексенінші жылдар орыстың жекешіл интеллигентінің бойындағы армандарын мүлдем кесіп тастады. Осы бір кезеңді Горький - “жекешілдіктің, индивидуализмнің жантәсілімі кезеңі” - деп атады. Ұлы жазушы өзіне төн дәлшілдікпен былай деп жазды: “Жекешіл индивидуализмнің осы бір жантәсілімі процесімен қатар, капиталдың темір саусақтары пролетариатты қыспақтап, рухани біртұтас күшке айналдыра келе, үр жаңадан өз жолы бар коллектив жасауда. Осы бір коллектив күннен-күнге жігерлене түсе, тіршілікте ерікті іске жарамды күш тек өзі ғана екенін, жер-дүниенің баршалық рухани жандүниесіне тек өзі ғана төн екенін ұғына бастады”.

Демек, осы бір орыс интеллигенциясының жаппай рухани жұпынылық пен жүдеушілікке бой ұрған кезеңінің өзінде де, асқан қайраты мен жігерінің арқасында, жанында сол кездегі болмысты мүлдем өзгертуге бірден-бір дұрыс жолын тауып, дайындалып жатқан топты өлі анық сезінбесе де, жамандық пен опасыздыққа аянбай қарсылық білдіруден таңбаған адамдар да болған.

*Арымды*

*Шашпай-төкпей жеткізе алдым.*

*Ұлыған, қаңсылаған даңғазада*

*Жалғыз адам өзім-ақ, айқай салдым.*

Әрине, Маяковский мен оның лирикалық кейіпкері, шын адам дауысымен сөйлеген тек өздері ғана емес екенін анық білмеген. Маяковскийдің лирикалық кейіпкері айналасындағы болмысқа анархистік қарғыс пен лағнат айтумен ғана болмайды, жарқын болашақ табудың төте жолын таба алмаса да, ол бір дүниежүзін желпінтіп тазартатын ұлы дауылдың жақын екенін іштей сезеді, осы сезімі арқылы оның болжауы тек бір-ақ жылға дәл келмеген.

*Аш-жалаңаш көп тобыр алға үңіліп,*

*Қарауда үзілгенше көзінен нұр.*

*Революция алқасын мойнына іліп*

*Он алтыншы жыл, міне, тақалып тұр.*

Сонымен, Маяковскийдің лирикалық кейіпкері “ұлыған, қаңсылаған даңғазада”, адамгершілігі мен адам арын сақтаған сиректердің қатарына жатады, сондықтан, әрине, Октябрь ре-

волюциясы іске асуымен-ақ “Менің революциям” - деп айтуына хақы көміл бар еді.

“Онегин не болды екен? Оны жан - жалыны адамгершілікке сай, жаңа уайым-қайғы дағдарысқа ұшыратты ма екен? Әйтпесе, жігері құм болып, сол уайым-қайғысы өлімші, дәрменсіз, солғын тірлікке мәжбүр етті ме екен?” - деген сауалдар қойған еді Белинский. Белинскийден кейінгі орыс қоғамының тарихы осы екі жағдайдың да болғанын дәлелдейді. Жігері құм болғандар дәрменсіз, солғын Обломов пен обломовшыларға айналып, капитализм дамыған кезеңінде бұлар күштілердің сарқытына ырза болды, сол сарқыт үшін арын сатты. Бірақ Пушкиннің сүйікті кейіпкері өзінің “адамгершілігіне сай уайым-қайғы, дағдарыстан” қорықпады, тайынбады, сондықтан оның адал, парасатқа берік мінезі тұқым қуалай келе, Маяковскийдің революциядан бұрынғы поэзиясының бас кейіпкеріне ауысып, Октябрь революциясына дейін жетті дер едік; осы тұқым қуалаған өділетке берік мінез арқылы Маяковскийдің лирикалық кейіпкері бірден “шабуылға шыққан таптың” қатарына тұра алды, адамзатқа бақыт пен қуаныш қоғамын құру ісіне белсене кірісе алды дер едік. Пушкин Бірінші Николай мен Бенкендорфтың, Булгарин мен Тимковскийдің тұсында өмір сүрді, “Евгений Онегиннің” авторы өз тұсында үлкен шабыт пен терең ойға шомдыратын адамды көре алмады. Әрине, бұдан Пушкиннің тұсында ақынның көңілін аударып, сезімін тебіртетін адам болмапты деген ұғым тұмауға тиіс, ондай адамдар болған, бірақ олар туралы жазу түгіл, айтуға мүмкіншілік болмаған заман еді ғой. Сондықтан, Пушкиннің поэзиясы оның қаламына ілігуге тұрарлық адам іздеп, кейінге, тарихқа көз тартқан. Оның көңілі орыс халқының даңқы мен атағын шығарған екі адамға тоқтады; олар - бүкіл Ресей патшасы Бірінші Петр және орыс шаруаларының, езілгендерінің патшасы - Емельян Пугачев. Міне, осының арқасында қазір біз Бірінші Петрді еске алсақ, тек ақынның тамаша поэмасы “Полтавадағы” Петрдің кейпі алдымызға келеді де, Пугачевті еске алсақ, сол бір “Капитан қызындағы” көзінен ойы мен ақылы нұр шашқан, қалжыңқой, қарасақал мұжық алдымызға келеді.

Жалпы алғанда, белгілі орыс мақалындағыдай, “жанындағы жалғыз ағаштың ар жағынан орманды көре білу” адам ба-

ласының бөріне төн қасиет емес. Ал күнделікті тірліктің уақыт-түйегінен асып, бірде біреуді тектен-тек жақсы көре қалып, біреуді жазықсыздан жазықсыз ұнатпай қалудан аулақ бола алып, зымыраған өмірдің қарасы мен ағын дереу айырып отыру деген, жанындағының тек кесек, негізгі, ірі, сипатын көре білу деген, тіпті сирек кездесетін адамдарға төн қасиет болар. Керегінде ой арқылы күнделіктен алыстап, өр нәрсенің көркемдігін шалатын көзді сырттан сала білу, өзін-өзі осы жағдайда билей білу тек көркем өнердің, көркем сөздің ұлы қайраткерлеріне ғана төн қасиет. Міне, тек осы даналық қасиет арқылы Пушкин өзінің “Онегинінде” өзі араласып жүрген адамдарды, өзі қатысқан болмысты мәңгілікке мүсіндеп қалдыра білді, ал Маяковский өзінің “Жақсы” атты поэмасында Октябрь революциясын, тіпті одан кейінгі дауылды, нәсерлі оқиғаларға толы он жылдықты қоладан құйып берді. Жобасы ұлы сыншы Белинский “Евгений Онегинді” талдап, оның орыс өмірінің энциклопедиясы екендігін нақтылы дәлелдеген әдісін қолданып талдайтын болсақ, Маяковский өзінің “Жақсы” деген поэмасында өзі қатысқан, оқиғалар мен өз заманының рухани негізін қалай білгенін, бұл шығарма Пушкиннің “Евгений Онегині” сияқты бірден бір халық шығармасы” екенін көрсетер едік. Демек, бұл шығарма қазіргі кезде көпшілікке өзінен - өзі әйгілі, сондықтан мұндай талқылап, талдауды керек етпейтін де болар.

Біз Пушкин өз романын аяқтамай тастағанын білеміз. “Романның аяқталмауының мәні неде? - деп жазды Белинский, - Біз кейбір романдардағы өзекті ойдың өзі сол аяқталмауға себеп бола ма деп топшылаймыз, өйткені біздің болмысымыздың өзінде шешімі жоқ оқиғалар, мақсатсыз тіршіліктер орын алып жатады ғой... Бұның өзі олардың өз бойына байланысты емес; осының өзінде қашанда айналасындағы ауа сияқты бірге болатын, маңайынан кетпейтін айналасындағы болмысқа байланысты фатум бар”. Пушкин өмірді, тірлікті өте сүйген адам, ол өзінің Отаны мен өзінің халқына парасат пен даңқ тілеп, сондай күннің тууына әбден үміттенген адам еді, бірақ оған өзі өмір сүрген заманның қапырық ауасы ең ұлы шығармасын халқына өзі ұмтылған рухани тұрғыда аяқтап беруге мүмкіншілік бермеді. Ақын, жобасы, осы шығармасын аяқтап бітірмек болып, талай рет қолға алған, бірақ қолжазбаларына қарағанда, өзінің сүйікті кейіпкерлерін лағнат болмыстың құшағынан шығара алмаған да, сол бойымен қалдыра берген.

Пушкин өзінің романын аяқсыз қалдырған. Маяковский өзінің поэмасын қуаныш пен мақтанышқа толы асқан шабытттан туған шумақтармен аяқтады.

*Қарттық жоқ бізге*

*Жетеміз жүзге...*

*Жылма-жыл үдер*

*Бізде қайрат-жігер.*

*Жасарды ел мен жер.*

Осы екі шығарманың аяқталуының өзінде екі ұлы ақынның өмір сүрген замандарының айырмасын белгілейтін тамаша мағына жатқан жоқ па.

Пушкин поэзия тарихында бірінші болып, шын ақын үшін төмен, жұпыны тақырып жоқ екенін, шын ақындық, әдебиеттегі кейбір эстеттердің топшылауларындағыдай, ернін шүйірген нәуетек бикеш емес екенін көрсетті. Маяковский одан әрі барды - ол Октябрь революциясынан кейін бірінші болып өлең мен жырды көшеге, алаңға, қалың көпшілік арасына шығарушылардың басшысы болды. Өйткені, ол осының өзін революциядан бұрын арман еткен-ді.

*Бұлбұл мен махаббаттың қойыртпағын*

*Былғап жүрсе, ұйқасын қиқылдатып,*

*Меңіреудей байлап қойған тұл мен жағын*

*Үн қатып, сөйлей алмай көше жатыр.*

Пушкин де өзінің мына көпшілікке әйгілі өлеңінде осы тіл мен жағы байланғандар жөнінде, поэзия, өлең тілінде сөйлеуге мұршасы жоқтар жөнінде айтып отырған жоқ па:

*Месқарын, шырайлы жүз, қалжақ сыншым,*

*Жырымды ажуалауға дайын тұрсың.*

*Бері кел, жаныма отыр. Мені тыңда,*

*Қанекей, шараң бар ма қайғы-мұңға?*

*Түсті неге қабағың? Өлең біреу*

*Тапсайшы, торықтырмай бір күлдірер.*

*Көр, әнекей, тізілген кепе үйлер*

*Ар жағы қыя-сайлы кең қара жер.*

*Сұрғылт бұлт төніп апты бұл маңайға...*

*Жайқалған егіс, орман, суы қайда?*

*Ана бір қисық шарбақ тұсын қара:*

*Серейіп екі ағаш тұр жеке-дара.*

*Күз жаңбыры өтінде екі-ақ ағаш,*

*Оның дағы біреуі тұр жалаңаш.  
Ананың да жапырағы дауыл соқса-ақ,  
Жанындағы шалшықтың бетін жаппақ.  
Тірі ит жоқ қораларда аңыраған.  
Әне бір мұжық келед, басы жалаң,  
Баласының табыты көтергені  
Екі қатын соңында, бар ерген.  
Поптың ана шалжағын жұмсап келед,  
Әкесі шіркеуді ашса, тез жерлемек.  
Түсті неге қабағың? Өлең бірер  
Тапсайшы, торықтырмай, бір күлдірер.*

Жоғарыдағы Маяковскийдің “бұлбұл мен махаббаттың қойыртпағын” жасауға еуестенгендердің өдетін айтсақ, сол өдет Пушкиннің осы бір өмір мен болмыстың ауырлығы мен кемшілігіне айтқанды ұнатпай, ешбір торықтырмай, тек күлдіріп қана отыратын жыр мен өлеңді талап еткен “шырайлы, қалжақ, сыншысынан” ауған өдет екенін аңғаруға болады. Пушкиннің осы бір өлеңінің (сондай-ақ басқа да көптеген өлеңдерінің) күнделікті әңгімелесіп, сөз алмасып жүрген адамдардың байырғы ырғағына құрылғанын байқасақ, бұл ырғақ кейін Маяковскийдің ақындық шығармаларының өзекті ырғағы болғанын, бұның өзі Маяковскийге Пушкиннен, мысалы, Некрасов сияқты ақындар арқылы жеткенін де аңғаруымызға болады.

Пушкиннің адамның ішкі сырының тұңғық түкпірлерін аралаған тамаша лирик екенін білеміз. Сондықтан да, тіршіліктің әртүрлі жағдайларында не бір ойға түссек, не бір торықсақ, не бір қуансақ, Пушкиннің өлеңдерінің дәл сол көңіл күйінде, сол эмоцияға сай сөздер мен ырғақтар табамыз да, әрқашан осы ақынды үр жаңадан ашқандай, үр жаңадан оқып, танығандай боламыз. Пушкин сияқты ақындардың адамның жан дүниесіне әсер ететін сиқырлы ықпалының түпкі сыры, міне, осында жатқан сияқты. Маяковский де асқан лириктердің бірі. Қазіргі уақытта ұлы ақынның творчествосын зерттеушілер оның лирикасында адамның жеке қарабасының қуаныш-жұбаныш, мұңы, жалпы қоғамның қуаныш-жұбанышымен ұштасып, біріккенін, тек біздің қоғамға төн осынау көңіл-күй өзгешелігі ерекше тебіреністі шеберлікпен сипатталғанын әдемі дәлелдеп жүр. Адамның ішкі сырын ақтарған көптеген өлең-

дері мен поэмаларында ақын совет азаматының социалистік өмірге ұмтылу жолындағы қиыншылықтары үшін, әсіресе өткен құлшылық өмірден қалған бойдағы бықсықтарды шығару қиыншылықтары үшін жан-төніменен қиналғанын байқаймыз. Сондықтан да, ақын жақсылық пен парасаттылық жолында кейде “көз жасын көл етіп, шыбын жанын пидә етуге” дайын екенін білдірді. Маяковский, сонымен қатар, адам баласының қай қоғамда болса да туып, өсіп, қартайып, ауырып-сырқап отыратынына, өмірдің әрбір шағының өз өзгешеліктеріне байланысты терең жатқан, нәзік сырлар пернесін де қозғауға шебер болған. Мүмкін, біз осы күнге дейін Маяковский лирикасының осы бір жағына айырықша көңіл бөлмей де жүрген болармыз. Маяковскийдің мына бір онша қайталанбай жүрген өлеңіне көңіл аударып көрейікші.

### ЖЫЛҚЫҒА ЖАҚСЫ КӨЗҚАРАС

Тұяғының тықылы ырғағындай тақпақ жырдың:

- *тп.*

- *теп.*

- *топ.*

- *тап.*

*Жел қаққан,*

*мұз жамылған*

*көше жылжып,*

*жануар жанбасынан*

*түсті құлап.*

*Бірінен - бірі қалмай*

*живылды кеп*

*Жүргендер Кузнецкийде көше таптап.*

- *Қарашы!*

*Ат құлады,*

*жығылды, - деп*

*бәрі де,*

*бірі қалмай, күлді ыржақтап.*

*Жанына жануардың жалғыз өзім*

*жақындадым,*

*қосылмай сол ыржаққа.*

*Қарасам:*

*Мөлтілдейді екі көзі, »*

көше айналып,  
жылжып тұр төбе жаққа.  
Білсем:  
екі көзден тамшылаған  
көз жасы ағып жатыр,  
түктен өтіп.  
Жануардын зарлығы  
ауды маған,  
аяныш  
жан-тәнімді елжіретіп:  
Жануарым,  
жинашы  
есіңді тез.  
Өзіңді  
осылардан кем көрме, өсте.  
Бәрімізде бар аздап жылқы мінез,  
Әрбір кісі өзінше сендей мәстек.  
Әлде қартқа аяныш ұнамады,  
әлде ол  
ерсі естілді  
шын ниетті.  
Әйтеуір  
жұлқынып қап  
тұрды-дағы,  
оқыранып қап,  
Ілгері жүріп кетті.  
Құйрығын былғап,  
Масайрап,  
бүйірі қызып,  
оттығына жиреннің жетті жайлы,  
Ойлады:  
Өмір тірлік неткен қызық,  
Шынын айтса,  
Әлі де құлын-таймын.

Әрбіріміз туамыз, өсеміз, есейеміз, мосқалданамыз; кейде бұрынғы әдетпен өлің жетіңкіремейтін іске де кірісіп қалып, Маяковскийдің осы бір жирені сияқты құлап түсуің де мүмкін. Сол кезде ыржалақтаушылардың арасын жарып өтіп, осы ақын-дай парасатшыл, елжіреген ілтифатты кісі келіп:

- *Жануарым,  
Жинашы  
есіңді тез!  
Өзіңді*

осылардан кем көрме өсте! - деп сенің ренішіңді бөліссе,  
сенің жастық қайратың еске түсіп, бойыңа ерекше қуат пайда  
болар еді;

Ойлады:  
Өмір, тірлік неткен қызық,  
Шынын айтса,  
әлі де құлын-таймын.

“Поэзия-өндіріс. Ауыр, күрделі болса да өндіріс” - деп жазды Маяковский. Жобасы, Маяковскийдің осы бір сөздерінен қалыптасып, үйреніп, өдеттенсе болғаны, жақсы өлеңді өркім де шығара береді деп түсінуге ешбір мүмкіншілік жоқ. Тек ақындықтың тоғышарлары, бұл сөздерді төте, сөзбе-сөз топшылағысы келеді. Маяковский ақындықтың ауыр іс екенін, тек дарын мен еңбек ұштасқанда пайда болатын қасиет екенін өбден түсінген.

*Найзалап лириканы біз ертеден  
Іздедік ұйқастардың өткір, тыңын.  
Әйтсе де поэзия оңбайды екен,  
Бір мелшиген жерінен қозғау қиын.*

Блок ақындық дарын мен шабытты жердүниелік оркестрден халық жан-күйінің ырғақ пернесін баса білу қабілетті деп түсінгенін жоғарыда айтып өттік. Мына бір сөздерінде Маяковский де осы қағиданы айтқан болар. “Ырғақ - әрбір ақындық шығарманың бойынан гуілдеп өтетін негізгі өзегі болып табылады... Осы бір гуіл-ырғақ қайдан келетіні белгісіз... Ырғақ сырттан келе ме, әлде менің бойымда бар ма, оны мен білмеймін... Жобасы, бойымда болса керек. Бірақ сол гуіл-ырғақты ояту үшін сырттан қозғау керек, - әлде бір сықырдан ролядің іші гуілдеуі, құмырсқаның бірдей басқан адымынан көпір шайқалып, құлай жаздайтыны сияқты”. Маяковский өзінің асқақ дарынының күші мен қуатын түсіне білген адам, бірақ ол өзгелерге қарағанда сол дарынға мақтана, өзін-өзі жұбата, өз кемшілігін өзіне кешіре қараған адам емес, өйткені ол үлкен жігер мен орасан жауапкершіліктің адамы болатын да, Пушкин айтқандай: “ырғақ әуенін алгебра әдісімен талдап”

тіпті терең дарынның өзінің шығармасы тек қажырлы еңбек арқылы, поэзияны өндіріс деп ұғыну арқылы ғана шын мәніндегі ақындық туынды болуын өбден уағыздап баққан. Пушкиннің творчествосына үңілсек, оның да тынымсыз еңбек-қор болғанын білеміз, өз творчествосына өз айналасының ішінен бірінші болып терең талап қойып, ақындықты мамандық деп танығанын білеміз. “Құдай ақына, - деп жазды ол бір хатында, - мені өлең шығару ісіме ұйқас шатпақтаған баланың мақтанышы ретінде деп немесе жоққа тебіренетін адамның жұбанышы ретінде қарайды екен деп түсінбеңіз, ақындық менің кәсібім, мен үшін ақындық қаракет беріп, үй-жағдайымды ешкімге табынбай қамтамасыз ететін адал өндірістің саласы”.

Орыс поэзиясы ұлы халық бойындағы ақындықтың біртұтас ұлы жотасы болып табылады. Бұл жотада үлкенді-кішілі жарқыраған шыңдар толып жатыр. Бірақ, сол шыңдардың ішінде Пушкин мен Маяковский ерекше көрінеді, бұлар Кавказ тауындағы Қазбек пен Эльбрус сияқты сол ұлы жотада ерекше жарқылдайды. Бұл екі шың бірін-бірі көріп, бір-біріне қарап, бір-біріне дауыс беріп, орыс халқының ұлы поэзиясының біртұтас екендігін куәландырып тұр дер едік.

Бізге, қазақ оқырмандарына, қазыргі уақытта Пушкин мен Маяковский есімдері Абай мен Сәкен Сейфуллин есімдерімен бірге естіледі. Пушкинді оқысақ, біздің есімізге Абай түседі, өйткені Абай қазақ әдебиеті мен поэзиясында Пушкин сияқты бірінші болды. Ол бірінші болып Пушкиннен үйреніп, өзінің ұлы дарынын Пушкин поэзиясы арқылы қуаттандырды. Маяковскийді оқысақ, біздің есімізге Сәкен Сейфуллин түседі, ал Сәкенді оқысақ, біздің есімізге Маяковский түседі, өйткені біздің далада бірінші болып төңкеріс үнін өлең арқылы, Маяковскийше тақпақтаған әсерлі сөздер, өткір сөйлеген Сәкен Сейфуллин.

## КӨРКЕМ АУДАРМА, ХАЛ ҚАЛАЙ?

Көркем аударма - творчестволық қызметтің ең қиын салаларының бірі. Бұл қалыптасқан қағиданы дәлелдеп жатудың еш қажеті жоқ сияқты. Бүгіндері басқа бауырлас өдебиеттермен терезесі тең тұрған төл өдебиетіміз, өзінің балаң кезінен бастап оған үлкен ықылас-ілтипат қойып отыр. Осы мерзім ішінде біздің ұлттық өнерімізде, оның не бір озық үлгілері жасалып, тәржіме төлімі артты. Абай аса сезімталдықпен жасаған аударманың асыл нұсқалары әлі күнге қайран қалдырады. Бірақ, шын мәнінде, осынау өнерге барынша ден қойыла бастағаны беріректе.

Классикадан тілге тиек етсек, Пушкиннің “Евгений Онегинін” кезінде асқақ дарын Ілияс Жансүгіров аударды, одан кейін көрнекті ақындарымыздың бірі-Қуандық Шаңғытбаев қазақшалады. Мен осы екі аударманы да оқыдым. Онда екі ақынның екеуі де көп еңбектенгенін, түпнұсқаның көркемдігін, ерекшеліктерін мейлінше сақтауға тырысқанын, аудармада ана тіліміздің байлығын үлкен шеберлікпен пайдалануға ұмтылғанын байқауға болады. Екі еңбектің екеуінде де шынайы, соны табыстар көп. Бірақ, орыс өдебиетінің ұлы туындысы “Евгений Онегин” қазақ оқырмандарының аузында түпнұсқасындай мақал-мәтелге айналып, түпнұсқасындай жатқа айтылып, қайта-қайта оқылып, жылдан-жылға жаңадан басылуы қажет болып жүр деп кім айта алады? Қазақ тіліндегі “Евгений Онегин” белгілі ақындарымыздың қажырлы еңбегіне қарамастан, түпнұсқасына әлі маңайлай алмай жүр.

Өдебиет зерттеуші Сейфолла Қоспанов Абай өлеңдерінің орыс тіліндегі баламасын түпнұсқасымен салыстыра келе, амалсыздан, ұлы ақын өлеңдерінің кейбірі ғана болмаса, ана тіліндегіден әлі алшақ жатыр деген тұжырымға келді.

Ал, Абай өлеңдерін де орыстың көрнекті-ақ аударма ісімен әбден машықтанып жүрген ақындары аударып жүр ғой. Осыдан орыстың атақты ақыны, әрі аудармашысы В.А.Жуковскийдің: “Прозаны аударушы - автордың құлы, поэзияны аударушы - автордың бөсекелесі”, - деген сөздері еске түседі. Әрине, үлкен ақынды дарынды ақын аударған жөн. Бірақ, бұдан прозаны аудару анағұрлым жеңіл, түпнұсқаның мағынасын жете түсінсең болды, қара сөздерді біріне-бірін тізіп, сөйлем құрып, сол мағынаны аударған тілінде дәлме-дәл түсіріп отырсаң жетіп

жатыр, деуге бола ма? Оған қайтіп тіл барады. Жуковскийдің қарасөз шығармаларында тілдің көркемдік байлықтарын қазіргі уақыттағыдай түбегейлі пайдаланбаған кезде айта салған тұжырымын, талассыз қағида ретінде қолданудың өзі де дұрыстыққа жатпайтындай.

Ана тіліміздің асқақ зергерлерінің бірі Ғабит Мүсіреповтің “Оянған өлкесінің” қалай басталатыны, осы кітапты оқыған адамның есінде сақталмағаны кемде-кем. “Тағы да таласып келіп, тағы да тақасып келіп, қонып жатқан екі бай ауыл ақ үйлерін әлі тіккен жоқ еді. Жаз бойы Құланөтпес пен Құдайменденің кең шиырына сыйыса алмай, күнде қанат серпісіп, күнде қамшы сілтесіп, қақтығысып келген екі байдың аядай жерге арқа тіресіп қонып жатқандары жай да емес сияқты”. Оқырмандарын бойына тумысынан біткен қуат-қарқынмен бірден арбай жөнелетін, құйылып тұрған ішкі ырғақ пен тұңғыық терең мағынаға толы ширақ, шымыр осы бір екі сөйлемді кітаптың 1962 жылы шыққан аударма-вариантында аудармашы А.А.Садовский былай деп аударыпты: “Аулы двух баев жили и кочевали в яростном соперничестве и непримиримой вражде, никогда не теряли друг-друга из виду и остановились на этот раз в самом близком соседстве, у единственного у этих местах родника Майкудук. Подозрительным была это соседство”. Ал, 1972 жылы шыққан Н.Годеева мен В.Дудинцевтің аудармасында былай делінген: “И вот опять сошлись и теснят друг-друга яростные соперники - два богатых аула: располагаются на очередную стоянку по пути к осенним пастбищам. Белые юрты их пока не поставлены. Целое лето что ни день размахивали камчой, каждый вдали воинственно топырил крыля, узки были для них даже широкие просторы Куланотпес и Кудайменды. А теперь сбились на клочке земли не больше ладони, уперлись спина в спину. Что их свело?”. Осы Ғабенің түпнұсқадағы екі сөйлемінің орыс тіліне аударылуының екі вариантындағы кемшіліктерін тізіп, көп айтуға болар еді, ал тұжырым біреу-ақ, екеуі де түпнұсқаның бар сөлін жеткізбегені былай тұрсын, тым қораштығында сөз жоқ. Демек, осы екі аударма да орыс тілінде түпнұсқадағы, екі сөйлемнің мағынасы мен көркемдігін бірдей сақтамаған. Мұндайда аялы астар, қиыннан қиыстырса ғана қаламгер мақсатқа жетпек.

Пушкиннің бір аяқталмаған шығармасы “Гости съезжались на дачу” деп басталады. Л.Н.Толстой шығарманың осылай оқырманды оқиғаға бірден кірістіре, шомдыра басталуын ерекше бағалағаны көпшілікке мәлім. Демек, осы қысқа, қарапайым, ешбір артық сөзі жоқ сөйлемді біздің ана тілімізде аударса қалай болар еді? Ана тілімізде “съезжались” деген етістікті дәл беру қиын, екіншіден, біздің сөз қорымызда кейінгі уақытқа дейін “дача” деген сөз болған жоқ, соңғы кезде ғана мәлім болған осы бір сөзді сол күйінде алсақ, үлкен шығарманың бірінші сөйлемінің шырқы бұзылып, ырғағы ақсап, одағай естіліп тұрар еді. Дегенмен, Пушкиннің бұл шығармасы да өзі үшін “қиыннан қиыстырар ер данасын” тауып, қазақша естілуге тиісті.

Негізінде, бізде аз аударылып жүрген жоқ. Бірақ, сол қалай аударылып жүр?

Украинаның ақын қызы Л.Украинканың өлеңдерін Ә.Ахметов пен Ш.Мұхамеджанов қазақшалапты. Екі ақын да түпнұсқадағы сөз сиқырын басуға күш салған. Аударма жатық естіледі.

*Өлкем менің қайғы менен мұң басқан,  
Өзіңді аңсап жетсем деймін күнде ұшып,  
Жүрек тулап, сені ойлаймын тынбастан,  
Мен сен үшін қамығамын мұң құшып, -*

дейтін төрт тағанға, кедір-бұдырлығы болмаса, сөзсіз иланасыз. Шынында да, туған топыраққа жанды сыздатқан сүйіспеншілігін, алыс сөулеге аңсарын, қай тілде жазса да, ақын осылай жеткізетіні көміл ғой. Жоғарғы жолдардан “жүрек тулап”-тан басқа өбестік таппайсың. Өйткенмен, оның орнына “жүрек сыздап” деп алғанда өлеңнің өлгі шумағы тіптен ойнайтын еді. Өдетте, қамыққан адам алыста қалған атамекенін “жүрек тулап” емес “жүрек сыздап” ойлайтыны кімге болса да аян. Бұл аудармашының сөл ыждаһатсыздығынан, сөз шырайын іздеп, оған терең мән бермегендігінен туған жай.

Мәселен, Л.Украинканың қазақ тіліндегі таңдамалы өлеңдеріне “Порою едва лишь примусь за работу” деген өлеңінің екі ақын аударған екі баламасы еніп жүр. Өзі шағын кітапшаға бір өлеңнің екі баламасын берудің де еш қажеті жоқ еді. Оны эксперимент үшін бе, не үшін бергені түсініксіз. Оның ең сәттісін таңдап алғанда дұрыс болатын еді. Демек, бұл да жалпы аудармаға, тіпті осы қиынның қиыны өнерге екі түрлі талап пен тал-

ғам тұрғысынан танытқандай. Бір өлеңді Ө. Ахметов “~~Бір өлең~~” деп атап:

*Кей кезде іске кірісем ғана,  
Бітірсем әлде жұмысты жаңа,  
Білмеймін қайдан, бұлттындай күздің,  
Жанымды қайғы қаптайды қара, -  
етіп аударса (63-бет), тап соны Ш. Мұхамеджанов:  
Кейде бір іс бастай қалсам мен егер,  
Бітпейтіндей сол іс көңіл жиренер,  
Басып ойды жабырқаулық бір керең,  
Күзгі бұлттай қабақ түйіп түнерем, -  
деп одан қалыспайды. Ал, Л.Украинканың айтығы басқа:  
Порою едва лишь примусь за работу,  
Кончаю ли дело, свое — отчего-то,  
Как будто в осенние дни облака,  
Находит на душу глухая тоска.*

Совет елінің өнерінің үлкен өкілі - Э.Межелайтис лирика-философиялық ойдың ақыны. Өлемде өтіп жатқан қоғамдық оқиғаларға тынбай үн қосып, дара даусын танытып келе жатқан күрделі құбылыс, кең танымал сөз суреткері. Оның туындыларын жеңіл-желпі, жүрдім-бардым қазақшалауға болмайды. Өкінішке қарай, ол біздің аудармамызда әлі күнге ойдағыдай шықпай келеді. Жасампаз адамға арналған гимн іспеттес атақты “Адам” деген өлеңін алайық:

*В шар земной упираясь ногами,  
Солнца шар я держу в руках.  
Так стою, меж двумя Шарами —  
Солнечным и земным.  
Недра мозга, пласты мозга  
Глубоки, словно рудные недра.  
Я из них вырубая, как уголь,  
Выплавляю из них как железо.  
Корабли, бороздящие моря,  
Поезда, обвившие сушу,  
Продолжение птиц - самолеты  
И развитие молнии - ракеты.*

Мұнда қаншама жүрек тебіренерлік сыр бар. Ақын адамы марапаттайды, асқақтап пір тұтады. Кесек-кесек ой үстемелеп, құйылып, сезім иірімдеріне батырып, кеудеңе тыныс бітіп,

бар даусыңмен шырқатқың келеді. Ал, Ә.Ахметов аударған қазақшасына назар салыңыз:

*Жер шарына тіреп екі аяқты,  
Күннің нұрын алақанда ойнатып,  
Тұрмын міне,  
Егіз шырағдан сияқты  
Планеталарды жайнатып.*

*Ми қыртысы, мидың алуан байлығы  
Жердегі кен қабатынан аумаған.  
Тадам одан керегімді әр күні,  
Бейне көмір, иә, темір ол маған.*

*Мидан қанша кемелерді жүргізіп,  
Поездарға кезгіземін құрлықты.  
Құстан ұшқыр самолетім бір қызық,  
Найзағайдан ракетам да зор, мықты.*

Мынау шумақтар салыстырмасының өзі-ақ, аударманың қай дәрежеде шыққанын көрсетіп тұрғандай. Ә.Межелайтис жырларының рухы, арқалылығы қазақшасында өшіп, тым қарабайырланып кеткен. Бос белбеу, жырдың көркемдік құнын кемітетін арзан сөздер көбейген. Ешуақытта Литва ақыны:

*“Егіз шырағдан сияқты  
Планеталарды жайнатып”,*

демеген болар еді. Ол жер мен көкті тіреген адам құдіретін жыр етеді. Және ол “ми қыртысы”, мидың алуан байлығы жердегі кен қабатынан аумағанды айтпаған, керісінше “Кен қазба байлығы секілді ми қабаттары терең, бай” дегенге сілтеп тұр емес пе айдан-анық?

Әрине, үлкен таланттарды тап баса беру қиынның қиыны. Мен бұрнағы жылы Маяковскийдің “Хорошо” (“Керемет”) атты поэмасын ана тілімізге аудардым. Атақты ақындарымыз Қ.Бекқожин мен Қ.Тоғызақовтың жуықта ғана тамамдалған аудармасы бар екенін көре тұра аудардым. Бірақ, асып түсейін, озықтық көрсетейін деп аударғам жоқ. Кейбір жазушылардың көкіректегі шығармасы өбден толғағы жетіп, енді жазбай отыра алмайтын жағдайға ұшырайтыны сияқты, мен де Маяковскийдің осы поэмасын аудармай отыра алмайтындай сезіндім.

Өйткені мен бұл поэманы отыз жылдан бері жатқа білем. Қайталап айтқан сайын, кейбір ырғақ, кейбір ұйқастары жүрсем де, тұрсам да ауызға ана тілімде орала беретін болды. Міне, содан барып аударма бір кезде құйылып түскендей болып шыға келді. Әрине, бұдан осы аударма оңайға түскен екен деген пікір тумауға тиісті.

Қиыншылықтар тіпті көп болды. Мысалы, Маяковскийдің әдеби пародияны шебер пайдаланатын әдеті бар. Аталмыш поэмада пародия - келеке әдісін ол екі жерде пайдаланады. Поэманың 4-тарауында эсер Кускова мен кадет Милюковтың өзара әңгімесін Маяковский Пушкиннің “Онегиніндегі” няня (Милюков) мен Татьянаның (Кускова) әңгімесі етіп беріп, эсерлер мен кадеттер партиясының өзара қарым-қатынасын өлтіре ажуалаған. Бұл тарауда “Онегиннің” мөлшер-ырғағы мен тіпті сөздерін де тура пайдаланған. Мен Ілияс Жансүгіров аудармасының - “Онегиннің” осы бір жерін тауып алып, Милюков пен Кускованың аттарын сыйыстырып көріп едім, сәл-пәл текшелеп орналастырғаннан кейін сыйды да кетті.

Поэманың төртінші тарауында Маяковский Керенскийді былай сипаттайды:

*Забывши и классы и партии,  
Идет на дежурную речь.  
Глаза у него бонопарты  
И цвета защитного френч.*

Лермонтовтың Наполеонға арналған “Воздушный корабль” атты өлеңі бар. Бұл шумақ сол өлеңге пародия, өйткені Керенский өзін Наполеон Бонопартқа ұқсасын деп, киімі, жүрісі-тұрысы жөнінен француз әскер басшысына ұқсауға тырысқан. Маяковскийдің бұл шумағы Лермонтовтың осы өлеңінің мына бір шумағына пародия:

*Из гроба тогда император,  
Очнувшись, является вдруг,  
На нем треугольная шляпа  
И серый походный сюртук.*

Аудармада осы жағдайды ескеруге тура келді; әуелі Лермонтовтың өлеңінің аударылу мөлшері мен шамасын байқап алып, содан соң барып Маяковскийге көшу лайықты болып табылады. Әрине, бұл аударма да Маяковскийдің тамаша туындысын қазақ тілінде кемшіліксіз жеткізіп тұр деуге болмайды.

Кемшіліктері қазірдің өзінде өзіме көрініп тұр, ал көлденең көзге одан да көп көрінетініне күмәндануға болмайды. Мысалы, поэманың ақырғы 19-шы тарауы әжептеуір болып шыққан сияқты, кейін радио-теледидар арқылы облысымызда сөзді шебер оқып, машықтану арқылы көзге түсіп жүрген жас талаптар І.Тәжібаев пен Ж.Баймағамбетов оқыған кезде недәуір әсерлі болып естілді. Бірақ, поэманың осы тамаша қорытынды шумағының ең аяққы жолдарына өзім де ырза емеспін. Түпнұсқада:

*Лет до ста расти  
Нам без старости.  
Год от года расти  
Нашей бодрости.  
Славьте, молот и стих,  
Землю молодости.*

Осы бір жолдарды әсерлі, дауысты көтеріңкі етіп тұрған буын бар, ол қайталанып жатқан “сти”. Қазақ тілінде, менің аудармамда былай болып шықты:

*Кәрілік жоқ бізге  
Жетеміз жүзге.  
Жылма-жыл үдер  
Біздің күш-жігер.  
Жастық ел, балғын жер,  
Балға - жыр мақтап бер.*

Мағынасы жөнінен жақын болғанымен, осы әсерлі жолдардың дауыссыз дыбыстарға аяқталуы, әрине, түпнұсқадан алшақтап тұр. Бірақ, амал нешік, солай аударылды. Осыдан туатын ой мынау: орыс әдебиеті мен басқа бауырлас халықтар тіл өнерінің үздік үлгілерін, ана тілімізде мүмкіндігімізше бар бояу-әрімен, шабыт шұғыласымен жарқыратып беру жағынан кенже түспегеніміз абзал. Бұнда тек түпнұсқаның ықпалында қалып қоймай, ұлттық мәдеиетіміздің бар-бар бейнелеу көркемдік құралдарын қолданып, аударма өнерінің көкжиегін кеңейтуіміз бүгіннің басты парызы. Керек болса, қайталап аударудан қорықпау керек, әркім өз еңбегін әлсін-әлсін жаңалаудан, жетілуден қашпауға тиісті.

Аударма ісінің қиыншылығын айтатын болсақ, мұндай мысалдарды көп келтіруге болады. Бұл қиыншылықтың өзі оқырман талғамының күшейе түсуіне де, осыған орай көркемдік

пен тіл шеберлігіне, мәдени талаптың күннен күнге арта беруіне де байланысты. Демек, біз аударма жағдайын өңгіме ететін болсақ, өрине, көбіне ана тілімізден орыс тіліне, орыс тілінен ана тілімізге аудару мәселелерін қозғаймыз. Оның өзі заңды да, өйткені ардақты Мұхтар Әуезов айтқандай: "...туыстас халықтардың тіл мәдениеті, олардың эпосы, өлеңдері орыс тіліне аударылуы арқылы миллиондаған совет адамдарының қазынасына айналды. Орыс тіліне аударылудың өзі ұлттық жазушылар үшін жер-дүние кеңдігіне шығудың бірден - бір қақпасы болып отыр".

Қазір енді әдебиеттердің өзара байланысы мен өзара әсерінің дөнекері болып отырған аударма өнерінің тәжірибесі молайды. Төл әдебиетімізге енген шығармалардың талай тамаша үлгілерін атауымызға болар еді. Н.В.Гогольдің "Ревизоры", В.Шекспирдің "Асауға тұсауы", Пушкин мен Маяковскийдің өлеңдері, Шолоховтың "Тынық Доны", және осы сияқты көптеген туындылар қазақ оқырмандарына сындарлы сапасымен жетті. Дегенмен, осындай жемісті шеберлікпен жасалған аудармалармен қатар күнбе-күн шикі, дүмбілез аудармалар да шығып жатады, тіпті мұндай аудармалардан алыс тұрған кәсіби аудармалар азаюдың орнына көбейіп келе жатыр ма деген күмәншіл ой туады. Бұған бірнеше себеп бар сияқты. Бірінші себеп, аударманы көркем әдебиеттің дарын мен шеберлік тілейтін ауыр саласы деп түсінбеушілікте, оған көлденең көк аттының кірісіп кетуінде деп ойлаймыз. Өрине, көркем дүниеге жеңіл көсіп деп қараған аудармашыдан рухани қанат тілейтін шынайы шығарма туа қалуы екіталай. Екінші себеп мынада сияқты, біздің дәуіріміз ғылыми-техникалық революцияның дәуірлеп тұрған кезеңі. Мәдени өмірімізде орын алған әрбір іс пен әрекет ғылыми негізде жүйеленсе ғана адамның көкейіне қонып, рухани дүниесінен әсерлі, тебіреністі орын алмақ. Осы бағыттағы қызметтің өзі анағұрлым жеңілдеп, жеделдене түспек. Бүгінгі аударма бағдарына осы деңгейден көз салатын болсақ, аударма теориясының мәселелері, оның тәжірибесі және практикасымен салыстырғанда, мүлдем артта қалған сияқты. Бұл салада елеулі еңбек жоқ дей алмаймыз. Өрине, тәржіме туралы өзінің тұжырымды, ұланғайыр пікірлерін М.Әуезов айтып кетті. С.Талжанов пен Ә.Сатыбалдиев оның кейбір проблемаларын қозғады. С.Қоспанов, Қ.Садықов, М.Құрманов, Қ.Жолдасов сияқты зерттеушілер аударма мәселелерін әр қырынан

көрсетіп жүр. Оның үстіне СССР Жазушылар Одағы, СССР Ғылым академиясы аударма жайында үзбей теориялық еңбектер шығарып, көп ұлтты совет әдебиетіндегі бар-жоғымызды көрсетіп келеді. Әйтсе де, сол принциптерді біздің ана тіліміздегі аударма тәжірибесіне орайлап, ішкі заңдылықтарын ашып, айқындап беруге теориялық еңбектеріміз әлі де жетісе алмай жатыр. Міне, осыған байланысты, біздің аударма шығармаларына арналып, арақідік шығып тұратын сын мақалаларымыз аударманың жетістіктері мен рухани өміріміздегі орнына, тәлім-тәрбиелік маңызына көз тігіп, көркемдігі мен тартымдылығын айтудан гөрі, негізінен, аудармадағы үлкенді-кішілі кемшіліктерді айту да қажет, бірақ басшылық етерліктей теориялық принцип жоқ жерде кемшіліктер іріктеліп, жіктеліп сараланудың орнына, ұзыннан ұзақ тізбекке көшпек; бұл - әдеби сынның мешеулігі, ал аудармашыға одан келіп-кетері шамалы. Үшінші себеп, аударма ісі, әсіресе, көркем аударма ісі мәдени өміріміздің үлкен саласы деп түсініліп, бұл салаға бейімі бар жастарды үйрету, оқыту жайы келелі жүйеге қойылмай отыр. Мысалы, аударма жөнінде там-тұм сабақ, тек Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде ғана беріледі. Онда да ресми талқыдан өтіп, толғаулы пікірлер арқылы тұжырымдалған программа да жоқтың қасы болса керек. Басқа ешбір білім ордасында аударма мәселесі оқу жоспарына кіріп көрген емес. Егер көркем аударма, әдебиеттанудың өзіне тән ғылыми заңдылықтары мен принциптері бар белгілі бір саласы екенін мойындайтын болсақ, егер көркем аударма әдебиеттің шеберлікпен жетілген дарындылық тілейтін аса бір жауапты бөлігі деп танытын болсақ, бұл мәдени іске қажетті арнаулы білікті мамандар да керек екенін естен шығармаған ганибет.

Нұқсан келтірер басқа да жайлар баршылық. Өйткені, бұл өнер де түлеп, өсіп отыратын тірі организм іспеттес. Бізде көркем аударма мәселелері кездейсоқ шешілмей, жылма-жыл (кейде бірнеше жыл бұрын) жоспарланып отыруы керек те, орыс әдебиетінің, сондай-ақ басқа халықтар әдебиетінің қалың жұртшылығымыздың рухани тілегіне керекті үлгілері сол жоспармен дәйекті түрде аударылып отыруы қажет. Бұл мәселе біздің республика Жазушылар одағы мен “Жазушы” баспасының жанындағы беделді комиссияның жауапты ісіне айналғаны жөн. Осы комиссия аударылуға тиісті шығармалардың ег-

жей-тегжейі жөнінде тұжырымды пікірін айтумен қатар, аудармашылар қабілеті мен өзгешеліктерін бағалап, творчестволық тапсырмаларға ықпалын жүргізгені қажет, сондай-ақ, аудармаға қабілеті бар жастардың үйренуін, өсуін, мүмкіншілігін көзден таса етпесе дұрыс болар еді. Екіншіден, Қазақ ССР Ғылым академиясы жанындағы Әдебиет және өнер, Тіл білімі, Қазақ және Қарағанды университеттерінің, кейбір педагогикалық институттардың арнаулы кафедраларында аударма мәселелерін теориялық тұрғыдан зерттеуді күшейту қажет те, республикада бұл жөнінде жиі-жиі пікір алысып тұруға, жарамды зерттеушілер тобын ұйымдастыру арқылы аударманың, өсіресе, көркем аударманың теориялық заңдылықтарын анықтап, осының нәтижесінде туған тиісті ұсыныстарды аударма тәжірибесінде қолдануға мүмкіншілік туғызу керек. Осыған байланысты тағы бір пікір туады. Біз осы күнге дейін шетел әдебиетінің шығармаларын, тек орыс тілі арқылы аударып келдік. Кейінгі кезде көркем әдебиет үлгілерін шетел тілдерінен тікелей аударып жүргендер де кездеседі. Бұның өзін халқымыздың ұлы табысының бірі деп тануымыз қажет. Олай болса, осы бағытта қабілет көрсеткен жастарды, Алматы шетел тілдері институтында неге тәрбиелемесе?

Тегінде орыс әдебиетінің кейбір жазушыларын, сондай-ақ басқа ұлттар әдебиетінің кейбір үздік үлгілерін бір-ақ рет аударып, сонымен тамамдадық деп қою дұрыстыққа жатпайды. Тегі, асқақ дарын мен терең ойшылдықтан туған әдебиет шығармаларының мағынасы мен көркемдігін басқа тілде жеткізу - мұраттың мұраты. Оған әр кезде әр түрлі талап-тілекпен келіп отырмақ. Мәселен, В.Шекспирдің “Гамлеті” орыс тіліне отыздан аса рет аударылыпты. Олай болса, Пушкиндей данышпан ақынның он жылдан артық жазған “Евгений Онегиннің” бар қуатында беру үшін де оған сан оралып отырған артықтық етпейді. Қуандық Шаңғытбаев “Евгений Онегиннің” өз вариантын жасағалы кемінде жиырма жылдан асты, сондықтан өз еңбегіне талғамы күшті осы ақынның әлі де түпнұсқаға барабар туынды жасайтынынан үміт етеміз. Осындай пікірді орыс көркем әдебиетінің кейбір басқа жазушылары жөнінде де айтуға болар еді.

Көркем аударма мәселесіне көз салғанда, тағы бір олқылық байқалатын сияқты. Ол жөнінде шыққан мақалалар негізінен кемшіліктерді тізіп айтуға арналады, деп жоғарыда айтып

кеттік. Әрине, кемшілікті, қандай түрде болмасын, айтып тұрған жөн. Бірақ, жақсы аудармаға да көңіл бөлініп, лайықты баға беріліп, басқа көркем шығармалардай ілтипатқа бөленіп жатқаны бірден-бір дұрыс мәселе. Онсыз көркем аударма ісі жол-жөнекей істелетін “бұратана” іс деп ойлатпақ та, немесе кәсіпқойлардың күнкөрісіне айналып, өзінің биік мақсатын жоймақ. Осыған байланысты, кейбір шоқтығы биік шығармалардың аудармасына конкурс жариялап, жеңімпаздарды ынталандырып отырса, нұр үстіне нұр болар еді.

Жоғарыда аударма мәселелері жоспарланып, тәртіптеліп отыруы қажеттігін айттық. Мұның өзі, әрине, аударманың творчестволық қызмет екенін көзден таса етуге апармау керек, керісінше, аудармаға да басқа қолтума көркем шығармалардай назар аударылып, оның өзгеше ерекшеліктері мұқият ескеріліп отыруға тиісті. Қорытып айтқанда, көркем аударма - өскелең әдебиетіміздің аса бір көрнекті, аса бір салмақты саласының бірі, оның дамуын, өсіп-өрбуін, сапасы артуын әдебиетіміздің басқа салаларымен бірдей қарастырып, оған күйбеңсіз кең өріс ашуымыз қажет.

## ҚАЗАҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫ

Қазіргі Мемлекеттік Академиялық “Еңбек Қызыл Ту” орденді драма театры 1926 жылы, 13 январь күні Қазақстанның бұрынғы астанасы Қызылорда қаласында ашылған болатын. Театр пердесі тұңғыш рет Мұхтар Әуезовтің “Еңлік-Кебек” трагедиясымен көтерілді. Осы жылдан бастап, театр творчествосы еліміздің экономикалық-мәдени өсуімен тығыз байланысты болып отырады. Алғашқы жылдары театр сахнасында “Еңлік-Кебекпен” қатар М.Әуезовтің “Бәйбіше-тоқал”, Е.Ерденбаевтың “Малқамбай”, Ө.Оспановтың “Сеңсең бөрік”, А.Тоқмағамбетовтің “Екі заң”, Ж.Тілепбергеновтің “Перизат-Рамазан”, Р.Малабаевтың “Ғұрып күңі” сияқты бірнеше пьесалар қойылды. Бұл пьесалар феодалдық ескі әдет-ғұрыпқа, ислам дінінің соқыр нанымдарына шабуыл жасады, бұқара халықты жаңа өмір орнатуға, өнер-білімге шақырды.

Жаңа өмір орнату жолында жанкешті сұрапыл шайқастан өткен халықтың бойында революциялық романтикаға толы рухани күш шексіз еді. Мәңгі азаттыққа, мәдениет жарығына ұмтылған сол халық өзінің асқарлы арманы мен тағатсыз талабын, өз күйін шерткен жаңа өнерді құшақ жая қарсы алды. Оның кемшілігін мінемей, жақсылығын асыра мадақтап, өзі құрметтеп көтеріп әкетті. Одан барын аямады. Сахна ұмытылып, актер де, көрермен де өмір күресіне араласып жүргендей болатын. Міне, сол кездегі драматургиялық құрылысы мен көркемдік сапасы әлсіз пьесалардың халықты соншама құмарта тартуы жаңа өмірдің идеясын, көкейтесті мақсатын уағыздауда деп түсінеміз. Драматургтан айтылмай, актер ойынынан көрінбей қалған көп әрекет күйлерін, көп жайларды жұрт ой көзімен өсіріп, байыта қарап отырушылық сәттері бар-ды деп ойлаймын.

Театр жалаң ұлттық драматургия шеңберінде қалып қоймай, алғашқы жылдардың өзінде-ақ, дүниежүзілік классиканы, алдымен, аға орыс халқының реалистік негізде жазылған озық драматургиясын игеруге талпынды. Сахна өнерінен жақсы түсінігі бар, қазақтың тұңғыш режиссері Жұмат Шанин 1927-1928 жылдардың өзінде Шекспирдің “Гамлет”, Пушкиннің “Сараң сері”, “Тас мейман” сияқты пьесаларының сахналық шешімін табуды ойлайды. Бірақ, ешбір театр мектебінен өтпеген, білімдері аз, ауыл арасынан шыққан өнерпаздар

Шекспир, Пушкин драматургиясының терең философиясын түсіне алмады. Осылай бола тұрса да, бұл басқа ұлт характерін жасауға батыл бет алған игі қадам болатын. Осындай іздену үстінде актерлер де тек классикалық шығармаларды қою арқылы сахна шеберлігін толық меңгеретінін түсіне бастады.

Қазақтың тұңғыш театрының қалыптасу, өсу жолында үлкен қиыншылықтар бар еді. Театрда Жұмат Шаниннан басқа режиссерлік өнерден түсінігі бар адам аз болатын. Әсіресе, аударма пьесаларды қою үшін және Станиславский системасын түсіндіретін маман орыс режиссерлері болмады. Осымен бірге спектакльдің декорациялық көріністерін жасайтын суретші-декоратор, адамның кескін-кейпін жасайтын гример-суретші де жоқ еді.

Алғашқы жылдары әйелдер ролінде ойнайтын актрисалар да жоқ болатын. Әйелдер ролінде көбіне Е.Өмірзақов пен Қ.Қуанышбаев ойнап жүрді. Осы қиыншылықтардың бәрін қазақ театрының алғашқы актерлері: Ә.Қашаубаев, И.Байзақов, С.Қожамқұлов, К.Жандарбеков, Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов, Қ.Бадыровтар өз мойындарымен көтерді. Көркемөнерге шексіз берілу, сүйіспеншілікпен қарау оларды әр кез тамаша жеңістерге жеткізіп отырды.

Театр коллективі 1928 жылдары жазғы гастрольде ауылдар мен қалаларға шығып, өз спектакльдерін көрсете бастады.

Қазақ даласында бұрын болып көрмеген жаңа өнер түрімен халықты таныстырып, оның мәдениетінің өсуіне әсер етті.

Отызыншы жылдардың басында театрдың шақыруымен М.Соколов, М.Насонов, Я.Танеев сияқты режиссерлер келіп жұмыс істей бастады. Олар орыс классиктерінің шығармасына көңіл бөлумен бірге, бүгінгі болмысты, революция жеңістерін бейнелейтін шығармаларды көбірек қоюға назар аударады. М.Тригердің “Сүнгүйр қайық”, Н.Погодиннің “Менің досым”, “Ақсүйектер”, Б.Пруттың “Жойқын князь Мстислав”, Д.Фурмановтың “Бүліншілік” пьесаларын қазақ сахнасына алғаш шығарған режиссерлер осылар еді. Сахна өнерінен хабардар бұл режиссерлермен жұмыс істесу қазақ актерлерінің шеберліктерін недәуір жоғарылатты. Театр коллективінің К.Станиславский системасымен таныса бастаулары да осы кезең болатын.

Театр қасынан студия ашылып, талантты жастар актерлік шеберліктен сабақ ала бастады. М.Насонов қазақ сахна кадрларын даярлауға көп күш жұмсады.

Ұлттық драматургияның бұл жылдардағы ірі табыстары болып М.Әуезовтің «Түнгі сарын» пьесасы саналады. Қазақ халқының 1916 жылғы патшалық Россияға қарсы ұлт-азаттық көтерілісін бейнелейтін бұл пьеса жұртшылықтан жақсы баға алды. Бұл спектакльде басты рольдерде ойнаған: Тәнеке - Қ.Қуанышбаев, Қыдыш - С.Қожамқұлов, Сапа - К.Бадыров, Казанцев - Ш.Айманов ойындарынан драмалық өнерді еркін меңгере бастаған шеберлікті аңғаруға болатын еді. “Түнгі сарын” постановкасы театрдың реалистік бағытын бекіте, айқындай түсті, актерлік шеберліктің жаңа бояулары мен сырларын ашты. Осы алғашқы жеті-сегіз жыл ішінде театр коллективі профессионалдық дәрежеге көтерілді. Бұрын көркемөнер үйірмелерінде жетекшілік қызмет атқарған Серке Қожамқұлов пен Құрманбек Жандарбеков енді режиссерлік жұмысқа араласып, постановка қоя бастады.

Мемлекет театрының коллективі өздерінің актерлік мәдениетін көтерумен бірге, республикамызда әрбір жаңадан ашылған мәдениет орындарына ерекше қамқорлық жасаумен келді. Ол сахна көркемөнерінің көп жанрда дамуына ұйытқы болды. Қазақтың радиокомитетінің музыка-көркемдік бөлімін алғашқы ашушылар Е.Өмірзақов пен Қ.Жандарбеков болатын. 1934 жылы драма театрынан музыкалық театр (қазіргі Абай атындағы Опера және балет театры) бөлініп шықты. Жаңадан ашылған музыка театрын тамаша өнер иелері К.Байсейітова, Қ.Жандарбеков, Шара, М.Ержановтар өз қолдарына алды. Осы жылы драма театрының эстрадалық өнерге бейімді актерлер тобы, қазақтың тұңғыш филармониясын құрды. Филармонияның негізгі программасын әнші Өміре мен ақын Иса жүргізді.

Отызыншы жылдардың ішінде театр коллективіне тағы бір талантты жастар тобы келіп қосылды. Олар республикамыздың халық артисі Ш.Айманов, К.Қармысов, республикамызға еңбек сіңірген артистер С.Телғараев, С.Майқанова, З.Құрманбаевалар болатын.

Театр ұлт режиссерлері мен актерлерін дайындауға көп көңіл бөлді. Осы мақсатпен Москва, Ленинград қалаларындағы театр институттарына оқушылар жібергенді. Солардың бірі, қазіргі талантты драматургіміз - Шахмет Құсайынов, республикамыздың көркемөнеріне еңбегі сіңген қайраткер, педагог-режиссер - Асқар Тоқпанов, режиссерлер - Әубәкір Ысмайылов пен Бейсеков болатын.

Аз жылдардың ішінде ерекше бір жедел дамыған қазақ театр өнерінің зор болашағы 1936 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде байқалды. Москвада болған кезінде театр коллективі, орыс мәдениетінің бай мұрасын бойына жинаған Көркем театр мен Кіші театрдың творчествосымен танысты. Москва театрының спектакльдері, оның талантты актерлерінің ойыны, көрнекті театр қайраткерлерімен болған кездесулер мен кеңестер қазақ актерлеріне қатты әсер етіп, көп ой салады.

Осы сапарда өз өнерлерімен оқшау көзге түскен Қалыбек Қуанышбаев, Серке Қожамқұловқа Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі атағы берілді. 1936 жылы Москвада өткен онкүндік қазақ халқының мәдени өмірінде болған маңызды оқиға.

Онкүндіктен табыспен оралған сахна қайраткерлері жаңа күш-жігермен іске кірісті. Театр өзінің он жылдық юбилейіне әзірленді. М.Әуезовтің «Алма бағында», Ғ. Мүсіреповтің «Амангелді», К.Треневтің «Любовь Яровая» осы кездердің табысы болып саналады. Қазақ өнерінің өркендеуіне мол үлес қосқан және нағыз көркемдік сапасы жоғары бірнеше спектакльдер беріп үлгерген драма театрына он жыл толуына байланысты «Академиялық» деген жоғары атақ берілді.

Қазақ театрының алғашқы актерлері және оған келіп қосылған екінші буын да ешбір театр мектебінен өтпей, ешбір системаны білмей, тек бойларындағы табиғи талантқа сеніп, сахнаға шыққан өнерпаздар. Бұлардың көбі дерлік ойнайтын кейіпкерінің психологиясын ғылыми жолмен саралап барып жетпей, актерлік күшті сезім, қиял-шабыты арқылы барып алатын. Актерлер ойынындағы бұл әдіс, сахналық ірі сом сурет жасауда әлсіздік көрсетті. Енді актерлеріміз классикалық шығармаларды қою үшін, алдымен оқу - білімнің керектігін айқын ұға бастады. Онсыз күрделі шығармалардың идеялық-көркемдік ерекшеліктері мен ондағы қаһармандар өмірін бере алмайтынын терең сезінді.

Театр коллективі енді көп жайларда ақылға салып жете түсінуді көксейді, осы жолда ізденеді. Артистер творчествосында осындай көп ізденуді, сарыла ойланып-толғануды, жан-жақты дайындықпен келіп іске кірісуді талап еткен кез, театрдың Шекспирдің «Отелло» трагедиясы мен Н.Погодиннің «Мылтықты адам», М.Әуезовтің «Абай» постановкаларын қою шағы болатын.

Қапан Бадыров Отелло тұлғасын жасау кезінде Шекспир драматургиясы, оның дәуірімен танысады. Отелло ролінде ойнаған Отанымыздағы көрнекті актерлер Остужев, Папазян, Станиславскийдің Отелло туралы пікірлерін оқып, өз творчествосында пайдаланады. Е.Өмірзақов Владимир Ильич Ленин образын жасауда, көсемнің өмірбаянымен қанық болып, еңбектерін оқыған. В.И.Ленин туралы жазылған көркем әдебиетті оқып, кинофильмдерді бірнеше рет қайталап көргенін, пластинкаға жазылған баяндамаларын тыңдағанын білеміз. Е.Өмірзақов Москваға әдейілеп барып, бірінші рет В.И.Ленин образын киноға шығарған СССР халық артисі Б.Шукинмен кездесіп, одан көптеген пайдалы кеңестер алады. Ал Қ.Қуанышбаевтың Абай тұлғасын көрушінің жүрегін тебіреніп шебер ойнауы, оның Абай творчествосын жете білуінде.

Осындай іздену жолында сахнаға шыққан “Отелло”, “Мылтықты адам”, “Абай” постановкалары театр коллективінің өсу сапарындағы күрделі табысы. Орыс совет драматургиясын игеру жолындағы сөз етерлік табысы осы “Мылтықты адам” постановкасы. Театр коллективі сахна өнерінде нағыз әсем романтика, нағыз қарапайым формада берілетінін, сонда ғана ұнамдылығы мен нанымдылығы әсерлі шығатынын осы постановканы қою кезінде көрді. Бұл күй, әсіресе, Шадрин ролінде ойнаған Шәкен Айманов ойынынан айқын байқалады. Сұр шинель киген осы бір солдаттың Ш.Аймановтың ойнауында айналасындағы жүрген адамдардан өзгешелігі шамалы. Оның сөйлеген сөзінде, жүріс-тұрысында көзге оқшау түсетін ерекшеліктер де көрінбейді. Бірақ, ол осы қарапайым қалпынан ірілікті, даралықты аңғартады. Шадрин-Айманов сені біртіндеп тартып, баурап алады. Бұл сияқты мылтықты солдаттың қолымен Россияның ескі әмірі найза ұшына ілінетініне сенесің.

Қазақ сахнасында қойылған орыс драматургтерінің реалистік шығармалары, театр коллективін нағыз профессионалдық дәрежеге көтерді. Актерлеріміздің талантының алуан қыры ашылды. Абай, Дуанбасы рольдерінде ойнаған - Қ.Қуанышбаев, Қыдыш, Қорабай, Арнабай образдарын жасаған - С.Қожамқұлов, Абыз, Малқамбай, Костя-капитан, Осип сияқты бір-біріне ұсамайтын санқилы адам портретін салған Е.Өмірзақов, өзін Отелло ролінде танытқан Қ.Бадыровтар өздерінің құлашы кең, жарқын талантты актерлер екенін көрсетіп, театр коллективінің қандай ауыр сынға болса да шыдайтынын көрсетті.

Ұлы Отан соғысы жылдары театр коллективі өзінің репертуарын бүтіндей қайта құрып, сахнаға актуальді мәселелерді сөз ететін пьесаларын шығарды. Отан соғысындағы қаһармандар күресін, тұлғасын бейнелейтін шығармалар бұл жылдардың негізгі программасы болатын. Осы кезде М.Әуезовтің “Сын сағатта”, М.Әуезов пен Ә.Әбішевтің бірлесіп жазған “Намыс гвардиясы” жұртшылыққа көрсетілді. “Намыс гвардиясында” даңқты генерал Панфилов дивизиясының жауынгерлерінің ерлік істері суреттелген болатын. Сахнаның көрі тарланы Қ.Қуанышбаев алғыр қолбасшының образын ерекше бір жылдылықпен жеткізе білді. Намыс ұлының ролінде ойнаған Қ.Бадыров қызу қанды, ержүрек командир бейнесін жасады. Жұрт назарын аударған Төлеген Тоқтаров ролінде ойнаған Қ.Қармысов болды.

Театр коллективі майдан тақырыбына арналған пьесаларды көрсете отырып, халқымыздың ізгі ойларын, тамаша қасиеттерін бейнелейтін тарихи тақырыптағы пьесаларға да ерекше көңіл аударды. Драматург Ғ.Мүсіреповтің романтикалық сарында жазылған “Қозы Көрпеш - Баян сұлу”, “Ақан сері - Ақтоқты” трагедиясы сахнаға шықты. Әділет іздеп аңсаған Ақан серінің күрескер бейнесін, оның мөлдір таза махаббатын, ақындық-композиторлық талантын Ш.Айманов шебер бейнелей білді. “Ақан сері - Ақтоқты” спектаклі сахнаға жаңа бір жарқын талант иесін әкелді. Ол Ақтоқты ролінде ойнаған Шолпан Жандарбекова болатын. Осы спектакльдермен қатар Ш.Құсайыновтың “Алдар көсе”, М.Әуезовтің “Еңлік-Кебек” пьесасы қойылды.

Соғыс жылдары театрда Москва режиссерлері И.О.Пыжова мен Б.В.Бибиков жұмыс істеді. Тәжірибесі мол, жан-жақты білімді бұл режиссерлерден театр коллективі барынша үйренуге, актерлік шеберліктері мен техникасын арттыруға тырысты. Москва режиссерлері мен театр коллективі арасында нағыз творчестволық достық туды. Осы бір достықтың айқын айғағындай болып москвалық достардан Шекспирдің “Асауға тұсау” комедиясы қалды. Жарқын күлкісі мол, юморға толы, адамгершіліктің әсем қасиеттерін дәріптейтін бұл комедия, сұрапыл соғыс жылдары халықты оптимизмге бөледі. “Асауға тұсау” комедиясы театр коллективінің классиканы игеруде мол мүмкіншіліктерін ашқан спектакль.

Академиялық драма театры классикалық драматургияны игеруге әр кез көңіл бөлумен келеді. Н.В.Гоголь мен А.Н.Островский, А.М.Горький, В.Шекспир, Ж.Мольер, К.Гольдони шығармаларын қою, актерлеріміздің өсемдікке көзқарасын қалыптастыруда, олардың шеберліктерін жетілдіруде үлкен мектеп болды. Олар сахна өнерінің ерекшеліктерін тануға, сахналық тұлғаларды реалистік тұрғыдан түсінуге үйренді. Әсіресе, актерлеріміздің өз бетінше жұмыс істеуіне себепші болды. Театр коллективінің мәдени және профессионалдық өсуі, ұлттық драматургияға деген талабы мен талғамын арттырады. Ал драматургтеріміз классикалық шығармаларды аудару үстінде пьеса жазу шеберлігін игерді. Қазақ драматургиясындағы құнды шығармалар осындай іздену, Шекспирден үйрену, еуестену кезеңінде туған болатын.

Дүниежүзілік классиканың қазақ сахнасына шығу жолдары да әрқилы. К.Гольдони мен О.Бальзак, М.Горький пьесаларын сахнамызға Москва театр институтын 1938 жылы бітірген жастар шығарды. Олардың репертуарында К.Гольдонидің “Екі мырзаға бір қызметші”, О.Бальзактың “Памело Жиро”, “Евгения Гранде”, М.Горькийдің “Васса Железновасы” бар болатын. Ал осы институтты 1954 жылы бітірушілер М.Горькийдің “Меңандар” мен “Егор Булычев және басқаларын” және К.Гольдонидің “Күлкілі уақиғасын” әкелді. Москва театрларының тәжірибелі педагог-режиссерлері қойған бұл постановкалар жұртшылықтан кезінде жақсы баға алды. Осылай бола тұрса да, көптеген классикалық шығармалар сахнада байыпты тұрақтамады.

Осыған байланысты, мына бір жайға тоқтайық. Қазақ сахнасында орыс классиктері шығармаларының берік тұрақтай алмауына, режиссерлік жұмыс пен артистер ойынындағы кемшіліктерден басқа, тағы бір айрықша себеп бар. Жасыратыны жоқ, бұл байқалып жүрген олқылық. Қазақ жұртшылығы орыс классиктерінің, оның ішінде өзінің сахнасында қойылған М.Горький мен А.Островский пьесаларына, ондағы оқиғаға, психологиялық жайларға, философиялық ойларға бірдей терең түсіне бермейді. Сондықтан, орыс классиктерінің пьесаларын қазақ сахнасында қоюда неғұрлым қазақ жұртшылығына түсініктірек, бүкіл халықтық ой-сезімге әсер ететін, басқа халықтардың да көкейіне қона кететін, өмірінен ұқсастық табатын шығармаларды таңдап қойған жөн.

Бізде режиссерлердің көбі, бұл секілді объективті фактілермен санаспай, өзі ұнатқан, өзінің режиссерлік стиліне жақын, ой-қиялына күшті әсер еткен, кейде келсін-келмесін орталық театрларда табыспен жүріп жатқан әйгілі шығармаларды қоюға жармасады. Міне, Горькийдің “Шыңырауда” пьесасының сәтсіздікке ұшырауы осы бір фактілермен байланысты. Бұл постановкадағы артистер ойынын нашар еді деп айтуға болмайды. “Жалаңаяқтар” философиясы қазақ көрушілеріне түсініксіздеу еді деп ойлау керек. Егер режиссер осы автордың “Мецандар” болмаса “Егор Булычев және басқаларын” қойса, әлдеқайда түсінікті болар еді. Гогольдің “Ревизор” комедиясын осы күнге дейін жұртшылықтың ынтыға қарауы, оның қазақ жұртшылығына түсініктілігінен деп білеміз. Гоголь бейнелеген парашыл да зорлықшыл дуанбасы, сатылғыш сот, топас дәрігер мен оқытушы, зиянкес почта бастығы, маскүнем полиция т.б. тоғышарлардың прототиптері ескі қазақ ауылында да молынан кездесетін. Гоголь комедиясының жақындығы да осында және осы типтерді қазақ даласынан өз көздерімен көрген, біркез солардың соққысына да жығылған Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов, С.Қожамқұловтар бұлардың психологиясын терең аша білді.

Классикалық шығармаларды жас қазақ режиссерлері де қоя бастады. Ә.Ысмайыловтың “Отелло”, Ш.Аймановтың “Таланттар мен табынушылар”, С.Естемесованың “Шындық жақсы, бақыт одан да артық” постановкалары режиссерлік жұмыстағы жақсы табыстар.

Отан соғысы жеңіспен аяқталған соң, үкімет пен партиямыз соғыстан бүлінген шаруашылығымызды қалпына келтіру мәселесімен қатар, идеология жұмысына да қатты көңіл аударды. 1948 жылы Ә.Әбішевтің Қарағанды шахтерлерінің Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлік істерін бейнелейтін “Достық пен махаббат”, жау тылындағы совет партизандарының қаһармандық ерлігін көрсететін Әбу Сәрсенбаев пен Қажым Жұмалиевтің “Арбасу” пьесалары сахнаға шықты. 1949 жылы Н.Баймұхамбетовтың инженерлердің өмірінен алып жазған “Асыл тастар”, Ә.Әбішевтің шөл даланы суландыру жөніндегі колхозшылар өмірін суреттейтін “Бір семья”, ал 1950 жылдың көктемінен бастап жазушы Ғ.Мұстафиннің “Миллионер” атты пьесасы қойыла бастады.

Академиялық драма театрының соғыстан кейінгі жылдардағы ірі табысы “Абай” романы бойынша жасалған “Абай” постановкасы болды. Постановканы қоюшы Ш.Айманов романның идеялық-көркемдік мәнін терең ашып, сахналық дұрыс шешімін тапты. Бұл спектакльге театрдың көрнекті актерлері түгел дерлік қатынасты. Коллективтің творчестволық ізденісінен туған бұл спектакльге 1951 жылы Сталиндік сыйлықтың лауреаты деген құрметті атақ берілді.

Театр соңғы жылдары жұртшылық көңіліне ұнаған бірнеше жаңа спектакльдер қойды. Қазақ халқының тұңғыш ғалымы, ержүрек саяхатшысы Шоқан Уәлиханов туралы жазылған С.Мұқановтың тарихи трагедиясы, Ө.Тәжібаевтың атақты әнші Майра өміріне арналған драмасы, бүгінгі болмысымызды суреттейтін Ш.Құсайыновтың “Кеше мен бүгін”, “Ертіс жағасында”, Ө.Әбішевтің “Кім менің әкем?” атты пьесалары театр коллективінің соңғы кездегі сөз етуге тұрарлық еңбектері.

Республикамызда ұлттық театр өнерінің өсуіне ұйтқы болған, жетекшілік роль атқарушы Академиялық драма театры ұлттық драматургияның қалыптасуына да мол үлес қосты. Елімізге әйгілі болған жазушыларымыз Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов творчествосының бір саласы осы театр тарихымен өзектес. Бұлардан кейін шыққан Әлжаппар Әбішев, Әбділдә Тәжібаев, Шахмет Құсайыновтардың пьеса жазудағы тәжірибесі осы театрдың творчестволық көмегімен өсіп келеді.

Алматы киностудиясының творчестволық жұмысы да драма театрымен тікелей байланысты. Бұл студия шығарған бірдебір фильм, театр актерлерінің қатынасуынсыз шыққан емес.

Театрдың творчестволық коллективін үш буынға бөлуге болады.

Біз осы үш буынның көрнекті өкілдерін оқушыларға қысқаша таныстырмақпыз.

Қазақтың ұлттық драма театрын тұңғыш ұйымдастырушылардың бірі - Қалыбек Қуанышбаев халық творчествосын бойына мол сіңірген табиғи дарынды адам. Той-думан, шілдеханаларда қолына домбыра алып, өн салу, халық ойындарын басқару, небір күлдіргі әңгімелер айтып жұртты мез ету, жиын-тойларда қисса, жыр, сан алуан ертегі айту Қалыбек Қуанышбаевтың бала жасынан бері сүйікті істерінің бірі. Ол өзінің осы бір өнерін театрға келгенде молынан пайдаланды.

Қ.Қуанышбаев тек драматеатр актері ғана емес, ащы мысқыл, тақпақ-өлеңдердің ақыны, оны шебер орындаушылардың бірі. Актерлік өнерінің алғашқы кездерінде творчествосының бұл жағы басым болды. Қ.Қуанышбаевтың “Түйреуіш” деген өлеңдер жинағы, осы өнерінің айқын айғағы. Осымен бірге Қ.Қуанышбаев “Шаншарлар”, “Ақжаулық-Көкжаулық” сияқты драмалық шығармалардың авторы.

Қ.Қуанышбаев творчествосының құнарлы кең арнасы - актерлік. Ол өзінің отыз жылдан артық актерлік творчествосында жүзден астам сахналық портреттер жасады. Драматург Мұхтар Әуезов пен Соболевтің бірлесіп жазған “Абай” трагедиясында ұлы ақын тұлғасы, Гогольдің “Ревизорындағы” Дуанбасы, “Еңлік-Кебектегі” Абыз, “Алдар көседегі” Шораяқ, “Ақан сері - Ақтоқтыда” Мылқау, “Намыс гвардиясындағы” генерал Панфилов тұлғалары Қуанышбаев талантының сан қырлы екенін көрсетеді.

Қ.Қуанышбаев көрушілерін әр кез ойынының шынайылығы, терең мағыналығымен тартады. Қ.Қуанышбаев театрда актерлік талантымен ғана емес, жастарды тәрбиелеуде ақылгөй, ұстаздығымен де қадірлі.

Революцияға дейін өмірден өгейлік көріп, балалық шағын бақытсыздықта, ересек жігіттік шағын жалшылықта өткізумен келген халық таланттарының бірі - Елубай Өмірзақов. Ол өнер-білімге, бақытқа тек совет өкіметі қазақ даласына орнағаннан кейін ғана жетті.

Елубай Өмірзақов актерлік творчествосын 1919 жылы Қостанайдағы Жангелдин атындағы “Қызыл керуен” труппасынан бастады. Революция солдаттарының тұлғасын бейнелеуден бастаған Е.Өмірзақов пролетариаттың ұлы көсемі В.И.Ленин тұлғасын қазақ сахнасына тұңғыш шығарушы болды. Бай есігінде жүрген малай Малқамбайды ойнаудан, ол Шекспир трагедиясының белі - Отелло тұлғасын игерді. Осы екі фактының өзі-ақ Е.Өмірзақовтың дарындылығына айқын дәлел. Е.Өмірзақов актерлік өмірінде көбіне ұнамды типтерді, халық мүддесі үшін күрескен кейіпкерлер тұлғасын жасаған, дәлірек айтсақ, әлеуметтік кейіпкерлер рольдерінде көбірек ойнаған актер.

Сахнаның көрі тарландарының бірі - Серке Қожамқұлов өз творчествосында жарқын күлкі мен өткір сатираны бірдей шендестіре білген актер. Ол халық арасынан шыққан қарапайым

адамдар бойындағы ізгі қасиеттерді ашуға шебер-ақ. “Достық пен махаббаттағы” Тайман, “Ертіс жағасындағы” Фатих, “Кеше мен бүгіндегі” Ақжал сияқты қарттар тұлғасын беруде С.Қожамқұлов халқымыздың меймандос жарқын мінездерін, рухани жан-дүниесінің байлығын көрсете білді. Осымен бірге, ол ескі феодалдық дәуірдің Қарабай, Еспембет сияқты өкілдерінің қатыгездік мінездерін де шебер жеткізеді.

Театрда режиссер ойын сөз мысқалынан түсінетін, сахналық болашақ тұлғаны бір-екі интонациялық мінездемемен айқындап тастап, бір-екі ғана сырт қимылмен кескін-кейпінен елес беріп өтетін актерлер болады. Олар өмір құбылыстарын тез көріп, терең сезінеді де, кесек сілтеспен сом сурет жазатын дарынды суретшілер сияқты, сахналық портреттерін жасайды. Театрдағы екінші буын өкілдері, Ш.Айманов, К.Қармысов, Ж.Өгізбаев, С.Телғараевтар бойында осындай ерекшеліктер бар актерлер. Актер, әрі режиссер Ш.Айманов творчествосы қазақ театр тарихынан белді орын алады. “Мылтықты адам”, “Асауға тұсау”, “Абай”, “Ақан сері - Ақтоқты” сияқты идеялық-көркемдік жағынан құнды спектакльдердің тууына Ш. Айманов өзінің актерлік, режиссерлік өнерімен мол үлес қосты. Қазақ сахнасына шыққан А.Н.Островскийдің таңдаулы пьесалары Ш. Аймановтың актерлік-режиссерлік творчествосының бір кезеңімен байланысты. Ол бүгінгі болмысымызды бейнелейтін пьесаларды қоюға көңіл бөлумен болды. Ш.Айманов қазақ киноискусствосын өркендету жолында да сүйсінерлік еңбек етіп келеді. “Махаббат туралы аңыз”, “Біз осында тұрамыз”, “Біздің сүйікті дәрігер” атты көркем суретті фильмдер Ш.Аймановтың кино-режиссерлық қабілетін танытты.

К.Қармысов - өзінің актерлік творчествосында көбіне бір жүйелі ұнамсыз кейіпкерлер ролінде ойнаған актер. Классикалық драматургияда зұлымдықтың бейнесі болып саналған Яго (“Отелло”), біреуге қастық ойламаса, тыныш ұйқтай алмайтын Жантық, “ақыннан шыққан азғын” Серделі (“Ақан сері-Ақтоқты”), “Алдар көседегі” өулекі Сырдақ, “Ревизордағы” өтірікті судай сапырған Хлестаков, тағы бірнеше ұнамсыз кейіпкерлердің портреттерін жасауда К.Қармысов актерлік шеберлігін айқын көрсетті.

К.Қармысовтың актерлік таланты, шеберлігі тек ұнамсыз кейіпкерлерді ойнағанда ғана көзге түсіп қойған жоқ. Ол хал-

қымыздың ержүрек, адал жанды ұлдарының да тұлғасын жасады. “Намыс гвардиясындағы” Төлеген Тоқтаров, “Абайдағы” Ербол, Қозы Көрпеш рольдерінде де К.Қармысов жұртты сүйсіндіре білді.

Театр өнері халық арасына кеңінен тарап, оның өлеуметтік маңызын түсінген шақта, ескі әдет-ғұрыптың торынан шыға алмай жүрген қазақ қыздары, енді көрермендер майданына батыл араласты. Дәл қазір республика театрларында ондаған талантты актрисаларымыз бар.

Зере мен Ұлжан сияқты мейірбанды аналар тұлғасын асқан шеберлікпен жасаған - Р.Қойшыбаева мен С.Майқанова; Мехмене Бану, Катарина төрізді өрмінез әйелдер характерін беруде өздерінің жарқын талантын танытқан - Х.Бөкеева мен К.Жиенқұлова; Баян, Ақтоқты, Тоғжандай асыл арулар ролінде көзге оқшау түскен - Ш.Жандарбекова өнерлерін жұртшылығымыз ерекше бағалап, есімдерін қадір тұтады.

Театрға соңғы жылдары келген Ы.Ноғайбаев, Т.Жайлыбеков, Н.Жантөрин, М.Байзақова мен З.Шарипова сияқты жас таланттар өздерінің өрісі кең өнерпаздар екенін байқатып жүр.

Бірнеше жылдан бері театрдың бас режиссері болып қызмет істеп келе жатқан Қазақ ССР халық артисі М.И.Гольдблат - тәжірибесі мол, сахна өнерінің теориялық мәселелерін де жетік білетін шебер. Ол қойған “Еңлік-Кебек”, “Шоқан Уәлиханов” спектакльдерінен режиссерлік жақсы шешімдерді аңғаруға болады.

Қазақ театрында В.Голубович, И.Бальхозин, М.Ержанов сияқты шебер суретші-декораторларымыз да бар.

Драмалық спектакльдердің музыкасын жазуда Қ.Мусин, С.Мұхаметжанов, Ғ.Жұбанова, т.б. жас композиторларымыз белсене еңбек етуде.

Коммунистер партиясының ұлт саясатының күнгейінде өскен қазақ театр көркемөнері аз жылдардың ішінде социалистік реализм негізінде қалыптасып, өсіп келеді. Театр ұлттық драматургияның таңдаулы шығармаларын репертуарының алтын қорына айналдырса, Шекспир, Гоголь, Мольер, Гольдони, Горький сияқты ұлы классиктердің күрделі пьесаларын өз сахнасына шығарды.

Бұл кездегі ауыл арасынан шыққан өнерпаздар өзінің түрі ұлттық, мазмұны социалистік көркемөнерін жасауда мәдени-

еті өскен, шебер сахна қайраткерлеріне айналды. Театрдың өткен тарихи жолына көз салсаң, оның сәтсіздікке ұшыраған кездерінен гөрі, жеңісі, табысы мол екенін көреміз.

Buketov university

## ТАБИҒАТ АНАНЫ АЯЛАЙ БІЛЕЙІК

Әуелі осынша ұланғайыр табиғатқа, қиыр-шексіз дала мен түпсіз аспанға, соларды мекендеп саялаған жануарлар дүниесіне аққан су, өскен орман, мөлдір ауасына адамның қамқорлық жасауына құдіреті жете ме деген орынды сұрақ туады.

Иә, жетеді. Бұл үшін, сол табиғат күшін адамның игілігіне айналдырып жатқан отандастарымыздың еңбек жеңістерін еске түсірген жөн.

Қанша өкінсек те басқа жағдайларды да білеміз. Құрылыс жұмыстары үшін тас қопарылып, құм қазылып жатқан ай бетіндегідей ойраны шыққан карьерлер мен кен қазбаларына, арнасы тартылып, ағыны сарқылып бара жатқан өзен-көлдерге көзімізді жұмып қарауға хақымыз жоқ. Бізді кемерінен кеміп бара жатқан Арал, Каспий, Қара, Азов теңіздерінің тағдыры да ренжітеді. Сондай-ақ, Теміртау, Ақтау, Қарағанды аспандарында кемпірқосақтың бояуындай құлпырып ұшқан әр түсті түтіндерге тамашалап қарайтын адамдардың қазір аз екенін білеміз. Өйткені, бұл түтін-нөсерден кейінгі мөлдір ауада жайнаған сәулелер шұғыласы емес, олар алып өндірістің өңешінен өтпей, аспанға босқа ұшып жатқан азот, күкірт, көмір, қышқылдары, күйе тозаң, өртүрлі ұшқыш газдар. Зиянды болып ұшқан асыл да, қымбат заттар.

Табиғатты аялау керек. Оған қатыгездік жасап, озбырлық етуге болмайды. Тарих осыны көрсетуде. Бұған мысалды капиталистік елдерден көруге болады. 1952 жылы Лондонда құлақ естімеген, апат болды. Мұнда ауаның улануынан, санаулы күндер ішінде ғана 4 мыңға тарта адам өлді. «Шелл» деп аталатын мұнай өңдеу заводтарының түтінінен Бордо жүзімдіктері солып қалды. Италиядағы ащы түтінге араласқан ерітінділер ескерткіштерді кеміріп барады. Женева аспанынан жылына 20 тонна, Финляндияда 5 тонна қорғасын жауады екен. «Париждіктер, - деп жазды француз экологі Порст, - граниттің өзін жеп жіберетін ауамен дем алуға».

Империализмнің табиғатқа қастандығын мынандай фактілерден көруге болады. Америка Құрама Штаттары тек Оңтүстік Вьетнамда 9 жыл ішінде химиялық қарулармен жердің 43 процентін, орманның 44 процентін зақымдады. Бұл бұл ма, осында қолданылған «Күлгін қызыл» деп аталатын қоспа жан-жануарлар нәсілдеріне ем қонбайтын дерт әкелді.

Жер бетіндегі өмірдің даму тарихында «Айналадағы ортаның тұйыққа тірелуі» бұрын да болған. Соның ішіндегі ең пәрмендісі, атмосферада еркін оттегінің пайда болуына байланысты екен. Еркін оттегі оған көндікпеген тіршілікке у мен бірдей болды. Соның салдарынан, бұдан жүз миллион жыл бұрын бізге белгісіз қаншама өсімдік пен жануарлар мүлдем құрып кетті. Экологиялық мұндай сілкіністердің хауіптілігі сонша, осыдан соң тіршіліктің қайта дамуы үшін 30 миллион жыл керек болды.

Ғылыми-техникалық революцияға байланысты, әсіресе, соңғы 25-30 жылдың ішінде дүние жүзі елдерінің барлығында да өндірістік күштер жедел дамып, ірі өнеркәсіп қаулап өсуде. Ғылыми-техникалық прогресс адамның планета байлығын игеруін бұған дейін болмаған көлемге жеткізді. Адамның жер экосферасына, биосферасына, литосферасына, гидросферасына, атмосферасына әсерін жедел арттырып, жердің космосферасын игеруіне жеткізді.

Соңғы 25 жыл ішінде дүние жүзіндегі халық көбейіп, саны екі жарым миллиардқа жетті. Осы уақыт ішінде планетамыздағы адамдардың бір шаршы километрдегі жиілігі 18-ден 29 адамға артты. Ал, қалада тұратын адамдардың ара салмағы 26,6 проценттен 40 процентке дейін молайды. Осы ширек ғасыр ішінде материалдық игілік өндіру дүние жүзі бойынша үш есе өсті.

Дүние жүзі бойынша отын өндіру жедел өсуде. Ал, отынды энергетикаға айналдыру үшін оны тасымалдайды, жағады. Соңғы процесс үстінде оған көп мөлшерде су мен ауа жұмсалады. Және отынның күлі мен қалдығы қайтадан жерге төгіліп, түтіні ауаға сіңеді. Сөйтіп, бұл жасанды алмасулардың табиғатқа кері әсерін ұлғайта түсуде. Жағылған отын табиғаттың бетін кірлетуі жедел-ақ, мысалы, жер бетінде 1970 жылға дейін 40 миллиард тонна күл мен тозақ жиналған жобасы 2000-шы жылдары табиғаттың бетіндегі кір бұдан екі жарым есе өспек.

Біз қазірдің өзінде атмосферада көмірдің қос тотығы көбеюі арқылы планетамыздың 1-2 градусқа жылына түскеніне куә болып отырмыз. Ал жер беті бұлай жыли беретін болса, мәңгі мұздар ери бастап, сел қаптап кетеді деген хауіпті болжамдар бар. Сөйтіп, әлемдегі қазіргі экологиялық өзгерістер адамзат тарихында жеделдікпен дами берсе, оның табиғатқа тигізетін әсері мен ықпалын шамалау да қиын болып отыр.

Ауыр өнеркәсіп пен энергетика, әсіресе, химия өнеркәсібі қаулап өркендеген сайын, бұлардың кейбір зиянды зардабынан табиғатты қорғау ісі жетімсіз болып жатқанын байқаймыз. Дәл қазіргі кезеңге дейін, өндіріс қалдықтарын табиғат өзі қорытып, өз бойына сіңіріп аларлықтай шамасы бар, ендігі жерде түгінде, өнеркәсіпте пайдаланылған су құрамдарында өзгермейтін күрделі ерітінділер, қосындылар, пластмасса сияқты өлі дүниелер пайда болды. Міне, осы қалдықтар табиғаттың, жердің бойына сіңбей барған сайын көбейіп, тіршілік тынысына зиян келтіре бастады. Бұрын адам табиғат қорғау дегенді бағалы аңдарды, құстарды, өсімдіктерді сақтау, құртпау, зиянды ықпалдан құтқару деп білетін. Ал қазіргі жағдайда, сол аңдар мен құстардың тағдырын адамның өзі басынан кешіп отыр. Енді табиғатты қорғау дегенімізді, өзге жандылармен бірге, адамның өз қара басын қорғау деп түсіну керек. Қазіргі кезде экологиялық қайшылықтар әлем тынысына дереу әсер ететіндей дәрежеге жетті. Планетамыздың болмашы бір нүктесіндегі әлдеқалай өзгерістер бүтін жер бетіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Мысалы, биологтар Суэц каналын ұзартса Жерорта теңізінің аң-құстарына залалы тиюі мүмкін дейді. Өйткені, мұндай жағдайда Қызыл теңізде өріп жүрген жыртқыш су жануарлары Жерорта теңізіне лап қоюы ықтимал.

Ал нақты шаруашылық істердің табиғатты қорғауға қатысына тоқталсақ, мынадай мәселені атап айтқан дұрыс. Біріншіден, өндіріс пен тұрмыс арасында экологиялық бағдарлау технологиясы қатаң сақталмайды. Екіншіден, жаңа техниканы өндіріске енгізгенде, оның экологиялық әсері ескерілмейді. Үшіншіден, техника мен технология өркендеген сайын қалдықтар мен бөгде заттарды іске асыру ісі, ойдағыдай дамып отырмайды. Төртіншіден, жұмсалатын қаржыны үнемдеу ісінде экологиялық талаптың ескерілмейтіндігі. Бесіншіден, тозған техника мен ескі технологияның өлі де өндірісте пайдаланып жүруі.

Мәселе, табиғаттың бұдан былайғы тазалығында ғой. Ғылым мен техниканың дамуы, табиғатты қорғауға тікелей байланысты болу керек. Буржуазиялық кейбір авторлар табиғаттың қатерлі өзгерістері техникалық прогрестің етене бөлігі деп түсіндіріп, табиғатқа жасалған тағылықты заңды етіп, бүркемелегісі келеді. Мамандардың айтуы бойынша, басты мақ-

сатты - мұхиттарды, планетаның ауа кеңістігін газдан таза ұстауды, табиғи ортаның жылылығын, дағдылы шамадан ауытқымауын қамтамасыз ету керек. Оның ішінде атмосфераның тазарту ісін дүниежүзілік қамқорлыққа алу керек, өйткені, ауа мемлекеттік шекара дегенді білмейді.

Сөйтіп, бүгінгі таңда гүлді баспа, ағашты сындырма деу аз. Бұлай деу, табиғат қорғаудың негізгі проблемаларын ескермеу болып табылады. Осыған дейін біз белгілі бір процестің тек қана технологиялық-экономикалық жағын ескерсек, ендігі жерде экологиялық проблемаларын бірге шешу керек болады.

Мысалға, кенді комплексті пайдалану ісін алайық. Мұндағы міндет кеннің әрбір тоннасынан пайдалы компоненттерін түгел алып, бір де бір бөлігін сыртқа шығарып тастамау. Міне, сонда кенді бөгде топырақпен бірге қопарып тау-тау етіп үйіп жатудың қажеті болмайды. Және оның айналадағы ортаны ыластайтын қалдықтары болмайды. Бұл жөнінде көңіл көншітер тәжірибеміз аз емес. Өскемен комбинатының коллективі бар қорғасын-мырыш рудасынан 17 пайдалы компонент алып, одан 28 түрлі өнім өндіреді. Сөйтсе де, республикамызды тұтас алғанда шикізатты комплексті пайдалану дәрежесі өлі төмен. Мысалы, Жезқазған кеніндегі ренийдің біраз проценті ажыратылып алынады. Лениногор полиметалл комбинатында шикізаттағы селен мен теллур түгелімен дерлік қалдықтарда қалып жатыр.

Қара металлургия саласында да осындай жетімсіздіктер орын алуда. Соколов-Сарыбай кенінен тек темір ғана ажыратылады да, ондағы мыс, қорғасын, мырыш, алтын, күміс, күкірт және басқа элементтер өлі күнге іске аспай жатыр. Осындағы кеннің әрбір тоннасында әжептәуір кобальт пен күкірт босқа ысырап болуда. Атасу темір руднигінде де осындай жағдай бар. Аса бағалы германий металлы агломерация мен домна процестерінде текке кетуде. Қазір Лисаковка кен орны Қарағанды металлургия комбинатының негізгі шикізат қоры болып табылады. Міне, дәл осы кен орнының өнімін жан-жақты пайдалану қажет-ақ. Өйткені, Лисаковқа кені ерен молдығымен қатар комплексті де кендердің бірі. Сонда одан қазіргі темірмен қатар фосфор, ванадий, глинозем алуға болады. Амал нешік, өзiрге одан 47-49 процент темір алынуда.

Айналадағы ортамызды таза сақтаудың тағы бір жолы - металл қалдықтарын жинау. Metallургияда жүз мың тонна металл қалдықтары іске қосылса 200 мың тонна руданы, 130 миллион тонна көмірді, 40 миллион тонна басқадай отынды үнемдейді. Міне, бұл мәселеге осылай көз жеткізсек туған жеріміздің сай саласында, тау-тастарының арасында текке шашылып жатқан ескі техника мен темір-терсекті ұқыптылықпен жинап алудың қаншама пайдасы бар екенін көруге болады.

Планета тұрғындары сан жөнінен жедел молая түсіп жатқанын айттық. Бірақ, жер көлемінің өспей сол қалпында қалатынын ескерген жөн. Жұмыр жердің бетінде ауыл шаруашылығына жарамды жер небәрі 19 миллион шаршы километрдей ақ екен. Ал, біздің елімізде 607 миллион гектар жер ғана ауыл шаруашылығына пайдаланылуда. Демек, бұдан шығатын қорытынды - әрбір гектар жердің тиімділігін арттыру. Мына бір жағдайды ерекше ескерген жөн. Кен орындары барған сайын көптеп ашылып, гидротехникалық жұмыстар, қала құрылысы мен транспорт, жол құрылыстары неғұрлым ұлғая түсуде. Міне, осы жағдайда шахта ашуды, завод, фабрика орнатуды, жол құрылысын жүргізуді жобалаушылар жер байлығын тиімді, адамға, табиғатқа зиянын тигізбей пайдалануға шыңдай жаны ашуы керек.

Мысалы, тек Қарағанды облысында ауыл шаруашылығына пайдалы 20 мың гектар жер, шахтадан шыққан үйінділердің астында қалған. Ал, таяуда ғана Қарағанды жол құрылысшылары (ДСЭУ-315) Қарағанды-Дубовка арасындағы жолға қаншама мың тонна қаратопырақ үйіп, 60 гектар жерді жалаңаштап тастады. Олардың «Казметаллургжилстрой» тресіндегі өріптестері 200 гектар құнарлы жердің топырағын сыдырып, бөгет соққан.

Бірақ, жан сүйсінер жақсы фактілер де аз емес. Қарағандыдағы В.И. Ленин атындағы шахта кеншілері шахта аулаларындағы қоқыстарды өз күштерімен тазалап, жаңадан салынып жатқан жол төсегіне бес миллион текше метр кен жыныстарын шығарып үйді. Оған қоса, терриконды жаймалау арқылы жүз гектар жерді мәдени игеріп, жеміс ағаштарын екті. 4,5 мың шаршы метр жерге теплица жасады. Соның нәтижесінде, шахта жанындағы қосалқы шаруашылық есебінен жаңа совхоз ұйымдастырылды.

Су - тіршілік көзі. Тұрмыстың да, еңбектің де күре тамыры су. Халық санының өсуіне байланысты суға деген талап өсе бермек. Бірақ, амал нешік пайдалану ісінде көңілге қонымсыз жәйттер аз емес. Ертіс өзеніне байланысты мынадай бір мысал келтіруге болады. Ертіс төрт облысты бойлап, мол суына қандырып өтеді. Енді оларға канал арқылы Қарағанды облысы қосылды. Бірақ, бір мәселе шешуін таппай отыр. Ол -Ермак ГРЭ-нен Ертіске құйған судың соншалықты бұзылуы. Өндіріске пайдаланылған бұл суды Павлодар сүзгі құрылыстары еркін тазарта алмай келеді. Бұған қоса Семей қаласындағы өндірістер қаншама суды ластап Ертіске қайта жіберіп жатыр. Сондай-ақ, Ертіс өзен флоты да, суды шамасынша, ластауда. Міне осыдан барып, Қарағандыға каналмен келген суды тазалау аса қымбатқа түсуде.

Қарағандыда Нұра, Соқыр, Шерубай-Нұра, Бұқпа өзендері, бір мыңға тарта келте бұлақтар мен 5200-ден астам көл бар. Бұл байлықтардың да берекесі қашуда. Бір ғана Соқыр өзеніне қаншама өндіріс шайындысы мен шахта астының сулары құйылуда. Оған Абай, Шахан, Саран қалаларында пайдаланылған кір су қосылады. Көкпекті өзені де дәл осындай халге жеткен. Ал, бұл өзеннің Нұраға құйылатынын ескерсек, ол халық шаруашылығына аз зиян емес. Нұра өзені мен Самарқант су қоймасы жөнінде де осыны айту керек.

Тіршілік көзі - ауа екені ақиқат. Сөйтсе де, сол мөлдір ауаны қаншама түтін ластауда. Әсіресе, көмірлі Қарағанды мен оның қанаттас қалаларының аспанында қара түтін бір сейілмейді. Басқасын айтпағанда, тек қана Қарағанды металлургия комбинатынан ғана алты мың тонна тозақ ұшады екен. Рас, Қазақстан магниткасында табиғатты қорғау үшін жыл сайын жүз миллион сом қаржы бөлінуде. Дәл осындай қаржы синтетикалық каучук заводында да бөлінеді. Амал не, бұл қаржылардың игерілуі қанағаттанғысыз. СК заводында кальций карбиді мен ацетальдегид алу өндірістерінде қаншама кальций мен көмір тотықтары текке кетіп жатыр. Ал көмір тотығын пайдаланып, карбид пештеріндегі шахталарды қыздыруға өбден болар еді. Кальций тотығы осы Қарағанды металлургия комбинатының күкірт қышқылын таза ауаға жібермей ұстап қалатын табылмас сүзгі.

«Сын түзелмей - мін түзелмейді» деген ақиқат есте болуы қажет. Қарағанды металлургия комбинатындағы домна пештерінде азотты пайдалану өлі де қанағаттанғысыз. Сондай-ақ, Теміртаудың түскей беткейінде жатқан аппақ тауларын қайтерсіз. Бұл таулар да пайдаға аспай жатқан байлық та көп.

Облыс орталығы - Қарағандының өз басына келетін болсақ, мұндағы атмосфера кірлетуші - ұсақ қазандықтар мен автомашиналар легі дер едік. Жаңа Майқұдықтың сантехника бұйымдары (СТО) заводындағы газбен істейтін вагранкаларды электр пештерімен неге ауыстырмасқа?

Автотранспорт пайдалану мәселесі, Қарағандыда әбден ескерілетін іске айналып отыр. Қаланы магистраль болып бойлап өтетін үш-ақ көше бар. Міне, барлық транспорт күндіз-түні осы үш көшемен ағылады да жатады. Ал жаяулар үшін көлденең көшені кесіп өтетін жер асты жолдары жоқ деуге болады. Сондықтан, автотранспорт пен жаяу адамдардың кезектесуін светофорлар ғана өз еншісіне алған. Ал, ағып келе жатқан машиналар светофор алдына кілт тоқтаған кезде, улы газ үш есе көп бөлінетінін көпшілік біле бермейді.

Сөйтіп, табиғат тазалығын қорғаудың мәселелері де, проблемалары да өлі көп. Ал, соның бәрі өз қолымызда. Демек, бұл өз денсаулығымыз өз қолымызда деген сөз. Біз шахтада ма, заводта ма, институтта ма, автопаркте ме, совхоздарда ма, тіпті қайда еңбек етсек те өз маңымыздың тазалығын ескеріп, қоршаған ортамызға зиян келмеуін алдымен ойлауымыз керек.

# М А З М Ұ Н Ы

## БЕСІНШІ ТОМ ЕКІНШІ КІТАП

АЛҒЫ СӨЗ .....	5
<b>ЖАС ҚАНЫШ</b> І ТАРАУ. АТТЫҢ ЖАЛЫ, ТҮЙЕНІҢ ҚОМЫНДА .....	8
<b>ЕКІНШІ ТАРАУ</b> БІР ҒЫЛЫМ БОЛЫП ІҢКӨРІ .....	79
АҚҚАН ЖҰЛДЫЗДАН ҚҰС ЖОЛЫНА ДЕЙІН .....	197
АТАН ҚОМЫНДА ТУҒАН АДАМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨРІПТЕСТЕРІ .....	207
ШӨКӨРІМ ТУРАЛЫ АБЗАЛ ҚАРАСАРТОВПЕН ӘҢГІМЕ .....	253
ЖАЗҒАНЫ ЖАЗИРА, АЙТҚАНЫ АҢЫЗ ЕДІ ҒОЙ .....	283
«ЖИЕННІҢ» ЖИЕНДІГІ ЖАЙЫНДА ЖАҚЫПБЕКТИҢ АЙТҚАНЫ .....	295
АЛТЫН БОСАҒАНЫ АТТАҒАНДАРҒА .....	326
АЛҒАШҚЫ САБАҚ .....	341
АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ .....	356
ҒЫЛЫМДА АДАЛ ЕҢБЕК - БІРІНШІ СЕРІГІҢ .....	365
ҒЫЛЫМ МЕН ӨДЕБИЕТТИҢ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ ТУЫСТЫҒЫ .....	370
ЖЫЛҚЫҒА ЖАҚСЫ КӨЗҚАРАС .....	394
КӨРКЕМ АУДАРМА, ХАЛ ҚАЛАЙ? .....	398
ҚАЗАҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫ .....	409
ТАБИҒАТ АНАНЫ АЯЛАЙ БІЛЕЙІК .....	422

Пішімі 60x84  $\frac{1}{16}$  . Офсеттік қағаз.  
Офсеттік басылым. Көлемі 27 баспа табақ  
Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 65.  
«Арқо» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Ленин к., 2